Софы
СМАЙЛАЕВ

2
ТОМ

Елім-ай



Софы
СМАТАЕВ

Роман-трилогия

Елім-ай

84 Каз 7-44
С 52

Софы СМАТАЕВ

2 том

Елім-ай

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
С 52

Сматаев. С
С 52 Елім-ай. - Алматы: “Алманар”, 2009.
Т2, 2-ші кітап.- 496 б.

ISBN 9965-9742-3-3

Алаштың халық жазушысы, айтулы сөз зергері Софы Сматаевтың “Елім-ай” трилогиясының екінші кітабы “Ақтабан шұбырындыдан” кейінгі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін суреттейді. Ел ішін жегідей жеген байлар мен сұлтандардың сойқанды әрекеттерін, елдік пен бірлікті көксеген халықтың тебіренген жан-күйін, сыртқы жауға қарсы күресін, азаттықты аңсаған жұрттың ширыққан халін қажырлы қаламгер соқталы оқиғалар, бейнелі образдар арқылы әдемі көрсетеді.

С 4702250201 / 00(05)-09 2009

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-9742-3-3-Т2
ISBN 9965-9742-1-7

© Сматаев.С, **2009**
© “Алманар” **баспасы, 2009**

КІЛТ

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртыңнан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді!
Елім-ай! Елім-ай.

“Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада ” дүниеге келген бұл ән қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Босқан елдің азалы зарымен тарады. Алақұйындатқан желдің ызалы суылымен жайылды. Көбік шашқан көлдің қара жартасты ышқына соққан қаһарлы толқынымен ұзарды. Бұл ән - атамекен, кіндік жұртын аңсап, жапа шеккен елдің арманды тілеуі болды. Қайғымен еңкейген кәрінің өткенін ойға алғанда, ілгерісін көлденең тартар серігі де болды. Ат-сойылын қамдаған, азаттық аңсаған қазақтың құдіреті мен қуатын шақыратын атойы мен ұраны да болды. Елдікті ән жоқтап, бірлікке ән шақырып, ерлікке ән бастады. Қасірет тұтқан даласының қасиетті әні жүректен жүрекке өтті. Көңіл мен көңілді жалғастырды.

Бұл ән - көңіл сергітер, қайғыдан серпілтер, жігерді ұштар, кекке бастар адуын ән еді.

Бұл ән - ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ер жүрек елдің жас буының әлдилеп өсірер, аялап есейтер “Елім-айы ” болатын.

ҚАРБАЛАСТА

Керегеге ілінген,
Шабылмаған семсер тұр.
Жаудан алмай кегімді,
Есіл де өмір өткен құр.

Жиембет жырау

1

Қисық теректің ұшар басында әрең ілініп тұрған сарғыш жапырақ қалтырай дірілдеп, тыным таппайды.

Екіндіге құлаған күннің шілтерлі сәулесі тал арасынан қиғаш, көлбеу себезілейді.

Жел үілі әлсіз.

Сыңараяқ соқпақты тобықтан келетін жапырақтар көміп тастапты. Сәл құйын көтерілсе-ақ, ағаш балағынан қызыл-сарғылт діңгек өріліп, бұтақ біткеннің соңғы жапырақ-жамауын жұлқа үзіп, аспанға тік шаншылады.

Көңілсіз күздің күңгірт даласы меңіреу құшағында.

Қос ашалы қарағай діңіне арқасын сүйеп, балаң жігіттің үнсіз, қыбырсыз отырғанына біраз болды. Қыркүйектің қоңыр самалы ашық омырауын майда желпиді.

Бозбала сыздықтата күрсінді. Көз қиығына буалдыр перде тұтып, дымқыл білінді. Сол дымқыл перде сәлден соң іркілген жас тамшысына айналды да, кірпік ұшына жиналып, тырс-тырс үзілді. Сұқ саусақтың қыры қылыштай сүйкеп өтіп, қос жанарды қайта жандырды. Кірпік қаққызбас өткір қарас маңайды бағып қалды.

Есік пен төрдей жерде қаңтарулы тұқырған ақ боз ат кенет оқыранды. Ұлан кеудесін тіктеді. Жанарда болар- болмас көгілдір ұшқын тұтанды. Сол-ақ екен

иектен жоғары өрлеп, толқындана көтерілген оқыс діріл ақсұр жүзді құбылтып жіберді.

Созаландап орнынан тұрды. Денесі толысып ет алмаған, сүйегі қатаймаған балаң жігіт ұйыған бойын кергілей созып, екі қолын күшігеннің топшысындай қомданып, сермеп-сермеп қалды да, атына қарай адымдады.

Ақбоз иесіне мойнын бұра сүзіліп, құлақтарын қайшылады.

Бозбала қанжығаға бөктерген ауыр қоржынды шешіп алды. Салмақтағандай қос қарды селкілдетті. Тағы қыбырсыз қалды. Кешкі күннің қиғаш сәулесі қарашығында дірілдеді.

Жақ еті толқын атты. Азуға тас қиыршығы білінді.

Жеп-жеңіл қоржын соншама ауырлап кетер деп ойламап еді, зілқаратас салмақ көтергендей екі бүктетіліп, тәлтіректеп бес-алты қадам ұзап шықты да, бүк шөкті. Дем арасында әлденеге қатты ентігіп қалыпты. Иегін кегжите ысылдай ауа жұтып, іштегі ыстық лепті артынша-ақ дірілдете ытқытты.

Қоржынның аузын бүрістіре буған қайыс таспа шиелене байланыпты, қаны қашқан саусақтар шеше алмай қойды. Бір кез жамбастап жатқан күйі еңкейіп барып, аузымен шиеленген түйінді қауып-қауып жіберді. Таңдайға тер иісі сіңген қайыстың кебіртек дәмі білінді. Сақылдаған тістер шымыр көнге кірш-кірш қадалды. Кірш-кірш тілге де батты. Езуден жылжыған қан сарғылт жапыраққа тырс-тырс тамды.

Қолы қынға тиді. Жарқ еткен қанжар кешкі күннің нұрымен жүзінде алау ойнатып, қайыс таспаны бырт-бырт кесті.

Қоржынды түбінен ұстап, тік көтеріп сілкіп-сілкіп қалды. Буыншақ-түйіншектер алдына ақтарылып түсті. Еңкейген бастың қарашығы ауырлаған көздері кірпік қозғалтпастан әлгі заттарға қадалып қалыпты. Содан кейін тұмантқан жанардың аясына сыймай, көр-қоқыс дүние бұлдырап жоғалып кетті.

Жас жігіт дүр сілкінді. Көзін жұмып, қайта ашты. Қос томпақтың жиегіне жас тамшысы іркілді.

Жұдырығымен жер тірей, жүрелеп сылқ шөкті. Оң қолымен түйіншектерді алдына жиыстыра қалады.

Қайтадан өлгілерді асты-үстіне шығара аударды. Әлденені іздейтін тәрізді. Сол іздеген нәрсесі тез табылыш қойып, күн ұзын “болмаса екен, орындалмаса екен” дейтін әлсіз бұлқынған ішкі қарсылығы бүк түсетіндей одан сайын қуыстанды. Саусақтар да жаңылғыш. Көз көргенді қол көтермейді. Түртінектей жанасып барып, тайқып бұрылады.

Кешкі күн жүлге бұлтты жамбастады. Ағаш-ағаш арасынан зымырап жетіп, жүрдек көлеңке көз алдын бүркеп кетті. Жапырақгардың бояуы өшті. Даланың өңі қашты. Баяу сыбызғылатқан тал- құрайдың суылы құлақ түбінде күбірлеп оянды.

Ұлан қоңыр мақпалға ораған түйіншекті кеудесіне қыса түрегелді. Бір қырындап оң бүйірімен шатқаяқтай адымдап барды да, иығымен қара ағаштың діңіне соқтығысып тұрып қалды. Қатты соғыпты. Ауырсынғаны сондай, бет-аузы тыржиып, тіс арасынан ысылдап, ысқырып шыққан ауа толқыны көмейдің тарғыл даусына жалғасты. Сонысына ширықты ма, басын оқыс көтеріп, жан-жағына көз жүгіртті. Оңаша екенін біліп, еріндерін жымқырды. Арқасымен қара ағаштың тұла бойын егей сырғанап, екі аяғын екі жаққа жайып жіберіп, құйрығымен жер сүзді. Жалма-жан орауды ашты.

Бұлттан сығалап күн көрінді. Бұлттан көрінген күннің өткір сәулесі алдында жатқан күміс кісенің асыл тасында ойнады. Түрікпен көйлектің омырауындағы қатырма-қаусырмаларда жарқырады. Түрікпен әйелінің бас киіміндегі күміс теңгелерде жылтырады. Сол шағылысқан әр түрлі ұшқыр сәулелер енді бозбаланың көз қиығына құйыла ұялады. Күлгін жанарда тәуекел оты тұтанды.

Қонышынан шақпақ тасын, мақта білтесін алды. Алақанда жатқан оттықтан діріл білінбеді. Дәрменсіз діріл бұл сәтте саусақгардан да біржолата жоғалып еді.

“Жасаған хақ! Асылық көрме! Қиналсам да, осы әрекетімді қисық дей алмаймын. Қайта бұдан әрі қисық, қыңыр баспас үшін дәл осылай бір-ақ кесіп, өз сүрлеуімді өз ізімнен бастағым келеді. Не тапсам да, талайымнан көрейін. Соған мұрсат бер! Соған өзің қолда! Соған өзің жебе! Арзыма, жасаған!”

Шақпақ тас бір-біріне шақ-шұқ тиді. Ұшқын көгілдір тілін сумандатты. Мақтаға от тиді. Көгілдір түтін сумандап созылды.

Сәлден соң алаулап жанған отқа қу бұтақтарды үйіп тастады. Жалынның шалқып көтерілген жалақтаған жалмауыз тілдері қызу шашты. Ұлан кісені, көйлекті жұмарлап ұстап, жүрелеген күйі енді ғана отқа тастай бермек еді, әлдебір қол қарына шап етіп жармасты.

- Шырақ! Отқа бергенше, маған бер!

Жалт қарады. Ғайыптан сап ете қалған мына бейсауат жолаушыға таңдана үңілді.

- Құлдығың болайын! Тастама отқа! Ойпыр-ау, әрқайсысы бір ауылдың қазынасына татитын мүлікті көз алдымда қалай өртетем! Болмайды оның!

Бүкіл денесімен қалшылдап, езуге үйірілген ақ көбігін тілінің ұшымен жалап қойып, жалына қадалған бейтаныс адамға жас жігіт жиіркеніште көзін төңкерді.

- Араласпаңыз! Әрі тұрыңыз!

- Апырау, шырақ-ау, жынданғаннан саумысың? Мынауың, мына әрекетің нағыз есуастық! Ойбай-ау, көз алдымдағы көпе-көрнеу астамшылыққа жол бермеймін. Бермеймін! Асыл бұйымды өртегенше, мені өрте! Құдай-ау, алтынның қадірін, гауһардың қасиетін білмейтін кеңкелестерді неге жаратасың? Неге? - Бейтаныс жолаушы тізесін бүгіп отыра кетті де, екі қолымен өз маңдайын өзі соққылады. Екі иығы селкілдеп еңіреп жылап жіберді.

Ұлан әлгіге мүлдем көңіл бөлген жоқ Қолындағы заттарды алауға атып ұрды. Анау дәл сол сәтті аңдып тұрды ма, заматта бір-ақ ұмтылып, от ортасына түскен көйлек пен кісені жалаңаш қолымен жұлып алды. Жұлып алды да, шет-шеті күйе бастаған көйлекті алақанымен ұрғылап, ырс-ырс ысылдады.

- Апырай, бұ не боп барады? Дүниеден қайыр қашқан ба? Пендеден зайыр қашқан ба? Ал, бағаламасын! Қадірлемесін! Сонда көзі қиып қалай өртейді? Жо-жоқ! Көріп тұрып қысасқа жол бермеймін. Әй, шырақ, сенікі қысастық! Иә, сол! Ұрлап алдың ба, тартып алдың ба, әйтеуір, құтылғың бар тәрізді. Өйтіп өзіңді-өзің алдамай, мына мен

сияқты пақырға бере салмайсың ба? Ал, не болды? Көйлек босқа бүлінді. Былғарыны жалын шарпыды.

Жас жігіт үндеген жоқ, екі-ақ аттап келіп жігіттің жағасынан ұстап, тік көтерді. Сілкіп-сілкіп жіберді.

- Тез! Таста отқа!
- Оу, оның не, қарағым!?
- Таста дедім ғой!
- Қой, қой-ақ қой, шырақ! Жынымды келтірме! Адам өтпес, аң жүрмес жерде кездескенімізді ескер!

Жыланкөз шүйіле тесірейді. Қабаққа зәр оралды. Азу тістер қарш-қарш егеліп, жақ етте толқын жүгірді. Ұлан құлағынан күн көрінген әлсіз жігіттің аяқ астынан мелдек атқанына қатты құрыстанды. Қима шапанның жағасын сығымдаған қолын ерсілі- қарсылы сілкілегенде, ананың басы селкілдеп кетті.

- Құйысқанға қыстырылма! Қыстырылма деймін!

Айтып аузын жапқан жоқ. Жанды жерінен сақ етіп ондырмай тиген серпінді тізе ыңқ еткізді. Қолы босап, екі бүктетіліп құлап түсті. Сіреу тақалы ауыр етік өршелене тепкілейді.

- Ә, жағаға жармасасың ғой, күшік! Кімді басынып, ұртынды кептіресің. Көзіңді ашып қара! Түйекекірік танытпақсың, ә! Қарай гөр! Жөнді білмей, жол кеспек. Ондайға көнер Нақыпбек жоқ!

Бозбала ауыр соққы арқасына тигенде, тұла бойына долы ашудың толқынды ққанмен ду-ду шапшығанын сезді. Қиралаң етіп оң жамбасына аунап түсіп, тағы да дүлейлі сесімен кеудесіне қарай төніп келе жатқан зілдей етікті қаусыра ұстай алып, бұрап кеп қалды. Қаперсіз тұрған жауы омақаса құлады. Сол-ақ екен, бір-ақ ытқып үстіне қонжиды. Қос шеңгел алқымға жармасты. Қанды қақпандай қапысыз қауып, сәт-сәт сайын сығымдап барады.

Нақыпбек қырылдап кетті.

- Ө-ө-өлді-ім!..

Қырылдаған дауыс бозбаланың санасына су септі. Саусақтар босап сала берді.

- Аға-а-тай, қараңды көрмейін!..

Балаң жігіт тұрып кетті. Артына бұрылып қарамастан аяқ астындағы сарғыш жапыраққа

араласып топырақ пен батпақ жұққан көйлек пен кісені еңкейіп іліп алып, отқа қайта лақтырды.

Алауға қарақошқыл түтін араласты.

Нақыпбектің көмейінен әрі ызалы, әрі өкінішті үн төгілді:

- Қап! Құрыды-ау! Қайран есіл қазына-ай!

Жас жігіт қоржынының қасына барып, бүк түсті. Отқа қарай алар емес. “Иә, құрыды! Бәрі бітті! Артымды осымен түгел тып-типыл еттім. Өткенге енді өткел де, көпір де жоқ. Шыңырау ғана! Маған сонысы қажет”.

Көз қиығын бейтаныс жүргіншіге жағалатты. Жағалатты да, түршікті. Анау болса отқа төне түсіп, екі қолын созып, жанып бітіп, карайып күлге айнала бастаған көйлек пен кісенің асыл тас, алтын зерлеріне телміріп қалыпты. От жалыны шарпыған күреңіткен жүзінде заматта әр түрлі құбылыс жүгіреді. Кең ашылған көздерден мөлт-мөлт домалаған кесек-кесек жас тамшылары жалт-жұлт еткен сәулемен шағылысып, қан құсап сауылдайды. Жылаған адамның күлген түрі қандай келіссіз болса, күлген жанның кенет жылап ала жөнелуі де көңілге дық түсірмей ме? Бәрінен де қорқыныштысы: ашқарақ көздің алтынды көріп отырып, сол көз алдында тұрған алтынды ұстай алмауын ұғынған дәрменсіздігі мен бишаралығы емес пе. Қалшылдаған дененің ілгері ұмсынып, енді болмаса от үстіне құлап түсердей итінген сәтіндегі дірілдеген саусақтардан шешен не бар еді? Саусақтар қалай жалынар еді! Қандай аңсар еді! Әрқайсысы сауға сұраған бір-бір міскіндей қалтырай ұмтылып, енді сәл бұйрық болса, елеусіз ғана белгі білінсе, сол селкілдеген қалпында қызыл шоқтың арасына кіріп-кіріп кететіндей жақындап барады.

Бозбала кірпігін төмен түсірді.

“Бұл неткен өлермен жан еді! Ал, алтынды соншама үздігіп іздегенде қай ұшпаққа шықпақ? Апырай, сұғанақ көздің тіленген қарасынан қорқынышты нәрсені бұрын білсемші! Неткен жауыз қарас! Шімірікпей-ақ сұлата салатын қорқаулық осындай жанкешті тілектен өрбитін болар. “Адам өтпес, аң жүрмес” ұрымтал тұс деді-ау. Қырық қазанның

құлағынан тістеген кезбе ме екен? Кездейсоқ бап еткен болар. Әйтсе де тұнығыма тас лақтырғандай, барлық талабымды лайлап кете жаздағаны батады-ау! Бұ да болса өмір сынағының бір көрінісі емес пе? Жасырып ұстар сыр қалмағаны ма сонда?”

Аяғын көсіле созды. Арқасын қарағашқа сүйеп, алақанымен жер тіреді. Саусағы әлденеге тиді. Жұмарлап алақанына қысты. Түрікпен қызы ұзатыларда киетін асыл салпыншақты топы екен. Аман қалыпты. Құлаштап отқа лақтыра беруге ыңғайланды да, от басында отырған адамнан сес алды ма, топыны омырауына сүңгітті. Қолының сыртымен маңдайын сүртті.

Күн батуға таянып қалыпты. Торғын бояуын қоюлатып, енді сүт пісірімнен кейін анау күрең табақ көкжиектен әрі асып кетеді.

Дала жым-жырт. Үнсіз қалған бозбала кірпігін қаластырып сүлесоқ күйде еріксіз қалғи бастады.

Тасыр-тұсыр дауыстан селк етіп, орнынан атып тұрды. Байқағаны: алысып жүрген екеу бірін-бірі ырс-ырс жұдырықтайды.

Жас жігіт орнынан ұшып тұрды. Адымдай аттап барып, айқасып жатқан екеудің иықтарынан жұлқып-жұқып қалды.

- Тоқтатыңдар!

Қара шекпенді, қауға сақалды адам қатаң дауысты естігенде дір етіп, кейін шегінді. Нақыпбек кібіртіктеп жылыстай бастады.

Қауға сақал жүгіре ұмтылып, Нақыпбектің етегіне жармасты.

-Жібе-ер! - деді анау көмейдегі дауысты ысылдай шығарып. Канталаған көздері өңменнен өтердей.

- Жоқ! Жібере алмаспын, - деп шал тарамыс денесін ширата жігітті дырылдата сүйретті. - Жауды аяған жаралы. Неге жіберем?

Бозбала ештеңе ұқпаған күйде шалға үнсіз қабақ қақты.

- Ойпырай, сәл кешіккенімде... аздап кідірсем... Әбіл... өзіңді... сені, қарағым, тірі көре алмайды екем! Мынау қарақшы ту сыртыңнан қанжарын кезеніп... Енді болмаса атылайын деп тұр екен! Құдай айдап

дер кезінде келмегенде... Апырай, аңдуын қашан қояр екен!

- Жарайды. Қоя бер.

Қипақтаған шал көзін жыпылықтатып, басын қайта-қайта изеді.

- Дегенмен... енді тексеру керек. Өзінің сұры тым кеспірсіз екен. Іннен шұқшиған оқжыланның пошымынан жаман шошып тұрмын.

Ұлан қолын сілтеді.

- Барсын!

Нақыпбекке керегі осы сөз еді. Үріккен еліктей жалт берді. Ағаш-ағашты тасаланып безіп барады.

- Бекер жібердік-ау!

Жас жігіт тіл қатқан жоқ. Қолымен нұсқап шашылып жатқан нәрселерді қоржынға сал дегендей ишарат білдірді.

Шал кенет оқыс шаңқ етті.

- Ойбай-ау! Қарағым-ау, не істегенің бұл?!

Құшағындағы киім-кешекті көтеріп келіп біресе отқа, біресе ұланға жалтақ-жалтақ қарады. Әжімді жүзде әлде өкініш, әлде күйік толқыны тулады.

- Босқа уайымдама.

- Неге уайымдамаймын? Қарағым-ау, не істегеніңді білемісің. Әке-шешеңнен қалған бар белгі, бар қасиетінді отқа өртегенің қалай? Күні ертең анау жұртқа не айтпақсың? Неңмен қадіріңді жеткізбексің? Қайтіп білдірмексің?

Бозбала шырт еткізіп тіс арасынан сыздықтатып түкіріп тастады да, бетін уыстай сипап, ауыр күрсінді.

- Ешқандай белгіні қаламаймын. Жұрт ісімнен танысын. Әйтпесе, сатып алар беделің қажет емес.

Басқа тілге келген жоқ. Теріс айналып кетті де, сарғыш жапырақты шашырата аттап, атына қарай бұрылды.

Шал қыбырсыз тұрып қалды.

2

Қараша киіз үйдің іші қаракөлеңке. Түңлігі ашылмағалы екі күн өткен. Жиһазы, текемет, түскиізі

жоқ, қазан-ошағы қаңырап бос калған шаңырақтың төрінде жабағы бөстек үстінде жарбиып әлдекім отыр. Құрым туырлықтың көп тесігінен сығалаған күзгі күннің алагеуім шапағы өрмекші торындай қым-қиғаш жарысып, әлгіні тұс-тұстан шабақтап тастаған. Үстінде ескі пұшпақ ішік. Қылшығы қырқылған кей жерінің қара тұқылданып жайдақ терісі жылтырап көрінеді. Басында бөркі жоқ. Төбе құйқаның маңдайынан басталып желкеге қарай тік тартқан жалғыз тарам тілігі долырып ісініп тұр. Шыбын жорғалап өтсе, тырс етіп жарылардай. Сол жақ көзі жұмылып, сәби жұдырығының аумағындай боп томпайып, қарақоңыр тобық болып үңірейеді. Бет-жүзінде басқа өзгеріс, діріл білінбейді. Тек қана әредік ауыр күрсінгенде, қан сорғытқан қалың қабақ жүдеу тартып, әлгі томпақ-сызықты көздер үстінде жиырыла қалады...

Сәдірбек күйші сонау ұлы босқында ауыр кайғыға ұшырап, соқа басы қалған еді. Алдымен он жасар баласы, көп ұзамай шешесі мен әйелі көз жұмған-ды. Содан бері сызды қабақ, жүдеу өңді бетіне айықпастай етіп тұмшалап алған болатын. Содан бері кеуденің тас қақпасы түгел жабылып, бұрынғы кәрі серік домбыраға қол созбай, тұйық халде күн кешіп, жатақ ауылдың бірінде тұрып қалған еді. Онсыз да күйзеулік көріп, күйікпен тұншыққан жұрт өз әрекетімен өзі болып, әлдекайдан жансауғалап келіп қосылған жалғыз басты жігітті жатырқамай қабылдап, намыс соққысынан бүрісіп қалған жалтаң көздердің сәттік қиығымен ғана еміренген емеурін білдірген.

Осы ауылдың ақсақалының інісі - Нақыпбек әлгіге пәле боп жабысты. Сәдірбектің сезімтал екенін сезген соң, қарап тұрып ілік іздейтін. Күйшінің араша түсерін біліп, кейде бейкүнә жалшыны, кейде қорғансыз бала-шағаны қыжыртатын. Сондай бір ерегісте дырау қамшы күйшінің де тебесінде аяусыз ойнап еді. Бірақ Сәдірбек айқайлап ашуға баспады. Айналып жүріп кетті де, өзін-өзі тұтқын халге түсірді.

Әуре-сарсаңы іштей ұдайы ұйтқыға салатын өз күйігімен өзгенің дерт құсасын онша елемей, оңаша ғана күттейтін күйшінің ет жүрегі жиі шанышатын. Тұла бойын шымырлата қыжылдататын азапты ойлар

бар ырқын ашу мен кекке суарып алғандай қалш-қалш дірілдеткенде, кірпік ұшындағы запырандай жасыл шықтар қорғасын салмағымен екі беттің томпағын күйдіре тіліп-тіліп түсетін. Тасбауыр өгейлік көрсеткен тірлігінен безінердей үнсіз ah ұрып, қиянатқа қарсы қолынан келер дәрмені болмағанына қатты қапаланып, еркектік намыстың жігерлі уысында селк-селк қалшылдайтын. Нақыпбектің соққысынан кейін дәрменсіз, қорғалақ күйі қолын тұсап, шегіне жеткен азапты ойы миын шағып, ызамен күйінген жанға ендігі бір жұтым ауаның да қадірін қашырта бастаған. Қара көбейтіп, көлеңке қарайтып, босқа ербигенше, қысастық жасаған төңірге өз қысасын қарсы атпақ болып, Сәдірбек өмірден біржола түңіліп, өлімге бас тіккен. Сол байламға бекінген соң-ақ жаппасынан аттап шықпай, ас-судан тыйылды. Орнынан қозғалмады. Ендігі күтері - дәл осы ширыққан жүйкенің кек қайтарардай ашулы серпінмен тұяқ қағар соңғы сәті еді. Сонда, сол ақырғы мезетте, Жасаған хақ тілекті беріп, жаналғышын көзіне бір көрсетсе, сол жаналғышының алдында адамға да, Аллаға да деген бар қарғысын, бар лағынетін, барлық үкім-өксімін айта алар болса, басқа басқасы түк емес. Сол үкімімен осынау босаған, таланған, тоналған ішінің өтеуін түгел толтырып, бар есесін бір-ақ қайтарар еді! Бар кекті бір-ақ алар еді!

Бірер күнде-ақ күйші арып-ашыған-ды. Тілі аузына сыймай, көзі үңірейіп, сұры қашып кеткен. Оған мойыған да жоқ. Жалғыз-ақ қалпы - ұйықтап қалмау. Осы ой оралғанда қатты сенделді. “Ұйықтап кетіп, соңғы тұяқ серпер сәтті қапы жіберіп алсам, онда төңірдің нағыз атқаны сол болар” дейтін секеммен енді, тіпті сергек болуға тырысты. Ол қайда! Әлсіреген дененің бар қайраты сарқылғанда көмескі көзге жымысқыланып ұйқы тығылатын әдеті емес пе? Кірпіктер біріне-бірі бал жаққандай жабысып, оңайлықпен ажыраспайды. Енді ес-сананың қалғымауын қадағалаған Сәдірбек келте ғұмырының әрі қасіретті, әрі қайғылы кезендерін мұрын ұшынан тізіп әкеп, жүрек шабақтаған өкінішімен шұбыртып жатты. Сол-ақ екен, құрыстанды, ақ ұрды. Бүрісті,

жылады. Дөңбекшіді, күрсінді. Ақыры шыдай алмады ма, домбыраға қырындай ұмсынды.

Көптен бері дәл мұндай қалжырамаған еді: еті қашқан қолдары өзінікі емес тәрізді, көк білеуленген тамыры адырайып, әрқайсысы өрттен қалған сояудай бес саусағын тарбита ұзартып, қатты қозғалса, үзіліп кетердей безгекті дірілінен бір тыншымайды. Әсіресе, тырнақ астының қаны жоғалған саусақтардың дегбірсіз қимылы дәл қазір әрнені түртінектеген жетім қозының жыбырлақ ернінен аумайды екен. Күйшінің карашығы тереңдеп, кішірейді де, көз қиығына болар-болмас уыт жүгірді. Әлде кекесін, әлде қыжырту, әлде қайрау. Бірақ еміренуі емес. Ол алдына өңгерген аспаптың күрең тақтайына тық-тық тиген шынашақ екпіні басылуын күтіп ұзақ отырды.

Қыл сағақты қысып алған сол қолы икемге келе бастады. Бірте-бірте саусақтар шек үстінде, көбесін тигізбей жоғары-төмен ырғып, орғып тұрды да, үш-төрт пернеден үн аулайтын машықты әдетінен жазбағанына кәміл сенгендей кенет тық-тық қадалды.

Оң қол тақтай үстінде ойнақтап кетті.

Домбыраға тіл бітті.

Қараша үйден алдымен ыңыранған, күңіренген, шерленген қоңыр үн баяу көтерілді де, сол әр қилы сарын-ырғақты қосарлап, түйдектеп ытқытып, бір кезде қажырлы құтырыңқы толқынға ауысты. Енді сонар шалыс азайып, түйдек-түйдек лықсыған ағынды дүрмек нақ-нақ қадалатын жүрдек шаншуды, нық-нық жебелей қағысты тауып алды. Емініп, тілеп, ықтиярсыз соған ойыстырып, күйші көңілінің көп күнгі тұйық та тығырық халінің топса-қақпасын сықырлата бастады. Көздегі қыжырту, қайрау, арлану оты ұлғайды. Жүзге майда лептің салқынындай қыбыр еткен әлсіз діріл жүгірді. Жоғарғы ерін сәл түріліп, күрек тістің дымқылында тесік-саңылаудан ұрған кешкі қиғаш күннің сәулесі бұлдырады.

Домбыра өзгеше бұлқынды.

Бұлқынған Сәдірбектің кеудесі еді. Сай-сайдан тарам-тарам құлап келіп, бір арнаға тоғысқан тау суы әлде бір бөгеуге тіреліп, жиналып толып, соңғы тамшы құдіретімен жалғыз-ақ лықсып, сол бір алапат

екпінімен тосқауылын бұза-жара төменге қотарыла ақтарылатын. Күйші кеудесі күйші тебіренісі - тап сол! Ішкі құбылыстың ырық бермес адуын серпінімен он саусақтың көз ілеспес құйынына барлық еркін түгелдей байлап беріпті.

Күйші бой-бой босады. Тарамыстай қатып-семген денені тер шылады. Маңдай сызығына іркілген тамшылар көлденең жол тауып, көз аясына құйылды. Ащы терге ыстық жас араласты. Қыр мұрынның қос қапталын қуалай сырғанаған әлгі тоқтаусыз кермек запыран екі езуді суарды. Күй ширықты. Ширықты да, намысқа салмақ салды. Кдйратты еселеді. Күйбең қарекеттің бүлкілі адасып кетті де, ар әмірі дуылдатқан ыстық қан саусақ ұшы арқылы домбыраның тоғыз перне, екі ішек, күрең тақтайына әділдік пен зұлымдықтың тас таразысын құрып тастады.

Зуылдап, ысқырып, зәрленіп бірде зұлымдық бел алды.

Ойлантып, қатайтып, дәмелендіріп әділдік оған қарсы тұрды.

Екеуі де тайталаса алысып, біразға дейін кезек-кезек күш алып, беріспей шатқаяқтап, сонау ықылым заманнан бастаған ежелгі бітпес майданының шанақ қуысынан долдана атылған дүлейлі сесімен кешкі даланың күңгірт төңірегін дүрілдетіп жатыр. Алғаш әр түрлі сарынмен қат-қабат өршігіп, өлердей ызалы шарпумен лап-лап арпалысқан ызалы үндер бірте-бірте сейіліп, енді қос ішектің асты-үсті, жоғары-төменінен бірде шырқырап, бірде саябырлап екі-ақ ырғақ ерекше айқынданды. Екеуі де саз желісін үзбей, бірі ызғырық шашса, бірі мейірім төгіп, мұз бен жалындай алма-кезек шарпыды. Ақыры бармақ астынан уілдеп ескен қоңыржай самалдай ізгілік іңкәрі баяу сызылғанда, астыңғы ішектің қаһарлы көмейден ықылық атқызған өксігі булығып, тұншыға көмілді. Сол-ақ екен өмір тілегі мен тіршілік құзыры асқақтап сала берді.

Саусақтар баяғы жігерлі, қуатты қалпындай еркін жүгірді.

Күйші еңсесін тіктеді. Әлгіндегі жас шылаған жанарға нұр жетіпті: сирек кірпіктер жыбырламастан

15838 районная

қарашығы түгел көрінген көзі мына қара жаппа, тар лашықты көктей өтіп, дәл осы арқаланған шабытты сәтте дүн-дүние бетінің бар-бар әжім-сызығын, діріл-қимылын қалт жібермей, сергек барлап отырғандай.

Домбыра ізгілік әуенімен сөйлеп жатыр.

Қызарып батып бара жатқан күннің алау-шұғыласы шанақтың қуысына құйылды. Сол қуыстан енді адам-заттың жүрек әні көкке құйқылжи өрледі. Көңілге қанат біткенде, саусақ ұшы сол тік самғаған шыбын жанның нағыз жебеушісіне айналады екен. Күдік атаулыны түгел ысырып тастап, әділет күткен, шуақ тосқан кеуденің қуыс-қалтарыстарына дейін түгел аралап кіріп, құпия назын сыршыл тілімен әлдилеп, аялай жеткізеді екен. Соны өздері де сезгендей тарамыс саусақтар мен қара домбыра ажыраспас, тұтас бір құдіретке айналып, үсті-үстіне нәзік оралымды майда нақышты жіңішкерте бұралтады. Нәресте уіліндей тәтті, қарындас күлкісіндей әсем ырғақ қорғаншақ-тартыншақ емес. Қайта есілген сайын көсіле сырғанап, еркін жайылып ұзап барады. Тілек үні әманда сезімтал. Еріксіз баурайды. Еріксіз ертеді. Еріктен тыс тыңдатады.

Күй бітті. Саусақтар қыбырсыз қалды. Сәдірбек күрсінді.

Кенет... Үй сыртынан дуылдаған үндер даланы кернеп кетті.

- Уай, азаматым!

- Рақмет, бауырым! Дүниеде қарғыс пен қаталдық қана бар емес екен. Мейірім атты дәмдімен тұшынттың ғой!

- Қырықтың бірі Қыдыр деген! Қарағым, қазір Қыдырымыз болып кездестің. Сенің мынау өнерің нағыз құдірет! Қара қабақ жұртыңның бар қасіретін сылап жазып жіберді-ау!

- Ойбай-ау, тіпті, кеудеме ып-ыстық уыз құйылғандай болды ғой! Рас айтам, иә! Қайран күй құдіретіай!

- Құдірет болмаса қобызды бәйгеге қосар ма еді!

Сәдірбек тысқа ұмтылды.

Қоршап алған көпшілік күйшінің түрінен ә дегенде шошынып қалғандай алғаш үнсіз тұрды да, іле тағы да даурығысып кетісті.

Уай, жатып алғаның не?

Қой, тірі жанның тірлігі бар емес пе, бекер уайымдама. Біріміз таппағанды бәріміз жабылып табармыз. Аулақтанба!

- Иә, қарағым, жөні солай. Уайым меңдеген кеуденің қауқары шамалы. Босқа жүнжіме. Әлгіңде мынау еңсесі түскен жұртыңның көкейіндегі көп арманды тірілткен құдіретіңді көрдік. Енді сен жекелене берме. Әсерленіп, желпініп шыға-шыға келгендей болған жоқпыз ба? Ойпыр-ау, одан артық не тілер едік! Көзге - нұр, бойға-қуат шақыртқан күмбірлі күйің бар да біз мойи қояр ма екенбіз! Ендеше, сен бүлінетін рет жоқ. Жүр, ес жи! Әй, Разақ, жігіттерге айтшы. Тездетіп бір ісекті жайғасын.

Сәдірбек ақ таяққа сүйеніп, кешкі сапақта селдір сақалын қызыл нұрға бояған Тілеуқұл биге көз тікті. Анау болса шын мейірбан жүзбен ақыл салып тұр екен. Бас изеп қана келісім білдірді.

Сол күннен бастап Сәдірбек өзгеше күйге көшті.

Ел бауырға түсіп жатқан кез. Оның үстіне жайлау мен қыстау тарылып, тұс-тұстан анталаған сұлтандар өлім жеттік жасаудан да тайынбай, тықсырып келе жатқан-ды. Сондай озбырлық ызғарымен кеуделеп тиіскен кейбір жуан ауылдың қылығына қарсы тұяқ серпкен жігіттерге ілесіп, енді бұ да ат үстіне бір ер салатын болып алды. Алғаш лек көбейтіп, шаң бұрқыратқаны болмаса, киіп-жарып тындырғаны шамалы еді. Келе-келе оған да үйренді. Сойылды да меңгерді. Шоқпарды да құлаштап соғуға мәшкүрленді.

Тек кей-кейде өз-өзінен қыстығатын. “Апырай, не боп барамыз!? Бес көдеге таласып, бесіктегі баланың беліне шоқпар байлаған әрекетіміз қай жақсылық бола қояр. Жауласқанымыз жау ма еді? Кешегі өріс-қонысынан безген қырғынды казақ қой. Иә, қазақ! Ал, сонда сол өз қазағым өзімізді неге талайды? Неге шабады?”

Осы ойынан және тез айниды.

“Анадағы Емберген ше? Шырт түкіріп тастап, ашылмап па еді?”

Ембергенді еске алғанда кеудесі кәдімгідей кеңиді.

Айлы түн болатын. Қостағы жылқышыларға ілесіп

Сәдірбек те күзетке шыққан-ды. Қалың жылқыны байқастап түнімен ат үстінен түспеген жігіттердің таңғы жусау кезінде тыныштalып ұйқыға енді кіріскендері сол еді, дүр ете қалған қостың шұрылынан шошып оянды. Беліне байлаған шылбырларын көтере тұрып атқа қонған жылқышылар аттандасып қалысты.

Әлдебір барымташшар енді ғана жақындаған екен, қапысыз өре түрегелген жігіттерден тайсақтап, жылыса жөнелді. Құғыншы топ көптігіне сыйынып түре қосылды. Ақ көк атын қамшылай, тақым қыса ағындатқан Сәдірбек қарсы алдындағы ұзын белге шыға берген еді, соңынан қалың шоғыр боп түйдек-түйдек жеткен жылқышылар барымташылардың артында қалған біреуін көріп қалған. Енді, тіпті құтырынды. Әсіресе, Разақ бедеуін ойнақтатып, ер қасына шумақтап ілген бұғалығын оң қолына ыңғайлап ұстап, созылып, суырылып алға озды.

- Қап! Сені түсірмесем бе?!

Осы сөздер былайғылардың да намысын қоздырғандай ат бүйірін аяусыз тепкілетіп барады.

Разақтың бедеуі ұшқыр. Сәдірбектің ақ көк аты да әндемді. Жербауырлай жайылғанда, құйрық-жалдың майда суылы ысқырып жел шақырады.

Кейіндеген жалғыз барымташының қарасы жақындады. Астындағы мінісі барлығып қалған ба, әлде көтерем бе, біраздан кейін шабысынан жаңылып, тұяқ дүбірі божырап қоя берді.

Разақ еркін жетті. Толғай сермеп оң қолды құлаш-тай сілтегенде, діттеген бұғалық дөп тиіп, пақырды ер үстінен жұлып түсірді. Ай астында майда топырақ бұрқ етіп көтерілді де, домалап жатқан жігітті көміп кетті.

“Жарайсың, Разақ!”

Сәдірбек ат басын сыңар езулете тартып, әлгі тұсты шырқ айналып өтіп, екпіндетіп тоқтады.

Шылбырын сүйрете секіріп түсті. Жүгіріп келіп тыпырлап жатқан барымташының кеудесіне қонжиды. Жұмырланып түйілген жұдырық құлақшекеге төне берді де, кілт тайқыды. Тоқтатқан, кідірткен астындағы жанның кінәсіз қарасы еді.

“Апырай, жауыздықты ауыздықтаймын деп, жауыздықты өзім жасап тұрғам жоқ па?”

Тізесін босатты. Жұлқа көтеріп жігітті орнынан қозғалтты.

- Тұр! Тұрсаңшы!

Разақ та жеткен екен, үнсіз келіп бұғалығын иықтан суырып босатып алды.

- Әй, мертіккеннен саумысың? Аяқ-қолыңды қозғашы. Қорықпа, сені өлтіргенде, өшкенім жанбайды.

Тұтқын Разаққа қадалып қалыпты. Санасына жылқышы сөзі енді-енді жетті ме, кірпігін жыпылық қаққызып, қайта-қайта басын шұлғыды. Кібіртіктеп аттады.

- Са-ау тәрізді.

Сол кезде дүркін-дүркін жиналған жігіттер екілене жақындады.

- Қоя берші маған!
- Жұлынын үзейін!
- Мойнын бұрап тастайын ба?!

Ай астында ереуілдеп көтерілген аппақ құрық, қара сойылдар ербеңдесе қимылдап, иек қаққан құптау ниет білінсе сарт-сүрт төпелей жөнелуге дайын тұр. Әсіресе, Бұғыбай атты еңгезердей жас жігіттің тағаты қалар емес.

- Әнеу күнгі де дәл осылар! Қараланың үйірін алып кеткен. Құдай біреуін қолға тигізді. Тұлыптай қылып жонын тіліп, тызылдатып отырып кек қайтарайын! - дегенде, тістенген тіл ұшынан сыздықтатқан түкірікті тұтқынға қарай ытқытты.

- Жә! Суырылма босқа! Бар, жылқыға қайтыңдар! Біз мұнда жүргенде торыған жау қосты қуып кетпесін,- деп Разақ жылқышыларды қайтарып жіберді.

Сәдірбек екеуі тұтқынын атқа қондырып, ортаға алып келеді.

- Атың кім? - Сәдірбек еріксіз сұрады.
- Емберген.

Емберген көңілсіз. Қазіргі тұтқын халін ойлай ма, әлде басқа да себебі бар ма, басы салбырап, тізгінді бос тастап, ер қасына қадалып қалыпты.

Разақ асықпайды. Ол да үнсіз. Ашу үстінде зілі қатты, кек-қыжылды мықтап ұстанғыш еді бұрын, мынау ілбіген жүрісте оның да бар қайраты шабандап

қалған тәрізді. Басын шұлғып тастап келе жатқан бедеуінің жалын сипап қойды да, саптамасының қонышынан мүйіз шақшасын суырды. Тығынды тыңқ еткізіп ашып, сол қатарындағы Ембергенге ұсынды. Анау байқаған жоқ. Тізесінен тартты. Ембергеннің жалт еткен сұраулы жүзіне бейбіт қарасын бағыттады. Шақшасын ұстатты. Аздан соң тамағын қырнады.

- Ал, Емберген, қай ауылдансың?

Емберген Разақтың сауал төркінін тез аңғарды.

- Қай ауылдан деймісіз? Әй, ауыл дейтін ауылым жоқ, ағасы. Бұрын болған еді, бүгінде бәрінен айырылдық қой. Жалғыз шешем бар. Екеуміздің Батыр сұлтанның қайын атасының ауылына бас сауғалап келгенімізге ай ғана аралады. Әй, бірақ!.. - қатты түйілген қабақ көмейге тығылған өкінішті шығара алмай, екі қастың арасын қосып жіберді.

Сәдірбек үзеңгі тиістіре қатарласты.

- Білеміз. Білем, Емберген. Сен босқа қиналма. Басқадан азар көргеніңмен бізден көрмессің. Біз де титықтаған жандармыз.

Емберген басын көтерді.

- Несін жасырам. Бізді жұмсаған сұлтанның қайын атасы. Бар деді. Барымтаға аттан деді. “Қазіргі қиракезік кезеңде кімді кім бағып отырғандай. Бошалаған Болат ханның түрі анау. Бұрынғы тас таразы жоқ. Әлі жеткен май асайды. Қорықпаңдар!” деді. Бармасқа лаж жоқ. Күнкөріс тіпті қиындады. Өткенде сондай бір жортуылдан оралған соң, арамнан жегенше, аштан өлейін деп бұлқынып көріп едім... - Емберген қайта тығылды, ызалы көзде ай сәулесінің ұшқыны жылтырады. - Дырылдатып бай алдына сүйретіп апарды. Содан ақ-қарамды тексеру жоқ, дүрелей жөнелді. Бай көзге шұқып, басқа сабап сөйлейтін кісәпір екен. “Қашыртқыға салмақ болсаң,- шешеңнің сүйегін су астынан табасың! Осымды орындатуымды оң қолыңдай көр!” деді. Не істейін. Сілейіп қалдым. Дүниедегі ең қымбатты анамды өз қолыммен ажалға байлап бермейін деп, тағы ілестім. Ақыры мынау...

Емберген селк-селк жылап жіберді.

Сәдірбек иығынан ұстады.

Болды, Емберген! Оу, жігіт те жылай ма екен.

- Әй, сен Әзімбайды білмейсің ғой. Менің қолға түсіп қалғанымды сезсе, істің артын жаппақ боп, менен безе қашпай ма?

- Қаша берсін. Онда, тіпті, жақсы. Екеуміз бірге тұрамыз. Мен де жалғызбын, - деп Сәдірбек алақанымен түртіп қойды.

- Менен жай безбейді. Мені танымау үшін анамды... анау байғұс шешемді жоқ қылады. Оның содырлығынан түңілгем. Мен тәрізді өткенде бір қоңсысы қолды болғанда, бишараның келіншегі мен баласының орнын сипап қалғанбыз...

Сәдірбектің денесі түршікті. Омырауын қымтана беріп, бетін теріс бұра, қылғына күрсінді.

Разақ бас шайқады.

- Өйтпес. Өйте алмас. Босқа жүнжіме, - деп тұрды да, шұғыл ойға кезіккендей жалт қарады. - Былай болсын, Емберген шырақ! Сен қазір дереу қайт. Серіктеріңе әупірімдеп құтылып кеттім дерсің. Біз ұрымыздың ордасын білдік қой, бұдан кейін қапы қалмаспыз. Сен сезік берме. Сөзіңе де, өзіңе де сендім. Ретін тап та, ұзамай шешеңді алып бізге қосыл. Елбесіп-селбесіп күн көрерміз.

Емберген жалт бұрылды. Таң шапағы көз жанарында құбылды. Әлгіндегі күйзеу түрден нышан да қалмапты. Дос пейіл, жылы алақан көргенде, өз ішінде мынау таңдай шуақ шашқан бір алауы тұтанды ма, енді Разақ пен Сәдірбекке кезек-кезек бұрылып, қатты өрекпи, ырза боп сөйледі.

- Не дейін... Көңіл құлазыған соң әбден қосүрейленіп кетіп едім. Сірәда тұшынар ықылас кездестірмеспін деп түңілгендей күрсінуім көбейіп еді. Ағалар, жақсы жайраң ағаларым, адасқан екем! Қатты адасыппын! Елдің өрісі тарылғанмен елдіктің өресі тарылмапты-ау! Қолдан келгенше ендігі қарекетті осы достық, жанашырлық жолына бағыштармын. Бағыштармын -ақ!

Содан көп ұзамай шешесін алып келген Емберген Тілеуқұл би ауылында тұрып қалды. Өңмендетіп отыратын ызғарлы жанардан құтылған соң, көк құраққа бос қоя берген аттай тыңайып шыға келген-

ді. Әсіресе, Сәдірбекке үйір. Қолы қалт етіп босаса, күйшіні іздеп келіп күй тындайды. Әңгіме-кеңесін құр жібермейді. Ондайда әр саққа алып ұшқан тың сауалдарды үстемелей жаудырып, Сәдірбекті де сүріндіріп алады.

“Расында да, Ембергеннің сөзінің де жаны бар-ау. Сылтаудан пәле ұлғайтып, құрық созып, тұзақ тастағыш озбырлыққа түгел ел болып неге өре тұрмаймыз? Араздық салқындығы шабылған жұрттың шабынан түрткіш болғаны ма әлде? Сондағысы не? “Мен сорласам, сен де титықтап біт! Мойныма су кеткенде, өзгенің көзінен қан аққанын көрсем” дейтін қиянатшыл тілек тақымдай ма екен? Оның несі тілек? Ырзалық таппас күңкілден гөрі аштан өлгенше, адалыңнан өлердей неге тырбанбасқа. Әлде жуасты жүндеп қалған жуандар кешегі қомағай көмейдің жау қолында кеткен несібесін мына аш-арық босқынның үлесінен қайтармақ па? Ал, сонда ауыртпалық үстемелеп солқылдатқан сол сорлылардың обал-сауалын кім тексереді? Қайта қысылған күнде қол ұшын беретін ағайындық базына тұсы осы ғой. “Иесіз, панасыз” деп жұлмалағанша, “барым, бауырым!” деп құшағын кең ашса ғой. Сонда кінәласу, жатсыну, жатырқау болмас еді-ау. Көңіл дауалататын кім бар? Хан қайда? Батыр сұлтанның қысасын көрмей ме? Жетпей ме сұмдығы ордаға? Әз Тәукенің бел баласы. Ата жолы, әке тәрбиесі сіңбегені ме? Әр жерде бір шырылдаған халқының шын қамқоры болса, Болат хан ендігі бір шараға шындап ойысар еді-ау. Әй, бірақ! Кдңды мойын айыпкер - қарашысы тәрізді. Жылайтын да сол. Зарлайтын да сол. Таланатын да қара қазағы. Кім ұғар?”

Осы “кім ұғар?” дейтін шаншуы Сәдірбекті бір босатпайды. Ойымен аулақтап оңаша қалғанда еріксіз домбыраға емінеді. Он саусақ күйші кеудесіндегі шаншудай сұрақты қу ағаштың өн-бойынан ізейді. Іле саусақтар жаңылысып, күй қожырайды. Болмаған соң, лықсыта күрсінеді де, домбыраны іргеге сүйей салады. Кәрі серігінен сесі қайтқандай көпке дейін беттей алмай, мидағы, санадағы шаншу-сауалды ойда жаңғыртып, әуре-сарсаңынан босамайды.

Осындай шытырманның ішінен шыға алмай жүргенде Тілеуқұл бидің інісі - Нақыпбек жігіттерін атқа қондырды. Көрші-қолаңға қабағы қатаң, зіркілді жігіт көп сөзге келтірмей тойтарып тастап отыратын. “Қайда барамыз? Неге аттандық?” дейтін сұрақтарды көмейде көмгізіп, аяңшыл күреңін алға салып, бүлкектете жөнелді.

Қаракемерден асып, Бұлдырлының сайына еңкейгенде қас қарайған еді. Тал-шілігі аралас өскен саздауытты қысаңнан салқын дымқылды бүлдірген иісі аңқиды. Ендігі жүріс ширады. Аттардың жиі пысқырған танауынан бу атқып, тасқа тиген түяқтар сай ішін дүбірлетіп келеді.

Ешкімде де үн жоқ. Омыраулап ілгері сұғынған мына шоғырлы түрі әлдебір қаталдықпен бәрін көгендеп байлап, матастырып тастаған, сөз бен қимыл керек еместей. Тақымға қысып, білекке іліп, сүйретіп алған сойылдарының шымыр дірілінен сес біте ме, қатуланған өңдер жан-жаққа мойын бұрғызбай қасқа мандайға тік кадалтып, ілгері тартады.

Сәдірбек Нақыпбектің ту сыртынан тесіліп өтті. Басын шұлғи аяңдаған күреңнің желкілдеген кекілі Нақыпбектің екі бүйірінен кезек көрінеді. Жігіт шаншылып, кеудесін тік ұстайды екен. Жайшылықта тым қораштау болатын, мына белгісіз сапарда суық пішінге мінген Нақыпбектің бар тұлғасынан ызғар ескендей. Үзеңгіге аяғын саларда ызбарлана шырт түкіріп тастап еді, содан бері әлі ірге берер түр танытқан жоқ.

Жылқыны ауылдан түнгі өріске қарай беттетерде он шақты жігітті бөліп алып, иіріп қойған. Қосқа жібермеген. Ағасы Тілеуқұл төбе үстінде отырып қалған екен, шақыртып алған.

- Нақыпбек, жігіттерді неге кідірттің?
- Керек боп тұр, аға!
- Қос күзеті кемиді ғой. Торушы көп. Бекер жасаған жоқпысың? - деп би інісіне шұқшиған.
- Үрейленбеңіз, аға. Разақ тұрғанда жылқыға кім тиісе қояр дейсіз. Қайта ұйқысы бұзылмаған жігіттеріңіз көптен алақандарына түкіріп, кіжініп жүр,

- деп әлде кекете, әлде насаттана жымиған Нақыпбек бір тізерлеген орнынан асығыс көтеріле берді де, би қасында отырған Сәдірбекке қарашығын тіктеді. - Оу, күйші! Жиналғын! Маған ілес!

Тілеуқұл басын шайқаған.

- Жөніңді айтып кетсеңші, інім.

- Қам жемеңіз. Жөнім оңымнан.

- Білмедім, Нақыпбек. Терісін де дұрыс, солын да оң көретін бүліктер көбейді ғой. Шырылдаған жылау құлаққа енбейтін кезде сойыл сүйретіп қайтесің, - деп кірпігін какпастан інісіне жалынышты түрмен қадалып қалып еді. Анау болса әлі де айыл жимас кішілік, еркелік қылықпен тәкаппар жымиған.

- Сойыл қарғау үшін емес, қорғау үшін де көтерілмей ме, аға? Бұға-бұға үркек боп қалғансыз ба? Жоқ, босқа уайымдамаңыз! Осы жолы, құдай бұйыртса, келініңізді әкелемін! - деп Сәдірбекті ертіп төмен түсіп кеткен-ді.

Етекке сұғынған сайын дүбір бәсеңдей түсті. Осы ұры жүрісті қолай көрген түйдек шоғыр үнсіз келісіммен ат тұяғын саздауыт пен шөптесінді аралата бастырады.

Тізгін тұқыра ұсталып, көліктерін сергек қимылдатады. Көлденеңдей жайылған ұзынша қырқаның тұмсық айналмасына бұрылған кезде, тіпті сақ әрекетке көшті.

Нақыпбек бастапқы ерік-ырықтың ыңғайымен қасына, қапталына жан жолатпас тәртіпті мұқият қадағалап, құрық бойы алда бара жатыр еді, дәл тұмсыққа таянғанда тізгін тартты. Серіктері иіріліп тоқтады.

- Жә! Танауларынды босқа желдетпеңдер! Сендерге бүгін олжа түгіл қалжа да жоқ. Дабыраймаңдар. Қорқатын да дәнеңе жоқ. Алдымызда алты-ақ үйлі ауыл отыр. Нашар ауыл. Құрық көтерер пысығы түгіл пұшығы да табылмайды. - Нақыпбек мұрт астынан күліп қойды. Күреңін жалынан сипады. - Өткенде жолым түсіп, осы ауылға түстеніп шыққам. Сонда байқап едім, бұл ауылдың байлығы болмағанымен бір елдің малына татыр асылы бар. Ол - бойжеткен! Кермаралдай керілген периштенің өзі! Сұлу - көз құрты дейді. Көріп, көңілім бұзылған. Көң арасындағы

жақұттай жарқыраған перизатты қызыл көргіш күшігеннің бірі қақшып кетпей тұрғанда босағамнан аттатпақпын. Мынау жүрістің мәні сол.

Алақандарына түкіріп жүрген екі-үш жігіт кәдімгідей өкініш білдірді.

- Қап! Құрыс-тырысты бір жазамыз ба десек...

- Әй, Нәке-ай, жолбасарлығыңыз осы ма?

- Топырлатып айдап қайтпаған жігіттің бағы озар ма!

Нақыпбек бір тұқыртып алуды мақұл көрді. Дауысына кекесін енгізіп қырылдап сөйледі.

- Оттапсындар! Іріткімен екшелген сояу-саяқ бірлі-жарым жаяуға қарсы шапқан тентектігіңді батырлық көресіңдер-ау! Күлкімді келтірме өйтіп. Кібіртігіңнің кейін сүйрерін мен білмейді екем-ау! Қайратқа бой ұрғыш өңшең мықтым боп өндіршек созуға ғана жеткізбейсіңдер! - деп шырт түкіріп тастады.

Тағы да екі-үш дауыс жамырай шықты.

- Іспен сынашы осы! Қыңқ деп кері тайсақтасам, сонда қандай керді жасасаң да төзіп алдым!

- Ойбай-ау, өзге-өзгені білмеймін, мен өзім қарсы кездескеннің қу жағынан боздағын шығарып бет қаратқан емеспін!

- Сен олай мақтанба. Салмақтансақ біз де осал болмаспыз!

Нақыпбек тез тыйды.

- Жетер! Сенбесем, ертпес едім. Нұсқайтын бетіңді айт дегендей болдындар. Ендеше, байлау мұндай: ауылға айқас- ұрансыз кіреміз. Онымызға бесеу шығара алмайды. Талабымызды тіке қоямыз да, берсе қолынан, бермесе жолынан... Мәймөңкелейтін тұс емес. Бұл жолы уысқа түсірмесек, кейін орнын сипап қаламыз.

Сәдірбек қамшысын бұлғады.

- Бұл тапқан ақыл емес. Нақыпбек, тілімді алсаң, қайталық. Көңілің шын ауса, анау өзің ұнатқан жаныңның да көңіліне қара. Әке-шешесін, ауылын зарлатып тартып әкеткен күнде ол саған иліге қояр ма екен? Онан да жол-жобамен құдалық сөйлесіп, келісіммен бітірген лайық қой. Биекеңе мен-ақ

айтайын, ұялар болсаң. Тілегіңді ешкім теріс деп тұрған жоқ. Отау көтермек ниетіңе ағаң қуанбаса, қарсы болмайды. Қайтайық, Нақыпбек! - деп ер үстінде ілгері ұмсынды.

- Әй, күйші де бір, бақсы да бір деген рас-ау! Суми болмасаң бір қызды алу үшін дүйім елге ақыл салу керек деген кеңкелестікті айтпас едің-ау. Жыламайтын қыз, жас жумайтын жүз көрдің бе? Өзің айтшы. Қай заманда шөпжелке біткен еркімен күйеуінің етегінен ұстап еді. Әлде қызғаншақ кеуденің қыжылын ортаға тастап тұрмысың! - деп шұқшия қадалғанда, алакөлеңкеде бұлдыраған көздері жалт-жұлт жылтырады.

Сөз ыңғайы белгілі болды. Тілдер тістелді. Мойнын сырт қайырып, атын тебініп қалып Нақыпбек жүріп кетті.

Ауыл тегіс ояу екен. Дүрілдетіп жеткен бейсауат жүргіншілерді иттері үрмей, кісілері дабырламай қоң торғай қарсы алды.

Нақыпбек жыртық туырлықты, жамау үзікті үйлердің ортасындағы төрт қанат боз отауға жігіттерін бастап кірді. Табалдырықтан аттағандары сол еді, дауыс айтқан әйелдердің сұңқылдап үн салған жылауы шар ете қалды.

- Тұлымшағым-ай! Арманда зарлап кеттің-ау! Амалым бар ма жасағанға? Қысас көрген көңілімді кім дауалар? Сүйрігім-ай!

Сәдірбектің көмейіне жас тығылды. Кібіртіктеген қонақтар ілгері аттай алмай, босаға жаққа жалп-жалп отыра кетті. Нақыпбек қана кердендеп төрге озды. Майға батырған шүйке білтенің әлсіз жарығында түсі сұрланып, қос бүйірін таянып шер төккен әйелге тесірейе көз тікті.

Емберген күйшіден төмендеу бір тізерлеп құйрық басқан еді, бүкіл тұла бойы құрсауланып, қимылдауға батылы жетпей, оң қолын жерге тіреп, басын көтермейді. Еріксіз ытқыған көз жасы мұрнының ұшында кесек қорғасындай дірілдеп тұр.

Нақыпбек тамағын қырнап, жөткіріне бастады. Соны байқады ма, әйел саябырлады. Жаулығының ұшымен бетін басып, солықтай күрсінді.

Үйге қонақтарының соңынан ілесе кірген қара-бұжыр кісі төрдегі Нақыпбекке назарын тіктеді. Үстіндегі қима шапанның сай-сай жыртығынан ішіне тұтқан жүні түбіттеніп көрінеді. Сол жүндей омырау мен шықшытта ұйысқан ақшулан қылдың жоғарғы жағында канталаған жараның ізі айғыз-айғыз. Бірақ жанары ұшқындап тұр. Сөзді сабырлы бастады.

- Жігіттер, күңіреніп қарсы алғанымызды сөк-пеңдер. Жағдай осылай болды. Тәуір шырай көрсетуге шамамыз да, мұршамыз да қалмай тұр. Шырылдаған жан дауысымен дүниеден түгел қорлық көргенде, көңіл шіркін өксікті құсасын жасағанның кез келген пендесіне шаққысы келеді екен. Жаңағымыз - сол шағынған түріміз, - дегенде әйел қайтадан селк-селк етіп, тығыла жылады.

Нақыпбек сөз ақырын тоса алмады.

- Ақсақал, не болды? Не қаза?

- Е-е, не болмады. Жан қазасы да, тән азабы да өтті ғой. Әй, бірақ, мұндасар көңіл табылмаған соң күрсінгенде не өнеді? - деп бетін уыстай сипап өтіп, кірпікке шалынған дымқылды құрғатып алды. - Бәрі болды ғой. Қайда барып тыныштық табармыз? Жерден кеткен соң, көрге жеткеніміздің басы осы шығар. Әлі тоналып келеміз. Батырдан айырылдық. Ел-жұрттан айырылдық. Мал жауда қалды. Ата-баба моласы көзден бір-бір ұшты. Енді, міне, баламыздан айырылып, қан жұтып отырмыз.

Сәдірбек шыдай алмады.

- Сабыр етіңіз. Қазаға кім ара тұрар? Қайғыңызға ортақпыз, ағайын.

Қарабұжыр кісі күйшіге жүзін бұрды.

- Тілек қосқаныңа рақмет, қарағым. Бірақ қазадан да артық қысас бүрістіріп кетті ғой. Жан бергеннің күнәсі болмас еді. Тірідей айырылдық қой Ботакөзден.

- Не?! Не дедіңіз?! - деп Нақыпбек шаңқ етті.

- Айтқаным сол. Тал түсте ат ойнатып келіп, момақан ғана ауылдың үстінен жай түсірді. Ат бауырына алып сабап, бет қаратпай ұлардай шулатты. Не жазағымыз бар еді? Кінәміз не? Жауыздықты өзіміздің көргенде, апырай, шыбын жанның қу кеудеде тыпырлағаны неге керек!?

Енді жасырынған жоқ, көз жиегінде кептелген әрі ыза, әрі күйік жасын сығып-сығып қалып, ісік-жаралы жалпақ беттің үстінде домалатты. Қайтадан сабасына түсті.

- Өздері онша көп емес. Айналдырған он шақты адам. Алғаш оғаш мінездері білінбеп еді. Түстеніп қайтатындай асығыс түскенін сезіп, азын-аулақ ұсақ жандықтың бірін сойғызып, табағын тарттық. Дәл кетерде бұзылды. Шайтан шығар азғырған, Ботакөз қалқаны әлдебіреуі көріп қалыпты. Байғұс баланы көзге түспе деп шеткі үйге кіргізіп едік, тіміскіленген ұры иттей жылмаңдаған жігіттері сорпаны ішер-ішпестен сыртқа ұмтылған. Үйді-үйге кіріп жылтыраған нәрсені қойны-қонышына тыққыштап жүріп, Ботакөзді байқаған екен. Содан мысық мұрты едірейген басшысына жетіп келіп сыбырлап еді. Анау сәтте бұзылды. Орнынан апыр-топыр атып тұрып, есіктен бір-ақ ырғыды. Ішім бір пәлені сезіп еді, амал не, шеткі үйге қарай беттеген әлгілердің соңынан біз де шұбырдық.

Осы кезде әйел шыдай алмай дауыс салды.

- Көріктім-ай! Жылаумен күнің өтетін болған соң тірі күйігіңді тартқызбай нәресте қалпында неге ғана шәйіт кетпедің.

Қолдан келер бар дәрмені осынау күйініштi тілекпен естілгенде Сәдірбек ана кеудесіндегі шерді түгел жанымен түйсініп, қиналып, қылғына жұтынды.

- Иә, сонымен? - деп Нақыпбек саптамасының қонышын сұқ саусағымен тырс-тырс шертіп қойды да, сызданған қабақтың ашу толы қарасын сығырайтып өңмендетті.

- Не болсын! Ботакөзді көрісімен тікелей құтырынып сала берді. Сөз тыңдау қайда. Олайғымызды олай лақтырып, былайғымызды былай жапырып, баскөз демей қамшыны құлаштай сермеп, көкала қойдай етті. Бәрінен де, байғұс баланың “апалаған!”, “ағатайлаған!” шырылы құлақтан кетер ме? Әр жерде бір домалап біз қалдық. Ат сауырына көлденең сұлатып Ботакөзжанды олар әкетті. Апырай, жан ашитын пенде табылар ма?

Нақыпбек бір тізерледі.

- Оу, қай мезгілде аттанды? Бағытын бақтындар ма өздерің?

- Ақшам жамыраған болатын. Онша ұзай да қойған жоқ. Жақын манда ел де жоқ. Алыстың адамдары, - деп қарабұжыр кіс енді Нақыпбекке дәмелене қарады.

- Жә, онда көп созба! Біз аттанайық. Жөнін нұсқа! - деп бойын тіктеді. - Жігіттер, тұрыңдар!

- Жөн көрсетермін-ау. Әй бірақ, әлгілер кетерінде дом атып кетіп еді: “Болат ханның белбаласы - Әбілмәмбет сұлтанның нақсүйері болатын қыздарыңның бағы бар екен” деп. Шымшық торғайдай шақылдаған сұлтаны анау болса, түңілгенім түңілген. Шіркіннен ақыл шықпас!

Нақыпбек сылқ шөкті. Опырылып төмен еңкейді. Екі көзі шұбатылып түскен қамшысынан ажырар емес. Соны көргенде Емберген және қалғандары тықыршыды.

- Неге бөгелеміз?

- Қазір қуып жету керек. Сұлтанға әділетті ұмытсын, зорлық жасасын деген мизам жоқ!

- Сұлтандығы өзіне! Көрнеу көзге қысасқа жол бермейміз.

Нақыпбек ақырып жіберді:

- Өрекпімеңдер, түге! Ал, қуып жет Әбілмәмбетті. Күн айналтпай дүркіреп келіп, етегіңді түріп шауып алсын. Соншама есіріп, ақыл жоқ, айла жоқ. Не бітірмексіңдер. Қыз кетті деп... Қай бойжеткен оң жақта отырып қартайып еді. Теңі табылса, тегін бер деген. Жә, тыйылыңдар! - деп айыптап алқын басты.

Қарабұжыр таңдайын қақты.

- Е-е, қарағым, алғашқы екпініңе қарап шүкірлік ойлап ем, сен де қаукөрік біреу боп шықтың-ау!

Нақыпбек тыз ете қалды. Қырылдаған дауысына зіл салып сөйледі.

- Ақсақал, Ботакөз қызың ба?

- Жоқ, бірақ туған қызымдай еді.

- Ендеше, бас ауыртпа! Тағдыр жазғанды мойынмен көтер. Мені қайрап әуреленбе! Тастай алмай жүрген жаным жоқ. Мысықпен тышқан ойнамайды. Әрі-беріден соң, сұлтанмен жең ұшынан жалғасып, өздерің әдейі қашыртып жібермегендеріңді немен

дәлелдейсің? Білем сендейлерді! Жылап отырып қастық жасайтын қанипезерлер сендерден шығады.

- Астапыралла! Қарағым, түр-түсіңді көріп отырғаным осы. Асылбай сондай жамандық жасапты дегенді бір пенденің аузынан естісем, арам қатайын! Әйтпесе, мына жалаңды жапсырма! Онсыз да жаным күйіп тұрғанда босқа қан болармын! Бұ немене, құлақтан басып, бұқтырып отыратын заманның сұрқы осы ма? Шырақ-ау, сұм атандыратындай саған не жазығым бар еді? Неге тепсінесің? - деп шатынаған көзді тайдырмай Асылбай күреңітіп кетті.

- Сайрама, шал! Тіліңді тістетуім оңай.

Сәдірбек ширығып төрге шұқшиды.

- Тоқтат, Нақыпбек! Сенікі теріс.

Нақыпбек үндеген жоқ, күйшіге сүзеген бұқаша сүзіле қарап отырды да, баяу мырс етіп, мұрт астынан бүлік күлкіні бүркіп жіберді. Жайлап орнынан тұрды.

- Кеттік, жігіттер!

Тысқа шыққанда Емберген Сәдірбекті оңашалады.

- Сәке! Сақ болыңыз! Нақыпбектің әлгі бір қарасынан күдік алдым. Қабаған төбеттің сондай кекшіл қарасы болушы еді. Тегіннен тегін үндеген жоқ, бүкпесі бар.

Сәдірбек бас изеді. Жас досының қолын қысты.

Таң сазы біліне бастапты.

Қызыл айдың жартысы туып келеді екен.

Нақыпбек кермедегі атына бара берді де, қалт тоқтады. Қияс жанарды қарабұжыр Асылбайға көздеді.

- Ау, казақтың “куыс үйден құр шықпа!” дейтін жоралғысы бар ғой. Үйіңе баста, шал! Тым болмаса, қара суыңмен ауыз шайып, ырымын жасайық. Әдетті аттап, әулиелерге шалыс келмейік.

Асылбай үнсіз қозғалды. Киіз есікті серпи ашып үйге кіріп, әлдекімді тұрғызып жатыр. Сәлден соң іштен дауыс берді.

- Кіріңдер!

Сәдірбек қайтып кетуге оқталып, еріксіз ілесті.

Бұларды ұйқыдан үрпиіп оянған талдырмаш жас келіншек ернін жыбырлатып қана амандасып қарсы алды. Әлгіні көргенде Нақыпбектің мысық мұрты тікірейді. Қасынан өте беріп, келіншектің бұлтиып

тұрған мықынынан шымшып қалды. Елеусіз шымшыған еді, жалт етіп шарпыған келіншек жанары жігіттің өңіндегі әрі қызғаныш, әрі қызыққыш аусарды тез болжады. Ұзын кірпіктері төңкеріліп, әлгі әсерленген жүзді қарашықта жұтып жіберді.

Бір тостаған саумал отырғандарды тегіс жағалап шықты. Ауыз тиюдің ырымын жасаған жігіттер Нақыпбектің қозғала қоймағанына таң. Анау болса бар шаруасын ұмытып, келіншектің түр-түсін қысылмай-қымтырылмай бағып қалыпты. Ішінен: “Апыр-ай, мына келіншектің әдемісі-ай! Құшағы от болар! Осы менің аузымның салымы болмайтыны несі? Анау Ботакөз анандай болды. Мына келіншек қауқиған шалдың тоқалы. Дүниеден әділет деген құрығаны ма: Неге құриды? Әділдік ит теңдік құрса, мен осылай көрінгенге көз сатып, сілекейімді шұбыртып отырар ма едім?” дейтін қиянпұрыс ойларға сүңгі малтығып, қызыл еріннің алқызыл томпағынан көз айырмайды. Соны байқаған Асылбай дауыс қырнады.

- Қазан көтертейін...

Нақыпбек ес жиды.

- А-а? Жоқ! Ақсақал, қызыңыздың (әдейі қызың деп қасақана айтты) аты кім? Құрбының есімін есте ұстай жүрейін.

- Қайдағы қыз? Әйкіман осы үйдегі жеңгең, шырақ! - деп Асылбай түсін де, даусын да өзгертпей жайбарақат елемеген ыңғай танытты. - Әйкіман, балаларыңа саумал да болса толтыра құй. Асығыс еді, ауылдарына жеткенше шөлдемесін.

“Балаларыңды” естігенде Нақыпбектің ит арқасы құрысты. Саңылауланған көздері Әйкіманға одан сайын тесірейді. Келіншектің де жонына қамшы тигендей тыржың еткенінен әлдебір үміт аулады. Енді ашық түрде жүз сауалын ытқытты. Әйкіман ықпады. Қайта түсінген рай танытып, қуақы еркін жымиыспен арбап тұрғандай кең үлкен көздерді толық көрсетіп, қымсынбай қабылдап, үздіккен жігітті тосын әрекетке батыл шақырғандай иек қақты.

Нақыпбек екі алқанымен бетін сипады.

- Тұрайық.

Қимылы баяу. Жұрттың соңын ала табалдырық

қасында кідіріп қалды. Әйкіманның білегінен шап берді. Сыбырлап жатыр. “Әйкіман, жүр! Етегімнен ұста! Үлде мен бүлдеге ораймын, жаным!”

Келіншек шынтағын билетті. Сыңғырлап күлді. Үні құлаққа майдай жақты. Тістері жиі екен, дымқылында да күлкі табы тұр.

- Көрерміз.
- Жинал! Нартәуекел деші, Әйкіман!

Әйкіман бас шайқады. Күлкісін үзген жоқ бірақ.

Нақыпбек сүзек соққандай сүмірейіп шықты. Ауылдан аттарын аяңдатып ұзаған топта үн жоқ. Үздік-создық, қатарласпай тізіліп барады.

Көкжиекке ирелендеп ақтаңдақ белбеу білінді.

Суып қалған аттар жиі пысқырып, таңғы таза ауаға делдиген танауларынан будақ-будақ бу атады. Шашадан шық кешіп, көк шалғынға шұбырта із тастап, Бұлдырлының сайына тік тартты.

Жүргіншілер селқос. Кешегі өрекпіген кеуде жоқ. Болмаған жолды ойлай ма, әлде зарлы ананың өксігіне қайысып іштей толғана ширыға ма, әзір бір де бірі бас көтерер емес. Кері тақыс Нақыпбектің можып, оңай қайтқанын әлдебір есеппен түйіндегісі келгендері де ой ұшын таба алмай, қайың сойылды сұлата сүйретеді.

Тек қабақтары жайдарысы - Емберген мен Сәдірбек болатын. Жылаулы ауылдан бейбіт шыққандарын дәтке қуат санап, бір-біріне көз астынан қарап қойып, шүкірлік танытқан.

Таң аппақ боп атты.

Қаракемердің найза шоқысына нұр байланды. Аздан соң сол қызыл шұғыла төмен жылжып, ақтарылып кетті де, қырқадан көрінген күннің ашық сәулесінде канық бояуын азайтып алды.

Арттан тұяқ дүбірі естілді. Оқыс елеңдетіп естілді.

Жігіттер иіріліп тоқтады. Еріндерінде күбір жүгірді.

- Өзі, меніңше, жалғыз атты! Тұяқ тықыры сирек.
- Қатты келеді!
- Келсін! Мүмкін, домалатып ойнармыз.

Шынында, жеке құйғытқан жүргінші жалғыз салт атты екен. Саздауыттан өтіп, тақыр тастақты өрлеуітке тік салғанда, соңынан түбіттей есіліп, сыңараяқ соқпақтай шаң шұбатылды.

Нақыпбек сығырая қарап тұр еді, қамшысын шолтаң еткізді. Сонысынан әбестенгендей таңдайын қақты.

Әй, ой! Мынау келіншек нағыз саппастың өзі болар! Ұнатқаны ма, кінәлағаны ма - белгісіз.

Енді жігіттер де танып қалды.

Ойбай-ау, әлгі шалдың тоқалы ғой!

Аты кім еді? Әйкіман ба еді?

Ауылын жау шапты ма екен!?

Жігіттер күдік-болжауларын айтып тауысқанша Әйкіман құйғытып жетіп те келді.

- Орта толсын, жігіттер!
- Кемтіп өзіңмен толсын!
- Онда адаспай келген екем. Жатсынбасаңдар бопты. Қуып келді, өзі іздеп келді деп кеудемнен итермессіңдер.
- Не дейді? Қуып келгені несі?
- Ойпыр-ай, өзінің есі дұрыс па?

Әйкіман даурыққан жігіттердің сөзіне құлақ тоспай, қатты жүрістен қаны бетіне ойнап шыққан күнге қарсы қараған дөңгелек жүзін Нақыпбекке ғана бұрып, содан ғана жауап күтеді. Келіншектің малына қабат-қабат киініп алған түріне, бөктерген қоржынына, күлкі табын жылтыратқан күрек тістеріне кезек-кезек үңіліп өткен жігіт, Әйкіманның қалжың “нартәуекелге” шындап басқанын ұғынды. Сол-ақ екен дегбірі қашып, абдырап, өңі құбылып кетті.

- Жаным-ау, расың ба?! Анау шалың... байың не дейді? Іс насырға шаппай ма? Ойнасақ та біраз жерге шауыппыз дегендей... Естіген жұрт не айтпақ? - деп әр саққа алып қашқан ішкі аласапыранын жасыра алмады.

Әйкіман әлі де күлімсіреген күйін өзгертпестен, астыңғы ерінді жайымен, ілгері ытқытты. Ытқытты да жиырып алды.

- Қорықпа, айырылмай жабысып қалатын ошаған емеспін. Сенің бүйтіп бұлтарып кетеріңді сезбеп едім. Алданғаныма өкінем! Бірақ көп созбадың, жалтар-мағаныңа ырзамын. Шал деймісің? Иә, шалым да, байым да сол болған. Жетім қызды кім алмаушы еді. Әкеден өлі, байлықган тірі айырылған кешегі еркін,

ерке Әйкіманның бұлғақтайтын күні қайда? Күнкөріс үшін қауға сақалға құшағымды ашқам. Өзегім өшіп, жанарым бұлдырап аштан өлейін деп жатқанымда тауып алып, аузыма ақ құйған Асылбай екен. Сонысын сыйладым ба, көңілін қимадым ба аз күн тірлікті ерлі-байлы боп бірге өткіздік. Қайырымына өтеуім сол. Енді қалған өмірімде ыстық тәнімді суық мұзға қалай тосайын. Мерзімді шақ ұмырды ерте сөніп, ерте солып жылдам тауысқым жоқ. Талпындым да түлеп ұштым. Міне, мына таңда, алау таңда азаттық алған торғайдай көкке самғаған құштар көңілім бар! Жайым осы! Осы ғана! - деп ат басын бұрып қиғаш желдірте жөнелді.

Сәдірбек ә дегенде арттарынан келген келіншекті желіккен желкілдек санап еді. Енді сол сырттан пішкен келте тұжырымына өкініп тұр. Асылбай есімді қарабұжыр кісіні аяғанымен, Әйкіманның кей еркек бара алмас батылдықпен дүниесін төңкеріп тастардай бұлқынғанына іштей ниеттес төрізді. Нақыпбекті онша жақтырмаса да, жігіттің босаңсып калғанын ұнатпады. Қиюы келмей ашылмас нәзік әйел жүрегінің өтініш-назын түсінбесе, онда нығыз кеуденің тоңы тоғыз қабат торғауыттан да тұтқыр болғаны да.

Бұрылып күннің шар табағына шақшия қадалды.

Нақыпбек күйшінің неге өзгергенін тез барлады. Атын тебініп, Әйкіманның ізіне түсті.

- Тоқта! Тоқташы, Әйкіман!

Оңаша екеудің не сөйлескенін серіктері естіген жоқ. Әлден уақта қос атты қатар жорғалатып, тізелесе жөнелген кезде, бұлар да тақым қысысты.

Арттарынан құғыншы да жетпеді, іздеуші де шықпады.

Нақыпбек үш күннен кейін Әйкіманмен некелесіп қосылды. Оның алдында Тілеуқұл би үш-төрт кісілік тобымен Асылбай ауылына барып қайтқан. “Айыпкер десе, айыпты атанам, алдынан өтем. Қаласа, жанын қайтарам, әйтпесе қалыңын айдатам. Өзім қысас көріп отырып, өзгеге тіземді батырсам, жаулықты жан-дандырғаным болар. Ниетімді көрсін” деп інісінің ісіне қынжылып аттанған. Күрсініп оралды. Асылбай кесесу

де,сынасу да білдірмепті. Тіпті, озбырлыққа өкпе де тақпақты. Бір жасағаны: жақсылықты ұмытқан “шұбар жылан келіншекке” қыжылы мен кегін ұстанып қалыпты. "Бағы жанбасын! Жатқанынан тұрмасын!” дейтін зілін жолдапты.

Сол хабарды естісімен Нақыпбек бөгелген жоқ. Той қамына кірісті. Тілеуқұл шабынып келіп, Әйкіманды апарып таста деп қатулана ма деп қауіп тосып еді. Тізесін батырған бүгежек заманда бұрынғы екпіні қалмаған ағаның түнерген түсінен ондай адалдық сесі ескен жоқ. Соны екшегенде, Асылбайдың Әйкіманға деген бүлік қарғысынан бүрге шаққандай да қынжылмастан шұғыл әрекетке көшті. Ендігі әрекет - тойды дүбірлетіп өткізіп, күңкіл-күбірі көп шуылдақ жұрттың көмейіне құм құю.

Кең көгалға Нақыпбек оңаша алтын үзік тіктірді. Енді ешкімнен ықтиярлы құптау сұрамай, бар тізгінді өз қолына уыстады.

Бірақ тойдың сәні мен салтанаты оралмады. Бұрынғыдай қызық-сайран аңсаған бейбіт көңіл қалмаған ба, өз ауылының адамдары да онша желіге қойған жоқ. Үнсіз күйбеңдесіп, әзіл-қалжыңсыз қыбырлап, тиесілі міндетті ыждағатсыз атқарды.

Нақыпбек жігіттерін атқа қондырды.. Маңайдағы іргелес, шендес отырған көршіні шақырмақ болды.

Дүбірлетіп кетіп, көліктерін қыбырлатып оралған жігіттері бастарын шайқады.

Тек Кескекбай дейтін жігіті бір топ адамды сау еткізіп ертіп жетті. Кілең тоқ жарау атты, кіселерін мүшесінен буынған нығыз шоғырды көргенде, Нақыпбектің де өңі бұзылып сала берді. Ішінен “Апырмай, тойымның шырқын бұзбаса етті! Найсаптардың сұры жаман екен!” дейтін секем аулады. Сонысын сездірмей, өзі бастап қонақтардың шылбырын ұстады. Қолтықтап түсірді.

- Жақсы келдіңіздер. Тойымыз бар еді.
- Онда бастай бер!

Нақыпбек әлгілерді алтын үзік отауға кіргізді де, енді ас қамымен тысқа беттеді. Есік алдында сыртта тұрған еңгезердей жігіт жағасынан бүре тоқтатты.

- Әй, сұлтан шөлдеп келді. Қымызды тездет!

- Ойбай-ау, сұлтан деймісің?!

- Түу, бәтшағар! Барақ сұлтанды түстеп танымайтын кім едің?! Бәкеңді танымағаның үшін мойныңды бұрап жұлып алайын ба осы! - деп төбесінен төнді.

- Е-е, Барақ сұлтанды білеміз ғой. Білгенде қандай! Әдейі шақыртсақ келмейтін жан екен. Қандай абырой болды! Онда мен төбеммен қимылдаймын. Қазір, қазір... - деп, Нақыпбек жорғалай жөнелді. Мойнына батқан қолдың орнын сипалап барады.

Түс қайта ауыл адамы көгалға жиналды. Кілем үстінде малдасын құрып отырған Барақ сұлтан былайғы жұртқа менсінбей мұрын шүйіре қарайды. Қасындағы еңгезердей қараға сұқ саусағын шошайтып бір кезде белгі берді. Анау екі иілді.

- Не айтасыз, тақсыр?

- Тазыларға қан берілді ме, Қатыран?

- Иә, тақсыр! Осында біреулер тойға сойған малдың ұйыңқырап қалған ірімтігін әкеле жатыр екен. Табағымен басына бір қойып...

- Қысқарта...

- Қара тоқтысын қосақтан босатып алып, өзім бауыздап, жылы қанды жұтқыздым, тақсыр! Құмайкөк тазыңызды бүгін жүгіртпессіз. Шаршаған ба, көзінде енжарлық бар. Сонсоң біраз қызылдаттым.

Барақ қолын сілтеді. Қатыран сұлтанның ту сыртында қайтадан қыбырсыз қалды.

Осы сәтті аңдып отырған молда жіңішке даусы шіңкілдеп құранды заулата жөнелді. Содан кейін қолындағы су құйған кесені жүгініп отырған Нақыпбекке ұстатты. Нақыпбек судан бір ұрттап, Әйкіманға берді.

Неке қиылды. Келіншек әйелдердің ортасына кетті.

Сұлтан ыңыранды. Нақыпбек Сәдірбекке көзінің өтініш қиығын түсірді. Күйші болса, бабы жоқ па, домбырасын өңгеріп қыбырсыз отыр.

- Тарт! Тартсаңшы үздіктірмей!

- Ойбай, сұлтанның қырына ұшырамайық! Сәдірбек шырақ, бізге бір пәле кездеспесін десең аянба! Түксиген қабағы жаман екен, ширықтырып алмайық.

Сәдібек ауылдастарының көңілін қимады. Әйтпесе, дәл бұл сәтте домбыра тартпақ түгіл, кеудесін тіктеп отыруға да құлқы жоқ еді.

Той дәстүрінде ойнақы әуені басым, жеңіл ырғағы мол шуылдақ күйлер кезек бермейтін. Сәдірбек те сол рәсімді ескеріп еді, саусақтар құрметіле берді. Пернені аттамалап қайырып басатын сергектігі тұсалып қалғандай. Соған запыланды ма, саусақтарды қыл мойынға қадалып, бір бебеу зарды булықгыра ышқынтып созды.

Жұрт қыбыр етпей ұйып қалды. Шу тыйылды.

Домбыра сыр шертіп, сайрап кетті. Азынай ақтарылған дүбірлі дыбыс кең далаға жайылды. Зар атты, мұң шақты. Ызалы күйініш төкті. Мынау “жылау күндер, бұлау күндер” елесін өксікті дірілмен көз алдарына шұбалтып, шұбыртып әкелді. Қамқорлықтан айырылған босқын елдің тоз-тоз халін көлденең тартты. “Ел таразысын дұрыс ұстар біліктім қайда? Жіңішкелеп еніп, жіліктеп бұзып бара жатқан қиянатты көрер көзін шел қаптағаны ма?” дейтін ашынумен бүлінді. “Қателікті тез танымаса, опық жейтін шақ тумай ма? Қинаған қаупім осы!” деген толғанысымен толқынды.

Барақ сұлтан күйшіге сығалай оқталып қалыпты. Әлі ешбір қыбыр-қимыл сездірген жоқ.

Сәдірбек қыза-қыза құйрығымен жылжып ортаға шығып кетті. Мың тараудың құйылып, бір арнаға иірілген толқындай шабытты сарынды одан сайын үдетті... Ендігі айтар кінәні иесін тапқандай батыл ширықтыра бастады. Екі ішек күмбірді қойып, тіл безеген шешен безілге ауысты. Оның нысанасы айқын. Оның түйрер кеудесі белгілі. Ондайда он саусақ қыдырған тоғыз перне - құдірет қана ғой. Барақ тіксінді. Қатты айқайлап қалды.

- Тоқта!

Күйші еңсесін көтерді. Күй қожырады.

- Әттең-ай, он саусағынды кесіп алып... Мықты күйші екенсің. Сынама толдың, - деп сұлтан өткір көздерін аударmай, болар-болмас бас изеді.

Сәдірбек үн-түнсіз орнына барып отырды.

Жұрт сұлтан ыңғайын пайымдай алмады.

Барақ қолын көтерді.

- Халайық, той күрессіз болған ба? Тамаша үшін жиналдық. Палуандарынды шығарыңдар.

Тілеуқұл да қамшы тастады.

- Дат, тақсыр!

Барақ бұл бидің қадірлі ат-атағын бұрыннан білетін. Әйтпесе, кесірлі кеуденің бір лаңын ендігі құйындатып үлгерер еді. Сақтық жасап, өзін-өзі жіпсіз тұсап отырған. Шолақ қамшының шошаң еткенін көргеңде, күле сөйледі.

- Уай, Тілеуқұл би! Ауыл өзіңдікі. Мен құдайы қонақпын. Билігіңе таласарым жөн бе? Мақұлдап бас изегеннен басқа килігуім болмас. Айта бер.

Тілеуқұл ақ сақалды бір уыстап иек қақты да салмақты үнмен шешіліп кетті.

- Барақ сұлтан! Ауылыма құдай айдап келгенің рас. Аттаңдасам айқайым жетпес биігің бар. Жоғарыдан аңғарғыш атақты азаматымның шоқтықтысы едің. Көріп те, сезіп те жүрген шығарсың. Тамашаны қызықтамақ көңіліңді ылайлап қайтейін. Шын қамқор боп табылсаң, жан-жақта қылғынып жылаған қалың жұртыңның қайғысы мен қасіретін біреудің ескерту, нұсқауынсыз-ақ тексерерсің. Көңіл жықпас әдетпен алдыңа жүгініп жатқаным ғой. Әйтпесе, сауық құрып бүгінде біздің не теңіміз. Бірақ қазаққа да азаттық жетіп, еркіндік тиер сәт туарын ойлағанда кәдімгідей қоң жиямыз. Ол ниет түзулігінен де. Халқыңның қызығын тамашалағың келсе, тыныштығын да тапқызардай ауыр түйіндерді жадыңа түйе кет. Тұрсын құрдасымнан туған сен ұлымдай болған соң, Жәдіктің ұрпағы деп қолқа сап отырмын. - Би ыңыранып қалып, иегін шошайтып биіктеу тұстағы сұлтанға назарын туралады. Барақтың бетінен еш белгі сезілген жоқ, ісіңкі қабақтардың арасы дүңкие қосылып, көз шарасын шұңқырайтып жіберіпті. - Ал енді, сұлтан, сенің сөзіңді тастар біз емес. Еліңнің камымен бел шешпей түн қатып, жолаушылап атсоқты болған жайынды танып отырмын. Аздаған тыныс алар сәтіңде ойын-сауығымызды аяп қалмаспыз. Күрес десең - балуан шығарамыз. Анау жоңғарға қарсы жорыққа қашан бастар деп өздеріңнен хабар күтіп екі

иығын жұлып жеп, намысынан өртеніп жүрген жігерлі жігіттер жеткілікті. Айтқаның болсын!

Тілеуқұл Разақты ымдап қасына шақырып алды да, әлденені сыбырлап айтып, арқасынан қағып қойды.

Разақ үстіндегі бешпетін, жейдесін сыпырып тастап, беліне орамал байлап ортаға барып тұрды. Сұлтанға әнтек бас иді. Былайғы жұртқа қарап қолын төсіне басты. Содан оң аяғын бүгіп, бір тізерледі.

- Ойбай-ау, Разаққа қарсы кім шығушы еді!
- Бәйгесін шаппай бер деп отыруын, сабаздың!

Барақ сұлтанның ерніне мысқыл күлкі оралды. Анау орташа ғана денелі Тілеуқұл палуанын мына дуылдаса қошеметтеген көптің алдында масқаралап, абыройдан жұрдай еткісі келді. Енді ойы осы ниетке ойысқанда, қыбы қанғандай, шыңырау көздерде жымысқы от жылтырады.

Оң қолын басынан асыра көтеріп, саусақтарын сырт еткізді. Сол қимылмен бірге ту сыртында тұрған Қатыран еңкейіп келіп, құлағын тосты.

- Шық! Өзің түс, Қатыран! Қабырғасын күйретіп, жамбасын опырып жібер! Аянба! - деп, тез-тез сыбырлаған сұлтан, тағы да тік шаншылып, қыбырсыз қалды.

Қатыран екі айтқызбады. Қамшы үйіріп, қақап тұратын омырау әдетімен бұ да сыбырлап, құптау білдірді.

- Қам жемеңіз, тақсыр! Ортан жілігін сарт сындырып, төңкеріп тастамасам, Қатыран атым өшсін!

Ортаға ойқастап шықты. Жауырындары қимылдап, бұлшық еттері бұлтыңдап, талтаңдай аттайды.

Жұрт тағы даурығысып кетті.

- Апырмайдың пошымы-ай!
- Тұла бойы буылтық-буылтық сіңір ме, күш пе?
- Күш атасын танымас. Біздің Разақ шымыр!
- Босқа шуылдамай аруаққа сыйыныңдар онан да.

Ашық алаңдағы екі жігіт бірін-бірі айналып жүр. Алғаш Қатыран иықтан бүре беріп тартып қалып еді, уысына еркін түспеді ме, өзі екпінімен жығылып барып түзелді. Енді екі көзіне қан толып, қалшылдаған дененің ысылды ашуымен бар қаһарын сыбырлай жеткізді.

- Саспа, жаман қарашы! Жоқтауыңды бір-ақ айтқызармын!

- Өмәй, шіркін! Мен қарашы болғанда, сұлтаным, төрем сен бе едің? Ендеше, аянбай сілкісейін! - деп Разақ қарсысындағы жыртқыш жанар жігітке жиіркене қарап тұрып, ашына тап берді. Енді екеуі де әдіс-айла қарастырған жоқ. Қара күшке басып, аяқ-қолдары сарт-сұрт айқасты. Екеуі де аянар емес. Дәл қазіргі белдесуді жайшылықтағы күресу деп білмей, қара мен төре арасындағы бітіспес айқастың жоралғысы деп қабылдады. Қатыранның қауқары артықтау еді. Қусырып қысып, білектерін Разақтың ту сыртынан орай айқастырып алғанда, кеудесін тарылтып, демалысты қиындатып жіберді. Сәл-сәлден соң қабырғаларын күйретердей сығымдап әкетіп барады..

Разақтың көзі бұлдырады. Енді кешіксе, оңбайтынын сезді. Сәл босаңсыған түр танытып, екпінін азайтты. Соған сенді ме, әлде айла қолданғысы келді ме, Қатыран айқасқан білектерін ажыратып алды. Разаққа керегі сол еді. Лезде бар қайратын шақырып, ішке кіре берді де еңгезердей алып денені шопақ құрлы көрмей көтеріп кетті. Қатыранның аяғы жерге тимей серейді де қалды. Сол-ақ екен Разақ айбыны асып, иығындағы жігітті арқалап, айналдырып барып, сылқ еткізіп атып тұрды. Атып ұрды да, басынан жайбарақат аттап өтті.

Түлекбай, Бұғыбай тәрізді жас жігіттер қызынып тұр екен, жүгіріп келіп Разақты екі жақтан көтеріп әкетті.

- Мұңсыз бол, Разақ!

- Құдай әманда абыройынды дәл осылай асыра берсін!

- Рақмет, балам!

Тілеуқұл би бас изеді де, сұлтанға бұрылды. Бұрылды да, теткіп қалды. Сұлтанның өңі өрт сөндіргендей екен. Қысып ұстап алған қамшының тобылғы сабын сындырып жіберердей шеңгелін сығымдай түседі.

Тілеуқұл үрке түсіп, топ жігіттің ортасында тұрған Разаққа дірілді үн қатты.

- Әй, қонақ сыйламас қылық көрсеткенің қалай? Қап! Жығылмай, жеңілмей жүр ме едің? Не қылғаның, Разақ?

Разақ қанын ішіне тартып ала қойды. Биге жалт еткен өткір жанарды түйреп өтіп, әлдебір сырды түйгендей, дереу тоқырап, аша берген аузын тарс жұмды.

- Жә, би! Тұқыртпа жігітті! Белдескен соң бет-жүзге қарап тұра ма. Басым екен, асып өтсін. Оған қайраты жетіп жатыр, - деп Барақ сұлтан түйілген қабағын одан сайын қалыңдатып, енді Тілеуқұлға тіке шаншылды. - Күшіне сүйіндім. Нағыз мықтының өзі екен. Жалғыз-ақ, абыройымды аттап кеткен бір қылығын қанша кешейін десем де, жалпы етек болуға арқар ұранды намысым жібермейді. Ағайын, тойыңның шырқын бұзар жайым жоқ. Бірақ түбін ойласам, қанымды қайнатар әбестігің еріксіз шабымнан түрткендей. Ел аузына кім қақпақ қойған. “Барақ сұлтан атадан балаға үзілмей келе жатқан үрдістен жаңылып, сүйекке таңба басқызып алды!” дейтін болса, онда соңыма ерген елдің алдында қадірім қалар ма? Би, сенің жігітің анау менің төленгітімнің басынан аттаған жоқ, менің төбемнен қарғып кетті. Осы сұмдығын естіген жұрт, үнсіз қалсам, мені де тергемей ме? Сүйінгенімді айтып иландырып көрші соларды. Бірақ сол қолыңнан келмейді. Ендеше мына ширыққан ішімнің дауасын өзің тап! Билігіңді күтем!- деп, ажырайып ұзақ қадалды. Сол түрі - аямас түрі екені анық білініп тұр.

Әлгінде ғана палуандары жеңіп, мерейі үстем боп шыққан жұрт дәл бұлай аяқ астынан бүлік туар деп ойламап еді, қатты қынжылды. Жүздері томсарып, иіндері түсіп, ештеңемен ісі жоқ ойын балаларына зеки ұрсып тастап, бүрісіп барады. Бар салмақты көтерсе, Тілеуқұл ақсақал көтерер дейтін дәмемен демдерін де қысталана шығарып, биге жапақ-жапақ етісті.

Сұлтан ыңғайынан Тілеуқұл бастапқыда шошып еді, енді ес жиғандай түзеліп отырды. “Жуанның жұмарлап үйренген тағы бір қыры ғой. Ұстасқанда не табам. Қайта ілікке сылтау ұстатып, соңыма сұғын қадалтам ғой онда. Мынау жүрісі тегін емес еді.

Бұғалық әкететін долылыққа жібермейін. Қисынын келтірсем, жалпылдап және жығылмаспын" деген байламға бекінді.

- Ел сенікі, сұлтан. Халық кейде бала мінездес. Кейде дана мінездес. Бүгін балалығын білдіріп алды. Кешірімді болатын иесі өзіңсің. Сөгіп айтып, ұрсып жеткіздің. Сөз сүйектен өтеді. Тентегіңді осылай тыйып алғаның неге тұрады. Сүйей салды келем емес, түсінген зердем осы. Айып бізден. Разақ! И басты, бүк тізеңді! Кісенді мойныңа сал! Әбестігіңді солай ақта! Сұлтан, арқар ұранды тегін атамадың. Оныңды да ұғындым. Тоғыз торыны жетегіңе ал! Менің билігім осы!

Тілеуқұл әлі де қыбырсыз тұрған Разаққа мұңды жүздің өтілімен иек қақты. Разақ күрсінді де, келісті.

Барақ сұлтан етегін қағып орнынан тұрды. Сол бетте аттарын алдыртып, бір тоғыз айыбын жігіттеріне қосарлата жетектетіп, жүріп кетті.

Сәдірбек күйшіні ерте кетті.

- Күйші, домбыраң сайрап, кеудең күмбірлеп тұр екен. Қасымда бір-екі-үш күн бол! - деп сұлтан иектегіш сұрын көлденең тосқан.

Сәдірбек қинала көнген. Шеттеу ілесіп келеді.

Нөкерінде үн жоқ. Алда құрық бойы оқшау бара жатқан тобылғы күрең айғырдың майда бүлкегіне аттарының желісін сәйкестендіріп, сұлтанның кдпталына бір де біреуі жанаспайды. Барақтың зілмен түйілген сыңайын баға ма, көптен қасында жүріп сырын әбден алған ба, төлеңгіттерінің жүздерінде күйзеліс табы анық тұнып қалыпты.

Ауылдан шыға бергенде, бұрынғы реті болса керек, Қатыран сұр бедеуін сумаңдатып, сұлтанның күреңінің құйрығына тұмсық жанастыра ілгері суырылып еді. Барақ қайырыла беріп, бедеуді бастан тартып өтті. Қайта бұрылған жоқ. Сол қимыл жеткілікті. Қатыран сондайлық мүшкілденіп, тізгінін қымтып, басқа төлеңгіттерді алға өткізіп, өзі Сәдірбекпен ғана үзеңгі қағысты.

Күйшінің көңілін реніште өкініш басқан. "Қайда келем? Неге ілестірді? Күзеген тайдың құйрығындай келте ойлы, тым шолақ қайыратын сұлтанның ойыншығына айналғаным ба? Жаңағы талағы тарс

айырылған қылығы неткен сөлекет! Ел қамқоры осылар ма? Ата даңқын бұлдаса, күйкентайшылап жем аңдымай, қалың елді қасиетті мекеніне оралтудың жағдайын неге қарастырмайды? Ертоқымын бауырына алып тулағаны - пайдасын көздегені екен ғой. Жығылған - төлеңгіті. Жыққан - басқа. “Күш атасын танымас” деген. Жықты ал. Қатыранның басынан аттап кетті. Онда не тұр? Әлде сылтауы ма екен?”

Екі сүт пісірім уақыт өткенде Барақ күреңінің басын ірікті. Жігіттері иіріліп тоқтады. Сұлтан Қатыранға шаншылды.

- Түс аттан!

Қатыран дем арасында үрей буып қыбырлап қалды. Аяғы үзеңгіден шықпай, жерге домалап түсті.

- Тұр! Бері қара!

Сұлтанның даусы саңқ-саңқ естіледі. Жүзі бұрын да қызыл еді, ашумен тығылғанда өрекпіген жүрек қаны басқа шауып, жирен сақал көмкерген толық бетті одан сайын күреңітіп қойыпты. Өзгермеген кішірек көздері ғана. Ызғарлы сесі кірпік ұшынан атылғандай.

- Бетіме салық болдың! Жітікке саяқ өңшең жұрымдардың алдында қасиетімнен жұрдай еттің! Ат-атағымды аяқ асты қылып, намысымды жер қаптырдың! Қайта оралар қайырымым жоқ енді! Ұстасқан соң ұрып соғуың керек еді. Қатындай қиралаң етіп құлап түскенің неткенің, ә! Тұрғызып қойып бауыздатайын ба осы?!

- Тақсыр-ай, жазығым жоқ еді! Аңдаусызда алдап соқты ғой! Енді болмағанда омыраулап қуып барып, тірсегінен бір-ақ басып жығатын едім, - деп, Қатыран қиялап бұлқынды.

- Жә! Қысқарт! Ақталмақшы болғанша, айыбыңды мойындамаймысың. Мынау қылығыңның орайы - өлім! Басқа ешқандай ыңғайы жоқ. Сорақылықтың сыбағасы сол! - деп қамшысын өңменге кезеп шұқшиған сұлтан нөкерлеріне иек қақты. Сол-ақ екен, аттарынан секіріп түскен жігіттер әй-түйге қарамай Қатыранға тап-тап берді. Көптен тісін басып, талай дүресін жон арқаларына таңбалатып алған төлеңгіттер кек қайырар сәттің туғанына қыбы қанып, тобылғы сапты қамшыны ырс-ырс сілтеп, сарт-сүрт соғады.

Барақ ер үстінде бір жамбастай қисайды. Сығырайып күйшіге қиыстады.

- Сен неге түспейсің?

- Қарусыз жанға қол көтеріп көрмеп едім, - деп Сәдірбек кірпік қақпастан зәрлі қарасты қаймықпай тосып алды.

- Солай де. Құптамайсың ғой?

- Құптамаймын! Барын аянған жоқ, шамасынан асып кеткен соң не істесін? Ер жігіт жығылам деп күреспейді. Жеңілем деп тіреспейді.

- Кімді үйретпексің? Шамасы келмейтін болса, жағаға жармаспауын неге ұмытады. Мені қинайтыны сол қысасы... Ия қиянпұрыс қысасы екенін сезбеймісің әлде? Қатыранның о баста соны екшеуі қажет еді. Кінәсы сол! - деп сұлтан екіленгенімен, енді күйшіге сынай көз тоқтатып қалып, жүзін тайдырып әкетті. Қолын сермеп, дүрені тоқтатты. Қатыран қан жуған бетінің екі ұшын тілімен жалап алып, сұлтанның алдына тізесін бүгіп, жалп етті.

- Алдияр! Айыптымын! Екі дүниеде құлдығыңызда өтейін. Қайраулы балтаңыз едім ғой. Қылпылдаған қанжарыңыз едім ғой. Кінәмді кешіріп, құлаштап жұмсаңыз, мені.

- Балтамын деймісің? Онда сол балтаның өз иесін шапқаны қалай? Жоқ! Ондай балтаның сабын сындыратын, ондай қанжардың жүзін майыратын. Саған кеңдік жоқ! Кешірім және болмайды. Таңындар аяқ-қолын!

Қатыран еңіреп қоя берді. Қожасының бір қисайса түзелмесін білетін тәрізді. Еңбектеп күреңнің бауырына еніп барады.

- Тақсыр-ай! Алладан күтпеген жақсылықты өзіңізден ғана күттім. Шыбындай жанымды аяңыз! Өлтіртпеңіз!

Барақ үндеген жоқ. Күреңін жалт бұрып, жалғыз теректің қасына барып тоқтады.

Жігіттер Қатыранды домалантып таңып тастады.

Сұлтан қолын бұлғады.

Ағаштың қасына сүйретіп әкелгенде Қатыранның қорыққаны сондай, аузынан ақ көбік шұбырды.

- Шылбыр таста! Жоғарғы бұтақтан шалып ал!

Сәдірбек сұлтанға жалт етіп төнді, бірақ тіл қатпады.

Тұзақталған ілмекті бір төлеңгіт тік көтерген Қатыранның мойнына сала беріп еді, сұлтан шолақ қайырды.

- Аяғынан ас! Оның масқарасына менің жазам сол!

Көп бөгелмей аттылар ұзап кетті. Көз ұшында бірде жылап, бірде жалынып басымен төмен салбыраған Қатыран қалып барады...

***

Нақыпбектің тойынан береке қашты. Өңшең ынтымақ тілеген жүздер қанша тырбанғанымен, ендігі қызықтың қиюы келіспеді. Әсіресе, әйелдер жағы еріндерін сыпылдатып, саусақтарын беттерін тілердей жүгіртіп, жаңа келін, жас келін естісін дейтіндей тұс-тұстан күңкілді көбейтті.

- “Келіннің аяғынан”...дейтін сол! Түспей жатып лаң әкелді!

- Қарғыс оңдырсын ба?!

- Иә-иә, Гүлбәнудің шешесі, дұрыс айтасыз. Тірі күйеуді менсінбей, тал түсте тайып берген қаншықтың ісін құдай жақауратушы ме еді. Білдіргені де белгісін! Назасын!

- Қой! Байғұсқа жаманат ойламандар.

- Ойбүй бетім! Сіз де сондай ма едіңіз? Сыйластықты ұмытқан қарға қандай тілек тілеуші едім! Өзіміз отағасымыздың жүзіне тура қарадық па ол тұрмақ. Жар төсегін арзанға балаған осындай жезөкшелердің кесірінен заман бүлініп бара жатқанын неге білмейсіз, - деп Ұмсындық шешейге қасындағы сүйрік ерін мосқал әйел ашына сөйледі.

- Қойсаңшы, жарқыным! Зарлап өтсін дегенің бе бишараны. Көңілі хош көрмесе, ондай адаммен қалай бірге тұрсын? Енді бұл келіннің сол әлсіз бұлқынысын теріске балағанымыз ба? Сақалы күйектей салбыраған шалға жақсы болса өзің неге тимедің? Баяғыда Разақтың басын айналдырып алмап па едің. Сен тәуір қатын болсаң, азамат еріңнің алтын басын шаң-шұң

ұрыспен күнінде он рет қатырып отырмас едің-ау! Не дейін саған, - деп Ұмсындық қатты жабығып күрсінді де, жүріп кетті.

- Көрі қақпас! Адырам қал! - деп бар өшін сыбырлай айтып бір-ақ қайтарған әйел үйіне жөнелді.

Тілеуқұл бидің айналасында ауыл адамдары отыр еді. Сөз бастар біреуі шықпай бастарын тұқыртып, иін көтермейді. Бәрінің де ой толқытқан ащы толғанысы бар. Соны шайқап кеткен Барақ сұлтанның адуын екпіні әлі де сезілердей.

Тілеуқұл қамшының сабын қос қолдап ұстап, жерге тіреп алыпты. Иегін жұдырығына төсеп иіліп отырған. Бір кезде кеудесін тік шанышты.

- Жандарым-ау, не білдіңдер?

- Не білейік, долының ызғары шарпығанын байқадық.

- Кінәсіз де күнәлі тағы да біз болдық.

- Бәрінен де анау күйші жайы қинайды. Неге әкетті? Неге ілестірді? Сорына ма, бағына ма?

- Бәрі жемтігіне оралмай тұрмайды. Барақтың бүгінгі ширығысы, Тілеке, қайта келіп, ұйтқыта соғам дегені тәрізді.

Осындай күдік-жорамалды ақтарған көршілерге дұрыс-бұрыс деп не құптау, не келіспеу белгісін көрсетпей біраз сөйлетіп алды. Қыбырсыз тыңдады. Саябырлап тоқтаған жиын енді ақсақалдың аузын бақты.

- Көбіңнің айтқандарың көкейге қонады. Бірақ соның алдын алуға амал бар ма? Бас сауғалап қайда тығылармыз? Наразылық өрбіген кезең ғой. Батыр сұлтанның үркітпесінен зорығып жүргенімізде, енді кеп Барақтың оқты көзіне дұшар болдық па? Қайтып күнелтерміз? Әлде тік көтеріліп, ойраты мен орысы шиырлаған Арқаға аусақ па екен? Не шара қалды? - деп би сенделген іштің қауқарсыз дәрменімен былайғыларға салмақ тастады.

- Ойбай-ау, сонда туған жерді өзіміз тастаймыз ба?

- Шұбырынды жұрттың хал-жайы белгілі. Соған тап болсақ, орыс пен ойрат емес, өзіміздің қазағымыз-ақ тіпті аямайды ғой.

- Бұл жерде де жетістіріп отырғанын көрмедім.
- Қайда барсаң - Қорқыттың көрі!
- Береке-бірліктің шынымен-ақ құрығаны ма!
- Әлгі Қатыбек бимен Бөгенбай батыр ел-елге сауын айтып, жасақ жинап жүр деп еді. Тез жетсе екен. Бүйтім күпіне мың өлгенше, нағыз жауыммен айқасып, кек қуып бір-ақ өлейін!
- Ағайын болудан кеткен халықпыз ғой. Иек артпадан қарсы кездескен жалғыз-жарымды домалатып түтіп жеуден өзіміз де тыйылдық па! - деп Бұғыбай Нақыпбекке шүйілді. Бұғыбай еңгезердей денелі, кесек қыр мұрынды, қара қияқ мұрты енді-енді тебіндеген өткір жігіт. Жұрт келесіне алғаш түссе де, албырт жастықтың адал қызуымен жиіркенген көңілдің уытын тентек мінез Нақыпбекке әдейі түйреді. Нақыпбек дес берер ме. Аңдыздап қалған әдетімен Бұғыбайға дүрсе қоя берді.
- Қыртпа! Бұға берсең, сұға беретіндер көбейеді. Көз алартқанға тырнақ арбитсаң, бүгежектеп қалады. Соны неге ұқпайсың сен, маубас.
- Бәрібір, күш көрсетіп ынтымақ таба алмаймыз.

Тілеуқұл Бұғыбайды сүйсінген жанардың құйрығымен сипап өтті, еміреніп ықылас білдірді.

- Бұғыбай балам! Ниетің түзу екен. Алған бетіңнен адаспа. Ынтымақты шын іздесең, әлсізге құрығың құдимасын. Момынға зәрің өтпесін.

Жә, жамағат! Таусыла-таусыла жұқардық. Көшерміз, көшпеспіз Алланың бір жазғаны болар. Мені қинаған нәрсе - күйшінің халі. Жалғыз жібергеніміз жарамады. Сағалап келіп, арамызға сіңіп еді. Бауыр басып кетіп едік. Енді қысылған шағында бөлектеткеніміз орынды ма?

- Әрине, орынсыз.
- Сәдірбек туған інімдей болды ғой.
- Көңілді күйімен жебеген де сол Сәдірбек!
- Қап! Бекер жіберген екенбіз.
- Сен жібермеймін дегенмен, сұлтан көнер ме еді.
- Жоға-ау, бекер деп... ыңғай білдірмегенімізді айтам.

Тілеуқұлдың даусы қатаң шығып кетті.

- Шуылдамаңдар! Сендерге сөзімді сынатқалы

отырғам жоқ. Мәнісін аңғарттым. Шын қолдасаңдар, онда кешікпе. Бірің осы қазір атқа мін. Анау ізді бетке ұстап, көз жазып қалмай тұрғанда күйшіге қосыл. Бар хабарды біліп отыралық.

Сол-ақ екен Емберген орнынан атып тұрды. Қолын төсіне басып, бір тізерлеп ізет білдірді.

- Рұқсат етіңіз, би аға! Маған сенім артыңыз. Сәдірбектен жаным ардақты емес. Не көрсек, бір көрейін. Шешем... апам өзіңізге аманат.

Тілеуқұл бас изеді. Қасына шақырды. Еңкейген жігіттің мандайына ернін тигізді.

- Бар. Ендеше, аялдама, Емберген! Шешең үшін қам жеме. Ол - мойнымдағы парызым. Тез, аттан!

Емберген құйықтыра жөнелді. Қалың тұяқтың сайраған ізі ат жүрісін бөгемей, еркін зымғатып келеді.

“Апам түсінер. Тойға кетіп бара жатқам жоқ. Тобырымның тілегімей аттандым. Игілікке талпынған сапарым осы еді. Құдай жар болсын!”

Арындаған аты бір кезде алдынан қалың шоғыр тоғайды бұлдыратты. Таяна бергенде оқшау теректің бұтағына салбырай ілінген әлденені шалып қалды.

“Бұ не? Бұтаққа иіп әкеп, тұзақ құрып қоятын аңшылар болады деуші еді. Анау соған түскен не қоян, не киік емес пе? Бірақ қарасы қомақты ғой”.

Атқа қамшы көмді. “Не де болса бара көрейін”.

Дүбірлеген тұяқ дүсірін естігенде Қатыранның айқайлай-айқайлай қарлыққан даусы қырылдап кетті.

- Аға-а-а-тай-й!.. Құт-қа-а-ар!..

Емберген атынан секіріп түсті. Тез адымдап Қатыранға жақындады.

- Кім еді?! Мынаусы қандай сұмдық еді...

Қатыранның жауап қатуға мұршасы келмеді. Төмен құйылған қан онсыз да жалпақ бетті ісінтіп, тамырлары білеуленіп, көздері томпайып, кірпікті әлсіз қыбырлатады.

Емберген жігітті қаусыра құшақтап тұрып, кездігімен шылбырды қиып жіберді. Көтеріп апарып көлеңкеге жатқызды да, аяқ-қолын шешті.

Қатыран сүт пісірім уақта есін жиды, басын көтерді.

- Не болды? Сені асып кеткен кім?

- Сұлтан да! Басқаға дес берем бе! - Қатыран арқан

қиған білектерін уқалап отыр. Емберген атына қиыстай қарады. - Өзің қайда бет алдың?

- Сол сұлтаныңды іздеп келем. Артыма мінгес.

- Енді менің одан жолым мүлде бөлек. Ішке қатқан қан жібімейді. Сұлтанның да азар болса екі аяқты пенде шығар ет пен сүйектен жаралған. Менен ол қорықсын!

Емберген Қатыранға жалт карады. Ішінен: “Нағыз адам мынау екен! Түйілуін сабаздың! Тірі жүрсе, кегін құдайына да өткізбес! Маған серік болса ғой!” деп дәмеленіп отыр.

- Бірге жүрейік. Екеудің көлеңкесі де қою.

- Жоқ! Менімен бірге болам деп таңынды босқа айырарсың. Сыбағам өзгеше. Көтере алмайсың.

Емберген үндеген жоқ.

- Аяғым ұйып қалған ба... бастырмайды. - Қатыран орнынан тұрды. Сылтып екі-үш аттады. - Тұла бойым көтертпейді. Ту сыртым күйіп әкетіп барады.

Емберген атып тұрып қасына жақындады.

- Арқаңды түрші. Жейдеңді аш! Ойбай-ау, үлбіреп тұр ғой! Ұрып па еді?

- Жә, дүре соғылған арқаны көрмеп пе едің. Сен, атың кім еді? Емберген деймісің? Емберген шырақ, ана тұста бұлақ бар. Жете алатын емеспін. Жанторсығыңды алып, су әкеп берші.

Емберген қайталатқан жоқ. Қанжығадан жанторсықты шешіп алып, сайға қарай дедектей жөнелді.

Қатыран мырс күлді. Сап-сау адамдай басып барды да, шабдар аттың үзеңгісіне аяғын салды. Дік етіп ерге қонып, тізгін қақты.

Дүсірлете жөнелген Катыранды көргенде, Емберген есі шығып, айғайға басты.

- Ау, жігіт! Ау, тоқта!

- Сау бол, шырақ! Менің жолым бөлек деп айтпап па едім. Сұлтанға сәлем айт. Қатыран қанына қарайды де. Қатері менен!

- Қатыран, ағатай! Атымды қайтар!

- Әй, шырақ! Жаның олжа! Әйтпесе... - төлеңгіт бұлкектете жөнелді. Ышқына жүгірген Емберген әлденеге сүрініп ұшып түсті. Азуды кіжіне егеп жатыр.

Сұлтан ауылына келген Сәдірбек әзірше ешкімнің көзіне түскен жоқ. Көп төлеңгіттерге тіккен қараша үйлердің біріне орналастырып еді, ас-суы солармен ортақ.Жігіттер де көбінесе ауылда түнемейді. Олардың қайда кетіп, қашан оралатындары да белгісіз. Бір байқағаны: мұндағы жұрттың бір-біріне қатынасы жұмсау-ескерту, бұйыру арқылы ғана іліктеседі екен. Жүз жылыту, қабаққа қарау, көңіл білдіру аз. Сірә, бірін-бірі қарақтап қалған қос үрей елдің көрінгеннен сезіктеніп тұратын әдетін әбден ұстанған ба,шүйіркелесе кететін мұндас, сырлас жан әзірше табылған жоқ.

Сәдірбектің ішқұсасы көбейді. Домбырасын да ұмытты. Кей күндері қоңыр үйден төбе көрсетіп аттап та шықпайды. Тек асшы әйелдің ілтипаты түзу. Қолы қалт еткенде сорпасын, көжесін әкеліп, аш өзекке алданыш жасатқызатын. Кірген-шыққанда қабақ астынан ғана елеусіз мейір төгетін. Онысы өзіне жарасады. Кішкене үшкірлеу мұрынның ылғи тершіп тұратын ұшын сәл көтере, бүгін оқыс сөйлеп кетті.

- Бекер келдің-ау! Сені жоңғарға жөнелтпек.

- Неге? Онда нем қалыпты? - деп елең еткен жігіт алдына ала берген ыдыстан басын тез көтерді.

- Естігенімді айтам. Осында хонтайшының елшілері келеді дейді. Хан ие (Барақты бұл ауыл солай атайды) хонтайшымен жалғаспақшы көрінеді. Онысының түп мәнін мен қайдан білейін. Әйтеуір жұрттың бәрі қарбалас. Ақ үйлі аманат береді дей ме, хан иенің ортаншы ұлы Түркістанға жүрмек. Соның серігінің бірі боласың.

- Қашан келеді?

- Кім?

- Елшілер. Хонтайшы елшілері!

- Білмеймін. Бәрі астыртын өтеді ғой. Бұрын да келген деседі. Бүгінде жоңғары кім, жаулары кім, итім білсін бе - сапырылысып жатқан қонақ көп. Айғақтатып келіп түскенін көрмедім. Олар да сескенетін болар.

- Кімнен сескенеді?

- Е-е, ел емеспіз бе. “Ойраттың тепкісіне өзіміз барып түскенше, жағаласып жан тапсырғанымыз

артық,” деп, хан иенің пікіріне карсы болатындар аз емес. Тұтас бірлікті жіліктеп бөлгісі келмейтін азаматтар табылады ғой.

Сәдірбек әйелге алғаш рет анықтап қарады. Әлі сарқарын тартпаған, шапшаң қимылды, сабырлы мінезді жан тәрізді. Енді күрсініп қойды да, томсарыққы жүзге ауысты.

- Тамағыңызды ішіңіз. Суып кетер. - Әйел қайтадан суынды. Әлгіндегі құпия сырды аңдаусыз ашып алғанына күдіктене ме, даусы да қатқыл естілді.

- Рақмет. Көңіл білдіргеніңе ырзамын.

Әйел шығып кетті.

Осыдан бір күн өтіп, екінші түні күйші қалың ұйқының бір мөлшеріне батқанда, әлдекімнің түртекенінен шошып оянды. Үні де тарғылданып естілді.

- Бұ кім? Кімсің?

- Мен ғой, Сәдірбек аға! Ембергенмін!

Күйші Ембергенді қатты құшып, төсіне басты.

- Келдің бе? Жалғызбысың?

- Иә! Әдейі өзіңізді іздеп... Біраз адасып... Ауыл адамдары сізді жалғыз жіберме деген соң...

- Жарайды, Ембергеи, аптықпай, асықпай айт. Үйде жалғыз өзім.

Ембергеи жай-жапсарды баяндап берді. Сәдірбек Қатыранның тірі қалғанын естігенде, бір түйткілі тарқағандай боп еді, Ембергенді жаяулатып кеткен қылығына қатты күйінді.

- Әй, неткен қарау еді! Шіркіннің ең болмаса жақсылықты қадірлер түйірі болмағаны-ау! Әй, оңбас! Оңбас ол!

Содан кейін кешеден бері өзін қинаған хабарды жеткізді. Ембергеи бұл жайдың ауырлығын пайымдаған жоқ.

- Келе берсін! Бұрын шерігін жұмсаушы еді, еңді елшісін жіберетін болса, хонтайшының да күні қараң екен.

- Шолақ ойлама, Ембергеи. Елшіні ханға жібермей, әр сұлтанға астыртын жұмсап отырған хонтайшының сұмдығын болжа.

- Несін болжаймын. Қауқары кемігені емес пе?

- Жоқ! Тұтас қазақты бөліп-бөлшектеп билеген әр

сұлтанды жекелеп қайырып, қабырғалы елінді быт-шыт етпек қой. Барақтікі - билікке ұмтылу. Хонтайшы арқылы күш алса, Болат ханды да, былайғы жұртты да місе тұтпайды ол. Онда анау Кіші жүздің біраз елі мен қалың Найман ертеңгі жорыққа шаң қоспайды.

- Ойбай-ау, онда не ғып отырмыз? Неге аттан салмаймыз?

- Соның жолын таппадым ғой. Ізім андулы.

- Онда бұны маған тапсырыңыз! - деп Емберген ыстық лебімен бет шарпып, төніп келді.

- Тапсырам. Мықтап тапсырам! Кеудеңде жаның болса, Тілеуқұл биге жет! Ар жағын ол кісі өзі біледі.

- Сіз ше? Қаласыз ба? Бірге кетейік.

- Болмайды. Етшілер бүгін-ертең келеді. Жөнін бағдарлайын. Өзінді мұнда келгенде ешкім байқамады ма?

- Жоқ. Неге байқатайын. Елеусіз жүрген жалғыз қойшыны кім ескерсін. Сәдірбек аға-ау, мен сұлтанның қойшысы болғанымa, міне, бүгін үшінші күн! - деп сылқ-сылқ күлді де, тез тыйылды.

- Онда жолың болсын! Күндіз баласыңда анау шеткі үйдегі асшы әйелмен сөйлес. Хабарды сол жеткізеді.

Қайтадан құшақтасып ажырасты.

Келесі кеште ауылға бір топ қонақ келіп кірді. Киген киім, мінген көліктерінде де қазақтан айырмасы жоқ. Сұлтанға күн құрғатпай келетін көп қонақтың төңірегінен тәріздес.

Сәдірбек үй сыртында қарап тұр.

Сәлемдескен меймандардың бірі қол алысқан соң әдеттегідей сақал сипамады. Сұлтанмен қатарласа жүріп барып, кең орданың түрулі есігінен кібіртіксіз екпіндеп аттады.

“Хонтайшы елшісі емес пе екен?” Сәдірбек осы ойының жетелеуімен Барақ ордасына қарай беттеп еді, төленгіттер орта жолдан кескестей бөгеді.

- Аулақ! Қағыл әрі!

Сәдірбек еріксіз кейін бұрылды. Қарулы жігіттердің сұрланып, түйіліп сөйлегендеріне қарағанда, Барақ күзетті мықтатқан сияқты.

Үйінің сыртына келіп, керегеге иығын сүйеді. Басын шалқайтып, жанарын тұңғиық көкке ұзатты. Әлі де болса мөлдірін жоғалта қоймаған кешкі биік

аспанның әр тұсынан алғашқы ақшыл жұлдыздар көз ашыпты. Батыс беткейде алтын шұғыланың соңғы шапақтары сөніп барады. Шығыстан қара көгілдір қою көлеңке бері жылжып, ентелеп келеді. Ол маңайдың жұлдыздары айқын, анық. Дірілді қозғалысы көп.

Сәдірбек маңайды қимылсыз бағып тұр. Қара-көлеңке молайып, сәлден соң көз байланды. Артынша қаракөлеңке бейуақ тұтас түннің өзіне айналды. Әлгіндегі қадау-қадау қараңдаған мал мен жанның, бұта мен шидің нобайы да білінбей, қою қараң-ғылықтың құшағына шым батып кетті.

“Елші екені анық. Түр-түсін анықтап байқауым қажет. Кеңесі не жайында болады екен? Тыңдаса ғой! Ордаға қалай кірем? Анау әлекедей жаланған төлең-гіттер өткізбейді. Қатыран дәл қазір жетіп келсе ғой. Қанына қарайғаны шын болса!...” Бірақ ол ойынан тез айныды. Қатыран ондай өршіл ниетке бара алар ма? Бара алса, ендігі бір сыбысы білінер еді ғой.

Ай туыпты.

Сәдірбек ай туғанын байқамапты. Көкжиектен елеусіз көтерілген қалайы шартабақ жоғары өрлеген сайын айналаны әлсіз сәулемен көмескі түске көмді. Көгілдір түннің ендігі көрінісі түтін салған дымқыл тұманды күзгі алагеуімге ұқсайды. Қоңыр самал ескенде, түс-тұстан әр түрлі дыбысты жеткізеді.

“Оу, неғып тұрмын. Несіне бөгелем?”

Үйге кіріп домбырасын алып шықты. Ордаға қарай адымдай аттап барады. Күзетші, сақшы жігіттер алдын орады.

- Қайда барасың?
- Былай тұр. Бөгеме! Сұлтан шақыртқан. Күй тартам.

Жігіттер абдырады.

- Түннің бір уағы емес пе. Бұл кезде тартылатын қандай күй?
- Сұлтанның мінезі белгілі ғой.
- Тақсыр шақыртса бөгемейік.

Сәдірбек қулыққа көшті.

- Түн ұйқымнан қалып күй тартуға менің де зауқым жоқ, жігіттер. Жібергілерің келмесе, өздерің біліңдер. Қайтам да, тәтті қорылға басам.

- Әй, әй, оның болмайды. Қиқаңдама. Тақсырдың бұйрығын орындамайтын қайдан шыққан кердең едің?

- Өт! Тез жөнел!

- Әй, бүгін бар өнеріңді сал! Қазақтың құдіретін таныт!

Сәдірбек жүре беріп, жалт бұрылды.

- Кімге танытам?

- Тоқтама дейім! Өзі өле алмай жүріп сөз тергегіш-ақ!

Сәдірбек қуанды. Жоңғар елшісі келгеніне күмәні қалмады.

Сәлем беріп ордаға кіргенде, он шақты адам күйшіге оқтана қарады. Биік төсектің алдында шайы шапанын иығына желең жамылып отырған Барақ сұлтан шаңқ етті.

- Сені кім шақырды?

- Тақсыр! Домбыра киесі ғаламат. Көптен тілсіз байланғандықтан ба, осы бүгін өз-өзінен күмбірлеп мазамды алды. Ұстамасам, не өзімді, не өзгені қарап етуі мүмкін. Серттескен серігім ғой. Еріксіз күрмелдім. Ауыл иесі өзіңізсіз. Жалғыз шертсем, салқыны сізге тиер деп ойладым. Әдейі қонақтарыңыздың алдында домбыра құсасын тарқатып алуға тәуекел еттім. Қорғағаным жалғыз сіз! - деп Сәдірбек өткір қарасты қаймықпай тосып алды. Барақ ескі нанымды қатты қолдайтын адам. Оны күйші талайдан естіген. “Домбыра киесі”, “мал иесі” дейтіндерге сенгіш. Қазір ашулы түсі өзгеріп, жүзі құбылып, жанындағы кісілерді төрден босағаға дейін бір шолып шықты. Ешкімнен ешқандай емексіткен ыңғай байқамаса да, үні ұяң естілді.

- Жарайды. Отыр. Тартарсың.

Сәдірбек шет жақтан қалың кілемнің түгі жапырылған үшкіліне құйрық басты.

Сұлтан үзілген әңгімесін сабақтап әкетті.

- ...Аз емеспін дедім ғой. Әрине, олай қашып, былай жылыстап жүрген бірен-саран ауыл әлі кездеседі. Бірақ олар көп емес. Бүгін де кімнің кімге бағынышты екенін ұмытып есеңгіреген халық үстінен шошандатып құрық көтергеннің ырқына еріксіз бұра береді. Иншалла, құрықсыз емеспін! Үйіріп айдап,

иіріп жинайтын жігіттерім жеткілікті! Қалай деген күнде де шоғырым мол! Қай жағын екшесеңіз де, асып түсіп тұрам. Анау... Ә, өзіңізді маған жұмсаған кісі ше, түсініп отырсыз ба? Соған мықтап айтарсыз. Былқыл-сылқыл Барақта болмайды. Уәде - құдай сөзі. Осымды, әлгінде айтқан талаптарымды жеткізсеңіз, орындата алсаңыз, онда құдай ырза, мен ырза! Бәрін жасаймын! Ойдағыдай жасаймын! - деп оң қапталында отырған шүңірек көз қараға бұрылып қарады.

Сәдірбектің аңдығаны да сол бейтаныс мейман еді. Кішірек денелі, селдір сақалды, шақша бас қана адам. Жұқалтаң. Қаққан қазықтай кеудесін тік ұстайды. Сөз тыңдағанда басқалардай бас шұлғып, иек қағып, көзін жыпылықтатып қоштау білдірмейді. Тек оң көздің астындағы қой құмалағындай күрең менді жалғыз жанардай оқтап, шын көздерді - екі көзді сығырайта кірпік тасасына жасырып міз бақпайды.

Сұлтанның өзіне қадала тоқтағанын сезді де, әнтек бас изеді. Ерін көбесін сөкті. Таза қазақшамен есілді.

- Дұрыс қой, Бәке! Оның көп айтатын несі бар. Бәрін жеткізем. Домбыра киесін ашуландырмай, біраз күй тындасақ қайтеді енді?

- Сөйтейік онда. Сәдірбек, қимылда!

Қонақтың жүзі болар-болмас жыбыр етті де, Сәдірбекке сығырая тесілді. Ернінде мысқыл күлкі табы тұр. Не сөнбейді, не тұтанбайды. Әлсіз жылтыраған шоқтай.

Сәдірбек кідірістеген жоқ. Сұлтанның жаңағы бұған сездірмей тұспалдағаны - хонтайшы екенін ұққан еді. Ширыққан жүйесі домбыраның екі ішегінен кек пен қыжыл төкті.

“Уай, тақсыр! Құрық көтеріп ықтырып алдым дегенің жауың емес, жақының... қазағың еді ғой. Соны ескермегенің бе? Маңайымды шоғырландырдым деп ескен желдей жүйткігенде, одан қуып келіп, бұнда тақымдаған сол еліңді өз еркіңмен айдаһардың аш өзегіне бұтарлап тастағалы отырған жендеттігіңді ұмытқаның қалай? Уәдені жатқа емес, халыққа неге бермейсің? Жанын жалдаған жыртқыштықтан адамгершілік шығар ма? Сатып алған атақ көпке ұзамайтын. Уай, тақсыр! Соны неге ұқпайсың? Жер

кетті, ел жүдеді. Жан азды, жүз тозды. Соны неге көрмейсің? Әр бұтаға бір паналаған босқын ағайынды төбесінен тас лақтырып шөкелетіп жүргенде, осындай өз пайдаңды көздеген қорқаулығыңды өзге жұрт екшемейді деймісің? Онан да мынау шақша бас жұлынқұрттың жұрымын үзіп, хонтайшыға халық кегінің шарпуын... ыстық шарпуын сездірсеңші!

Уай, тақсыр! Бірлікті ыдыратқан көп сұлтанның біріне айналмасаңшы. Атойға басып, жау қашырған бұрынғы қауқарыңнан шынымен-ақ баз кешкенің бе? Қолбасшы Барақ атанған құдіретіңді тілемсек көздің жемтік аңдыған жерік тілегіне айырбастама. Ұран тастасаң, ұжымдаса еретін көбің ертең-ақ жеңіс дабылымен атақ-абыройыңды аспандатып әкетеді. Әзәзілге ерме! Нәпсіңді тый! Жауыздыққа баспа! Құрбан қып шаларың - ынтымақ пен тұтастық! Сыналап кірген мына шүңірек көз қаралардың өңменіне қарғыс қанжарын сұқ! Уай, тақсыр! Тақсыр!”...

Қонақ ырғалып қалып, қолын жайқап жіберді. Сол қимылды Барақ та аңғарды. Ұйыған дененің сол-қылдата баураған түсінікті-түсініксіз сезімінен арылғысы келді ме, екі-ақ сөзбен тақ-тақ бұйырды.

- Тоқта! Жетеді!

Домбыра күрмелді. Үй іші үнсіз.

Сәдірбек басын көтеріп қонаққа шүйілді. Қонақтың да шатынаған қызыл жиекті көздері бұған қадалып отыр екен. Кірпіктер жыпылық қақпастан екі жақтан шатынаған жанарлар біраз шарпысты.

Сұлтан күрсінді. Даусын баяу созды.

- Домбыраң киелі екен... Саған рұқсат, күйшім. Бара бер. Кейін кең отырып тыңдармын.

Сәдірбек табалдырыққа жете беріп, артына бұрылып қарады. Тобылғы күрең мең - үшінші жанарын оқтап, шытынаған шүңірек көздер карсы ұшырасты. Күйші де, елші де тайсалған жоқ. Бір-бірінің жүздеріндегі өшпенділікті өз кеуделеріне сіңірісіп алды. Сол қалпында бірі тысқа сіресіп аттағанда. екіншісі тістеніп, серейіп қалған еді.

Таң караңғысына бір ұйқыдай қалғанда Сәдірбекті әлдекім түртіп оятты.

- Мен ғой, Ембергенмін! Басыңызды көтеріңіз.

Сәдірбек жігіттің білегінен ұстай алды. Дірілді саусақтардың дегбірсіз қимылымен қысып-қысып қойды.

- Апырай, келгенің қандай жақсы болды! Дәл осы бүгін қасымнан табылар біреуді күткенімді білсең! Қалай тез оралдың?

- Ауылға бара алмадым.

- Қап! Өте алмадың ба? Жібермеді ме?

- Жо-жоқ! Ол жағынан өкінбеңіз. Ауылға барып қайтканша қаншама уақыт кетер еді. Мен бір шұғыл әрекетке ойысайын деп...

- Беу, Ембергенжан-ай! Шалалық жасаған екенсің, - дегенде Сәдірбектің өкінішті күрсінісі естілді.

- Бекер күдіктенесіз, аға! Қайта мен қиыннан жол тауып, ауырды жеңілдетіп жеттім-ау!

Сәдірбек не десін. Басқа шарасы жоқ. Қатыбас сұмдық естіген кеудесі әлі де күйінішті. Бір ілгешегі - Ембергенеді. Оның да берекесі көрінбейді.

- Ал, жарайды. Тыңдайын. Айта бер, - деп тынысы біте, еріксіз бейіл білдірді.

- Айтарым: кеше түнде осы арадан шығысымен, бүкендеп сайға түсіп алып, зытып бердім. Содан, өлмегенге әлі балық, жолым болғанда қолау тай кездесіп... Жаяудан жақсы. Бірақ жер аяғы шалғай. Ұзап шықтым да, Есенгелдінің еспесін кешіп өтіп, Қызыладырдың биігіне тура тарттым. Ол ара сол маңайдағы ең биік тұс. Ойым: дәл төбеде тұрып жан-жақты барлау. Жүргінші-жолаушы кездесер деген үміт, құдай біледі, Сәке, жүрегімді кернеп, алқындырып барады. Күн кіші сәскеге тармасқанда көз ұшынан қосарлары бар екі аттының қарасы шалынды. Сол-ақ екен төменге желдірте жөнелдім. Қолау тайдың шоқырағы белгілі.

Сәдірбек жігіттің әңгімесінің созылып бара жатқанын жақтырмаса да, үзіп тастауға аяды. Насыбайды қос танауға кезек шекіп, тыңдап отыр.

- Әлгі екеу - шал мен жас жігіт. Жігіт деймін-ау, өспірім ғана ұлан. Әй, бірақ көзін көрсеңіз! Сексеуілдің жігерінің қызулы шоғы болады ғой. Дәл сол! Тіке қадалғанда бүкіл кеудеңді көктеп өтіп, ішкі құрылысыңды ақтарып шығады-ау, ақтарып шығады!

Амандық-саулық сұрасып, шүйіркелесіп жатырмыз. Ұланның сөзі келте, сұрағы шолақ. Бірақ сол тақ-тұқ сұрақ-жауабымен алдыңды қалай орап кеткенін сезбей қаласың. Не керек, әлгілерге бар жағдайды түгел баяндадым. Ұланның ширыққанын көрсеңіз! “Кеудесіне араздық қаны қатқан сұлтандар еңіреген елді ермек етпегенде қайтсін!” дей ме-ау, “Теріс көшкен екен әбден!” дей ме-ау, “Қолтыққа кірем, кірем де кейінгі жұртымды іреймін!” дейді-ау! “Онда құтыртармын, Барақ!” дей ме-ау, сондай шақар. Ызақор ашудың қайнар лебімен қамшысын ауаны тілгілеп сілтеп-сілтеп қояды. Мені қайтарған сол. Өздері Есенгелдінің еспесінің жағасындағы қалың шіліктің арасында қалды. Белгіні менен күтеді, - деп Емберген бір-ақ тыныстады.

- Кім екен? Қайдан шығыпты?

- Онысын аңғармадым. Ұланның есімі - Әділ. Шалы атқосшы тәрізді. Текті атаның баласы. Қимыл-қозғалысы сондай. Жас та болса бас болатын жаужүрек. Ешқандай да күмәніңіз болмасын.

Сәдірбек елшінің түр-түсін, серік жігітін тәптіштеп айтып берді де, Ембергенді тез босатты.

- Ал, жөнел! Көзінің алдындағы тобықтай меңі адастырмас. Басқа бір жазықсыз байғұспен шатастырып алмасын. Енді мұнда оралма!

***

Қонақтарын аттандырып салып, Барақ сұлтан ордасына беттеді. Есікке кіре беріп, қалт тоқтады. Бір жігітін Сәдірбекке жұмсады.

- Күйшіні ертіп кел!

Сәдірбек табалдырықтан үнсіз аттады. Тек қана қолын кеудесіне төсеп, сәлем еткен белгі танытты.

Сұлтан тап кешегі орнында, арқасын ағаш төсекке сүйеп, жалғыз отыр екен. Күйшіге шаншылған жүзбен суық қарады.

- Отыр!

Сәдірбек төрге таман жақындап барып, малдас құрды.

Домбырасын алдына өңгерді.

Барақ енді ашық есікке бетін беріп, көзін жұмып-қырап мүлгіп қалыпты. Жуық арада қозғала қоймады. Сәдірбек шыдай алмай, ерсілеу жөткірінді.

Барақ мойнын бұрды.

- Не көрдің? Не сездің, күйшім?

- Көргенім - жабулы түндік. Сезгенім - тұтқын халім, тақсыр! Ағайыннан тағы ажырап, ауылыңызда отырмын. Басқа білерім жоқ, - деп бұ да жүз жалтартпады.

- Солай де. Ілестірген мен айыпты болдым ғой. Онда бөгемейін. Босаттым.

Сәдірбек сұлтан сырын ұқпады. Дәл бұлай сылқ түсіп, шылбырды бос тастар деп ойламаған. Қуаныш-күдік аралас күйде телміріп отыр. Барақ төсекке жотасын төсеп, шалқая шіреніп, аяғын көсілді.

- Үндемей қалдың ғой. Сезіктенесің бе? Баз-базда төренің де сөзде тұратынын білгейсің. Тіріге тірінің ісі түсетін күндер болады. Саған кеңшілігім де сондықтан.

- Рақмет, тақсыр! Аяққа жығылып көрмеп едім. Үнсіз тығылған ішімнің тіл байлап жатқаны содан, - деп Сәдірбек тез серпілді.

- Оныңды сездім. Оңай ашылмассың. Бірақ домбыраңа сақ бол. Құпияңды жайып салады да тұрады екен.

Сәдірбек төмен еңкейді. Оң алақан қос ішекті баяу сипап өтті. Зың еткен майда әуен күбірлеп басылды.

- Иә, тақсыр! “Домбыра - құдірет” демеп пе едім. Күмілжіп, булығып былжырап тұратын кей қорқақтардай болса, домбыра аталар ма еді. Тамам елді дүр сілкіндірер қасиет өтірік жорғалауға жіберер ме. Домбырам менен гөрі батыл.

- Білем. Сені де ұғам, - деп Барақ, қабақ көтерді. Оң көздің қиығын түсірді. - Мені де түсін. Іздегенім - береке. Әрекетім - ел тыныштығын табу. Кейде далбасамен әр түрлі саққа шарқ ұратынам болады. Мүмкін табармын. Мүмкін таппаспын. Бірақ дәл анау Батыр, Сөмеке сұлтандардан гөрі тазамын.

Сәдірбек осы тұста бас шайқағандай жақтырмай қалып еді, күрсінгені қаттырақ шықты.

- Әрине, шыққан төбем биік болсын дейтін ниет менде де жоқ емес, - деп сұлтан сөзін жалғады. - Талпынған жан жолындағы тасты домалатып, бұтақты сындыратын. Сондай шұғыл ісімді көріп, түңілген боларсың. Бірақ тұп мақсат басқа ғой. Бүкіл елді бүтіндеу ғой.

Күйшінің қолы еріксіз шошаң етті. Оны өзі ескермесе де, сұлтан шалып қалған еді. Мұрт астынан езу тартты.

- Шырақ-ай, бүкпең жоқ-ау! Қайран, осындай аңқаулығы болмаса, қазақтың басқа қырына тіс батар ма?! Өзгені жаңылтып, есінен танғызып кетер қулығы аз турашылдығы-ақ алашты осылай ұстап беріп отырады ғой. Саған не дейін енді. Сендіре алмасам, құсталанған кісідей құр үһілеп тындырарым шамалы. Ант-су ішу - төре атымызға жат. Бар айтарым осы! - деп тоқтады.

- Білмеймін, тақсыр! Тақыстығымның жоғын өзіңіз сездіңіз. Бірақ кеудеме қанша сіңірейін десем де, мына шешілгендей, ашылғандай болған жайыңызға бойлай алмай отырғаным рас. Көңіл кірбеңі көп пе, әлде ылғи да бір алданып қала беретін тайғаққа кездесетіндіктен бе, қабылдауым қиын-ау. Нанғым-ақ бар. Мынау бостандық берген кеңшілігіңізге ырзалық ниет танытқым-ақ келеді. Не керек, ар жағынан ескен салқындық ызғары қол байлайды, тіл күрмейді, - деді Сәдірбек.

- Ол не ызғар? Қандай зәр? - деп Барақ даусын қатайтты.

- Бар ғой, тақсыр! Соғып тұр ғой екіленіп. Сұмдық қиянат санаймын ба, айтуға аузым бармайды.

- Айт! Басқаға айтпа, өзіме айт!

- Жоқ, тақсыр! Әлі де біраз өмір сүргім келеді.

- Қорықпа! Не естісем де, жұтам да жым болам. Бір тал шашыңа зияным тимейді. Бұйырам соны!

- Апырай, тілеп алдым ба, тұла бойдың дірілі ұлғайды-ау.

Әй... өзекті жанға бір өлім. Бұйырғаны болар. Алдияр, көр аузынан айтылған тілек көп еді. Босқын елдің зарына ілесіп жетіп еді. Амал не, тыңдар құлақ, ұғар кеуде тапқызбай барады. Жанашыр уайым

ешкімнен білінер емес. Әйтпесе, дәл осындай қыс-талаңда бақталастық әуресі неге ғана жеті қат жердің астына түспейді! Неге ғана бәсекелестің ырылы жер астынан шықпайды!

- Иә, иә! Түйрей түс, тізе түс! - деп Барақ қопандап калды. Алара бұрылды. Сәдірбек ыққан жоқ.

- Алғыспен ғана еске алар шын қадірлес емірену ағайынға жат па еді? Көзден жас тыйылса, жүректен қайғы өшсе, қарауыңыздағы халқыңыздың бүкіл тірлігі сіздің... сіздердің абыройларыңызды өсірмей ме? Ендеше, сол бейбіт, момын жұртты қарғыс оғына қатайтып байлап бергеніңіз қалай, тақсыр? - деп оқыс сұраумен шұқшия қадалды күйші.

- Қашан? Кімді байлап беріппін?

- Өткен түні хонтайшы елшісіне берген уәдеңіз - сол бұқараңыздың мойнына тастаған қыл бұғалық екенін шынымен ұғынбаймысыз? Жұртыңызды ыдыратып, тоз-тоз қып әлсіретіп, мұзды бұршаққа ұрғызғанда, шығар биігіңізге өліктен көпір салынбас па? Халқымен жауыққан сұлтанның табары не сонда? Үркек ел үнсіз мүлгіп қала берер дейтін тоқмейілсу ме? Түбінде бір тексереді ғой. Талпындым деп жолыңыздағы тас пен бірге бас домалатар қаскөй тірлікке бет беруіңіз өзіңіз айтқан түп мақсат бола қояр ма екен? Бүкіл елді бүтіндеу ме екен? - дегенде Барақ тықыршып кетті.

- Әттең-ай! Тәңір-ай! Бір тал шашыңа қиянатым болмайды деген сертім тұсайды-ау! Әйтпесе, от қойып өртеп, күліңді ұшырып жіберетін-ақ қыршаңқы екенсің! - деп шарасыз безек қақты.

- Ырыссыз елдің бір сорлысы ғанамын. Білгеніңізді қылыңыз, тақсыр. Уысыңызда отырмын, - деп Сәдірбек енді бір түрлі қаймықпас түрмен тіке қарады.

- Жоқ! Айтқаным - айтқан! Зияным тимейді. Бар өтінішім: осы қазір аттан. Дәл қасымнан аңдушы көргім жоқ. Тек сұрарым, әлгіні басқаға тіс жарма! Жер түбінен суырып алатын құдіретім жетеді. Бұл жолы жаның аманат.

Күйшіні кешке таман ауылдан екі төлеңгіт ұзатып салды.

- Сөге жамандама, жарқыным. Дікілдетіп қойған әрекетіме қарап, шаш ал десе бас алатын әзірейіл санап барамысың мені... біздерді. Маған сұлтан сені... “Жөнін тап, ретін келтір, тірі жіберме!” деген. Бірақ жанымның сәт сайын ыңыранып күйік ататын халімен сенің сырыңды кеше түнде үй сыртында отырып, күйіңнен аңғарғам. Жаның - аманат. Осы бетіңнен бұрылма. Ел тілегі домбыраңның көмейінде екен. Мені де біраз толғантты. Аман бол. Сұлтанға айтар бір сылтау табармын. Қысқа жіп әттең күрмеуге келмейді. Қалтырақ қолда шырақ жанар ма? Әй, бұйыға да бермеспіз... Жолың болсын, күйшім. Енді кездессем, асықпай тындармын. Сау жүр. Сақ бол! - деп ұзын мойын төлеңгіт Сәдірбектің қолын қысты да, ат басын бұрып жөнеп кетті.

Сәдірбек екеудің соңынан көпке дейін қарап қалды.

* * *

Емберген үйден шығысымен қотанды аралап өтіп, сайға елеусіз түсіп кеткен. Сол бойда тайына мініп алып, түнімен жортып, таң сазында Есенгелдінің еспесіне келді. Уәделі жерінен серіктерін кездестіріп, мән-жайды айтып берді.

Әділдің көзі тайға түсті. Қабағы шытынды.

- Жігітім, сен қолыңнан келгеніңді тындырдың. Енді ауылыңа қайта бер. Қалған жұмысты өзіміз бітіреміз. Босқа тырбаңдама. Арандап қаласың.

Емберген көне қоя ма, егесшіл мысқылмен:

- Е-е, шырақ! Қыздың көрпесін ашатын Омаш та, суға түсетін Қамаштың керін қылайын деймісің. Болмас оның! Жауымның түсін танып тұрып, жағаласар жерде неге бұрылып кетем? Ол зорлығың өтпейді! - деді.

Әділ сазды жердің көгалына тұсап қойған екі-үш атқа қарап тұр еді, қасындағы атқосшы шалға иек қақты. Анау үнсіз қол қусырды.

- Қызыл биені әкеліңіз!

Шал бүкеңдей жөнелді. Бүкендей басып биені жетектеп оралды.

Әділ енді ғана от шашқан уытты жанарды Ембергенге туралады.

- Биеге мін! Ұшқыр мал. Қуғыншы шықса, шаңын да көрсетпейді. Тайды қоя бер.

Шал күңкілдеді.

- Қызыл бие буаз. Іш тастайды-ау! Өзіміз сайғақтанып жүргенде ала жаздай қымызсыз не істейміз? Көлденеңді көк аттыға бір биеден үлестіре берсек, тамтығымыз қала ма?

Әділ алара қарап еді, шал жым болды.

- Ауылыңа тура тарт! Шешең бар ма еді? Барған бетте кешікпе. Арқаға өтіп кет. Барақ сұлтанның құрығы ұзын. Бұл жақтан тауып алады.

Емберген қарсы келе алмады. Биеге мініп тұрып, жас жігітке қолын созды.

- Құдай кездесуге жазсын. Ал, шырағым, өзіңе сендім. Көзінің алдындағы меңі - адастырмас жобаң болсын. Қапы калма. Өздеріңе де саулық тілеймін, - деп бұрыла берді.

Шал шаужайына жармасты.

- Әй, балам! Қызыл биені қуғын көрмесең, бекер қинама. Құлыны әлі көлденең түсе қойған жоқ. Жаны қысылып, ышқына шапса, құлыны қан боп ағып кетеді. Осымды ескер. Құлыны тұлпар болады. Қолыңнан шығарып алма. Тұқымы асыл жануар бұл қызыл бие! - деп әлі де көзі қимай біраз бөгеді.

Жігіт таңдай қақты. Шал Ембергенді босатты.

Үшеуі екі айырылды.

Әділ еспені жоғары бойлай алға түсті. Екі-үш шақырымдай ұзаған соң ат басын ірікті. Серігіне бұрылды.

- Ата, сіз енді анау шоқыны бетке ұстап тік тарта беріңіз Ештеңеге қарайламаңыз. Жүрісіңіз шоқырақтан баяуламасын. Әйтпесе, уақыт ұттырамыз. Сол тұста қалың шілік бар. Сонда кездеселік, - деді.

Шал әлдене деуге оқтала түсті де, жас жігіттің бұлтартпас көзбен қадалғанын көріп, еріксіз басын изеді.

- Абай бол, балам! Аталарыңның аруағы қолдасын!

Жалғыз қалған Әділ иек артпада атынан түсіп, көлігін қасына қаңтарып тастады да, қос жауырын садағын қолына алды. Қорамсақтан тандап тұрып тазқараның тайлық жүнін сабағына қыстырған ұшқыр сарыжасынды суырды. Сол бетте ескі обаның қалқасына барып құйрық басты. Алды - келесі қырқаның шыға берісі. Жалғыз аяқ сыңар соқпақ әлгіге қиялап көтеріледі де, қиялап және түседі. Тіке өте алмайды. Аңдыған кісіге олжа салатын нағыз ұрымтал.

“Басқа жолмен жүрмейді. Көзге көрсетпей елеусіз жөнелтетін елшісін Барақ сұлтан дәл осы арадан шығарып жібереді. Әйтпесе, ол қулық сауған Барақ болмайды. Тосайын. “Қанды басың бері тарт!” деп қолға түкірсем, тәңір тілекті көп көрмес”.

Күн тастөбеге көтерілді. Бұлтсыз аспаннан кедергісіз құйылған ашық сәуленің ыстық қызуы шыдатар емес. Бірақ оған ұлан көңіл бөлмеді. Садағын ыңғайлап, .сары жасылды оң алақанымен уыстай қысып, қарсы беттен көз айырмайды.

Бір кезде тастаққа тиген ат тұяғының тықыры құлағына келгендей болды. Алданбапты. Сәлден соң адырдың қырқасынан атты адамның төбесі көрінді. Бірте-бірте төрт-бес боп шоғырланды.

Әділдің іздегені - елші. Өткір қарашығы кішірейе тесіліп, ағараңдап шалынған жүздерді тіміскілеп жатыр. Әне, кібіртіктеген аттарын сипай қамшылап төмен түсе бастады. Үздік-создық. Бірінші, екінші... Үшінші адам секемшіл. Мойнын жан-жаққа бұрғыштап отыр еді, иегін әнтек көтерді. Көз алдындағы қара меңі Әділге жарқ етті.

Қол жітілігі керім. Адырнаның серіппесіне тірелген сары жасын зу етті. Сөйткенше болмай анау атынан ұшып түсіп, сай табанына домалап құлап бара жатты.

Әділ бөгелген жоқ. Садағын иығына асып алып, төмендегі атына қарай адымдады. Келген бойда қарғып мініп, бүлкектете жөнелді. Ұзап барып қамшы басты. Бір кез артына бұрылып еді, садақтарын кезеніп, жапатармағай дүркіреп қосылған топты көрді.

“Саспа, Барақ! Алдыңа әлі талай келтірермін!”

Шалқұйрық жұлдыздай ақты. Қуғыншыларды шаңына да ілестірген жоқ.

3

Тілеуқұл ауылы жаз бойы көшумен болды. Теңтең жүк шешілмей, қабақтар ашылмай, жылжып қонып, қоныс өзгертіп, ауыстыра берген соң, балашағаның да берекесі қалмады. Жайшылықта да момын бұқараны домалатып ойнайтын сұлтандар, мынадай ел келесі бұзылған шақта, тіпті әкірендеді. Жасағын жалақтатып әр ауылға бір жұмсап, берсе қолынан, бермесе жолынан дейтін тәсілін енді ашық ұстанды.

Барақтың ызғарынан жан сауғалап ызғып кеткен би енді Батыр сұлтанның сұсына ілікті. Халықтың аман күні азайған соң, қомданып кеудені тіктеу - айналасын толтыру деп ұққан Батыр ештеңеден аянбады. “Қайып ханның жамбастаған тағы баласы - маған муәсіп” дейтін тілекпен Болаттың көп сөзін көрнеу көзге жерге қалдыра бастады. Қайта ханның айтқанына керісінше қылық көрсетіп, омыраулаған әрекеттерін одан сайын үдетті. Соның бір белгісі - босқын елдің шұбаған жұртының алдын тосып, айдап келіп, өз қол астына ендіруі болды. Неғұрлым карауында мал мен жан мол болса, күші де сесі де өсетінін, әрине, бір кісідей біледі-ақ. Онда өз екпінін тізелеп өктеп, үш жүздің бас қоскан жиынында билікті де, хандықты да аударып алатынына сенімі кәміл. Сыртқа: “Ашарықты қанатымның астына алып, жылаған халқымды жұбатып жүрмін” дейтін дақпыртты таратып жіберді. “Отыз тілден шыққан сөз отыз рулы елге жайылады. Жайылсын. Кете берсін. Бірі иланар, бірі сезіктенер. Әйтеуір тегін жатпағанымды ескерсе, аяғын тарта басар” тәрізді ойдан туындаған ендігі есебі осы. Содан кейін тоқталмады. Інісіне қол бастатып, кәдімгі жауға шабатын жасақтай, пысықтап аттандырды.

Әзірше бұған да, өзгелерге де ұстатпай жүрген Тілеуқұл би. Тік барып шауып ала алмайды. Тілеуқұл осал жан емес. Төле, Әйтеке, Қазыбек билермен шендес, иықтас отыратын білікті жан. Оған омыраулап жетіп бару қиын. Арандап қаларың әбден мүмкін. Тілеуқұл да сақ. Көбіне-көп қалың ауылды жапсарлай қонып, сыртын оңаша бермей келеді.

Емберген мен Сәдірбектің бұл ауылдан

кеткендеріне де біраз болды. Қимаса да, айырылысуға мәжбүр еткен тірлікке не істесін олар. Сыйластық көңіл көріп, тату дос тапқан күйші де, ашылған алақан, еркелеткен үн естіген Емберген де алдағы күннің белгісіздігінен уайым ойлайды. Қайда барады? Немен күнелтеді? Аман-есен өте алар ма?

Тілеуқұл би бұларды қосарлы атқа мінгізген. Бар қолдан келгені сол. Дәл аттандырарда:

- Шырақтарым, түс-тұстан келсендер де, туғаным боп қалып едіңдер. Күрсінгенде не бітірем. Бұта құрлы панам болмағанына күйінем ғой. Қайда жүрсендер, еңселерің түспесін, қайрат сендерде. Уайым ойламаңдар! Сәдірбек, домбыраңды сайрат! Кек те қу! Қуаныш та төк! Әйтеуір, бұйығыланба! - деді.

Емберген шешесін өзі қолтықтан демеп, атқа мінгізді.

Содан бері үш жолаушы ат үстінде.

Дақпырт таратқан ұзынқұлақ өріс-өрісті тегіс қуалап кеткен. Құрық көтеріп, сойыл ұстаған жалғыз сұлтандар ғана емес. Өз кеудесін қурайдай шаншып алып, құдайымсып құлшынғандар әр жерден де табылды. Қазақтардың бірін-бірі шауып кетіп, талан-таражға ұшыратуы көбейді. Оған Болат ханның тыйым салуға шамасы да, айбары да жетпеді. Телікөл бойына жылыстап ұзап, ордасын сол маңайға қондырған ханның аруағы азайды. Кеудеден итерген суық қабақты алғаш рет Болат хан Әбілқайыр сұлтаннан кездестірді. Әбілқайыр қалмақ пен башқұрттың ауылдарына жасаған шапқыншылығынан кейін, бұрынғы мекенінде тұрақтай алмай, Сырдарияның Аралға құяр тұсындағы төменгі қарақалпақтарды қарауына өткізді де, өзі соларды иектеп, сол маңда тұрып қалды. Ендігі арыз айтып, ізгілік іздеп келетін көп сұраушылардың қатарына енді қарақалпақ ағайын да қосылды. Әбілқайырдың зорлығын айтады, қаталдығын айтады. Тілі ортақ, діні бір ағайынды екі халықтың ежелгі достығын аңсайды. Бірақ Болат хан Әбілқайырды қойғыза алмады. Тыңдату қайда! Ханмен иық таластырған сұлтан сол хандықты өзіне ғана лайық санайды да, Болаттың сырттан кіжінген қоқан-лоққысына шыбын шаққандай шімірікпейді. Несіне

алаң болсын. Қазіргі тоқ-жарау күнде айналасына топтаған ауылы жеткілікті. Кіші жүздің қалың көпшілігі өз еншісінде. Сұлтан деген атағы ұмытылып,”хан тақсыр!” лауазымы жиі естіле бастаған.

“Күлтөбеде Әз Тәукенің өзі хан сайлаған мені. Сол үшеуден ендігі қалғанымыз Болат екеуміз. Болаттың ұлы хандыққа сойы да, ойы да шақ емес. Әр ұлыққа бір арқа сүйеп, ата даңқымен кеуде көтерген дімкәс шіркінді алдыма қалай ғана шығартып отырам. Сырылдаған көкірегімен сырнай тартып, өз жайымен жүрсін ол. Әйтпесе, менің де бір тулауым хақ! Жәдікте кеткен Үсек кегін қайтаратын шақ туды. Замана аумалы-төкпелі. Бақ құсы - қанаты жоқ тауық емес. Талпынып ұшып, тұғырын тауып қонады. Ендігі қонар тұғыры - мен! Әкем Ажының аруағымен ант етем! Хандық бізге ауысады!” дейтін ішкі қыжылды сыртқа теуіп, жан-жаққа ашық сездіреді. Оған ілесе жүретін бұқпа қулығы тағы бар. Көп батырдың аузын алып, көп биінің көмейіне көмеш тыққан-ды.

Әсіресе, Жәнібек, Бөгенбай батырларға қатты сыйынады. Онысында да мән бар. Бөгенбай - күйеу, Қаздауысты Қазыбек би, Жәнібек үшеуі үш жүзге сауын айтып, екі-үш жылдан бері ат үстінен түскен жоқ. Қырдан ауып Сырға құлаған қос батыр ауылдары сұлтан ауылымен шендес. Күндердің күнінде үлкен жиында қазақтың игі жақсысы бас қосар болса, жалпақ төбелі мықтылардың мысын басатын айбарды осылар арқылы да таппақшы. “Батырларға ақыл салған өзім! Қысылған кезде қол үшынан шылбыр тастап, балашағасына оң көзімді дұрыс бердім. От пен судан, сусын мен шалаптан тарылтқан жоқпын. Олардың айлап, жылдап от басын көрмей, ел аралауына менің қамқорлығым себепші болды. Әрі-беріден соң, ірге түптер болсаңдар, негізгі салмақ менікі. Халық атынан сөйлер қара көрдіңдер ме? Бөгенбайдың ұстағаны - менің сөзім. Сауын айтқызған зар тілекті Қазыбек би емес әуелде мен бастатқам” дейтін амалды мықтап түйген Әбілқайыр енді тартыншақтап қалған бұйығылығынан серпіліп, тас түйін ыңғай таныта бастаған елдің аужайын да өз пайдасына жақсы шешпек. Көбік сөзді көп сұлтандарды сырттан мұқата отырып, жолы

түскен ақсақал, қарасақалды үлкендер алдында осындай ел қамқоры болған түрмен жүгініс білдіріп қалады.

Арбасудың әдісін біреулер ұғады, біреулер ұқпайды. Ұққандары кабақ шытып кана:

“Әбілқайыр терең-ау! Ырғасуды әлден бастапты. Түбінде айламен-ақ көпті түгел ойыстырар! Ұтам дегенде, кішілік те, кісілік те бүкіл тұла бойынан қалай табыла береді ә!”.

“Бықсымай жанатын от болушы еді. Түтіні көзге ұрмаушы еді. Әбілқайыр сол болыпты. Күйдіргенін де, шыжғырғанын да сездірмейді. Әй, зымыстан-ау!”

“Бұрын хандар қорқытып қарауындағылардың сертін алушы еді. Мынау Әбілқайыр жалдап, сатып алатын болыпты. Сүйектің майлы басын бірақ өзінің ғана туған-туысына үлестіруі жаман екен. Үш жүзді тең ұстамаған басшыдан, әй, қанша білікті дегенмен жақсылық шыға қоймас. Жәдік тұқымы жамбастап келген таққа тақымы бір тисе, ешкімді оңдырмас. Арғынды олай қуып, Қоңыратты былай ысырып Керей, Найманды келеге енгізбей, Дулатты доптай тоздырып, сыбағаның сыйлы тұсын өз дастарқанынан ауыстырмас! Дәніккеннен құныққан жаман. Әзірше қолы жетпей, тырнағы ілінбей жүр. Ілінді ме, Әз Тәуке тұрмақ, мына Болаттың өзіне зар болармыз!” деп қынжыла күрсінеді.

Ұқпайтындары шыбындаған шобырдай екілене бас изеседі:

“Әбілқайыр - нағыз төре! Қолынан да, тілінен де келеді. Елдің намысын, басының кегін біреудей-ақ ұстайды”.

“Ұстағанда осы ұстасын! Өз жерінде отырып билікті анау Найманның Барағына, немесе Арғынның Сәмекесіне неге бергіземіз. Кезінде олар билеген. Енді дүние кезек. Тізгінді біз көтердік. Таласып көрсінші - тезек тергізіп жібертейік!”

“Дұрыс айтасың. Әбілқайырдың шашпауын көтергеніміз бәрімізге де қолайлы. Орданың төрі түгіл, босағасын сипатпаушы еді өңшең келімсек. Енді солар менің қолыма су құйсын!”

“Әбілқайырды осы алқалағанымыз алқалаған

болсын! Елім деген сөзі жақсы. Шын ниеті айтқызған ғой. Ылайым, дегеніне жеткізсін!”

Осындай шарпысулар бұрынғы кең даланың бүгінгі тарылған тұсында әр шаңырақ астынан ду-ду тұтанады. Шын жоқшы да, пайда көздеген пысықай да ұрымтал кезеңде айқайлап қалып, жұрт көзіне түскіш-ақ. Әбілқайырдың алдында жанарын жасырып ылдилағанымен, былай шыға бере сызданған ажарлары нашар мен кедей-кепшікке бет қаратпайды.

***

Қазыбек би Телікөлдегі Болат ордасында болып қайтқан. Осы сапарда Әбілқайырды да жағалап, Алшын Әйтеке бимен біраз сырласып еді.

Әйтеке де ел қазасына қатты жүдеп, шөгіңкіреп қалыпты. Күрсінісі көп. Сойқан тиген халқының жұпыны халі көкірегіне беріш құя ма, үһілегенде ащы, запырандай ауыр демі алқымынан ісініп шығады.

- Қазыбекжан, тұрмастай етіп тепкі көрген жоқ-жітік қай-қайсымыздың ауылымызда да жеткілікті. Қолдан келгенді бөліп беріп отырсам да, аққан жасты тыяр, ашқан қарынды алдантар дәрменім шамалы. Тірліктегі мұратым - жыртыққа жамау, әділетке демеу болу еді. Ол мақсатты ұстатпай, уайымға бөктірген жазмышым шарасыздықпен буып оралды. Мынау бүлік кезеңде сұлтандар қиғылығы қырық пышақпен отап, тілхатымды жұртыма жеткіздірер емес. Осылай бола бере ме? - деп, кеудесі сырылдап дәмелене қарады.

Қазыбек үй иесіне үлкен көздерін төңкерді.

- Әйтеке аға, күйіңді мен түсінем-ау. Қатты қажып, шаршапсың. Өз басымдағы кепті бұлжытпай қайталасаң, бұл атыраптан да күдер үзіп кетермін. Тегінде, төреге көз сүзіп, бас шұлғып қалған халықпыз ғой. Соның құрсауы әлі де босатпай, қырсық боп жабысып жүр. Әйтпесе, аяқ-қолды өзіміз тұсатпай, ширығып сілкіне тұрсақ, азын-аулақ төре тұқымы не бітірер еді. Тек, әйтеуір, заң-мизамды қолдарына әу баста өзіміз ұстатып, өзіміз бұлқына алмағанымызға қынжылам. Сол сұлтандар бақталастығы кейін мынау бұқара жұртыңа да жұқпалы аурудай жайыла ма деп қорқам-ау! Індет қой бұлардікі. Тайталас түсе-түсе шар-

шамайды да екен. Әбден ығыр етіп бітті. Не бітірері, не берері жоқ. Халықты бөлектеуі тағы көп. Қан-жыны араласқан елдің ауыртпалығы түссе, саған түседі. Маған түседі. Бұларға не жорық. Өзінді өзің қорғамасаң, алтын басың итаяқта шоршыр. Шошыдым түрлерінен!

Әйтеке ыңыранды. Оқшау бір сөз бастады.

- Мен де түңіліп біткем. Өткенде Әбілқайырдың Бопай ханымнан туған үлкен ұлы - Нұралы сұлтанның ауылына кездейсоқ тап болғаным бар. Бәтшағар, жиырмаға жаңа ілініпті. Әй, бірақ, зәлімдігі әкесінен де асып түсер. Кісі-ау дейтін түрі жоқ. Жігіттеріне бір адамды дүрелетіп жатыр екен. Таянып келсем, шімірікпейді.

Қазыбек әлсіз ғана мырс етті.

- Әй, Әйаға, елдің бәрін жастайынан Қаражігіт би атанған өзіндей көресің-ау. Ол сұлтанның алған тәрбиесі - Әбілқайырдың бітпес есебі ғой, қайда ұзасын сабағынан.

Әйтеке бас изеді. Сөзін жалғады.

- Әлгі сабап жатқан адамда үн жоқ. “Кім мынау?” десем: “Тұтқын! Иесі - мен!” дейді. Шекарадан байлап алып келген орыс жігіті екен. Сабаздың арыз айтқан, өтініш білдірген жалынышты жүзі де жоқ. “Кіріптарлық көрсем де, күйкіленбей көрейін” дейтін тәрізді.

Содан, бар бітіргенім: әлгіні еріксіз босаттырып алдым да, соңыма ілестірдім. Нұралы сұлтан кек түйіп қалыпты. Байғұс тұтқынды біраз күн ұстап, ауру-сырқауынан айықтырып, астына ат беріп, қасына екі-үш жігітімді қосып беріп жөнелттім...

Қазыбек күрсінді.

- Болат ханыңнан да қайыр жоқ. Өзгеге дес берудің орнына қайта-қайта күйініп, тарығып жүрген жандай алдымды орай бергенінен шайлығып келем. Кешегі Әз Тәукенің “жеті жарғысы” қайда? Оны орындататын Болат па? Дастарқандағы бес түйір бауырсақты әйелінен қызғанған тамақсау еркектей қысқа ауылдың қапшығы болыпты. Әттең, сондай атадан азып туған нәсілді көргенде қайтіп ызаланбассың! Еркекше ерегіс танытар ерекше мінез қайдан табылар? Бар бітіретіні - шақар сәуріктей саяқ шыққан бірлі-жарым

тай-жабағыны сауырлап қуатыны ғана. Онысы - сырт көзге өзінше көрсеткен қыры. Бірақ күші мен кәрінің сұйылып бара жатқанын ойламайтыны қинайды-ау. Ойласа, “ар”, “намыс”, “әрекет” дегенді кеңшілікте ғана емес, дәл осындай қысталанда іздесе, салмағы ауырларын сезер еді-ау. Бәрінен де, Әйағам-ау, ханыңның кеңеске құлақ аспас бітеулігі... меңіреулігі жаныңа батады екен. Іс атаулының мән-мағынасын жағалата бастасам, көңіл қояр емес. “Өзің білме, білгеннің тілін алманың” керін жасайды.

Екі күн ордада болғанымда екі мәуріт мәжілістес бола алмады. Бірде аурумын деді. Бірде кіршіме ішті. Бірде қымызға масайды. Әйтеуір, сау кезін көрмедім.

Әй, ел сорлы ғой! Арты қиын-қыспақты ауыр еді! Алды тұңғиық па? Білмеймін. Буалдырдан түк шалын-байды. Ынтымақ іздеген ел қатарын сиретіп бұлар... төрелер әлек. Бірақ таң атпаймын дегенмен күн қояр ма! Келер бір үміт сәулесі! Жетер шуағын құйып! Соны, Әйаға-ау, өзіміз, қара халық - қалың бұқара болып табармыз. Анық көзім жеткені осы. Ендігі қайрат жұпыны жұртында. Жүнжіме босқа! Ауруға берілме. Дертті серпіп таста. Қасірет сенің бір басында ғана емес. Көппен көтерісе білсең, сол қасірет қасиетіңе айналар! Аузың уәлі, кеудең - сандық еді ғой. Аш қақпасын! Төк асылын! Шығар кек пен намыс қайрар жарқылын. Сонда Әбілқайырың да, Барағың да, Батырың да, Сәмекең де бұтадай-ақ бұғып қалады. Серпіл мына күйбең халіңнен, Әйағам! Ел көңіліндегісін дөп қозғасаң, қоздана тұтанады. Тұтанады да тулайды. Туласын! - деп тоқтады.

Сол сапарда Қаздауысты Қазыбек би Төлемен де жүздеспекші еді. Бірақ Түркістандағы ойрат қолы жолын бөгеді. Өте алмайтын болған соң кейін қайтты.

Ұзақ жолда ауыр ойға шым батады.

“Күні кеше ғана мынау өлкеде жайраң тірлік бар еді. Бүгін қараңдаған көлеңкесі де көрінбейді. Ел шіркін бейбіт күнде берекелі болады екен-ау! Бағар малы, салар егіні қалмаған соң, ата кәсіптен адасқан жұрт тоз-тоз. Иіні түскен, қабағы салбыраған кіріптар ғана пенде. Сапырылысып кетті де, көздің іріңін шоқпардай түйіп ап, шіріп барады. Қараған сайын,

шарасыз халмен ішіңді у жайлағандай күйік төгесің. Елің қақсағанда, беліңді дерт басатын дәрменсіз күніңді кім түсінер? Болат анау. Үйіліп отырып, өз жұртын үйіріп қансоқталайды. Қай қасиетімді жоқтардай ол. Сұлтандар бір-бірімен иттей өш. Бір елі төбе өсіру үшін қолдан келсе, жыртқыш азуды кез келген кеңірдекке кірш-кірш басуға әзір. Апырай, сондағы барар бағытымыз қандай!? Осылай қырылып, таусылып барып, хонтайшының аранына бір жолата қарық болғанымыз ба? Хонтайшыдан да бұрын оның ар жағынан шегірткедей қаптап, күн көзін жасырып бас салатын қара қытайды бұл шіркіңдер шынымен-ақ сезбей ме? Қара өрттің жолында қаумен бірге қарағанның да кетерін ұқпаса, сұлтандарға не дермін. Әрекетін ыдыратпай, береке іздесе, шын атақты қызғанбай, күндемей өз қолымен бұларға, төрелерге үйіп-төгіп беретін қарасының жомарттығын неге білмейді? Халық - қалың тобыр ғой. Аттандаған дауыс аспанға көтеріліп, қолдағы байрағың желкілдеп алдында жүрсе, лықсыған толқындай сар-сар жөңкілмес пе? Қазақтың сол әділетті адал ашуын неге жинамасқа! Әділ кегін неге жанымасқа!

Барақ елден іргесін алшақтамақ. Сонда не табады? Хонтайшыға қол қусырсын. Әзірше қазақты алдап, арбап, сүйек тастаған ойрат күш алған кезде қыл мойныңа бұғалығын сарт еткізіп лақтырмас па? Әрине, сөйтеді! Ыдыратып барып, қалың елді жекелеп, оңашалап құртады. Соны, сол зымиян ниетін орындауда хонтайшы мына сұлтандар опасыздығын пайдаланбақ. Неге пайдаланбасын! Бірінің төбесінен бірі құй қазып жатса, қазаққа жаны ашитын хонтайшы көріп пе еді? Қайта оның іздегені осы ғой. Елші-жаушысын астыртын жөнелтіп, шаптан түрткілеп, “үрит-соқты” көбейтпес пе?

Әй-ий! Қамалған, халқым! Тауқыметің таудай болғанда, талпынған дәрменіңе қайрат қосар таланды тағдырың бірге болсайшы! Зарың тыйылар ма? Нәрің бағаланар ма? Қолыңа құрал ұстатар едім. Соны, сол қаруды ханым кімге қарсы сілтетер? Халық асатын асуды көрсетпей, қасиет қашыратын шыңырауға бұрар ма?

Керегі не, күн өтіп барады... Көмейде кептелген

түйнек не әрі жұтылмай, не бері шықпай ол тұр. Қандай амал бар? Құрығаны ма? Қазақ атты нәсілдің өшкені ме тауарихтан? Көшкені ме мынау пәниден аты, намы жоғалып біржола? Күндердің күнінде соны тергер кім табылар? Осылай бая-шая құр күңіренсек, құрымағанда, қырылмағанда қайтеміз?

Әлсіздігіме назаланам ба? Бірақ көптің аты - көп емес пе. Соларды жұмылған жұдырықтай түйілдіре білсек, әлсіздік қаңғып кетпес пе. Ендеше, қажырымды табайын. Қарекетімді күшейтейін. Дағдарған жұрттың даңғылы - бірлігі ғой. Соны құлағына құйып, көкірегіне сіңіре алсақ, ат төбеліндей төре тұқымы босқа далақтап не өндірсін. Әрі-беріден соң көшке ерген бұралқы төбеттей өздері қыңсылап келіп, алаканға көз сүзер. Сөйтер!”

Осыған тірелгенде бидің көзіне болар-болмас нұр жүгіріп, езуге ащы кекесін толы мысқыл күлкі үйірілді. Енді ой көзі сол бір елесті тізіп әкеп, тәкаппар тілекпен қиялында шұбыртты.

Ең алдында Болат хан көрінді. Кдрғыбауына кескек байлаған. Төрт көз дүрегей. Жотасын күдірейтуге тырысады. Бірақ тірсегінен ала түсердей жанталаса ілескен Әбілқайыр бөрібасарға алара қарап, езуін құр кекжитеді. Бауыры аркасына жабысқан тазыщай Барақ сұлтан және қалыспайды. Екі төбеттің екі жағынан кезек орағытып өтіп, алдыңғы аяқтарын созып жіберіп, белін қайқайтады. Онысы айбары төрізді. Тілдері салақтаған Сәмеке, Әбілмәмбет, Батырлардың бұр-қыратқан шаңы да орасан. Әйтеуір, иесінен сүйек дәметкен сілекей шұбыры бәрін бір шылбырға қосақтап тастаған сияқты. Бұрынғы өр көкірек, ереуіл мінез, кеудемсоқ қылықтары жоқ.

Кдзыбек күрсінді. Елес жоғалды. Кібіртіктеген атын тебінді. Қайтадан бөгелектей шаққан мазасыз ой-толқынға сүңги берді.

Көрші орыс халқының отырықшы салтын үңгірлеп ойлап кетеді. Алпауытының табанындағы сонау сіңірі ілінген мұжығының мүсәпір тірлігінен тіксінгенімен, тұрақты қаласы, берік заңы, темір тәртібі бар үрдісін іштей ұнатады. Әй бірақ... сенімі аз, секемі мол. Оларға да қазақтың даласы мен тауы қажет.

Әр саққа толқыған ой әзірше ұстатпайды.

Қоңыр төбенің қарсы бет бауыры төскей қоныс. Тар қолтықтан шапшып ағатын суық бұлақтың іркіліп жайылып, қамыс-қоғаны жайқалта өсірген жадағай етегі жазық. Жолаушылар сол араға еру жасамақ болды. Күн батуға айналған. Күн ұзын ат белі бір босаған жоқ-ты. Жол соқты денелер де тоқтаған жерге құлай кетуге әзер шыдап келеді.

Қазыбекке бұл атырап таныс. Талай жүріп өткен жері. Бұрындарда, ілгеріде жаз жайлауға осы өлкені көлденең кесіп өтіп, төмендегі Сыр табанына жақындай құлдайтын. Сонда осы суық бұлақ салқар көштің иіріліп қонған мал-жұртының тұяғына қын демей, шандақ шығармайтын. Бұлақ та жетімсірейді екен. Көзі аршылмаса, өлеңі ұйлықса, су да, жер де тозады.

Қазыбек таныс белгі, дөңгеленген жұрт орны, жерошақ шұңқырына жабырқай қарады. Көңілде қоңылтақсу бар. Әлденені қимайды. Мүмкін, мынау қадірлі қоныстың қаңырап бос жатуын жатырқай ма, мүмкін, жүдеген жүздің сағыныш ұялаткдн әжімдері ауылына жақындаған сайын ішін кернеген көп уайымның қалындағанын алғаш кезіккен туған өлке шебінің бір пұшпағына өксікпен шаққысы келе ме, әлде бұлақ сылдыры өткен күннің қимас, қызық сәтінің өзіне мәлім ынтық күйлерінен сыр шерте ме, би төбе үстінде алдына үңіле қарап тұрып қалған еді. Көлеңке басы ұзарып, қойнауға тығылған қараңғылық қоюланып, көз байлана бастады. Бұлақтың жайылмасында қып-қызыл от дірілдеді. Сұйық от, суық от! “Пай-пай! Күн шіркін де өлгісі келмейді-ау! Батып бара жатып та, сәулесін, нұрын қолынан келгенше тау мен тасқа жағып, су мен көлге сүңгітіп қалады. Өмірге құштарлықгы табиғаттан үйренсекші!”

Қазыбек атын тебініп, төмен түсе бастады. Үнсіз тоқтаған серіктері де тез қозғалды. Биден бұрын жетіп, жоламай құрып, тезек теріп, шөпшек дайындап, әбігерге түсіп жатыр.

Қара мосыға асылған шәйнек қасында, шағындау текемет үстінде Қазыбек қисайып жатыр. Алаулаған жалынның бұлың-бұлың дірілі қарашығында қыбыр-

лайды. От - тірлік, су - тірлік. Екеуі де алдында. Бірақ уайым меңдеген көңілдің бажы жоқ.

Таң сазында бұлар әлде бір дүбірден шошып оянды. Оянды да теткіп қалды. Айналдыра келіп, тұтаса қоршап алған атты адамдардың сұсы суық. Тырп етсе, ұйпап тастардай қадау-қадау төніп тұр.

Қазыбек асықпай орнынан көтерілді де, басқалардан гөрі ат омырауын оздырта ілгері сұғынған адамға қарсы жүрді. Бет-аузын, көзін ғана ашық қалдырып, жауып алған екен. Тұр-түсін тануға мүмкін емес. Осы қалқиған, қалшиған қалпымен үрей себердей илікпейді. Бар сесі қолына қысып ұстаған дойырда ғана. Сарт етіп бір-ақ серпілуте дайын.

- Жарқыным! Жөніңді мен сұрамайын. Сұрағанмен айтпассың! Алушы боп аңдып жүріп, әдейі торыған сұрыңды танып тұрмын. Жә, не тұрыс бар? Айда да әкете бер.

Ат үстіндегі адам қолын көтерді, білектегі бүлдіргеге ілінген он екі өрім бұлғақ қақты.

- Шабаланба! Шаптықпа дейім! Тіліңді тістетермін!

- Жөн сөзді ұрыс көрсең, амалым не. Тәңір қысасы осы шығар. Білгеніңді жасай бер. Бірақ сенен зорлық та, қорлық та көрдім демейін. Мынау дүрбелең заманның қиянаты сенің тонап-талауыңнан өзгере қоймас. Қайта ширыққан жанымның қайғысын сәл ұмыттырып, жаяулаған бишаралығыммен біраз далбасалармын. Сөйт, шырақ! Шабылдым деп мен қынжылмайын! Шауып алдым деп сен өкінбе! - деді.

Ат үстіндегі адам Қазыбекке еңкейе үңілді.

- Кім едің? Жөніңді білдірші.

- Оны қайтесің? Тергеп алып, сермесіп кетпек пе ең.

- Онда өз обалың өзіңе! Аямаймын!

- Жарқыным, кеңшілік сұрадым ба? Білгеніңді қыл да, тез тындыр. Әйтеуір, өлтірмессің.

- Ә, жан тәтті екен-ау. Тұзағымды қандамап едім көптен. Жақсы болды-ау!

- Оныңа да таласым жоқ. Қайта орнын тауып қоя алмай, жасағанға бере алмай жүрген сол жанды өзің бір жайлы етші! Тындыршы аласұрған кеудені! Рақметімді иек қағарда сыбырлап жеткізейін.

Анау үнсіз қалды. Айналып серіктеріне бұрылды.

Алакөлеңкеде ым-дым көрер шақ емес. Бірақ өздерінің түсінісулері оңай тәрізді. Бас изесті, тандай қағысты.

- Жә, ақсақал! Салғыласуға уақыт тығыз, жер тар. Тағы сұраймын. Кімсің? Қайдан келесің? Ерегістірме мені!

- Ерегістіргендей түр-түсіңді танымаймын. Қазбалап, қай қазақты біле берерсің. Көптің бірімін, шырақ. Қайдан келем? Қаңбақ тірлігін кешсем, сенделген, сандалған жанның қай бағдары мақсат еді. Адасып жүрмін. Даусыма үн қосқан пенде шықпады. Енді соза бермей, тынышымды өзіме қи! Бітір! - деді де, Қазыбек кілт бұрылып, орнына кетті.

Барды да бүк түсті. Қайырыла қараған да, қозғалған да жоқ. Енді сол жатысында дүниеден тегіс түңілген елсіздің жел мүжіген тас оба-балбалынан аумайды.

Торушылардың басшысы ашуға мінді. Дойырды құлаштай сілтеп, бидің серіктерінің біреуін арқадан осып жіберді.

- Айт, шапшаң! Анау қыңыратқыған құдайың кім?

- Ағатай-ай, батып кетті-ау! Айтайын. Ол кісі - Қаздауысты Қазыбек би болады.

- Не дедің?! Қазыбек деймісің?

Көтерілген қамшы сылқ түсті. Қатқыл үнге діріл араласты. Кеуде тіктелді.

- Апыр-а-ай! Адасқан ол емес, мен екем! Қап!

Атын оқыс бұрып алып, борбайға сарт еткізіп қамшы көмді. Ұзап барады.

- Әй, тоқта! Өзің кім боласың?

Лекіте ілескен жігіттердің бірі, ат басын сәл ірікті.

- Қатыран! Қандықол Қатыран - атышулы басшымыз! Бізден бұған дейін тірі жан аман құтылмап еді. Бақыттарың бар екен. Қатыран аямайтын, - деп құйғыта жөнелді.

Сәлден соң Қазыбек би тобы да атқа қонды.

Суық бұлақ артта қалды. Ыстық мекені еді, салқын қабақты қатқыл жүзді көрсетіп, тағы да күрсініс өкініш ұлғайтты. Мейірім қашқан тірліктің тасбауыр сүреңімен тағы да мойынға тұзақ тастады. Ендігі ұзақ жолда бидің еңсесі көтерілген жоқ.

Жігіттерін соңынан шұбырта қасқыр текірекпен

ұзап бара жатқан Қатыран әлдекімге ызаланғандай азуды егеп келеді.

“Жол болмады! Жасамаған әдетті жасап!.. Барған бойда сөзге келтірмей, сарт-сұрт сартылдата жөнелсем ғой. Жоқ! Қорыққан, қалтыраған түрлерін көріп, масайрағым келді-ау! Не шықты? Құйрығын бұтына тыққан бұралқы күшіктей безіп келем. Қазыбек би дейді. Би болса қайтейін. Тартып-тартып жіберсем... Долы дойыр кімді талғасын. Қап! Бекер кешеуілдеттім?”

Қатыран артына бұрылмады. Серіктерінің алдында айыпты болған күнәкардай дәл қазір жүзін көрсеткісі келмейді. Шоқтықты серке санды жәуметті оқ бойы алда ұстап, ширыққан көңілдің дүмпуімен сусылдаған ат жалын дірілдеген саусағына шиыршықтап орап алды.

Қатыранның бүгінгі иесі - басқа. Батыр сұлтан мен сұлтанның қияңқы інісі. Көңілді билеген ашулы толқын сонау күндерде Қатыранды аш қасқырдай жалақтатып жүріп, ақыры Батыр сұлтанның алдына апарған. Елдік қасиеттен есерлік қасиетті оздырып, содырлыққа атой салғызып, қиянатқа құрық созатын жыртқыш мінез жігіттің сырын сұлтан да бір көргеннен байқаған еді. Іздегенге сұраған. Игілік үшін емес, зұлымдық үшін дәл осындай ала құйын жан өте қат. Қайрап-қайрап сілтесе, басты да кесіп түсетін қылпылдаған алдаспан емес пе!

Сұлтанның көксегенінен Қатыранның өктемдігі, тіпті, асып түсті. Уланған қастықты бүкіл тұла бойының әр талшығына, дуылдаған ыстық қанының әр тамшысына сіңіріп қойған ба, еңкейген кәрінің ақселеу сақалына қарамады. Еңбектеген сәбидің пәктігін ойламады. Сақалдан уыстап ұстап, қаусаған кеуденің шыбынын дүресімен қуалады. Шырылдаған нәрестенің іңгәсін қарқылдаған күлкісімен көмді.

Батыр қабақ шытпады. Неге өйтсін. Мал-жаны көбейді. Ауыл, абыройы ұлғайды. Атақ-дабырасы жан-жаққа жайылды.

Жүрегі жирене қысылған жоқ. Денесі түршігіп дірілдеген жоқ. Қайта Қатыранның осындай сапардан олжалы оралуын көрген сайын күлкісі шырайлана

түсті. Қолды көбейтіп, інісін қосып беріп, енді Кдтыранды кей-кейде кәдімгідей-ақ жаулыққа аттандыратын.

Қатыранның алғаш жолы болмағаны бүгін еді. Қазыбектен тайсалды ма, өлде түсініксіз бір сезіммен бой тежеді ме - соны өзі де, өзге де білмейді. Бірақ олжадан қағылғаны рас. Бұл дөуренде жыртқыштың жемтігінен бұрышып кетері болмаушы еді. Әдетінен қалай айныганына өзі де қайран.

4

- Әй, қайырылмады-ау! Қап! Қатты кетті-ау! Апырай, соншама бүліндіретіндей көңілін қалдырған кім екен? Әй, шіркін, аузын бағып сөйлер азаматтың азайғаны-ау! Несі бар екен жұрттың осы? Жай жүрсе, жынданып өлер ме? Қытығына тиіп... Әлі басы жас. Отыздың іші мына тұрған жер емес пе. Алланың жазғаны болса... кеш емес, талай баланың әкесі атанбас па? Қап! Ағайынға өкпесі күшті екен! Әбден ширыққан-ау!

Үй сыртында күйіне сөйлеп тұрған Аралбай бет алдындағы көлденең жотаға тіке тартып бара жатқан жалғыз атты жолаушының соңынан көзіне күн сала қарады. Күрсініп қалып, дірілдеген демді үзіп-үзіп шығарды. Кірпік ұшынан домалаған қос тамшы жасты сұқ саусақпен егеп-егеп жіберді. Оқшауланып, иіріліп шоқтанған ауылдастарына қабақ астынан көзді бір түйреп өтті. Кіжінген күйде азу басқанымен, мына үнсіз мөлиген топқа дәл қазір кінә таға қоярлық ілгешегі тағы жоқ. Орынсыз омыраулағанда не ұтады. Еріксіз күмілжіп тұрып, қайтадан көлденең жотаға көз жүгіртті. Жалғыз атты қырқаға көтерілген екен. Елсіздің тас обасына ұқсап сәл қыбырсыз қалды да, іле жотаның арғы жақ иініне түсе берді. Ілезде тастаған қамшыдай созылып қиғаш көлбеген ұзын жота атты адамды қалқасына жасырып үлгерді.

“Артына бір бұрылып та қарамады-ау! Қайсарын! Сонда бұнысы қай қылығы! Елден кеткенде не табады? Онсыз да өзді-өзі қырқысып жатқан жұрт оң түсін бере қояр ма екен? Әй, адасты-ау жазған. Із-тозын

жасырып, құла түзге құлдырап сіңгенде, не бітірмек? Өкпесі-ақ болсын. Бірақ жалпақ жақыннан түңілгенде табары не? Апырай, ойланбады-ау! Тоқтата алмағаным қабырғама батады-ақ! Кімнің ғана тілі тиді екен? Құбас деген болар. Әйтпесе, дәл бұлай оқыс туламас еді. Зәуіде Түйте інімді де “құбас” деп шалабүлінткен тағы да өзіміз емес пе ек. Биағаның шарапатымен бүгінде ол үш ұлдың көкесі... Ал бүгін тағы бір кісәпірдің сүйрік тілі жүрегін жаралады-ау, қу бауырдың. Ауылда Жандыр да жоқ. Ең болмаса ашуы басылғанша соңынан ілестіріп жіберер едім?”

Үлкен үйіне кіріп бүк түсіп жатқан Аралбай батыр осындай ойларға батады. Алданазардан бұл туғанда, Бекназардан Таңыбай туған-ды. Немере аты болғанымен Таңыбай бірге туған іниден абзал. Аралбай, Таңыбай аты қатарласа айтылатын. Әсіресе, Таңыбайдың ерлігі, жаужүректігі, тіпті, ауызға ілініп калған. Бір жағы ат үсті жорықты қимай, екіншіден тоқалға лайық көзге түсер қылымсы мінез қаракөз кездеспей Таңыбай екінші рет отау көтермей, етегі қанамаған бәйбішесінен мұрагерсіз қалпында отызды қусырып еді. Енді міне, әлдекімнің ойланбай айтқан бір сөзіне бола шала бүлінді. Әрине, ағайыннан кім сөз естігісі келеді. Уақыт оздырып алса, айып Таңыбайда ма, садақ асынып елдің тынышын күзетті. Құрық ұстап малдың қамын күйттеді. Желпінгіш желөкпелер жігіттің сол әрекетін түсінсе ғой.

Аралбай түстік асқа да бас көтермей, тек қана келіні Бексана ұсынған тостаған толы қымызды төңкеріп тастап, кешке дейін жатып алды.

Таңыбай алғашқы қарқында “қарамды көрсетпей, біржолата кетейін” деп құрыстана тақым қысқан. Екіүш төбеден асқан соң-ақ сабасына түсе бастады. Аты да аяңшыл жүріске ауысты.

- Ақкеме қиын болды-ау. (Аралбайды көппен бірге “Ақке” дейтін). Соншама өрекпігенім не? Оу, ол кісіде жазық жоқ қой. Апырай, осы адам-пенде ашуланған сәтінде ішкі қыжылды ет жақын туысына жасағысы келетіні несі екен? Әлде басқаның жаны ашымасын біліп, ширыққан күйін ызамен жеткізіп, ағасын, бауырын әдейі күйзелте ме екен? “Тоқта, Таңыбайым!”

деді-ау. Қайырылмадым. Сақалы дірілдемеп пе еді сонда. Жылағаны-ау. Іштей егілді-ау, қайран Аккем! Телікөлдегі жиында Жандырды оққа байлағанда да дәл бүгінгідей опырылмаған еді! Қап! Әй, қырыс мінез бірмойындық-ай! Қашанғы қаңғырта берерсің? “Тәңір жазғаны болады. Ұлды да үбірлі-шүбірлі де боласың. Тыйыл ойыңнан!” дегенде аттан түсе салсам ғой. Жатқан шығар бүрісіп”.

Аты тұрып қалыпты. Айналып, ер үстінде бір жамбастай қырындап, артына ұзақ көз салды. Ауыл көрінбейді. Көгілдір сағымы дірілдеген көкшіл таулар найза шоқыларын бойлатып, мұнарлана жүзіп барады. Баяу сырғып барады.

Кеудеден лықсып күрсініс төгілді. Тізгін бұруға қажыры жетпеді. Әрі-сәрі толқып тұрғанда көз ұшынан бір шоғыр көрінді. Қарасы онша мол емес. Елсіздің жалғыздығы жалықтырады. Ауылдан әлгінде ғана ұзаса да, Таңыбайға дәл қазір мұң шағатын көлеңке қажет. Жүргіншілерді кірпік қақпай тосып тұр.

Дала жолы қым-қиғаш. Әр сүрлеу қырық тұсқа шүбырып, бірін-бірі кесіп өтіп, қатар жарыспайды. Ірелендеген соқпақ қос үрей жолаушыларды бұрғызып әкетуі де мүмкін. Жалпақ сауырды тілгілеген өрмекшінің торындай шиырдың көптігі де содан.

Таңыбай соны іштей пайымдағанымен, бағыт-бағдары белгісіз бейсауат жүргіншілердің жолын кескісі келмеді. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. “Қарамды шалса, өздері де бері бұрылар. Шабаланып жүгірген күшіктей әбестік танытпайын!”

Бөктерге қайқая сұғынған таспа тақыр сүрлеу шаңды шүйкелей созып, жүрісті мандытар емес. “Әй, түйелі жолаушы боларсың! Тұсап қойғандай кібіртігің көбейді ғой!” дегенде, Таңыбайдың жүзіне реніш ұйыды. Көзіне күн сала қарап, біраздан кейін жүргіншілердің нобайын жобалады. Шынында да түйе жетектеген екі атты адам екен. Жалғыз тұрған жігітке қарай маңдай түзеді.

Шай қайнатым уақыт ішінде үшеуі қолтықтағы бұлақтың басында дамылдап отырды. Таңыбайдың өзімсініп, жүргіншілерді жатсынбай айтқан шындығы шалды да, жас жігітті де баурап алды.

Қарағағым ағайынға бекер өкпелейсің. Жамандық ойлайды деймісің. Бұралқы сөз айтылмаушы ма еді. Әр күңкілді тергеп түптей берсең, күн көруің қиындайды ғой. Ғайбаттамайтын қазақ жоқ. Кейде ашынып, кейде басынып айтады. Бәрібір зілі жасық. Босқа бүлінбе, шырақ. Тілімді алсаң, кері орал, - деп шал Таңыбайға ақыл қосты. Күңгірт жанарды дымқыл буды. - Ұрпақсыз - тұлдыр тірліктен өтер ауыр не бар! Дүниеден көз жұмарыңда басыңда отырар бір тентектің үстіне топырақ саларын білсең... онда арман қалар ма!.. Қарағым, адаспа! Кейін қайт! Қылшылдаған жігіт қалпыңмен құбас деп атаған әлдебір желбуазға бола өкпеңді өшірме.

Таңыбай онсыз да өзіне ренжіп, жоқтан өзгеге кейігенін түсінген еді. Жүзіне қан жүгіріп, ерніне күлкі табы оралды. Басын изей берді. Соны көргенде жас жігіт иығына қол салды.

- Сен маған қарашы, мықтым!

- Ал, қарадым, - деді Таңыбай.

- Қарасаң, сені алдап, әйтпесе ойнап ермек етерлік түс бар ма өңімде. Көлгірсу біліне ме?

- Жоқ. Көзің шоқ шашып тұр!

- Ендеше, Таңыбай жігіт, қолынды жай!

Таңыбай мырс күлді.

- Аяқ астынан әулиеге кездесіппін ғой.

Шал бәйек қақты:

- Шырағым, басыңа қонар бақты үркітпе! Әділ ұланның көңілі көп түсе бермеуші еді. Ықыласы ауған екен. Сен... сен Әділдің... кім екенін білсең!...

Әділ жөткірініп, шалға жалт қарады. Шалдың үні өшті. Қипақтап көзін ала қашты.

- Қане, жай алақаныңды!

Таңыбай әлденені ырым еткендей, бүкіл тұла бойы дір етіп, екі қолын жайды да, жүрелей отырды.

- Біреу берсем, жалғыз дерсің. Он атасам, сенбессің. Бес ұлды бол - бес рулы бол, Таңыбай!

- Аузыңа май, жігітім! Алланың құлағына шалынсын! - деп елпектеп бетін сипаған Таңыбай, сәлден соң жолаушыларды ауылына қонаққа шақырды. Бірақ жүргіншілер ілескен жоқ. Өз жөндерімен қоштасып кете берді.

Таңыбай қыр басында отырып қалды.

“Қырықтың бірі - Қыдыр” деуші еді. Аузына құдай салған шығар. Жаңағы бір лебізін бойыма сіңірейінші. Ниеті адал екен. Бар жақсылығын үйіп-төгіп бере салды-ау асыл азамат! Қайда жүрсе, жолы болсын. Аман-есен кездессек-ау. Мынау бір ұшырасымыз қандай ұшырасу еді! Әлгі Қаздауысты Кдзыбек ағаның үйіндегі орыс тамырым осындай бір одағай істі “тайна” деп атаушы еді. Ұлды болсам атын “Тайна” қоярмын. Есен-аман кездесу үшін тағы бір ұлдың есімін Есенаман деп атасам... Әділ... Өзі де әділ жігіт екен. Ішімнің бар құрыс-тырысын тарқатып жібергенін қарашы! Шалдың аты, Ораз деді ме... Оны да ұмытпайыншы. ”

Қаңтарып қойған жерінен атқа қонғанда, күн еңкейіп қалған еді. Көлеңкесін қуалай жарысып, көлігінің қолтығын біраз сөкті.

Сам жамырай бір топ жүргіншіге кездесті.

Бөгенбай батыр тобы екен.

Таңыбайдың жүзі жылыды.

“Жолым болады екен. Іздесе таптырмайтын жанның тап болғаны - жақсылық нышаны шығар. Ауылға апарып, қонақ қылып, құрмет көрсетейін. Ақкемнің де ашуын қайтарар, көңілін жайландырар Бөкеңнің өзі ғой”.

Иек артпадан асып түскенде ауылдың көкала түтінді көкке шұбыртқан қарбалас тіршілігі көзге ұрды.

СЫРДАҒЫ СОЙҚАН

Қайрылып қадам басарға
Күн болар ма мен сорға
Өзен, Арал жерлерім?!
Қайырымсыз болған хандарға
Тиер ме екен бір күні
Жолбарыстай шеңгелім!

Жиембет жырау

1

Егізқара тауының етегіне іліккенде, қарсы алдарынан жыландай ирелеңдеп аққан қылдырықтай өзеннің жылы ойы жүрдек көшті еріксіз матап тастады. Сырдың бойынан бір-ақ түнде ауа қопарылған үркін елдің әр тұстан жер шолып, қоныс қарап жүргеніне көп болған еді. Содан бері ұрлана шұбап, бір араға екі-үш күннен артық тұрақтай алмай сырғақси берген жұрт қаз мамыр майқаралы қараойы, майшағырлы бұйраты, айдар құмды бұйырғыны мол өлкеге тап болғанда кәдімгідей-ақ көңіл демдеген. Тоқпейіл өңге кірген шұбырынды ауылдың адамдары тәубесі мен шүкірлігін іштей мың қайталап, жасыл шалғынға жүгін түсіріп, керегесін жая бастады. Жағалай тігілген қоңыр үйлердің түндігі айқара ашылып, жерошақтардан көтерілген көкала түтіндері әдеттегідей ұрлана шүйкеленбей, тұтаса жайылып, көкшіл мұнардай ырғала толқыды. Қан-жынға таласқан иттердің ырылы, мал қайырған малшылардың жігерлі үні, қой-қозының шуы түгел тоғысып, кешкі ауылдың біраздан бері көрінбей кеткен қазақы сәнін аша түскен еді.

Қызыл бұйра нарларды шапқатарлап қаңтарып, қайың қазықтарға желі тартылып, тағыдай тулаған асау құлындар ауыл шетіне тізіліп қалған-ды. Сөлден соң соңғы сауымы болып, биелер де ағытылды.

Ауылдың қақ төріндегі алты қанат үйдің іргесіне төселген текеметтің үстінде он шақты адам отыр. Ортадағы ақ сақалы селдіреп омырауына төгілген Тілеуқұл би манадан кірпік қақпай, кеудесін тік ұстап, әлдеқайда назарын қадап қалыпты. Қасындағылар қарияға үнсіз жиі жапақтап, уәж күткенімен анау әзір шешілер емес. Малдасын құрып алып, шекетулі ағаш ыдыстарды аяққаптан бір-бірлеп шылдырлатып шығарып, арқар мүйізінен жасаған ожаумен құлаштап қымыз сапырып отырған Разақ би ыңғайын сезгендей тіпті асықпайды. Шыдамсыз жанарлар енді қабақ астынан елеусіз ғана жігіт жүзіне сүрініп-сүрініп өтті.

Сәлден кейін сырлы тостаған қолдан қолға сырғып, төрдегі қарияның алдына келді. Қос алақан түйісіп, дірілдеп жайылды да, сіңірлі саусақтар күбірлеген еріннің дыбыссыз батасын қуалай түртінектеп барып, жанарының нұры қашқан бетке тиді.

Содан соң басқалардың да бастарына бір-бірден тостаған төңкерілді. Еріндер шылпылдап, таңдайлар тақ-тұқ етісті. Кекірік молайып, көздерге сәуле жүгірді.

Тілеуқұл би тамағын қырнады.

Отырғандар, ырғала түсіп, ыңғай білдіріп, ұмсынысып қалды.

- Жә, ағайын! Мен не айта қояйын. Қауырт көшістің жай-жағдайы өздеріңе аян. Қаз оты қара малды шайлатып-ақ тастайтын шұрайлы қоныс екен. Майда құмды паналаған ақтылы қой алты ай қыс қияқ теуіп, қырылмай аман шығатын түрі бар. Кереге жайып, кенеліп қалғандай болып отырмыз бүгін. Онда қашып, бұнда тығылып іздегеніміз мал бабы, ел қамы деген қу тірлік қой. Әйтеуір, сақ болайық. Танды таңға ұрғызып күзетті күшейтіңдер. Мен білетін Батыр сұлтан болса, бізді оңайлықпен уысынан шығара қоймас. Не бөрісін, не бөлтірігін жұмсар. Қамсыз қалмайық. Лапылдатып от жағып, қотан-қотанды күзетіп шығу керек. Жастарға соны мықтап тапсырыңдар. Қара басып қапыда қалсақ, үйелменіңмен өртейді.

Би басын кілт еңкейтіп, иегін омырауына тығып алып, сөзін бітірді. Тарамыс саусақтар ауа қарманып шеңгелденіп барды да, жайлап қана тізенің үстіне сылқ түсті.

* * *

- Апа, тамағыңыз дайын ба? Осы десе, тап қазір бір қойдың жарты етін жалғыз өзім жеп қоюға бармын! - деп шолақ құйрық кер байталды жайдақ мініп келе жатқан Түлекбай шешесіне анадайдан дауыстады.

- Құлыным-ау сол, күні бойы оразаңды ашқан жоқсың. Ашты да қарнын. Міне, түсірейін деп жатырмын, - деп Ұмсындық баласына мейірлене қарады. Әжім торлаған жүзге тер іркіліпті, кешкі шапақ тары дәніндей бөккен тамшыларда жылт-жылт ойнап тұр.

Түлекбай дік етіп секіріп түсіп, көлігін белдеуге байлай салды да, арсаландап барып шешесін құшақтап, тік көтеріп әкетті.

- Апа-ау, не ғып жеп-жеңіл боп кеткенсіз?

- Мұнысы нес тағы! Байғұс балам-ай, еркелігің қашан қалар екен? Жібер, Түлекбай! Гүлбәну! Әу, Гүлбәнужан! Ағатайыңның қолына су құй, қалқам! - деп Ұмсындық баласының құшағынан босанып, кимешегін түзеп жіберді де, бір аттап қайырылып келіп Түлекбайдың бетіне қос алақанын тигізді. Басын еңкейтіп әкеп, ұлының маңдайынан сүйді.

- Ой, апа-ау, енді... Әлі күнге мені бала санаймысыз. Анау Бұғыбай көріп қалса... Өзі әбден мазақтап бітті, - деп Түлекбай аяқ астынан нарттай қызарып, болар-болмас жұлқынды.

- Тәйт әрі! Ұялмасқа ұялып. Сақалың сапсиып кеткенде де сен маған баяғы боқ мұрын тентегімсің. Бұғыбай дейді ғой. Ол шіркіннің де оңып тұрғаны белгілі. Әжесінің қалтасын ақтарып жатқанын күні кеше ғана өз көзіммен көргем.

Қараша үйден шыққан он бес - он алтылар шамасындағы талдырмаш қыз - Гүлбәну ағасына күлімдей қарап қалып еді. Іле сыңғырлай күліп ала жөнелді.

- Пәлі! Апа, анаң қара! Мұрты өсіпті. Ағатайымның дардай жігіт болғанын білмей, әлі күнге дейін өбектей бересіз.

- Тәубә! Құдай жеткізейін десе қиын ғой деп пе едің. Жетерміз, іншалла! Түлекбайжаным жұрт қатарына қосылса, бізді кім мүйіздесін. Сенің де бел қылып тұрғаның осы жаман ағаң шығар. Әйтпесе, жесір

қатын, жетім қызды кім елеуші еді, - деп Ұмсындық шешей ұлына тағы да бір сүйсінген раймен көз қиығын тез қыдыртып қалып, бұрылып кетті. “Тәуба! Тәуба! “Орнында бар оңалар” деген. Отағасымның көзі емес пе! Жасаған, елдің тіл-көзінен сақта!”

Түлекбай жеңін түріп жатып, әлі де жымиған ырза қараспен қарындасының өңіндегі бауырмалдықтан туындаған қуаныш реңкін бағып тұр.

Гүлбәнудің жанарында сәуле ұшқындайды. Кешкі мол бояуда биязы нұрға бөккен жүздің күлімсірегенде жіңішке қара қастарының екі ұшы биік серпіп, тік шаншыла қалады екен. Ұзын кірпіктері сәл-сәл дірілдегенде қарашықтағы ұшқын-сәуле жоғалып-тұтанады. Ақша маңдайдан тура тартылған жалғыз сызық қолаң шашты қақ жарып, қос бұрым ғып арқаға сұлатыпты.

- Гүлбәну-ау, кішкентайым-ау, өзің бүгін құлпырып кетіпсің ғой! - деп Түлекбай қарындасының қыр мұрнынан екі саусағымен қысып қалды.

- Апа, ағатайыма қой деңізші. Өзінің добалдай тұмсығын көрмей, ылғи менің мұрнына жабысып жатқаны, - деп Гүлбәну ернін бұлтитты. Еркелеп бұртиды.

- Өй, дауыстарыңнан айналдым сол! Жүріңдер, болыңдар, ас суып кетпесін.

Қараша үйдің іші қаракөлеңке. Есік алдындағы жер ошақтың жалпылдаған отының сәулесі дастарқан басындағы үшеудің керегедегі көлеңкелерін дірілдетіп билетіп, көрсетіп-жоғалтып қалып тұр.

Ұмсындық шешей табақтың ортасындағы аппақ қардай құйрықты Түлекбайдың алдына қарай ысырды.

- Әне, апам әдейі мен аз жесін деп шылқыған майды маған тастайды. Ал, Гүлбәнудің алдында ғой қаракесегі жатыр, - деп әзілдесе де, бес саусағы құйрықты көсіп-көсіп алады.

- Жә! Тойып ал, құлыным! Көптен қызыл көрмей кетіп едік, өңдерің кіріп қалды ғой. Мынаны бөлек алып қояйыншы. Әлгі Бұғыбай құрдасың бас сұқпас дермісің. Қанша кекірік атып келсе де, менің қолымнан дәм татпай, көңілі көншімейді оның. Бір қарбытсын, - деп кесек етті табақтың ернеуіне қарай жылжытты.

Кімді айтса сол келеді деген. Есіктен екі бүктетіліп еңгезердей жігіт - Бұғыбай кіріп келді.

- Кеш жарық!

- Ешкің арық! Қолынды біржолата шая кел, - деп Түлекбай құрдасына жымындай қарады.

Жігіт Түлекбай мен Гүлбәнудің ортасына созаландап келіп отырды да, сулықпен қолын сүртті. Иығымен құрдасын бір итеріп тастап, орамалды үш бүктеп оң жағына қоя берді... Шынтағы ып-ыстық әлденеге тиіп кетті. Гүлбәнудің білегі екен. Жалт қарады. Қыздың дір еткен кірпіктері төңкеріліп түсті. Жыбырлап қайта ашылды. От сәулесі үлкен көздің шарасында ойнады. Қайтадан сол ұшқыр сәуле жұтылып кетті.

- Бұғыбайжан, ет ал.

- Рақме-ет, апа!

Кіргендегі кеудемсоқ екпіннің лебі де қалмады. Ілезде момақан күйге ауысқан Бұғыбай баяу ұмсынып, табаққа қол созып еді, саусақтарының әлсіз дірілдегенін байқап қалып, қолайсыздана бастады. Жаңағы сәуле-нұр, сәуле-қуаныш мөлдіреткен қыз жанары әпсәтте тұла бойында өзгеше бір сезім ойнатып, ессанасын ұйтқытып ала жөнелген еді.

- Оу, саған не болған, Бұғыбай? Аузыңа сіңір түсіп кетті ме, шайнаңдап әлі отырсың. Сен екеуміздің бүгін жөппелдемеде тоя қоятын түріміз жоқ еді, болып қапсың ғой - деп Түлекбай құрдасының желкесінен түйіп қалды.

Түйіп қалды да, бір сырғып кейін шегінді. Досының сыры өзіне мәлім. Желкенің кегін ол төбеден алады. Бірақ Бұғыбай есе қумады, құрдасына жасқаншақтай қарап, ебедейсіз ыржың етті де, жалмажан алдындағы орамалға аузын сүрте бастады.

- Алмадың ғой...

- Тойдым, апа...

- Сонымен не істейтін болдық? Осы арада еру жасаймыз ба? Сендер не естідіңдер? Әлгінде би қайнағаның қасына үлкендер жиналып жатыр еді? - деп ағаш аяққа құйып алып сорпа суытып отырған Ұмсындық екі жігітке кезек қадалып өтті. - Сорпа ішіңдер. Жас сорпа қымызыңнан артық.

- Осында біраз жайлайтын шығармыз. Көрінген жерге күл төге беруден шаршадық деп мана Разақ ағай қайың қазықты мықтап қаққызып еді. Сірә, тыным, тағат табармыз, - деп Түлекбай шеше ыңғайын бағып шешіле түсіп, қостау күтіп Бұғыбайға қиыстады. Бұл кезде құрдасы ешкімді тыңдамай Гүлбәнудің бір қырын жүзіне тесіле қарап қалған еді. Жеңі алдындағы тостағанға малшынып отыр, оны сезер емес. Түлекбай шыдай алмай күліп жіберді. - Апа, бүгін Бұғыбайға бірдеңе көрінген шығар. Жеңін сорпамен жуатын болыпты ғой.

Селк еткен Бұғыбай оқыс қимылдады. Шошаң еткен шынтақ тостағанды төңкеріп тастады. Майлы сорпа Гүлбәнудің етегіне ақтарылды. Сасқалақтаған жігіт көйлекті сүрте бастап еді, жұмыр санға жанасқан саусақтары от қарығандай тез кері тайқыды.

- Қап! Байқамай төгіп алғаным...

- Жә! Неменеге абыржып кеттің. Әй, Түлекбай, түртпектемей тыныш отырасың ба енді. Бұғыбайжан, тостағанынды бері ұста, құйып жіберейін. Бұл екеуі ме, бұл екеуі бірін-бірі қағытпаса, отыра алмайды. О, қарақтарым, бір жыл туған төлсіңдер ғой. Әзіл-қалжыңдарың ажырамасын! Гүлбәнужан, етегіңді тез шайып жібер, май сіңбесін.

Гүлбәну киіктің лағындай лыпыл қағып тысқа шықты, Бұғыбай есін жиды.

- Рақмет, апа, құймай-ақ қойыңыз. Болдым.

- Қой, қалқам, тамаққа ұяттық жүрмейді.

- Апа, бұл өзі, дәуде болса, “қарнымның ашқанына жыламаймын, қадірімнің қашқанына жылаймын” дейтін баяғыдағы бір жетім баланың кебін киіп отыр. Қараңызшы, мынау қаракөлеңке үй ішін жап-жарық қылып жіберген осы Бұғыбайдың намыстан өртенген жүзі емес пе, - деп сылқ-сылқ күлген Түлекбай өз тостағанын досының аузына тосты. - Қайтесің, қалай жыласаң да, қарның ашып жылама.

- Кетші әрі...

Бұғыбай қорбаңдап көтеріле беріп, табалдырықтан бері аттаған Гүлбәнуді көріп қап, қайта шөкті. Бұрыла түсіп Түлекбайдың қарынан қысып қалды.

- Ойбай, мына Құж қолымды сындырды!

- Кісіні бекер қалжақтама!

- Оу, кісің кім? Апа-ау, сіз осы арадан кісі көріп отырсыз ба?

- Айттым, болды!

- Гүлбәнужан, дастарқанды жинай бер.

Қос сырықтай созылып жатқан аяғы Гүлбәнуді бөгеп тұр екен, екі қолымен жер тіреп кейін сырғыды. Керегенің көгінде ілулі тұрған шапанның етегін басып қалғанда, шапан үстіне құлады.

Гүлбәнуді күлкі буды. Теріс айналып, бүкіл денесімен түгел селкілдеп, булығып тұр.

Бұғыбай шапанды іргеге тастады, қолы домбыраға тиді. Іздегені сол екен. Алдына өңгерді. Екі ішек баяу күмбірлеп тұрды да, жүрдек үндерді термелей жөнелді. Қысқа, тез қайырылғыш келте әуен түйдек-түйдек туындап, ұзай беріп, кілт үзілді.

- Неге тоқтадың, қалқам? Тарт! Естімеген өзгеше мақамым екен! Жалғастыршы, Бұғыбайжан! - деп Ұмсындық шешей жік-жапар болды.

- Апа, Бұғыбайда бүгін бір қиястық барын сезбедіңіз бе. Енді өліп кетсе, оңға жүрер ме. Өзі күмілжіп отырып, домбыраны сайрата қоймас. Онан да білгенімді мен өзім-ақ ойнап берейін. Домбыраны бері әкел, - деп Түлекбай қол созды.

Бұғыбай досына алара қарап, тікірейіп отырды да, әлдекімге ерегіскендей шанақты тық-тық шертіп жіберді. Үстіңгі ішектен майда уіл есіп, астыңғы ішектің бебеулеген сарынына ілесті. Тосын күй қоңыр үн тапты. Уіл мен бебеу қосарлана жарысты. Сабырдың ырқынан тыс сергек әуез саусақтардан сауылдай құйылды. Жастық жалыны шарпып туып, жүрек оты дуылдап жанғандай болды. Еміс-еміс жылтыраған бір сәулеге талпынған міскін жанның ақырын ғана қол жайған әлсіз уілі үстіңгі ішектегі бармақ астынан күш-тар тілек білдіргенде, өрекпіген көңілдің күмәні мен күдігі астыңғы ішектегі төрт саусаққа оралып қалды.

Осы кезде тыстан саңқ еткен дауыс естілді.

- Түлекбай! Уа, Түлекбай! Үйдемісің? Бері шық!

Күй үзілді. Дүрмек үндер сап тыйылып, әлгіндегі тұла-бойды ұйытқан сиқырынан баз кешіп, әлсіз жаңғырығын кереге-уықтарда секіртіп қалып, сөніп түсті.

- О немене? Не боп қалды соншама?

Түлекбай тіксініп, сілкіне тұрды. Досына иілді.

- Қайран алтын саусақтарың-ай! Бәсе, былтырдан Сәдірбек күйшінің қасынан шықпаушы ең, жұқты да. Сенің қиястығыңнан әманда осындай күй туатын болса, құлдығың боп кетер ем, Бұғыбай! Әттең, аяқтай алмадың-ау!

Асығып сыртқа беттеді.

- Ал, шықтым! Жайшылық па?

- Үйіңде омалып отырып алғаның не? Жылқы ұзап кетті. Әлгі Бұғыбайды тауып алып, тез аттаныңдар! - деген өктем дауыс қайта естілмей, нәл қаққан өкшенің қатқыл тықыры ұзап бара жатты.

- Е-е, баяғы кәпірстан Нақыпбек қой! Шіркіннің ақ пен қызылдың арасында бір дікілдеп алмаса, ішкені бойына батпайды-ау. Тепсініп отырмаса терісі құрысып қалатын, құлынын талайтын қу бас айғыр сияқты бәтшағардан қай бір кісілік табылар. Тәтті лебіз емізген күйінді ұрлап кетті-ау, Бұғыбай балам! Бал бармағың сыр аштыау! Дегеніңе жет! Гүлбәнужан, Бұғыбай ағаңды шығарып салшы, - деп Ұмсындық шешей бүк түсіп жата кетті де, үнсіз қалды.

Бұғыбай құрық бойы алда келеді. Артына бұрылып қарауға мұршасы болмай, кеудедегі иін тіресе ереуілдеген қызбалы желікті күштеп тежеп, серейген аяқтарды сырғаната басады. Бар зейіні тегіс дүрлігіп, із-өкшемен үнсіз келе жатқан уыз бойжеткеннің демтынысын шыдамсыз аңдиды. Жиі демнің алқынған лебі жеткенде, өз ішінің де ентігуі жиіледі. Әлденені сылтауратып сәл кібіртіктеуге желеу таба алса, желкеден ынтықтыра ескен ыстық алау бетпе-бет шарпыр еді-ау!

Оң қолымен елтірімен әдіптеген жекей бөркін маңдайына қарай шекіп жіберіп, иегін көтерді. Қоламтада шашыраған шоқтай жылтырап жұлдыздарымен көз ашқан аспанға назарын ұзатты. Сағымданып билеген сол шырақтардан манағы сәуленұр, сәуле-діріл шашқан жанарды елжірей іздеп, алаңдап тұр.

Жігіт кідіргенде Гүлбәну де тоқтап еді, жапырыла жығылған қайқы кірпіктер көздерді күркелей

жасырып, табан астындағы жалғыз түп бозды тіміскілеп жатқандай.

Бұғыбайдан жуық арада лебіз естіле қоймады.

Гүлбәну дірілдеген бәсең үнмен тіл қатты.

- Аға, мен қайтайын енді...

- Ә-ә? Не дедің, Гүлбәну?! - деп апырақтап жалт бұрылды.

- Қайтайын. Апам тосып отырған шығар.

- Гүлбәну!..

Толқындап кеп көмейіне түйнек тығылды. Алқынған демнің құйындай үйірген асау екпіні тұлабойын алаулатып ала жөнелді. Әбүйір болғанда маңдайда жіпсіген терді Гүлбәну көрген жоқ.

Тоңқ-тоңқ желген ат тұяғының дыбысы қастарына келгенше құлақтарына енер емес. Ысқырып қалып, Түлекбай құрдасы мен қарындасын үркіте шошытып, жалт-жалт қаратты.

- Сендер екенсіндер ғой. Бұғыбай, бол! Мінгес. Нақыпбек ойбайлап жатыр.

Гүлбәну ойнақы мінезін тез тапты.

- Ағатай, апама айтып кетіңізші. Бүгін алтыбақан құрады екен. Соған мені жіберсін.

Ағасына қарап сөйлегенімен қыздың көз қиығы Бұғыбай жақты бір серпіп өтті.

- Жарайды, Гүлбәну. Айтайын, айналайын!

- Гүлбәну, біз де бір айналып соғып, өлең тыңдармыз. Өзің ән саласың ба? - деп Бұғыбай әлгі жайнақ қарастың төркінін тез болжап, ұғымтал көңілдің жауабын қайырды.

- Көрерміз, аға!

- Бұғыбай, сен қашаннан бері аға болып қалғансың, ә! Жаман иттің атын Бөрібасар қояды деген осы-ау. Бол, мінгес, ағасы. Күні бойы үндемес ойнап едің, тілің шыға бастапты-ау.

Гүлбәну ұзап бара жатқан байталдың қарасы түн қойнына сіңгенше орнынан қозғалмай, қалшиып қарап калды. Құлағына күй ызыңы оралды. Уілі мен үміті жүрек қылын дірілдете ме, әлдебір түсініксіз сағыныш өнбойын баурады. Әлденеге ауыр күрсінді. “Бұғыбай!” Неге атадым дегендей өз-өзінен қысылды. Ду еткен екі беттің ұшын ыстық қан шарпыды. Оңаша

тұрып та оттай жанғанын сездірмеуге тырысқандай, қос алақанды күркелеп әкеліп, иек астынан тік көтере, екі жағын қаусыра қысты.

2

Қиын асулы жақпар тастар артта қалып, бұралаң соқпақ даңғыл жолға жалғасқан кезде сай табанында мөлдіреп жатқан шағын ғана айна көл сонадайдан жарқырап шалынды. Сол-ақ екен күнұзын жолсоқты болған жігіттер аяқ суытар шақтың кешікпей туатынын сезіп, жүрістерін тездетті. Енді ғана еңселерін тіктеп, айналасына байыптап қарап, жақпар тасқа тырбиып өскен жасыл арша, сары гүлді қарағанды көріп, сүйсініп қалысты.

- Мына ара нағыз жұмақ екен!
- Анау көлге бір сүңгіп шығар ма еді!
- Кім саған сүңгіме деген!
- Маған десең балық боп кет!

Осынау дәтке қуат әлсіз жеңсік еріндердің ұшында ғана тірілді. Дабырлап айтып, дуылдап күлуге шетінен дәрменсіз. Ер үстінде бір жамбастап алып, алда кетіп бара жатқан сұлтан естіп қалса, езудегі күлкі тамаққа кептеліп, өңешке тығылатынына бұлар әбден сыралғы болған. Жонарқада ысылдап ойнаған қамшы мен білекті қиған қи шылбырдың сұлтан емеурінімен-ақ аңдып кеп, тап басып талайды тыпырлатқаны бір бүгін ғана емес. Көзіңнің қиығы түспеске сүзілсең де, өзің татпаспен таңдайыңның дәмі тұшынса да, көлігіңнің жорғасы сәл-сәл майдалау болса да - айықпас пәлеге қалғаның. Анау алдағы сұлтан Батырдың інісінің мұрты жыбырлады дегенше, ат үстінен жұлып алған әлуетті қолдар шөкеңнен қалай шөккеніңді де сездірмейді. Сонсоң...

...Қылқұйрықты көксауыр ұзын найза шошаң етті.

Алдыңғы лек иіріліп тоқтады. Заматта еру болған шағын қол шандақ көлдің жағасы жасыл тартқан балқашына еңкейіп келіп, шатырларын тікті.

Сұлтан ат үстінде үзеңгіге шіреніп қалыпты. Сарыала сапты қамшысын қос бүктеп алып, көкорай

шалғынның жапырылмаған құрағына нұсқап, үнсіз ғана иек қақты. Қол соңындағы үш-төрт түйе қомдағы кілем-кілшесін жалтыратып әлгі тұсқа жетті де, шөгеріле бастады.

Аяғының ұшымен қыбырлаған жігіттер үн-түсіз жүктерді түсіруге кірісіп кетті. Шай қайнатым уақытқа жетпей-ақ алты қанат орданың керегелері жайылып, шеңберіне шымқай күміс қақтаған, шоқ орнатқан шомбал шаңырақ сырықпен ат үстінен көтерілді. Шым зерлеген ши тұтылып, жібек белдеу тартылып, аймышталған ақ туырлық жабылды.

Тездетіп жер ошақ қазылып, әр-әр жерде тоқтыторым домаланып, тел емген құлын заматта мүше-мүше боп жіктеліп, тайқазанға тоғытылды.

Көл жағасы қос бүйірден қусырыла жарысқан жоталардың арасына сұғынғанмен, киіздей ұйысқан көк шалғыны тұяқ басып өткен жерге қайта дүрілдеп көктеп, қалыңдап отыратын берекелі балқаш. Сарбаздар аттарын өрелеп, шідерлеп, тұсап отқа қойған соң, ас-суын күйттеуге кірісті.

Сұлтан керегенің етегін түргізіп тастап, ақ орданың оң жағындағы сүйек төсектің үстінде бір шынтақтап қалғып кетіпті. Иесінің қыбымен қимылдайтын еңгезердей дәу, өңкиген қара Қатыран босағаға жауырынын сүйеп, аяғын созып жіберіп мүлгіп отыр. Кенет сұлтанның мұрты жыбыр ете қалды. Төлеңгіті орнынан атып тұрып, екі қолын кеудесіне басып, бір аттап тоқтады.

- Ләппай, тақсыр!
- Суды лайлады!
- Ұқтым, тақсыр!
- “Құрсақ қысас!”
- Құп болады, тақсыр!

Сұлтан жайлап шалқасына аударылды. Езуін қисайтты.

Қатыран тысқа ұмтылды. Саптамасының қонышынан сегіз таспа қамшысын суырып алып, көлге қарай асыға адымдады. Сол-ақ екен көл жағасында енді ғана шешініп, жалаңаш денелерін қасына сипаланып, шомылуға дайындалып тұрған жігіттер ешкікөзденіп қалшиды да қалысты. Қатыранның

тайтеріден тіккен шалбары адымдаған сайын қаудырлап, дәл қазіргі абыржыған тыншу халдің ауыр сұсын жар салып, аттандатып келе жатқандай сезіліп, құлақшекелерде дүрс-дүрс ұрған тамырлардың бүлкілімен астасты.

Мың сан тамшыны жан-жаққа сәулелендіре шашыратып, айдынға сүңгіп шыққан бозбаланың тереңнен мойны ғана қылтиып тұр еді. Бағжиып кеткен көздері сонау қарашұбар жыландай ирелендеп билеп, көк шалғынның үстінде көріне түсіп, бұлдыраған дойырға үрейлене байланып қалыпты. Арбалған торғайдай көзі жәудіреп, не әрі қарай жүзе алмай, не бері қарай шыға алмай, шарасы құрып ықылық атқан байғұс қылқ-қылқ су жұта бастады.

- Шық тез!

Ысқырған дойыр ыстық ауаны осып барып, жағадағы майда құмды тіліп түсті. Қиыршық тас уыт бүркіп, ашу атып, су бетіне тырс-тырс секірді.

- Шы-шы-ғай-ын, аға-а-тай!

Зәре-құты қашқан дененің бейберекет қимылы көбейіп, көл бетін көпіршітіп жанталастырып жатыр. Арқан бойы жерге жету байғұсқа азапқа айналды.

- Лайлама деймін, лайлама суды! Тақсырдан бұрын сендерге кім түс деді?

Табаны жерге тигенде, толқын да, шылпыл да тынды. Сүмірейіп жағаға шыққан жігіттің ту сыртынан басталған жалғыз тілік кіндіктің түбіне жетіп тоқтап, долырып, ісініп шыға келді. Қамшы екінші рет ышқынған жоқ.

- Әкетіндер! Жазасы - “құрсақ қысас!”

Жігіт еңіреп қоя берді. Тізерлеп жылжып, Қатыранның етігін құшты.

- Ағатай-ай! Бәріне көнейін, тек осы жазаны бермеңізші! Кеспеңізші, ағажан!

- Жә! Бұйрық - тақсырдікі. Оны мен бұза алмаймын. Жөнінді білмеген өзіңнен көр! - деп аяғын серпіп қалып жігітті жалп еткізді. Бұрыла беріп, қожасынан үйренген әдетіне бағып, иек қақты. Жалмажан екі-үш сарбаз тұра-тұра ұмтылып, кінәсіз байғұсты дырылдатып сүйретіп ала жөнелді.

Қатыран асықпай сыздана басып ақ ордаға беттеді. Таяна беріп, қазан-ошақ жаққа бұрылды.

- Тездетіңдер! Тақсырдың шыдамы таусылды.
- Міне, дайын! Қазір апарамыз!

Бір кесек етті табақтан іліп алып, екі-ақ толғап жұтқан төлеңгіт үйге кіріп, төрге төрт бүктеп көрпе жайды. Екі жастықты сұлатып жастай салды да, тез басып барып, босағаға жабысып тұра қалды.

Сұлтан сырғып түсіп, жастықты шынтақтады. Езуін қисайтты. Қисайған ерін түзелгенше, Қатыран есіктен сыртқа басын қылтитты. Ошақ басындағылар құрақ ұшты.

Әне-міне дегенше тел құлынның төңкеріліп піскен телшігін үстіне салып, үйеме табақ көтеріп кірген жігіт сары жез сапты кездігін сумандатып ет тырауға кірісті.

Табаққа екі-үш кесек түсісімен-ақ сұлтанның қолында дамыл болмады. Сарыала майды уыс толтыра көмейлеп, қылғына жұтқанда, иегіне еңкек біткен дөң мұрын келтек жонған томардай дөңкиіп, төбесіндегі әткеншек тепкен алтын телпекпен бірге шайқалды. Талтақ шықшыт ерсілі-қарсылы изендеп, екі езуден шұбырған майды омырауға сүңгітіп жатыр...

Даяшы жігіт турап болып, шығып кетті.

Табақтағы мол етті еңсеріп барып, аузын толтыра кекірген сұлтан сылқ етіп, шалқалап құлады. Шынашағымен тісін шұқыды. Сығалап, босағада сіресіп тұрған Қатыранға тесірейді. Болар-болмас езуін бүлк еткізді.

Төлеңгіті қос бүктетіліп келіп, табақты іліп әкетті. Орнына барып, сылп-сылп соғып жатыр.

Езу тағы қисайды - сол-ақ екен, екі ұрты бұлтиған, көзі қанталаған қазан бас есіктен бір ғана қылтың етті. Әлгі даяшы жігіт дыбыссыз аттап, үйеңкіден ойып жасаған тегенені көтеріп ілезде жетіп келді. Қос бүйрек ожаумен құлаштай сапырып, сары қымызды сырлы тостағанға шөпілдете құйып, сұлтанға ұсынды.

Тегененің түбі көрінуге шақ қалғанда кеңірдектеген мырза оң бүйіріне қиралаң етті.

Осы кезде сырттан қарқ-қарқ күлген жігіттердің даурыққан даусы естілді.

Сұлтанның оң қолы шолақ сапының балдағына

жүгірді, өзі ауыр ыңыранып, жастықтан басын көтеріп алды.

Қатыран бойын тіктеді. Көзімен ишарат білдірді.

- Сөйле!

- Тақсыр! Сарбаздар “құұсақ қысасын” тамашалап жатқан ғой.

- Ах-ха! Мен оны ұмытып кетіппің-ау!

Әміршісінің орнынан тұруға далбасалаған түрін көріп, Қатыран жетіп барып, тік көтерді. Қолтығынан демеп тысқа алып шықты. Сұлтан көзіне күн сала қарап, жан-жағына назар жүгіртті. “Тақсырдың” сұғы қадалғанда у-шу пышақ кескендей сап тыйылып, көлеңкелерге шейін қыбырсыз қалды.

Сұлтан оқырана күліп, қолын сілтеді. Ду қайта қызды.

- Әрі майлы, әрі дәмді ортан жілік!

- Бір бауыр, бір құйрық - бір тұлпар, бір жүйрік!

- Жегенім - жент, мекенім - кент!

- Ежігей мен сықпа, менің жарым - Құртқа!

- Сарымайға бөккен талқан, диірменге өзім тартам!

- Ха-ха-ха!

“Құрсақ қысас” - сұлтанның өзі ойлап тапқан жазасы болатын. Тамақсау мешкей мырзаның ең бір осал жері - қарынның қамы болса, сол осалды мықты құралға айналдырған да қатыгез жанның қайрымсыздығы еді. Соңынан ерген шағын қолды қатал ұстап, шегелеп отырудың әдіс-айласы - жазаның түр-түсін көбейту деп ұққан сұлтан ондай тақыстыққа мейлінше әккі. “Көңіл күдігін көтерем жан ғана бойына жайлатпас” дейтін тұрпайы пайыммен жігіттерін бір-біріне ырылдатып қосып, арсылдатып өшіктіретін. “Құрсаққысас” - соның бір айғағы. Кінәлі сарбаздың қол-аяғын байлап, қазыққа таңғызып тастайды. Айналасына тағамның неше алуанын қойғызып, бірінен соң бірін көз алдына тосып, аштан қинайды. Сол қинау кінәжазаның ауыр, жеңіліне қарай кейде тәулік, кейде екі күнге созылады. Шілденің май шыжғырған аптап ыстығында, әсіресе шөл қатты қаталататын. Тілі аузына сыймай, жұтым суға көз сатып, жалынып-жалбарынған төленгітінің шалаесірік халін көргенде, сұлтанның

айызы канып, дүниенің одан басқа бар-бар қызығын мүлде төрік ететін.

Қазір де талтандай аттап, жерошақтың басында, түтін өтінде жүрелеп отырған жігіттің қасына таянды.

Ерні кеберсіп, түсі бұзылып түнеріп алған жігіт қабақ астынан мырзасына бір рет шаншылып өтті де, енді қайтып бас көтерген жоқ.

3

Өліара. Ай қорғалап, бозғылт жұлдыздар ғана самсап тұр. Ауыл шетіне құрылған алтыбақан басы тұс-тұстан жағылған көп оттың жарығынан кенде емес.

Аспанда айдың он төрті толып, далаға ақсұт нұр жайылғанда, қызулы жастықтың желікті думаны өлке-өңірді түгел дүрілдетер еді. Алты қырдың астынан жетіп, сол дүбір жүрек біткенді тулатып, өрекпітіп оятар еді. Сай-саланы ән тербетіп, тау мен таста сұлу саз сыңғырлап жаңғырар еді. Ондайда оң жақтағы сылаңдаған бойжеткен аз дәуренінің қызығын түн қойнында ұзартып, көңілден көңілге тілсіз көшер, толқындап ауысар асау желікпен жалындап бір бой жазар еді. Дірілдеген тыныстай лықсытып созған ынтық әуенмен түнгі самалды желпіп тастап, әуелеп шырқаған жүрекжарды мінәжатын жер-дүниеге сол самалмен жариялап, жарық жалғанға өтініш-назын және жолдар еді. Тұлабойға тараған куаныш толқынын өзгеден өзінше жасырып, сылқ-сылқ күлер еді. Күліп тұрып ынтызар жанды аңсаған мұнарлы сағынышымен көмейге түйнектелген өксікті мұңын жаспен жұтып, ауыр солықтап күрсінер еді. Күрсінер еді де, өткеншекте қарсы отырған қосарының көңілді әніне іштей қапалы зарын қосып, көкірекке шер боп ұйыған күйігін сәл-сәл тарқатар еді. Содан соң өксікті кеуденің сәтке кеңіген бейжай қуысына қайтадан зәр жинау үшін келесі бір думанға дейін үнсіз қалар еді.

Гүлбәну алтыбақан басына келгенде әдеттегідей ойын-сауық лебі онша сезіле қоймады. Жігіт-желең біткен жылқыға кеткен соң түбіт ерін бозбастардың шіңкілдеген шырылы әннің сәнін келтіре алсын ба.

Әзіл-қалжыңға да әу деп ауыз аша алмай, сасқанынан ыржиып күле беретін бейкүнә байғұстар жеңгелерінің шымшып ойнаған “ілтипаттарын” да түсінбей, біраздан кейін ит қуып кетісті.

Алтыбақанда Нақыпбектің келіншегі Әйкіман мен шодыр мінез Кескекбай отыр екен. Дауыстары үйлеспей, бірі тарғылданып, екіншісі шырылдай берген соң, ақыры жұлқа тартқан жердегі әйелдің қимылын дес қылып, Әйкіман Кескекбайдың үстіне құлады.

- Әй, әй, не көрінді?
- Көнің кепкір! Кескекбайды қара, жіберер емес!
- Пәле-ай, Әйкіманға талақтай жабысып калыпты!
- О! Түбің түскір!
- Нақыпбектен болсын сазайың!

Күйеуінің аты естілгенде, қулық пен есепті әріден сабақтайтын Әйкіман Кескекбайды итеріп тастап, жұлқынып тұра келді.

- Әй, өңшең жіпбике! Ойындарың екен десем, өршеленіп барасыңдар ғой, түге! Арқанды әдейі жұлқа тартып, құлатқан өздерің. Енді кеп ағаш атқа мінгізбексіңдер. Тап бір мен құшақ көрмей, құса болып жүргендей. Сондағы көпсінгендерің Кескекбай ма? Ала-ақ қойыңдар! Қызғанғандарың қызыл итке! Бү шіркіннің бірдеме тындырғанын көрсеңдер, сонсоң мені де еліктіріңдер.

Іркіліп, қысылыңқырап қалған қыз-келіншектерді кие-жарып өте берді де, Әйкіман Гүлбәнуді танып қап, ақсия күліп, иығынан ұстай алды.

- Әй, қатындар! Ойбай-ау, бері қараңдар! Ұмсындықтың өзі желөкпе болғанымен мына қызы біржосын еді. Үйінен аттап шықпаушы еді. Тамашалап келіп қалыпты. Бәріңнің бастан кешкен қызық дәуренің осы алтыбақан қасында жетпеп пе еді. Жастың сауабын алайық. Байғұсты біреуге көзіктіріп жіберіңдерші! Жетім қозы телінгіш! - деп сақылдап рақаттана күлді. Ду қызарып, намысқа булығып, тіл қата алмай тартыншақтаған Гүлбәнуді ырқына қоймай, жетектеп әкеліп, алтыбақанға өзі отырғызды.

Әйелдер араның ұясындай дуылдады.

- Әй, расында, сөйтсе қайтер еді, ә?

- Несі бар! Ұрлап көрген қызық жырлап айтуға жақсы.

- Тұр ғой міне мынаусы өңкиіп.

- Иә-иә! Кескекбайдан артық хан-төрені іздесең де таппайсың.

- Ойбай, көтек! Сарымайдан сақтағанымызды өз қолымызбен беріп қоя бергеніміз бе? Жалғыз Кескекбайды қай жағымызға тартамыз?

- Әдірәм қал! Сен де дәмелімісің, ей? Бауыңды байың шиелеп кетпеп пе еді. Саған не жоқ!

- Тақымының дымы кеппейтін сен ғой деп пе едің елдің бәрі! Өзім-ақ шиелегем, өл де маған! Жауырының қышып, жер тырналағысы кеп бара жатса, саған-ақ бұйырсын текешік немең!

Екі келіншектің ұрысы үдей бастаған соң, Әйкіман әткеншектің арқанын қоя берді де, шолпысын сылдыратып, бұрала басып барып, екеуінің қақ ортасына тоқтап, мықынын таянды.

- Шоқ! Шоқ! Тағы айтпаған нелерің қалды, қос сайқал? Ши түбінде, көң арасында, үй іргесінде жасырып жасағандарыңды түгел санап шығыңдар. Қарап тұрғанша қызық болсын. Ә, үндерің өшті ме! Әйел жолы - жіңішке. Ебін таба білсең, дымыңды шығармауды да біл! Еркектің иіссалмас езі де кез келген кермекқас келіншекті бір аунатып кете алады. Сонысын мақтан етіп талайға жыр ғып шертеді олар. Ал, “етегімді түрдім!” деп желпінгенде сен қарларға түсетін пайда бар ма еді? Соны ұқсаңдаршы! Ә, ауыздарыңа құм құйылды ма? Ендеше, ыңғайын келтірген құпияны құдайыңнан да жасыр! - деп, бұрала басып жүріп кетті. Адуын келіншектің кінәлап қорлап, тұқыртып отыратын мінезінен әбден запыланып қалған байғұстар қорғалақтап үн қата алмай, булыға жылап үйді-үйіне тарады.

Алтыбақанның сәні қашты.

Гүлбәну Бұғыбай келіп қалар деген үмітпен әлі де үйіне қайтпай қарайлап жүр.

Қотан шетіне жағылған отты үстей түсіп, қойшының әйелі қоңырлатып ән салды.

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?..

Гүлбәнудің көз шарасына жас үйірілді. Кеудесіне мұң оралды. Ырзалық әкелер бір тіректі іштей канша аңсаса да, айналып соққыш қатыгез қақпан алдынан тосып алып, дүние сырын осынау ащы шері мол ықылық атқызған жүдеу тағдырымен матайды да отырады. Шұғылалы көкжиегін көз жасы мұнарлап жасырып, талпынған көңілін өгей толқынның қатты серпіген лебімен жасқап, шідерлеумен келеді.

Ән баяу қалықтайды. Қарлығыңқы дауыстың өксікті дірілі бірде айқын, бірде талып жетеді.

“Елім-ай! Қай өлкеде жүрсе де елім деп еңіреу - тірі пенденің сыбағасы ма екен? Қадірі мен жоғалмас қасиеті ме екен? Артта қалған ескі жұрт келер күннің рақымын жатсына ма әлде? Әйтпесе, соншама неге мұң созады? Сол кездегі түннен бүгінгі түннің қандай айырмасы бар? Онда да қой күзетіп, қотан шетінде бұйығыланып ән салған мынау әйелдің сол қалпынан айнымай отырып, аңырайтыны несі екен? Елі өзімен бірге, отағасы қасында. Енді нені көксейді?

Шіркін, дәл қазір Бұғыбай жетіп келсе!.. Апырай, түн қандай жақсы еді! Қандай рақат! Анау, анау бір жұлдызға қарап осылай тұра берер ме еді! Шіркін, сонда... Қасымда... Қой, не ойлап барам? Апамнан ұяттағы! Түу, жапыр-жұпыр неткен мол жұлдыз! Айсыз түннің де осындай керім боларын бұрын білсемші!?”

Қоңыр ән өкініп барып үзілді.

Гүлбәну іштей ән ырғағын қайталап көріп еді, қазіргі көңіл-күйіне мүлде үйлеспеді. Сонсоң қуанышты жүрек лүпілімен басқа әуенді ыңылдады. Әлгіндегі өз-өзінен мүжіліп, уайым шақырған күдікшіл сезімін қуып тастап, бақыт күлкісіне шомған жайдары реңге ерекше нұр тоғытты. Ақсия күліп, алақанын аспанға жайып, әлдекімге серт бергендей әлденені күбірлей жөнелді.

- Гүлбәну!..

Оқыс үннен дір етіп, шошып кеткен қыз мойнын бұрып үлгерген жоқ, тізесі қалтырап құлап бара жатты. Күшті қолдар қолтығынан демеп қалды.

- Гүлбәнужан, неден қорықтың? Мен ғой...

Бұғыбайдың даусын енді танығаң Гүлбәну жігітке бұрылып езу тартты.

- Алтыбақандарыңның әні божырап кеткен бе?
- Солай болды.
- Келем деген'соң, кездесіп кетейін деп...

Бұғыбай қайтадан ықты. Қияқ мұртын сипалап кібіртіктей береді. Сырт көзден таса болғанымен, өз құпиясын ашудан ауыр нәрсе жоғын сезе ме, қиналып тұр.

Гүлбәну түсінді. Түсінді де жымиды.

- Келгеніңізге қуанам, аға! Асыға тосып едім...
- Рас па?! Шының ба?!
- Иә! Сіз айтқанды, мен ұқтым. Ұққам, Бұғыбай!
- Мен не айтып едім? Айтып па едім, Гүлбәну? - деп, қыздың саусағын алақанына салған жігіт ентіге түсіп, еңкейе сөйледі.
- Айттыңыз! Бәрін айтқансыз! Домбыраңыз шешілген.
- Сезгенің рас па, Гүлбәну! Түсінсең, сезсең, басқа мен не тілермін, Гүлбанужан!

Гүлбәну алақанда жатқан қолын жайлап сусытып шығарып алды да, қынама бел жеңсізінің қалтасынан әлденені алып, жігітке ұсынды.

- Ұмытпаңыз. Белгі болсын...

Шәйі орамалды көргенде батылданған Бұғыбай Гүлбәнуді төсіне басып, жауырынның ортасына қос бұрым боп сұлаған қолаң шашты аялай сипады.

- Ән салып берем деп едім. Бүгін реті келмеді.
- Кейін айтармыз. Екеуміз айтармыз, Гүлбәну!
- Түн қандай рақат еді!
- Иә, әсем! Сондай әсем... Гүлім!
- Гүлім дедіңіз бе?
- Сен мені Бұғыбай дедің ғой!
- Иә! Айттым! Бұрын дәл бүгінгідей естілмеуші еді. Аға деп алыстатпайын. Жарай ма?
- Жарайды, Гүлім! Мұнар таудан сүйінші сұрайыншы онда! - деп қолаң шаштың иісін түшіркене иіскеген жігіт қыздың екі иығы дірілдегенін сезіп, шошынып қалды - Неге дірілдедің? Тоңдың ба?
- Қазір жылқыға кетесіз бе?

- Иә! Торылушы жау көп.

- Сақ болыңыз! Мен қайтайын.

- Апырай, өте шыққаны ма?! Тез-ақ жылт еткені ме?!

- Таңы тумай ма, Бұғыбай?

- Ә, солай екен-ау! Сәулем! - деп, Бұғыбай бауырында тұрған қыздың басын шалқайта беріп көзінен сүйді де, құшағын жазды.

Тез аттап ауыл сыртына беттеген жігіт қдраңғыға сүңгіп кетті. Жанары жасқа толған Гүлбәну кірпігін төңкеріп жіберіп, ақ моншақтарды өңіріне домалатты. Сол қуаныш тамшылары кеудедегі бар күдікті ақгарып тастағандай заматта жадырай сейіліп, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

Тәтті арманға елітіп, қанат біткендей әсерленіп ұшып келе жатқан қыз байқамай суы тартылып қалған ескі апанға құлап түсті. Дес бергенде, онша тереңге жығылмай, әлдебір жұмсақ нәрсеге етпетінен түсті. Былқ еткен астындағы жып-жылы бірдеме бүлк ете тыпырлап, апыр-топыр болды да кетті

- Ойбай, көтек! Құрыдық, Кескекбай, құрыдық!

Гүлбәну жалма-жан атып тұрып, әлдебір жауырынға табанын тіреп, апанның ернеуінен бір-ақ ырғыды.

“Әйкіманның даусы ғой!”

Жүрегі айныды. Жүгіріп бара жатып, қолқасы суырылып кетердей ышқына лоқсыды.

4

Ат тұяғын тастаққа тигізбей, шымайт саздауды аралата басқызып келе жатқан жалғыз жолаушы майда жорғадан танбайды. Бағдарын оң иыққа қонған Темірқазықпен түзеп алыпты, жайлы жүрісті бұзбай, қараңғыға тесілген өткір жанарды жол танабынан бір аудармайды. Әлгінде ғана астыңғы ерніне көміп жіберіп, тамсана сорып отырған ащы насыбайды сұқ саусағымен іліп алып, шиіріп тастады. Шырт еткізіп түкіріп қойды. Сілекейленіп алақанына жабысқан сарғыш сірнені ат жалына сүртіп, тізгін тартты.

Көк бесті артқы аяқтарын талтайтып, ішін босатты.

Жалғыз жолаушы Нақыпбек тың тыңдап тұр.

Түн дыбысы сезгіш құлаққа көп нәрсені аңғартар еді. Нақыпбек те өзіне керегін ұқса керек, дереу тақым қысты Көк бесті кәнігі жорғасына салып, тайпала жөнелді. Түнгі алуан дыбысқа сумаңдаған бестінің құйрық-жалынын суылы қосылды.

“Иә, рәббім, дәл бүгін жолымды бере гөр!

Нақыпбек білегіне бүлдіргесін іліп алған камшысын шошаң еткізіп он қолымен бетін жасқап өтті.

“Табармын-ақ зауалын! Қиюын, әй, келтірермін! Осы сапар сағын сындыратындай бір зәулімді шүйілдірсем, тоқалдан тудың дейтін талайдың көмейіне құм құйылар' Санда бар, санатта жоқ итшілеген ғұмырдың бар-бар қорлығын сөйтіп бір-ақ өтермін! Қыршаңқы тайдың да бәйгеге түсер сын сағаты барын білсін. Есе бермей есіріп бітіп еді- Есі шыққанда есебімді түгендеп, тендікті тепкілеп отырып тізеге салып түптермін. Атадан қалған мұраға батамен сен жетсең, балтамен мен де жетермін Саспа, Тілеуқұл! Сені би сайлаған жұртың менің ұртымнан қан боп сауылдар! Сауылдар-ақ! Жүрегімді алқындырып аптап ұрғанын сезбесең, кеудеге қатқан тоңымды қызыл қанын да жібіте алмас!”

Нақыпбек ширыққан ойдың уытымен атына қамшы басқанын да байкамай қалды. Ыршып кеткен бестінің оқыс арынына шыдамай шалқалап барып шақ түзелді де қисайып кеткен бөркін қамшының сабымен бір шекіп төбеге ысырып, тізгінін тұқыртты.

Нақыпбектін ағаға деген өкпесі көптен бері жаулыққа шындап бет бұрған еді. Әкеден қалған төрт қос жылқыдан енші бөлгенде, айғыр үйірі ғана бұның алдына түскен-ді. Сонда дау саумай, ашулы сөзді тісінің арасына қыстырып, үнсіз тоқырап калғанымен, қоздаған ызалы кекті кеудеге көмбелеп тығып, бас шұлғыған көнбіс ыңғайға баққан да қойған. Күңнен туып, айы, күнінен бұрын туып, “шата” дейтін өсекпен маңдайына басып алған тағдырдың тәлкекті айыбын қанша қуғанымен, құтыла алар емес. Іштей барын сала өзін-өзі қайрап: “Тілеуқұл жаралған атадан мен де жаралғам!” дейтін күштілікке канша табан тірейін десе де “тексіз құлын тістеуіктің” сыңайымен сілтеген құрығын ағайын-көршінің төбесінде ойнатқан

тентектіктен әрі асыра алмайды. Артына ілесер тобыр түгіл, қатарына жақындасар қара ермеген соң жұрт көзіне ағасы Тілеуқұлды әулие-пір қып көтеріп алған тақыстығы және бар. Соны пайдаланып, би жұмсады дегенше-ақ, көрші-қолаңды ит боп үріп, бөрі боп талап келеді. Бірақ төрт қос жылқының шұрылы құлағына бақастық қыжылындай құйылып, атақты ағадан біржолата, бір-ақ мәурітте құтылудың ретін күніге мың қарастырады. “Шіркін, сондай құтты сағат құдіреттеніп жетіп келсе, сонша байлықтың буымен-ақ орданы желпілдетіп, жер-көкке сыймай шіреніп жатпас па еді! Өле қалар Тілеуқұл жоқ. Сап етіп келе қалар бейдауа ауру да жоқ. Шайнап берген асты қызыл иекпен қаужап қана қылқ еткізеді де, кәрі төбет қарайып отыра береді. Болымсыз бір ілікке қол тигізсе, сілкініп шығып, қаһарға мінер-ақ еді!”

Көк бесті оқыранды.

Нақыпбек үзеңгіге шірене, бой салып, жан-жаққа ұзақ көз тікті. Қараң-құраң назарына іліне қоймаған соң тебініп қалып, алғашқы бағытын бетке ұстады.

“Бір тапсам, көл жағасынан табармын. Із кескен жанның сол тұсқа қонбай аттануы мүмкін емес. Ат оттатып, аяқ суытар мекен емес пе. Құдай оңдап хан, сұлтанның бірін ұшыратсам, әй, діттегенім болар-ақ. Қанды көз, қомағай қарынға жемтік тастап, жеңсігін қайтарсам - дегенімді екі ете қоймас. Азар болса бір қос жылқы кетер. Өз қолым өз аузыма жеткен соң билікті менен күткен жұрт қабағымның қыбымен қисаймай ма? Дерт-жараны сылап жазып алсам, “тексіз!” деп, “тоқалдан туған!” деп күбірлер ерін табылар ма? Қайдан табылсын!

Қопарыла көшкеніміз қолайлы болды-ау! Іргесі сөгілген елге, жігін бір босатқан соң, қай найзаның ұшы, қай қасқырдың тісі батпасын. Сол найзаны өзім нұсқап жіберсем, шабынып келген содырлық Тілеуқұлды бұйым көрсін бе. Шаншып алып, түйреп тастамай ма?”

Нақыпбек мырс етті. Қаскөй ой шебін тұтастырып, тұс-тұстан соғатын ақыл мен сана, адамдық пен адалдық деп аталатын ізгі леп-самалға саңылау-тесік қалдырмай бітеп, шеңберін ширатты.

Саптамасының қонышына қолын сүңгітіп, таутеке мүйізінен жасалған шақшасын шығарды. Тығынын қос саусақтың арасына қыстырып тұрып насыбай атты. Рақаттанып түшкірді.

- Тоқта!

Аяқ астынан әзірейілдің даусындай гүрілдеп, селк еткізген үннен тұлабойы түршігіп кетті.

- Түс аттан!

Нақыпбекте үн жоқ. Атынан түсуін түскенімен аяғы үзеңгіден шықпай, әбігерленіп жатыр еді, қарақұстың қанатындай далпылдаған бірдеңе тұншықтыра бүркеп алып, бүріп түсті.

- Аға-та-й!..

Одан әрі жақ жазуға мұршасы келмеді. Ағаш тоқпақтай ауыр нәрсе қап сыртынан дүңк тиіп еді, көзінің алды әлденеше түске боялған кемпірқосақ шұғыласымен шеңбірек атып тұрды да, зым-зия үзіліп кетті...

Нақыпбек есін жиғанда киіз үйдің ішінде отырғанын бір-ақ көрді. Бірнеше жерге қойған білтелі шырақтың жарығы әжептәуір екен, алғаш назарына іліккені жүрегін дір еткізді. Терісіне жондандырып жүн тыққан жолбарыстың тұлыбын азу тісін ақситып қасына қойып, бұлғын ішікті желбегей жамылып ақ аюдың бөстегінің үстінде қыбырсыз отырған адам босағада жабысып, кесе байлаған кескегін қымтып тұрған еңгезердей қараға иек қақты. Сол-ақ екен ысылдап кеп, өткір қамшы жауырын тұсын тіліп түсті.

- Ағатай-ай, жан сауға! Жазығым жоқ қой. Бейкүнә міскін едім. Бір қасық қанымды қи! - деп шар ете калған Нақыпбек екі қолын көтеріп басын қорғалады.

Ту сыртынан бір нұқып етпетінен түсірген әлгі адам үстіне атша қонжиып мініп алды да, тырп етуге шамасын келтірмей, қол-аяқты қайырып әкеп таңып, бүрістіріп тастады.

- Кімсің?

Бөстекте қыбырсыз отырған адам шолақ қана тіл қатты.

- Алдияр-ай, жазықсыз едім ғой! Қай қылығым жақпады, қай қазамды тергедің? - деп домалап жатқан Нақыпбек сол жақ бетімен түгі жапырылмаған көк құрақты егеп-егеп жіберді.

Езу еңкейе қисайды.

Үстінде тізерлеп басып тұрған адам гүр етті.

- Кімсің деді ғой саған! Тақсырға неге жауап бермейсің! Тіліңе шоқ түсті ме? Көзіңе шел қаптады ма?

- Айтайын! Ағатай, сәл босатшы, өкпем... ойбай, өкпем қысылып барады!

- Солай ма! Уа, кімді кім торығандай, ә!

- Торығам жоқ. Өле алмай жүрмін бе. Қайта мен сіздерді іздеп шыққам.

- Әй, жөнінді білдірсеңші енді!

- Нақыпбекпін! Тілеуқұл бидің ауылының адамымын.

- Әй, сендер бұл жаққа неге көштіңдер? Ауа көшіп, тоза қашып бізден құтыламыз дедіңдер ме?

- Құтырған Тілеуқұл би! Көп сұлтанның қорлығында қырылғанша, бір мықтының қолтығына кірейін деп көптен қопаңдап жүруші еді, ақыры атқа қондырды.

- Әй, сен сұлтан-сұлтан деп тіліңді шайнама!

- Ойбай, не дедім соншама! Білгенімді айттым. Өзімнің іздегенім де сондай бір сұлтан. Қойны-қолтығы кең біреуін сағаласам, панасына алмас дермісің?

- Сайрап бара жатырсың ғой! Мә, мынау сайрауық тілің үшін! Мә, мынау көшкенің үшін! - деп қамшысын екі сілтеп тұтқынның тілін тістеткен төлеңгіт, езудің қисайғанын көріп қалды ма, өңкиіп қалт тоқтады.

- Неге іздепті? - деді сұлтан.

- Әй, неге іздеп жүрсің?

- Қолымды шеш!

- Қой, шырақ! Қиқандама! Жауап бер!

- Жауап алғың келсе, шеш қолымды!

Езу босаңдау қисайды. Аяқ-қол қыл арқаннан босады.

5

Ала таңға бір ұйқыдай ғана қалғанда ауыл үстін дүрліктіріп, тастақ тақырмен ат тұяғын тақылдатып келіп бейқам елдің үстіне қиқу төнді. Шаңырақтан боздап өткен қорғасын оқ туырлық-түндікке тырс-тырс тигенде, жанып барып, маздап жерге түскен кигіз

тығын әр жер әр жерде торғайдай болып топырлап жатыр.

Әп-сәтте ың-жың боп қопарылып оянған ауыл үй-үйден өре шыққанда, екпіндеп келген аттылар қараңдаған бала-шағаны ажыратпастан қағып-жығып, сұлатып-домалатып кетті. Ес жиғызбай тұтқиыл бас салған шабуылдан дағдарған жұрт қарсылық көрсете алмай, шаппа-шап айқастың сойылын көтерудің орнына қалбаңдай жүгіріп, қарадай қалшылдап күңіреніп жүр. У-шу, гүр-гүр дүрілдеген үндерге қосылып иттер шабаланып үріп, түйе боздап, қой дүркіреп маңайды одан сайын дүрліктіріп жіберді.

Көн қарағай дабылдың ащы даусы жеткенде, таң асқан арқандаулы аттар үрке шауып, жібін үзіп шығандап кетті.

Ауылдағы аз ғана еркек сәлден соң біріне-бірі екілесе дес беріп, сойылдарын ала ұмтылып, аттылы жауға қарсы жаяу ұрыс салды. Соны көргенде:

-Қапта! Қыр! Жой! - деп, оқшау тұрып ат үстінен зәрін шашқан сұлтанның даусы саңқ-саңқ естілді.

Сол-ақ екен өлекедей жаланған сарбаздар қику-айғайды аспандатып, тұс-тұстан қалың нөпір боп құйылып кетті. Қатты киліккен аттылы құйынға жаяу жігіттер не істей алсын, омыраулап соққан сәйгүлік-тердің екпініне шыдамай еріксіз титығы құрып, кейін ығысты. Одан сайын елірген, өркештеніп алған жендеттер бір жаяуды бес-алтау боп қуалап, дем арасында селдіретіп тастады. Самайынан аққан қанды жеңімен сүртіп, ызалана тісін басқан Кескекбай қайың құрықты солқылдата сілтеп әлі де болса құламай сабаласып жүр. Аузына түскен қарғыстың неше түрін қылғына айғайлап, ырс-ырс сілтегенде шықшыттан сорғалаған жылымшы қан тырс-тырс тамып, ақ жейденің өңірін дымқылдандырып жіберді. Сәтке басы айналып, көзі қарауытқан соң тәлтіректеп жалт бұрылып үйге сүйеніп тұрып қалып еді, тасадан шыға келген бір жендеттің тізесінен торс еткізіп бір қағуға ғана шамасы келді де, аттан ауып түскен жауының үстіне өзі де ұмар-жұмар құлады.

Содан кейін-ақ енді бас көтерер ешкім табылмай, қалың нөпір ауылды кернеп кетті.

Ат-түйенің жабуларын бүркеніп жерошаққа тығылған қыз-келіншек тесік-жыртықтан үнсіз сығаласып, дыбыссыз селкілдеп жатыр.

Найзаның ұшымен түңлікті түріп ашқан жау тасырлата шапқылап, қамшы жаудырып, зарлаған елді үйді-үйіне қуып тықты.

Алғашқы дүбірден шошып оянған Ұмсындық оң жақта, іргеде жатқан Гүлбәнуді жұлмалап-жұлқылап тұрғызып алып:

- Ойбай, күнім! Қор болдық! Жау! Жау шапты! - деп қызын бас салып, бауырына қысты. Тез босатып, көйлегін кигізді. Сүріне-қабына жүріп қазанның күйесіне алақанын үйкелеп-үйкелеп жіберіп, Гүлбәнудің екі бетін ерсілі-қарсылы айғыздады.

- Қаш, күнім! Тез ! Көз таса бола тұр!

- Апа, өзіңіз ше?

- Мені қайтесің? Құтыл! Ойбай, мені ойлама! Мен өлмеймін! Мені алатын албасты жоқ! Жоқ! - деп ширыққан шеше босағадан сығалап, жосытып жетіп қалған аттылардың қиыс бұрылып, бұның қараша үйіне қасқайып тура салмағанына шүкірлік етіп қызының қолынан ұстап тысқа жетелей жөнелді.

- Ана бұтаға қарай тарт! Ар жағы жыңғылды жыра! Таба алсаң, Түлекбайларға қосыл.

- Апа, бірге кетейік.

- Күнім-ау, сол! Әл бар ма менде. Шарам құрып тұр ғой. Екі аттайтын дәрменім қалды ма? - деп құшағына ұмтылған Гүлбәнуді маңдайынан сүйіп, жайлап итеріп қалды. - Бар! Бар енді!

Гүлбәну таса-тасамен бүгежектеп зымырай жөнелді.

Көз шарасы жасқа толып ағарып атқан таңда бір уыс боп бүрісіп тұрған шүйкедей кемпірге дәл казір тасыр-тұсыры мол әбігер әлектің сарыны жетер емес. Бар тілегі тұлымшағының үстінде безектеп бірге ұшып бара жатыр еді, құйғытып жеткен Қатыран қамшымен бір тартып, Ұмсындық шешейді домалатып түсірді.

“Кімді ұрдым, неге ұрдым? Өлді ме, тірі ме?” деп ой тоқтату қайда, сол зымғаған бойда аш қасқырдай жалақтап қиқулап барады. Қарсы кездескенді түйреп, шаншып, топырлатып барады.

Шегі қатып зар жылаған жас сәбиін төсіне қысып

алып, жан ұшырған Әйкіман көйлегінің етегіне оралып, сүріне-жығыла дедектеп келе жатыр еді, Қатыранмен бет-бетпен ұшыраса кетті. Қанталаған көздің сұсы керемет екен, тіксінген келіншек жалма-жан жалт бұрылып айдалаға безе қашты. Атына камшыны көміп-көміп жіберіп, омыраулатып төніп келді де, еңгезердей төлеңгіт көк найзасын оңтайлана кезеніп баланың қақ жүрегіне кірш еткізді. Содан соң өкіре дауыстап, қармаққа шанышқан жемдей сәбиді шырылдатып көкке көтерді.

Көкжиектен иек артқан күннің қызыл шапағында сұп-сұр боп өңі қашып, ерні көгеріп, жанұшыра қол созып, шашын жайған ананың көз алдында, нәрестенің жылы төсінен шұбырып аққан ыстық қан найзаның сабын бойлай жауыздың шынтағына тырс-тырс тамды. Қатыран қарқ-қарқ күліп, сол қолының алақанын шүңқырайтып әкеп, қызыл қанды толтырып алды да... ұрттап жіберді.

6

Таң салқыны бойын тоңазытты ма, Гүлбәну тығылып отырған бұтаның түбінен бас қылтитып, арт жағына ұзақ көз салды. Бұлдырап қана көрінген ауыл тыншу тапқандай екен, бұрылып қарсы беттегі жыраның құлдауына қарады. Баурайдағы бос кебірді көзімен атып отыр. Аяқ басса, сайрап із қалатын дәл мынау борпылдақ жұлығы тозған көк етіктің табан мөрін таңбалап алып қалып, қуа шыққан жау болса, өкшелетіп соңына түсіретіні анық.

Күн арқан бойы көтерілді. Шық кеуіп, бу сейілді. Тоңазыған дененің дірілі басылды. Гүлбәну шүбатылған етегін сол қолымен уыстап көтеріп орнынан тұрды. Әлденеге секемденіп тынысы тарылып, ақ көйлектің астындағы кеудесі қабына шертіп, ауыр-ауыр дем ала бастады.

“Маған не болды? Соншама үрейленгенім не? Апамды аяймын ба? Аяғанмен дәл қазір не тындырам?”

Тағы да артына мойнын бұрып еді, сарғыш күннің

қызылы онша басылмаған үйір-үйір сәулелері көзіне құйылды. Ұзын кірпіктер төңкеріліп құлап түсті де, оймақтай ауыздың еріндері кемсең-кемсең етті.

Құрақ арасынан пыр етіп көтерілген жұдырықтай бозторғай көкшіл аспанда қалықтап тұрып алып, ұзақ әнге басты. Талай қырғын-сүргінді бастан кешкен таңғы дала енді кең жайылып, осы әнмен жанданған салқар төсінде тіршілігін тағы өрбітті. Қырдан құлап түскен бір топ киік, Гүлбәнудің иісін сезді ме, қалт-қалт тоқтап, добалдай тұмсықтарын желге қарсы көтере аңырап тұрды да, заматта зу-зу ағып, қарғып-секіріп төбеден қылт-қылт асып, көрінбей кетті.

Гүлбәну ілби басып құрақты жағалай аттап жүріп кетті. Осылай елеусіз аяңдап анау бір қырқаға шықса оның арғы жағынан жылқышылар қосы да көрінер.

Соны ойлағанда көңілі жадырап, жүрісін тездетті. Аяқ астындағы көк құқақтың қара құйрық ұшы қос етек көйлектің екпінімен баяу ырғалып, үнсіз шайқалып қалып жатыр.

Жел жоқ. Өрілмеген қолаң шаш қос иығын тегіс бүркеп қымтап, қиғаш түскен күн сәулесінде жылт-жылт етіп сусылдап толқып, әлгіндегі реніш күркелеген жүздің қазіргі үміт аулаған кіршіксіз әдемі реңін көмкеріп алыпты.

“Бұғыбайлар аман ба екен?”

Пәлекөр күдік тағы оралды. Арқан бойындай еркіндік беріп, босатып ойнап, жұлқып тартып отыратын секемшіл үрей тағы да жетті. Сол-ақ екен мейірім тұнған жанарға жасқаншақ мұнар көленкелеп, қарсы алды тағы да бұлдырай бастады. Сұп-сұр боп булығып, дір-дір қалшылдап буын-буыны босады да, бір түп бетегеге сүрініп, мұрттай ұшты.

Көзден ағыл-тегіл жас парлады.

“Бұғыбай! Сенсіз күнім қараң болмай ма? Өзіңнен айырылып қалсам... Не тілегіміздің таптық? Қандай күнә-сұмдығымыз бар еді? Тәңірдің бізге тентек шоқпарын сілтейтіндей не бұлдірдік?”

Оң жақ шекесін әлдене жыртып кетіпті, қара күйе айғыздаған бетке із қалдырып, сұйық сарсу төмен сырғыды. Жара орнында ұйып дақ қалды.

Қырқа иек астында. Жан ұшырып жүгіре жөнелсе,

дем арасында жетіп барар еді. Оған қуат қайда, өз-өзінен қуыстанған үркек жан буын-буыны босап, тырп ете алмай бүк түсіп отыр. Еңіреген сайын кеудесін қысқан ащы өксік жүрегін улап, тұлабойдың соңғы әл-дәрменін сығымдап таусып, көкірегін қарс айырылта күрсіндірді...

- Оу, жол болды деген осы, жігітім! Бұлғақтап өскен кермарал керіліп алдында сұлап жатса, одан артық не тілейсің. Бар! Олжаңнан сауға қаламаймын! Өзіңе бұйырсын! Көзін қарашы! Жалтыраған екі танадай емес пе? Е, бәрекелді! Қызға көзін суармаған жігіт жігіт пе еді. Суар да сүйін, шырақ! Күйексіз қошқардай әукенді салбырата бастапсың. Әлде мен былай... аздап ұзаңқырай тұрайын ба? - деген Нақыпбек қасындағы жігітке арсыздана күлмендеп, ым қақты.

Гүлбәну ойда жоқта дәл үстінен сау етіп түскен жас жігіт пен Нақыпбекке ә дегенде үміттене қарады.

- Ағатай! Нақыпбек көке! Ауылды шапты! Қырып салды ғой бала-шағаны! - дегенде кірпік ұшында мөлдіреген тамшылар етегіне ыршып, домалап түсті.

- Тәйт! Кайдағы жау?! Ат ойнатып, найза кезеніп қорқытып алмақ болған жігіттердің әзілін шабуыл көретін көр балалық қашан қалар екен, - деп, таңырайған шолақ танауына екі шымшым насыбайды кезек-кезек шекіп жіберіп, шуылдай дем алған Нақыпбек, артынша пырс-пырс түшкіріп, әлденеге риза болған кейіппен өзіне-өзі “Жәрәкімалла!” деп тілеулестік білдіріп қойды.

- Ағатай-ау, ауыл үстіне оқ атып, бала-шағаны ат омырауымен соққанын өз көзіммен көрдім! Жылқышыларға, біздің жігіттерге хабар берсеңізші! Не ғып тұрсыз?

- Жә! Суырылма! Өңшең шуылдақ өлмесе өмірем қапсын! Өз ұпайым түгел. Сен онан да, Гүлбәну, тірі қалудың амалын күйтте. Мына жігіттің етегінен ұста. Жат жұрттық баласың ғой. Әбүйір болғанда маған кездестің.Енді өлмейсің.Алда-жалда жомарттығым ұстап,қолым ашылып кетсе, тоқты-торым да беріп қалармын.

- Не деп тұрсыз! Апырау, ел бүлініп жатқанда, сіздің бұныңыз қалай? Кісі өлімі болып, қатын-қалаш “бауырымдап” шашын жұлып жатса, сіз... қай

жеріңізден күлкі шақырасыз? - деп жиіркене қарап орнынан көтерілген Гүлбәну, одан әрі қайтып қайрылмастан қырқаға қарай тура тартты.

- Әй, қыз! Тоқта!

Нақыпбек күнге күйген қайыс қара бетін жыбыр еткізді де, езуіне үйірілген жымысқы күлкіні жұтып жіберіп, атына қамшы басты.

- Тоқта дедім ғой сен қаншыққа! Қайда безіп барасың?

- Көкеме барам. Бөгемеңіз.

- Ә, көкем деймісің! Көкеңмен көрде кездесерсің!

Ат үстінен еңкейіп келіп қолаң шашты уысына толтырып, қысып ұстап, Гүлбәнудің алдын кес-кестеді.- Жүр! Бас шапшаң!

- Бұныңыз не? Қоя беріңіз!

- Кімді тәлкек қылғың келеді! Аш көзіңді! Ендігі биің де, басшың да - мен! Жоқ Тілеуқұл! Аты өшті! Ауылды шапқан жау - мен! Мен шаптым! Өзім шаптым! Кәне қиқаңдап көрші! Бұрымыңнан сүйретіп өлтірейін! Қойшының қызы, күлшінің жетімі тіл алмайды! Бұ не бұл! Басып көрші аяғыңды! Бір-бірлеп сыңдырайын! - деп көпіре сөйлеген Нақыпбек атын тебініп, Гүлбәнуді дырылдата дедектетіп әкеп, манадан үнсіз тұрған жігіттің алдына бір нұқып жалп етқізді.

- Әй! Есеңгіреп қалғаның не? Сіңірі шыққан кедейдің қызы деп менсінбей тұрмысың әлде? Құшағыңда тайдай тулағанда алғыс-рақметіңді үстіме қардай жаудырғанынды көрермін әлі. Ұста! Айырылма енді! Осындай реті келіп тұрғанда, еншілеп қал. Әйтпесе, ақауыз боп, босқа қағыласың. Тобырыңды мен білмейді деп пе едің. Сәурік айғырдай шұрқырап келіп, тебісіп, таласып, иектеп қуып кетер. Кетер солар! Бетмоншағың үзілмесін босқа! Сен мені босаттың. Мен саған қыз сыйладым. Құдай алдында да, адам алдында да бір-бірімізге борыш-карызымыз жоқ!

Нақыпбек соны айтып сыртқы тоңын салмақтандыра, сыздана шырт түкіріп тастады да, ат басын ауылға қарай туралады.

Жігіт бедеуін тебініп қалды.

- Отағасы...

Нақыпбек ер үстінде бір жамбастай бұрылды.

-Немене?

Ін ішінен қадалған әйнектей екі көз сығалана үңіліп өңменінен өтіп барады. Жігіт сәл тіксіне кірпік жыпылықтатып үнсіз жанаса түсті.

Насыбайыңыздан атпасам... тамағым кеберсіп...

Нақыпбектің өңі сәтте өзгерді. Жанарға күлкі нышаны жүгірді. Екі бет жайылып сала берді.

- Тағы бір насыбайымды да беріп кетер едім, әттең ол түскірің қиын орналасқан ғой. Жә, жарайды! Әйтеуір, елтіп қап, ұятқа батып жүрме. Еркек кіндіктің намысы бір. Айтпады деме, кер байталға шаба алмасаң, қос қоржыңды шақшаңды түп орнымен қиып алып, итке тастаймын!

Нақыпбек саптамасының қонышына қол созып, еңкейе бергені сол еді, қысқа сойыл жіті қимылмен жауырын ортасынан тық етті.

Нақыпбек қалбаң етіп, оң жақтан ат бауырына опырылып құлап бара жатты.

Жігіт жалмажан секіріп түсіп, ер қасына шумақтап асып қойған арқанын іліп алып, екі қолымен жер таянып түрегелген Нақыпбекті тізерлеп етпетімен салып алды да, таңып тастады. Маңдайдан бұрқ еткен терін жеңімен сүртті.

Қос атты жетектеп, Гүлбәнуге таянды.

- Қарындас, екі аяқтының бәрін жыртқыш көріп түңіліп кетпеңіз. Менің қолымнан бар келгені осы болды. Мынаған мініңіз де, көкеңізді табыңыз, - деді.

- Сіз ше? Өзіңіз не істейсіз?

- Білмеймін.

- Бірге жүріңіз. Маған ілесіңіз.

- Не деп ілесем? Ауылыңның ақ топырағын шығарып, шаңырағын ортасына түсірдім деп сүйінші сұрап барам ба? - деп жігіт қылғына жұтынып, теріс айналып, атының жалына жүзін басты.

- Жоқ! Сіз өйткен жоқсыз? Ондай емессіз. Мен айтам. Түсіндірем оларға, - деп Гүлбәну етегін қаға түрегеліп жігіттің қолынан ұстады. - Рақмет, құрбым!

Жігіт жалт бұрылды. Әлгіндегі қату жүзі құбылып кетті де, жасаңғыраған жанарды қыз назарына тіктеп қадай алмай бар разылығын бір-ақ білдіріп, тез-тез басын изеді.

- Анау... Нақыпбек... жата бере ме солай?

- Өлмес. Аяғын тұсап қана қойдым. Кешке дейін бір жетер. Аттаналық онда.

Екі ат тұмсық айқастырып қасынып қалған екен, Гүлбәну соларын бұзғысы келмеді ме, сай табанына құлдырай жөнелді.

- Тез бет-аузымды шайып келейін.

* * *

Қак төрде обадай үйілген ашулы сұлтан түксиіп отыр. Оң қолы беліндегі шолақ сапының балдағын қатты қысып алғаны сонша, сояудай тырнақтардың көбесінің қаны қашып, ағараңдап көрінеді.

Есіктен бас сұға берген Қатыранға шаншыла қарап, езуін кекжите қисайтты.

Қатыран сескене дір етіп, тоқырап тоқтады. Дәл осы жолы төресінің ишаратын дөп баспағанына намыстанғандай кібіртіктеп, ерсілеу жөткірініп, назарын жерге тігіп, қозғала қоймады.

Сұлтан қанталана қызарып кеткен бітеу көздерін қанша түйілте түйрегенімен, төлеңгіті, әрине, оны көрер емес. Содан соң демі дірілдеп, қатқыл үнмен жалғыз-ақ саңқ етті.

- Шал!

Қатыран елпек қақты. Аяқ басысы жер оятындай дүңкілдеп ұзап барады. Әне-міне дегенше әлгі тарсыл жүріс қайта жақындап, есіктен әлдекімді желкелеп, сүйрете кірді.

- Әкелдім, тақсыр!

Қатыран Тілеуқұл биді желкеден нұқып қалып, от орнына шөкесінен түсірді.

- Әй, сұлтанға имеген басты, құдайыңа иесің бе?

- Жарқыным, жарқанаттай жалпылдатып ес-түсімді қойдың ба? Бүктеп онда тықтың, суырып мұнда әкелдің. Желкелеп шөктірдің, бұйдалап бұқтырдың. Енді қылмаған тағы нең қап еді? Сұлтан болса, адам шығар. Айуандығыңды айтып алдынан өтілсем, айыбынды бетіңе басса, өзің қайтесің? - деп өңі қашып, тамырланған саусақтарымен селдіреген аппақ

сақалын тарағанда, екі көздің қарашығы жоғалып, ақ еті шағырланып шақшиып кетті.

- Әй, кақбас! Қажама! Құдайынды ұмытайын деген екенсің! Хан жарлығын орындамай, безе қашқанда қайда тығылам дедің? Мынау көшіңнің мәнін ұқтыршы! - деп Қатыран езудің қимылын баққан сергектікпен биді иықтан тізерлеп мытып-мығып жіберді. Онсызда ұнжырғасы түсіп, бордай сөгілген шалдың жұлын жота қабырғасы түгел бүгіліп, қалтақ тартқан басы ырғалып кетті.

- Айыптың мен екем, кінәмді қоздат! Хан бұйрығын тәңір бұйрығындай көретін қызметімді айуандық деп алашыңа алқалат! Солай ғой? Айтарың осы ғой, шал? - деп салмағын әлі де нығарлап тұрып, Қатыран кері серпілді.

Тілеуқұл еңсесін тіктеп, ауыр ырғалып барып, боз шекпеннің етегін астына қымтанып, көкіректен ұзақ күрсініп демін алды:

- Шырағым, мені әурелегенде не табасың? Жетпістен асып, тобықты шаңға қаққызғанда, қу дүниеден тұлдырсыз қаларымды біліп пе едім? Ендігі тосарым - басымды тығар көр мен жасымды төгер шер ғана. Төрең мен ханыңды да, мизамың мен заңынды да ұмыта бастаппын, - деп тоқтап еді, Қатыранның даусы зілді шықты.

- Қалай сырғытып барасың. Сонда мына түріңмен сен қақпас осы бізді кінәға жықпақ боларсың? Төрең мен ханыңды ұмытқанда, табарың кім? Айтшы осы тап казір! Білдірші бір ғана емеурініңді! Сол, соныңның өзін үйелменімен қоса өртейін! - деп от басын қамшының сабымен түртіп-түртіп жіберді.

- Шырағым, ер азығы - қанағат. Өрекпіме. О дүниеде де жаналғыш періштелер дәл сендей дікілдемес! Хан бұйрығы - тәңір бұйрығы дедің. Сырыққа құрық байлаған қастандықты соңыма салып, қанасынан асқан зорлықты бір бүгін емес бұрыннан өрбіткен сол ханың болған соң, табанымыз аумағанда не істейтін едік? Көне бер дегені - өле бер болып шыққан соң, діңкелеген ел басын алып қашса, жаны ашитын жүрек, қол созатын көмек іздегені шығар. Бауырды суырып, өтін шашқан зұлымдық анау... сонау ордадан

бастaлса, кіндігінен арқандалған ер-еркектің қорлығын қай күңіренуіммен тыя алармын? Қай сипауыммен жаза алармын? Жалғанға жанын бермейтін қазақ едік, бүгінде ар-иманды кез келген қамшының ұшына түйіп беріп, күніне мың өлумен құрыдық. Замананың сазы да улы. Ой-бойымды шірнеп толтырған сол күйіктің сен қай пернесін басқандайсың, мен қай ішегін шерткендеймін? Ендеше үндес күйге ұласармын деп мен дәметпесем, ұғындырам деп сен де әуреленбе. Қанымызды қасыққа құйып алып отырмыз. Жаудан да әрман жау болып өз қолын өз қоңын кесуге жұмсаған Болат ханыңнан да безіндім! Хан бұйрығы деп қазымырланып қолқамды суырған мына мысық мұрт төреңнен де безіндім! - деп қатты деміге сөйлеген Тілеуқұл би ентіге тоқтады.

Тырс етпей үнсіз отырған сұлтан құп-қу боп түсі қашып, бас бармақпен бір басып мұртының сол жақ шалғысын азуына тығып жіберіп қарш-қарш етеді. Қалш-қалш дірілдеді. Күн ұзын мүләйімсіп бүккен қаһарын сыртқа теуіп, бар ашуын түйілген қабаққа тез жиып алды.

- Сен, қазақ азығым да, мазағым да бір өзіңсің! Тоқтат былшылыңды! - деп ақырып жіберді.

- Мен тоқтармын, сұлтан! Күштеп, зорлап тоқтатарсың! Тәлтіректеген тіземе тезіңді теңдегенмен, сен не ұтарсың, мен немнен баз кешермін. Тасыңа басым міне, жебеңе төбем міне! Сүйресең де, түйресең де еркің! Аластап шығарғандарың адалдық болса, азаматтың қаны алақанында тұр екен. Қажып, талған күйімді ханға, анау Болат ханға өткізе алмағанда, қабаған иттей түксиген мына саған, сенің ағаң Батыр сұлтанға жеткізе алармын ба. Азап дүниесін арқалап жүрген еліңнің әлі-ақ азат күні де туар! Табар сонда тәңір талқысын! Тартар соған бар күнәң мен жазаңды! Түс қатқаның - тісіңді батырғаның екенін тұлабойымның сау-тамтығы қалмаған тыртығы мен таңбасы айғақтар сонда. Ел күйігінен күңіренген шер толқыны құдіретімен атойлап жетер! Жетер-ақ! Тістітырнақты сендерге, ханы мен төресіне, қатал тағылыққа қарсы зығыры қайнап өре көтерілер! “Кегімді әпер, өшімді қайыр, кесігіңді ата!” деп таразының

табағына салғанда не дерсің! Аруақ пен жұрт айбынданып келіп, бүтін елге бүлік салған хан-төресін алқымға алғанда: “Әділетім бар екен! Жақын деп жанымызға тартқанда, жаттан берер жау боп шыққан, анау ойраттан да асып түсіп жатқан жауызым, зұлымым осылар!" деп қанына қарайып үкім айтқан халқыңа не дерсің? Қапымды күтіп, қансыратып өте беремін деген арамың алысқа ұзамас. Ұзатпас-ау! Намысқа басып, жігерін жанып, сойыл-шоқпарын қара дауылдай үйіріп, шоқтай боп, төбеңе төнер ел қаһарын есіңнен шығарған екенсің! От басын сабалап, ауыл-үйді асты-үстіне түсірген сендерге, асып-тасқан сендердің содырлықтарыңа ат-сойыш табылмас дермісің. Аттан-айғайсыз-ақ бір ғана ышқынып, қайнап сіреcкен ашумен ақтарылып лап қойса, қанқырғынның көкесі сонда болар!

Қатыран шалды тартып-тартып жіберді.

- Тоқтат, төбет! Алжыған екенсің әбден. Қанқырғынды мен салдым, міне, былай салдым! “Тұрысатын жеріңді айт!” деп мықтылық таныттың ғой. Ал, онда түкпір қазысайық. Тіліңнен зәр тамып тұр екен. Осылай, қор ғып, жоныңнан таспа тіліп өшірейін үнінді! - деп ырс-ырс сілтеген қамшының екпінімен екілене сөйлеп жатыр.

Сұлтан жүзін жібітпей, қолын сермеді. Қатыран ентіге дем алып, қамшысын көтерген күйі көгеріп тұрып қалды.

- Естиік!

- Әй, сөйле! Тағы ашыла түс! Сүбе адамдай суырылып едің ғой әлгінде. Тым құрыса байбаламмен бақырарсың! Жамаушы болып, емші болып ел жыртығын түгендеген күйігіңді ақтаршы, көзімнің порапора жасы ағар ма екен?

Тілеуқұл ақсақал иегін көтеріп, Қатыранға қадалып өтті. Езуіне мысқыл күлкі үйірілді.

- Әй, бұқпантай! Көзіңе қорқыныш ұялапты-ау! Сылтау қуып, сеп іздейсіңдер ғой. “Сынға салдым, арылып қалсын” демексіңдер, ә! “Қан ноқтаны өзі киді. Тіл тигізді” деп ертеңгі дауды бүгін бітеп жатырсыңдар ғой. Түкпір қазысайық дедің. Сендердің сүмдықтарың түбірін қойып, сабағынан-ақ сорғалап

тұрған жоқ па еді. Зарға құлақ ілмеген, мұңға кеуде ашпаған, сырға жүз жібітпеген меңіреу құлқыныңа менің шырылым жаңғырық боп та тимес. Ендеше жаулығыңа желеу етер бір түйіңді мен ұстата қоймаспын. Сендер таба алмассыңдар. Бет-беделдің ары қашқан озбырлығынан мен дәметер не қалып еді? Айқай салып, ұран тастағаның - елімнің соңынан шұбырып ілесер, жамырап қосылар қарғысың мен қаскөйлігің болса, қуғын үстінде қан көмейлеген сол жұртымның тұяқ серіпкен бір әрекетін мен неге ту ғып көтермеймін! Ұрпақтан ұрпаққа неге өсиет қып қалдырмаймын! Шашыранды халқыңды қырып-жойып, қауымыңның қасіретін шабуыл-шандуылмен үдетсең, хан-сұлтан, сендерді де құдай табар. Бірлігін тілеген ағайын өз тірлігін қорғағанда, анау аламанға қарсы бармастан бұрын қара бастарыңның қамын күйттеген дәл сеңдердің қорқаулықтарынды қырқып тастар! Ес жиярлықтыным бермей, өстіп опыр-топыр жасай берерміз дейтін шығарсыңдар. Оларың өтпес енді. Жеткізбес! Мына сұмдықтарың тиер ел құлағына. Аппақ сүйек қып қырылып, қырғызып қарап отырмас! - деп, Тілеуқұл сұлтанға ажырая қарап, сөзін тамамдады.

Сұлтан сапының балдағын қысып отырған қолын босатып, мұртын бір сипап өтті. Сол-ақ екен тұла-бойын түгел діріл жайлады. Осы дірілден туындап, өршіп келе жатқан томырық ашулы зіл барын ұққан Қатыран әміршісінің жүзіне бір қырын тұрған бойда көз қиығын тұсап қапты. Екі беттің алдымен сұрланып, ізінше қарауытып, түнеріп алғанын көргенде, дәл қазір аса бір қатал кесім бұйырарын сезіп, қолын кеудесіне төсеп, иіле берді.

Сұлтан демі дірілдеп, тістене сөйледі.

- Бар, Қатыран! Жина елді! Қысас деді ғой. Болсын сонысы! Аямасқа бекіпті. Осынысы керек! Қарсы шығар қарекетшіл неме ғой. Қырық кеспек қарағай дайындат! Қырық кісіге балта ұстат! Өздері өртеп, өздері мына қалтақ шалдың күлін қалтаға салып әкеліп, қолыма табыс ететін болсын! Бар, тездет!

Қатыран ләм деп жақ жазбай, бас изеп, бұйрықғы шұғыл қабылдады да, Тілеукұлды көк желкеден бүре

ұстап, орнынан жұлқып көтеріп алып, аяғын әр жерден бір тигізіп сыртқа қарай дедектете жөнелды.

Үйді-үйге бір-екеуден кірген сарбаздар әне-міне дегенше қолына кетпен, балта ұстай алатын еркек-әйелді топырлатып айдап әкеліп, сызданып, қара-сұрланып қотан шетінде тұрған Қатыранның алдына шоқтай қып үйірді.

- Былай бас!

- Қайда барасың? Балаң жыламақ түгіл, шегі үзілсе де, тырп етші кәне!

- Шуламаңдар! Тыйылыңдар!

- Өшіріңдер дымдарыңды!

- Әбден хан-төресін тегіс ұмытып, көздеріне шел қаптап кеткен екен! Жаныңды сораңмен бірге ағызайын!

- Қадама сұғынды! Қайтпаған сесімді, сенің сұсың қайтарар деп пе едің! Қатын ашуланса, қазан қайнатар. Ха-ха-ха!

- Әй, өй, оңаша берер ме еді! Өзінің құшағы өрт болар-ау!

- Тұр былай!

Сарт-сұрт қамшы ысылына саңқ-саңқ зілді бұйрық, қатаң зеку араласқан соң жыртық иін, жамаулы шекпеннің астындағы бүлкілдеген жауырындардың қимылынан басқа үн мен дыбыстың бәрі су сепкендей басылды.

Қатыран ызғар шашқан өңін әлі де жылытпастан, білемдеп ұстаған қамшысымен саптамасының қонышын салып-салып қалды да, тамағын қырнады.

- Түгел жинадыңдар ма?

- Иә. Бәрі осы!

- Ешкім қалған жоқ!

Қатыран ду ете қалған өз тобырына алара қарап, жымдай қып үнін өшірді.

- Уау, халайық! Әбден асқынып бітіпсіңдер. Ауылға келген қонақ - қырықтың бірі Қыдыр еді. Сендер соны ұмыттыңдар. Жөн-жосықтан қалып, жондарыңды тікірейттіңдер. Меймандос елдің салтын тоздырып, қарақабақтанып есіріп алыпсындар. Соның үшін сендерге рақым жоқ. Жоқ!

Ақ бұйрықпен жүрген хан жігітерін қалай қарсы

алдындар? Ит арқасы қияннан шаршап-шалдығып келген ер-азаматына құшақ жайып, қол қусырып қарсы алудың орнына ит қосып, құс салғандай қарсылық таныттындар. Соның өзі мынау ауылды түп-түқиянымен жоқ қылып, өртеп, құртып жіберетін-ақ әулекі қылық. Бірақ сұлтан адамгершіліктен аттап өте алмайды. Өтпейді! Қауымым, халқым деп араша түсіп отыр. Өкпесін қабынтқан топас дөрекілігіңді кешіріп, кеңшілік беріп отыр. Жұрт қамын жеген сол адамның, мәртебелі сұлтанның қадір-қасиетін түсінбеген сен байқұстарға не дейін! Әттең, ақ ниетгі адал әміршіміз қолымды байлап қор қылмағанда шетіңнен дарға асып, аяқ-қолдарыңды бұтарлап кесіп итке тастар едім. Сұлтанның сөзінен аса алмаймын. “Адасқан момын елдің қойша дүркіреген бір әбестігін бетіне баса бермейік. Билігі басында жоқ бишара тобыр, бас шұлғып шыбындап, иек қағып изендеп үйреніп қалған ғой. Бұларды әу баста бүліндірген, шапқа түрткен Тілеуқұл би ғана. Бар бүліктің басы - сол қаудыр шал ғана” деді сұлтан. Соған мен де иліккендеймін.

Қатыран енді сөзінің ыңғайын құндағысы келгендей аз-кем кідіріп, жиылған топқа жағалай көз жүгіртіп қарап қалды. Үнсіз жиын қыбыр етпей, бас көтермей, оқшау күйді тосқан, қатты түйілген сыңаймен қатуланып алыпты. Қамшысын жыланша ирелеңдете сүйретіп, Қатыран салқын ызғар бүккен жұпыны шоғырға екі-үш аттап жақындады.

- Иә, сұлтан мені де иліктірді! Иліктірді де көндірді. Алқынған кеудеме уәж құйып, демімді басты. Сабырымды ұстатты. Ендігі айтарым: сендердің халдерің. Иілген басты қылыш кеспейді. Ұсынған қолды тұзақ шалмайды. Оны мына қателеріңді ұғынған түрлеріңнен танып тұрмын. Өткенге салауат. Тек қана өз бастарыңды енді өздерің арашалауға әрекет етіңдер. Сендер адастыңдар. Қатты адастыңдар! Адастырған - Тілеуқұл би! Көбіңнің жаның олжа. Сол жансызды араларыңнан аластап қуып, басқаға, анау сахара мекен, жайын даланың тағыдай шұбырған мол бұқарасына үлгі боларлық қайрат табыңдар. Сұлтан кесігі - Тілеуқұл бидің өлімі! Орындайтын сендер боласыңдар!

Осы тап қазір әрқайсың кетпен, балта алып қу томар, қарағай кеспек дайындап, бүлік шалды өз қолдарыңмен өртендер! - деп мойнын қисаңдата әркімге бір-бір қадалып өтті.

Тұрғандар дүр шайқалып қалып, бас көтере беріп еді, әлдебір күбір ақырын ғана әлдебір ерінді жыбыр еткізіп, жирендіріп естілді.

- Астапыралла!

Сол-ақ екен, тұс-тұстан ызалы, ашулы үндер бұрқ-бұрқ атылды.

- Құдай-ау, бұдан артық жауыздық бар ма!
- Адамды тірідей өрте дегені не сұмдық!
- Аяғаны осы ма?
- Өз қолымды өз кеңірдегіме салғызғаны ғой!
- Өз дегені өз басына келгір!
- Бала-шағасы дәл біздей шуылдап қалғыр! Құдай, бар болсаң, тура тап, ұзатпай тап!
- Ойрат та дәл былай ойран салмап еді!
- Тәңір хақ жібермес! Жібермес-ақ!
- Атар! Атар жасынын! Жайратар жауызды! Өңшең жауды!
- Би қайнағаны өлтіріп жан олжала дейді-ау!
- Өйткен жанының ішіне ғана с...

Қатыран иек қақты.

Жан-жақтан аш қасқырдай жалақтап қоршап тұрған жендеттер дырау қамшыларды құлаштай сермеп, саналы ызамен сар-сар кек атқан жұртты сарт-сұрт дүрелей жөнелді. Одан сайын ышқынған айқай-үндер екіленіп күшейді:

- Жанашыр емес пе едің? Әлгіндегі іші-бауырымызға кіріп кеткен мейірімің бір айналымға да шыдамағаны ғой.
- Ә, ә, тонаушы, талаушымын дегенің - осы дүрең, осы соққың екенін арқамызға айғақтай бер!
- Ақ үйіңе көк тігілсін! Көк тігілсін, жендеттер!
- Бізге салған ылаңың өз қара бастарыңа көрінсін!
- Дәл біздей боп зарлап қал, көмусіз қал! Көмусіз ғана!

Енді Қатыранды да дүлей ашу буды. Қатын-қалаш, кемпір-шалдың шарасыз күйде де шиыршық атып, серпіле түскен қайратын көргенде, шеке тамыры

білеуленіп мұрты тікірейіп шыға келді. Қасында тұрған бір сарбаздың найзасын жұлып алып, кесе көлденеңдете араласты.

- Солай ма? Сіресесіндер ме? Ендеше, мен сендерді былай үйретейін! Шұқып, шоқып, кескектеп үйретейін! - деп алдында теріс қарап желкесін беріп тұрған мосқал кісінің жыртық шекпенінен арқа етіне көк найзаны бармақ елі батырды. Анау ыршып кетті.

- Қиқаңдайтын кімің бар тағы! Сен бе? Сен бе? Ал, онда аянбайық! Кел! Қарсы кел! - деп тағы екі-үшеудің бетін, иығын тілгілеп қызыл қанды шып-шып шығарды.

Осыдан соң еріксіз дірдектеткен зорлық тірсектеп қуып, әлгі топты жыңғылды, бұталы өзекке айдап апарды.

- Қолдарыңа кетпен алыңдар!
- Әй, майлы бұтаны қырық!
- Қу шырпыны, қу шырпыны жина!
- Әй, қатын! Көз алдыңдағы томарды көрмей, қайда бұрылып барасың. Тілім-тіліміңді шығарсам ғой, тіліңді сүйреңдете жөнелесің! Томарды ұста! Томарды!

Шұбырған халықтың қимылы баяу. Жайшылықта сіңірлі шаруа қолында жарқ-жұрқ сілтенгенде жер қыртысын қақ айыратын жүрдек кетпен зілдей боп батпан байлап қойғандай әрең-әрең көтеріледі. Сылқ түсіп қиралаң ете қалады. Бұта бұтарлаған балтаның да батыл қимылы жоқ. Жүзі тасқа тигендей шың ете түсіп, тайқып соғады.

- Тездет! Қимылда!
- Бәрібір, өздерің өндіретін іс!
- Әй, ананы қара! Сорасын сорып отыр!

Манағы арқа етіне найзаның ұшы кірген мосқал адам Бұғыбайдың әкесі еді. Құлақшынының бір жақ құлағын ішіне жымыра баса киіп, жауырын ортасының әлі де тызылдап ауырып тұрғанына қарамастан, қылшылдаған балтасын жанына қойып, кеспектің үстіне құйрық басып, алақандағы бір шөкім насыбайды шекіп апарып танауға лық-лық атып, пырс-пырс түшкіріп отырған. Түшкірген сайын екі көзден боталаған кесек-кесек жас қыр мұрынның қос қапталын қуалай жүгіріп, екі ұртына сіңіп жатқан.

- Шіркіннің ұсқынының келісуін-ай!

- Әй-әй, өзі шалжиып отырып алыпты ғой! Шақшасын жұлып алып, бір періп жұрымын үзейін бе?

- Қой, байғұстың әбден мейманасы тасып отыр екен. Бір жасасын.

- Ха-ха-ха! '

Қабаған иттей жотасын тікірейтіп Қатыран әлгі екеуге тақалды. Аларып назарын тікті.

- Неменеге мәз болып қалдыңдар!

- Жай, әншейін. Анау неменің ұшқыны...жәрбиіп алып, өзіне сіздің қолыңыз батымдау тиіп кетсе керек...

Қатыран адымдай басып Бұғыбайдың әкесіне жақындады.

- Тұр!

Кенет, мосқал адам бір-ақ серпіліп атып тұрды. Тұрысы қандай жылдам болса, оң қолда жарқ еткен балтаның қимылы сондай епті екен... Қатыранның қылша мойнына зуылдап бара берді... Бара берді де қол да, қолдағы балта да серең етіп, жансыз қалып, сылқ түсті. Жылан зәріндей ысқырып келіп тақыр қолтықтың астынан сарт етіп қадалған қарағай сапты ұшқыр жебенің күшіген қауырсынын жалғыз ғана сипауға шамасы зорға жеткен пақыр, көзіндегі жиреніш толы ащы уытты жендетіне қадаған күйі шалқалап барып құлап түсті. Құлап түсті де, желкесін құмайтқа шаншып, екі өкшелеп тиянақ іздеп, тырбаңдаған қалпы қалш-қалш селкілдеді. Қолқадан түйдек-түйдек ірімтіктеліп келген қоймалжың қанды сол жақ ұртынан сау еткізді де, кірпігі кең ашылған қату жанарды түпсіз аспанға ұзатып, біржолата тыншу тапты.

Қатыран жансыз денені етігінің ұшымен серпе итеріп етпетіне аударды. Бұрылып серіктеріне бұрылды.

- Қайсың аттың?

Қыбыжықтаған екеу жауап бере алмай, бір-біріне жапақ-жапақ қарады. Ақыры қос жауырын садағын қолына ұстап тұрғаны күбір етті.

- Мен едім, тақсыр! Сізге балта сілтеген соң...

- Дұрыс! Бір тайың мойнымда!

Анау сәтте өзгерді. Жүзіне қан жүгіріп, күлмең қақты.

- Апырай, десе! Бұл иттерге сенім бар ма? Өлмелі кәрісіне дейін өлермен. Сіз жақындай бергендегі түрін көрмедіңіз ғой. Үндемей қабатын кәрі төбеттер болатын. Сондай кекшіл келеді өздері. Сыңайын бағып қалдым да, жалмажан адырнаға сарыжасынды тіреп...

- Болды! Малтаңды езе берме!

- Ә, ә, иә... Рақмет! Тайыңызға... пейіліңізге рақмет!

Әр жерде бір бытырап отын дайындап жатқан жұрт бұ кезде жым-жырт боп тұрған-тұрған орнында қалшиып қатып қалысып еді. Қолдан келер дәрмені болмаған соң, сағы сынған кеуденің тағы бір жазылмас жарасына уланып, үрпиісіп іштей бармақ тістейді. Осы кезде өзектің табанынан шарқұрған дауыс аңырап жетті.

- Арысым! Алғаным-ай! Арманда кеттің-ау! Қор болып, қапыда қан қаптың-ау... Ай-й-й!

Кимешегінің етегі шұбатылған, аяқ-қолы асыққан, жанұшырған жанның карекетін танытқанмен, босаған буын-буыны тәлтіректетіп, жоғары өрмелеген кемпірдің бар қимылын тұсап қойғандай, өндірмейді. Далақтаған етек-жең жыңғылға оралып дар-дар жыртылып, табан астындағы кебір топырақ суылдап сырғып, өкпесі өшкен сорлыны титықтатып жатқан соң, жақын тұрған бір келіншек жетіп барып қол созды. Сүйеп әкеліп, сұлап жатқан отағасының қасына тізе бүктірді.

- Алғаным-ай! Бізді кімге қалдырып кеттің? Сабағыңнан үзді-ау! Сорлатты-ау! Сормаңдай боп қалдым-ау!

Бас салып күйеуінің кеудесін көтеріп құшағына қысқан кемпір гөй-гөйін аңыратқанда үнсіз селкілдеген иықтар көбейіп кетіп еді, алқымға тығылған ауыр, кесек жастың түйнегі әлдебір көмейден жалын боп төгілді.

- Бауы-ры-ем-м?

- Арыс-ы-ем!

- Не, жазығымыз бар еді? Бүйткенше түгел неге қырылмаймыз! Таста! Тастаңдар!

- Өлтірсін! Қырсын! Бұдан артық қай қысасы бар еді!

- Алмаңдар! Тындамаңдар!

Балта, кетпендерін лақтырып-лақтырып тастап, мәйіт жатқан жаққа шұбырған жұрттың екпіні Қатыранның жүрегін шайлықтырса керек, жігіттерін жиып алып оқшау ығысып барып тұрды.

Сол алғашқы қарқынмен дүркіреп жеткен топ тағы бір құрбанын қолдаса көтеріп алып, ауылға қарай азан-қазан шуласа ұзап барады.

Қатыран жігіттерін жұмсап, қалған жұмысты өздері тындырды. Құшақ-құшақ қу бұтақ, шайырлы шытыр, кеспек томарларды арқалап апарып, қотан шетіне тау ғып үйгізді.

Күн талма түс. Шыжып барады. Тотыққан, күреңіткен жүздерде жылтырап тер білінді.

- Алдымен ауқаттанып алалық.

Жалпылдақ отты жағалай лаулатып, қаз-қатар тізіп тастаған қазан жаққа қол сермеді де, Қатыран ақбоз үйге беттеді.

Сұлтан басын көтерген жоқ. Түрілген іргеден айналадағының бәрін бағып жатқан ба, төлеңгіт табалдырықтан аттасымен екеуіне ғана кәнігі ым-дым белгімен үнсіз сауалдың бірін иек қағып қана шығарып тастады.

- Оқыс жағдай болды, тақсыр. Тап осы жолы бізден кінә жоқ. Бас қорғадық. Епте ауа тиіп... бұ шіркін немелерге қанша айтсаң да, құлақтарына кірер ме... Жаза баспа, мүлт кетпе деп құдайдың құтты күніне зарын қылсам да... Ә-ә, қысқарт дейсіз бе? Қолынан... балта көтерген қарынан көздеп... жебені қос өкпеден қадап алыпты... Әйтпесе, шу шықпас еді. Отынды дайындадық.

Күн қызуы қайта жаршылар ауылды аяғынан тік тұрғызды. Топырлатып тағы да қотан үстіне үйірді. Ал... анау шетте қораланып үйілген қу томар төбедей төңкеріліп тусырап жатыр.

Сұлтан тысқа шықты. Дөңестеу жерге текемет жайылды. Бөстек тасталды. Сұлтан жайғасты.

Қатыран иек қақты.

- Әкеліңдер! Төбетті жеткізіңдер!

Тұрған жұрт ішін тартты. Әлі де болса үміт сауған жүздер жан-жаққа, қыр-қыратқа мөлиген көздермен үңіле тіміскілегенімен, дәл қазір сап етіп

келе қояр жәрдем үні естілмеп еді, ғайып тылсымы тіл қатпап еді. Томсарған жүздер содан соң төмен бұғып, иық-иықтың тасасьша сұғына кіріп бара жатты.

7

Қалың жылқыны еңістете құлатқан жылқышылар ауылға айдап апаратын сауын биелерді төмен беттетіп жіберіп, жайбарақат әзіл-қалжыңға басып келе жатыр еді, қарсы бөктерден құйғытқан шаң көрінді.

Түлекбай оң жақ қапталында үзеңгі қағыстыра күле сөйлеп, астындағы желқайықтай ескен тұрқы ұзын жал-құйрығы сүзілген айғырының басын тарта жанасқан Бұғыбайдың иығынан ұстай алды.

- Әй, қатты келеді-ау! Қатты келеді!

- Пай-пай-ой! Көсілтулерін! Мынау дәуде болса, қыз алып қашқан жігіт! - деп, жайдары жүзіне қуаныш тоғытқан Бұғыбай сығырая қарап тұрды да. - Ойбай-ау, анық қыз бен жігіт! - деп айқайлап жіберді.

- Тегін емес! Өздері бері қарай салды. Әй, анау Гүлбәну ғой! - деп қарыңдасын танып калған Түлекбай атын тебініп ілгері лықсытты.

- Сол екен!? Апырай, соңда анасы кім? Астарындағы жүйріктері де бөтен... Әлде.. - деп қуыстанған Бұғыбай іркіліп кейіндей берді де, әлденеге тез ширығып айғырдың бауырына қамшысын көміп-көміп жіберді. Лып еткен арынды жануар есік пен төрдей алда бара жатқан Түлекбайды басып озды. Екі етегі жалпылдап шапқан Бұғыбай түк көрер емес. Құлақ түбінде күшті ағыстан туған зуылдаған жел екпінін жүрегінде ойнатып, қарсы ағызған екеудің тұсынан өте берді де, айғырды сыңарезулете бұрып, қайта қосылды.

- Гүлбәну! Жөнінді ғана білдірші! Білдірші, Гүлбәнужан! - деп айғайлап келеді.

Әлгілер жүрістерін баяулатып, тізгінді шірене тартып, шалқайыңқырап тосып қалған-ды. Бұғыбай демігіп, ысылдай ауа жұтып, айғырын аспанға шапшыта, орағытып тоқтатты.

- Бұ не жүріс, Гүлбәну? Қасыңдағың кім еді?!

- Бұғыбай!

Жігітті аман-есен көргенде қыздың күні бойы сіресіп тұрған бүкіл жүйе-жүйкесі түгел босап, қалай еңірегенін өзі де сезбей қалды.

- Не болды? Кім тиді? Мынауың кім? Атты қайдан алдың? Неге жыладың? - деп түйдек-түйдек сұрақты қардай боратқан Бұғыбай ат үстінен ұмсынып келіп, Гүлбәнуді ту сыртынан қаусыра құшақтады. Жігіттің жылы құшағына кірген қыз одан сайын еңіреуін үдетті.

Сол екі ортада Түлекбай да, басқалар да жетті.

- Гүлбәнужан, жайшылық па?
- Апырай, ауыл аман ба?!
- Мына біреудің түсі қандай бөтен еді!
- Әй, кімсің өзің?
- Тіліңді тістеп алғанбысың?

Көз жасы күркеленіп мөлдіреген Гүлбәну ықылық атып тұрды да, әлі де Бұғыбайдың кеудесіне басқан бетін көрсете берді де, бір ғана, жалғыз ғана сөзді ерні кемсеңдеп әрең айтты.

- Жа-ау-у!
- Не дейді! Рас па?
- Сұмдық-ай!
- Қанша екен? Көп пе? Кімдер?
- Енді не істедік? - дескен үзік-үзік үндер жамырап, күдік пен үмітті арпалыстырып тіл ұшында ызыңдап барып басылды да, қайта даурықты.
- Гүлбәнужан, дұрыстап айтшы. Қашан келді? Қарасы қанша? Жай жүргінші, жолаушылар емес пе?
- Немене дейді? Кәдімгідей шабуылдап тиісті ме?
- Кісі өлімі болды ма?
- Өзің қалай кеп қалдың? Қайтып құтылдың?

Манадан бейтаныс жігіттің атының тұмсығына сұр бедеуін көлденең тіреп, шылбырдың сағалдырықтағы ұшын қамшының сабымен іліп алып, қолына қысып ұстаған қара мұрт Разақ үндеместен тебініп қалып, ананы жетектей жөнелді. Түлекбай соңдарынан ілесті.

Үшеуі арқан бойы үзап барып, дөңгеленіп тоқтады.

- Ал, түсіндірші! Ұқтыршы мән-жайды! - деді жылқышы.

Жігіт бар жағдайды тез-тез баяндап өтті.

- Сен өзің ауылда болдың ба? - деп тістеніп алған

Түлекбай қабағын қатты шытынып, көзі жасаурап еңкейе түсті де, кенет тізгінін жұлқып қап, ат басын шошаң еткізіп кекжитіп, жігітке омыраулата жақындады.

Разақ зекіп жіберді.

- Тоқта, Түлекбай! Жынданғанбысың?

- Жынданбаған нем қалды? Бұндай күйдегі түзу ақыл-естің не қадірі бар еді, Разақ аға! - деп жылқышының ажарына жалт етіп назарын салған Түлекбай ананың да өзгеріп кеткен түсінен сескеніп, іле бой бақты. - Не амал қалды?

Разақ үзеңгідегі аяқтарын бір босатып, бір тіреп қозғалақтап тұрды да, тамағына тас тығылғандай булыға қылғынып, кебірсіген таңдайдан сілекей аулап, түкірігін жұтынды. Жұдырықтай жұтқыншағы жоғары-төмен жүгіріп барып тоқтады.

- Шырағым, түсі игіден түңілме деген. Жап-жас бала екенсің. Көңлің таза болмаса, өз тобыңнан жерініп, безіп шығар ма едің. Ал, Гүлбәнумен қалай ұшырасып жүрсің?

- Жаңа айттым ғой. Сұлтанның “құрсақ қысасы” деген жазасы бар. Кеше еру болғанда жұрттан бұрын көлге түсем деп... Сұлтанның шомыларын білдік пе? Ақыры ашуланып... суды лайладың деп мені байлатқызып тастады.

Түлекбай жігіттің қолынан ұстай алды.

- Сонда бір көлдің суы жалғыз сен түскенге лайлана ма екен? - деп нанар-нанбас боп тұр.

- Әрине, лайланбайды. Бірақ қоластындағы жігіттерін бір сылтау, бір желеумен жазалап отырмаса, ішкені бойына тарамайтын болса керек Батыр сұлтанның інісінің.

Разақ килікті.

- “Құрсақ қысас” деймісің? Естімеген нәрсем. Сонда қалай жазалайды?

- Ол ма, ол - аштан, шөлден қатыру. Қол-аяғынды таңып тастап бір күн, бір түн тамақ пен қымыздың ортасында ұстайды. Көз алдындағы сусынға қолың жетпеген нағыз қорлық екен.

- Жә, қысқарта сөйле! - деп Түлекбай күнге қарсы қараған көзіне қызғылт ашуын қайта жинады.

- Өткен түнде қосынға бір атты адам келді. Содан көп ұзамай сұлтан жігіттерін атқа қондырып, тартып-тартып берді. Қосты күзетіп, таңулы мен қалдым. Әбүйір болғанда қазықты бос қаққан ба сүт пісірім әуреленіп отырып қолымды босаттым. Содан қымызға бас салып...

- Тағы ұзап барасың...

- Қол-аяғымды босатып, сұлтанның ордасына кірсем, от басында біреу домаланып жатыр. Әлгіні босатып алдым. Сіздің ауылдың Нақыпбек деген адамы екен...

- Нақыпбек!?

- Нақыпбек дедің бе?! - Түлекбай мен Разақтың дауыстары ілесе шықты.

- Иә! Сол айтты: “Сендерді ‘әдейі іздеп келіп, көрсеткен қызметім үшін аяқ-қолымды қыл шылбырға будырдым” деп.

- Неге іздепті?

- Тілеуқұл биде кегім бар дейді.

Разақ демі үзілердей сілейіп тұрып қапты, ат үстіндегі қомақты денесі дір-дір етіп селкілдей жөнелді.

- Осыдан қолыма түсермісің, түспеспісің! Жауыздық өз арамызда, өз ортамызда жүріпті ғой. Әттең-ай! Күншілдік, бақталастық ит әлі де шәуілдеп үріп ілесе бергені ме? Айналып қалмай, ай жаңғырған сайын жаңаланып, жалақтап жанымыздан сүмеңдеп қалмағаны ма? Асармын! Асармын-ақ өз шаңырағына! Бықсыған, бүксіген сасық кеудесін жайратармын!

Осыдан кейін бір жерге кеп аттан түсіп, бұлақ басында бас қосқан топ кеңес құрды.

Іштеріндегі жасы үлкені де, жөн-жобаны білетіні де - Разақ. Қазіргі ақылдасқан жиынды тегіс өзіне қаратып, түкпірлі сөздің түйінін іздеп, әркімге бір көз жанарын төңкеріп өтті.

- Жә, не істейміз?

- Разақ аға-ау! Бәле, не істеймізіңіз қалай? Не істеуші едік. Тік тұрып, түгел атқа қонамыз да, лап қоямыз! - деп жас қызуымен жалындап алған Бұғыбай бір тізерлеп отырған орнынан лып көтеріліп, қамшысын білемдеп қойды. Құрдасының қиынды оңайлатып, алысты жақындатып жіберген ұшқырлығы Түлекбайды

да тез шарпыды. “Е бәсе! Қиналатын не бар. Дүрілдетіп түре тиіссек, кім бет қарай алар екен” дейтін ойға іштей ойысты да, бұ да шұғыл жауапты айтып қалды:

- Бұғыбайдікі дұрыс байлау! Анау еді, мынау еді деп бүгып отырғанымызда ауылда бүтін уық, сау бас қалмас! Осы қазір ат құйрығын шорт байлап, аруақ-құдайға сыйынып бір тәуекелге басайық! Сөйтейік, Разақ аға!

Разақ үнсіз қарап басын изеп отырды да, ащы мысқылды мұрт астынан бүлк еткізді.

- Ал, сөйтейік! Сонда құралды-қарулы жасанған жау әп-сәтте ұйпап тастасын. Ұйпап тастасын да кемпір-шал, бала-шағаны одан сайын зар илетсін. Осы ма сен екеуіңнің байлауың?

- Ұйпап тастау оңайға тимес. Бізді сонда шыбық санайсыз ба, әлде қуыс қурайға балайсыз ба? - деп өрекпіген Бұғыбай әлі де ой тоқтатпай, білек күшіне сенген батылдығын көлденең тосты.

- Естідің ғой әлгінде. Олар елу жігіт. Қара мылтық. Көк найза. Ақ сауыт, көк кіреуке. Солар сенің жыртық шидем, жалаңаш кеудеңе, дырау қамшы, тал құрығыңа төтеп бере алмас. Ал оңда, қазір аттан! Қырып-жойып алып кел! Қуанбасам, көзіме қан толсын! Алда-жалда іргеленіп барып, қорғаланып құлап-құлап түссең, істі насырға шаптырып алып тағы арандаған ылаңға мый-ұйықтай былықсаң, қол созар кімің қалады, арқа тірер нең қалады? Анау бүлінген елдің дәл қазіргі бар үміті - біз. Медеу боп, асқаралы тау боп еңсесін тіктеп ұстап отырмыз. Біздің осында жүргеніміз - сұлтанның да, басқасының да қолын тұзақтап тұрғанын неге ұқпайсың. Онан да қапысын табар, белін сындырар бір білік көрсетер ме десем, одыраң-одыраң өрекпіп барасыңдар, - деп Разақ күйініп, жерлеп тоқтады.

Бұғыбай әлгіндегі қарқынынан бәсендесе де, шеттеу отырған Гүлбәнудің алдында біржолата бұғып, ығысып қалуды ретсіз санады.

- Сонда бұқпантай ойнағанымыз ғой. Мына іркіліп, тартынуымыз дәл сол тайғақсу, анық үрейлену емес пе. Әр саққа бір аяңдап, әр тұстан шаң берген елесті қуайық та отырайық. Сол қиял құрық салғызар ма екен? Сол елес ұстатар ма екен?

- Бопты! Сенің зіркілінді тыңдар шамам жоқ. Босқа созып, уақытты оздырма, - деп Разақ үдеп бара жатқан жігітті саңқ етіп тойтарды да, манадан үнсіз отырған серіктеріне жағалай көз жүгіртті.

- Неге үндемейсіңдер? Не таптыңдар? - деді.

Ентелей ырғалып қалып, көтеріле қомпаңдасып қалып, әлгілер елгезектік танытқанымен араларынан суырылып сөйлей жөнелетіні шыға қоймады. Өз бетінше ештеңе тындырмай көбіне көп сөзуар, алғыр ағалардың қабақ- қасымен қимылдап келген байғұстар табан астында былай жасайық дейтін ақыл-кеңесін ұстата қоюға жоқ.

Разақ соны сезді.

- Жарайды. “Шаштым, бердім!” дейтін тастай алмай жүрген жанымыз жоқ. Сол жанды және қимаймын деп жалт бұрылып кетер жайымыз тағы жоқ. Кек жолында кеңірдек қиылып, кеуде тесілетін. Соған барармыз. Енді мені тыңдандар. Қолдағы бар қаруды тегіс жинаңдар. Кешті тосайық. Күн қапысы - түн қапысы емес. Жау көптігімен, шоғыр-тұтастығымен сескентсе, біз айла-амалымызбен дес қылайық, - деп бір ойын тарқата беріп тоқтады да, шақшасын шығарып, ерін астына бір шөкім қышқылтымды салып алды. Тамсана сорып отырып үнсіз қалған жиынды аузына қаратып біраз бөгелді де, шырт-шырт түкіріп тастады. - Назар, сен қасыңа екі-үш жігіт ертіп бір қос жылқыны сам жамырай осы арадан айдап кетіп өзекті бойлай ауыл сыртынан дүркірете қуала. Дабылың мен дауылпазың бір тынбасын! “Жау қашты! Қыр! Жой! Аруақ, аттандарың” бүгін түнде жеті қат көкке жетпесе, жігіттеріңе үлкен мін! Сендерге табыстарым осы! Ауылға бірақ кірмейсіңдер! Сендердікі қара көбейтіп, үрей туғызу.

Ал біз - қалғанымыз ауылға өкпе тұстан тиеміз. Сенетініміз - ұшқырлық Ес жиғызбай тұс-тұстан төніп келген әзірейлідей бейқам басып қалсақ, құдай істі ондар. Қане, осыған әумин дейік!

Жапыр-жұпыр көтерілген қолдар қаракүрең жүздерді сипай-сырғанай жылжып, қайтадан тізелерге сылқ-сылқ түсті. Әлі де ой-байлауына күмәнді отырған Разақ Түлекбайға бүкіл денесімен ошарыла бұрылды.

- Түлекбай інім, сен атқа қон! Жон-жонға шығып, жан-жақты қарайла. “Өлмегенге өлі балық” деген. Құдай айдап жүргінші-жолаушы, көш-керуен кездесіп қалмас па екен. Хан-сұлтанға деген іште байланып қалған кек-қызыл соларды қасымыздан тапқызар-ақ. Тапқызар! Өстіп те бір амалдайық, - деп орнынан тұрып, етегін қақты.

Осыдан соң бір тайды алып ұрып жайғап тастаған жігіттер ас қамына кірісіп кетті.

Бұғыбай жерошақ басында қара бұрымы ірелендеп, тамақ әзірлеп жатқан Гүлбәнуді көз қиығымен ішіп-жеп, қанша құмартқанымен оның да өз еншісіне тиген шаруа-қарекеті болатын. Айғырын қаңтарып тастап, бөлектеу тұрған манағы бейтаныс жігіттің бүйірінен түртіп қалып, “соңыма ілес!” деген белгісін шошандаған сұқ саусағының қимылымен білдірді. Екеуі көз көрім жердегі аңғарда өскен шілікті бетке ұстап, ұзап барады.

Бір кез жігіт Бұғыбаймен қатарласты. Анау болса қасындағы жігіттің жұлығы тесілген етігінен көрінген шұлғаудың көлденең кездескен түбір-тұқылды түгел түгендеп, іліп қалып келе жатқанын көргенде, еріксіз езу тартты.

- Атың кім сенің?
- Қуантай.
- Дұрыс, Қуантай. Нешедесің?
- Он жетіге толдым. Сен менің бойыма қарама. Тұқымымызбен шарға бойлы екенбіз. Бірақ бірме бірге келгенде ешкімге ақы жібермейтін өжеттігіміз ғаламат деседі, - деп тату тіл қатқан құрбыға жадырай қарап, балаң жігіт алғаш рет ақсия күлді. Күлгенде ақ тістері түгел көрініп, Бұғыбайға біртүрлі ұнап кетті.
- Оу, өжеттіктеріңнің ғаламаттығын өзің ғана білемісің, әлде өкпесіне қадалған шеңгеліңнің тегеурінін көрген өзгелер мойындай ма? - деп Бұғыбай дықсыз қалжыңдады.
- Жоқ! Әжем айта беруші еді. Менің әкем тіпті аласа болыпты. Өзім көргем жоқ, екі жасымда барымтада жүріп өліпті. Сол кісі, әкей марқұм, шауып келе жатқан атты құйрығынан ұстап тоқтатады екен. Содан Мықболат атаныпты. Сірә, соған қарағанда

мықтай-ақ, шегедей-ақ болғаны ғой! - деп Қуантай күлер-күлмес пішінде серігіне қиғаш қарап назар аударды.

- Әй, әй жарайсың, Қуантай. Мықболатқа да, одан туған саған да алғыс-рақметім таудай! - деп қолтоқпақтай ұланды қаусыра құшақтап, кеудесіне көміп жіберді. Қуантай опыр-топыр бұлқынды.

- Жібер! Жібер деймін!

- Әу, неге туладың?

- Бас жоқ, көз жоқ жігітті жігіттің құшқанын қайдан көрдің?

- Оу, көңілімді білдіргеніме де жазықтымын ба?

- Соншама сен масайрайтындай мен саған ештеңе өткізгем жоқ, - деп қызарақтап қалған Қуантай еңкейіп отыра кетті де, етігін шешіп, шұлғауын қайта орап киді.

- Апырай, дос-ай, мінезің қатты екен. Құшағыма қыссам, қойнымды ашқаным шығар, - деп Бұғыбай да тізе бүкті.

- Өткізіп қойған түгім жоқ. Саудамен дос жияйын дейтін ниетім тағы жоқ! - деп Қуантай өкпелеген баладай бұлтиып теріс айналды.

- Ай, саппас! Ойпырау, сен менің жарық дүниедегі ең қымбаттымды - Гүлбәнуімді құтқарып алып келмедің бе! Одан артық қай жақсылық күтуші ем! - деп Бұғыбай ақтарылды.

- Гүлбәну... Рас па? - таң-тамаша қалғандай аңтарылып отырып күліп жіберді. - Әй, иә! Саппаспын! Ойбай-ау, күні бойы “мынауың кім, мынауың кім?” деп тақылдап қоймап едің. Е, бәсе, сонда-ақ ұқсамшы! Ал онда, Бұғыбай, мә қолым! Достыққа достық - қарызым. Сен жайған құшақты, мен де жайдым!

Бұғыбай ырғып көтеріліп, Қуантайды да қолынан тартып тұрғызды. Содан соң бір аттап шегінді де:

- Кел! Төсті төске тигізіп, шарт-сертті мықтап бір түйейік, Мықболат әулеті! - деді.

Қуантай да құшағын айқара ашып, ақкөңіл аңқылдақ мінез-қылығымен баурай бастаған Бұғыбайға аса риза болған ниетпен достық пейілді риясыз қабылдады.

Екеуінің ендігі әңгімесі тату құрбының шын сыйластығына ауысты.

Бүлдірген иісі аңқыған көк шалғынды кеше құлдай дедектеген екі жігіт шілік-талдың арасына сүңгіп кетті.

- Қуантай! Шоқпар боларлық майысқақ, солқылдақ жасын таңда! Оу, сындырма! Қап! - деп Бұғыбай ренжи беріп, күліп жіберді. - Түбірімен жұлу керек. Сонда салмағы да, зәрі де әндемді болады. Міне, мынаны көрдің бе. Менің жұдырығымдай бола қоймағанымен сенің жұдырығыңнан кем емес. Қарудың көкесі осы. Екі құшақтай әкетсек, жігіттердің әрқайсысы бір-бірден тақымға қысар.

* * *

Разақ жас еттің иісі мұрнына келгенде, ойшыл жүзден тез ауытқып сергек түрге еніп алды. Кең иық, зор кеудесін тіктеп, қалтасынан бәкісін шығарып, көк сұр тасқа жани бастады.

“Қолыма бір берсе! Құдай-ау, зар тілектің біріне жеткізсең, осы бүгін түн Нақыпбектің кеңірдегін колыма ғана тигіз! Өзге өзгенді қаламаймын! Өз қанын төккенде, өз құлқынын тойғызар мешкейлік жауыздықтың төркіні болғаны ма? Бұраң сай, ұрымтал тұсы мол жырындылық қарпып асап қалайын дейтін өңезеліктің иек артпасында тосып отырғаны ма? Сән көрмегенге мән бермей осылай таяқ асты, қамшы ұшында маңдайға тиген соққының есеңгіретіп жеткен дығымен ғана ой жүгірткеніміз бе? Құйындатып, қара борандатып қасқайып келер жауыздыққа дағдыланып алып, жұлынқұрттай іштен кемірген жылбысқылықты ескермейміз-ау. Енді болсын! Көрермін!” Ой ширық-қанда жалғыз басты шаппа көк сұр тастан от шығаратындай жылмаңдап барады. Бармақтың тырнағына жүзін тигізіп көрді де, қыбы қанғандай ыңыранып алды. Түйе жапырақты бырт еткізіп жұлып бәкісін сүртті. Екі бүктеп жауып, орамалына орады да, саптама шоңқаймасының қонышына сүңгітіп жіберді.

Шырт еткізіп тіс арасынан сыздықтата секіртіп түкірді.

- Берер! Бір тілекті көп көрмес...

Құшақ-құшақ тал көтеріп келген Бұғыбай мен Қуантайдың қолынан бір-бір солқылдақ шоқпардан бөліп алған жігіттер тап бір бұқар қара мылтығын асынғандай қауқылдасып, ірілене қызынып, желп-желп етіседі:

- Әй, енді бір айқасып кеп кетсек, талай шеке бұрқ етіп қан атып, талай тобық шығып, сынып түсер-ау!

- Бәсе! Қасқырдан қашқан қояндай бұтаға тығыла бергеніміз жетпеп пе еді!

- Әй, Пірәлібек, ойбай-ау, қолынды кім тұсап отыр! Соны, сол мықтылығынды осы қазірден бастасаңшы!

- Жә, сенің де асып түскенің белгілі еді ғой. Қыт-қыттауға жеткізбейсің. Қайнаған зығырданымды суытпа босқа, суытпа!

Разақ күрсініп қалды. Мынау алақандарына түкіріп, құлшынып тұрған жастарға сүйсінгенімен, артын ойлағанда іші мұздап қоя береді. “Ал, екіленді. Тақымға шоқпар қысты. Зығырданын қайнатқан қорлығы үшін кегін қайрап лап қойды. Қорғасын оқ, темір масақ сарт-сұрт қалып, осынау ісініп-қабынған кеуделерді шұрқ-шұрқ шабақтаса, көктей солған жиырма шақты өрімталдың обал-зауалы кімге? Қасқырша өз күшігін өзі жеген жендеттік жасамаймын ба? Ал сонда бұға бергеннен не береке шығады? Осылай әр ауылды бір шауып, ағайын-қауымды талап-тонап, қырып-жойып еліріп алған хан-сұлтан одан сайын ашқарақтана түспей ме? Ел бірлігін діттеген ұлдары бар болса, шаңырағын кдйта көтерер білікті ерлері табылса, онда... тап онда бүгінгі әрекетімізді ескермес пе? Құрбандығымызды қадірлемес пе? Өгейлік еткен тағдырға өлімімен өктеп шыққан өз тәнім, өз бауырым деп бүкіл далаға жар салып, ұран тастамас па? Көп көңілінде тығылып жатқан шоқ-шоқ намысты қоздатпас па? Сөйтер. Ендеше, тайқымаспыз. Кері бұрмаспыз ат басын. Бұрылмаспыз. Жарым жолдан қайта алмаспыз”...

Гүлбәну бөлектеу отыр. Бір тізесін көтере иегін сүйеп алыпты. Сәл жұмыла түскен көзін саңылауландырып, кірпік арасынан жігіттерді үнсіз бағады. Бұрын бұйығы, жуас көрінетін өз ауылының

қатар құрбы бозбалалары бүгін өзгеріп кеткен. Белдерін тарға буып, иықтарын қомдап, еңселерін тіктеп алыпты. Қазіргі ширыққан түрлері де жайшылықтағы күле қарайтын, ұяла бұрылатын мінездеріне түк ұқсамайды. “Апырай, сонда ажалға қарсы ұмтылған адамның тез өзгеріп, ерекшеленіп кететіні неліктен екен? “Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып” ертегілерде қабағына қар қатып, ат ойнатып шығатын батырлар осылардан артық па? Сонда тұлпарын тулатып, кекілін суылдатып қасқая тартып беретін ерлерді құдіреттендіретін намысы болар. Анау Бұғыбай”...

Бұғыбай болса өзіне сынай да, сүйіне де қараған ыстық жанарды сезер емес. Құлаш ұзын шоқпарын жып-жып аршып, ысқылап сүртіп, қасындағы Қуантайға әлденелерді күбірлеп айтып, жымындап күліп қойып отыр.

Гүлбәну көзін жұмды. Кірпік ұшынан домалаған шық тамшыдай бүртік жас етігіне тырс етіп тиді. “Түлекбай кешікті-ау. Құдай иіп жолы бола қойса ғой! Ел-елді аралап, сауын айтып жүрген Бөгенбай батыр бар деуші еді. Сап етіп, Қыдыр айдап кездесе қалар ма еді?.. Ой бір, әнге басар еді-ау онда. Бұғыбайға уәде бермеп пе еді! Тындар еді. Күлімдеп қарап, аузы ашылып, ақсия күлер еді! Ауылды ән-күйге бөлеп, ай астында алтыбақан құрар еді! Әткеншекке Бұғыбай екеуі катар отырып алып, шірене тербеп, небір сырды, небір түйінді түйдек-түйдек ағытар еді! Ой, сонда мынау тыпырлаған боз торғай жүректің қуаныштан лықсып кеп алқымға кептелгенін балбұл жанған жүзімен, нұр шашқан көзімен Бұғыбайына жария етсе!”..

Әлдекімнің қолы иығына тиді. Гүлбәну селк етіп басын көтеріп алды. Пірәлібек екен. Сығыраңдап тұр.

- Түс көргеннен саумысың?

- Қойшы, сен де...

- Тамақты түсірейік, Гүлбәну. Түу-түу, қарап отырып ренжігенің не, - деп жуып-шайған Пірәлібек от басына тұра жөнелді.

Талма түс ауып барады. Көк аспанда көлеңке жаяр бұлт жоқ. Шақырайып шағып түсетін күн лебі сонау заңғардан кедергісіз құйылып, көгілдір тау, қарайған

жоталардың қойнау-қойнауына сағым ойнатты. Дірілдетіп, билетіп сахараға мұнар байлады.

Разақ малдасын құрып алып самайдан аққан терін де сүртпестен сол бұлың-бұлың толқыған көк мұнар-сағымды тінтіп қапты. Сол қас қақпаған мінәйім пішін жаппар иеге жалынып, тап қазір көкала буалдырдың арасынан самсаған қол, жасақты жігіттерді суырып-суырып алатындай қозғалар емес.

Аяқ астынан абыр-дабыр бола қалған серіктері тұс-тұстан жамырап қоя берді.

- Шаң!
- Анық шаң!
- Түлекбай болмасын!
- Ол мына тұсқа кеткен. Ал анау көп тұяқтың бораны!
- Апырай! Бір жақсылық болғай!
- Оу, қалың боп тұтасты! Үйме-жүйме! Қатты келеді! Қаптап келеді!
- Әне, төбелері де көрінді. Бесеу-алтау... көп!
- Ел ме, жау ма?
- Ел болар, тымақ кигеннің бәрін жау қылып қойса, тәңірге де бір зауал көрінер.
- Жә! Жігіттер! Біле жатармыз. Сабыр сақтаңдар,- деп өре түрегеліп кеткен серіктеріне сабырлы, бейбіт үн қатқан Разақ орнынан тұра қоймаса да, қозғалақтап алды. - Келер. Сөйлес қылармыз.

Шу тыйылғанымен үміт-күдік арпалысқан көз-дердің қарашығы әлі де шақырымға жуық жерде шоғырланып түйдек жөңкілген бейсауат жүргін-шілерден ауытқымайды.

Разақ Гүлбәнуге бұрылды. Қос бұрымның бір бұрымын алдына сұлатып, тарқатып-өріп, өріп-тарқатып тұрған қыздың өң-түсі де сәтте сан құбылып барады екен. Разақ алғаш рет сескенгендей бір түйсікті кеудесінен аулап қап, іле ұн қатты.

- Гүлбәнужан! Қалқам, төменге түсіп, көз таса бола тұршы! Сөйтші, айналайын!
- Ағатай, сәл күтейін де. Мүмкін... - деп қадалып қарап тұрды да, қуаныштың дірілмен шыққан тынысын үзіп-үзіп ытқытып, айқайлап жіберді. - Ағатай-ы-ым! Түлек-бай-й!

Тұрғандар да Түлекбайды шырамытса керек, заматта қан жүгірген жүздер кең жайылып, көмейде тоғысқан сүйініш ырзалықтарын лақ-лақ ақтарды.

- Түлекбай! Анық сол!
- Құдай көз жасты иді-ау!
- Келді ғой кек қуатын кезеңім! Туды ғой шүйілер сәтім!
- Ағатайым! Алақай! Ертіп келеді!
- Жолы болғыш ақжолтай болып шықты-ау, Түлекбайымыз!

Бетінде шарбы қызыл табы білінген Гүлбәну кенет өн бойына сызды діріл пайда болғанын пайымдап, “Апырай, маған не болды? Неден үрейлендім? Ағатайым қол бастап келеді емес пе? Ауылды апаттан құтқармаймыз ба?” деген дәмелі ілікке талпынса да, құлақ шалмас, тек қана іштен сезер әлде бір мұң-шердің ызыңын ұққандай, жан-жағына қарағыштап, жалтақтай бүрісіп, қалшиып тұрып қалды.

8

Қотан үстінде қораланып үйілген кеспек пен томар кішігірім төбедей боп төңкеріліп, шайырлы, майлы бұта мен қу шырпыны бұтарлап салып, ат үстінен от тастап өтсе, жіп-жіңішке көкала түтінін көкке өрлетіп, артынша-ақ қызыл жалын тілін сумаңдата жөнелуге дайын тұр.

Қатыран иек қақты.

- Әкеліңдер!

Шеткі қараша үйге қарай дедектей жүгірген екі төлеңгіт үрейлі топтың қасынан тарпылдата басып өтті. Иықтары салбырап кеткен жиынның арасынан әлдекімнің үнсіз булыға солқылдап жылағаны естілді.

Қатыран қырылдап айқай салды.

- Әй! Анау қатын қайдан жүр! Не ғып жүр?

Қатыранның даусы естілгенде бастарын көтеріп алған жұрт құшағындағы өлі нәрестесін бауырына қыса түсіп, ыңылдай жұбатып, жендеттерге қарай жай-барақат кетіп бара жатқан Әйкіманды көрді. Келін-шектің шашы жайылып кетіпті. Бет-аузы айғыз-айғыз

тілгіленіп, жара орнында қарабұжырланып қан ұйыпты.

- Өй, құлыным! Құлыншағым! Жылай-жылай шегің қатып қалған ба? Жылашы! Жылашы! Даусың неге шықпайды? - деп ит көйлегін қызылға бояған сәбидің өлі жанарына тігіліп қалады да, байғұс ана қайтадан құшағына қысып, селк-селк сілкінеді. - Ән салып берейін.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!..

Баяу сызылған бесік жыры осынау қазалы тобырдың мұң-шерін шайқап жіберді.

- Ойпырай, байғұстың есі дұрыс па?

- Жыңданғаннан сау ма екен?

- Құдай-ай, онан да бәрімізді бірдей алжастырсаң етті!

- Кінәсіз сәби құр жібермес! Құтқармас зауалы.

Әйкіман әлі де ықыласын түгел баласының үстіне төгіп, селк-селк әлдилеп, ұзақ ыңылын сөзсіз әуенмен қайталап тұрды да, әнін кілт үзіп қайтадан бөбегінің көкшіл сұр жүзіне үңілді.

- Ұйықтай бере ме? Неге оянбайды? Көзінді ашшы, құлыным! Қарның ашты ғой. Соршы маманды! Төсім сыздап барады!

Қатыран тағы айқайлап, қадау бұйрық берді.

- Әкетіңдер! Қамап тастаңдар!

Әйкіман оқыс үнге таңданып жалт қарады. Ойына әлдене түсті ме, көзі ойнақшып тұрды да, қарашығы айналып кетті. Ақ еттің тарам-тарам қыл тамырларына қан жүгірді. Сол-ақ екен нәрестесін бір қарына салып алып, оң қолдың саусақтарын тарбита Қатыранға қарай бір басып, екі басып жақындап барады.

- Сен өлген жоқ па едің! Қан ішкен адам өледі дегені қайда? Неге өлмедің? Қалай өлмедің? Өл! Өл! Ойбай! Тағы да ұлымды найзалайын деп тұрмысың! Ұйықтап жатыр. Ұлым... бауыр етім ұйықтап жатыр!- деп қайта еңкейіп ақ маңдайға ернін тигізді. Ыңылдап ән сөзін айта түсіп, қалт тыйылды да, Қатыранға сүзіле қарады. - Өл! Неге өлмей тұрсың! Баламның

қанын ұрттадың ғой. Міне, содан бері ұйықтап жатыр. Әлі ұйықтап жатыр. Ал сен өлмей отырсың! Неге өлмей отырсың! Әлде сен де ұйықтап тұрмысың?

Екі жақған жетіп барған екеу Әйкіманды сүйрей жөнелді. Жұлқынған ананың баласы қолынан ұшып түсті.

- Ойбай-ай! Өлді-ау! Құлынымды өлтірді-ау! - деп шыңғырған даусы ауыл үстінде аспандап тұрып алды. Сасқалақтап қалған сарбаздар келіншекті босатып қалып еді, Әйкіман сәбиінің үстіне жалп етіп құлады.

- Сормандай құлыным-ай! Бір жерің үзілген жоқ па? Беу-беу, не істейін енді? Оянбапты. Оянар емес қой! - деп шыт көйлектің омырауын қақ айырып, алдына алған нәрестенің аузына емшегін тосты. - Еме ғой! Сора ғой, қошақаным! Мұрнынды... тәмпіш танауынды қысайын. Шыр етіп жылап көзіңді бір ашшы! Жабыса қалшы мамаңа!

Төніп келген екеуге жалт бұрылып, бетін жапқан қолаң шашын серпіп арқасына жайып жіберіп, аспандай қарады. Әнтек басын шайқады.

- Үндемеңдер! Ұлымның ұйқысын бұзасындар. Ұйықтасын. Сендер де ұйықтандар. Әне, анау өңкиген дәу қара да ұйықтап тұр. Анау жұрт түгел ұйықтап тұр... Ауыл тегіс қорылдап жатыр... Қор-қор-қор! Жалғыз-ақ менің ұлым қорылдамайды. Айтындаршы, неге қорылдамайды? Ә, білмейсіңдер. Қазір бөпеме ән салып берем. Бәрің ұйықтайсындар. Әлди-әлди қарғашым!.. Әлди-әлди аппағым!.. Әлди-әлди-әлди-ай!

Қасындағы екеудің бірі жөн тапты.

- Балаңды... бесігіне апарып бөле. Сөйте ғой.

Әйкіман орнынан тұрды. Кетіп барады. Күбірлеп барады.

- Бесігіне бөлейін. Бесігіне бөлейін. Әлди-әлди-әлди-ай!..

Дырылдатып сүйреп Тілеуқұлды жеткізді.

Күн ұзын көлеңкеде отырған сұлтан Қатыранға қарай қамшысын нұсқап белгі берді. Зәр шашқан жүзінің бар сесімен шолтаң еткен шолақ саптың тез тайқып, қайтадан мықынға шаншыла тірелгенін көргенде Қатыран қожасының қатты ашумен түйілгенін аңғарды. Аңғарды да, бұ да көп соза беруді

қолай көрмей, зілқаратас бұйрығын дүйім жұртты дүр сілкіндіріп, бір-ақ сөзбен құлата салды.

- Өрте!

Тілеуқұл қол көтерді. Тамағын кенеді.

Қатыран сұлтанға қиыстады. қабақтар тіктесті де, түсіністі. Тас мүсін сәл езу қисайтты да, қайнар ашумен томырыла қатып қалды.

- Ал, иә!

- Бір-ақ тілек. Ел-жұртыммен бақұлдасайын. Анау тас құдайың соған рұқсат етсін.

- Сөйле! Айта бер!

Тілеуқұл ілгері бір басып тоқтады. Қолымен селдіреген сақалын уыстап, нұрсыз жанарды жағалай қыдыртып өтті.

- Уау, туғаным! Қадірлес замандастарым! Кіші іні, келін-қыздарым! Ақырғы сәтімде алдарында тұрмын...

Жұрт күбір-күбір сөйлеп, жыбыр-жыбыр қозғала бастады. Әр жер әр жерден өксік толы лебіздер жетті.

- Үзеңгілесім-ай! Тел құрбым-ай!

- Ағакем! Асқар тауым!

- Бізді кімге қалдырасың?

Тілеуқұл сабырға шақырып оң қолын кеудесіне тосты.

- Уау, егілмендер! Ел еркексіз қалған емес. Тумақ бар да өлмек бар. Өлемін деп өкінбеймін. Өксікте қалғанынды көріп, дәрменсіз күйік жамылып кеткеніме ғана өкінемін. Бірмен халық кемімейді, ел-жұрт азаймайды. Мен өлсем де, ел өлмесін. Соны тілеңдер. Құбылған заманның құйындай ұйтқыған мына аласапыраны да өте шығар. Шаңдатқан ұры-қарының әлдебір ит-ойнағына берілмеңдер де бүріспендер. Шерге шер ұласса, көкейкесті күйін табар. Күңіреніп жетіп “Елім-ай” қолыңа шоқпар, беліңе қылыш байлатпап па еді. Әлі де сол сарын күшейіп өсіп, дүрілдеп қатайып, арғы арман мен бүгінгі кекті жалғар. Буын-буынның, келер ұрпақ, өсер төлдің тірек қып қазығын қағып, кіндігінен байлар. Қуар сонда күйзеу күннің аққан қаны мен төккен жасын! Менің дертімді замана дертіне сабақтап, бір-бір сойылды ұстатарсыңдар сонда атойлаған азаматыма! Ту көтерген төбеден, уық шанышқан

қоныстан, жауды қашырған майдан даласынан бір шөкімнен топырақ әкеліп, қабірімнің үстіне шашсаңдар - басқа-басқа тілегімнен баз кештім, ағайын-қарындас! Уау, жасымаңдар! Сөгілмеңдер босқа! Кінәратым болса, кеш мені! Алалық көрсетсем, пенделігімнен шығар. Оған да кеңшілік ет! Бақыл бол, туғаным!

Тағы да жұрт дуылдап кетті.

- Бақұл бол, батагөйім, ақылшым!
- Кештік! Кештік!
- Сен де кеш білместігіміз болса. Еркелік тантық, кішілік кемістігіміз болса рақым ет.Көңілің айнадай еді, кіршік түсірсек, айып көрме!
- Ақыретке табысайық! Адал табысайық.
- Ұлардай шулап қалған ағайын, жұртың жадында тұтып өтер, сақтап қалар! Балаңның баласы кегіңді қуар!
- Жеткізерміз аманатыңды!

Қатыран шыдай алмады. Адымдай басып келіп шалдың желкесінен бүрді.

- Сәлем-сұмдығыңды бітірсең, иманынды үйір!

Тына қалған тымырсық меңіреуді шайқап жіберіп бір дауыс аңырасын келіп:

- Құдай-ай! Бар екенсің-ау! Әне! Келіп қалды! Жігіттеріміз қаптап келеді!

Жыңғылды өзекті бойлай будақ-будақ шұбырған қалың шаң тұтаса көтеріліп, перде болып тұтылып, желсіз тымық ауада ұйыса жүйткіп жақындай түсті.

Қатыран Тілеуқұл биді қоя беріп, жалт бұрылып сұлтанға шұқшиды. Сұлтан орнынан тұрып кеткен екен. Қорбандап атшылар жаққа қол сермеді.

- Тәңір хақ-ай! Мына тұстан да селдей қаптап көрінді! Қол! Анық қол! - дескен тағы бір сүйініш дауыс көмей жырта айқайға басты.

Қатыран жүгіре басып бір жігіт жетектеп келе жаткан атына ұмтылды. Қиғаштап екінші тұсқа көз жүгіртті. Атой беріп, шаңдатып, шулап жосытып келе жатқан бұл қолдың екпіні Қатыранға зауал сезіндей сезілді. Ат жалына қолы тиісімен ырғып ерге қонды да, тізгінін іліп алып, тақым қысты.

- Сұлтанды... сұлтаңды әкетіңдер! - деді.

Жапатармағай тегіс атқа конған сарбаздар сұлтанды қоршап алып, ыға жөнелгенде, кейіндеу іркіліңкіреген Қатыран үй іргесінде жатқан садағы мен қорамсағын ат үстінен қатты созылып келіп, іліп әкетті.

Бұл кезде жақыңдап төніп қалған қол ауыл үстіне соқпай, жылыстап шегініп кеткен жау соңына ойысып, қиғаштай тартып еді. Айбалта, найзалары күнмен шағылысып, тіпті құдіреттендіріп жібергендей.

- Қапта! Қапта!
- Жау қашты! Жау қашты!
- Түсір! Қойма!
- Аруақ! Аруақ! - деп, ұран салған үндер сар-сар естіледі.

Ауылдың әлгінде ғана бүрісе қалған момын жұрты қауқауласа айбынданып, арқаланып алыпты. Қадалып келген ажалдан аман қалған Тілеуқұл биді ортаға алып, бұлар да ұранға ұран қосуда.

- Жүйткіңдер! Самғандар, ерлерім!
- Тартқызыңдар сазайын!
- Әнең қара! Бұғыбай! Өзіміздің Бұғыбай!
- Найзаны қайдан алды екен?
- Ұмтылыңдар! Бір де бірін сау жібермеңдер! - деп әп-сәтте бар қорлық-кемдігін ұмытып, жоталанып шыға келген ауыл қутыңдап, қуаныса лепірді. Тіпті кейбіреулері балта, кетпен, сойыл, соталарын көтеріп, жаяу шұбырды.

Бұғыбайдың астындағы жал-құйрығы сүзілген айғыр ұшқыр жануар болса керек, артындағы нөпірден есік пен төрдей суырылып шығып, Қатыранның соңынан ағыза құйылды.

“Уа, Қамбар ата! Қолдай көр! Ат құйрығын бір тістет! Ең болмаса мынау жауымның қарақұсын қақ айырып қалайын!” деген тілекті таусаған жігіт, ұзын мойнын созып жіберіп, пыр-пыр ұшып келе жатқан айғырға қамшысын баса түсті.

- Қашпа! Қатын ба едің қашатын! Ер болсаң, қарсы тұрып ұрыс сал! - деп және айғайлап қалды.

Қатыран ер үстінде бір жамбастай қисайды. Кәнігі торының тізгінін қоя беріп, садағын ыңғайлады. Қорамсақтан саржанын сумаң еткізіп жұлып алды да, арындаған ат екпінін бәсеңдетпестен, адырнаға сұр

жебені тіреді. Оң қолды кере тартып, көп сығаламай-ақ, қол жітілігіне сенген раймен қуғыншының астындағы атының жымып алған қос құлағының ортасынан кезеніп ұмсына берді де, саусақтарын серпіп қалды. Зу еткен ысыл талыстай кеудеге кірш қадалған саржанның дірілімен бірге үзілді. Тізгіні қолынан шығып кеткен Бұғыбай ат жалын құшып тұрды да, сәлден кейін опырыла аударылып, төңкеріліп құлап түсті.

9

Екі атқа мініп алып Гүлбәну мен Қуантай қатарласа тебініп қырқадан асып түскенде домаланып жатқан Нақыпбектің көзінен екі тамшы сырғанап шығып, тырс-тырс жерге тамды. Ашудың, ызаның ауыр жасы бетін күйдіріп жібергендей, долдана тулаған Нақыпбек маңдайымен қара жерді сүзіп-сүзіп жіберді.

- Қор болдым-ау! Мекер қаншыққа қайдан кездесіп едім! Құдай-ай, ит өлімде қарға-құзғынға айдалада жем болып қалғаным ба? - дегенде қияс кеуденің өкініші одан сайын күшейді.

- Ойбай-ау! Әлгілер қазір-ақ сау еткізіп жылқышыларды ертіп жетпей ме. Сонсоң ел де тентек, ел ішіндегі сен де тентек деп сауырды түріп қойып... Жоқ-жоқ! Нақыпбек өлмейді! Тергеп алып, тепкілетіп қойғызбайды! Тастай алмай жүрген жаным жоқ! Дем үзілмей, болмаймын! Көнбеймін ешкімнің қиқаңы мен қазасына!

Ышқына кеп бұлқынды. Қыл арқан білегін осып түсті. Ауырсына айқайлап екі бүктетілгені сол еді, еңістен домалап құлдырай жөнелді. Бір әбүйірі, кебіртек топырақтың шаң-тозаңы көміп кеткенімен дене-бетіне түскен сызат болған жоқ.

Шалқалап жатып біраз тыныстады. Көк аспан түпсіз екен. Ештеңені сезбейтін мылқау заңғарлығымен алыстап кетіпті.

Нақыпбек оң бүйіріне аударылды. Жамбасына әлдене батты.

“Пышақ! Сарала сапты суыр кездігім!”

Қасқыр қабақтанған жанарда болар-болмас үміт сәулесі ұшқындады.

“Қалай алсам екен?”

Арқасына қайырып апарып байлап тастаған қолдар икемге келмейді. Бүктетіліп ауызды кекжите оң жамбастағы кездікке ернін созды. Мүйіз сапқа сақ-сақ еткен тістер қарыс сүйем жанаспай тұр. Маңдайдан пора-пора тер ақты. Алақтап жан-жағына көз жүгіртті. Қос жұдырықтың аумағындай тасты көрді. Құйрығымен жылжып таянды да, дем алуға да мұршасы болмай, тасты бауырына қысып алды.

Ендігі әрекет кездіктің сабын қарын мен тастың арасына сұғу. Орындай алса - үміті жаңғырады.

Екі иық бүлк-бүлк. Ауыз-басы топырақ. Азуда сықыр-сықыр күм егеледі.

“Уһ!”

Жарқ етіп суырылған кездікке қарап, демалып жатыр. Көтеріліп-түсіп ентіккен кеуде ауаны ыс-ыс қабады.

“Кездікті жүзін жоғары қаратып шаншу керек. Шаныша алсам... Өйтпеген күнде жерден шығып, қара жерге қайта кірем. Топырақ боп шіріп... Құрысын! Бір амалын қарастырайын”.

Етпеттеп жатып кездікті ысылдай қапты. Кесе көлденең тістеп алды да, апырақтап тышқан көздерін жылт-жылт ойнатты. Кенет қуанып кетті. Тағы да құйрығымен жылжып екі-үш адымдай жерге барды да, бір иығын тіреп қиралаң етті. Қарашығы тұмсығының алдындағы бүйінің бе, тышқанның ба жалғыз ұңғы боп тік кеткен ініне тесіліп қадлыпты.

Ыңғайлап әкеп ауыздағы кездіктің сабын тесікке тигізді. Қатты қысып алған жағы қарысып барады. Езуді тіліп кеткен кездіктің жүзінен қызыл сұйық - жылы қан жылжыды.

Кездік төрт елідей қылтиып тікесінен інге кептеліп қалды.

Нақыпбек еңсесін тіктеп, айқайлап жіберді. Тілін сумандатып езуін жалап алып, қан дәмін тандайымен сезініп, түкіріп тастады.

Содан кейін тізесін бүгіп, екі аяқты шалып байлаған арқанды дәлдеп әкеліп кездіктің жүзіне тигізді.

- Е-е, тәңір, қолдай көр!..

Егеп жатыр, егеп жатыр. Іннің ернеуі опырылып кездік қисайып барады. Жіптің бір тіні үзілді. “Иә сәт!” іннің екінші жағына аударылып отырды. Кездік қайта шаншылды. Егеп отыр, егеп отыр...

Шекшек шырылдады. Мұрынға көк шөптің иісі келді. Шегі шұрқырады.

Аяқ босады. Нақыпбек тізерлеп көтерілді. Әлде бір оймен арқанның ұшын табанға салып тартып қалды. О, құдірет, күрмеп байлаған ба, екі қолды тас буып тұрған тұзақ босап, шешіліп қоя берді.

Нақыпбек білезіктігін уқалап біраз тұрды. Содан соң асықпай қоныштан шақшасын шығарып насыбай атты. Кездігін қынына салды. Жүре беріп кідірді де, қарашұбар жыландай иреленіп жатқан арқанды көтеріп шумақтап орап алып, иығына асты.

Ауылға теріскей жақтан таянды. Жым-жырт. Кенет алдынан екі-үш ит жүгіріп шықты. Ырылдап, езу кекжиткен қарала төбет самарқау ғана маңқ етті де, “Е-е, өз ауылымыздың адамы екенсің ғой! Байқамай қалдық, қабағыңды түкситпе!” дегендей құйрығын бұлғаңдатып тұрды да, артына бір бұрылып қарап алып, құйғыта жөнелді.

Нақыпбек түп-түп шиді қалқаланып, ауыл шетіне ілінді. Шеткі үйдің белдеуінен ұстап, өз-өзінен атқақтап кеткен жүрегін жайландырды.

“Ұрланып кірген ұрыдаймын. Ұрыдан бірақ нем кем? Біреу-міреудің көзіне түсіп қалмасам... Сұлтан не дер екен? Байлап кеткен жерінен сопаң етіп жетіп барғаныма қалай қарар? Әй, шеңгелінен қан аққан жыртқыш еді. Аямас! Жолына өлім сепкен екен, менің бір қасық қаныма тұншықпас. Шімірікпестен жұта салар-ау! Жоқ! Жұта алмайды! Мен керекпін оған. Керекпін! Қараулық пен қоркаулық ағайындас. Қатар тұрса көлеңкесі қосылады. Зорайып сес атады. Ендеше, бірінің қолын бірі қақпайды. Шоқпар көтеру үшін бес саусақты бірдей жұму керек. Білемдеп қысу керек. Соның бірі - менмін! Сұлтанның іздегені де дәл мендей қадалған жерінен қан шығаратын жыртқыш пен жендет! Сол жендеті тағы да менмін! Мен! Мен! Мен!”

“Мен!” - даусы қаттырақ шығып кетіп еді, тізесі қалтырап тұрған жеріне шөгіп бара жатты.

- Бұ гім, әй?

Үй ішінен ыңырана созып әлдекім дыбыс берді. Нақыпбек тәлтіректеп белдеуден қос қолдап тартынып, созаландап орнынан тұрды. Әлгі дауыс тағы естілді.

- Қара-ғым-ай, кім де болсаң-ң, бері... ішке кірші! Су... су тамызшы таңдайыма!.. Та-ма-ғым қаңсып бара-а-ды!..

Нақыпбек Ұмсындықтың даусын таныды. Кібіртіктеп әрі ұзады. “Қақбас! Өлмесең өмірем қап!”

Енді манағыдай бой жасырған жоқ. Адымдай аттап өз үйіне тура тартып келеді.

Құт мешіт қара шаңырағына жақындай беріп іштен баяу сызылған әнді естіді. Естіді де, мандайдан біреу салып жібергендей қалт тоқтады. Бар-бар күткені дәл мынандай жанын сала елжіреп айтатын, буын-буынға бірден түсетін бесік жыры емес еді.

“Апырай, бұ неткен тылсым? Ауыл шабылып жатқанда Әйкіманның ән салғаны қалай? Осыншама үздігетін әйел емес еді ғой. Түн ұйқысын бұзбай шаршар жылаған баланы емізуге де ерінетін Әйкіманның мына ерікті ұрлар әуені неткен сыршыл еді! Ана тілегін, ене мейірін үйіп-төгіп, үзіліп кетердей ынтығуын қарашы!”

Ән тынар болмаған соң, ақыры үйге кірді.

Әйелі баланы бесікке бөлеп алып, арқалыққа оң қолын асып тастап, сол бір мұң толы әуенін қоңыр ырғақпен сызылта созып, тоқтар емес. Қара шашы тарқатылып иығын жауып кетіпті.

Нақыпбек ши ішіне кіріп, тегенедегі сүтті қос қолдай көтеріп, ернеуінен қылқ-қылқ жұтты. Ернеуден аққан сүт өңіріне сар-сар құйылды.

Қайта шығып жеңімен аузын сүртті. Қақырынды. Әйкіманда қыбыр болмады.

“Мына қатынға бірдеме көрінген шығар?”

Аяқ астынан ашуға булықты. Саптамасын ыңғайлана көтеріп әйелдің бөксесінен теуіп кеп қалды.

Әйкіман алара қарады. Саусағын ерніне басты.

- Үндеме! Селеубек ұйықтап жатыр. Әлі ұйықтап жатыр. Сен де оятпа.

Нақыпбек аңырып тұрды да, әйелінің иығынан бүре жұлқып, қалпақтай ұшырып, ұлының үстіне төнді. Көгеріп, сұлық жатқан баланың қан-қан жейдесін көргенде, оқыс аңыраған ащы үні көмейден ытқып шыққан өксікпен булықты. Екі иығы селкілдеп, қиралаң етіп бүк түсіп, ойсырап отырып қалды.

Әйкіман еңбектеп келіп, бесіктің екінші жағынан жармасты. Тоқ-тоқ тербетілген бесік дыбысына ұзақ ырғақты шерлі әуен тағы да ұласты.

- Әлди, әлди, ақ бөпем!
Ақ бесікке жат, бөпем.,.

10

Үш үйге қара тігіліп, төрт мәйітті оң жаққа сұлатып салған ауыл қауырт әбігерлікке қат-қабат кірісіп кетті. Күні кеше ғана шырайлана түскен қабақтар қайтадан жабылып, астан-кестеңі шыққан ауылдың бүгінгі жат та суық сұрқынан безініп, алқымға тығылған өксікпен булығып, іштей лағынет айтысады.

“Ғумыр деген қасқағым ғана қонақ дүние-ау!.. Қазір барсың, сәлден кейін “тудың, біттің - өлдің!”. Жұтым ауаның қадірін түсінбей, аларып онда көз аттың, шақылдап мұнда айбар көрсеттің. Дем таусылды да - кірпіктер мәңгі айқасты. Қаны кері тепкен көгерген еріннің көбесі енді ешқашан сөгілер ме? Қайдан сөгілсін. Содан соң көлемі қос адымдай жер қойнына кісі бойы кір де, бет топырақты бүркеніп жата бер, жата бер. Ашу-аразың да, бейнет-мехнатың да, күйініш-сүйінішің де, лебіз-іңкәрің де түп-түгел ұмытылады. Сіңді, батты. Өшті, көшті. Кейінгі ұлардай шулап қалған ағайын-туыс, төркін-құданың, дос-жардың түйдек шері, толқын ықылығы жаңғырық болып та жетпейді құлағыңа. Атқан таңның арайын, батқан күннің шапағын сан-сан қызықтаған, сол қырмызы қызыл жалқынынан құмартқан жүзді сан-сан суарған қимас сағатын да ойламас ол. Ойлау қайда.

Көздің орны арайын да, шапағын да қара түндей суық өлімнің сұрғылт бояуына сүңгітіп жіберді ғой.

Ғұмыр! Күрең тайдың келте жалындай тым қысқа ма едің! Аштың да жаптың жарығыңды. Ұмсынтып алдап, ұстатпай сорлатып кеттің қызығыңды. Несі дәркер сонда өмірдің? Жасаған, неге жараттың бұл пенделеріңді? Адам деп ат койып, соған арамды қоса беріп аз ғана күнді арпалыста өткізіп, өкініп өтсін дегенің бе? Кеудесіне сана салып, ақыл мен түйсік енгізіп, барлық жан-жануардан шоқтықтандырып, он сегіз мың ғаламды табынтып табанының астына тастатқан Адам бейнеңді, Адамзат болмысыңды екі айналтпай-ақ қайтадан пенделік құрсауына бүретінің қалай? Адам дедің оны - дұрыс. Ақыл, айла ұстаттың - дұрыс. Ұшқан құс, жүгірген аңнан қанағат айырт-қыздың - дұрыс. Ау сонда төрт аяқты мақұлықаттың да бір-біріне жасамас жыртқыштығын саналыңның кеудесіне үстемелеп тықпалағанда не ойладың? Не таптың? “Тілеуі бірікпесін, тізесі қосылмасын” десең, басқаша амалың құрып қалып па еді? Тіл бермей мылқау ғып, діл бермей аңқау ғып, анау аң мен малдай жабайы тіршілікті оған да күйттетсең, қолынды кім қағар еді? Тістеуік ат, тебіншек тарпаң да бірін-бірі тып-типыл өртеп, үрім-бұтақ, буын-буынға ұласар қастандыққа бармайды. Барған емес. Ендеше діліме сепкен дәмді дәніңді у қылып қанға сіңіргенің қалай? Санама серік қып ерткен тілімді жаныма жендет кып жұмсағаның қалай? Неге бердің сол сайрауық тіл мен қайрауық ділді? Дүние дүние болғалы тау көшіп, теңіз тартылса да, кердең кеуденің қыжылы бір басылып көрді ме? Кек атты - қиратты! Ыза буды - құлатты! Ашу шақырды - бүлдірді! Сондағы алары - бір ны-ғыздың есіріктенуі. Бір мықтының дәуірлеуі. Бір өркөкірек жанның... әлде ханның өзімшіл қомағай дәмесі. Атағы мен даңқы. Билігі мен білегі. Жаратқан ием, көз жасты көл қылып ағызған, қара қанды бұлақ қып шұбыртқан сол сұмдықты жасатқанда саған, өзіңе түсер не бар? Әлде “күнәкар пенде қара жерге көміліп, көз алдыма келгенде күнә-пәлесі ауырлап, еңсесін тіктей алмай, тізесін жаза алмай күмілжіп абыржып, апшысы қуырылып тұрсын” дегенің бе? Сөйтетін де

шығарсың? Ондай күнде адамбыз деп алданып жүрген мына біз пақырлар, Пәруардигар, тап сенің ойыншық қып ойнап, қуыршақ қып сындыратын тәлкек тағдырлы құрт- құмырсқа, бақа-шаяның ғана екенбіз ғой. Солай ғой, раббим қадір!? О-о, онда адам біткен күнәкар! Күнәкар! Қандай бер онда білекті! Азуды кеңірдек біткенге қарш- қарш салып, кірш-кірш шайнап қал! Сенің ендігі атың адам емес - күнәкар! Сол ғана! Он сегіз мың ғаламды билейтін, қуанышты әнмен әуелетіп, күйінішті күймен төгетін құдіретің бәрі бекер. Бекер! Қуыршақсың! Еркің де, екі тізгін, бір шылбырың да өзіндікі емес. Әмір-бұйрық хақтан! Хақ тағаладан! Өлтіретін де, өлтіртетін де - сол. Сол! Айдап салып, қансыратып отыратын да сол! Кеуде біткен бітеліп, сана біткен уланып, мидағы саңылау-тесікке қыжыл мен ерегіс қана сыналап кіріп, қолға сойыл ұстатып, тақымға шоқпар қыстыртады. Ол аз болса, адырнасы ала өгіздей мөңіреген садақ асынтады. Көк сауыр темір масақты найза кезентеді. О-о, зұлымдық! Қол күші, қайрат сесі жетпесе, қара мылтық, боздаған зеңбірекке ұмтыл! Қорғасын оқ қаршадай баланың кішкене саусағының астынан-ақ үлкен зіл-тажал боп дүрс-дүрс соққан тірліктің желкесін қиып түссін! Топылдап жарылып зеңбірек добы зілзала туғызсын! Жасаған құдірет! Екі аяқты жәндігінді сөйтіп жеңсікке бір тойғызбай, екі иығын жұлып жегізіп, жұлқындырып қой! Бара-бара сол пендең құс боп көкке ұшсын, дию болып көктен от жаудырсын, қырғын сепсін! О-о, ант атқан, ант атқан, түпсіз қиял! Қиял, неткен қиянпұрыс едің сен! Тағы талай жарақты, талай зобалаңды ойлап табарсың! Жасарсың небір усойқы ғаламат кесапатты! Мыңдап, қоралап қырарсың сонсоң бір-біріңді адам пенде!..

Тірлік - қонақ дәурен бе едің? Сыйласып, қадірлесіп өту рәсіміне аздық ете ме? Бесік жырынан құлағыңа құйылған уыз іңкәрлік туған дала, атамекен, елжұртқа деген сүйініштен нәр алмаушы ма еді? От басынан өрбіген бауырмалдық дейтін тәттінің бойды ұйытқан керім ынтымағы емес пе еді? Соларды қалай ұмытарсың, тірлік, уау Тірлік! Алтыбақан әуені жүрек

дірілін күшейтіп, бұрын-соңды болмыс-бітіміңде кездеспеген бір сиқырды тоғытып кеудеңе енгізгенде, жыртқыштық пен жауыздықты көміп, жерлеп тастамаушы ма еді! Қос қолтыққа қанат байлағандай желпініп, сонау-сонау көңіл түкпірінен леп берген әдемі әсерге барынша балқып, әу деп көрмеген басыңмен бір тың, тосын сазды шырқап кетпеуші ме едің! Сол үніңнен кең далаға жылу тарап, шуақ жайылып, әлем-ғалам шаттық пен шабыттан құлпырып, жасарып, жалындап тұрмаушы ма еді! Дәл сонда қарағай домбыраны алдыңа өңгеріп алып, еміне безілдеп өмір-сыр, өмір-жырды ұясынан ұшырмаушы ма едің! Дәл сонда сен, кішкене ғана уай, Адам - құдірет, жан жараткан Тәңір-хақтан да зорайып, Тәңір-хақтан да биіктеп кетпеуші ме едің! Сол тұғырыңнан неге құлдырайсың, тірлік, уау Тірлік! Әлде Адам-құдіретті қызғанып, Адам-құдіреттен сескеніп, жүректегі гүлге тікен араластыратын тағы да жан жаратқан Жасаған хақ ием бе? Бездім онда! Баз кештім, Тәңірімнен!”

Екі иығы салбырап түсіп кеткен Тілеуқұл би осындай ой үстінде қатты ширығып отыр. Доғал мұрнының дәл ұшына тіреліп кеп, жиылып дөңгеленген бір тамшы жас мөлдіреп, жылтырап тұрып қапты. Бидің соңғы, іштей ширыққан қатал ой байлауы тіл ұшынан тысқа атылып: “Бездім! Баз кештім!” деген зілмен естілгенде әлгі тамшы үзіліп түсіп, селдір сақалға сүңгіп, сіңіп кетті.

Бұғыбайдың торт қанат қараша қоңыр үйіне жиналған жұрт бірі бүгіліп, бірі таяғына сүйене жүрелеп алып үнсіз егіліп, аңыраған жоқтауын ұлы мен күйеуіне кезек бағыштаған сорлы ананың бебеуімен ұзатып отыр еді, бидің оқыс үнінен селк-селк етіп, бастарын көтеріп-көтеріп алды. Тек дауыс қылған шерлі жылау үзілер емес.

Екі мықынын таянып алып, ырғала толқып, бода-бода сорғалаған қанды жасын тыймастан зарлы үнді боздата созған ананың егілген мұңы сай-сүйекті шымырлатып, тыңдаған жанды тегіс шұлғытып, көз біткеннен мөлт-мөлт жасты еріксіз ытқытып жатыр.

- Есіктің алды ылай-ай!
Көр болды көзім жылай-ай!
Арысымнан айырып,
Зарлатып қойдың, құдай-ай!
Қасірет шектім ауыр-ай,
Езіліп кетті бауыр-ай!
Боздағымнан айырып,
Не жазып ем, тәңір-ай! Уһ! -

деп теңселе түсіп, шырқата әуелеткенде үй ішіндегілер шыдай алмай иықтары селкілдесіп, қорс-қорс тартылған танаулар бір деммен шыққан көптің мол күңіренуіне ұласты.

Есікке таяу, босағадан бір аттап тізе бүккен Түлекбай ананың зарын естігенде буын-буыны түгел босап, көмейге түйдектеліп тығылған ащы күйік жасын қылғына жұтып отырып:

- Құрдасым-ай! Тай-құлындай тебіскен тел құрбым, Бұғыбайым-ай! - деп алқына дірілдеп, еңіреп жіберді.

Тілеуқұл қол көтеріп жұртты сабырға шақырды. Күрсініп, шер атып барып, ана жоқтауын тоқтатты.

Сол кезде оң жақтағы жапырайған кетік шал Тілеуқұлға бір қарап қойып, шарт жүгініп алды да, зарлы да аяныштыжіңішке мақаммен құранды заулата жөнелді. Екі алақанды түйістіре қосты.

- Әумин!

Бетін сыйпап боп, омырауына сүңгіген алақанын сақалының үстіне жапты да, Тілеуқұл ыңырана сөйлеп кетті.

- Бәйбіше, құдай жылатқанды адам жұбата алар ма? Адам жылатқанды құдай да жұбата алмас. Жұбатса қайда қалды? Шерді көрсе, бұрын көрмес пе еді? Мұңды ұқса, алдын алмас па еді? Ендеше, құдайыма да өкпем көп. Құдай ісіне де өкпем көп. Қайтейін, бәйбіше, сенің ішіңнің өрт боп өртеніп жатқанын білмей отырғам жоқ. Біліп отырып, су құйып сөндіре алмас бишаралығыма күйінем. Жыла! Жыла да шер төк, мұңдық ана! Шейіт кеткен еріңді жоқтап, егіліп мұда, бәйбіше! Елі үшін құрбан болған боздағыңның он екі де бір гүлі ашылмай көгінен солған өкінішін айт, бәйбіше! Зарлап отырып, мені қарға, бәйбіше!

Қос арысыңнан бірдей айырылсаң да, сен менен әлдеқайда артықсың. Азамат өсірген ақ көңіліңнің қаһарын мына менің үстіме төк, бәйбіше. Сен қойыңнан ұлан өрбітсең, мен артымнан жылан ертіппін! - деп ауыр солықтап, сөз аяғын кемсеңдеген иектің ырқына тапсырды.

“Бәйбіше, шер төк, мұң айт!” - деген кезде кимешегінің етегін бетіне басып алып солқылдап, селкілдеп отырған ана, соңғы күйік пен ыза, наза толы өкінішке бойлаған ащы шындықты естігенде, жас тұнған жанарын бақырайта кең ашып, биге үнсіз қадалып қалыпты.

Кетік шал үн қатты.

- Оу, биеке, мұныңыз қалай? Неге торықтыңыз? Құдай ісіне күмән келтіріп қайтесіз? - деп күңкілдей бастап еді, Тілеуқұл шұғыл бұрылып, қарашығын жарқ еткізді.

- Құдай ісі деймісің? Сонда сол құдайың анау телі мен тентекті маған іні ғып бергені ме? Сол содырдың қорқаулығын құс қылып соңымызға салғызып, бейбіт елді қанға бөктірткені ме? Осы ма құдай ісің?! Қураған сақалды бүртік жаспен жуғанда, қаралы елдің күйігін өз күйіммен уанта алғызбас бауыр қысастығымен күрмеле деп пе едім? Сол ма құдай ісі? “Бір атадан ала да, құла да туады” деп шығарып салма сөздерің сыздаған жарамды сипап жазар ма? Мына зар еңіреген ананың ұлын қайта тірілтер ме? Ендеше құдай ісі де қарғыс ісіне, қастандық, қаскөйлік сойына үйлес екен. Апырай, неге қалдым? Қу сояудай сойдиып, кәрі кеуденің запыран сапырған уын бір құсып, бір өксіп, қайта-қайта кекіріктеп жұтқанша, сонау маған арналған отына... өртіне қарқ боп біржолата неге құрып кетпедім!- деп тоқтады да, көз қиығы аңыраған ананы шалып өтті ме, ажырайып отырып әлгіндегі ашулы, екпінді даусын бәсеңдетіп, сабырлы ырғаққа көшті.

- Бәйбіше, жас қазасы - ауыр қаза. Қайғыңа ортақпын. Қанаңнан жарып шыққан Бұғыбайың бір сенің ұлың емес, ауылдың, елдің азаматы-ақ еді! Көрген сайын сүйініп, сүйінген сайын шүкірлік етіп отырушы едім. Қайтейін, өзімнен тумай, елімнен туған ұланымды да өрісіме қоймады. Қонысыма сый-

ғызбады. Қатты кетсем, айыпқа бұйырма. Ашынған адам Алласына да өшігеді. Менікі сондай бір ты-пырлаған тұяқ серпу болар ма. Білмеймін. Аналық парызыңды сен өтедің. Балалық, отағасылық қарызын Бұғыбайың мен қосағың ақтады. Қосыла жоқтармын. Жоқтармыз!

Тілеуқұл орнынан тұрып тысқа беттеді. Сол бойда бірер сөзбен жаназа, підия жайларын қозғап, тұсқа байлар, сүйекке салар, қонақасыға сойылар мал-мүлікті өз мойнына алып, тез бітірді. Өлік шыққан үш шаңырақтың бір де біреуіне салмақ түсірмей, бар шығынды өз үлесінен артығымен бөлді.

- Қонақтарды шақыр! - деді Разаққа.

Үйіне кіріп қалшиып отырып қалды.

Есіктен Разақ бас сұқты.

- Кірсін!

Сәлемдесіп, жайғасқан қонақтар үнсіз қалған шалдың ырқын бағып, жым-жырт отыр. Тілеуқұл иек қағып, қымыз алдырды. Ауылдағы бар қорды сарқып әкелсе де, ағаш тостағандар қонақтарды бір аралап шықты да, тегененің ішіне сүңгіп кетті. Екінші жағалаған жоқ.

Тілеуқұл томсарған жүзін жылытпастан шолақ қана уәжге келді.

- Иә, жөндеріңізді айта отырыңыздар.

Келгендердің ішіндегі жігіт ағасы шамасындағы қияқ мұрт, өткір көзді адам лып қозғалып елгезектік білдіріп әнтек басын изеді.

- Ақсақал, бүгінде жай жүріс, бейқам жүріс алыстап тұр ғой. Ел басына күн туғанда ауыздықпен су ішкен ат, етігімен су кешкен ер тыныш жата алар ма? Ойға құлап, қырға шұбаған бұқара жұрттың бір ілігіне жарармыз ба деген үмітпен төс айылды қатайта тартып, шығып қалдық. Аямас қастыққа айықпас өштік ататын азамат табылса, соларға айқай-ұранмен іздеп қосылсақ деген ниетіміз бар.

- Ныспың кім? Қай атаның баласы боласың?

- Есімім - Дәулен. Дулат Ошаған бидің кенжесімін.

Тілеуқұл би аударылып түсті. Қос қолын бірдей созып Дәуленнің алақанын ұзақ қысты.

- Білем әкеңді! Телікөлде кездесіп едім. Арғын,

Найманның дауына әділ билік айтқанда-ақ, ел қамын ойлаған жүйрік көңілдің туралығына ден қойып ем. Тұлпар тұяғы екенсің. Әмсе дегеніңе жеткей, Дәулен балам! Әкең қалай?

Дәулен кірпігін төңкеріп жіберіп, назарын бұрып әкетті.

- Замандасыңыз қайтпас сапар кешкен, ақсақал! Ойрат қолынан қаза тапты.

Тілеуқұл сұрланып, түсі қаша беріп, алақанымен бетін сыйпады.

- Иманды болсын! Бәріміздің де түбінде бір барар мәңгілік мекенімізге кеткен екен. Өкінгенмен амал не. Дүние-жалған - көрген түс. Жазу солай. Солай, - деп күмілжіңкіреп отырды да, бойын жиды. - Иә, шырақ, Дәулен шырақ, туы жығыла жаздаған бір ауылыңның еңсесін көтерген бүгінгі әрекетіңе алғыс-батам мол. Оны айтқызбай-ақ сезіп отырған боларсың. Ібіліс пен әзәзіл түнеген кеуделер көбейіп барады. Өмірбақи қыр соңымыздан қалмасын деп тағдыр-жазмыштың мұқият көзеп қойғаны ма? Кешегі Әз Тәукенің кезінде, әріге сілтемей-ақ қояйын, осындай шектен шыққан шетен мінезді көріп пе едік? Жасырмаймын, рас, онда да барымта, қарымталар болып тұратын. Бірақ дәл қазіргідей бауырын суырып, өтін шашып, өктемдеп шыққан жаулыққа саймайтын. Бірін-бірі анау ойрат, сонау қалмақтан да өткен қаталдықпен іргесін түріп қойып, ат ойнатып, оқ боратып келіп шауып алмайтын. Бұ не сонда? Заманның азғаны ма? Заңның тозғаны ма? Заман азды дейін десем, кешегі ханым, бүгін де хан. Ордасын бергенмен қордасын берген жоқ еді ғой. Шаңырағы шайқалғанымен, тұғырынан таймап еді ғой. Әз Тәукенің бел баласы, мұрагері деп шуылдай сенген - Болат ханның бұл қай қылығы? Тарыдай шашылып, бытырап жайылып кеткен елінің жұртта қалған мешеу-мешелін шоқып жеп, қарпып асап қу құлқынның қамын ойлағанша, сонау-сонау қалың ел - қара бұқарасын қанатының астына неге алмайды? Ходженттің құмында табанына тас кіріп, маңдайынан тер, көзінен қанды жас тамып жүрген Орта жүз бен Ұлы жүздің адамдарын ойламағаны ма? Самарқанның көк

мұнарасына көзін сүзіп, туған даланың жусан иісін аңсаған азаматтарын ескермегені ме? Хиуа мен Бұқараның әмір-төңірлерінің басыбайлы құлындай ішер ас, жұтым сусын үшін ер жігерін шермен мұқалтқан Кіші жүздің мыңдаған қауым ағайынын көрмей ме? Ау сонда күні кешегі шейіт боп кеткен іні-бауырдың аманат-өсиетіндей “Елім-ай” әні сол бітеу көңіл ханымыздың меңіреу кеудесіне жетпегені ме? Жанына өтпегені ме? Ұрпаққа сенім, ұланға тірек боп шалқыған әуеннің мұңы мен зары елең еткізбесе, онда ордамнан қайыр не? Төре-сұлтанымнан зайыр не? Осыларға не жауабың бар? - деп ішкі сырды түгел жайып тастап, түгел ден қойған шын тілегін танытты.

Дәулен қозғалақтап қалды. Кәрі кеудесі сырылдаған заңғар бидің дәл бұл тұста тығырыққа тірелген, бүкіл болмысымен “Енді қайттік? Апырай, жол қайда, бағдар-бағыт қандай?” дейтін өткізбес тығырыққа қамалғанын ұқты. Сауалын тарқатып, таратып әкете алса жақсы. Өзінің де көптен бері түн ұйқысын төрт бөліп, торлаған ойларын сезгіш саусақтай балгер ділмен мына қария дөп басып отыр. Үміт еге алар ма? Үміт егу үшін соның қоз астында жылтырап сөнбей қалған шоғын үрлеп тұтатып жіберетіндей жақсылықтың нышанын өзі де таба алды ма?

Дәулен бөгеліңкіреп қалып, түйіліп отырды да, саптамасының қонышын саусағымен тырс-тырс шертті.

- Ақсақал, мен не дей қояйын! Бұрынғы берекелі бірлікті, туыстай тұтдстықты менен де гөрі өзіңіз жақсы біліп отырсыз. Бүгінде жік-жік боп жыртылып, бой-бой боп бөлініп кетсек, сол бір кездегі ұлы қасиетті қанымыздан ажыратып алған шығармыз. Хақназар, Қасым хандар тұсындағы мықтылықты былай қойғанда, он-он бес жыл ғана өткен кешегі Әз Тәукенің кезеңіндегі іріліктен де не қалды? Бір таққа таласқан көп сұлтан сол тұтастықты сиырдың бүйрегіндей бөлшектеген соң, Сыбан-Рабтан құтырынып келіп, қасқырдай талаған жоқ па? Ес жия алмай, сап түзе алмай сай мен бұтаға паналаған шұбырынды халқын қайта топтай алатын хан шықты ма? Болат хан бұйда көтере алмаса, әр тізгінге бір ұмтылған Әбілқайыр,

Сәмеке хандар, Барақ, Батыр, Әбілмәмбет сұлтандар құтырмағанда кім құтырады. Бүгінде солардың әрқайсысы өз кеудесін қарауыл қойып, өз көкірегін шаншып алды. Әр біреуі - кішігірім құдай! “Қол созсаң ғана - қорғаймын. Қоныс-өрісіңді қайтарып әперем” дейтін уәдесіне құрық бойлатпайды. Содан соң төңірегіне топтаған мал-жанды көбейту үшін одан қашқан, бұдан қашқан босқын елді көнсе, айдап апарып, көнбесе, байлап апарып, айналасын сықап алмақ. Соның бір айғағы - мынау ауылыңызға атойлап енген Батыр сұлтанның кешегі жендеттері! Дәл осындай бөрілік мінез Әбілқайырда да, Сәмекеде де бар. Олар да жол торып, мал-жанды тұзақтап, бұғалықтап иіріп жатыр. Неғұрлым қара-құраны қол астымызға молырақ шоғырландырсақ, ертеңгі кеңес-мәмле сәтінде соғұрлым көп дауыспен билік-хандыққа жетерміз деген ішкі есебі пайда ғана көздетіп, ұпай ғана артқызбақшы боп отырған жоқ па. Дәл сол төре-сұлтандар хандықтың сықырлаған шаңырағын қайта қалқайтып, босағаны мықтап алайық демейді. Ол қайда? Жеті жүз қолмен Саңырық батыр бастаған ұлы жүз жігіттері Талас бойында ең алғашқы ұрысты ашып, Манжудың мың қолын ұйпап жібергенде, сол хабарды алып барып, хан ордасынан сүйініш қабақ күткен біздерді “ұры, қарақшы!” деп қуып шыққандай болмады ма? Содан кейін-ақ хан-сұлтаннан күдер үздік. Ел қамын елдің өз ішінен шыққан өрендері мұңдамаса, басқа-басқаның ондай орайға ойыса қоятын ыңғайы, сірә да, жоқ тәрізді-ау, ақсақал! - деп Дәулен бір түйінін тарқатты.

- Талас бойындағы ұрысқа сен де қатысып па едің, Дәулен балам?Естіп ем, арқаланып қалып ем. Кек атқан қажырларыңа сүйініп: “Бар екен-ау, аза-маттарым! Жақсы жайсаң ер, өрлерім бар екен, тірі екен!” деп үміт артып, қоң байлап едік. Сол сендер боп шықтындар. Уа, өлмес, қарап жатпас ел құдіреті! Сол құдіреттің бір ұшқынын ә дегеннен сендер тұтатып едіңдер, лаулап, алаулап кек өрті тұтасып кете барар.

Саңырық батыр қайда? Қолы молайды ма? - деп Тілеуқұл би жүзіне шарбыланған мейірім нұрын толқытты.

- Бұланты маңына қарай кеткен. Қолы біраз. Екі-үш мыңға жете қабыл. Біздерді Қазыбек би, Бөгенбай батырмен жолығуға жөнелткен болатын. Бір тапсақ, сол Бөкеңді би маңынан, Ұлытау өңірінен табармыз. Үш жүзге сауын айтқан ердің дүрмек-дүрмек, толқын-толқын боп құйылып жатқан көмегі ересен. Бөкең болған, басып өткен жерлерден, құлшынып, қолына түкіріп отырған жігіттердің жүзін көріп, біз де шүкірлік етіп, бағытымызды түзеп алдық. Батырмен, құдай қаласа, таяу арада жолығысып қалармыз, - деді Дәулен.

- Сондағы ойларың не?

- Ой ғана емес, ақсақал, бүкіл халықтың қамы ғой. Өзіңіз қараңыз. Түстіктен түгел көтеріліп Жоңғар хонтайшысы қамап алды. Ұлы жүз бүгінде соның боданында. Батыстан қалмақ ханы Аюке бері жылжыды. Арқадан ақ патшаның көрлі шеңбері аяусыз қысып келеді. Тілі ұқсас, діні бір деп қашып тығылған панамыз - Бұқар, Самарқан, Хиуа болса, қолтығын ашқан жоқ, қайта қаһарын шашты. Сонда тоз-тоз болған қазақ жұртыңыз халық боп бой көрсете ме, тауарихтың талай ұлысты жұтқан көмбесіне көміле ме? “Екінің бірі!” деген осындай сын асу алдымызға көлбеп түсті. Өте алармыз ба? Жете алармыз ба? Діттегеніміз осы. Осы ғана, ақсақал!

- Жөн, жөн. Өзімнің де көп түйіндеген шамам сол еді. Қиғаш кетпеппін. Ендеше, тура беттеріңнен жарылқасын. Қолдан келер жәрдем-көмекті мен де аямаспын. Кездессең - Қаздауысты Қазыбек би мен Бөгенбай батырға айта бар. Тілеуқұл би үш қос жылқысын қосып отыр де! Барым сол. Баласыз сояу шалдың найза көтерер қары болмаса да, найза кезенер ұлдарына мінгізіп, қанат қып тағар намысы дегейсің сол үш қос жылқыны. Менің де бір әжетке жарағаным осы болсын, - деп бүгінгі әңгімені тамамдаған би меймандарына арнап тіккізген қонақ үйге барып, ауқаттанып, дем алуларына рұқсат берді.

* * *

Гүлбәну ыстығы көтерілген шешесінің аузына андасанда қасықпен ақ тамызып отыр. Ұлы мен қызын аман-есен көргенде күңгірт жанардан өлеусіреп сәуленұр елес беріп еді, қазір қайта жоғалып кетіпті. Әжім-әжімге ұялаған көлеңке қоюланып, қарасұр өңді одан сайын күреңітіп жібергендей. Сіңірлі саусақтары қызының алақанын сыйпалап жанасқанда, суық діріл ыстық денені түгел қарып түседі.

“Өле ме? Шынымен-ақ апамнан айырылып қаламыз ба? Қандай қызық көрді? Не көрді? “Немере сүйем, үбірлі-шүбірлі болам” деп отырушы еді. Қызара бөртіп ұялушы едік Түлекбай екеуміз. Неге сөйттік екен? Ақ, тілеуін көп көрдік пе? Қуанта алмай, мәзмайрам ете алмай жүріп несіне бұртия бердік екен? Апам, апатайым!”

Қара көзден мөлт-мөлт жас парлады. Еңкейіп, суық алақанға ернін тигізді. Емірене сүйді.

- Жы-ла-ма, күні-ім!..

Ауырып жатып та баласын ойлайтын қайран ене көңіл! Қалықтаған қолымен қызының шашын сипады. Содан соң білегін кеудесіне төсеп, жайлап қана кірпіктерін айқастырды.

“Міне, енді маған да ажал тақалды. Оу, соншама қорыққандай болушы едім... қарап тұрсаң, үрейленетін де ештеңе жоқ екен-ау. Ажалды соншама сұмырай қылып, сұмдық қылып айтатыны несі осы жұрттың? Түк те қорқынышы сезілмейді. Беу, беу, осындайда қайдағы нәрсе ойға қайдан орала кетеді? Әне, анау ақ жаулықты кәрі кемпір! Дәл мен! Өзім... Жо-оқ! Мен емес. Менің аумаған сыңарым ғой. Ажал дегені осы кейуана шығар. Е-е, онда келе берсін. Әлі біраз ауа жұтарлық мәуірітім бар. Жүдеу ғой. Қайтсін, бұ байғұс та дәл мендей шаршап шалдығып жүрген болар. Отыра тұрсын... Құдай-ау, осы әлгінде ғана нені ойлап жатыр едім? Иә, кесікті ғұмырды жасадым. Бір пендеге осы ғұмырым аздық етпейді де. Тәңір, тойымсыздық көрсеткен жерім жоқ. Бергеніңе қанағатым болды. Бермегеніңе таласқаным жоқ. Жар құштым, бала сүйдім. Бәріне ырзамын. Отағасыммен шәй деспей, көңіл жығыспай тұрмыс құрыппын. Алты құрсақ көтеріп, төртеуін жасағанның өзіне тапсырдым.

Иә, ағыл-тегіл жылағам. Шер төгіп-төгіп алып, жұбанғам. Өмір деген сол. Әткеншектің екі басы. Егілтеді, еңіретеді. Күлдіреді, қуантады... Содан Түлекбайымды берді - мауқымды бастым. Гүлбәнуім туды - көзім ашылды. Басқа не керек. Өткен күнде белгі жоқ дейді. Бекер ол. Сонау құлындарымның қолымда отырып көз жұмған шақтарын ұмытармын ба? Сол кездерде белді қатайта таңып алып, қайтадан тірек іздеп, тырбанғаным өтірік пе? Бұдан артық белгі не? Түлекбайым тәй-тәй басқанда көкесінің қуанышы қойнына сыймай, жалғыз лағын көкпарға беріп жібергені сол белгімнің алтын діңгегі емес пе! Иә, ұлым сүзек боп ауырды. Көкесі мойнына кісесін салып алып, Жасаған хаққа жалбарынды. Көзіме үрей тығылып, қалш-қалш селкілдедім мен. Сонда ажалдан қорық-қаным рас. Онда ол мынау ақ шашты кемпірдей, сырласымдай кейуана емес еді... Ырзамын. Балаларымның алдында көз жұматыным қол болды-ау бәрінен де бұрын. Өлмейтін пенде жоқ. Бәрінің барар жері - қара топырақ жамылар жер қойыны... Тәйір-ай, беталды үрке беретініміз бар-ау... Міне, көп ұзамай ақтық демімді алам. Сонсоң... Құлындарымды көрем бе? Неге көрмейін. Көкесінің соңында шұбырып “апалап” етегіме жармасар-ау! Оу, әлгі сыңарым, ажалым қайда кеткен?..”

Ұмсындық бір ой, бір елес шырмауында жатыр. Өң мен түстей буалдыр сезімге бөккен жүзінде кейістік жоқ, ырзалық, сабырлық пішіні тұнып тұр.

Гүлбәну тынши қалған анасының бірқалыпты баяу дем алғанын көрген соң көңілін тоқтатты.

“Өлмес! Неге өледі! Тұрып кетеді. Апам жазылады!”

Осы ойдан өңіне қан жүгірді.

...Аңыраған жоқтау естілді. Ішін тарта боздаған аруана сыздаған желіннен ақ сүт атып, дәл осылай зарлаушы еді. Дәл осындай мұң мен шерге толы қайғылы үнмен ұзақ сарынды жапан түз, жазық далаға таратушы еді. Сонда сай-сүйегі сырқыраған жанжануардың көзіне жас үйіріліп, дүние біткен бүрісіп келіп дымқылданған жанардың аясына сіңіп кетуші еді.

Гүлбәну еңіреп жіберді.

“Бұғыбайым!.. Тірегім! Қасымда жүріп қадіріңді байқатпай, бір ғана түнге, жалғыз ғана сәтке көрініп келіп, қуантып келіп, тез кеткенің қалай? Асығып жеткен бір сырды күйіңмен ғана ашып, сол аяқталмаған күй-сырыңның өзіндей боп бітпей қалған ынтығыңды табыстап, ұзағаның ба? Алдандырып қана, ұмсынтып қана, қол созған жүректі сыңар қалдырып, қайғысы мен өксігіне көміп... тағдыр-ай, не жазып ем? Алау кеудеге кесек мұз тастап, уаз кешірмей, тоңға айналдырғаның неткенің?”

Ыстық жас ақша беттен тарамданып ағып, сорағытып жылып тамады. Құс төс дір-дір етеді... Өрт пен мұздың арпалысы кішкене кеудені іштен ұрғылап, аяусыз тоқпақтап жатыр.

Жай басып кірген Түлекбай босағада тұрып қалды. Жігіттің де толқын ұрған сендей мүж-мүж кертілген көңілі жылы алақан күткендей еді. Ол жоқ. Бейбақ ана анау кірпігі қимылдап жатқан. Мұндық қарындас жүрек азасымен жүдеп, азып тағы отыр. Дүние тегіс тымырсық. Анталап кеп алқымнан бүріп, қоршап алған. Құрдасы еді. Қимасы еді Бұғыбай. Қарындасының ынтызар тілегін ұштап еді. Бұның қылар не пәрмені бар? Кешегі күнді қайта айналдырып әкеліп, күйді жаңғыртып, құрдасты тірілтіп, қарындасты қуантып, шешені мейірлендіріп қоя алар ма?

- Гүлбәну!..

Жалт қарап, ырғып ұмтылған қарындасы булыға өксіп келіп, ағасының кеудесіне жүзін көмді. Бар-бар мұңын айтқысы келгендей, бар-бар шерін тарқатқысы келгендей. Дірілдеген иық пен булыққан өксік қана соларды айтқызбай сездіріп жатыр. “Ағатайлап” еркелеуші еді, ағатайына алғаш рет қапалы мұңын шақты. Күйікті көңілдің алғашқы арызын ашты. Алғаш рет асығын тауып еді, асығып ұмтылып еді. Ынтыққан жүректің қабір жамылған сарнауын жеткізді. Дірілді өксікпен жеткізді. Жеткізді де, алдағы күннен күтер қандай тілек, сүйініш бар еді дегендей қапалы кеуілдің ауыр күрсінісін лекілдетіп шығарды да, сұлық қалды.

* * *

Ертемен жолға аттанайын деп жатқан меймандарына Тілеуқұл би Разақты жұмсап, қолқа салды.

- Адамнан туған азғын інім бар. Бетіме шіркеу боп отыр. Арыма салық боп түсті. Соны кешегі Ошаған бидің ұрпағы Дәулен батырдың алдында ел келесіне салмақ ниетім бар. Ыңғайы болса қатыссын. Ақ-қарасын тезге салыссын. Дірілді қолдың олай-бұлай ауытқып, я қырыс, я бұрыс кетпеуін қадағаласын. Осы өтінішімді жеткіз! - деді.

Тау боп үйілген томардың қасына жиылған жұрт алқақотан отырған он шақты адамды қоршай, дөңгелене иіріліпті. Кешегідей именшек, қорғалақ күй танытпай, қатты ширығып кіжініп алған. Үнсіз тұрған жым-жырт жиын бір кезде дүрлігіп шуылдап кетті.

- Қанпезер!

- Қарақшы! Жендет!

- Жүзіқара! Тіфу бетіңе! Тіфу сұм жайлатқан кеудене!

- Жер басып жүрме, жер баспағыр!

- Азғын! Адамның азғыны!

- Зауалы тапқыр-ай, бедіреюін қараңдаршы, бедіреюін!

- Қолыма бір ғана берер ме еді!

- Он екі мүшесін жіліктеп бөліп, ит атаулыға той жасар едім!

Дырылдатып сүйретіп келе жатқан Түлекбай мен Қуантайды омыраулай соғып, Нақыпбек жұлқынып қалды.

- Жібер! Жібер деймін екеуіңе! Күшік тазыдай қодиланып құйрық қайқайтқан немелер! Сендерге не жоқ!

Босанып шығып, Тілеуқұл бидің қарсысындағы екі-үш адымдай жердегі кеспекке құйрық басты.

- Ә! Жиналып қапсыңдар ғой. Өлімтікке үймелеген қарға- құзғындардан аумайды екенсіңдер. Ал, мүжіңдер мені! Ал, таласып талап қалыңдар! - деп айылын да жимастан ағасына шаншыла қарап тұрды да, сонан соң көзін Дәуленге аударды. Одан кірпігін қақпастан кекшіл жанардың қиығымен жағалай жұртты тегіс түгендеп, қыдырта шолып өтті. Ызғары мен ызбары шарпыған қияс қарасқа шыдамай тайсақтай бұрылып,

сескене ығып, жүз тайсақтатқан көпшілік қозғалақтай бастап еді. Бірақ Тілеуқұл мен Дәулен мызғыған жоқ.

- Жә, ағайын! Түйіліп келіп, тіл тістеп түнеріп тыншығаның қауым қамы мен ел тірлігін әрі тыныштығын іздеген зар тілегің ғана болар. Ұқтым соныңды. Түйдім кеудеме. Барды көріп отырып бұрылып кетсем, бүйірімнің кімге қызғанын құдай да, адам да кешпес. Кешпес-ақ! Ақ өлімнің үстінде, қара жамылған жылаулы ана, шерлі қарындастың алдында пенделік кебенегін иініме жамылсам - селдір сақалдың әр түгін арамға малып, әділ жолдан адасып, қара басып кеткенім болар. Көңілде түйткіл қалмасын. Ақ пен қараны, түзік пен терісті тегіс тексер. Жан күйердің кеуілі, бала-шағаның жасы, шырылы бөгет болмасын. Ол, ол желеу емес! Былқыл-сылқыл, көңілшектік көрсетер орайдың орны алыстап кеткен. Оны ұмытыңдар. Жігерсіздік қол байлайды, ой матайды. Соны пайымдаңдар! - деп барып тоқтаған би айналасына қарамай-ақ баурап алып, шырға тастады.

Дәулен сергек көңілмен бар сырды танып отыр. Мынау қырыстанып, қабақ астынан уытты жанарды әркімге бір түйрей түсіп, нығыздық көрсеткен жанның Тілеуқұлдың туған інісі екенін де біледі. Анадан бөлек болғанымен атадан туысып, кіндіктесіп байланған қу бауырдың жал-құйрықсыз кәрі заңғарға сондай бір беломыртқаны сындыратын қимастығымен сыздаған ішті күйікпен кернетіп, толтырып бара жатқанын да құр жіберген жоқ. Осыларды тез-тез аңғарып өтті де, үнсіз томсарған жұрттың қай қиырдан шаң берерін, қай тұстан қиялап соғарын тосып, манадан бері шаншып алған тік кеудесін қозғалтпайды. Жиын да би ыңғайын шалып қалып еді. Сөз бен тезді өзі бастамай, өзгені қостауға бейіл қойған шалдың тіл тістеген мына қалпын ұнатпай ма, іштей аңдысқан мазасыз тыныштықты бұзар емес.

Разақ көзінің қиығымен биді жанап өтті. Екі ұрты суалып, жақ жүні үрпиген шалдың опырайған түрі адам аяғандай екен. Кәрі қойдың жасындай келте ғұмырдың ендігі қалған қысқа күнінде “өз қанын өзі шашты! Қаталдықты бауырына жасады!” дейтін қызыл тілдің қыздырмасына көкпар ғып ұсынатынынан каймыға

ма, сұсы қашып, сүлдері ғана сораяды. Әлгінде ғана тісін қайрап, зілін қатайтып отырған Разақ бір сәтте тауы шағылғандай, іштей үнсіз жуасып, баж етуге бәтуа таппай, жүнжіп қалды.

Түлекбай манадан жүрелеп отыр еді, тізесі талып, беректері қашты. Дұрысталып жайғасайын десе, қыбырласа-ақ әлденені бүлдіріп алатындай қуыстанады. Содан ызалана түсіп: “Осы үлкендер қызық. Оңай нәрсені қиындатып... күмілжіп қала береді. Енді не күтері бар. Жазықты ма? Жазықты! Айыпты ма? Айыпты! Ендеше, сал тұзақты мойнына! Кес жазасын! Қашанғы соза бересіз?” деген кінәмшіл ойларға құрық салды. Соған енді өзі де шындап бет бұрды ма, еңсесін көтеріп түгел топқа көз жүгіртті. Шүйкедей боп қасіретке шомған Бұғыбайдың анасын көрді. Бір-ақ күнде сүзектен тұрғандай қан-сөлсіз сұрғылттанып жүдеген Гүлбәнудің аянышты реңін жанарына сүңгітіп әкетті. Сол-ақ екен үлкендерге деген кейіс-қиясты қабағына жинап алды да:

- Уа, не күтетіні қалды? Неменеге болдырып отырмыз? Бәрің түгел шетіңнен титықтап бітсеңдер, өзімақ орындап берейін. Қысасқа - қысас! Жазасы - өлім! Сол ғана! - деп әдептен озса да, өз кесігін айтып салды.

Әйелдер жағы жігіттің сөзін құптағандай әр тұстан үзік-үзік:

- Сол керек!

- Бетің күйгірдің шімірікпеуін қарашы!

- Кескектеп итке тастар ма еді! - дескен ызалы үн қосып тұрды да, жайшылықтағы ұйымшыл байбаламын үдете алмай, қариялардың үнсіз аларған жүздерінен қаймығып, жым болды.

Тілеуқұл назарын төмен салған қалпынан айнымай, салбыраңқы қабағымен көзін тасалап алыпты. Ой жүйесін былайғы көпке жария еткізбей дүмбілез қалпын әлі де шайқамай отыр. Түлекбайдың жастық қызулықпен болса да, өзіндік шапшаң алғырлықпен болса да, әйтеуір дәл қазіргі көп көкейіндегі бір сөзді ытқытып тастап, сол жалын ұрған жастықтың маңдайы тасқа соғылмаған бірбеткей адуындығымен талай түйінді жалғыз-ақ сермеп, қиып түскенін санасына қанша сүйрелесе де жеткізе алмай, би күрсініп қалды.

“Қажығаным рас болар. Қайратты жастың бір сілкініп аударып тастаған кесегін, мысқалдап үгіп, қасықтап шекіп әуре болам. Бір-бірлеп санап, есеп-қисап екшеп әдеттеніпқалдық па екен? Артын бағатын аяншақ төсілге әбден бой үйретіп алдық па? “Қайта оралар қайырым қажет” деп бүгежектегенім мынау ел алдындағы айыбым болып шықса қайтем? Неге қимаймын бү немені? Бауыр болса, базынасын жаулықпен қылар ма еді? Бір тауқыметке-ақ опырылып түсіп, өзгеден нарлық таныттар қауқар іздегеніме жол болсын. Пенденің күйкілігін өз басымнан кешіп отырып, артымнан ерген осынау бұқараның көп жыртық-жамауын бүтіндей алар қай септігімді бұлдаймын. Қайта бұлар тарылған тынысымды танып, жомарттығын жасап отыр ғой. Осылардың қол ұсынған көмегін көрмей, сыздаған ішімнің ыңқылын анау аңыраған күйіктің құсалы өксігіне тындатам деуім қай далбасалық? Тыңдатар уәжім қалып па еді? Бұғалық үзген тентекті келтек ұстаған тегеурінді топтың тезіне қимағаным - өзімшіл көңілдің бошалап кеткен бейшара байбаламы шығар? Араша түсер не қалды? Қалды ма сол жылылық? Аты аузыма оралмайды? Інім емес пе еді? Әлден-ақ азан айтып қойған ныспысын ұмыта бастасам, айыпты жазғанның кінә-сұмдығынан жеркеніп, біржолата күдер үзгенім бе? Апырай, өзі неге дыбыс бермейді? Тіл қатып, сонау үңірейіп тұрған шыңырауының алыс ернеуінен неге бері қол созбайды? Соза алмай ма? Сорлының үнін өшіріп отырған мына жұрт алдындағы маңдайын аяусыз таңбалаған қанды шіркеуі ме? Онда мен бауырға неге шылбыр тастамаймын? Тастайын ба?”

Тілеуқұл еңсесін тіктеп алдында отырған Нақыпбекке назарын туралады. Туралады да тіксініп қалды. Інісінің зәрлі, зілді жанарында ағаға деген мейірімнен гөрі өшпес кек, бітіспес жаулық тұнып тұр еді. Сол шұқшиған қалпын өзгертпестен Нақыпбек ызалы мысқылды мұрт астынан бүлк еткізіп, бүлік кекесінді бүркіп жіберді.

- Уау, би! Тілің байланып кадды ма? Бауырыңды балталат! Содан кейін жынды келінінді жамбастап, төсек жаңғырт!

Төбесінен мұздай су құйып жібергендей тітіркенген Тілеуқұл алғаш рет ібілісті көргендей түсі өзгеріп, қуаң тартып, екі қолын қайта-қайта ербең еткізді.

- Түу-түу, пәлекет! Албасты жайлаған, сайтан иектеген жазған! Ойпыр-ой, ойпырым, мынау шіркін, шіркін неме бұзылған екен. Әбден қайырусыз кеткен екен! Әй, әй! Оңалмас! Түзелмес! Сыңайы қандай еді! Көпірден жан шошырлық қой... Бәтшағардың бар бойында иненің жасуындай іліп алар нәр қалмапты-ау! қалмапты-ау тілек түнер сау жері... Аямас! Қан шеңгелде кеңірдек... қаншеңгелде өмір тұр үзілгелі, таусылғалы... соңғы демін қылғына жұтып! Ажыратсаңдаршы саусақты! Мына қаншеңгелді қақсаңдаршы алқымнан! Тықсаңдаршы көрге! Көрге ғана!- деп дір-дір еткен Тілеуқұл ес жия алмай селкілдеп кетті.

Дәулен тез қозғалып бидің иығынан ұстап, демеп жатыр.

- Ақсақал! Сабыр сақтаңыз! Күйзелмеңіз!

Би Дәуленге аңыра қарап біраз отырды да, ендіенді әлгіндегі өн-бойын буған белгісіз құрсаудан серпіліп, ойын жинақтап алды. Соны сездіргендей сергек жігітке бір түрлі мейірлене қарап қалып, жайлап қана басын изеді.

“Отыр ғой, міне, бауырым. Нағыз тілектес, сабақтас пікірлі қанды көйлек қорғаным. Осылардың ортасында отырып, жалғыздықты уайымдағаным қалай. Күйрек күйге дес беріп, мыжып босап, қажып алжасып, адаса жаздаған түріме болайын. Ел ішінде еркек кіндіксіз қалғандай соншама таусылып жүнжігенде, қимағаным мынау жендет пе? Жерігіне қан жұтса, жеңсігіне жұртты шақ келтірер ме? Қылғып асап, сылқ-сылқ көмейлер. Қансоқтасы сол ғой, ел ғой. Тұмсығынан сорғалаған қан-жынды көрмей, көзіме шел қаптаған ба?”

Қанатын қомдаған көрі қырандай екі иығын бүлкілдете түсіп, етегін қымтанды да, Тілеуқұл бас шұлғыды.

- Ағайын! Алжыған шалдың бір сәттік тілекпен “дегеніме иландырам” дейтін жігерсіздігін бетіне баспай, үнсіз томсарған кеңшілігіңе рақмет. Мүмкін

сол ыңғайларың қожыраған көрінің жасықтығын кешіре білген ниеттеріңнен туған шығар. Әйтеуір, мынау зауал сәтте, сын сағатта өз қадірімді де, сендердің қасиеттерінді де таныдым. Анық аңғардым. Сол үшін де осалдығыма от боп өртеніп барам. Қауқарсыздығыма күйініп отырмын. Бой-бой болған жанымның тілім-тілім жарасына өкініш пен опықтың ащы тұзын сеуіп өзімді-өзім қинамасам, өзгенің қинар түрі көрінбейді. Ол сендердің сыйлағандарың, сақтағандарың болар.

Жә, ағайыным! Қарындас қауымым! Мен айта алмаған, таба алмаған кесікті мынау Түлекбай балам атады. Ақтарым жоқ Нақыпбекті! Жақынын жауға матап берген сұмдықтан өтер сұмдық бар ма? Жоқ! Ендеше, әу баста өз қылығымен өз кесігін өзі жасапты. Сол кесікті мен де құптаймын. Хош көріп, жауыздан жиреніп, кесапаттан арылу үшін арамзаны аластау деген бәріңнің түпкі ойыңды жаңғыртамын. Жар салып, жариялап айтам! Қысасқа - қысас! Жендетке - өлім! Жауызға - өлім! Сатқынға - өлім! - деп кесік үкімді айтқан сайын оң қолын қылышша сермеп, Нақыпбекке қарай үш қайтара сілтеді. Өңменге қарай ұмсынып, назаланып атылған үш мәрте “Өлім!” деген сөзбен бірге қақандаған қол бұл сәтте Нақыпбекке тура төнген ажал ұңғысындай елестеді. Шаққа жұтынып, аузымен ауа қарманып, иек кекжитіп, калшқалш селкілдеп Тілеуқұлға қайтып қарай алмай, жұрт аужайын бажайлап төңірекке жапақ-жапақ бұрылып, сұрамшақ, жалыныш көзді жағалатты.

Күтпеген жерден оқыс айтылған үкім мен үрейлі жанар бар жиынды құрсаулай буып, матап тастады. Қыбыр етуге мұрша болмай, демнің өзін ұрлағандай қысталана шығарып жым-жырт мелшиген тобыр тағы да түйіліп алыпты. Біріне-бірі бұрылса, әлдебір келісімді ықтиярсыз орындайтындай сезініп, қалт етіспейді.

Разақ даусын кенеді.

- Неге үндемей қалдыңдар? Әділеті айтылды. Байлау жасалды. Соған бәтуаласу керек. Жоныңды сыртқа теппей, жөнінді білдір, жамағат. Тілекең сүйей салды сөз шығарса, дуылдап жөнелер едіңдер.

Тірелмеңдер енді. Әлде ішке бүккен басқа кебің бар ма еді? Бар болса, ақтарындар! Салындар ортаға! Ал саларың жоқ болса, кесікке кеңес бер. Билікке білек қос. Ара ағайын күні ертең артымыздан арсылдап ерер сөз қоспасын десең, мынау үкімді бар қауымыңмен қоста. Тоналған да сен, таланған да сен. Ордаңды шалған ылаңның меселін қайтарып, желкесін қисаң, қаталдық болса да қарғысы ермейді. Қауым тілегі - өсек өртін басатын нөсерлі сел. Соған табан тіресең, созба! Бекіт те бітір! - деп ырғалып қалып, бір тізерлеп иығын өсірді. Сол бойда қасында түрған үш-төрт жігітке кезек-кезек шаншылып өтті.

Тұс-тұстан кібіртіктеген күбір туындап, осы күбір-сыбыр еріндерді түгендеп, күңкілге ауысты.

- Дұрыс қой, дегенмен...
- Әйтеуір, айтылды ғой, біз не дейік.
- Құпта десе, қарсы болмаспыз.
- Не білуші едік. Кешеден бері білгеніміздің де айырылып, қожырап қалғандаймыз.

Разақ шапшаң қимылдың өжет ызасына басты.

- Әй, он салса, бір баспас, оңшең қырт! Көміле-көміле жер болған мыртесе шірік немелер! Қайрауың баптalса да, кірш етер өткірлігің көрінер ме бір! Осы қу мінез, жермешел ынжықтығыңнан-ақ өріс-қоныстың тарылтып барасыңдар-ау! Не дейін сендерге, - деп күйіп-пісті.

Тілеуқұл Разақтың өршіл жігеріне қатты риза боп, сүйсініп қалды да, қарашығын аунатпай тесіле түсіп:

- Әй, Разақ! Шаршама босқа. Менен өткен ет жақын қандасы жоқ. Кесік айтылды. Байлау сол болды. Қарсы ниет білінген жоқ. Одан өзге не керек. Сөз осымен бітсін, - деді.

Нақыпбек шар етті. Жіңішке дауыстың көмейлете созған үні - жылау да емес, сарнау да емес, ызалы, кекті бір өңкей сұңқыл. Омырау тұсы, екі қолтығы шып-шып терге шыланып, дымқылданған жейдесін шымшып ұстап алыпты. Сұңқылдап отырып, желп-желп желдетеді.

- Разақ! Көріңде өкіргір, Разақ! Алжыған төбеттің қолтығына дым бүркіп, қыт-қыттағанында-ақ сен ойлаған сұмдықты мен білмейді ғой деп отырмысың!

Итім илансын оған. Сендім-ақ сенің шындық іздеп, шырғалаңнан із кескеніңе!.. Ойбай-ау, адалым сен де, арамың - мен екем ғой. Көкіпсің! Сенің көкейіңді жеп бара жатқан қандай құрттың түрі-түсін танымасам, шошқа тағалап жүрмін бе? Ел қамын, қауым жөнін ойлаған кемеңгерім сен екенсің ғой! Оу сонда, мынау ит өлген ішіңді қайтып жасырмақсың. Соны айтшы! - деп Нақыпбек тепсіне түсті.

Жым-жырт жұртқа тіл бітті.

- Апырай, кәпірдің ұсқынына қарандаршы, жарып тастағалы келе жатқан қасқырдан аумайды екен!

- Төрт аяқты жыртқыштан екі аяқты жыртқыш зәлім!

- Сұңқылдап алып, тарпа бассалғанын көрмеймісің!

- Төбет деуге аузы қалай барады!

- Үнін өшірсеңдерші! Көзін құртсандаршы!

- Жіберші! Қоя беріңдерші мені!..

Қылғына айғайлаған әлдекімді бір мытып, үнін өшірді де, Разақ Нақыпбекке қайта шүйілді.

- Шуламаңдар! Айтсын! Ашып берсін менің көкейімді жеп бара жатқан құртты! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тыңдайық. Көк шыбын қабаққа қонғанда басқа секірген қанның бүлкілін жер сілкінуіне санайтын. Солай боп қомақтанып отыр ғой. Жүлде бөліп, үлес үлестіріп жатқандай қатты қырға әбден мініпті. Бас жетімі мен боппын. Қай сауғасына ұсынар екен? Бөлмейік сөзін, - деп тыншу қалыпқа шақырды.

Нақыпбек Разаққа көзін шүйілдіре көздеп, қысыңқырап алыпты. Біразға дейін сығалаған саңылауын қиястандыра оқтап тұрды да, уытты жанарды жарқ еткізіп кең ашып, былайғы жұртқа жайнаң етті.

- Уа, көрмеймісіңдер? Шетіңнен көрсоқыр суқараңғы ма едіңдер? Азғын деп маған шүйілгенше, нағыз қорқау Разақты неге танымайсыңдар! - Сұқ саусақты сілтеп қап, Тілеуқұлды нұсқады. - Мынау кім? Өлмелі шал. Бүгін бар, ертең жоқ. Одан кейінгі мұрагер, анау төрт қос жылқының иесі кім? Мына мен! - Сұқ саусақ шошаңдап келіп, кеудеге тіреліді. - Оу, зәлімдік ат пен түйе жетектеп келмейді. Оны сезу оңай емес. Разақ - залым! Мені өлтіруге соншама

құштар болуы - ертеңгі анау малдың бір тұяғын шығындатпай өз алдына салу! Әне, зәлімдік! Әне Разақтың көкейін жеп бара жатқан алабас құрт!

Тілеуқұл ақырып жіберді.

- Тәйт! Тантыма! Ең болмаса жөніңмен өле білсеңші. Разақтың қара тырнағынан садаға кет! Елдің бәрін өзіндей көретін қара ниетің қандай пасық еді! Түу-түу шіркін! Түңілдім! Тойдым кебіңе. Әкетіңдер итті! Ап кетіңдер арсылдата бермей!..

Нақыпбек енді ағасына шұқшиды.

- Әй, жамағат! Мынау кім? Тілеуқұл би! Мен кім? Нақыпбек азғын! Осында өтірік бар деп қайсың қарсы боласың? Бола алмайсың. Бұны би қылған, мені азғын қылған немене? Ол - әділетсіздік! Бұны би қылған, мені құл қылған әділетсіздік қана! Бәйбішеден туып, қарашаңырақты мен иемденейінші... тағдыр ит сөйтіп адаспай әділ келсінші, сонда не болар еді? Соны ойладыңдар ма? Ондай ой сендей мәңгүрттердің түсіне де кірмейді. Сонда Нақыпбек кім болар еді? Тілеуқұл кім болар еді? Әне, кілтипан қайда жатыр. Мен - би болар едім. Мен!!! Ақ дегенім - алғыс, қара дегенім - қарғыс боп, келеңе сөзімді бұлдап, ажарыңа көзімді бұлдап шіреніп отырар едім! Сөйтер едім! Өйткені, әлдінің алдында жорғалап, малдының алдында күмілжіп калатын көнбіс бишаралығың әуелден қамыт боп мойныңа түсіп, перде боп бетіңді тұмшалап қойған. Бас шұлғып монтанысып, көп зорлықты құдай жіберді, Тілеуқұл бай бұйырды деп қабылдай бересіңдер. Соған ет өліп, сүйек сынып кеткен соң қыбыр еткен бірің табылды ма? Қайдан табылсын. Тең теңімен, тезек қабымен. Күшті мені бұраса, мен өзімнен әлсізді қайқаңдатам! Міне, сендердің әдеттерің! Байғұс байғұсқа ғана байғыз. Көзін шұқиды, жүнін жұлады. Өзінен бір елі мықтыға айбат атпайды. Неге өйтсін. Бере алмай жүрген артық жаны жоқ! Осы ма әділетің? Мен Нақыпбек би атанып, мал-жанды шоқтай қып ұстайыншы, дәл менің орнымда мына Тілеуқұл отырмаса - не дерсің! О-о, отырғанда қандай! Менен де өткен қыршаңқы, менен де өткен сұмпайың осы болар еді. Себебі, тірлік солай. Ал, айқайлап қалыңдар. Маған айтқандарың - Тілеуқұл биге

айтқандарың. Айтақтап, шабаланып тұс-тұстан арсылдаңдар! Айылымды жисам - қатын болайын. Өз ішімде мен дәл қазір Тілеуқұлмын. Тілеуқұлым - Нақыпбек. Қане, қандай айырмамыз бар? Атадан қалған еншіні мен дауласам, атадан қалған еншіні Тілеуқұл дауламас деп жан бере аласыңдар ма? Әне, әділетсіздік дегенім! Біреуге береді, біреуді көмеді. Беретін де, көметін де - сен! Сенсің, көттақы көп шуылдақ! Кімнің қолында билік тұрса, соның шәуілдеген иті, дуылдаған итаршысы, сілтер шоқпары, қылғындырар бұғалығы - сендерсің, көп тобыр. Ал енді айтыңдаршы, қайсымыз азғынбыз? Азғын - бәріміз. Сенде де, сенде де, анада да, мынада да бір-бір бас бұққан әзәзіл кеудеде отыр. Өйткені өмір сол зәлімдікті қалайды. Табжылтпай табандатып отырып соған еріксіз апарады. Соны сездім. Өкінішім жоқ, - деп тоқтады.

Дәулен ұзақ ойға шомды. Бұлың-бұлың тірліктің сағым елесі, сағым- қиялы ұстатпайды. “Иә, азғындық - тегін жау емес. Түсін танытпайды ол. Төркін, мекенін және білдірмейді. Мүмкін шынымен-ақ әрқайсымыздың кеудемізде сол әзәзіл азғындық бұйығып жатқан да болар. Қолайлы сағаты туғанда сарт етіп атылмасына кім кепіл? Құрысыншы! Ой ұшығына кім жеткен?” деп сілкініп қалып, еңсесін көтерді.

- Өлім жазасы - ауыр жаза. Бірақ одан да ауыр, одан да қиын жаза барын ескердіңдер ме? Ол - ар жазасы, жан қазасы! Одан өткен ауыр жоқ. Ағайын, түйілген түріңнен қатты қиналған аужайыңды ұғындым. Мұң-шеріңді екшедім. Тұтастық танытқан осы бетіңнен айныма! Бірде бұлтын төндіріп, бірде шуағын төгер аумалы заманның әлі-ақ күлімдеп күні туар. Жетерміз соған еркін тыныстап. Оған дейін қолтығында сөккен қайғыға қайыспай, шеңберіңді шымырлата түс...

Ар жазасы - жан қазасы. Қайталап айтам. Тән өлгенмен, ар қиналмайды. Ендеше, сендерден сұрарым - мына алдыңда тұрған айыпкерге ар жазасын кес! Ауылыңнан, ауқымыңнан аластап қуып, адақтап таста! Ағайын-туыс, ел-жұрт, жолдас-жора қол созбасын, ыңғай бермесін! Исі қазақ безініп кетсін

бұдан! Дауыс жеткенге айқайлап айтып, алыс-алысқа хабар жөнелтіңдер. Сол айыбы, сол таңбасы қайда барса, алдынан тоссын да отырсын. Азабымен қинап, арына қозғау түсірсін. Кім біледі. Түптің түбінде адалы жеңіп, адамдық қалпына оралар. Әлде азғындықты молайтып, мүлде айуандық кейіпке түсер. Өзіне берейік ол ерікті. Қоя беріңдер! - деді Дәулен.

Сөз осыған тіреліп, жиын тарқады.

Түс қайта Разақ меймандарын ауыл үстінен аттандырып салды.

- Тез оралыңдар! Жақсылық хабарларыңды асыға күтіп, ат-сойылды қамдап, біз де тастүйін отырармыз. Жолдарың болсын!

Көз ұшында сағым бұлдырады. Аздан соң сол сағымға енген жолаушылар дірілдеп, ұлғайып шоғырланды да, қыр астына сүңгіп кетіп, ғайып болды.

Разақ ауыр күрсініп қалды.

ҚЫРДАҒЫ ҚУҒЫН

Алқынған арын баспайтын,
Өрсіз болар деймісің.
Орын тапқан ер жігіт
Жерсіз болар деймісің.
Орда тігіп орнаса,
Төрсіз болар деймісің!

Ақтамберді жырау

1

Шілде түсті. Жердің шығы таусылып, көл-көлдің суы тартылған соң, басы сарғылданған ақселеу де сирей бастады.

Жалдамадан арық тартып, атпа салып, алты ай жаз бойы ақтабан болған жалаңаш иінді жатақ ауылы тер төгуден жаңылған жоқ. Азын-аулақ егістік жеріндегі ақ бидайының буазып дән алғанын көргенде, "еңбек жанды деген осы!" дейтін шүкірлікпен қуана дабырласқан жатақтар беттеріне қан жүгіртті.

Кетпенін иығына салып алып, тізеден жоғары түріп тастаған екі балағын да түсірместен жалаңаш башпайымен майда ыстық кебіртек топырақты жасқана басып келе жатқан Құлнияз кайта-қайта тұра қалып, толқыған егінге ризалық тұнған, диқан тірлігімен бусанған мандайдың ащы тері көз аясына құйылса да, мейірімін жоғалтпаған жанармен жиі жапақтайды. Тегіс боп бітік өскен егін дәл бұл сәтте Құлнияздың бүкіл көрген қорлық, кешкен бейнетін есінен адақтап қуып тастаса керек. Өзгеше бір жұбаныш тапқан раймен осы маңда қыбырлап жүрген еңбек адамын түгендеп шолып шығады.

"Е-е, бәрекелді! Жер емген - нәр емеді. Құлшынған екенсің. Құлшын! Аз күнгі бейнеттің зейнетін қызыл қырман молынан өтейді. Аш қарын

тойынып, аш өзекке әл берер. Беліңді бекем буынып ал да, сіресе түс. Тіресе түс, кедейім! Одан-бұдан жиналып, аш-арық, жалаң аяқ, жыртық иін күйінде дәл осылай боларына сеніп пе едің. Енді міне, ырысың жайқалып тұр. Қырман қызылды болсын!".

Ерінге насыбай тастап жіберіп, шырт-шырт түкірген Құлнияз іске қандай мығым болса, сөзге сондай шорқақ. "Ақтабан шұбырындыға" ұшыраған халық жан сауғалап тоз-тоз боп жөңкілгенде, қарекет күйіттеп Құлнияз да Торғай өңіріне шұбап еді, содан жылжи-жылжи биыл көктемде Ұлытаудың бір сілемі - Маңадырдың табанына келіп табан тіреген. Астырттың құйқалы шымын көргенде, кәнігі диқанның екі алақаны ду-ду қышығаны бар еді. Сай-сайдан таспаланып құлаған қасқабұлақтар бір арнаға тоғысып, жалдама өзеншікке ұласқан тұсты нағыз қолайлы жер деп танып, алғашқы атызды өз қолымен түсірген-ді.

Үндемес жанның үгіті - еңбегі. Қаусап келіп, қашып тығылып, бұралып жетіп бас қосқан жоқ-жітік Құлнияздың осынау карекетін жақсы нышанға жорып, екілесіп кірісіп кетіп еді, міне, толқыған егін жан азабын самалдай үгіп, тарқатып жіберіпті.

Көптен ұмытыла бастаған ән, әуендер қайта жаңғырып, көкшіл аспан төрінде қалықтап тұр. "Елімайдан" сабақталған шерлі саздар, бара-бара ойнақы ырғаққа ауысып, "Беу, түрлен!", "Үкілім-ай!", "Сырғақтым!", "Жан жананым" тәріздес әндермен жүрекжарды ынтық сезімдерді аялап, арманға тілек жалғап, тілекті ду-ду қызған қан тынысымен айғақгап жатыр.

"Деген-ай! Адам болмысты қойсаңшы! Жарқ етіп серпіліп шыға келеді-ау! Мың қайғыны бір қуанышпен серпіп тастайды да, бүкіл дүниені үміт-қайыр жылуымен сергітіп, әлдилеп алақанына көтереді. Пай-пай-ай! Ырзамын, Жасаған! Талай заман шер бітеген кеудемді әнмен аштың-ау! Басқа не тілермін! Үзбеші осы сарын-самал жебеушімді. Бұзбашы күмбір-күмбір, сыңғыр-сыңғыр күйге бөккен сәтімді! Сәнім осы-ақ емес пе!"

Көңіліне шуақ ұялатқан Құлнияз асыға басып жаппасына қарай аяндады.

Шалының әдеттен тыс көңілді оралғанына бәйбішесі де мерейленіп қалды.

- Көкесі-ау, Жолдыбайыңның адам болғанын сездің бе? Ойбай-ау, жігіт болғаны сол емес пе, әлденақ асырай бастады екеумізді, - деп Сақыпжамал шешей сұқ саусаққа жұққан шойын табаның күйесін де ескермей, кірпігіне іркілген қуаныш жасын шертіп қап, бетіне қара дақ түсіргенін де елер емес.

- Оу, азаматым ғой ол! Иә, қайтып асырап жүр? - деп елеңдеген Құлнияз көлеңкеге жайғасып, кемпіріне сұраулы жүзбен бұрылды.

- Мана, осында топ бала өзенге барамыз деген соң, Жолдыбайды қыңқылдап болмаған соң...

Құлнияз орнынан безектей көтерілді.

- Ойбай-ау, кемпір-ау, жазған-ау! Жолдыбайды өзенге жіберіп жүргенің қалай? Оу, оу, су деген тілсіз жау! Бетін аулақ қылсын. Олай-бұлай боп кетсе... кайда өзі? Балаң қайда деймін саған?

Сақыпжамал шалының иығынан басып отырғызды.

- Беу-беу, күйгелек байғұс-ай! Ұйықтап жатыр. Даңғырлай бермесеңші. Оянып кетер.

- Түу, есімді бір шығардың ғой. Дегенмен, бәйбіше, балаға сақ бол! Жазым деген аяқ астынан... Ал, айтшы, аяқташы әлгі әңгімеңді, - деп қайта қисайып маңдайынан бұрқ ете қалған ащы терді екі саусағымен қырып алып, сілкіп тастады.

- Әжелеп болмаған соң, бала емес пе, меселі қайтпасын деп кеңшілік еткем. Көкесі, енді сен абыржымасаңшы. Ойын баласы қашанғы үйкүшік болып омалып отыра береді. Аяп кеттім өзін. Керемет алдамыш. Арқама асылып, мойнымнан құшақтап, саусағын... қошақаным-ау сол, кішкене саусақтарын жыбырлатып ерніме төсеп, “Әже, әжетайым жақсы ғой! Жібереді әжетайым!” деп... Содан, құдай-ау, калай босап кеткенімді білсемші, “бара ғой, күнім!” дегенім. Жабағының күлте кекіліндей кекілі жалбырап балалардың соңынан құлдырай жөнелді. Көкесі, сен көрмедің ғой, көгеннен ағытқан лақтай ойнақтап... Ойпыр-ай десе, тентек шіркін қай жерде жүріп сондай жүйрік боп алған! Аяғы-аяғына жұғар емес! Қарашығымның табанына бірдеме кіріп кетер ме екен

деп, жаным шығып... Әй-әй, көкесі, сен де бір жалқаудың сүреңісің-ау, Жолдыбайжанға бір шоқай ма, ілдалда тігіп берсеңші.

Құлнияз тағы бір аунап түсті.

- Қап! Өкпесі өшті-ау баланың! Жайлап жүгір дейтін адам болмағаны ма? Оу-оу, бәйбіше, қарап тұрдым дегенше, анау балаларға жүгірмеңдер демейсің бе? Әй, білмейсің-ау, білмейсің, - деп өкпелеп отыр.

- Бәлі! Айкайлағанда мен айқайлайын. Ит құған шіркіндер тіл ала ма? Құйын емес пе? Құйын ғой. Әне-міне дегенше ұзап кетті. Ойбуй, көтек, әңгімемді ұмытып барады екем-ау. Содан, балаң, Жолды-байжаның бір кезде әжелеп дауыстамасын ба? Қу жұмыс қол босата ма, жаппада жіп есіп отыр ем, тұра алсамшы... Буын-буыным босап...

- Оу-оу, не бопты? Ойпыр-ай, бір жерін ауыртып алған жоқ па? Осы сен, бәйбіше, менен жасырып отырсың. Ана баланың жатысы тегін емес!

- Қоя тұрсаңшы қабаттаспай. Беу-беу, адам-ай! Дегбірсіз болармысың мұншама. Бөле бердің ғой. Сау! Құлаған да, жығылған да жоқ. Түсауын Түркістанның түбіндегі жорға Рәтайға кестіртпеп пе едік. Неге жы-ғылсын. Ой, күнім-ай сол! Әжелеген даусыңның зекеті болайын! Тізесі құрғыр екі-үш күннен бері сырқырап жүр еді, содан ілініп-қабынып далаға шықсам... - кемпір көзі сығырайып, бір күліп, бір жылап, көзден аққдн жасты кимешегінің етегімен сүрткіштеп, тағы да кідіріп қалды. Құлнияз шыдай алар емес.

- Ойбой-бой! Сенен сөз тыңдаған кісінің діңкесі құрып бітеді. Бар болғыр, адамның жүйкесін жұқартпай, солай да солай деп тоқетерін айтпаймысың. Біреу тиіп пе, ұрып па Жолдыбайжанды? Қай шіркіннің жұдырығы батып жүр екен!..

Сақыпжамал шар етті.

- Тәйт! Ұрып көрсінші ботамды! Жуып көрсінші маңайына. Қолыңда өлейін! Ұрмақ тұрмақ шертіп байқасын!

Құлниязға өң кірді. Қайта жамбастады. Кемпірінің дәл қазіргі қаһарланған түрін көрген соң, Жолдыбайына келе қояр қауіптің жоғына көзі жетіп, іштей марқайып жатыр.

- Тиіспес! Тимес балама! Қаршадай қошақанды зәбірлеп... жын ұрып кетіп пе? Жуандық түнемеген, кеудесі кең өзіміздей нашарлар ғой шетінен, - деп көршілерінің қайырымен кездескеніне де шүкірлік білдіріп қойды.

- ...Содан далаға шықсам, Жолдыбайжан қылды бақырды мықшия көтеріп келеді екен. Бойы бір тұтам болып алып, анау бақырдан сәл-ақ қалқыңқы болып алып, өкеле жатқанын айтсаңшы. "Әже, әже-ау! - дейді даусыңнан садаға кетейін. - Балық әкелдім. Балық!" Құлдығым-ау сол, кішкене ғана ботақаным! Бізге көкесі, сен екеумізге сөйтіп бүгін құлыншағың табыс кіргізді." Асырады деген осы! Тәубе-ай! Тәубе, Жасаған! Қартайғанда көз жасымызды игені осы болар тәңірдің. Көкесі, балаңның балығын қуырып жатырмын. Ойбүй, күйіп кетті-ау! Әй, айтпаймысың көріп отырып... Қап, әлде ғана-ай! Ұмытшақтық-ай!..

Сақыпжамал жер ошақ басына кимешегінің етегі жалпылдап кетіп барады. Күңкілдеп барады. Құлнияз мәз. Баласы әкелген балықты күймек түгіл күл болып кетсе де жейді. Малдасын құрып алып, үй іргесінде желпініп отыр. Дәл казір жер-көкке сыятын түрі жоқ.

"Күшік неме қашан оянар екен? Барып, танауынан иіскеп шығайын ба? Ұйықтасын, құлыным. Шаршап, болдырып қалған ғой. Шіркін-ай, азамат болғанын көрер ме ем? Жете алсам ғой. Армансыз кетер ем онда дүниеден".

Бәйбішесіне дауыстап қалды да, аяғын сыбырға жалғастырды.

- Сақыпжамал-ай! Балаңның қарны ашқан жоқ па?

- Жоқ, көкесі. Тойып алған.

Құлнияз мекірене күліп қойды. Қисая беріп, тұсынан өтіп бара жатқан көршісін шалып қалып, басын көтеріп алды.

- Әу, Ембергенбісің? Хал калай, егіншім?

- Әзірше жақсы боп тұр ғой, Күлеке. Енді жауыншашыннан аман болсақ, бала-шағаның напақасын жинап алармыз.

- Сөз бар ма оған. Әй, Емберген, қайырыла кетші.

- Асығыс едім, Күлеке. Сіңбіруге уақыт таба алмай жүрмін.

- Жоқ! Болмайды оның. Бері кел. Отыр мына жерге, - деп Құлнияз астындағы бөстегінің шетін босатып, бір сырғып лықсыды да, Сақыпжамалға дауыстады.

- Әу, бәйбіше әпкел! Тездет! - қайтадан көршісіне қарап күлімдеген жанарынан шуақ төкті. - Не білдің, Емберген? Мына біздің кішкентай, Жолдыбайжанды айтам-ау, сол бүгін балық аулап келіпті. Соны, әне, шешесі қуырып жатыр. Баламның тұңғыш табысы ғой, дәмін тат!

- Оу, Құлеке! Той сізде екен ғой!

- Бәсе, бәсе! Дұрыс айттың, Емберген. Аузыңа май! Тойым бар. Бар бір тойым, зор тойым! Осыдан егін орылып, астық жиналсын. Әй, бір айды аспанға шығарып, дүрілдетермін-ау!

- Иә, көптен той көрмей кетіп едік, сіз бастаңызшы, біз де бір төгілейік, - деп Емберген қиял қуалады. - Шіркін, көкпар! Тақымды тыз-тыз қайнатып, егесе-ырғаса алақанды жауыр қылған күндер оралар ма екен! Сонда, Құлеке, құдай біледі дейін, көкпар етімен-ақ ауылды қызылға тойдырар едім. Жолдыбайыңызға да бір дорба асық жинап берер ем!

- Ниетіңе Алла разы болсын, жігітім. Көңіл көңілден су ішеді деген. Жарылқап тастадың, шалыңды. Оу, міне буы бұрқырап балықта келді. Ал, алып жібер!

- Балаңыздың алғашқы несібесі ғой, Құлеке, ырым болсын, өзіңіз бастаңыз, - деп Емберген жік жапар болды

- Бісмілла, бергеніңе шүкір, - деп іліп алып бір түйір балықты аузына тастап жіберген Құлнияз шайнап отыр, жылап отыр. Жылап отырып, мерейленіп отыр.

Емберген ауыз тиіп, тұрып кетті. Дастарқан басында біріне-бірі қабақ астынан қарап қойып кемпір мен шал қалды. Әлгінде Ембергеннің аңдаусыз айтқан бір сөзі - “немереңіз болар Жолдыбайыңыз” дегені, екеуінің де шымбайына батып бара жатқандай. Елден жасырғанмен көзден тасалай аларсың ба? Жетпіске келіп қалған кемпір-шалдың төрт-бес жасар ұлы немеремен қарайлас болатыны әмбеге аян. “Осынау күңкіл шықпаса екен, жетпесе екен құлаққа” дейтін күдіктенген тұстан сыбыс беріп, жел есті. Есті де, біріне-бірі сүйенген, бірін-бірі демеген қос кәрінің

қолтығындағы тіреуін, көңіліндегі демеуін сықырлатып та, шайқалтып та кетті. Жаңа ғана шуағын құйып тұрған жаз күнін ызғар буғандай әлденеге қалтыраған денелер бүрісіп барады.

- Суып кетті ғой балық алсаңшы, көкесі, - деп Сақыпжамал шешей шалының қас-қабағын бағып, сырмінез сергектікпен құрсаған ойдан босатпақ болып, әлсіз дәрмен қарманды. - Жолдыбайжанның еңбегі емес пе, тойып ал.

Тамақтан ас өтер емес. Қылғына жұтынғанда көмейде түйнектеліп тұрған түйдек өксік қолқаны суырып түсетіндей кері теуіп, әбігерін алып бітті. Болмаған соң су қосқан шалаптан бірер ұрттап, Құлнияз қиралаң етіп іргеге басын сүйеді. Қайтып қозғалған жоқ...

***

...Көкек айы - жаз анасы. Тірілердің көптен бері телміріп аңсаған алтын сәулесі тұңғиық көктен мол құйылды. Қоқсық қордадай жертөле, жыртық лашық, шым үйлерден өре шыққан шаруа-райяттар егістік жерлері мен бау-бақшаларына қарай шұбырды. Ат-көлігі аз, шабан-шардақ диқан қауымы сонда да мойыр емес. Кетпен, күректерін иықтарына асынып алып, біріне-бірі дем бергендей дуылдаса сөйлейді.

- Ызғардың осы қайтқаны қайтқан болар.
- Сәуір тумай - тәуір болмас деген!
- Жарықтық шуақ төгілді, нұр себілді ғой.
- Әй, әлгі ойрат дегендері бұл Түркістан уәлаятына да жетер ме екен?
- Жетпес! Сарбаздар бар ғой, қарсы тұрар.
- Анау Талас бойында қан қырғын болды деседі. Сол жақтан шұбап жатқан босқын.
- Алғашқы қарқыны ғой. Қайда барады дейсің. Сыбан-Рабтанға да зауал бар шығар. Ел емеспіз бе. Еруліге қарулы деген, ыза-назасын жоғалтпаған халық қасқайып қарсы шығар-ақ!
- Әрине! Оған сөз бар ма. Көк болат құрыш қол қазақта құрып кетпесе, жау үстінде құдіретті кегін

жарқ-жұрқ ойнатар. Әйтеуір, мына сыннан қалай өтерміз? Соны пайымдайтын хан-сұлтан бар ма екен?

- Қойшы соларды! Құр күпілдек көкірек емес пе шетінен. Өтірік көкіп дандайсыған жеткізбейді. Шынтуайтқа келгенде соларыңның өзі құйрығын бұтына тығып, дірдектеп қалады.

- Иә! Әз Тәуке өлгелі сан қысастықты арқамызға тіліп салғызып көтеріп келеміз ғой. Әй, бұлар тоқтата алмас!

- Жә! Мысыңды баспа! Басқызба босқа. Хан болмаса, халық бар. Атойлап шығар ұлдары табылар. Анау Қазыбек би мен Бөгенбай батырдың аты дүркін-дүркін естіліп жатыр ғой. Қиянатқа жібермес.

- Неге жіберсін! Айтпақшы Саңырық бастаған біраз қол көп ойратты қамыстай қаусатыпты ғой. Соның өзі-ақ бар түйткілді тарқатып тастамады ма! Бұғалыққа бас сұғатын халық болған емес. Болмайды. Үш жүзге ұран тастап, тау мен даладан тегіс құйылып, әлі-ақ бой көтерер!

Осындай қайрау-пысықтаумен көңілдерін тоғайтқан диқан қауымы, дақпырты болмаса баска дүрбелеңі өз бастарына өзірше жете қоймаған 1723 жылдың көтемінен үрікпей, арқаны кеңге салып, адал жанның ішіп-жемдік напақасын күйттеткен қарекетіне кірісіп кеткен еді.

- Осы биылғы қыстың сүреңі жаман болды-ау. Жер тоңы қатты. Алты ай қыс қар түспей, топырақ бойына ылғал жинай алмады ғой.

- “Жұт жеті ағайынды” демеуші ме еді.

- Қой!.. Өйдеме! “Жақсы лепес - жарым ырыс”. Ұлыстың ұлы күнінде береке іздейік. Жер тырнап әдеттеніп қалдық емес пе. Құдай қаласа, бұйырған ырзықты теріп алармыз. Жұты құрысын!

- Жөн сөз! Ендеше, аянбайық! Айтпақшы, осы бұлақ көздері қандай екен? Жер тартып кетпеп пе? Көргендерің бар ма?

- Мен әнеукүні мердікерге жұмысқа барғанымда, Қожа тұмасының тұсынан өтіп едім, жылдағысындай болмағанымен, суы біраз.

- Қасиетті бұлақ қой ол. Әзірет сұлтан әулиенің шарапатынан болар.

- Яңыш арығы, Мір-Қарасу арығы, Қарабұлақ, Созат бұлақгар онша емес.

- Ақзіл-қия мен Мыш арықтары да былтырғы деңгейден көп төмен деседі.

- Апырай, не болар екен? Мутауалли жандайшаптары онда бір суарғаныңа дүниенің астығын сұрайды десеңші!

Қайтадан қабақтары салыңқы тартқан диқандар басқа уәжге келмей, әркім өз үлестеріне қарай бөлініп, ыдырап жайылып кетті.

Құлнияздың үлесі шет жақта болатын. Өткен жаз немере қарындасы Рәбиға мен күйеуі Төсібекке барған сапарында, жолы болып Жомарт батырдың екі жиренін мініп кайтып еді. Соғымға біреуін жығып алып қыстай қызылды тісіне басқан кедей, енді жиренқасқаны соқаға жегіп, шырт түкіріп құлшынып келеді.

"Әй, Тәсібекжан-ай! Сойың бөлек нарсың ғой! Әттең, соңыңа қара ілеспей сен де зарлық, бір перзентке зар қып қойған мен де зарлық! Тек қана, аққөкірек азаматым, қайда жүрсең аман бол. Апырай, мына жау біткен сол тұстан қаптап келеді дейді! Тірі ме екен байғұстар! Жанының бәрі мейірім, кеудесі толы қайырым еді елпілдек байғұс күйеужанның. Бір пендесін жарылқаса, дәл Тәсібекті жарылқар. Жасаған, өзіңе тапсырдым!"

Жер қыртысы аунап түсіп, аяқ астынан шүйкеленіп бу көтеріледі. Сол будан танауға көк иісі, топырақ иісі лек-лек жетеді. Дүниеде диқанға одан өтер қуаныш бар ма. Ышқыры сусып мықынына тұрмай қойған соң, анда-санда бүре ұстап шалбарын жоғары тартып қалады да, Құлнияз жиренқасқаның төңкерілген сауырына қамшы сілтеуге дәті шыдамай, мықшыңдай түсіп демеу береді.

- Әйт- шуу, жануар!

Жиренқасқада айып жоқ. Созыла шіреніп, омыраулай тартып соқаны бір кідіртпейді.

- Әй, мыңболғыр, қасқа атым! Жарадың! Бір қолымды екеу қылдың-ау! Шүу, қанатым! Таянғанда аянба!

Жаулығының етегі желбіреп көз ұшынан Сақыпжамал дедектеп келеді. Біріне бірі сүйенген

екеудің біріне бірінің ниеті керім. Отағасының аңқасы кеуіп, тамағы қаңсып қалды-ау деген қамқорлықпен қауақ толы шалабын қолтықтап, өкпесі өшіп келе жатқан бәйбішесін көргенше Құлнияз да аяныш сезімге шүп-шүп толды.

“Жазған кемпір-ай! Соншама жанұшырмаса да болады ғой. Ыстық күнде өкпесін қабынтып несіне асықты екен. Асықпаса да жетеді ғой. Осындайда қолды-аяқты балаң болса... Түу-түу, не болса сол ойға оралып... байғұсқа айтып қояйыншы, дедектеймін деп жүріп, құлап қалып, бір жерін мертіктіріп алар”.

- Көкесі! Әу көке-сі-і!

Құлнияз мырс етті. Екеуі отасқалы шаңырағынан іңгәлаған дауыс естілмесе де, осы халал жұбы мұңы “көкесі” деуден бір жаңылған емес. Қандай жылы сөз еді! Көкесі болар, баланың көкелеген үнін естір күнге енді жетпес те...

Сақыпжамалдың даусы естілгенде, жиренқасқа құлақтарын қайшылап, пысқырып қалып тоқтады.

Анау далақтап жақындаған жұмсақ мінезді адамның қатқыл алақанынан бір түйір дәмді нәрсенің тіліне тиерін сезетін жануар, қаз мойнын орақтай иіп, бұрылып қарап қалыпты.

- Көкесі-ау, таңдайың кеуіп қалды ғой, бірауық дем алсаңшы. Азаннан кешке дейін бір тынымың болмайды, өзіңді ауыстыратын да ешкім жоқ... - күмілжіп барып кимешегінен бұрқырап шыққан шашын сұқ саусағымен шажамайына тыққыштады. - Оу, сусын ұрттап, аздап деміңді баса тұр. Мен бір айналдырып келейін.

Сақыпжамалды заты әйел демесең, еркек жұмысына да ыңғайлы. Көйлегінің етегін ышқырланып алып, оқыранып ернін жыбырлатқан қасқа аттың мойнынан құшақтады, жалын қасыды. Камзолының қалтасынан тандыр нанның қиқымын шығарып, жиреннің аузына тосты. Содан кейін делбені ықшамдай ұстап,соқаның тұтқасына жармасты.

- Айт, шүу, жануар!

Құлнияз дауыстап жатыр.

- Бәйбіше, тереңдеу ал. Қалтылдатпа!

Сақыпжамал тіл қатқан жоқ, түрен тасқа

тірелгендей, жиренқасқаны мықшындатып, бөксесін сүмпитіп жіберді.

“Қажырлы әлі! Қай еркектен кем! Оу-оу, анау-мынау бөріктіңді бұйым көрмейді!” деп жұбайының қайратына көңілі толған Құлнияз насыбайын тіл астына тастап жіберіп, аяғының астындағы топырақты уыстап алып, үгіп отыр.

“Ылғалын ұшырып алыпты-ау!”

Бас шайқап, таңдай қақты.

- Бір амалы болар...

Қалғи бастады. Жауырын ортасынан қадалған шуақ қыздырып барады. Құрыс-құрысы тегіс жазылып, маңдайдағы қатпар әжімдер тер кілкітті.

- Ассалаумағалайкүм!..

Селк етіп басын көтеріп алған Құлнияз есік пен төрдей жерде тұрған аттыны көріп, оң қолымен таянып, итініп көтерілді.

- Уағалайкүмассалам! Оу-оу, Бөртемісің! Жол болсын, - деп қол созды.

- Құлеке, танымай қалдым сізді. Аман-есенбісіз. Жөн-жосықты кейін білісе жатармыз. Асығыс келем. Көмек-жәрдеміңіз аса қажет боп тұр. Сіздікінен сүт табыла ма? - деп Бөрте ат үстінен түспей мазасыздана қалды. Әлдеқайдан жаралы күшіктің ырылындай бөлек үн естілді. Құлнияз жан-жағына жалтақтай қарады.

- Е-е, табылады. Сүт бар ғой.

Бөрте қойнына қолын сұғып, төсінің тұсын алақанымен сыйпалады.

- Жүріңіз, Құлеке! Үйіңізге бастаңыз.

Құлнияз Бөртені Жомарт батырдың қасына еріп жүргенде екі-үш мәрте көрген-ді. Жер қозғалса қозғалмас ауыр мінезіне сүйсінген еді сонда. Қазіргі дегбірсіз түріне қайран қалып тұрды да, айналып келіп қалған Сақыпжамалға қол бұлғады.

- Сақыпжамал! Бар болғыр, болсаңшы!

Сақыпжамал Бөртемен ернін жыбырлатып сәлемдесті. Жердегі қауақты еңкейіп іліп алды.

- Жай ма, көкесі?
- Сүт керек! Үйде сүт қалып па еді?
- Көтек-ау, оны қайтесің?
- Маған емес, Бөртеге қажет.

Кемпір “түк түсінсем, бұйырмасын!” дегенін шылп еткен ернімен танытып, тамсанып Бөртеге бұрылды. Жоғары ернінің үстіне тарының дәніндей болып, дөңгеленіп-дөңгеленіп мөлдіреп тұрған терін алақанының сыртымен сүртіп тастады.

- Қара ешкіні қазір жебелей саусам, бір жұтым сүт шығар. Әу, анау қойындағы не? Құдай-ау, жылай ма өзі? Ойбүй, сорлы балам-ау, не ғып тұрсың? Бері әкел! Қап! Сілесі қатып қалды-ау әбден!

Құлнияз аң-таң. Көзін қанша бадырайтқанымен нәрестені көріп тұрған жоқ.

Қол созған Сақыпжамалға Бөрте қойындағы түйіншекті ұсынды.

- Түннен бері нәр сызған жоқ. Кешке қарай қарақұйрықтың енесін атып құлатып едім, сүті мардымсыз ба, түк шықпады.

Сақыпжамал баланы бауырына қысып ыңылдап әлдилеп тұр. Көз шарасына жас толыпты. Алақанымен дымқылды сезді ме, камзолын шешіп, жерге жайды да, қызылшақа сәбиді қайта құндақтап алды.

- Оу, неғып тұрмыз. Көкесі, атыңды доғарып өзің де жүрсеңші! Мынау қошақанның әбден қарны ашып қалыпты, - деп алға түсіп, бүкшендей жөнелді.

Түнімен Бөрте көрген-білгенін екі кәріге ұзақ әңгімеледі.

“Апырай, Жомарт ауылын жау шапқаны рас болса, Рәбиға мен Тәсібектер не болды екен?” - деген уайымға бөккен Құлнияздың бетінің қаны қашты.

- Сонда не болады? Батырларды қыстау-қыстауында басып қалса, бұл шіркіндер тіпті әріден ойлаған ба? Кімнің қай жерде отырғанын қайдан біліп жүр?

Бөрте қозғалақтап қалды. Құлнияздың жалғыз ғана шаншылып қойылған сұрағы өзінің де соңғы күндері мазасын алған бір күдігін тап басып тұр. Көз алдына ақ тоқал Ақготының жұмыр саны елестеді. Күлмең көзі сексеуілдің жігеріндей жайнап, от шашып ойнап тұрушы еді. Не болды екен? Қай шеріктің қуыршағына айналды екен?

Өкініш билеген кеуденің ащы күрсінісі ықылық атқызып келіп көмейден ысылдап төгілді. Бөрте

II

еңсесін төмен түсіріп алып, жанарын қабақ тасасына жасырды.

“Қойшыкеш бала анау. Қазаққа онша ұқсамаушы еді. Бөтен боп шыққаны ғой. Айта алар ма соны, сол күдігін мына қарияға? Не деп айтады? Аңқаулық, албырттығына сүйінші сұрай ма? Түптеп келгенде сол ойраттар тегін емес. Әр ауылға бір жансыздан жөнелтсе, сол жансызды қолтығыңа тығып, қойныңа кіргізсең, ұрланбаған нең қалады? Алдымен әбүйіріңді төкті. Көрпеңе қол созды, адалынды арамдады. Содан барып кеңірдегіңнен қаншеңгелді қадады”.

- Е-е, ақсақал! Білді де. Аузын ашса, арғы жағы көрінетін ашық ауыз жұртпыз ғой. Оның үстіне бір-бірімізге қабақ найзаластырып, қысқа күнде қырық пәле тілеп отыратын қызғаныш дейтін ауруымыз тағы бар. Соны пайдаланды да.

Мана қара ешкінің бір сауым сүтінің жартысын еміп, ұйықтап кеткен бөбек осы кезде шыр етіп дауыс берді. Сақыпжамал шешей тұмса келіншектей лып көтеріліп, төсек үстінде жатқан кішкентайды іліп алды.

- Оу, күнім-ау, сол! Қарны ашты ма? Бөтекесі босап қалды ма? Кіп-кішкентай бөтекесі!.. Е-е, бәтшағар, кіш етіп қойыпты-ау. Е-е, жыламағанда қайтсін. Көкесі-ау, шүмек істеп берші. Ертең анау Бисараның бесігін алып келейін. Жамбасына жайып жіберіпті... Ойбүй!.. Алып тастапты ғой құйрығын. Май құйрығынан сол!

Емірене отырып иіскеп қояды. Иіскеген сайын жан сарайы кеңігендей күңгірт көзге нұр жүгіріп барады.

Құлнияз бен Бөртенің де бар ықыласы баланың үстінде.

- Адамбысың деген! Аяқ-қолы кәдімгідей ербеңдеп, ернін таусап жатқанын қарашы! - деп Құлнияз Бөртені түртіп қап, еңбектеп бәйбішесінің алдында, тізесінде жатқан балаға жақындады.

- Көкесі, анау тегенеге су құйшы. Жылы ма екен? Ыстық болмасын! Аздап тұз сал. Шомылдырайық, құлыншақты, - деп елжіреп отырды да, Сақыпжамал Бөртеге жалт бұрылды.

- Атын қойып па едіңдер?

- Иә!.. Жолдыбай есімі.

- Жолдыбай?!.

- Жолдыбай дедің бе? Бөрте балам, ат қоюыңның бір мәнісі бар ма? Манадан өзім де біралуан ойға кетіп отыр едім. Бәсе, Жолдыбай, Жолдыбай, Жолдыбайжан! - деп қайталаған Құлнияз әлденеге сабырсыздана калды.

Бөрте тамағын қырнап, өңешіне жетім қақырық тұрып қалғандай қайта-қайта жұтынып қойып, бөгеліңкіреп түсіп отыр еді, сырттан аттың оқыранғаны естілді.

- Ақсақал, Ақлағымның ерін алып, отқа қойып келейін. Жануардың арқасы босамағалы да біраз болып еді, - деп жоқ жерден сылтау табылғанына табан астында қатты қуанып, өңкие көтеріліп, есіктен үш бүктетіліп тысқа атылды.

Үн қата алмай томсырайып жым-жырт қалған отағасын шынтағымен жайлап түрткен кемпірі басқа қырға жетеледі.

- Оу, көкесі-ау! Су құйып жіберсеңші. Қолым босамай жатыр. Байғұс баланың еті енді болмаса шіріп кете жаздапты-ау! Шатының арасына... Е-е, сол жерге құй.

Жылы, шымшым су тигенде нәресте шар-шар етті. Ал осы шарылдаған нәзік жіңішке дауыс мына шаңырақта бұрын естілмеген ән-әуеннен де әуезді көрініп, кемпір-шалдың жан-дүниесін аялай сипап, аялай қытықтап, бой-бой босатып барады. Қызыл шақаның қимыл-ербеңі, кірпіксіз-қассыз көз-жүзі, тәмпіш танауы - бәр-бәрі сүйкімді-ақ.

Сақыпжамал кимешегінің етегімен орап алып, сәбиді алдына жатқызды.

- Ойбүй, ұмытып барады екем-ау, - деп қайтадан жалаңаштап бір қол, бір аяқты кергіштеп-созып, тартқыштап-тигізіп отырып, - Өс! Өс! - деп қояды.

- Ойбой-бой, бәйбіше! Байқа, бір жерін шығарып алып жүрмеші! Соншама созғылап кеттің ғой, - деп Құлнияз жаны шығып барады.

- Пай-пай! Сен де білгішсініп... Жауырыны жабысып қалсын деп отырмысың, жазған. Онан да анау майды ерітіп әпер... Беу, беу, көз алдыңдағыны бір көрермісің!

Құлнияз кемпіріне бүгін ырза. “Құдай-ау, пұшпағы қанамаған жазған шіркін, осының бәрін қайдан үйреніп жүрген. Тап бір он баланың анасы болғандай қолы-қолына жұғар емес. Әлде табиғат-тәңір әйел баласына аналық құдіретті іштен сіңіріп, қанына құйып бере ме екен? Құдды бір тұмса босанған келіншектей жасарып алғанын қарашы! Дәуде болса, осы бәйбішем жөн біледі!”

Сақыпжамал сәбидің қызыл шақа денесін май жұққан алақанымен сипап отыр. Сипаған сайын өзі де ағыл-тегіл терге бусанып, көз айналасындағы жыпырлаған айқыш-ұйқыш майда сызықтарға мөлт-мөлт моншақтарды мөлдіретіп алыпты.

Табалдырықтан аттаған Бөрте кемпірдің қолындағы кәдімгідей шираған баланы көргенде өңі жібіп, есік пен төрдің арасын екі-ақ аттап қысқартты да, Құлнияздың оң жағына тізе бүкті.

- Құлеке, жөн-жосықты мен айтайын, сіз тыңдаңыз. Күні бойы қожырап, өз-өзімнен қуыстанып отыр едім, оным бос әулекілік боп шыққанын түсіндім-ау деймін, - деп сабырлы кейіпке ауысып, баяу, жай бастады. - Қар басқан кең даладай қыбырсыз, тымырсық ұзақ түндей үнсіз ғұмыр кешіп едім. Соған дағдыланып, соған еріксіз мойынсұнып қойып едім. Жан жаратқан Жасағанға, серпілтем десе қиын емес екен. Мал-жанымнан айырылып, ел-жұртымнан адасып қалып, жау ызасын күңіренген күйіммен шығара алмай, құса көңілдің сіреу құрсауына қамалғандай болып едім... Күні туып, шуақты көктемнің алтын күрегі есті де, мынау кеудемнің мұз тоңын бой-бой ерітті де жіберді. Жүрегіме нұр төгілді. Сол - мынау Жолдыбайым еді! Елсізде қаңғырған бөрідей ұлыған ішімді іңгәсімен жұбатып, іңгәсімен көңілімнің құлаған тіреуін көтеріп еді! Сонда жылап отырып күлгем, зарлап отырып уанғам. Айдалада аңырап қалған жетім ұл таланған елімнің сор күйінің сол сәттегі ыңыранған шеріндей сезілді. Сол шерлі іңгәсімен ашына түсіп, қысас тағдырға лағынет айтқандай көрінді. “Жалғыз емес екем. Ер өлгенмен ұрпағы қалыпты. Тірлік, барлық осылай жалғасар. Олай болса, келер күнге қол созған жас өркенді мен

жеткізейін. Тірі жеткізейін... Ата боп арқамды тосып, пана боп батамды беріп, жапырағын жайғызайын!" деген серт байладым. Сол... айдалада, елсізде татар дәмі, көрер қызығы үзілмей кездескен - Жолдыбайым осы! Мына күшік неме! - деп сөз аяғын қиын сағаға тіреп тоқтады.

Соны ұқты да Құлнияз сыр бермес, тартымды мінезіне бағып, едәуір үнсіз отырды да, шақшасын шығарып қонағына ұсынды.

- Атып жібер! Түркістан базарынікі. Ау, осы менің жиренқасқам да бітеу мал емес еді ғой. Әңгімемен отырып, жануарды қаңтарып қойыппын-ау, - деп буын-буыны сықырлап, жер таянып орнынан тұрды.

Шекпенін жастанып, теріс бұрылып ұзынынан сұлап жатқан Бөрте батырдың жаны жай табар емес. Байқауынша, екі жерде бүк түсіп жатқан кемпір, шалда да ұйқы жоқ тәрізді. Бұл шаңырақтағы бүгінгі қаперсіз Жолдыбай сәби ғана. Шомылған соң денесі сергіп, жылы сүтке қарны тойған алаңсыз бөбек тәмпіш танауды пыс-пыс еткізеді.

Көзге кергіш қойғандай кірпіктер айқасар емес. Басы жерге тисе, қор ете түсетін батырдың қазіргі түн қойнынан әлдебір жауап, сауап күткен дегбірсіз қиналысы сәт-сәт сайын үдемесе, азайған жоқ. Тәуекелге табандап тұрып қалатын белбуар қайраты қанша қарманса да ұстатар болмады. Жалын жастық күнінде ештеңеге мән бермей, бүгінгі жоқты ертең қуып жетіп, бұғалықтап матайтындай лепіруші еді. Өкініш, өксік бумаушы еді. Қартая бастаған ба, енді міне сол шапшаң дәрмен сезілмейді де.

"Не істермін? Анау Жолдыбайға ғой, менен гөрі шал, кемпір қолайлы. Асты-үстіне әлден-ақ түсіп барады. Қайтсін, Бұл байғұстарға да ермек қажет. Ал мен ше? Менің де ендігі тірлігімде кіндік байлар қазығым осы шикіөкпе емес пе? От пен өрттің арасынан күйік шалған жанымды су сеуіп өшіріп, суырып алмап па еді. Тағдыр қосқан, тағдыр бұйырған бір ынтығым, көз қуанышым емес пе? Қалай қиып кетем? Кете алам ба?"

Иығы селкілдей бастады. Нардай бағлан жігіт селкілдегенде жер сілкінгендей болмай ма, Құлнияз өтірік қорылға басты.

“Алып кеткенде, сәбиді сақтай алармын ба? Ендігі тірлік ат беліне байланады ғой. Суылдаған жал- құйрықтың, зуылдаған жебе-саржанның арасында өсіре алам ба? Бір өлімнен құтқарып едім, сол сіңірлі саусақ ажал-құрдымға тағы да өзім байлап бермеймін бе? Ал, көнбеймін дейін. Басты тауға да, тасқа да ұрғанда қолдан келер не бар? Ең болмаса қарақұлақтанып та кеткен жоқ. Құлынды биедей бесік арқалап қай қуысқа сыярмын? Апыр-ай, тарылды ғой тынысым! Тарылтың-ау, Тәңір-ай! Сыбағаң ылғи осы ма? Өксітіп, жұбатып, жылатып, жұбатып өте беремісің? Жылт еткен шоқты өзің тұтатпап па едің кеудемде. Енді сол шоқты тағы үрлеп өшіргелі ұрланып келіп қалдың ба? Көңіл жарасын қозғап отырмасаң, қадір-қасиетіңнен баз кешермісің? Ал, тырнай бер онда! Ал, қаза бер онда!..”

Жолдыбай оянды. Шар етіп үн беріп, ұйқысыз тебіренген үшеуді елең еткізіп, тірлігінен хабар жеткізіп жатыр.

Сақыпжамал өбектей қалып, қоламтада тұрған тегештегі сүтті пұшпақ теріден жасалған емізікке құйып, баланың аузына тосты. Кейуана көңілдің сөзі жоқ ұзақ уілін ыңылдап шұбыртты. Тымырсық түнде бүкіл тұлабойды балбыратып жететін ана көңілдің ықылас-мейірі, уаныш-әлдиі жүрек-бастаудан нәр алып, шымырлап құйылып барады.

“Балаға ана керек. Мынау мейірлі қуанышты, әлди-ырғақты кеудемде сарнатқанмен, сазын толқытып жүрек- құлаққа сіңіре алармын ба мен? Жоқ қой ондай жұмсақтық. Бүлкіл білмеген асау арынды бестідей ызамазамен ширыққан кеудеден томырық ашу, долы сұс төгілген күйімді өзге білмесе де, өзім ұққандай болмап па едім? Ендеше, Жолдыбайжанның жанына күншуақтай себілер мынау пейіл, шафхатты көп көргенім бе? Өзекті жанның өнегесі әнмен, жырмен өнбей ме? Қаттылық сепкен құдірет қарап та жатпас. Жетер тағы құрығын сүйретіп. Берер сол сыбағасынан әлі-ақ! Беубеу, бесік жыры! Тынбашы! Тындатшы дүниенің ізгілігі мен сүйінішін! Сіңірші қанына, жанына жомарт жақсылығыңды! Үйіп-төкші қайырым деп соққан ана тынысын! Өмір деп аңсаған, бүр атқан игіліктің нәрін ғана, асылын ғана жишы бойына ұлымның!”

Бөрте жайлап қана күрсінді де, жаны жай тауып, шалқасына аунап түсті. Күн ұзын сарсыла іздеген бір тірегі оп-оңай қолына іліккендей болған соң жүзінің сұр толқыны тарқап, кірпігі ауырлап айқаса бастады. Кейуана үні өзгеше мұңмен іңкәр әлдиге ынтызар ажар беріп, уілдеп, дірілдеп естіліп тұрды да, алыстап ұзап барып, үзіліп кетті. Бөрте ұйқыға шомды.

Ертемен Құлнияз қонағын оятпастан тысқа шығып, көк иісі мұрын жарған сайға қарай құлдилады. Жаңа қылтиған көк түкке жабысып, жылқылар алысқа ұзай қоймапты. Құлнияз екі атты жетектеп оралды.

Ақлақтың шылбырын арбаның арысына байлады да, бір аттап шегініп қызыға қарап қалды. Жоны төңкерген тегенедей, екі құлағы тік шаншылған, көшкіл басты ұзын мойнын иіре созып, Ақлақта жалт-жұлт көз тастайды.

- Пah-пah! Атым-ақ екенсің! Батырдың қанаты сендей-ақ болсын! Үкілі құйрық, майда жал, түндік-пенен күн беріп, түтікпенен су беріп өсірген арғымақ екенсің-ау! Мертікпе! Жығылма! Жебе жетпесін, оқ өтпесін!..

Арт жағынан аяқ тықыры естілді. Құлнияз екі алақанын жайып, үнсіз тұрған Бөртені көрді. Сасқалақтап қалып еді.

- Тілегіңіз қандай жақсы еді, Құлнияз аға! Жалғаңызшы әрі қарай. Қорғаным болсын, қалқаным болсын сол ниет!

Құлнияз енді көзін батырдан айырмай, бұ да қолын жайды.

- Ғайыптан болжап сөз айтар Қара Бұқан жауырыншы болмасам да, о Тәңірі, осы жолы ақ сөйлет! Керекке біткен теректің көлеңкесін ұзарта түс, Жасаған! Аңырап ұшқан ажалды оқ жоламасын маңына. Ел тілегін тілеген сапарын оңғар жігіттің! Ұя салған жеріне қайта айналып қаз қонсын. Шер бітеген кеудеге асқақтаған саз қонсын! Жарылқаушы Жаппар хақ, адал қабылда! - деп бетін сипады.

Бөрте де іштей ырым қып түйіліп тұрып:

- Құлеке, не керек! Талай қыршын ажалды оққа кездесті ғой, кетті ғой кек семсерін мол сілтей алмай. Соларға бата берілмей қор болды ма? Тілек ермей зар

болды ма? Әй, білмеймін. Ақсарбасын құдайына күнде айтпас ана жоқ шығар-ау! Сөйтсе де, мынау үміт үзген түріміз қалай? Қайта-қайта қапы қала бергеніміз бе?- деді.

Құлнияз жақтырмады.

- Тәйірі, алғашқы құқайы ғой деп пең. Ес жиярмыз. Күш жинармыз! Бөрте шырағым, ерлік айласын тапқан халық күңгірт көзге көмескі көрінетін талай айбынын да айғақтайды. Сен әлі де болса мұң пердесін бетіңе тұтып алыпсың. Керегі жоқ, серпіп таста! Сонда шырадай жанған жанардың көрері де, ескерері де көбейеді. Сөйт, Бөрте!

Сақыпжамал тамаққа шақырды.

Ертеңгілік асты үшеуі үнсіз ішті. Жолдыбай оянған жоқ. Тәмпіш танаудың баяу пысылы ғана дәтке қуат.

Дастарқан жиналысымен Бөрте жолға дайындалды.

- Ақсақал, дәм-тұзыңызға рақмет! Мен аттанайын енді.

Осы сөз шығар-ау деп қылпылдап отырған кемпір-шал біріне-бірі қабақ астынан көз тастасып қойды.

Құлнияз басын изеп отыр, изеп отыр.

- Жөн, жөн...

Бөрте жөткірінді. Еңбектеп барып саптамасын алды. Бір аяққа бір-бір пұттан жүк қосылды.

- Жолдыбайды... кішкентайды... - алқымға өксік тығылып, Бөрте сөзінің соңын қылғына жұтып жіберді.

Сақыпжамалдың дем алуға мұршасы болмай, иегі кемсендеп барады. Көз астымен шалына жалына, жалбарына қарап, ғайыптан жәрдем күткендей бүрісіп қалыпты. Құлнияздың көз алды бұлдырап, иіні түсіп, қалтақғаған басы екі иықтың арасына кіріп кетіпті.

- Құлеке, олай ойлап, бұлай ойлап, ақыры, мен мынандай байлау түйдім. Жолдыбайжанды сіздерге тастап кетсем, шын дұрысы сол болар.

Құлнияз одан әрі шыдай алмады, дірілдеп ұмтылып, батырдың алып кеудесіне тұмсығын көміп, жылап жіберді.

- Сүйінттің ғой, шырағым! Жарылқадың ғой мендей ғаріпті! Емеуріні ғана, сыпайы, сараң ғана ілтипаты демегін. Барымды қалай жеткізермін. Ұғыпсың ғой жанымды, ерім, батырым, балам! Бердің ғой тілекті!

Манадан қобалжып отырған Сақыпжамал шешей де екінші жағынан жабысып жатыр.

- Ой, лебізіңнен айналдым! Құлдығың болайын, Бөртежаным! Балам бол! Тумасаң да туғаннан артық ұлым боп шықтың! Жылыттың ғой суық алған бойымды... Екі өмірде тілеушің, жоқшың боп өтейін! Жолыңа жаным құрбан болсын!

Бөрте әп-сәтте шұғыл өзгеріп, бір түрлі исініп, туғалы көрмеген бір жақындық, ыстық сезімді жүрегінен өткізіп, булыға құмықты. Өз-өзінен от алғандай дүркіреп тірілген үлкен сағыныш осы қос құшақған табылды ма, денеде лып-лып қан жүгіріп, лық-лық толқын серпіді. Іште іркіп жүрген бір тоғанын ақтарып алып, осы ағыны қатты жүйтку қуаныштың қымбат сәтіне барынша шомып барады.

- Туыс, жақынның қадірін көп сезбеп едім. Анадан жастай жетім қалып, суық өстім бе, ашылуым қиын болатын. Шеше, балаңыз болдым. Құп алдым, - деп қолын төсіне басты. - Қиын сапардың қиғаш жолы түсіп тұр. Тірі оралсам, Жолдыбайымды көтеріп алдымнан шығарсыздар. Бірігіп өсірерміз. Әйтеуір тұлдырсыз емес, артымда ата-анам, балам қалды деп мерейленіп кетермін.

Орнынан сүйреленděп тұрып, есікке беттеген Бөртені Сақыпжамал тоқтатты.

- Мынау жаманыңның бетінен иіскеп кетші. Сәби тілегі қорғаның болсын, - деп құндақтаулы Жоламанды іліп алып, батырдың алдына тосты.

Бөрте еңкейіп келіп ұзақ иіскеді. Бір тамшы ауыр ер жасы қыр мұрынның ұшынан үзіліп түсіп, баланың маңдайына тамды.

Бөрте қайтып қарайламай шыға жөнелді. Құлнияз тізесі дірілдеп ілесе кетті.

Сақыпжамал Жолдыбайды төсіне қысып, уілді әуенді созып тұр. Уілді әуенде түндегі баяу мұң жоқ, сезімтал сергек діріл бар. Бар ықылас бала үстіне түгел ауып кеткендей. Кенет әуені үзілді. Көзіне үрей ұялады.

- Ойбүй! Құлыным, Бөртежаным тойға бара жаткандай менің мына тұрысым не? Маңдайынан неге сүйіп қалмаймын.

Емірене сүйген ана ернінің ыстық табы қалған маңдайын күнге беріп, Бөрте Ақлағын жетектеп, Күлниязбен бірге қатарласып келеді. Іші бірдеме сезсе, құлаған шаңырағын көтеріп, жаңа бір қоныс-мекен тауыпты. Сол құт мекенінде баласы қалып барады. Анасы қалып барады. Қасында үнсіз келе жатқан Құлекеңнің де бұған деген жылуы бетінде сайрап тұр. Не деп жалпылдасын. Ет-бауыр жақындықтың салмағын сезінді. Сезінгенін емеурін, ыңғаймен әлгінде білдіргендей болды. Басқа еміншек мінездің қисыны бар ма? Қайтеді оны? Шырмап байлаған түйін жүрек түбіне нығыздалып түсті ғой. Сылап-сипай бергенмен одан артық өсіре алар ма?

Біраз ұзап шыққан екен. Ауылдың көгілдір түтіні көлбендей жайылып, мұнар дірілдете бастапты. Бөрте кібіртіктеді.

- Құлеке, төске төс түйістіріп қоштасайық.
- Кел онда, балам!..

Құлнияз батырдың қолтығынан демеп, атқа отырғызды. Ақлақтың сауырынан жалпақ алақанымен жайлап салып қалды. Сырт айналып, елеусіз ғана көзінің құйрығын сұқ саусақпен шекіп-шекіп өтті. Тасырлатып тастаққа тиген ат тұяғы ұзап барды да, қайтадан күшейіп құлақта жаңғырды. Құлнияз басын көтерді.

- Неге оралдың, Бөртежан?

Жүріс тілеп, жер тарпып тұрған Ақлақты тізгінмен тұқыртып тыныштандырып алды да, Бөрте алпамса денесін оң бүйіріне қисайта еңкейді.

- Ақсақал, ұмытып барады екем. Өлім бар да, қаза бар. Қарыз боп кетпесін. Анау Жолдыбайжанның шешесін көріп ем...

Құлнияз көзін бақырайтып күтіп тұр.

- Иә?.. Тірі ме еді?

- Жоқ! Сәл бұрынырақ кездескенде өлмес пе еді? Айтарым, тапсырарым, Құлеке, тіпті қиын жағдай. Күндердің күнінде алда-жалда балаңыздың құлағына сыбыс тиіп... туған әке-шешесін іздейтіндей болса... Мойнымызға қарыз болмасын. Шешесінің бір белгісін көріп едім. Оң жақ білегінің шынтаққа жақын жерінде қой құмалағының аумағындай қара қоңыр

меңі бар. Жас мөлшері жиырмаларда. Басқа білерім жоқ. Осыны есіңізде сақтарсыз.

Тұлпар дүбірі баяғыда үзілсе де, Құлнияз тұяқ шаңын шұбалтқан балапан жотаның бірінен біріне көпір боп құлаған құйынына қадалып қалыпты.

Содан бері төрт-бес жыл өтіпті. Үш жыл бұрын Жоңғария ойраттары Түркістан, Ташкент қалаларын басып алған соң бұлар бері шұбаған. Тапқанын талшық қып ұлының аузына тосқан кемпір-шалдың сол Жолдыбайы бес жасар азамат болып, енді бүгін көкесі мен әжесін асырауға жарады.

Құлнияз басын көтерді.

- Бәйбішесі, кімнің аузына қақпақ қойғандаймыз. Айтса айта берсін. Жолдыбайжан керек десе - әрі балам, әрі немерем. Бөрте ұлым болғанда, Жолдыбайым немерем емес пе. Азаматтың аруағын ұмыта жаздаппыз-ау. Енді тіпті түйіткілденерім жоқ. Баламның баласы - өз балам. Ермегім, жұбанышым, алданышым! Бөртеден де хабар болмай кетті. Тірі жүрсе, айналып бір соғар. Соғар-ақ!

- Ойбүй, менің мына отырысым не? Балықты қайта жылытып әкелейін. Балаңның тұратын кезі боп қалды ғой, көкесі! - деп сәтте тыныштанған шешей табасын көтере тұрып, жаулығының етегі шұбатылып жер ошақ басына жөнелді.

Жаппадан Жолдыбай шықты. Керіліп-созылып есінеп, күн көзінен жасқаншақтанып бетін көлегейлеп әжесіне қарады. Содан ыштан-жейдесін бір-бір сипап қалып, көлеңкеде отырған көкесіне бұрылды. Күлімдеп келіп мойнына асылды.

- Көке-ау! Мен дәл мынандай, міне мынандай алабұға ұстадым. Анау Қалиасқар ше... сол “Жолдыбайдан өткен мықтыларың жоқ” деп мақтады. Әже, әже-ау, көкеме көрсеттің бе? - деп құлашын кере масаттанып тұрды да, жерошақ басына тұра жүгірді,- Әже, қылдыбақыр қайда?

- Тұр ғой, күнім-ау! Міне, қылдыбақырың.

- Балық! Балығым қайда? - Жолдыбай бақырып қоя берді.

- Балығыңды міне қуырып қойдым. Қазір жейсің, күнім!

- Алабұғам! Әже, неге бөліп-бөліп тастадың? - өксіген бала бетін басып солықтап жылады. Кемпір мен шал екі жақтан баланы жұбата алмай әлек.

- Жолдыбайжан, жыламашы. Оу, еркек емеспісің, жігіт емеспісің. Жігіт деген жылай ма екен?

- Күнім-ау сол! Көкенді асыраймын демеуші ме едің.

Өксігі азаймаса да Жолдыбайдың даусы саябырлады. Әлгіндегі тентек қысастық мына әке-шешенің асты-үстіне түскен көңілімен ыдыраса да, әлдебір өкініші бойын құрсап әлі де сірестіріп тұр.

- Көкем көрді ме?

- Нені, күнім-ау?

- Алабұғамды!..

- Көрдім, құлыным! Сұмдық дәу екен. Қалай көтеріп келдің?

Баланың көзі күлімдеп сала берді. Жүзіне мақтаныш нұры тепті. Жалмажан алақанымен бет-аузын сүртіп тастады.

- Көке-ау! Үлкен ғой, ә! Қармағымды сүйретіп кете жаздады. Анау Қалиасқар, Тоқпандар бәріміз жабылып әрең шығардық. Енді мен өздеріңізді ылғи балықпен асыраймын. Әже, қарным ашты.

- Міне, күнім, міне! Көкең де сені тосып отыр әлі. Тойып алыңдар.

Үшеуі дастарқан басына жайғасты. Сол жағында отырған Жолдыбайдың шынтағындағы меңге Құлниязның көзі түсе берді.

2

Күз салқыны хабар бере бастады. Ақшағырмақ бөгелекте бал жоңышқаның басы ұшқан соң балқұрайдың баясы сырдаң тартқан кезде, күзгі ыраң мен ебелекке малын жаюға жайлаудан жаппай көшіп ел қайтатын мезгіл таянды.

Әкеден ертерек енші алып, бөлініп шыққан Бекболаттың бұл күнде Қазыбек биден ауылы да, жайлауы да бөлек.

Бекболат ауылы кең көгалды жалпақ қоныста көптен бері отырған. Гүлдарайым бикенің үстіне түсірген тоқалдан туған үлкен атаның ұрпағы Тіленші бала он жасқа толып еді. Содан ауылда тоқымқағары бар, басқасы бар үлкен той болып жаткан. Біреуге сый біреуге серт бергіш салқын қабақ ашылып кеткен соң, көрші-қоңсының тісіне қызыл тиіп, өңіне қан жүгірткен сауық кеш талай түндерге созылды. Қасына он шақты кісіні ертіп алып, біраздан бері әке жолын қуып, билік айта бастаған Бекболат қоныс дауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы дейтін қарбалас әрекетке қатты араласып, тынымсыз қимыл үстінде болушы еді. Тойдан кейін ауылынан аттап шықпай жатып алды да, сәлем-хабар, өтініш-өксім, шарт-сертпен-ақ жан-жаққа ат шаптырып, көп жұмысын кәдімгідей тындырып тастады. Жуан атаның жоны қалың тұтастығын көлденең созатын кердең мінез танытпаса да, ертелі-кеш сұрастырып, пысықтап отырған ептілігімен-ақ күнбе-күнгі іс-қимылы онша қыңыратқымай, алдына үйіріліп түсіп, ыңғайлана берді. Ата атағы енді ғана жайыла бастаған жас би кейде құрықты тым әріге құлаштап, бұрынғы аға ағайын, қалыс жұртты да дөңгелетіп үйіріп әкеп, бауырына тартып барады. Сондағысы сыныққа сылтау емес, қиналған жанымен жұртының жайын ойлау ғана. “Қазақ - құландай жосыған ұлт. Елден, жерден айырылып, пана іздеп келгенде қолтығымызды аш-пасақ, біздің кім болғанымыз. Жайлау, қыстау - елге ортақ. Бүрісесің - бөлесің. Бересің. Қысылып-қым-тырылып күн көрген жалғыз сен емес. Жұрттың бәрі сондай. Ендеше, таласпа. Қаңғып, босып келген ағайынды арзыма. Күнін көрсін. Құдығыңнан қарас. Қонысыңнан ауыс” дейтін шын жанашырлықпен теріс азудың біразын көндірген. Талай жайлауды босқынға үлестіртіп, талай шұбырындының сауабын алған-ды. Өзіне өкпе танытып, арыз айтып келген бітік кеуде, жуан жота байларды қатты тұқыртып, жоқ-жітікті ауылына қоңсы қондырып, қыбырлаған көп сорлының алдына мал салып бергенін ел біледі. “Жерден тарылып, жетелеп мен де отырмын. Ойдан қашқан, қырдан қашқан көп босқын қазағымды паналатып

отырмын. Керек десең, соларға бөліп малымды бердім, жырып қонысымды бердім” деп әлгі дәукес мықтыларға ауыз аштырмайды. Жаңадан дүрілдеп келе жатқан жас та әділ бимен иық тірестіріп, тайталаса түскен талайдың аузына құм құйған. Осылай тізе қағыстырған кейбір шоқтықты бақталастың жүнін жығып алған соң, өктемдігін омырау қып өзгеге ізденіп тиісіп жүретін кейбір кеудемсоқ озбырлардың жер шебіне шұбап келген ағайынды іргесін оздыра қондырғаны елге аңыз боп тарай бастады.

Бекболат осылай айға жуық ауылында жатып қалғанда Гүлдарайым бикенің үлкен үйіне бір де бір рет бас сұқпады. Басқаға сонша мейірімді бидің бәйбішеге деген өкпесі мол жүрек қыжылы барын сезетін қабақ аңдығыш кәрі-құртаңнан бастап, желіккіш жел мінез пысықайлардың өздері тілге тиек қойып қайтсін. Гүлдарайымды ашықтан-ашық іліп-қағытуға жетіп қалған-ды.

- Биді менсінбейді деседі. Сонда қай жері артық бұл қаншықтың. “Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек” деген.

- Қайта өзін төркін жұртына апарып тастамай, осыншама қадірлеп келгеніне таңым бар бидің.

- Е-е, беті жылтыр болған соң...

- Әдірем қалсын! Жылтыр бетіне с... Езіп іше ме оны?

- Пұшпағы канамаған, бауыры құтсыз байтал ғой!

Сыбыр-сыбыр сөз, пыш-пыш өсек күл тасыған есіктегі әйелдің етегімен ілесіп кіріп, қымыз аңдыған қомағай өңештің ептілігімен жылжып Гүлдарайым бикенің де құлағына шалынған еді. Кербез бәйбіше түс бермеді. Қай ауызға кақпақ қояр. Оңаша ойларын сыртқа шығармай, ішке түйе берді. Шығарғанда кімге жалынбақ? Қойны суыған соң, көңілде жылу тұрақтар мекенді сайлауға әрекеттенбей, көп күрсінткен бейуақ түндерді аунақшып ұйқысыз өткізуге әбден машықтанып алды. Күйеуі Бекболаттың өзі қырыс қарап, шырай көрсетпеген соң, мұның да жібімес тоңы жыл өткен сайын қалыңдай түсті. Содан соң тотай тоқалдың әредік күндестік танытқан тәйтік қылығына еш шамданбай, қайта шыжбалақтаған келіншекті

біртүрлі аяғандай, мүсіркей күліп, өзгелер түсінбес бір қырымен өзінің биіктей түскенін іштей сезетін де, ұшқындап кетер ұрыс-керіске бармайтын. “Қайтемін байғұсты. Бар білгені сол шығар. Байына ыстық қатынның көкірегіне нан піспей тұра алар ма. Шабаланар. Шабаланар да шәуілдеп барып басылар. Айтаққа ерсем, Гүлдарайым бике атыма мін емес пе? Шәуілдеткен қадірден жібімеген көңілім артық!”.

Гүлдарайымнан емеурін білінбеген соң, тоңторыс қала беруді жөн көрмеді ме, бір күні ертеңгілік астан соң тыста әлдекіммен дауыстай сөйлескен Бекболаттың үні естілді. Отағасының дәл касынан естілер үнін сағынса да, Гүлдарайым бәйбіше, оң жақта сүйек төсектің алдында пұшпақ бөрікке зер әдіптеп отырған қалпынан қозғалған жоқ.

Бекболат табалдырықтан сөйлей кірді.

- Оу, өзінде отыр екенсің ғой! Көрінбей қойғаныңа қарағанда, бір жаққа жолаушылап кетті ме деп едім, - деп әдейі қиястана келіп, төрге жайғасты.

- Көзіңе түсейін деп шошандайтын баяғы күнім бар ма еді. Жағынам деп жалынам ба, - деп Гүлдарайым ашыла қоймады. - Келсең төр өзіндікі. Көрсең, жар өзіңдікі. Бәрі еркінде. Түртіп қашып аңсатып тұратын қылығым да қалмапты.

- Гүлдарайым, өкпе-кінә тағыса бермейік. Бейіл мен шырай мінезге қарай. Сабырсыздық еткенің әйелдігің шығар. Беттен алыспайық, - деп Бекболат бір қиырды қиялады.

Гүлдарайым тігіп отырған жұмысын тастай беріп, басын көтеріп алды. Мойыл көзде бір от тұтана түсіп, өшті.

- Өкпе-кінә тағайын деген ниетім болған емес. Өкпелесу үшін де өкпе ұғар жан керек. Күпті көңілді құр сырқыратқанда бірдеме түсе ме? Кінәм жоқ. Кінәласуға зауқым да жоқ. Тек кейде бойды үргашылық ой меңдеп, өзімнің зайыптық міндетімді жоқтап, ренжитінім ғана бар. Ол өкпе емес. Әйтеуір, жұтар ауа, ішер астан кенде болмаған соң, ет үйренген тірліктен жери алмаймын. Басқасына ынтығым аз, - деп кідірді.

Бекболат сәл күрсінді.

- Әй, Гүлдарайым, орның бөлек қой! Осы сырқырыңмен оңқай асықтай орайланып бір бұрылмайақ қойдың. Ыңғайыңды көрмей барам, - деп өкініш аулады.

- Қайдағыны жаңғыртып қайтеміз. Торғын желек астында мен отырғам жоқ. Жарастық күтіп сен шақырмадың. Қорғалақ күйім шерленумен күн кешті. Енді бәрі ұмыт, бәрі қалың мұнар сағымында қалыпты, - деп Гүлдарайым қасын кере Бекболатқа тік қарады. Барлап, сынап қарап отырғандай.

- Жә, соншама неге қадалып кеттің. Бүгін ғана көріп отыр ма едің? Бақсы-құшнаш тәрізді қобыз сарнатып, домбыра безілдете алмаймын. Оныңнан аулақпын. Әлде әлі күнге дейін сол немеңнің құнын жоқтаумен жүрсің бе? Онда кезек қарымтаңды айтып қал! - деп Бекболат зілді ашуға құрық созды. Дөңгелек кең, қара көздер ілезде тартымды жылылығын жоғалтып, ызғар шақырды.

Гүлдарайым жымиды. Маңдайдағы көлденең түскен екі сызық сәл біліне, тереңдене жиырылып, қара қастың доғасы шалқайды.

- Түсінсең, ұғынсаң бопты. Басқа қалауым жоқ. Неме дегенің Адам еді. Әлігі құдықтан шықты. Құны сұраусыз кетті. Күйі аяқталмай үзілді. Сырлы аспан, мәлімсіз сапар ұзап жоғалды. Енді мен не іздермін? Сен нені дауларсың? Сезімді қысас тыйған. Жүректі мұң билеген. Ашымастай тығылған сол кебімнен соншама уақыт өткенде бері қайтарам дегенің қалай? Бұғалықтап үйренген мықтылығыңа бағып отырмысың, мырза? Әлде зарықтырып барып, жеңіп алам деген кеудемсоқ ожарлығың ба? - деп асып түсті.

- Оу, кінәласпаймын дегендегің осы ма? Сондағы қимайтының тақыр тақым, тырақай күйші ме? Тәйірай, қай кісілігімен қатарыма тұра алып еді ол? Митың-митың домбыра шерткені - дүниені тірілткендей көрінген екен-ау көзіңе. Ал, онда ақтарыл! Айт кесік-билігіңді! Қуар өнер, шашар өнегесі жоқ тұл бедеу дәрменсіздігімді бетіме бас, - деп Бекболат қарқ-қарқ күлді. - Бәсе, осындай бір қақпанын алдымнан тоспаса, ұрғашы шіркін қатын бола ма? Күндес бола ма? Ана тоқалдың қуанышы,

қызығы ғой сені қалшылдатып әкетіп бара жатқан! Сол ғой!

Гүлдарайым басын шайқады.

- Күндес деп кемсітсең менен асып кеткен оның да күні жоқ екен. Мына түріңмен ол байғұсты да қай ұшпаққа жеткізерсің. Қызғанбаймын сорлыны. Қуыршақ қып ойнаған сенен аяймын. Қызуың басылған соң, көзінен жас айырмассың. Перзент сүйіп, ана атанған жайын ұқсаң, күндес деп тоқалыңды менің алдыма сүйремес едің ғой. Ананың қадірін кетірмей, қасиетін ардақтап отырар жар қайда?.. Өнерліні кедей деп тұқыртқаның өз нәріңнің сұйықтығын танытпас па. Күйші деп менсінбейсің. Сол жігіттің алпыс екі тамырымды түгел иітіп, сай-сүйегімді тегіс босатып он саусақтан күй төккен... құдірет төккен бір ғана шағына татыр құзырың өтті ме, мырзам? Бар еркімді жетелеп, ағыл-тегіл жас ағызып, тұлабойды шымырлата баурап алып, күй ырғағымен кеудемдегі қыл пернені қытықтаған тылсымын сездің бе? Асқақ есіп, дүрілдеп көтеріліп, дүниені түгел құлпыртып, шер мен сорды қуып кетіп... ізгілік пен мейірім үйірген жүздерді аялап еркелетіп, әлдилеп ұйытқан жұбаныш, қайырын ұғына алдың ба? Тынық ойды шайқап жіберіп, талпынған жүректі алқындыра ұмсынтып, еліктіріп жететін іңкәр лебін ауласаң ғой... Бүліне бебеулеген қоңыр үнмен тілеулес сыр тауып, көкірегінде жан біткенге деген ынтызар құштарлық оянып, аспандап ұшып кетердей, қолтығың астынан қос қанат бітіп самғап, шырқап кетердей желпінсең ғой. Сонда жалпақ түздің шалқар сағымы ойнаған жазығында толқын соққан кеудеңнің рақат әуені қалықтап тұрғандай болмас па? Арманды құшқандай жадырап, жарастық тапқан ғиззатың наз сыңғырды күлкіңе балдай жағып, қоңыраудай күмбірлетпес пе? Ендеше неге қорлайсың, мырзам? Өнер шашқан сағатың бар ма еді? Іңкәрлік шақырған ғұмыр үнді түйіліп келіп үзіп тынған сен емес пе едің, - деп ұзап барып тоқтады.

Бекболат қанын ішіне тартып алыпты. Ызаланғанын жасырмай қатқыл үнмен ашына сөйледі.

- Е-е, айта алмай жүргенім осы де, бике! Қиянатшыл жалғыз мен екем де, өзгенің бәрі көкірегінен

шер аткдн мұңлық пен зарлық болғаны ғой. Бітеу көңіл байың ән мен күйді қабылдамаған соң, тағыланып айуан боп кетті де. Жөн, жөн! Сонда сен маған жауап берші, Гүлдарайым! Оң жаққа келін боп, желек жамылып түскен келіншектің түн жамылып барып, бөтен бір жігіттің өзі тіленіп қойнына кіргенін қалай түсінуге болады? Әлде ол да серімастанып күй деген желік қуған елтігіш көңілдің кінә, күнәні ажыратқызбас жомарттығы ма? Сол құпияны білсе де. күні бүгінге дейін өз кеудесінде көміп тастап, жан адамға тіс жармаған мына мылқау күйеуінің қылығын не деуге болады? Таспен атқанды аспен атқан асылық па? Жігерсіз жасықтығы ма? Осысына не дерсің, Гүлдарайым бике? - деп ұзын кірпігін бір қақпай, қадала қарап Бекболат бәйбішесіне ұзақ көз тоқтатты.

Гүлдарайым жүзін жасыра алмай, сәл имене түсіп, қайыса жаздап қалды да, жанарын тез тіктеп алды.

- Не дейін? Мүмкін келіншектің сол қылығы қысасқа көнбей, ақтық рет бұлқынған далбасасы шығар? Сонысына өзі өмір бойы өкініп те келген болар. Өмірде ақыл жеңбес жаңсақтық көп қой. Сонау бір ой-бойды шырмап алған нақыс ырғақ адастырып әкетті ме байғұсты... жауабы оңай болмай тұр. Қылығын бірақ күнәкарлық емес деуге ауыз барар ма? Сабырға орай қайрат тапқан еркекті де енді таныдым ба... білмеймін. Өрем жетер емес, - деп бөгеліп, қайтадан пұшпақ бөрікті қолға алды. Онысы, “осымен бітелік, тыналық” дегендей көрінді.

Бекболат сергек ойлы әйелінің сыр ұққан, исінген бейілін таныды да, іштей дәрменсіз ғана күрсініп қойды. Гүлдарайымға шын құлаған көңілі ыстық ұя таппай кері серпіле берсе де, әлі күнге дейін мінезді жардың икемге келмей, сырттай қабылдап, ара қатынасты біржолата үзбей матап қойған бір сиқырлы байланысты сақтағаны кей-кейде бітпес уайымды өз кеудесінен аулататын. Дәл казір бике тазалыққа дақ түсіріп алған өкінішімен ашылғанда, Бекболатқа бұрынғы ынтық бейнесімен қайтадан жақындап, жалғасып келе берді. Қомдана ұмтылып Гүлдарайымды бауырына қысты да, көзінен ұзақ сүйді.

- Гүлдарайым-ай, қадірің артық қой!...

- Қайтерміз... Сағыныш ұстатар ма, Бекболат? Кешігіп қалмадық па? - деп булығып барып, Гүлдарайым сусып босанып алды. Қара көзден мөлт-мөлт ыршыған екі тамшы жас ұзын кірпіктің дәл ұшында іркіліп тұр.

- Тұсай бердің-ау! Кібіртіктеттің-ау!.. Жөнің бөлек қой, Гүлдарайым!.. Тағы да жібімегенің бе? Күштеп көндірем дей алмаспын. Бірлескендей бір сәт кештім бе... ойымда қалар. Сақтап өтермін, - деп жүдеп кейін сырғыды.

- Қазан көтертейін, отыратын шығарсың?

"Не деді? Не айтты? Қазаны несі?" дейтін мазасыз сұрақтар миына ызың-ызың оралды. "Әлгіндегі ашыла түскен тас қақпа қазір қайда кеткен? Бөгетсіз жалғасқан дос пейіл елес қана болғаны ма? Еміренген көңілдің қайтадан ширыққаны қалай?"

Бекболат Гүлдарайымға жабырқай қарады. Кірпік ұшындағы әлгінде мөлдіреген қос маржан -көрген түстей жоқ болып кетіпті. Нәркес көзде мінезділік пен момындылық немесе аяушылық пен жанашырлық белгінің бірі қалмай, жауап тосқан пенделік нышан ғана көлбеңдейді.

Бекболат тағы лекілдете күрсініп қойды.

- Жоқ. Әуре болма, Гүлдарайым. Қажет емес.

- "Қуыс үйден құр шықпа" демеуші ме еді. Қымыз ішерсің, - деп Гүлдарайым лып көтеріліп, ши ішінен үйеңкі тегене толы қымызды алып келді. Асадалдан сырлы тостағандарды шығарып, орамалмен сүртті. Содан соң қымызды ұзақ сапырды.

"Неғып отырмын? Қымыз... білегі жас баланың... Тфу, қайдағы-жайдағы тілге оралып... Өзге ұрғашылардай тепсінбеді. Бәрібір, жуытар емес. Тепсініп, долданып өре тұрса ғой, мүмкін онда... реніші азайып, өкпе-назы таусылып, илігер ме еді? Қимаймын. Қия алмаймын! Күнәсімен де қымбат!.. Неге айттым соны? Зинақорлығын бетіне басып, ықтырып алсам деген тілек пе? Енді тіпті алыстап, суып кетпей ме? Апырай, бұ аңсар ғаламаты дегенің ойламаған нәрсең-ау! Біреуді біреуге ынтық қып қояды. Сенің ұмтылғаның - басқаның басын бағалайды. Ал сөйтіп, қуып, қашып, жеткізбей, жете алмай өмірден өткенің..."

Бекболат жайлап кеп қолына жанасқан әлденеден селк ете түсіп, ойын үзіп алды. Гүлдарайым қымыз ұсынып отыр екен. Басын изеді. Мағынасыз сүлесоқ жанардың әйелді көктей өткен, ештеңе көрмес қарасымен қос қолдағы тостағанды дірілдете ұстап, біраз отырып қалды. Ернеуден тамшылаған ақ тізесіне тамды.

- Төгіліп қалды ғой...

- А-а, төгілді деймісің?! Апырай, төгіп алғаным...

Гүлдарайым қолын созып, орамалмен ақты сүртіп әкетті.

- Кеуіп кетер...

- Иә-иә!.. Жарықтық, ақ қой! Сүртіп алғаның дұрыс болды.

Бекболат қымыздан бір ұрттап, қайтарды. Мұртының шалғысына жұққан сұйықты жеңімен үйкелеп жіберді.

- Ішпедің ғой. Ашымады ма екен?

Гүлдарайым тостағанды ерніне апарды.

Бекболат демін ішіне тартып, қадалып қалыпты. “Ішер ме екен? Жұтып жатыр. Өз тостағаны алдында тұр. Алдында тұр... Ішін бергені ме? Жанасқаны ма жақындап?.. Не боп барам? Көрінгенге үздігіп сәуе айтып, бал ашқандай бола бергенім не? Ішсе несі бар? Ал, ішті. Сарқытыңды-ақ жұтты. Сонда не тынды? Ау, бұрын ішіп жүр ме еді? Иә, өйтпейтін. Сонда бұнысы қай қыры? Гүлдарайым бұрын жылан көрген кірпідей жиырылмаушы ма еді? Казіргісі мүлдем басқа, күтпеген жағдай. Жылан!.. Есіктен кірген жыланға да ақ құятын. Ақ!.. Жылан!.. Онда ол ақты өзі неге ішеді? Жылан ауыз тисе, уы қалмай ма?”

- Балдай екен! Пісуі әбден өткен, ашуы қайтқан тіл үйірер нағыз қымыздың өзі екен! Мырза, бекер ішпепсің,- деп Гүлдарайым ұзақ ойдан күйеуін бері қайырды.

- Әлгінде қанып шығып ем... Қонақтар болып, сөз арасында қымыз шіркін сіңе бермей ме.

Бекболат тізесін тіреп орнынан көтеріле берді де, қайта шөкті. Бұрылып бәйбішесіне қарады.

- Ұмытып барады екем. Ертең күзекке көшеміз. Гүлдарайым, көшті өзің баста, - деді.

Гүлдарайым өткір жанарды жалт еткізді. Сол қарасы “Шының ба, ойының ба? Қайта жарқ бергенің қалай? Тотай тоқалдың қолындағы бұйдасы соншама жыл өткізіп барып, қайтадан маған тигені ме? Қай тәлкегің, Бекболат? Оның болмас! Бола қоймас!” дейтіндей ұшқындап тұрды да, жапырыла құлаған кірпіктің тасасында қалды. Еріндер баяу күбірледі:

- Жарайды. Бастайын.

“Қатты екенсің! Моюың қиын-ау, Гүлдарайым!” деген қиналысын бүгіп қап, Бекболат сыртқа беттеді. Есік алдында кідіріп, оң иықтан иегін қылтитты.

- Күрең жорғаны мінерсің. Жүрісі жайлы, - деді де, жауап тоспай шығып кетті.

* * *

Көп түйеге жүгі артылған таза, жинақы көш араға үш қонып, күн кештете Маңадырдың тұмсығына ілікті.

Көштен озыңқырап кеткен бір топ атты үстірттің үстінде шоғырланып тоқтағанына біраз болып еді, әлі қозғала қойған жоқ. Соны көрген бала-шаға елеңдесіп қалды.

- Қонатын болдық!

- Астыртқа кереге жаярмыз.

- Көші-қонның өзі қанша дегенмен әбден қажытып тастайды.

- Е-е, митың-митың жүріс кімді оңдырушы еді. Оның үстіне дұрыстап ыстық іше де алмайсың.

Қасы-кірпігіне шаң жұққан, күн қаққан жүздерге ілезде шуақ жүгірді. Кебежелерде біреу, екеуден мойындары қылтиып күн-ұзын қыңқылдап тамақ сұраған балаларына шешелері алданыш, жұбаныш қараспен жапақтасады. Соны сезе ме, кішкентайлар да көп кешікпей маздап жанған оттың қасында бұрқ-сарқ қайнаған қазан, шәугімге тесіліп отыратын шақтың таяу қалғанын ұққандай тынши қалыпты.

Үстірт үстіндегі топ - Бекболаттар болатын. Үнсіз иіріліп,төмендегі жалдама суды жағалап шапыр-шүпір үймелеген жаппа-қос, жоламай-күркелерге қадалып, кірпік қағар емес.

Бекболат үзеңгісіне шіреніп тоқпақ жалды, жаясы жұмыр түғырының сауырына шалқалай түсті де, ыңыранып алды. Қатты ашуға мінгендегі әдеті еді. Үзеңгілестері бидің қабағын бағып, дағдылы мінезбен сөз қоспай, жь/м-жырт қап, істің ақырын тосуда.

Бекболаттың құлағына зәуіде бір “астыртқа жатақтар жайғасыпты. Мекендеп қалса керек” деген сыбыстың тигені барды. Өктемдікті өзі де жасамайтын, өзгеден де күтпейтін би: “Менің жеріме ешкім рұқсат-келісімімсіз түрақтап қала алмас. Қашып, босып жүрген әлдекімдер болар. Бірер түнеп өте шығар. Түяқ, түгі сызат түсірмес жатақтан шөп қоримын ба” деп арқасын кеңге салған еді. Сол бейқамдығы, міне, алдынан шығып түр. Соны сезген Жандәулет жандайшабы:

- Уай, би, неге бөгелеміз? Тура құйындатып барып, тік шауып алмаймыз ба? Обал-сауалын да ешкім сұрамайды. Ау, сонда малды қай өріске қдптатамыз? Анау егінге ме? Ойбай-ау, сол егінге осы дәл қазір қаптатсақ қайтер еді?

Жақындап қалған көштен бөлініп, күрең жорғаны тайпалтып Гүлдарайым қыркаға көтерілді.

- Неге иірілдік?

Жандәулет биден бұрын қолын ілгері созды.

- Көремісің, бике-ау? Талтүсте жайлауымызды шаңдатып жау алыпты! Әне, жауың! Көп жатақ! Атасыз, тексіз өңшең шуылдақ суыр! - деп зіркілдей сөйлеп алдымен биге, сонсоң қасындағыларға қоштау тілеген раймен қарап қойды. Бірақ олар жалпылдап қостаған жоқ.

- Оған несіне бүлінесің? Қайта қуанбаймысың. Ауылыңның дәл іргесінен астық орса, дастарқаныңа ақ бауырсақ төгілмей ме! - деп Гүлдарайым енді Бекболаттың бетіне сабырлы жүзін туралады. - Жылдағы қонып жүрген жұртымыз әне бос екен. Екі ауыл болып араласып отырсақ, бірдемеміз кете ме? - деп қадалып тұр.

Бекболат сезімтал әйелдің емеурін білдіріп, елеулі кінәсін қоюлатпай, ығы-жөнді жатқызып жеткізгеніне риза болды. Наразы көңілде түйнектелген әлдебір шешімді әзір анық бажайламаса да, түбінде қайта

ораларын түйсініп, көмейде тығылып тұрған ашуды іркіп қалды.

- Көпті орнына қондырыңдар, - деді де, Бекболат атын тебініп ілгері лықсытты.

3

- Әже, әжетай, балалармен бірге мен де барып келейінші! Көріп келейінші! Үйлерін тігіп жатыр дейді, - деп қыңқылдаған Жолдыбай Сақыпжамалдың мойнына асылып қояр емес.

- Күнім-ау, итті қауып ала ма, аты теуіп жібере ме, адамының тілі тие ме неменесіне қызықтың? Ертең өзім ертіп барам. Бай ауылдың ірімшік-құртына тойғызам. Қазір көкеңдер де келеді. Мана сөйлесіп, тілдесіп келуге кеткен. Кеп қалар, кешікті ғой, - деп баласын арқалай көтерілген әжей жаңадан кеп қонып жатқан ауыл жаққа сығырая қарады.

- Әже, өлең айт, - деді басын иықтың үстіне салып алып еркелеген бала.

- Қалқам-ай, қамсыз болмасаң, бала болармысың? Әке-шешең көз алдында тұрған соң дүниең түгел-ау, айтайын. Тағы да зарлап, жылап қалмас па екенбіз, үрейленген жүректің көй-гөйін айтайын.

Кейуана мұңлықтың бебеуінде діріл көп, ұзарта бұрап әр әуеннің қайдағы бір шерлі ырғақтарын тауып алыпты. Ыңылдай созғанда ән нақышының “мәт тәштитін” сақтамайды. Қиянатшыл тірліктің уайым қорғалатқан күйімен күдікшіл жүректің секемін ғана аңыратады. Майда, қоңыр үннің бір сарынды толқынында “Елім-айлап” ah ұрған өкініш-өксік те, “баяғыдай болар ма тағы заман?” күрсінісіне толы аңсауы да шарқ ұрады. Таусылмайды, бітпейді. Қоңыр кештің салбырап түскен көлеңкесіндей жайылып, сырғанап барады. Сылдырап ағады. Сөзі жоқ. Ыңылы мұңлы, ыңқылы шерлі ұзақ әуен. Ызғар лепті сезген құрай ызыңындай қалтырап тұрады да, ана мейірдің жып-жылы ізгі демін араластырады. Әлсіз діріл сол шарпысқан екі ағымның теке тіресіндей. Ызғар мен мейірім, күдік пен аңсау тайталас түсіп,

қоңыр саздың кідіріссіз жылжыған бебеуінде алма-кезек леп беріп жатыр.

Жолдыбай әлдеқашан ұйықтап кеткен. Уілдеп тұрып әлсін-әлсін селкілдеген ана қимылымен бірге салбыраған қолы ербеңдеп қалады.

Ымырт жамылып оралған Құлнияз кемпірінің осындай халде тұрғанын көріп, ақырын дыбыс берді.

- Әжесі-ау, балаң ұйықтап қапты ғой, - деп Жолдыбайды сырт жағынан келіп көтеріп алды. Тәмпіш танаудан иіскеп, бөстектің үстіне жатқызды. Үстіне шекпенін жапты.

Сақыпжамал есеңгіреген жандай состиып тұрып-тұрып, шалының қасына тізе бүкті.

- Кешіктіңдер ғой, көкесі. Келістіңдер ме, әйтеуір?

Құлнияз қабағын шытты. Жерошақтан түскен сәуледе діріл бар ма, өңін құбылтып жіберді.

- Әй, қайда барсаң Қорқыттың көрі! Бас сұғар жер қалды ма? Қолы қаттының зілі қатты. Мықшындатып ойнамаса, ұйқысы шырайланар ма? Қыңыратқып отыр, - деп аса жүдеп, бар ренішін бір-ақ ақтарды.

Сақыпжамал Құлнияздың қанша қиналса да, дәл бүйтіп тарыға сөйлегенін көрмеп еді, күдігі расқа айналғандай біртүрлі жасып қалды. Бар ермегі екі қолы, кимешегінің өңірін сипалап, әлдене жұғып қалғандай үйкелеп отыр. Өзінің шамадан тыс аңдамай айтып қалғанына өкініп, Құлнияз қабақ астынан кемпіріне көз тастап қояды.

- Қаз дауысты Қазыбектен туғаны рас болса, Бекболат баспас қиянатқа. Баспас! Анау Жандәулет дегені “жер ашуы - жан ашуы!” деп көнер емес. Биді көре алмадық... Оу-оу, Жолдыбайжанның әжесі, сонша жүдегенің не? - деп жұбаныш сөз іздеді.

Қастарына Емберген келді. Жайшылықта да мұрнына су жетпей, асығыс қарбаласын қуалап жүруші еді, сылбыр тартып қалыпты. Қиралаң етіп шет жақтан бүк түсті.

- Шақшаңызды тастаңызшы.

Насыбай атылды. Еріндер томпайды. Шырт-шырт түкіріктер секірді. Көңіл хошы бәрібір оралар емес.

Емберген болмаған соң шарта жүгініп алды. Онысы “сауалым бар, ыңғай берермісің?” дегені тәрізді.

Құлнияздың да суырылып шыға қоятын жүрдектігі шамалы, түртпектеп, қозғап отырмаса, өздігінен аяқ баспайды. Сонысына бағып, сырт айналып оң жағында ұйықтап жатқан баланың шекпенін қымтап қойды.

- Түу, түу, Құлеке-ай, іш пыстырдыңыз ғой! - деп Емберген күйіп кетті. - Ау, аға емеспісіз, айтпаймысыз солай да солай деп! Өстіп үйіліп отыра береміз бе?

Құлнияз алара қарады. Ембергенді осы бүгін көріп отырғандай бас-аяғын бажайлап қалыпты.

- Е-е, не істеуші ек? Артын бағайық та, - деді.

Емберген ыршып түсті.

- Артын баққанда, сонда тып-типыл болып, егіннен, ырыстан айырылып болған соң, не қажеті бар? Ойбай-ау, арты сол емес пе? Мынау астықты қараңғыда қалың жылқы қыркүйектей таптап кетпей ме?

Құлнияз қаупі бұл тұсты шарламаса керек, шошып кетті.

- Апырай, сонысы бар екен-ау! Өйткен күнде... Жоқ, жамандыққа бармас. Қабағы қату болғанымен шіркіндердің сәлемі түзу көрініп еді. Босқа инаяттамайық!

- Әй, Құлеке! Өзгенің бәрін өзіңіздей көресіз. Қиянат зекіп келмей, күліп жетуші еді ғой.

- Қайдам, күдікшіл боп алдық. Мақұл да тентек, тентек те тентек. Заман солай ма?..

- Ақыл қоссаңызшы енді, Құлеке! Апырақтаймыз деп жүріп арандап қалмайық.

- Жә, жә. Тым құлшына берме. Әйтсе де, пікірің көкейге қонады, - деп бөгеліп барып Құлнияз сұрақ берді. - Әлгі Орақбай ауылда ма? Дұрыс екен. Сен, Емберген, касыңа он шақты карулы жігіт ертіп егіннің басында бол. Сақтықта қорлық жоқ дегенің жөн. Аяқгы мал жаулықсыз-ақ тапап кетуі әбден мүмкін. Сөйт, шырақ! Мен де қозғалайын.

Емберген қайтадан елгезек қалпына көшті.

- Е-е, ақсақал, бағанадан осылай десеңіз ғой. Ал, мен кеттім!

Емберген ұзаған соң Құлнияз үнсіз отырған бәйбішесінің бетіне көлденеңнен қарап өтті.

- Балаң тоңып қалмасын. Ішке кіріп, алаңсыз ұйықтай бер.

Содан соң таяғын беліне қыстырып алып, бүкендей жөнелді.

Бие сауым уақыттың ішінде жатақ ауылы қауырт қарбаласқа түсті. Қарасы жүзге толмайтын қой-ешкінің ішінен таңдап жүріп бір жарамды нән ісекті алып келген жігіт ақсақалдардан бата алып, әп-сәтте жайғап тастады. Бас-сирағына дейін тегіс үйтіліп, қойдың еті қазанға тоғытылған кезде, көрші ауылға хабаршы жөнелтілді.

Далаға киіз төсеп, алқақотан отырған жиын бір кезде өре түрегелді.

- Қош келдіңіздер!
- Жоғары шығыңыз! Бері көрпеге отырыңыз.
- Қоныс қайырлы болсын!
- "Көрші қарызы - құдай қарызы" деген.
- Иншалла, тату-тәтті араласып кетерміз.

Дабырлаған шу басылып, келгендер мен тұрғандар тегіс жайғасқан соң, Құлнияз Орақбайға ым қақты, Орақбай осы жатақтың сөз ұстаған біліктісі. Шапанын қымтана түсіп, даусын кенеді.

- Ағайын! Жоқ жомарттың қолын байлайды. Әйтпесе тай сойып ерулік берсем де сыятын ауылдың азаматысыңдар. Бармен базарлап жатқан түріміз бар. Жолы үлкен Бекболатты шақырмай, бізді неге келтірді деп отырған да боларсыңдар. Тереземіз теңеспеген соң, телміріп барып терлеп қайтуды жөн көрмедік. Сыбағасы сыймас табағымызды жеңілдетіп Бекболаттың алдына тартуды бір жағынан ыңғайсыз да санадық. Би бізге өкпелемес. "Тең теңімен, тезек қабымен" деген. Пысқырса да, түшкірсе де "жәрәкімалласы" қосыла жүретін өздерімдей өздеріңді әдейі алдырдық. Тесік өкпенің сырылы менде де бар, сендерде де бар. Тым болмаса сол кебімізбен, күйімізбен жақынбыз деп іш тарттық. Ағайын, біздікі дауымыз араласпай, қауымымыз аралассын деген тілек қана, - деп осы отырған көптің ойын білдіріп өтті.

Сол екі ортада ортаға ас жаулық жайып, екі-үш келіншек дастарқан қамына кірісіп кетті. Егіннің ішін аралап жүріп піскен дәндерін етектеп теріп жинаған бидайдың қол диірменге тартып, алғашқы ұнын ұстаған диқан ауылының берекесіндей торсия

қызарған бауырсақтар төгілді. Бауырсақты көргенде үнсіз отырған қыр қазағы - қонақтар бір-бір қозғалысып қалды.

Орақбай дастарқанды нұсқады.

- Ал, алыңдар! Жарықтық наннан үлкен дәм жоқ. Аузы диірмен сасыған жатақпыз. Қолда барды ірікпеспіз. Іркілмеңіздер, - деп бейіл білдірді.

Күрең бауырсақты асыға қарбытып, жалбыз салған шаймен әрі сырғытып отырған қонақтар сәлден соң күле түсіп, әзіл-қалжыңға орайлы жауабын қайтарып, үйренісіп кетті.

Әңгіме-дүкенді қыздырып отырған Орақбай мен Түсіп. Түсіп - Бекболаттың жылқышысы. Күлгенде маңдай терісі жиырылып, көздері жұмылыңқырап кетеді екен. Сөзуар ауылдың әдетімен жайнаң етіп, кеудесін шаншып алғанда, әлгі жиырылған тері керіліп, жұмылған көз ашылып сала береді.

- Уау, Ореке, түрлеріңе қарасам, бірің қара, бірің сұр, бірің құба. Бақсының әлем-жалам байлаған асатаяғынан аумайды. Бауыр-туыс, құда-жекжат тәріздес іліктігің де білінбейді. Соған қарағанда, осы сендерді әдейілеп түкпір-түкпірден іздеп жүріп, жиып әкелгендей ме, қалай? - деп тың аңғарға ойысты. Орақбай сылқ-сылқ күлді. Күлді де тез тыйылды.

- Дұрыс аңғардың, Түсіп. Құбамыз да, торымыз да, қарамыз да, сарымыз да жеткілікті. Тіпті төбеліміз де бар. Бізді теріп жинаған - тағдырымыз. Теліп қосқан - тірлігіміз. Рас, құда-жекжат, ағайын-бөле дейтін әзірше ілік-шатысымыз аз. Құда қаласа, жұбымыз жазылмай, шоғырымыз ыдырамай тұрып қалсақ, қарға тамырлы байланыстан үмітсіз де емеспіз. Әлгінде туыс, бауыр дедің, Түсіп. Сол өзі кей-кейде бақталастық өрбітетін сыңайын да танытпай ма? Тілегі бірдің - тірегі бір. Тұрмысы табыстырған татулыққа жетер бір туғандықты айта аласың ба? Сыртымыздың алалығына қарама, ішіміздің саралығына қара. Қара да түсін. Осы топ бір дененің әр мүшесіндей. Біріміз ыңқылдасақ, бәріміз көй-гөйге басамыз. Матап қойған күйіміз осы, - деп біраз үнсіз қалды да, басын көтеріп алып, жағалай отырған өз адамдарына кезек-кезек көз тоқтатып сұрай жөнелді.

- Сен қайдансың? Сен қайдансың?

- Түркістан уәлайатынан келдім. Диқанмын. Найманмын.

- Сауранннан, тігіншімін. Қыпшақпын.

- Таластан, малшымын. Руым - Дулат.

- Ырғыздан, жылқышымын. Жағалбайлы, Жетіру.

- Түлкібастан, егіншімін. Одан Бұқар, Самарқан айналып осында тірелдім. Арғынмын.

- Жем бойынықімін, Байұлы.

- Шыршықтан... Қоңыратпын.

- Шудан... Жаныспын.

- Шалқардан... Алшынмын.

Орақбай “жетер!” дегендей қасын көтерді.

- Естідіңіздер ме? Үш жүздің түгел төрт көзі осында отыр. Аттандап шығар күн болса, әр атаның ұраны бір ауылдан, мына жатақ ауылының өзінен табылайын деп тұр-ау! Күні кеше әні түгіл шаңы қосылмайтын көп түкпірдің түлектерінің бүгін жанын жалғап алғанын көрдіңіздер. Ойдым-ойдым аралдай әр жер, әр жерде дәл біздей бас құраған ауыл көп. Солар бірлігін ту ғып көтеріп, елдігін аңырай жоқтауда. Малым демейді, елім дейді, жерім дейді. Асқар Алатауын, алтындай Алтайын аңсайды. Шалқар мен Зайсан көлін іздейді. Кіндігі - Түркістан шаһарын сағынады. Сағыз бен Жемнің суын, Нарынның құмын ойлағанда гауһардай жалтыраған бүртік жас омырауын жуады. Хан тұқымы, төре-сұлтан емес. Бірақ шайқалған тудың нағыз тірегі мен тетігі және осылар! “Туысым емес!” дей аласың ба, Түсіп? “Бауырым емес!” дей аламысың, ағайын?

Түсіп ыңыранып қойып, басын изеді.

- Ауқымдарыңды екшедім, Ореке. Тегінде, арқаға батқан шыбық пен жүрекке түскен жараның сыздауы айтқыш қой. Көп жайды енді түйсінгендей боп отырмын-ау. Әр кезеңнен баспалап, “мен аман - ел аман” дейтін қырбайлықты медеу етіп жүрміз бе, ауа жайылған қонысымызға дүрбелең жетпеген соң, тыныш ұйқымызды тәубаға желеулетіп, көп сырды көрмей келген екенбіз. Сендердің күңіренген күйің - ендігі шертер мұңым болар. Қыруар елді қырқа мататып, айт айттап, той тойлап отыра алмас мұндағы

бейбіт, бейқам жұртың. Діттер бірлікті! Табылар ту ұстаған қасыңнан! Бауырым да, ет жақыным да өздерің екенсіндер! - деп түйінді бекем түйді.

Орақбай әлдекімді көзімен іздеп отыр еді. Шапанын иығымен қаусырынып, сұқ саусақпен мұртының шалғысын қайрап қойды.

- Көңіл жарастық тапқанда құлақ ән-күй дәметпеуші ме еді. Әу, жігіттер ауылдың алты ауызын бастаңдар, - деді.

Ду қостаған дауыс жамырап естілді.

- Дұрыс қой!

- Ән тыңдайық онда.

- Мұнда Сәдірбек отыр. Күй тартсын.

Орақбай Сәдірбекке иек қақты. Сәдірбек екі иығын қомдап, ықшам қимылдап, домбырасын алдына өңгерді. Он саусақ перне жағалап, жүгіріп өтті де, әлдебір күйдің ырғағын күйттеп, тиек пен тұтқаға жармасты.

- Аянба! Бар өнеріңді бір сал!

- Білгеніңді түгел адақта!

Домбыра бебеулей жөнелді. Дүрмек үндер толқындай лықсып түнгі далаға ұзап жатыр. Әлгінде ғана қыбырсыз-жыбырсыз сансыз жұлдызға жан біткендей, жалтырап жақындап, төмендеп дірілдеп, үлкейе билеп кетті.

“Саймақтың сары өзені” леп берді. Сол-ақ екен отырғандар тегіс тыншып, жорғалаған саусақтарға тесілді.

Момақан өзен тыншып ағады. Сылқ-сылқ күледі. Жапан түзді таспалап тіліп өткен жалдаманың мейірім бөккен айдыны күн сәулесін сан құбылтқан баяу ағысымен кеудеде ұйыған бір іңкәрді әлдилейтіндей. Кенет...

Далада дауыл тұтанды. Момақан өзен бұрқ-сарқ долданды. Жарқ-жұрқ найзағай ойнап, қорғасын бұлттан тырс-тырс секірген тамшылар шанақ бетіне дүрс-дүрс тиді. Артынша-ақ нөсер сел төпеледі, нөсер сел өзенге тоғытылды. Арнасына сыймаған сары өзен әп-сәтте екі жағасын кеміре шапшып, нар толқынды сар-сар атты. Бес саусақ қыл сағаққа жабысып алып, емініп жатыр. Тепіректеп, тыпыршып, тұсап тас-

тағандай әрі-бері жылжи алмай бір орында орғып жатыр. Азан- қазан өкірген каһарлы үндер өзеннің жалжал толқынын алдына салып алып, әлгіндегі тыншу даланың түкпір-түкпіріне дүбірлеп кең жайылып, ұзап кетті...

Күй біткенде қыбыр етпей елтіген қауым, күйшіге “тағы шал! тағы дауылдат!” дейтін тілегін үнсіз қарасымен білдірді.

Содан соң “Ноғайлы - қазақтың айырылған күйі” аңырады. Аңырады да, мынау көптің кеше ғана өз басынан өткен халімен туысып, көздерге жасаң-ғыратып дымқыл үстеді. Енді бір сәтте серпілтіп тастардай жігерлі серпінмен “Бұлаң жігіт” желдірмелеп жетті. Соған ілесе шоқырақтаған “Тепеңкөк” кең даланың құйынын шұбыртып, бір төбенің шаңын бір төбеге қосты. Тақымы қызғандай қозғалақтап кеткен тыңдаушыларын осылай желпінтіп алып, ешкі ішегі енді “Қос қыздың жылағанына” ауысты. Иіндер қайта түсіп, еңкейген кейбіреулер еңкілдей бастады. Солақ екен “Айрауықтың ащы күйі” атой беріп, қайтадан бой тіктетті. Сол тіктелген бойды намыс пен кекке суарып “Ала байрақ” көтерілді. Астыңғы ішектің өнбойынан туындаған тұлпар тұяғының түсірі алғаш жеке шауып жалғыз арындап тұрды да, іле-шала пернелерді жағалай жүгірген саусақтарға ілесіп, шалқар сахараны дүр сілкінткен ұлы дүбір дуылдап көтерілді. Құйынға құйын жалғасты. Аттанға ұран қосылды. Шарт-шұрт найза қағысып, сарт-сұрт сойыл соқтығысты. “Ала байрақ” асқақтап тұр. “Ала байрақ” қан қыздырып барады...

Сәдірбек тершіген маңдайын бір сипап қойып, екі ішекті көгендей босатып, бұрауын өзгертті.

Бір қызып, бір босаған көңілдер әлі де тырс етіп үн шығармай, шырмалған жүректің тілек сауған елгезек шөлқорлығымен исініп алыпты. Күйшіге еміне қадалып отыр.

Майда ыңыранып, ұзақ үілімен тыныс созып “Көңіл ашқан” оралды. Оралды да, тірлік-ғұмыр тауқыметін бір сәтке ұмыттырып, шадыман сырдан елес берді. Ана әлдиі, жар сәлемі, сәби күлкісі бармақ астынан ынтықтырып төгілді. Жүздерге мейірім

ұялатты. Уайым мен мұң, құса мен қапа дейтін ұғым біткенді дүние бетінен қуалап, аластап айдап шықты. Ай астында аймаласқан, күн нұрында құшақтасқан мәнді, сәнді өмірдің сыңғыр-сыңқыл көмекейі күмбірледі. Домбыра іңкәрлік базына айтты. Домбыра қыз қылықты жастықтың сүйінішін ардақтады. Қызыл-жасылға бөленген қызуы мол керуен-дәурен шұбатылып, қызықтырып келе берді. Шұбыртып ертіп, үміттендіріп кете барды. “Көңіл ашқан” көңілді ырғағымен былқылдап, балқытып, тұла-бойға түгел сінді.

Түнгі атырап аттандаса селк етпес күйге бөкті. Әркімнің ұдайы аңсап, қызыға құмартып жүрген ынтығы қолына түсті. Құшағына оралды. Соның бәрін үйіп-төгіп домбыра ғана беріп жатыр.

- Пай, пай-ай! Қайран өнер!
- Құдай-ау, неменеге иініміз түсе береді, ә!
- Дүние билеп-тербеліп, шалқып-жайылып кете берді ғой!
- Түу-түу, не болса соған қиналып... Жайранда да жадыра депті ғой бұрынғылар! Көңіл аш дегені осы-ақ қой!
- Тұп-тура ертең жалғыз лағымды көкпарға беріп, бір шалқымасам ба осыдан!..

Сәдірбек бір тостаған шалап алдыртып ішті де, домбыраны басқа күйге келтірді. Әлгінде ғана көңілді ырғағымен әлдилеп желпінтіп алған топқа басқаша, өзгеше ой салғандай үстіңгі ішек сыңсып, шырылдап ішін тартты. Сол-ақ екен үндесе қосылған астыңғы ішектен күрсініс толы ащы күңірену лық-лық ақтарылды. Сыңсыған сағыныш мұңы лүпіл қаққан жүректің қан тасуымен өксігенде, астыңғы ішектен өзегін өкініш өртеген ызалы ердің бармақ тістеген назалы “Әттең! Әттең-айы!” ширықты. Зу-зу жебе суылы, кірш-кірш найза серпіні, дүр-дүр өрт шарпуы он саусаққа оралып қалыпты. Тітіркентіп, шошынтып, жирентіп бас қосты да, көп кеудеде жауға деген өшпенділік отын тұтатып, басқа өрнекке ауысты. Боздаған түйе, зарлаған ана, шырқыраған бала үндерімен төбе құйқаны шымырлатып, бүрістіріп алды да, “Елім! Елім-ау!” дейтін ынтызарымен елжіреп

жетіп, қол созды. Қиылып тұрып өтініш айтты. Шейіт кеткен, үнсіз оба, атақсыз мола боп салқар даланың ойы мен қырында, төбесі мен белесінде қалған құрбандардың тілсіз сәлемін жеткізді. Шұбырғанда соңынан ақпанның боранындай шаң суырып, жалаңаяқтың ақтабан ізінен қызыл жоса жол қалдырған қалың босқынның қайғысымен шамырқантты. Туған жердің, атамекеннің қасиеті деген сағынышымен жұдырықтарды тас түйілтіп уілдеді.

Домбыра шын ашынса Құдіреттің өзіне айналатын болса керек, он саусақ тық-тық қадалып бір кезде атойға басты. Еңкейген бас, құлаған кеуделер тіктелді. Тоғыз пернеден тоғыз тараудан құйылған өзендей жігер тасып төгілді. Бойға қуат, ойға сенім түнетті. Түнекті түріп қуып, мың сан қол лек-лек кетіп барады. Жасанған жауды үркіте айдап, тоз-тоз қып қаусатып барады.

Түсіптің көзінен бір тамшы жас ытқып шығып, үлкен бетті ыстық лебімен шарпып, сырғып ақты. Оны өзі сезіп отырған жоқ. Күйдің ырғақ-өрнектерімен толқып-толғанып, бірде езіліп, бірде шамырқанады.

Құлнияз Сәдірбектен қадаған көзін айырмайды. “Адам-құдірет осындай-ақ болар. Кеудеге шорланып бітіп, өксікпен де сарқылмас бар сырды жайды да салды. Бұдан артыққа тіл жетер ме? Таба алар ма діттейтін тұсын? Әй, таппас. Дәл бұлай суытып-жандырып, қуантып-құлазытып әкете алмас! Қол тоқпақтай қарағайдың қадірін дәл осылай түйсініп пе едім бұрын? Өз ішімді өз көзіме тақап тұрып, “Таны, көр! Ұқ!” деді-ау. Ұқтым ғой. Кеудеде намыс шіркін біржолата өшіп кетпесе, өршіп атылатындай болған жоқ па. Кінәсіз кәрі мен күнәсіз сәбидің сұлық қалған еріндерінің сыбырлап жеткен аманатын естімедім бе! Ендеше, жетпістегі мені шамдандырған қаһарлы кек мынау тепсе темір үзетін балғын ұлдарымды ат арқасынан түсірер ме? Түсірмес!

Әй, құдірет! Әй, күй! Күй-ай! Табыстырдың-ау талаймен. Тайғақ табанға бүр бердің. Бердің ғой!

Күйдің аты қандай екен? Мынау заманаңың бар келбетін сыйғызған ауқымы мұндай кең болар ма”.

Күй біткенде біраз үнсіз қалған жиын әлі де әлгі бір сарын-серпін, әуен-ұранды өз іштерінен аулап отыр еді. Орақбай дауыс дірілін жасырмай алғаш тіл қатты.

- Сәдірбек-ай, намыс пен кекті тулаттың ғой, бауырым! Жағың түспей жамандық көрме. Бүкіл елдің аза-қазасын, шер-мұңын кеуденде тұтып қапсың-ау! Халық көңіліндегі берішті сендей ұққан ұландарым бар да, қорлықта, құлдықта бүрсеңдер ме ата-анам, ағайын-жұртым! Көнбес бұғалыққа халқым! Дүр сілкініп, иық керіп, қайрат атып өре көтерілер. Қаны тамған топырағын төсімен құшып құтқарар. Құтқарар әлі! Азаттық деген қасиетін аялап, ұлынан ұрпағына таратар, қазағым! "Елім-айлап" елдікке шақырған баба рухы, бүгін мына сенің күйіңмен ерлікке бастап тұр ғой. Көк киреуке, ақ сауытым - ызалы ширығуым екен-ау! Сұр жебе, алмас қылышым - ашу-кегім екен ғой! Көмейіме жас тығып, көмейімнен жалын да төктің-ау! Жасымды жұттым, жалынымды лаулатармын! Рақмет, Сәдірбек! Мұңсыз бол! - деді.

- Көсегең көгерсін, күйшім!

- Қанымды қыздырдың! Тоңымды жібіттің!

- Кегім деп кеңірдекке жармасармын-ау! Жармасармын!

- Жаннатым - Жетісуыма жетермін!

- Алтын алқам - Алтайымды алармын!

- Серпілттің-ау! Бұйығы меңіреуіме сәуле шаштың-ау.

- Көп жаса!

Түсіп бар жиынның тұс-тұстан құптау сөзді жапыржұпыр айтып жатқанын қыдырған көздің қиығымен барлап өтті. Содан соң бар денесімен ошарыла бұрылып, кірпігін қақпастан Сәдірбекті шырайлы қараспен аймалады. Жайлап қана орнында ырғала түсіп сөзін бастады.

- Ореке, жер төңірісімін дейтін талайды көріп едім. Алыстан атағы таудай боп дүңк-дүңк естіліп жататын. Қасынан көргенде сыны мен міні көбейіп, көңілді толтырмай қоңылтақсытып жіберуші еді. Енді кейбіреулер бар. Көрер көзге тым қораш. Ал, арқаланып, аруақтанып кеткенде, заңғарды төбесімен тіреп тұра қалады. Мен мына Сәдірбектен сондай

сұңғылалықты байқадым. Сірә, ел зарын жүректе жайлатқан, жұрт қайғысын көкірегінде сақтаған азамат осындай болар. Шын азаматым-ақ екен! Халық қасіретін жүрегімен ұққан жанның қатты сенделу үстінде... толықсуы үстінде дәл мынандай шер толқытуы, шерінен тамған сыр толқытуы мүмкін. Осыдан кейін де "сынығым жазылды, мертігім бітті" деп бұрылып өз жөніне кететін сырдаң кеуде табылмас. Табылса, өртенген ары күл болып желге ұшсын! Жатқанынан тұрмасын!

Сәдірбек, күйіңнің атын аташы, қарағым! Тілім жеткенге сәлемім, өрісім жеткенге қолқам деп таратайын! - деп тоқтады.

Сәдірбек қолын кеудесіне басып, ризалығын білдірді.

- Бұл күйді өткен жазда қарт қобызшыдан естіп едім. Шала ұғып қалдым ба, әзірше қолымнан келгені осы. Атын сұрамап едім. Өзім "Зарзаман" деп атадым, - деп сараң жауап қатты.

Сол екі арада ас дайын болып, дастарқан жайылды.

Құлнияз бен Орақбай меймандарын екі ауылдың шебіне дейін шығарып салды.

- Күн жақсы боп тұр-ау, Құлеке!

- Несін айтасың, Орақбай! Енді бір он-он бес күн дәл осылай ашық болса, жаппай орақ салармыз.

Екеуінің де айтары басқа, бірақ оған жүректері дауаламайды. Қайтадан үнсіз басып, кері кайтты.

Құлнияз Орақбайдың үйінің тұсынан бөлінді.

"Ембергендерді көріп келейінші. Күнұзын шаршаған байғұстар ұйықтап қалмады ма екен?"

Қырқадан ай қылтиды. Ши-шидің түбінен құлдилап көлеңке қашты.

Кәрі дене сансырап қалыпты. Ақ сабауға салмағын артып баяу ілбиді.

Кенет әлдене тықырлағандай болды. Қарт тоқтаған Құлнияз көрші ауылға қарай шапандарын бүркеніп алып, бүкендей жөнелген екі қараны көрді.

"Апыр-ай! Бұлар кім екен? Бұ жақта неғып жүр?"

Асыға түсіп егінге тартты. Таяна бергенде жігіттердің әзіл-қалжыңға ұйыған мәз күлкілері жетті. Қатпарланып жиырылған қабағы жазылды. "Түу,

соншама зәрезап бола қалғаным. Үйге қайтайын. Сақыпжамал ұйықтамай күтіп жатқан шығар”.

Ай құрық бойы көтерілді. Самал есті. Ақ торғынды бос салған бойжеткендей ағараңдаған түп шидің басы баяу толқыды. Аспанда билеген жұлдыздар жиі екен.

“Ертең күн ашық болар”.

4

Бекболат күндегі әдетімен кіші сәскеде оянды. Есік-түндігі түрілмеген күздік қоңыр үйдің іші ала-көлеңке. Шалқасына аунап түсіп, оңаша жатқан би шаңыраққа қадалды. Басы мең-зең. Кеше іңірде ауылының он шақты еркегі алғаш рет бұған ақыл салмай көрші жатаққа қонаққа кеткенде, қырыстанып қалып еді, содан түн ортасынан кейін де біраз аударыла-дөңбекшіп барып, шаршап ұйықтаған. Бабы келмей жатқаны да содан болса керек.

Қазақтың әдет-ғұрпында ерулік беру ежелден бар салт. Ағайын арасының қиян-кескі араздығы осындай қапталдаса шендескен көші-қон кезінде ұмыт боп, дала дәстүрінің айнымас заңы бойынша еруліге-қарулы шақырыс-қыдырыспен жалғасып, дәм-тұзбен тоқайластыратын. Ал жатақтардың кешегі алалап бөліп шақырып, бөлектеп жырып тастап кетуі еш ыңғайға сыймайды. “Жеріме қонды - өкіндім, қойдым. Ашуландым, басылдым. Шынына келсек, жер - елдікі. Ел - тәңірдікі. Тәңірден мықты, елден күшті ешкім жоқ. Қанша дегенмен, шекесі шылқ етіп асқынғаннан өйтпегені белгілі. Шұбырып босып жетіп жанын жалдап, тұрмыс күйттегенін сезбес меңіреу емеспін. Ал түндегі қылықтары - қай қылық? Дастарқан киесін қашан аттап ем? Кеудемнен неге итерді? Сонда, тобырымнан тоным қадірсіз болғаны ма?”

Ашық айғайға басқысы келмейді. Өйтер күнде анау жатақтан қорқып та, ығып та отырған жоқ. Бір-ақ шайнап, қылғып жіберсе де, қолынан ешкім алмайды. Таланып, тоналып жатқан шұбырынды көптің кебін киген тобыр іздеусіз, сұраусыз қала берер еді де. Аяйды шұбырынды көпті. Шіркін осылардың арасында

тақымға толар сүйекті біреу болса ғой! Тірсегі тірсегін соққан шетінен көтеремге қол ұшын беріп қана абырой табарын біледі әрине. Ал шын қызынса, белдескенде қабырғаңа шеңгелі қатая тиер мықты қарсыласың болып, сол әндемдінің тірегін сықырлатып барып, салмақ салсаң - зіркіліңнің қарымтасы желіңе қосақталып, маталып жатар еді ғой.

Ал мыналар кім? Шекеге ұйыған қанын сүмектетіп ертең-ақ азулы әкеге - Қазыбекке шағынып жетіп барса, “тал бойды зорлықтан таза сақтадым” деп турашыл атаға уәж келтіре алар ма? Ол қайда? Ақ сауырды жалаңаштап түргізіп қойып, көк шыбықты суылдата дүрелетсін ол.

Бекболат аунап түсті. Кеудеге кептелген қысастан екі өкпесі аузына тығылғандай алқынып, тынысы бітіп барады.

Би ыңғайын баққан зымыстан Жандәулеттің ырқымен сол күннен бастап екі ауылдың арасына із түспеді. Мал қайырған, қозы айдаған, тезек терген бал-шаға, малшы-жалшы жіті аңдыған қатаң бақылауға түсті. Әлдебір тығыз шаруамен Бекболат би Маңадырдың түстігіне бармақ боп көліктерін сайлатып, ертеңінде бір топ нөкерімен аттанып кетті. Қашан ораларын ешкімге айтпай кетті. Ендігі бар билік Жандәулетке ауысты.

Құлнияз бастаған диқан қауымы ұйқы-күлкі көруден қалды. Күндіз-түні егінді қанатты құс пен құрықты, тұяқты жан-жануардан қорып, әбден жүдеп, азып барады.

Үш-төрт күннен Қазір оңаша үйде күреңітіп жалғыз отыр. Жүзінде үлкен ызаның сызы тұнып қапты. Қабағынан қар жауып, түнеріп түйіліп алған.
Екі ауылдың арасына сыңар соқпақтанып із түсіпті.

Шиырлаған өзге емес - Гүлдарайым бике екен. Ерні сүйреңдеп, көзі жылтырап сүйінші сұрағандай осы хабарды алғаш жеткізген тотай тоқал болды.

- Нақсүйеріңіз, халал жүфтіңіз, асық жарыңыз, анау бикеңіз сөйтті, мырза! Үлкен басыңызды кішірейтіп, сонау кем ауыл, қусирақ кедей ауылдан шықпайтын боп алды. Ахаку-ухекуден жалықпайтын, сонша ішін

жайлап бара жатқан қандай желік екенін білмеймін. Күй тындаймын, ән тындаймын дей ме, осындағы жұрттың, сіздің тілеуіңіздегі көптің біріне пысқырмай, күндегісін күнде кетті де отырды. Сөйтті, мырзам! Нақсүйеріңіз, адал жүфтіңіз, бикеңіз осындай бір әуен тауып алды сіз жоқта, - деп қатты құшырлана сөйлеп, таққала түсті.

Бекболат тоқалына қабақ астынан сүзіле қарап қалыпты. Жақтырғаны да, құптамағаны да белгісіз. қанын ішіне тарткан суық ажармен түйіліп, тақымдап бара жатқан әйелдің жып- жып ерніне, аппақ тістеріне назарын тіктеп, тымырсық ашуды суық саусақтың

ұштарында ғана дірілдетті.

- Күйші кім? қандай адам? - деп қалды.

Тоқалдың күткені осы сұрақ болса керек, жүрелеген бойда аппақ білегіндегі қос күміс білезікті сыңғырлатып әкеліп, сақина-жүзікті саусақтарын ерінің тізесінің үстіне салды.

- Ойбай-ау! Білмеуші ме едіңіз? Жұрттың аузындағы бү күндегі гу-гу сөз: “Сәдірбек - жігіт!” емес пе? Хан ордасында күй тартқан, қобыз шалған нағыз пері деседі. Қобыз шалса, бақсыдан несі кем? Жыншайтанын жұмсап, жадылап алған шығар. Тәйтіктүйтікке ежелден үйір бике ғой. Қосыла шуылдап, әулетті қорлап бітті әбден! - деп еңкейіп келіп, еркелік танытып, алтын алқа көмкерген омырауын байының иығына жақындатып, қос томпағын дәлдеп төсей берді. Бір-ақ серпкен топшы өңменге сарт тиіп,

тоқалды шалқасынан жалп еткізді.

- Кет! Жоғал! Жетті!

Тоқалдың мырс-мырс жылаған даусы мен тарптұрп сүйреткен кебісінің тықыры басылмастан, сықырлауықтан тағы бір адамның иығы көрінді. Басын иіп алып, аяғының ұшына телміріп, босағада тұрып

қалды.

- Сенбісің, Жандәулет! Неңмен келдің?

Жандәулет бір аттап қолын кеудесіне қусырып, тізерлеп шөге кетті. Биге жасқаншақтана қарағанда көзінің алдындағы қанталаған ісік сақпан тасындай

атылды.

- Құрығанда жаулықты Түсіптен көрдім. Қолды

байлап қор етті ғой, қор етті! - деп ызалана булығып жылап жіберді де, тымағын жұлып алып, шекеге таңған ақ шүберектің қан соқталанған қаракүрең дағын көлденең тосты. - Міне, жаулығы! Міне ылаңы!

- Не бықсытып барасың? Түсібің не сенің?

- Апырай, Бөке, адалымнан жазбап едім ғой. Сырт беріп кеткен түрім бар ма еді?

- Жә! Тоқетеріне көш!

- Ендеше, Түсіпті бүк түсіріңіз! Қол қаққан сол! - деп жәбірленген Жандәулет шақ етті.

- Ау, есің дұрыс па? Түсіндірсеңші. Қияс-кейісті кейін түгендерсің.

- Өткен түнде жылқыны Маңадырдың теріскей ылдиына қаптатып жіберіп, жігіттерді әңгімеге тартып аттан түсісіп отырғанымыз сол еді, Түсіп жүре шалып бара жатқан көкаланың үйірін көріп қалды.

- Маңадырдың теріскейі деймісің? Егін бар емес пе?

- Иә! Жылқыны сол егінге түсіру үшін әдейі айдатқам.

- Обалын ойламайсың, ә! Қандай қаныпезер ең, Жандәулет!

- Обал! Обал! Олар ешкімді аямайды. Біз ғана обал дейміз. Ал, анау Түсіп ше... Түсіп неме Шалғынбайды жұмсады. “Қайыр бетін! Былай бұур! Жатақтың егініне түсіп кетер” деді.

Жыным келді. “Жатақтың жайын ойлайтын жағдайым жоқ. Аяқты малды олай-бұлай қуалап оттатпай отыра алмаймын. Барма, Шалғынбай! Әріберіден соң дағдылы өрісінен айырған жылқыға қоң біте ме?” деп едім, Түсіп зіркілдеп ала жөнелді. “Жатақ дей ме-ау”. “Жақының дей ме-ау”. Әйтеуір анау жер тырмалаған суырларды менің екі туып, бір қалғаным етіп барады. Ыңғайларына бақсам, тілімді алатын түрлері жоқ. Шалғынбай атына қарғып мініп алыпты, құрығын сүйретіп, тебініп, бүлкілге салып апты. Тұра атылдым. Түсіп, көріңде өкіргір Түсіп! Көзімнің отын жарқ еткізіп... Көрдіңіз бе? Мына ісік соның жүдырығының орны! Содан, әй құдай, бір тудым, бір өлдім деп, құрықты ала ұмтылып едім. Шекеме әлдененің сақ еткенін ғана білем.

- Жылқы ше, егін ше? Құрттыңдар ма, құртқыш жауыздар?

- Не болушы еді, егінге? Әділетшіл Түсіп тұрғанда. Анау күйшімен әмпей-жәмпей! Біздің бикені де сол Түсіп құтырып... - дей берген Жандәулеттің би қолынан ұстап, ақырып қалды.

- Күйшің кім? Бикең кім?

- Күйшіні әулие тұтып осы ауылға жыр қылып жүрген Түсіп қой! - деп Жандәулет жалтаң қақты. - Бике де сол ауылдан шықпай қойды.

- Тоқтат! Болды! Күйші-і-е!.. - Қызғаныш па, ашу ма би кеудесін ыстық толқын кернеп жүре берді.

Жандәулет кірпігін де қимылдата алмай, қатты ашумен сазара көгеріп алған қожасына үнсіз телмірді.

- Түсіпті тез осында жібер!

Міне, содан бері жалғыз отырып Түсіпті тосуда.

Сырттан аяқ тықыры естілді. Бекболат еңсесін тіктеп, бір ырғалып, үлкен денесін шаншып алды да, асығыс күткен ашумен есікке қадалды.

Дауыстап есендесіп табалдырықтан аттаған Түсіптің сәлемін қабылдаған жоқ. Әлгі ызғарлы, оқтай қадалған екі көзді тайдырар емес.

Түсіп ыққан жоқ. Іркілмей келіп сырмақтың үстіне тізе бүкті. Елтірімен әдіптеген бөркін шешіп алып, тықырлап қырғызған төбесін сипап қойды.

- Жай шақырттыңыз ба? - деді сонсоң жайымен ғана.

Бекболат шарт сынды.

- Осы айтшы сен! Жатақ шақырады, барасың? Жатақты жақтап, адамымды ұрасың! Шекесін жарасың! Жандәулетті ұрғаның, сойылыңды маған сілтегенің. Соны ұқтың ба?

- Ұқтым би? Карғыс шоқпар қан көмейлетем десе, жазықсызды жылатпай қарақшы қол кімдікі болса да, қағып тастауды борыш көрдім! - деп Түсіп те зілді жанарға шақшия қарады.

- Тілің шығайын деген екен! Асып-тасқан содырлыққа беттепсің! Осы қарысқаның қарысқан ғой сонда?

- Сабырға келіңіз, би. Қайырымсыз қара көңілден жылу табылар ма? Ата жолын шын қусаңыз, ашуға құрық созбаңыз. Елдігі бардың - ерлігі бар. Панаңызға

тығылған бұтартары жоқ бишараларды сорлатпаңыз. Бұтаға тығылған торғай да қырғидан жан сақтайды. Бұралып келгенде, бұқпантайлатып төбесінен тоқпақ төндіргеніміз әбүйір ме? Құғын көрген көңілдің зар күйін тындамасақ, ем тапқанымыз қайсы? Егер сіз анау Сәдірбек күйшінің бір күйін тыңдасаңыз, онда көз жасын бір сығып алып, еркін дем алған жыртық көңілді дауалатар едіңіз. Өнер құдіретіне бір бейіл берсеңізші! Маған сенбесеңіз, бикеден сұраңыз.

Күйшінің атын естігенде Бекболат мүлде қайнар ашуға мінді. Гүлдарайымның күйшімен қосақтала естілуі қызғаныштан туындаған долылыққа одан сайын май құйды.

- Е-е, үйретейін дедің бе? Өнерден тұл, беделсіз би, қайрымыз қарақшың екем ғой! Онда соған бекіндім!

- Бекер ширығасыз. Қалыңға қарсы жалғыз шауып түк бітірмейсіз. Ертең-ақ естіген ел әл- қуатын сарқады.

- Күш сынасасың ғой! Онда болсын. Болсын сол сен айтқан зорлығым! - деп түйілген кекпен тұтана түсті де, қатты дауыстап айқай салды. - Кімің бар! Әкетіндер мынаны. Қабатын төбет болмақ!

Үйге сау етіп Жандәулет бастаған екі-үш адам кіріп келді. Қолына түкіріп, екі иығын жұлып жеп, “жау қайда, сұм қайда?” деп ұрынып жүретін жігіттер, ләм-мим деместен лап беріп жабылып, Түсіпті жұлқа тартып, дырылдатып сүйретіп әкетті.

Ең соңынан шығып бара жатқан Жандәулетке Бекболат сұқ саусағын шошаитып белгі берді.

- Байқа! Тым қатты кетпе!

Жандәулет көзін жасыра беріп, жымың етті де, сыртқа ұмтылды.

* * *

Гүлдарайым күйеуін күрең аттан түсіп жатқанда үй сыртында тұрып көрген. Бұрылып қараған жоқ. Қос бұрымның ұшындағы күміс тамшыдай жылтыраған шашқабын бұралаң еткізіп, қынама бел барқыт камзолының өңіріне қолын сұғып, үлбіреген

торғын орамалын суырып алды. Бипаздап ернін, маңдайын сүртті. Анадай жерде тұрған күндесіне көз қиығын салды. Мырс етіп күлді де, үйіне кірді.

Ештеңеге зауқы жоқ. Бастап қойған кестесін қолына алды да, бірер ілген соң, оны да лақтырып жіберді.

Есіктегі күтуші әйел ас әкелді.

Тамағынан дән өтер емес. Аузына салған бір кесек етті ұзақ толғап әрең жұтты.

Жүк үстіне қол созып жастықты іліп алды да, қисайып біраз жатты.

Тотай тоқалдың күйеуіне шағынған, жағынған жіңішке даусы еміс-еміс естілді. “Қайтсін, байғұс, күн көргісі келет те. Басы бүтін бергенімді білмейді-ау!”

Басын көтерді. Дастарқандағы өрік-мейізді орамалға түйіп алып, далаға шықты.

* * *

- Әже, тәтем келе жатыр, әйәй тәтем! - деп әкешешенің ортасында отырған Жолдыбай орнынан атып тұрып, жүгіріп барып Гүлдарайымның мойнына асылды. - Тәте! Жүр! Талқан жейміз. Әжем талқан түйген.

Гүлдарайым дастарқанның шетіне жайғасты. Өрікмейізді етегіне салып алған Жолдыбай қуана айқайлап жүгіре жөнелді.

- Алақай! Қалиасқарға берем! Тоқпанға берем! Олар менің қармағымды жөндеп берген.

Әлгінде үйінде тамағынан өтпеген мұздаған ет, майлы женттен суға шылаған талқан дәмдірек сияқты. Ұялса да, көмейлеп жатыр.

- Же, қарағым! Тойып ал! - деп Құлнияз бен Сақыпжамал екі жақтан құрақ ұшып отыр.

Құлнияз Гүлдарайымды бір көргеннен ұнатқан. “Қылтың-сылтыңы жоқ, инабатты, ақжарқын адам. Бай ауылдың бәйбішесімін, текті жердің келінімін деп паңсынып, кердеңдемейді. Өзімізбен өзіміздей араласып кетуі шын жақсының белгісі емес пе” деп қазір де іштей сүйініп отыр.

Апырақтап Емберген келді. Гүлдарайымға ернін

жыбырлатып амандасты да, көз астымен Құлниязға ым қақты. Онысы “Мен кеттім, Құлеке. Қам жемеңіз!” дегені еді. Құлнияз басын изеді.

Етегіндегі тәттісін балалармен бөлісіп жеп, таусып болып Жолдыбай ентігіп жетті.

- Тәте! Сәдірбек ағамды көрдім. “Өрікті кім берді?” деп сұрады. Мен “тәтем берді” дедім. “Тәтең жақсы адам екен. Онда мен ақысына домбыра тартып берейін!” дейді. Әне, өзі де келе жатыр.

Гүлдарайым нарт қызарып ыңғайсызданып қалды да, сонысын сездіргісі келмей Жолдыбайды бауырына қысып, бетін баланың күн иісі сіңген шашына басты.

* * *

Дырылдатып сүйретіп алып шыққан жігіттер ырс-ырс қамшы сілтеп Түсіпті әп-сәтте көгала қойдай қылды. Бұйрықтың қайдан шығып жатқанын сезген ауыл адамдары үйді-үйінен баспалап қарап, құр кіжінуден әріге аса алмай, канды мойын қылмыстыдай жапа шеккен жазықсыз бишараға аяныш білдіріп, қанжығасын қандағандай қылмындаған Жандәулетті көзімен үнсіз атысып тұр.

Жандәулет қамшысын екі бүктеп алыпты. Зіркілдей сөйлеп, ербең-ербең нұсқайды.

- Қойға сақпан табылар деген осы! Жұрттан шыққан жұрындардың қазан үстінен тамаққа шақырғанына әбден асқынып алған екен! Кесік құлақ құл тайраңдамасын! Соқ! Шықпырт! Кері тақыс неме ғой! Қанды іріңді кеңірдектеп құссын! Аяма! Бимен кеуде салыстырып, керегесін теңестіретіндей соншама кім еді? “Кедейдің керінен сақта” деп, бұрынғылар біліп айтқан-ау! Ой, айналып кетейін сөздеріңнен! Қалай тауып айтқан! Сол өзі тап мынау Түсіп емес пе? Күйіс қайырған түйедей малтасын езіп, қайта-қайта “әділет, елдік!” дейтін жыр жырлағыш болыпты! Соқ! Жонын тұлыптай қыл! - деп зіл тастады.

Түсіп қатты қайратпен ширығып үстіндегі екеуді көтере түрегелді. Шатынаған зәрлі көзді Жандәулетке оқтай атып тұрып, қалш-қалш етті.

- Көкірегіңді құдай бассын, Жандәулет! Кез құйрығы лашын бола қапсың. Саған да зауал жетер. Әй, кәрі иттігің түзелмес! Қашаннан итаршы едің. Сол күйінде, сол бишара қалпында өтерсің. Келеге кеңес кіргізер жыланқарақ жылуың, нәрің жоқ еді. Көз қыспайдың айтағымен зарлы, шерлі жандарды тақымдап, талап құртарсың. Сөйтерсің! Талап қал, жұлмалап қал! - деді.

- Көсеу ұзын болса қол күймейді. Айтақ, Түсіп. Айтақ! - деп Жандәулет шімірікпестен кекесін танытты.

- Ә-ә, солай жалт бердің бе? Бәсе, көк көкіретіп, жер тітіренту саған қайдан келсін. Сүйенгенің Бекболат би ғой. Сол ғой қамшыңа қорғасын құйған. Неткен пасық едің! Бір айналмай бұққаның мынау! Сенің де, оның да күлманы ашылар. Кете бермес зорлық біткен құрық сүйретіп...

Жандәулет көстендей басып келіп Түсіптің сөзін аяқтатпай қамшымен бастан тартып-тартып жіберді.

Әкет! Әкетіңдер! Қол-аяғын байлап Мұздыбұлаққа тастаңдар! Кәнігі жау ел болмас! Тілін биге тигізді! Жынын аруаққа шашты!

Үлкен үйге үлкен жұмысты тындырып келгендей қодиланып кірген Жандәулетті Бекболат жиренген жүзбен қарсы алды.

- Әй, шуылдақ! Аттандатпай-ақ, аруақ шақырмай-ақ орындайтын күнің болар ма? Соншама дүбірлетіп, жер де айғай, көк те айғай. Жесірден жау тапқандай-ақ. Бір кесірді жөнге сала алмай, қырық жақтан құрық салып неткенің! Жә, аларма? Көбік өкпелігіңді ұмытып, көзің ұйқыда, көтің Бұқарда жатса да, шіренбек болмақпысың. Оу, ың-шыңсыз істесең, көтеншегің жарыла ма? Қай көмекке жарарсың? Қай керекке тұрарсың? Жәрдемің жаулықтан артық-ау, - деп зіркілдеген би қараборандата түйілді. “Оң қабақтың шырайына бір іліксем, осы жолы ілігермін” деп кеудемсоқтанып желпініп келген Жандәулет бір уыс боп бүрісіп, көзін қоярға жер таппай қысылып барады.

- Бар! Гүлдарайымды жібер!

Жүйрік тазыдай жылмаң қаққан Жандәулеттің шыққанынан кіргені тез болды.

- Ойбай, биеке! Гүлдарайым бикеңіз жоқ! Әлгінде анау ауылға кетіпті. Көргендер айтты. Салып ұрып кеткені сұмдық-ау! Сұмдық қой бұл!

Бекболат мына хабарды естігенде қатты күйіп, намыстан өртенгендей, екі беті дуылдап қоя берді. Қолдағы қамшының күреңқызыл тобылғы сабын қатты қысып алып, қалш-қалш селкілдегенде, бестемше жылан құйрығындай ирелендеді.

- Жітікке саяқ енді жерді қойып қойныма қол жүгіртті ме? Уау, бұ не қысас! Не жаза! Қазығына қара айналмай жатып, қатынымды күйек асты етсе, күні ертең қарашаңырағыма қара дауылын үйірер! Қап! Аштым зорды, бастым керді! Пәлелі көтке бармақ тықпаны ұмытқан екен! Ендеше, іздегенге сұраған. Қайыр күтпесін! Кеудеге жұмарлап ашу тығып, у сепкен өздері! Зар күйді енді тартар! Шыңдап тартар. “Ақтабан шұбырындыға” дұрыстап кездеспеген екен. Зобаланды зорайтып туғызып, нағыз шұбырындыны мен көрсетермін! - деп зіл тастаған Бекболат қайнар ашудың сақылдаған зіркілімен екі иығын жұлып жейтіндей, иінінен дем алып, қос бүктеген қамшысымен от басып сабап-сабап қойды.

Жандәулет үлкен сойқанның дүмпуі жете бастағанын сезгенде көзі атыздай болып, не сөз қосардың жөнін таппай, не сытылып шығып кетудің ыңғайын келтіре алмай, тырнақ көбесімен шекедегі қатқан қанның сірнесін шұқылай берді.

- Гүлдарайымның жібі түзу ғой, әйтпес. Тек, әйтеуір, бәйбішенің күй дегенде делебесі қозғыш-ақ... - деп мәймөңкелей бастаған Жандәулетті Бекболат тобықтан түртіп қалды.

- Күй! Тағы күй!.. Бітпейтін, таусылмайтын неткен бір қомағай, иттен де сүйек қарыздар тілек? Делебесі қоза ма? Жын буып, желік буып қоза ма?

- Білмеймін, Бөке. Апырай, не дей қояйын. Бикеңіз жөпшендіге елеңдемеуші еді. Оғаттық жасамас. Бірақ өсек шіркін қайда алып қашпайды. Сондықтан да ол өсек шіркін. Қақпақ жоқ оған. Ақыл жеңер іс те емес. Әсіресе, анау күйшінің құзыры ғаламат деседі! - деп тобыққа тиген соққыны жанына батқан қорлыққа балаған Жандәулет табан астында тайқып шығып,

“шоқ, шоқ! Өлмесең өмірем қап!” дейтін қысасқа басып, әзәзіл шоқ тастады. Тура айтпай, күлтілдетіп шырғалап жеткізді.

“Күйші” дегенде күні бойы көзеген бір ойының дәл үстінен түсіп, қос өкпені бүріп бара жатқан қызғаныштың қанды тікенін аяусыз тағы бір солқ еткізгендей Бекболаттың ит арқасы құрысты. Жұрт аяғын ауырлаған дімкәс көңілдің жек көрген адамының төбесі көрінгендегі қырсау халіндей жиырылған жүйкесі күйшінің атымен қайта ширықты.

- Әй, үйінен күл шыққан адамдай күмілжімей, көкейіңді көрсетші. Тегіс көрсетші! Қайта-қайта “күйші-күйші” дегенше, төксеңші уыңды! Қылғынып тұрып құсығынды қайта жұтқан қай ауруың осы сенің! - деп тізерлеп барып, шап етіп жағаға жармасты да, Бекболат Жандәулетті жұлқып қап, жүресінен түсірді.

- Ойбай-ай! Өлдім-ау!

Бекболат шеңгелін босатып, кеудеден түйіп жіберді.

- Айт шапшаң!

- Нені айтам! Сәдірбек деген күйші бар! Бармағынан бал тамызғанда көзден жас ағызады деседі. Бикеден бастап осы ауылдың бәрі аусар. Басқа түгі жоқ. Үйі-күйі жұртсыз. Қазығы қарасыз. Көн етікке құрым шұлғау біреу. Жетесіздің басқа ру-ұрымын тексеретін жайым болмады, - деп көңіліне діт сақтаған раймен ішін бермеді.

- Жә, жарайды! Көнекті сырттан салған қатынды көріп алдым! Бар! Байқас бол. Гүлдарайымның ізаяғын аңды! Алда-жалда екеуі оңаша түсетіндей... әй, түсініп отырсың ба? Жеке кездесетіндей сәтті тоқайластырсаң, еңбегің өтеуінен қам жеме! - деп пысықтап тапсырды да, кетуіне рұқсат етті.

Бұл кезде Құлнияздың жаппасының қасында бір топ адам күй тындап отыр еді. “Жылау күндер, бұлау күндер” дейтін машықты ырғағынан адасып қалған саусақтар әлдебір жүрдек жорғалы еліткіш әуенге қайталап соғып, жүз баққан сергек раймен еміншек сырды қылтитып қояды. Қылтитып, ұрымталдан бас көтертеді де, “Өмір! Ғұмыр! Құштарым сен! Сен ғана!

Шуағынды құй! Нұрынды төк! Аяла жанымды! Бір ғана шарпып тиер ынтық лепті деміңмен кеудеме жалын құй! Жандырып кет! Тұтанайын да өртенейін! Өртеніп тұрып бар-бар әлем, дүн-дүниеге алғыс-ризалығымды айтайын! Одан артық тілек-зарым, талап-таласым жоқ! Күйдір де қандыр? Шарпы да шарықтат! Ғұмыр! Ғұмыр-ай! Жан бергендей қимастығым - кінәм ба? Мінәжатымды бағыштасам, іштегі бебеу бүлкіл қайнатып әкетіп бара жатыр ғой! “Тыншы да сөн! Сөн де жоғал!” дермісің? Тығылып қалған тыныстыдірілдете созайын. Босатшы! Берші кеңістігіңді! Кеңшілігіңді ғана жасашы! Жомарттығың қайда, ғұмыр! Ғұмыр-ай! Жұлдызы ыстық жамалды қараңғы көкте... меңіреу аспанда неге туғыздың? Жарқ еткізіп қана көрсетіп, талпынтып барып... талықсытып барып, қол созсын да көр құшсын... жүрек қабірін жастансын дегенің бе? Ғұмыр! Ғұмыр-ай! Бәрібір, сен - құштарым! Ғайып текті түнектен көз ашқан, нұр шашқан сәуле сенде ғана екен! Күйдім! Күйдім де көндім! Көрейін де өлейін! Бір ғана леппен қаңбақтай боп ұшып барам! Ұшырсын! Сендім соған... сол бір жүрек құйынына! Бердім түгел барымды! Күдігіммен-ақ, қуанатын сәтімнің туар таңын аңсаумен-ақ өтілдім, ғұмыр! Ғұмыр-ай!” дейтін үздігіп бүлінген сыр баяндайды.

Гүлдарайым ақ жүзін жерошақтың жалпылдақ отының лапылдап жанып, бықси түтіндеп, шалқып-қайтып тұрған алакүлес жарығына төсеп апты. Бірде қызара нұрланып, жалт-жұлт еткен жанардың жалынға шағылысқан сәулесімен айналасына шұғыла шашқандай, күйшінің қырық құбылған өңіне көлденең көз тастайды. Бірде өн-бойын суық қарығандай сәл-сәл тітіркеніп қалып, түтін буған қаракөмескілікті бүркенгендей кірпік астына көлеңке ұялатады. Ондай сәтте ойлы, нұрлы жанардың салқын тартқан қарасы әлдеқайда тайқып кетіп, суық аспан, түпсіз көкке бұлдырап барып тіреледі.

“Жүр-жүрлеп” тұр ма? Қайда шақырады? Шарқ ұрған безектеуі кеудемнің тас қорғанын тырс-тырс ұрғылайтыны несі? Кілтін өзім ұстаттым ба? Дірілдеген саусақ ұшынан қан қосқандай жылылық табатынымқалай? Кімді аңсайды күй? Анық аңсайтыны рас. “Бол-

болдың” ынтық үні осылай үздіксіз толқындай ма екен? Ерікке қоймас, қайта оралтпас қатты ағысы қағып әкеткен бе мені? Батып-шығып барам ба? Неге шашалмаймын? Қайта, мынау жұмақ құшағындай майда, жайлы толқынды ұнатам ғой. Тербей ме? Әлдилей ме? Құдай-ау, не боп барам? Ақыл-ес қайда кеткен? Сабырдан әлде баз кештім бе? Тілегі қандай таза еді! “Аяла да аймала! Күлдір де күл! Сипа да желпі! Желпін өзің де! Тар қапас, қараңғы зынданыңнан серпіліп шық! Сергіп, қанат қақ! Жылуы мол шуаққа суық шалған кеудеңді тос! Тос та балқы! Ері! Көңіл мұзын жұлып таста!” дей ме? Солай дейді ғой. Қасиеті қандай артық еді! Ықыласы қандай таза еді! Жібек торғынмен жайлап қана қол жалғағандай! Серпіңді қызуымен тұлабойды шарпығандай! Қорғалаған тірліктің мана ғана жүзі сынық емес пе еді? Қас қағымда аунап тұрғандай кілт өзгеріп, құлпырып, құлдыраңдап шыға келуінің себебі не? Шынымен талпынам ба? Сонау ұмыт қалған, бағзы-баяғы сиқырлы ексім қайта бауырады ма? Неге тебіренем? Құдықтан мәйіті табылған күйшінің жансыз саусақтарының тарс жұмылуымен бірге көкірек қақпасын берік бекітпеп пе едім? Енді қайтып түшіркенбес, селт етпес халмен меңіреу қорғанды төрт құбылamнан түгел тұрғызбап па едім? Қазіргі бой-бой босауым қалай? Әлде сол жалынды тілек жаңғырығып оралып: “Сейіл! Сергі! Тұйығыңнан түлеп ұш!Айналып соқтым. Адасқан жүректің қатты сенделуімен тағы да қапы калма!” дегені ме? Ел-жұртқа не деп қараймын? Әлде ел-жұрттың қабақ бермес сырдаңдығын сыпырып тастар көзсіз ерлік қажет пе? Шақырып тұр ғой! Он саусақ жұлын-жүйкемді сырға бөлеп, мынау менің жүрек қылымда ойнап барады-ау! Не істермін? Қайратым қайда? Бір бұлқынуға шамам келмей ме? Келтірер ме? Әне “тез-тездің” үздіктірген уілі толқындап жетіп, түйдек-түйдек құйылды ғой! Ақтарылды ғой кеудеме!”

Қатты әсермен қиял-құштарлық билеген Гүлдарайым ес жиғызбас бір халде ұмсынып қалып, күйші жігіттің иығына қол созып барып, селт етіп оянғандай болды. Осы бір шарасыз қимылын жұрт

көзінен жасырғысы келгендей, сәл қымсына күлімсіреп, ашық сыңғырлы үнмен тіл қатты.

- Көңілім босады ма, күйші жігіт мырзалық жасады ма, білмеймін, мына иықта отырған осы қазір домбыра киесін көргендей болдым! - деп ризалық танытып, Сәдірбектің әлденеге сәтте мұңая қалғанын сезді де, көзін тайдырмастан қадалып отырып бір сырды жеткізді. - Мүмкін ол күйшінің қадір-күдіреті шығар!

Осы кезде абдырай жүгіріп, ырс-ырс ентігіп Емберген айқайлап келе жатыр еді. Отырғандар өре түрегелді.

- Ойпырай, не боп қалды?
- Егін аман ба екен?
- Жаппар ием, тәңір-ай, жақсылығыңнан жаңылма!

Емберген жеткен бойда сылқ түсіп, екі иінінен дем алып, киреленген ернімен ауаны ыс-ыс қапты.

Құлнияз көршісінің иығынан жұлмалап, жұлқып қалды.

- Жаным-ау! Айтсаңшы! Болсаңшы енді!
- Ойбай, Құлеке! Сұмдық! Сұмдық!
- Не болды?.. Астық па... егін... егін!.. Сол ма?
- Жоқ! Одан да жаман! Түсіпті... анау әлгі жылқышы сорлыны Мұздыбұлақтың тастай суына аяқ-қолын керіп байлап... домалантып салып қойыпты.
- Кім? Ойпыр-ай! Неткен жауыздық еді!
- Байғұстың мойны ғана қылтиып... Шөлдеген соң су ішейін деп барсам... Тура бар ғой, зәрем зәр түбіне кетті.
- Оу, зәрем-зәрем дегенше, суырып алмадың ба?

Емберген Құлниязға кінәлай қарап бас шайқап тұрды да, әлдекімге кіжінгендей жерге түкіріп жіберді.

- Әй, Құлеке-ай! Мені бір иіс алмас көресіз ғой. Оу, құтқармайын деді ғой деймісіз. Әлекедей жаланған бай ауылының екі жігіті жолатты ма маңына. Көтке теуіп қор етті ғой, қор қылғанда, - деп күні бойғы ыза-дан осы жерде булығып, қыстығып селк-селк жылады.

Гүлдарайым одан әрі тындаған жоқ. Етегін үш саусағымен бүріп көтеріп алып, иек созымдай жердегі бұлақ басына ұша жөнелді.

Келіншектің соңынан ілескен кісілеріне Құлнияз ақырып қалды.

- Тоқта! Қайда барасыңдар!

- Ау, сонда осылай үйелеп отыра береміз бе? - деп иіріліп тоқтаған жігіттер тыпыршып тұр.

- Басқа бәле таппайық. Ал, бар! Басталсын төбелес! Олардың күткені сол. Соны сезіп отырып, шылбыр таста, өңшең мисыз! Оу, әлгі Сәдірбек қайда? Қап, құдай-ай! Кеткен екен ғой! Сендер енді тыныш-талыңдар!

Жаны ышқынып, бір ашу, бір ызамен дедектеп келе жатқан Гүлдарайым сүрініп кетіп, ұшып түсті. Кебіртек топыраққа маңдайын сүзе құласа да, жер таянып, етегіне оралып тұруға әрекеттеніп жатыр еді, әлдекім тік көтеріп тұрғызды. Сәдірбек екен. Енді екеуі қатарласа бет түзеді.

Дүрсілдеген аяқ дыбысын естігенде екі ауылдың ортасында бір түп шидің түбінде отырған Жандәулет елең етіп басын көтеріп алды. “Ә, құдай! Жолымды оңғарған екенсің!” деп сүйіне түсіп бетін сипады да, әйел мен еркектің қол ұстасқандай иыққа иық тіресіріп бара жатқанын ішіне мықтап түйді. Содан соң қояндай зымырап, әп-сәтте Бекболаттың алдына жетті.

- Бәке! Жүріңіз! Жүріңізші! Дәл үстінен түсесіз!

Бекболат одан ары қазбалаған жоқ. Түсінді де, ширақ аттап үйден шықты. Алға түсіп алып бүлкілдеп жорғалай жөнелген жігітінің соңынан бұ да ентелей салды.

Гүлдарайым қатты ентіге жетіп, сілесі қатып жер таянып отыра кетті. Содан соң байдың бикесін көргенде қыбыжықтап қарсы жүрген екеуге айғай салды.

- Әй! Жүзді айдап, бірді жетелегендей мамырламай, тап қазір Түсіпті босатыңдар!

Екеу қозғала қоймады.

- Бәйбіше, болмайды оныңыз!

- Бізді бекер қинамаңыз. Бұйрық солай. Екі оттың ортасына салмаңыз. Тастай алмай жүрген жанымыз жоқ.

Гүлдарайым қасында тұрған Сәдірбекке жалт етті.

- Не ғып тұрсың! Бар, тез шеш қол-аяғын!

Түсіп дыбыс берді.

- Гүлдарайымжан-ай! Қоғалы көлдің құрағындай асылым едің! Бекер келдің-ау! Түсіптің қардан кебіс,

мұздан құрсау көргені бір бүгін ғана ма еді. Үйреншікті сорына көндігіп қалмап па еді. Обалыңа қалдым-ау!

Сәдірбек етігімен суды шалпылдата жалдап барып, қындағы кездігін шығарып, қыл арқанды бырт-бырт кесіп тастады.

- Тұрыңыз, Түсеке! Маған сүйеніңіз.

Тәлтіректеп жағаға шыққан Түсіп ауылының екі жігітіне өкпе тақты.

- Құбылаға қарап күн өткізген байғұстар! Малма тымақ күйіңнен бір арылмай кете берермісіңдер. Әй, қорғаншақ тірлік-ай! Кіжінтумен-ақ лағынет қамытын мойыннан бір түсірмедің. Киліктірмей, қол байлап, қор етіп қойғаның ба? Ой түбіне жеткізер сәтің туар ма? Туар ма сол кек сағаты келер күн? - деп бар ашуызасын лақ еткізіп алды да, суы сорғалаған түйе жүн шекпенін шешіп тастады.

Осы кезде танаулап жеткен Жандәулет арт жағына қарап қойып от басып алғандай тызылдай жөнелді.

- Ойбай! Қорлық! Бәке, дәл үстінен түсіппіз. Міне, айра-жайра опасыздық! Жүсіп пен Зылиқа! Қозы мен Баян! - деп шошаңдаған қолын Сәдірбек пен Гүлдарайымға кезек-кезек оқтап, алқынып таянған Бекболатқа құйрығын тығып еркелеген иттей жақындап барды да, селтек қақты. - Ойбай-ау, мұнан артық соқпа дерт бар ма? Байының көзіне шөп салып... Қосы ауған жесірдей-ақ нәсілсіз біреудің құшағына оралып... - деп сөзінің соңын жұтып қалып, асқынған ызаға қорықтық құйды.

Бекболат Гүлдарайымға шаншыла қарап тұрды да, қолындағы білемдеп ұстаған қамшымен жонарқадан осып түсті.

- Мауыққан мысықгай керілуін қаншықтың! Қара бет! Неге күймейді жүзің! Пердесі жыртылмаған нең қалды? Әулиедей ақ төсегімді алғаш арамдағаныңда, өкпе сызды өзгеге білдірмей алдыңнан өткендегі алған сыйым осы ма? Ендігі тапқаның, Әзіреті Әлің, мынау сүмелек пе? Ау, мұныңның Меккеден тас арқалап әкелгендей қандай қасиеті бар еді? Айтшы! Көрсетші көзіме! Көрейін де сенейін! - деп ширыққан ашудың солығын бастырмай дырау дойырды оңды-солды сілтеді.

Сәдірбек Гүлдарайымның жауап қатпай, қолымен басын көлегейлеген аянышты түрін көргенде шыдай алмады, сарт атылып, қамшы сілтеген қолға жармасты.

- Тоқтатыңыз!

Алара қараған Бекболат бір серпіп ұшырып түсірмекші боп топшысымен қағып көріп еді, жігіттің өзінен әндемділеу шыққанын сезінді. Қанына қарайып түтігіп алды да аттанға басты.

- Уау, өңшең боқташақ! Неғып тұрсыңдар! Балақгағы битті басыма шығардыңдар ма! - деп қатты алқынып, сес берді.

Сол-ақ екен Жандәулет Сәдірбектің ту сыртынан қапсыра құшақгай алып, сілкіп бұрап шалқасынан түсірді. Жәрдемге ұмтылған екеудің көмегімен енді тіпті арқаланып, жігіттің кеудесіне қонжиып, тізерлеп жатыр.

- Жоқтауыңды бір-ақ асырайын! Тіпті басынып барасың ғой! Кімді тәлкек қыласың! Сал торы кербез мұнан табылыпты ғой. Құмырсқа әліңді біл. Мә, мынау қыз аларың! Мынау сый аяғың! - деп ырс-ырс етіп, жұдырықты былш-былш ұрады.

Түсіп жетіп келіп, Жандәулетті бір теуіп қалпақтай ұшырды.

- Құдайдың құлағынан ұстағандай, қайдан шыққан ер едің! Тиіп көрші, кәне! Озан-ұранға мен салайын онда. Құдай сүйер қылығың жоқ. Қай жақсылықты дәметем. Сенің мысық көмбеңді мен білмеуші ме едім, - деп Сәдірбекті тұрғызып әкетті.

Бекболат сырт айналып, ауыл жаққа қарап тұр еді, сау етіп құйылған он шақгы жігітке зілді бұйрық берді.

- Таң! Таңып таста мына екеуін! - деп қамшының сабымен Гүлдарайым мен Сәдірбекті нұсқады. - Құрым іл мойындарына. Түстім үстерінен! ІІІошыдым кәпірлерден! Өзегі үзілген асықтар екен! Қосақтап таңып, байлап таста!

Гүлдарайым орнынан сілкініп тұрып, тап берген жігіттердің қолын қағып-қағып тастады.

- Аулақ! Әрі жүріңдер! Немді біліп, немді көріп жармасасыңдар! Әр айтаққа бір арсылдап, қарғылы қара төбеттей азу тісті сақ-сақ еткізгенде, нені сезіп, неден безіп қорландыңдар. Қойға келген ешкідей жатырқап тұрғандарың мына азамат па? Қай қорығыңа

түсіп еді? Қай тұнығыңды ылайлап еді. Жазығы сендердің қолыңнан келмеген әрекетке басып, сорлаған бауырыңды сұмдықтап арашалап алғаны ма? Бүгін біріңді шыңғыртып суға салса, ертең бәріңді шырылдатып отқа тастайтын зорлықтың қиғылығын неге көрмейсің. Қылдан тайсаң, қызыл қарын жас баланды телміртіп қойып, тепкісі өкпеңді түсіретін мына Жандәулеттен қайсың жақсылық көріп едің! Әлде аяқ астынан мен білмейтін әділ Наушаруанды осы мен менің күйеуімнен таптыңдар ма? Қоя беріңдер күйшіні. Қырық кемпірдің қылауынан жиылған анау ауылдың Қорқыттың қобызындай зарлаған күйін көбейтейін деп пе едің. Елдігің сол ма? Сары жұртыңа бір қонғанға түп-тамырымен жалмап кетердей нөкер жиямысың! - деп өрелі сөзбен тұқыртып, екіленген жігіттерді кібіртіктете бастап еді, Бекболат өтінен жарылып кетті.

- Болды! Бітті! Тыңдама әзәзілдің көлгір сөзін! Уын жайғызба! Жоғалт! Жой көзін! Талақ еттім! Талақ, күнақар!

Бездім айныған, азған байталдан. Үйірден саяқ садақа! Атсын қарғыс! Тапсын Тәңір, тез тапсын. Талақ!

- Талақ дейсің бе? Бүгін ғана айттың ба, Бекболат? Мен оны баяғыда айтқанмын. Көңіліме шипа болар бір рақымыңды көре алмай, суық көрдей үңірейген ішіммен айтқам!

- Уау, не ғып мелшиіп тұрсыңдар! Өшір үнін сайқалдың! Сұңқылдатпа! Салғызба тілін! Байла! Он екі тұтам оққа байла! Ақ төсегімді адал ұстадым! Жоларым жоқ. Қойнын ашқан мынау! Мауқын басқан анау! Үстінен түстім. Қылмысы сол! Не істесем де рауа! Бол! Болыңдар! - деп зірк-зірк еткен Бекболат қасында жақын тұрған біреуді тартып жіберді. - Кесік осы! Жазасын ертең айтам. Ел-жұртты жиып отырып, мойнына қойып отырып, шариғат жолымен қазасын шығартам.

Содан кейін Гүлдарайым мен Сәдірбекті екі жерге домалатып керіп тастатты да, Бекболат үйіне қарай беттеді. Көген бойы ұзай беріп тоқтады. Аңдып тұрған Жандәулет монтаң қағып жетіп келді.

- Түсіп қайда?

- Оу, апырау, көрінбейді ғой. Қазір дырылдатып сүйреп әкеліп, қайтадан бұлаққа тоғытып қояйын.

- Болды. Оған енді тиіспе...

- Жарайды.

- Мыналарды мықты күзетке ал. Жігіттеріңді сайла. Анау жітікке саяқтар қарап жатпас.

- Бәке, одан қам жемеңіз. Өйтер болса, найзаға жау мінгізермін, - деп, сегіз кессе сіркедей қан шықпас ақсұр жүзін күлмеңдетіп, әлдебір шешімін айтып қалғысы келген райын танытып, жүріп кеткен мырзасының алдын орады.

Бекболат кідірді.

- Иә, тағы нең бар?

- Бәке десе, ақыры бетке өшпес таңба басылды ғой, бадырайып тұрған масқаралыққа орай одырайып тұратын ен салсақ деймін. Нышан болсын, осы анау текешікті тап қазір піштіртіп тастайын ба?

Бекболат түлен тұтты. Көзі сығырайып, мойны ішіне кіріп ұмтылып келді де, Жандәулетті қылғындыра бұрді.

- Қандай масқаралықты айтасың? Қолыңмен ұстадың ба? Сыныққа сылтау қып, өзім бастаған бір керді әлден-ақ құтыртып ала жөнелмекпісің? Қашан көрдің Гүлдарайымның аунап тұрғанын? Үстінен көтеріп алып пең текешігін? Ауын жия алмай абдырап алдында тұрып па еді!

-Ө-өл-дім, аға-а-тай! Жаздым, жа-а-ың-ылдым!

Бекболат шеңгелін босатып, қолына әлдене жұғып қалғандай өңіріне сүртіп-сүртіп тастап, қайта қайрылмай адымдай жөнелді.

Тамағын сипай, күбір-күбір етіп Жандәулет әлі қарап тұр. “Бұнысы несі?” “Мекерсің, күнакарсың!” деген өзі! Талақ еттім деп тақылдағаны қайда? Енді кеп, әйелін сүттен ақ, судан таза етіп шығарды. Бұнысы қай қыры? Қай құбылуы? Қатпаршағы көпау! Екі ортада мен жазықты боп шықтым. Әй, бір жазғаны болар. Мендік тезек табылар. Неменеге бал ашам. Білгенін қылсын.”

Қамшысын мыта ұстап бұлақ басына тартты.

Тарпа бас салған тағылықтың аужайын түйген Түсіп бұған дейін теріс азулыққа бармаған бидің сарытіс қаққан әккі ыңғайын баққан соң, бұрылмас бетке тізгін босатқанын көріп, сытылып шығып кеткен еді. Асыға адымдай басып келіп, үйінің сыртынан дыбыс берді.

Әйелі қоңыр'кештен бері булығып жылап отырған, отағасының даусын есті сала, етегіне сүріне-қабына тысқа жүгіріп шықты.

- Аманбысың? Тірі келдің бе?

- Жә! Босқа күйзелме. Амандығымды көріп тұрсың. Шапанымды тез алып шық.

Үй іргесіне сүйеніп отыра қалып етігін шешті. Шұлғауын сығып қайта орап киді. Су жейде етіне жабысып, түнгі салқын денесін қалтыратты.

“Немен ауыстырсам екен?”

Ауыстыра қоятын басы артық жейдесі бар ма. Шешіп алды да, оны да біраз сығып, суын сорғытып белдеуге қыстырды.

- Қатын-ай, болсаңшы!

- Қайда жинап жібергенімді білмеймін... Ойбай-ау, мына қағынғыр басына жастанып алыпты ғой! - деп күңкілдеген әйелі шапанды алып шықты.

- Қайда барасың! Жөніңді білдіріп кетсеңші.

- Жә. Алаң болма. Сендерге тиер жау жоқ. Балаларды үрейлендірме! Тез оралармын, - деп Түсіп шапанмен жалаңаш иінін жауып алды. Белдеудегі жейдесін қойнына сұқты.

- Мені көрдім деме. Естідің бе?

- Жарайды. Бірдемеге ұрынып қалмай, сау орал. Жолың болсын!

Түсіп бүкендей басып жөнелді де, бай үйінің тұсынан өте беріп қаңтарулы тұрған аттарды көріп, бұрылды.

Шылбырды шешіп алып, күрең қасқаны жетектеп ұзап барады...

5

Таң елең-алаңда Құлнияз Орақбайға келді. Көктемдегі құм қата болған жылқыдай күркілдеген көксау Орақбай дәрет алатын құмғанын қасына қойып,

босағаға жүрелей сүйеніп, ентіге жөтеліп отыр екен. Құлнияздың сәлеміне қаны бетіне шапшыған, демікken жүздің иек қағысын ғана жолдады.

“Бейшараның демікпесі қатты-ау! Әрең дем алып отырғанын қарашы!” деп жаны ашыған Құлнияз есік алдында жатқан жаңғырық ағашқа құйрық басты.

- Не хабар бар?

- Жігіттер баспалап бақылаған екен. Сәдірбек пен Гүлдарайымды байлатып тастапты.

- Оны білем. Өздерің не істемексіңдер? - деп Орақбай білегін сыбанып, дәрет ала бастады.

- Соған енді ақыл жетпей тұр. Адамымызды серейткізіп қойып, түк жасай алмаған қорлық екен, - деп Құлнияз тізесіне қонған жәндікті шертіп жіберді. - Маза табар күннен кеттік қой. Қашанғы көрінгенге телміріп, жарапазан айта береміз?

- Жарапазан айтқызып, жайыңа қойса, құдайыңа құлшылық етпеймісің. Оған жеткізер ме? Жеткізбес. Қордалы ауылдың қол ұзындығын жасар. Бекерден бекер назарын тікпес. Артында сұмдығы жатыр ғой. Қыл көпір, тас таразы осы дәл бүгін-ақ туар. Туғызар! - деп алақанымен мұрнына апара берген суды шашып жіберіп, Орақбай ыңырanып калды.

- Шошыттың ғой! Шынымен-ақ сөйте қояр ма? - деп Құлнияз қырындай бұрылып бай ауылына көз салды. Шығыс тұста адырдың иек артпасына бытырай қонған мол үйлі ауыл әлі түгел қылаң берер емес. Белдеуленіп ақшыл жолақ буынған көкжиектің астына ұйлығып, “ішке тыққан сұмдығымды әзір сен білме, мен ашпайын” дейтіндей қара көлеңкеге тығыла түсіпті. Тек анау, тік шоқыға шұғыла байлаған алаң-елеңнің ауыр сұсы қанды найзасын қылтита көтерген зомбылықтай елестеп, шаншылып қалыпты. Құлнияз кірпігін төңкеріп жіберді.

- “Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады” деуші еді. Әй, бекер болғаны ма? Бекболатты не ашындырды екен? Биден жүрек шайлығып қалды-ау! Мына қылығы - бір зордың басы. Не құлы болсың, не қолды болсың! Басқасы жоқ! - деп Орақбай итіне көтеріліп, ішке кіріп кетті.

Құлнияз отырып-отырып, ақыры егін басына қарай

аяңдады. Орақбайдың әлгі сөздерінен кейін онсыз да күдік жайлаған кеудеге үлкен қорқыныш енді.

* * *

Таңғы салқында дірілдеп жаураған Гүлдарайым Жандәулетке тіл қатты.

- Әй, қанша қаныпезер болсаң да бір жолға тілімді ал! Пәле мен жаланың бәрін өзім көтерем. Тыныш елге бүлік салынбасын. Анау азаматты босатып қоя бер. Жазықсыз екенін білесің. Сөйт, Жандәулет, - деді. Жалынғандай айтты.

Қалғып-шұлғып отырған Жаңдәулет басын көтеріп алып, бикеге арам күлкімен сығырая қалды.

- Мен не білем? Кең даланың жыра-жықпылын көріп отыратын көріпкелім бар ма еді? Бұта-шиін бақылап тұратын дәуперім бар ма еді? Қай шидің басы қалай толқығанын қайдан білейін, бике? Жел шайқалтты ма, желік шайқалтты ма - күмәнсіз ажыратам дей алармын ба? Қай аудың бауы қолымда жүр еді? - деп күні кеше үстіне батып кіре алмайтын бәйбішеге дөрекі жауап қатқанына айызы қана, күлмең қаққан Жандәулет көзталастырды.

- Өзің біл. Кейін өкінбе. Би атама да хабар тиер. Ақ-қарасын тексерер. Жазықсыз еңіретпес, - деп Гүлдарайым қайынатасын көлденең тартты. Сеніп, үміт артып сөйледі.

- Ой, қарағым келінжан! Апырай, бике, мен бай-ғұста не бар?! Өзімнің де амалым құрып тұр ғой! - деп Жандәулет құрақ ұшты. Қаздауысты Қазыбектің оңай соқпас екпінін осы ғана, қазір ғана сезе бастап, бұрынғы бар сесі мен қырынан жұрдай боп, сәтте сағымдай құбылды. - Мен не істей алайын? Бәкеңе... мырзаға қиғаш келе алам ба?

Гүлдарайым қорқақ жанның абыржуын жақсылыққа жорыды.

- Жандәулет, тым құрыса бір рет абыройыңды ақтан тап. Әулиелік - адалдық қана. Ел бетіңе түкірмесін десең, айтқанымды орында. Күйшіні босат.

- Жо-жоқ, Гүлдарайым келін. Оны атама!

Болмайды! Өйтіп қолымды кесе алмаймын. Мырзаның қай қырын білуші едім? Кеше ғана бетіңе жел тигізбейтін сенің өзіңді мынандай кәріптікке душар етіп қойғанда, мені аяр ма? Мойнымды бір бұрап, қауақ басымды доптай үзіп алады да, домалатып теуіп жібереді. Жо-жоқ! Бара алмаймын, бике! Қинама! Мына кебіңді сен айтпадың, мен жеткізбедім. Құлақ сүйіншің қажет емес. Естіген жоқпын. Ойбай-ау, бидің өлеңді жеріне өрт қойып... өле алмай жүр деп пе едің? Мә, мынау шапанымды жамыл! Ал, өтіліңді орындай алмаймын! - деп азар да безер болған Жандәулет иығындағы шапанын әйелдің үстіне жапты.

Гүлдарайым одан әрі тіс жарған жоқ. Ендігі өтініштің өкініштен басқа берері болмасын ұқты да, бір қырын бұрылып анадай жерде шөкелеп отырған Сәдірбекке назар аударды. Жігіттің көзі жұмулы екен, ойда ма, ұйқыда ма - белгісіз. Бұрын күймен әсерленген ішкі алай-түлеймен күйшінің түс-тұлғасына онша зейін қоймағанын байқады. Ақсұр жүздің таң шапағы қиғаш ұрған нұрында жүдеулік білінді. Бірақ пішін сүйкімді, таза. Сәл дөңестеу біткен қырлы мұрын дем алғанда майда желпінтіп танаудан бу атады. Маңдайы кең, шалқақ. Қою қастарының арасы жақындап барып сиреп тоқпапты. Анау ұзын кірпіктердің астындағы жарқ етіп елжіреп ашылып кетер көздердің қос тостағанына тік қабақтан көлеңке жығылыпты. Шықшыты онша шығыңқы емес, атжақтылау. Ұрты суалмаған. Үстіңгі сәл түріктеу ерінді көлегейлеп мұрт қойыпты. Онысы өзіне жарасады екен. Иекте көктұқылданып түк орны қараяды.

Киім киісі де бөлек. Жұқа бота жүн шекпені жеңіл, жаңа. Жарма балақ шалбарын мақпалдан тігіпті. Басында бөрік.

“Елтірісін алып тастап, құндызбен қайта көмкерсе, тысының өңі әлі де оңбаған екен, бөркі жарасып кетер еді-ау! Сонсоң төбесіне үкі қадаса... Сәні мықтап түзелер еді! Қадаса несі бар? Күйшінің сал-серіден несі кем?.. Ойпырау не ойлап барам? Әй, бірақ ойламайын десең де, мынау кеудемде бір сойқан бүлік бас көтерген бе? Бекболаттың зіркілдеп таққан жалған айыбын шынымен қабылдайтын тәріздімін ғой. Соның шын

болғанын тілеймін бе? Тілеймін-ау. Ынтығатын сияқтымын. Мүмкін әлде... оңаша кездесе қалсақ... Онда қайтер едім? Қой, қой, бике, бүлінбе! Сенің аңсағаның күй ғана емес пе? Алғаш, ауыл үстіне домбыра үні жеткенде-ақ мына Сәдірбекті көрмек түгіл, атын да естімей тұрып, дегбірің қалмап еді ғой. Сондағы іздегенің күйші емес, бебеулеген сарын еді ғой! Тезекші әйелді ертіп алып екі ауылдың арасында түн жамылып отырып еміреніп күй тыңдағаның қайда? Тамсана тандандбап па едің! Жо-жоқ! Сол түні сонау он бес жасар қыз кезіңдей бұлғақтап, өткен күннің бір елесін қайта кездестіргендей еліткенің де рас! Өтірік дей алмайсың, Гүлдарайым! Иә, жасыра алмаймын. Жиырма жыл өткізіп барып, сондағы мұңлық халіме қайта ұшырап отырмын. Ол халдің анық кінәлісі - мына Сәдірбек! Сәдірбек қана! Таға берсін өсегіне! Енді тайынарым жоқ! Күйімен дуалады ма, азаматтығын ардақтатты ма, асылыма айналды! Айналды-ау! Ау, жігіттің сырын түйдің бе? Ұнатқаны бар шығар? Қосақты байталды қайтсін! Жо-жоқ! Аздырма! Күйімен көңілін ашқан ол. Тілек білдірген. “Құштарым сен! Сен ғана! Көрейін де өлейін! Қанат қақ! Талпынып ұш!” деген. Домбыра солай сыр шерткен! Алдамайды. Сенем. Сенгенім осы. Міне, қазір де арманымен, қорлық кебімен өзім құсап байланып-шырмалып қасымда жатыр. Сол үздіккен демімен, сертімен жақындап тұрып, майда қолмен жүрегімді әлдиледі. Әлдилеп тұр...”

Сәдірбек көзін ашты. Көзін ашты да, өзіне қадалып қарап отырған Гүлдарайымды көріп, жүзіне қан ойнап шығып сәл-сәл басын изеді. “Есенбісің?” дегені ме? “Гүлдарайым, мұңайма! Қасыңдамын!” дегені ме? Ажырата алмаса да, келіншек те тілеулес ажармен кірпік қағып, қарсы түскен күн сәулесін көз шарасында жылтыратты.

Сиыр сәскеде Бекболаттың тапсыруымен Жандәулет екі ауылды тегіс аяғынан тік тұрғызды. Алдымен екі тұтқынын алғызып, қотан ортасына жүрелетіп отырғызды да, мойындарына құрым илгізді.

Он шақты жігітін жатаққа жұмсады.

-Тез!Бірін қалдырмай қуып әкеліңдер! Дірдектетіп айдап әкеліңдер! Жүрмесе, жүрімін үзіп отырып, желкелеп жеткізіңдер! Жауабын өзім берем! - деді.

Сол-ақ екен, жаяу барса шабы айырылардай кермеде тықыршып тұрған садақ сыртты, күпшек сан жарау аттарына қарғып-қарғып міниып ап, жігіттер ылдиға қарай шаба жөнелді. Шыдай алмай Жандәулеттің өзі де атқа қонды. Дүрсілдеп ұзаған ат тұяғынан көтерілген қалың шаң әп-сәтте екі ауылдың арасына көпір боп құлады.

Тотай тоқал отауының алдында тұр еді. Күйеуінің қаһарға мінген түрін көрген соң, жүзіне қан жүгіріп, қыбы қанғандай әлденеге өрекпи қуанып, қутындап алды. Гүлдарайымның үстіне құрым киіз жауып, көзден аққан жастарын кимешегінің етегімен сүрткілеп, сықсыңдай қалған кемпірлерге арқа терісі құрысты. Қазандай басып барып, жұқа қаймақ ерінді жып-жып сүйреңдетіп, тергеуге ала бастады.

- Ә, қималарың қыши ма? “Бәйбіше-ау! Бике-ау!” дегенде үзіліп тұрушы едіңдер! Көріңдер қарабетті! Жүзіқараны! Неге түкірмейсіңдер бетіне, құдай жүзін көрмегір салдақының! Неге айғыздамайсыңдар күйген бетін бұл қардың!

Кемпірлер токалға үрке, жиіркене қарап беттерін шымшыды.

- Бәтір-ай! Немді біліп күйе жағам!

- Ақ-қарасына жетіп пе ең?

- Жаным-ау! Ниетің бұзық екен ғой. Гүлдарайымжанды солай деуте, ағаш атқа мінгізуге дәтің қалай барды?

- Күндестің күлі де күндес! Салып тұр да шоққа!

- Әдірам калсын! Сес қылатыны тоқалдығы ма?

- Ойбай, сорым! Мынаған қараған күнім күн болмас!

- Гүлдарайым-ай! Қуатым-ай! Бізде не қайран бар.

Тотай тоқал тұлданып келіп, түкірігі шашырап Гүлдарайымға төніп барды. Үстіне бүгін бар жақсы біркиерін киіп алыпты. Анау құрым мен мынау батсайының арасы жер мен көктей. Кешегі паң бәйбіше мен бүгінгі тотай тоқалдың да сондай алшақ кеткенін

білдіргендей дірілдеген етектің жылтыр матасы жалт-жұлт құбылады.

- Салдақы! Хан басын қараға қиған, сұңқадам!

Гүлдарайым миығынан күлді.

- Әй, шәуілдеп үргенше тып-тыныш артыңды жуып, дайындалып отырмаймысың! Хан басын жалғыз өзіңе ғана меншіктетіп бердім ғой.

Тотай тоқал табан астында сөз қайтара алмады. Ерінін шығарайын деп еді, долылық буғандықтан кемсең қаққан иек ерінді ырыққа жіберер емес. Өшпенділік тұнған жанардың қиқарлана қалған сұғын қадай түсіп, түкірігін тілінің ұшына жиып келді де, мысқылды жүздің уытына шыдай алмай теріс айналды.

- Тастанды қар! Несіне жетіседі екен.

* * *

Құлнияз әлгінде ғана егіннен оралып, Сақып-жамалдың сүтсіз шайын ысқылап тартып отырған. Ту сыртынан дүрсілдетіп келіп қалған ат тұяғының дабырын естігенде қолындағы шынысы жерге түсіп кетті.

- Жазған-ау, не болды? - деп тізесіне ыстық су құйылып шар ете қалған Жолдыбайды аймалап құша-ғына қысқан кемпірі кейіс білдірді. - Күйіп қалған жоқсың ба, күнім?

Жолдыбай жылауын қоя салып саусағын шо-шайтты.

- Әже! Ананы қара! Көкпар әкеле жатыр! Алақай, көкпар! Жіберші, әже! Қоя берші!

- Күнім-ау, көкпары несі? Қайдағы көкпар! Көкбөрі ғой!

Шашырап бөлінген бүлікшіл желөкпелер әр үйдің есігінің алдына ат ойнатты.

Жерошақтың қасында тұрған қазан-ошақ, қылды бақырларды салдырата құлатып, Жандәулет Құл-нияздың қарсы алдына жарау бестісін атқыта шап-шытып қиыршық тасты бұршақтай атқызды. Бұр-шақтай жаудырды да, еті қызған атының мойнын иіп, тізгінмен тұқыртты. Сәлемі-саулығы жоқ, зілді сестің

қорғасын қарасын жым-жырт мелшиген шалға шаншып алыпты.

- Әй, неге үндемейсің? Тілің байланып қалды ма?

- Жарқыным-ау, айт-үйт жоқ не дей қоятын. Сөйлес қыла келген жоқ шығарсың.

- Шақылдайын дедің бе? Шақылдатармын әлі!

- Шырақ! Дүмпуің қатты екені көрініп тұр. Ширықпасаң да шырылдап қоя бергелі шақ тұрмыз. Байбаламдамай-ақ байлауыңды жеткізбейсің бе? - деп сұсты аттыдан қорыққан Жолдыбайының бетін бұрып, құшағына қысты.

- Не дедің? Не оттап отырсың, сен қақпас!

Сақыпжамал ара түсті.

- Қарағым, өзің аттан түссеңші. Дәм ауыз ти.

- Әй, кемпес, сандалма! Ауылыңмен арамсың! Арам дәміңмен былғанарым жоқ.

- Садаға кет онда дастарқанымнан! Ой, үлкен сыйламаған, сақал сыйламаған кепиетіңе, өл де маған! - деп Сақыпжамал өрекпіді. - Әрі жүр, әрі! Ошағымды опырып, босағамды басынатындай біз құдайдың ала танасын ұрлап па едік! Онысы несі, қаршадай баламның зәре-құтын алып! Аулақ!

- Тілім-тіліміңді шығарып, тіліңді кесермін. Қысқарт! Жәдігөйленуін! Жабармын аузыңды! Көмейіңе құм құйып жабармын жапқанда! - деп тебініп қап, атымен басып кетердей төне түсті.

-Әу, айтсаңшы! Не алмағың бар осы бізден? Не ақың бар? Айтып өлтірші! - деп Құлнияз бір сырғып кетпеніне жақындады.

- Не алмағың бар деймісің? Алмағым көп. Жанында алам! Ал, қазір жаналғышың шақырып жатыр! Би шақырады!

- Е-е, мені қайтеді! Биіңде жұмысым қанша?

- Бидің сенде жұмысы бар, қу қақпас! Ауылында кегі бар, алжыған қақпас! Тұр, қане! Бол, қақпас!

Ат омырауына соқтыққан жатақтың әйел-еркек, кәрі-жасы балаларды төрт-бес кемпірдің қарауында қалдырып, шұбырып келеді.

Құлнияз Орақбайды сүйеп алыпты.

- Күлеке, айтпап па едім. Құлағынан күн көрінген шұбырындыңды қандай сұмдық тосып тұр екен? Қайда

барсақ қан көмейлеп, зәр жұтқанымыз ғой. Әй, елдіктен қалдық-ау! Табаннан бүр кеткен соң тайғанақтай бермегенде не істерміз? Кімге шағынармыз? Шағынатын да, жалынатын да кімім қалды? Жоқ қой. Дал болдық қой! - деп болдырып келеді.

Құлнияз Орақбайдың босағанын жақтырмады. Әлден қыры сынса, дәл қазіргі сынға түсерде сөз ұстайтын жалғыз адамы күйреп, ығып сала бермей ме? Өз әлінше қайрап алмақ.

- Ореке, олай демеңіз. Е-е, елдіктен қалсақ, мынау қалың көбіңнің тілегі бір жерден табылар ма еді? Қараңызшы, тас түйіліп алған жоқ па! Жағасын жыртқызса да, оңайлықпен жанын бермес. Оу-оу, Бекболаттың да қайқандайтын тұсы бар шығар? Мен бірдеме білсем, осы биің бізді ә дегеннен неге шауып алмады? Ол - жаңағы өзіңіз айтқан елдіктің арқасы. Ауқымның салмағы. Қаракесек Қазыбек бидің өзіне сілтеңіз, тіпті болмай бара жатса, - деп әр саққа құрық созды.

Қотан басында бір қауым жұрт үйіріліп тұр екен. Орта тұста - Бекболат би оқшауланып оқалы шапанын иығына желбегей жамылып, ішкі жұқа мақпал бешпентті күміс дөйдекулі кісемен мүшесінен буынып алыпты. Екі бүктеген сарыала сапты қамшысын мықынына тіреп шіреніп тұр.

Келгендер бұрынғы тұрғандармен араласпай, шашау шықпай иіріліп тоқтады. Шаң қапқан жүздер, кеберсіген еріндер ілтифат білдірмей, есендік-саулық айтыспай түйіліп, жымқырылып қалған.

Бекболаттың ызғар шашқан көздері топтың ең алдында тұрған Орақбайға қадалды. Ішінен: “Дауласарым да, жауласарым да сен боларсың!” деген сергектікпен бір түйін жасады. Келер сәтте Құлниязды, одан сырғып Ембергенді тінтіп, шаншып, барлап өтті. Содан кейін Орақбайдың сол қанатында тұрған үштөрт қарасақалды кеңесші, ақылшыларға жорыды. Артта бой созып, ентелеп кимелеген басқа жұртқа, қатын-қалашқа көз жіберген жоқ.

Үнсіз иек қағып еді, үйіріліп тұрған өз адамдары қақ жарылып ортасын ашты да, әбден қалжырап,

арып-талған Гүлдарайым мен Сәдірбекті қарашықтарға іліндірді.

Әйелдер жағы жағасын ұстап, шегін тартты. Гу-гу жамырады.

- Астапыралла!
- Соншама азаптағаны-ай!
- Күйші қайнымды тірідей сорлатыпты ғой!
- Алда ғана байғұс-ай! Мынау кешегі жүзі жылы келіншек емес пе? Қор қыпты ғой әбден!

Бекболат қамшысын көтерді, ду тыйылды.

- Ағайын, ұзында өші, қысқада кегі жоқ, бір-бірімізді көрмеген, білмеген ел едік. Белді жердің белгілі ауылы едік. Тәңір баспаған белім бар деп арқамды кеңге салып жүргенде, ойламаған жерден арым мен барымды тонатып алып тұрмын. Жау кеспеген жолымды бір емес екі рет кескізіп алып тұрмын.

Ат қойып, аттанға бассам - сенікі артық деп ара ағайынның бірі бұлк етпес еді. Оған бармадым. Жылап келген, зарығып жеткен бауырым ғой деп, ашуды сабырға жеңгізіп тұрмын. Өзге тұстан бөгет, кедергі болмасын деген ниетпен өздерінді шақырып алып, алдарыңнан өтпекпін. Бұған қалай қарайсыңдар? - деп көзін өзі таңдаған Орақбайға төндірді.

Орақбай бидің алыстан орағытқан аужайын пайымдаса да, қайыспай қарсы қарап, салмақпен сөз қатты.

- Шырағым, аңғарыңа қарасам, аңдысарың біз тәріздіміз ғой. Бейбіт жатқан елдің де береке қашыратыны болғаны ма?

- Уай, сырғытпаға келгенде алдына жан салмайтын түрің бар екен. Ендеше, түстеп, түгендеп тізіп берейін. Қапыда қалған өкінішімді жаяйын. Жақсылап тыңдаңдар...

Ел құлағы елу. Жоңғардан жосып ойға құлап, қырға шұбап сенделген, сандалған бұқара жұрттың қызыл қырғынға ұшырағанын сезбейтін меңіреуің мен саңырауың мен емес. “Елім-айлап” зар атқан, шер төккен көптің жүрегімнің басына ұйыған мұңы мен қайғысын бес уақ намаздай мінәжат тұтам. Тұтқаным емей немене! Өріп келіп, қонысыма қонып алғандарыңды естігенде, “Е,жанашырдың жаты емес, жұтап

жетіп жан шақырған жақыным ғой. Жер тырмалап, күн көрсін. Маңдай тер - табан ақы тірлігімен ес жисын" деп адақтап қумай, жата бердім. "Мұңдасым болды-ау, пейілін берді-ау, ең болмаса алғыс-батамызды берейік" деп ат ізін салдыңдар ма? Жоқ! "Басып алдым, кеудеммен асып алдым!" деп ірілік істеп, ірінді жастың тез ұмытылғанын ескермедіңдер.

Ол ол ма? Іргеңе кереге жайғанымды көтермей, өз жұртымнан өзімді қуғандай ғып, кеудемнен тағы итердің. Керең сана, кердең көкірек солай жон көрсетті. Ақ бейіліме қара көңіл қарсы тұрды. Уау, сонда қарашым кім? Жуаным кім? Тарпаңым кім? Жуасым кім? - деп сөзінің соңын қатқыл ырғаққа салып шүйіліп тоқтады.

Орақбай сақалын уыстап, ақ таяққа кеудесін тіреп сүйеніп тұр еді, басын жұлып алды.

- Ау, сонда таразыға бүкіл елді салғалы тұрғаннан саумысың? Қараборандатып бара жатқаныңа қарағанда, зілің ауыр-ау! Жуанды бізден тауып, жуасты өзіңнен шығарып, дүниені төңкеріп қойғанда, сазартып алған түсінді басқалар ұқпайды ғой деймісің? Тайлаққа артқан тендей тауқыметіңді иығыма салып, тәлтіректетіп ойнағың келе ме әлде? Жоқ болмаса түйе үстінен ит қапқан мына сорлыларды тоқал ешкідей қылып, үркітіп жібермекпісің? Түйінді сөзінді жұтпай не қылсаң да, ашып, айтып өлтірші, жарқыным! - деп түс тоқтатып ұзақ қарады.

Манадан үнсіз түрған жатақ осы сәт шыдай алмады. Тұс-тұстан шуылдады.

- Уау, не қыл дейді сонда?

- "Туған ел - торғын бесік" деп жеткенде алғанымыз осы ма?

- Төбеме күй қазғаны артық қой!

- Тор етіміздің арылғанда, тобықтан тағы қан кешсін дегені ме?

- Ұлтарақтай жері үшін шетіміздің ұлтан қылмақ па?

Бекболат шамырқанып Орақбайға бас шайқады. Бидің ыңғайын сезе калған Орақбай тамағын қырнады.

- Уау, шуламаңдар! Сөзге қонақ беріңдер! Биді төресінен жаңылдырмаңдар! - деді.

- Е, айтсын! Сөйлесін!

- Түйе кекірік таныта ма, түбір сөзін айта ма, еркі білсін! - дескен жұрт саябырлап тынып, ден қойды.

- Уай, дариғай! Өлермен ердің шабарман күйін танытам деп тыз ете түстіңдер ме? Тоқсан баулы ақ көбе кигендей шетіңнен күпсініп, тепсініп шыға келіпсіңдер. “Тергей берсем, топшым озар, таласа берсем, тауым аспандар” дейтін ежелгі қыңырлықты өзеуретіп ұстайын дедің бе? Әлде “толғаймын да сарнаймын, сарнаймын да зарлаймын” деп көзіңе түкірік жағып, түз ғайып еренді тамыр қып тізгіндегендей,ұзын арқан, кең тұсаумен құтылып кетем дедің бе? Оу, сонда бұндағылардың бәрі зекіріп айтса, ығып қалатын, ақырып айтса, бұғып қалатын ұзын етек, шөп желке ме еді? Оларың өтпес! Ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жария етіп, ұйытқымды бұзып отырып, ұртынды кептіргеніңді тегін қоя алам ба?Істеріңді істеп алып, тағы да келіп хан сыртынан жұдырық білемдеген бопсаңнан тайқып кетер дедің бе? Әу, дәл мына шабалана екіленген ынғайыңды бақсам, өз жұртыма қонғаным үшін де “шаң басар” сұрайтын түрлерің бар тәрізді ғой. Шабыңа шоқ түскендей шамданып, шап-па-шап келер сұрыңды білдірейін дедің бе? Ал, онда тұрысатын жеріңді ата! Мен де айтайын! - деп Бекболат жағалай жұртты шолып. барлап кеп, көз сұғын қайтадан Орақбайға қадады. - Ау, жарқыным!Тегеуріні төрт елі мықтылықты құрық қып созғанда, “тар есік, тар босағадан қымтырылмай, қысылмай өтем!” Тезге салам дегенде, “езге салам” дегенің қай қиқаңың? Жалап ішіп, жылап құсып жүріп “есе бермеймін, кесіп ал!” деуің қай бұлтағың? Жаным күйіп, арым жидіп отырғанда, асылық жасап шыңыма жеткің келе ме?

Ау, ағайын! Шынымен жұрт болсаң, көрпемді ашып, қойнына қол жүгіртер ме едің? Ақ төсегімді арамдап, адал некемді аяққа таптар ма едің? Қол жүгірткенің - қорлағаның! Қойнымды ашқаның - ойранымды шығарғаның! Некемді бұзғаның - ұйтқымды ыдыратқаның! Ал, мынау іргемде отырып, ылаңдап салған бүлігіңді өзің тыямысың! Әлде талқан боп тас түйілсін деймісің мені? Бер жауабыңды! - деп ажырая қарап түйіліп қалды.

Орақбай манадан осы маңды шарлап тұр еді, бірақ дәл шүйіліп түскенде, абдырап қалғаны рас.

- Апырай, Бекболат би, қатты кеттің-ау! Уа, босаттшы, жіберші бұғалығынды! Ашу алды, ақыл соңы емес пе еді. Еркіңді билетпеші жалғанға! Мынауың естір құлақ, көрер көзге қиянат қой! Түндігіңді оңыңнан ашшы! Ұшар көгі, қонар көлі тарылған өңшең сорлыңды бүрсеңдетіп, шілдеде ызғар шашпашы! Шашпашы ызғарыңды! Қойның түгіл қолынды ұстар жағдайымыз бар ма еді? Нені қиялап жортып, қай ұрымталдан шаң бердің! Уа, жиғызшы есімізді! - деп Орақбай талмаусырай шыққан үнін күркілдеген жөтелімен жұтып жіберді.

- Ә, бұлталаққа бастың ба! Ауылымды жын ойнағына айналдырғаныңмен қоймай, танып кетуге дайын тұрсың ғой. Босатпаспын! Мойныңдағы бұғалық қана емес, қаншеңгел! Үзіп-жұлып шығармын шыбыныңды! Аш көзіңді! Бері қара! - деп қамшысын Сәдірбекке оқтады. - Танимысың сәурігіңді? Үйірге салуға қырық рудан құрап әкеліп пе едің? Жар төсегін жатқа билеткен салдақыдан мен бездім! Саяқ байталды сауырлаған сәурігіңнен сен беземіс? Сөзім осы! Айтарым сол! Сол-ақ! - деп шолақ қайырды.

Орақбай ыңыранды. Бұрылып қасында тұрған Құлниязға “не қайратың бар?” дейтіндей көлденеңнен қарап өтті. Құлнияз енді ғана бар сұмдықты ұққандай сұп-сұр боп, Сәдірбекке тұмантқан жанарды бұлдырата тіреп алыпты. Келесі сәтте Ембергенге көз қиығын салған Орақбай жігіттің қасарысқан, жасқанбаған отты, уытты жүзін көрді. Жайлап Бекболатқа бет бұрды.

- Айттың, би! Жаулыққа бастың! Ішіңе әбден қан қатыпты. Бірақ әділіңді бермедің. Бере алмадың. ІІІырқау биіктен сорғалап бүріп түссем, шырылдауға мұршасы келмес дегенің шығар. Оның да рас. Ұстараның жүзінде тұрмын. Тек, талабым біреу. Ақ-қарасын тексерейік. Босқа күйдірмейік. Босқа күймейік, - деп шыжымдап тұзақ ұзартпақ болды.

- Солай деймісің? Сонда мен жұрт талқысына өз намысымды ойыншық қып, ермек үшін ұсындым ба? Ақ-қарасы анықталмаса, беттегі таңбам не? Айғыздалған шіркеуім не? Жандәулет! Уа, Жандәулет!

Топ арасынан кібіртіктепЖандәулет ілгері лықсыды.

- Иә, мырзам?

- Уау, айтшы сен! Анау қос арамның ұрлық мекерлігін айтшы! Сендірші! Үстінен түсіп, үркітіп тұрғызғанынды естіртші!

Жандәулет иесінің бетіне қарап тұрды да, сөз астарын ұққан тақыстықпен басын изеп қойды.

- Ойбай-ау, соңда елдің бәрін ақымақ көретін бұлар қайдан шыққан заңғарлар! Айтсам, көргенімді ғана айтам, көзге шұқып айтам! Арам мынау - екі сұм! Өтірік айтсам, иманым қасыл болсын. Мырзаның аттанып кеткенін бостандық санады ма, бике осыдан үш күн бұрын кеш қайтты. Түн жамылып қайтты. Сездім де, сезіктенбедім. Содан келер түні тағы кетті. Көрдім де, әлдебір түйткілді түйдім. Ішім ауырып... түн ортасында түзге шықсам...

Қазалла, артымды желге беріп отырған екем. Бір кезде бір дыбыс... білесіңдер ғой аусар билегенде қандай дыбыс шығатынын. Содан баспалап тұра жүрейін. Шылбыр тастар жер қалғанда опыр-топырдың үстінен түскенім. Біреу тұра кеп қашты. Ышқырым қолымда жүр еді, құдай ұрып әлгі неме қара үзіп кетті.Ентігіп түрегелген бикеге қайта оралып, біраз кейідім. Кейімей, бидің жыртысын жыртып, намысын қумасақ неге жүрміз. Ұрыстым кеп! “Анауың кім дедім - айтпады. Бір бедірейсе, жауабын аларсың ба бикеден. Ау, содан өткен түн, құдай иіп, екеуін тап үстінен дөп бастым. Міне, ақ-қарасы! Бір қоспасы болса, күйшіңнің өзі айтсын! - деп Жандәулет өз өтірігіне өзі нанып, Сәдірбекке кіжініп қойды.

- Жә! Жетер! - деп Бекболат енді Орақбайға шаншылды. Не дейсің? Адал десең, жаныңды бер! Беремісің?

- Әй, қайдам. Мына жігітің тым сұйықтау екен...

Құлнияз қызды.

- Ау-оу, осы түнде Сәдірбек Түсіпті құтқарам деп кетпеп пе еді. Сонда бұлақ басында ұстамап па едің? Енді мына қастығың қалай? Қайда арандатып барасың?

- Адалдығына жаныңды беремісің?

-Берем!Бір емес он берем! Анау келінжан да нақақ!

- Адалдығына куәң бар ма?
- Жоқ! Куәм жоқ. Бірақ сенімім мол.
- Құрғақ сөзің кімге дәрі. Уәдеге сенсіз де күптімін.
- Ұру-барудан кеттік қой, шын кетейік онда. Ұпайым түгел деп сен тұрсың, би, ұлардай шулап біз тұрмыз. Үрпек бастан үркін елді шауып алғандай қаңтарып қойдың. Ықылық атып, шырғаға шырмалып, жан алқымға келіп қалғандай қылғынып барамыз. Жан беру оңай ма? Бірімді қаралағаның - бәрімізді қаралағаның! Тоз-тоз елді топырлатып қырғаныңның басы осы. Қолынан келген соң қонышынан басатын озбырлық өктемегенде қайтеді? Уай, сол керің ғой! Онда, би, өзің де айтқаныңның шындығына көзімізді жеткізіп жаныңды бер. Әйтпесе, мынауың... - деп Орақбай Жандәулетке қолын сермеді. - Әйтпесе, мынауың ұртын алып мұртына жалғаған неме екен! Итім иланар ма бұған. Тірескен соң сіресіп бағайын. Куәң кім? Бар ма соның? - деп қадала сұрады.

- Е, ақсақал, ұстайтын жерім деп шұқшиып тұрсыз ғой. Өзіңізге өзіңіз қақпан құрғаныңызды білмедіңіз-ау, - деп Бекболат миығынан күліп қойды. Бірақ Орақбай оны елемеді. Көңіліне қобалжу алмаған күйі, әлі де шын сенген адалдығымен сұрағын қайталады.

- Иә, ұстаған жерім-ақ дейін! Жалтарма, би! Куәң кім?

Бекболат түсін суытып алып, ортаға бір аттап шықты да, аумас көзін Орақбайдан тайдырмай тұрып, қолын Гүлдарайымға қарай шошаң еткізді.

- Міне, куәм! Куәгерім - Гүлдарайым бике! - деді.

Тұрғандар жалт-жалт қарасып, көздері шарасынан шыға бажырайып, әлгі шошандаған қолдың ығымен жапырылып, Гүлдарайымға таң қалғандай жапақ-жапақ етісті. Артынша-ақ, үн қатпай сазарып, Бекболатты уытты жанармен жалт етіп түйреп түсіп, жиіркенген күйінішпен өз ішінде түйілігіп қалған келіншекті ұққандай ду-ду гуілдеді.

- Ойпырмай, тілі қалай барады!
- қалай қияды!
- Әдейі от тастап тұр!
- Бетінің шімірікпеуін қарашы!
- Осылай иліктірем дей ме екен?

- Е-е, кеудемен омыраулаған жуандықтың қай жерде де түп-төркіні біреу емес пе еді!

- Өзі айыптап, өзі куәге тартпақ!

Бекболат Жандәулетті сыбырлап қана жұмсап жіберді. Шуылдаған көпке тыйым салмай, езуге кекесін күлкі үйіріп, әлдеқайда назарын ұзатып тұр.

Орақбай жас бидің мына қалпын көргенде іштей қатты қайран қалды. “Әй, осал емес, осал емес! Анда-санда ғана шаңын әр жерден бір көрсетіп отыратын тоят төс, салпы ерін жүйрік болушы еді! Содан несі кем? Әттең-ай, осы ұтылап соғар шаңбоздығын игілікке жұмсар ма еді. Онда талай көз жасты игізер еді-ау! Қайыр не, қаталдықты тақымдап мініп алыпты бүгін. Әлде ынтымақтан кеткен күйіміз, күніміз осыған сая ма? Өз бәлең өзіңнен артылмаса жарар еді ғой. Оған қазақ көнеміз бе? Ұғынысу, түсінісу жоқ. Әз Тәуке өлісімен-ақ Қайып пен Әбілқайыр тәжікелесіп шыға келді. Ақыры неге соқты? Қайып қастандыққа ұшырады. Үш жүз үшке ыдырады. Болат хан тағын ғана күйттеді. Айнала торыған жауды көрмей бірінің бірі жағасын жыртты. Алдымен Жем, Сағызды қалмаққа алдырды. Жетісуды ойратқа берді. Арқаны ақ патшаға жамбастатты. Одан “Ақтабан шұбырындыға” ұшыратты. Ұланғайыр жердің шет пұшпағы ғана қалды. Енді кеп сол аядай жерге сыймай қырқысып, өзді-өзіміз өңменңдесіп жатырмыз. Әй, иттік мінез әріден бар-ау! Соның салқыны Бекболат биге де тимеді деймісің? Түрт сайтанмен жүрген “игі жақсылар” тәлім-тәрбиесін осылай өрбітпесе, тоз-тоз боп торғайдай тозып кетер ме едік. Қазақ - жылқы тектес халық еді. Бақташыдан айырылған соң қасқырға таланбай ма, барымтаға түспей ме? Әй, табылар ма бас көтерер бірім? Жолына жанымды құрбан қып, өзімді ақсарбасына шалар едім. Ерді еліне, елін жеріне қосар күн туар ма? Туар ма жарқырап қана? Мына қалпында көпке ұзамай, бірін-бірі бауыздап-ақ дүниеден көшер. Өшер тауарихтан...”

Ойға сүңгіген Орақбайды Құлнияз иығынан түртіп селк еткізді. Бекболат қолына ұстаған қомақгы нәрсені кеудесіне қыса көтеріп, бұған қарап қапты.

- Уау, осы сіздің нысыңыз кім? - деді.

- Қазақпын! Көптің бірі ғанамын.

- Бұ кісі Орақбай! - деп Құлнияз сөз қосты.

- Ореке, сөз жұтпайық. Сіз куә іздедіңіз, мен куәгерімді атадым. Солай ғой. Ендеше, осы тобыңның алдында, төрт көзін түгел тұрғанда мен әрі айыпкер, әрі куәгеріме жүгінейін. Ырзамысыз? - деді.

- Жарайды, соза бермейік, - деп Орақбай күңк етті.

Бекболат одан әрі теріс айналып Гүлдарайымға жақындады.

- Бике, жұрт естісін. Қинаған, қанаған жерім болды ма? Пұшпағың қанамаса да, жансерік еткен міндетімнен тайдым ба? Ал, онда бұл жолы да қатты шұқшимайын. Бір ғана сауалыма әділ, ақ жауабынды бер, - деп сәл кідіріп, жан-жаққа "естідіңдер ғой" дейтін сыңаймен тез-тез мойын бұрды да, сөзін қайта жалғастырып кетті. - Бике, мына жігітке... күйшіге көңілің бұзылып, ниетің аумағанын... ішіңде әзәзіл оянып, ынтығың құрымағанын растап, дәлелдеп, мына құранды төбеңе қоя аламысың? Қоя алсаң - қолымды кесейін, ашуымды тыяйын, ағайынға ат-шапан айыбымды берейін! Ағыңнан жарыл, Гүлдарайым.

Гүлдарайым Бекболаттан дәл мынандай қос өкпеге қадалар сұр жебе- сұрақ күтпеп еді. Тынысы тарылғандай, бір сәтте дерт жамылып, үркек жүрекпен қатты шошынды. Өз көңілінде леп берген бір сырды жасыруға дәрменсіз болса, жалтартып кетуді тағы лайық көре алмай қиналып отыр. Кеудесін өртеген өксік жасын төгіп, егіліп барып, тура қарай алмай, басын шайқады.

- Айта алмаймын! Куәлік бере алмаймын! - деді.

Бекболатка керегі де сол еді. Гүлдарайымды енді қайтып сөйлеткізбей, саңқ етіп бері бұрылды.

- Көздерің жетті ме? Айныған, азған жарды көрдіңдер ме? Ақ-қарасы деген осы ғой! Енді не айтасыңдар? - деп тақымдай түсті де, Орақбайға күреңіткен жүзін толық көрсетті. - Ореке, сөз ұстаған сіз! Екеуміз де кіналастық та арылдық. Обал-зауалыңа қалмайын. Бөлінемісіз мынадан, іргеңізді алыс-татамысыз күйшіден?

- Апырай, төбемнен жай түскендей боп тұрмын!

Дел-салда қалдым ғой. Сенейін бе көзіме, нанайын ба сөзіне? Рас болса, шынымен сөйтсе... сұмдық көріп шошынуымды жасыра алам ба? Қай қырсыққа тап болдық? Азғаны ма барым деген баурымның? Безе алам ба бүліктен? Не дей қояйын тап қазір? - деп дірілдеген Орақбай күрсініп, күйік атты. Таяғына шірене сүйеніп, басын көтермей, асылып тұр.

- Мен айтайын не істейтініңді! Күйшіден безесің! Безгенде анау тобырыңның тынышы мен тынысын ойлап безесің! Шіріген жұмыртқа етіп, қауымыңның қамын жеп садақа қыласың! Келістің бе? - деп енді әлгіндегі “сізін” ұмытып, зілмен қатайып алды.

Ешкім тырс етіп жақ жаза алмады.

- Келісті деп білдім мына сұрынды, ағайын. Енді екі кәпірдің жаза-кесігін айтайық. Менің ұсынарым - шариғат жолы! қарсы болмассыңдар!

Тағы да селт еткен иін болған жоқ.

- Шариғат жолы - жеңіл жүріс әйелге тас атқызу. Зинақорлыққа салынған еркекке де сол жаза бұйырылатын. Менің кесігім осы! Екеуін де тас атып өлтіру! Әйелдің мекерлігі мен аяғының желі бар жүрісті жігітті мұсылман қауымы сұмдық жиреніш тұтқан. Орақбай, құранның мына “анкид кан ғазим анкидашайтан кан загифа”‘дейтін аятын білетін шығарсың. Білер болсаң, шайтан боп әйел мекерлігіне азғын келмесе, кесігіңді қолыңмен атқар. Іздегенге сұраған. Ауылыңда, естуімше, қырық кемпірдің қылауынан жиналған қырық ру бар. Әрқайсың, осы қазір, бір-бір кесек алындар! Шариғат бұйрығы осы! - деді.

Орақбай қанына қарайып, калшылдап кетті. Жөтел буған өкпесін жұдырығымен қойып-қойып қалып, алқына айқайлады.

- Уай, жемітінді өзімнен шығарып, жендетінді тағы да өзімнен табайын ба? Мынау қай қорлығың, қай басынғаның, Бекболат би! Шын сұмдығынды осылай түпке сақтап па ең? Арысыма толмаған шеңгеліңді енді төккен қан, шыққан жаныммен асырайын дедің бе? Ішіңе бүккен құлығың - ізіңді жасыру екен ғой. Шертер күй, шағар мұңнан кенде ме едім. Қорқыт-

[1] Әйелдің алдамайтыны жоқ, ол шайтанды да азғырады (араб).

қаныңнан ыға берем бе? Үзеңгі бауың алты қабат болып иығыма мініп алып шіренгенде, қос өкпемді қиқандамай тепкізе береді деймісің? Үйректей жүзіп, қаздай қалқыған қарғыс көлің өзіңді неге жұтпайды? Үш күндік пәниді үреймен өткізе берсек, үйірсек кедейдің көзі ашылар ма? Уа, дариғай деген, жұлысып неге өлмеймін, жағаласып неге жарғыласпаймын? Жаудағы кекті жақыннан тапсам, о да бір тар заманның зауалы да! Көндім соған! - деп ықылық атты.

Бекболат күркілдек шалдың қоқанлоқысына бүрге шаққандай әсерленбейтінін сездіргісі келгендей мырс етіп мұрт астынан күліп қойды да, қолындағы құранды Жандәулетке ұстатты. Қонышындағы қамшыны суырып алып шоңқайма етігінің нөліне салмағын түсіре оң аяғын ырғап-ырғап қойды. Онысы көлденең көзге “табаныма салып, осылай таптаймын, күл етемін” дейтін ызбары тәрізді.

- Күш көрсетем де! Тулаймын де, өңшең жатақ! Онда өз обалың өзіңе! Қызыл қарын сары балаңды аяп едім. Қолымды өзің шештің. Енді аянбаймын! Ырзығым деген анау сарымасақ егін менің жерімде өсіп тұр. Бір дәнін бұйыртпаймын сендерге! Керім осы! “Уысты құлақ” та сұрамаймын Ал, бірақ, айтпады деме? Өрт қоям да, өлеңімді қайта жай-қалтып, өрісіме мал тұяғын қаптатам! Тірескенің осы болса, менің бүлінгенім де осы! Зауал уақытың жетті! Қарғыстың кезі келді! - деп зіркілге басты.

Орақбай ықпады, дір-дір етіп бұ да ашуға мініп, даусын қатайта шығарды.

- Өмәй-ау! Боқты қылярсың! Жоқ сылтаумен соңыңа ерген көп момынды түйе бас қып, түйіп қалған содырлығың өтпейді бізге. Өткізбеймін! Қолыңнан екі келсе, бірін қыл! - деп шабынып тұрды да, өз тобына шұғыл бұрылды. - Уа, неғып сүмірейіп қалдыңдар? Үрпек қардай көпсімей, серпіл былай! Көтер еңсеңді! Тірі еткенді құр етпес тәңір! Көбіңмен тұрып кегінді жіберме! Ұран-сүренді салдым! Көнбе! Тепкі мен қорлықты көріп отырып, тартпа табаныңды! Бір қимылға шындап кіріс.“Ақтабан шұбырындыда” өлмеген жан олжа. Сал өлермендігіңе! - деп қайрат қосып дем арасында айналасын шоқтай үйіріп алды.

Сол-ақ екен қатын-қалаш енді ештеңені елемей жатақ аулына қарай лап қойды.

- Қазір кетпен-шотты әкелеміз!

- Анау егіндегі жігіттерге хабар беріңдер, жиын отырсын. Солай қарай тұяғы қыбырлаған бөтен біреу болса, құдай болса да аямасын! Шитімен шекпенін тесіп, көкірегіне қорғасын түйме қадасын!

- Алдаспанымды әпкел! Тез жеткіз!

- Қамырдай илеткізіп, қарап отырады дей ме екен!

- Әб, бәлем! Бір араласатын болдым ба!

Бекболат алғаш қатты сұрланып, бетінде бір тамшы қан қалдырмай түтігіп тұрды да, қадау бұйрықты бұл да сарт-сұрт берді.

- Қапта! Қарулан түгел! Қыр! Жой!

Сол-ақ екен байдың ұрдажық жігіттері аңдыздап қаңтарулы аттарына қарай лап қойды. Тап осы кезде оқыс жағдай болды. Манадан Орақбайдың оң жағында үнсіз тұрған Емберген ақсақалдың қайрат беріп сілкіндірген сөзін естігенде жан жағына көзін жүгіртіп барлап қалып еді. Сондағы көзіне жиі түскені - тотай тоқал болатын. Ішінен: “Сыланған киінгеніне қарағанда, менсінбей ерніңді шүйіруіне қарағанда, не байдың шолжаң тоқалы, не жақын қарындасы шығарсың. Әйтеуір, қимасы, нағыз жанды жері сен боларсың. Әй, сонысы болғай-ақ!” деп қатты тілеген. Лап қойған жігіттердің қайтпасын сезгенде, бұ да бір серпіліп, тұйық жанның қатты қажырын танытып еді. Атылып барып, тотай тоқалды топ арасынан суырып шығарды да, кездігін жарқ еткізіп, алқымға тіреді.

- Уау, Бекболат! Бері қара! Жігіттеріңнің осыдан бірі қыбыр етсе, бір-ақ орам! Елден жаным садақа! Өстіп бір өлейін! - деді.

Тотай тоқал талықсып, көзін бір ашып, бір жұмып үн шығара алмай көгеріп алыпты.

Бекболат шарасыз ыңыранып қалып, “тыйыл!” деген жарлығын қолының бір сілтеуімен білдірді.

Сол екі ортада еркектердің ауылда бар құрал-сайманын жиып әкелген әйелдер де жетіп еді.

Емберген тоқалды қоя берді.

- Ажалың жоқ екен, ақ туша! Байдың тотайы боларсың! Бар!

Бар қайрат сонымен бітті. Енді екі жақ та шаппа-шапқа бара алмай иін тіресіп тұр. Аужай белгілі болды. Лап берсе, тап береді.

Орақбай тамағын қырнады.

- Би! Күшке күш алғызбасын білдің. Есің болса, етек жина! Бұл дауды біз шеше алмаспыз. Шешеміз деп шиелерміз әбден. Одан да ара ағайын, қалыс жұрттың келесіне салайық. Жазасын да қазасын да сол кессін. Келісесің бе? - деді.

Бекболат жалт етті. Мына сөз жағатын тәрізді. Ішінен: "қаңғып келген шұбырындыға жығып бермес. Бүтін ел бүтіндігін жасар. Беделімді түсірмес. Осысы ыңғайлы. Сөйтіп алайын алғанда" деп түйді де, тез көнді.

- Айтқаның болсын! Оныңа да тұрайын.

- Хабарды кімге жібереміз?

- Ара ағайын дедің ғой, Бағаналы Найманның ауылына жөнелтейік.

- Дұрыс? Ол да үлкен ата еді. Қыңыр жүгірмес. Ал, мынау екеуін оған дейін осылай байлап қоямысың?

- Е, сонда босатып қойып, қашырып алып, жер сипап қалам ба? Оған бармаймын, - деп Бекболат қайта қайқайды.

- Босат! Босат та, екеуін екі үйде ұстап, қарауыл қой. Бізден де, сендерден де күзетші шықсын, - деді Орақбай.

Осыдан соң екі жақ бөлініп, жөн-жөніне тарады.

Бекболат қасына екі-үш қарияны ертіп үлкен үйіне кірді. Қолдан келмегенді жолмен алмақ болып, бір әрекетті іштей мақұлдады.

Дәу шараны қайқайып әрең көтеріп кірген Жандәулет, қымыз иісін аңқытып құлаштай сапырып, көпіршіген кезде сырлы тостағандарды толтырып, алдымен биден бастап жағалатты.

Аңқасы кеуіп отырған Бекболат маңдайдан бұрқ ете қалған терін көлдей орамалымен сүртіп тастап, қою қымызды шайқап қойып, сыздықтата сіміріп, баптана жұтып жатқан үзеңгілестеріне қарады. Тостағандар дастарқан үстіне тізілді.

- Әзір асқа тік қасық! Етікке боқ, тетікке жоқ шіркіндер! Бір қимылға бой ұрған түрлеріңді көрмей барам-ау! Жарайды. Бөзі де, сөзі де жоқ көлеңке боп

діңкелеттіңдер-ау титығымды. Не дейін? Тым болмаса ендігі бір әжетіме білек сыбанып кірісермісіңдер? - деп шаншылып өтті.

- Не дей қояйық? Өкпең орынды, Бекболат! Істің басы-қасында әуелде болмаған соң, арқау тінін ұстай алмай қалдық емес пе, - деп пұшпақ бөрікті Сатыбай маймақтады.

- Сөйттік қой, ақыл қосқаныңда...

- Күні бұрын айтып қойғаныңда, аянбас едік! - десіп Сатыбай тастаған шылбырға қалғандары қол созды.

- Ал, ендігі жай мынау. Тыныштық іздеуден ақыры қалдық қой. Тыншымаспын да. Ара ағайын деп Бағаналы Найманды тегін атағаным жоқ. Елтүзер, Елтынды деп олардың арғы аталары бекер аталмаған. Татулық, береке тауып, халқының игі жақсыларының құрметіне бөленген. Бергі Жырық, Жұртшы билері де сондай. Шетінен жол білетін, жөн білетін іргелі ауыл. Сатыбай, сен қасыңа бірер жігіт ертіп, тап қазір аттан. Жітікке саяқтың зорлығын, қорлығын жеткіз. Көмейін біл. Бүлкілдесе айғыр үйірлі көкаламды тық. Келгенде, күлтілдетпей сөзімді сөйлейтін болсын! Дауымды даулайтын болсын! Тапсырарым осы! Ертеңнен қалдырмай биін де, жауабын да тез жеткіз! - деді.

Түс қайта Сатыбайлар аттанып кетті.

Орақбай да Құлнияз бастаған бір топ адамының басын қосты.

- Бекболаттың беті біліңді. Енді сақ болыңдар! Бірер күнгі ұйқыны бұзыңдар. Сендерден сұрарым, Түсіпті көре алдыңдар ма? Көздеріңе түсті ме бүгін?

- Жоқ'

- Қайда екен байғұс?

- Ендеше, мен бірдеме білсем, Түсіп түп-тура Қазыбек биге кетті. Ызамен кетті. Анау биден ара ағайын шақыр деп уақыт созғаным сондықтан. Осы жобам дұрыс болса, кешке қарай Түсіп ұлы биді ертіп жетер. Бұл бір көңіл жұбатқан дәрменім ғана. Оған сеніп те қалмаңдар. Тағы тапсырарым, анау екі тұтқынға ас-суын жеткізіңдер, - деп бұ да тапсырмаларын пысықтады.

6

Таң құланиектене Бекболат ауылы үйлерін жықты. Шапқатарлап тізген түйелерге тең-тең жүк қомдап, күннің алғашқы шапағы құздың ұшар басына байланған кезде, көштің басы Маңадырдың қайқаңына ілікті.

Көшелі айғырдың үстінде тұрған Қазыбек би ақырып әмір етеді.

-Тездет! Осыдан үзбей тартып, шеткі күзекке, Талшыбық бойына маңдайды бір-ақ тіреңдер! Болды!

Қазыбек би кеше көз байлана келген еді. Бекболатқа соқпай ат басын тура жатақ ауылына тіреп, Орақбайдың қара үйіне түскен-ді. Мән-жайды түгел сұрастырып қанған соң, өз діттегені ойынан шыққанға - туған ұлдың содыр, сойқаны маңдайдан ұрғандай титықтатып бүрістіргенде, мұңлы жанарға күңгірт көлеңке ұялатып ауыр кейіс тұнған еді. Қатты күрсініп қалып, кешірім өтінгендей бір ойын таратты.

- Ақсақал, толыны шайқап төккен ісіп-кепкіш ірілік кердеңдігін неге ғана оздыра береді осы? Ұл туғанда халқыма тұлға болар деп қуансақ, күндердің күнінде осы шіркіннің қолыңды тұсайтыны қалай? Әлде өсиетіміз өнегеміздің аса алмай ма? Қай жерде қателік етіп алып жүрміз? Жақсының парқын дәл осы ұлыма ұқтырғандай да едім. Әуезеліктен сақтандырғандай да едім. Амал не? Жасығын асылына жұмсайды. Нәрін жанынан қашырады. Бұ да болса құбылмалы заманның қитұрқысы ма екен?

Содан соң кісісін жұмсап Бекболат, Гүлдарайым, Сәдірбекті шақыртып алды.

Әкесін көргенде ұнжырғасы түсіп, иіні салбырап кеткен баласына салқын жүзбен шаншылып бір қарап өтіп еді, одан кейін оны мүлдем ескермей, көз қырына ілген де жоқ.

- Гүлдарайым қалқам, жүрегің үйлеспеген біреуге өмірінді өксітіп қосып едің. Кезінде соны білсем де, екеуі үйренісіп кетер деген далбасаны талшық еткен мен сорлыны да ая. Жағдайға тегіс қандым. Бір ғана өтілім өзіңнен, Бекболаттың сұрағын мен басқаша қояйын. Қарсы болмайсың ба, қарағым? - деді.

- Жоқ, ата! Өтіліңіз, - деді Гүлдарайым.

- Олай болса, күйші жігітпен екеуіңнің араңда болды деген өсектің жалғандығын өз аузыңмен естіртіп көңілімді демдеші, келінжан! Мә, мына құранды қолыңа ал!

- Ата, құранды ұстап отырып Сәдірбек екеуміздің арамызда Жандәулет айтқан өсектің болмағанына сендірдім көңіліңізді! - деп Гүлдарайым құранды қосқолдап ұстап төбесіне апарды.

Қазыбектің үлкен көздеріне мұнартып жас оралды.

- Рақмет, қызым! Бағың жансын! - деп жағалай көз жүгірткен би енді еңсесін шұғыл тіктеді. - Бәсе, солай болса керек еді! Ағайын, екі адамның адалдығына көздерің жетті. Бекболат, естідің бе?

- Естідім.

- Естісең сол. Сұңғылалықты сұмдыққа жұмсама! - деп баласына қадалып отырды да, дереу саңқ етіп қаздауысты мамырлата созды. - Уа, тілегі бір, тірегі бір жұртым! Ортаңда отырып мүддеңді ойламасам, өмірімді өксітіп өттім дер ем. Баз-базда бір кәдеңе жарасам, жылаған ішімнің өксігі азаяр еді. Соны бүгін де тапқандаймын. Бекболат бидің арқалап келген жері жоқ. Осы қоныс - басы бүтін сендердің еншің болсын. Қысылмай-қымтырылмай егін-пішеніңді ала бер. Ауылыңа ат ойнатып төніп, басыңа қамшы үйіріп қиғылық салғаны үшін Бекболат би бір үйір жылқыны айыбына төлесін!

Отырғандар жыбырласып қойып, бір-біріне үнсіз қарасып, жымың қақты.

Қазыбек әлгі екпінді ырғағын сәл іркіп баласына бұрылды.

- Естідің бе, Бекболат би?

- Естідім, би. Түсіндім.

- Естісең сол. Бұл бір. Екінші таң атпай осы арадан тік көтеріліп көшесің. Бір күн кешіксең, өзің айтқан "шаңбасарды" да, "тұяқ кесерді" де артығымен еселеп саған тағы кесем, ұғып ал!

Уа, ағайын! Ендігі бір шешілер түйінді және алдыңа салғалы отырмын. Мүмкін ел-елдің жоба-жоралғысына айналар ма сол түйін. Көптен діттегенім мынау. Өмірге бір келу бар да, екі туу жоқ. Ал, сол ашып

кірген жарық дүниеге қол созып талпыну - жақсы тілектің тілхат сәлемі десем қателеспейтін тәріздімін. Фәни жалғанға “налып өтейін, ішімнен күңіреніп өтейін!” деп ешкім келмейді. Бәрі де көңіл құштарын қуанышқа суарып, жас құшағын жалынды үмітке жалғағысы келеді. Соны жақыннан таба ма, жардан таба ма - түбінде бір табары анық. Сондай сәтте айналасы тегіс түлеп, хауас салимы жайнап, жадырап шыға келгендей болады. Хиуадай базарлысы ұмсынып наз білдірсе, көңіл ұшасын сайламас жан тағы да болмақ емес. Жұлдызы ыстық жүздің іздеп кеп, аңсап кеп тіл катар шағы туғанда іркіліп қалсаң, өмір бойы өкінішің мен өксігің өзегінді өртемей ме? Сонысын көре тұрып, жүрек талабына рақым қылмай бұрылып кетсең, ағайын, саған да зіл емес пе? Тілегін кессең, жүрегіңе еткен зорлығың емей немене. Содан кейін де ұйқың-ұйқы, күлкің-күлкі болар ма? Содан кейін де “зарға құлақ ілдім, шерге кеуде тостым” деп айта алармысың? - деп түйдек-түйдегімен тастады да, әлгі сауалдарына жауапты өзі таратып кетті. - Ол - жол емес. Ізгілікте, қайырымдылық та емес. Ендеше, мына бүгінгі естігенімнен түйгенімді айтам. Қабыл алсаң, қолыңды жай, ағайын. Бекболат “талақ!” депті. Аузына құдай салған болар. Гүлдарайым, сырынды толық ұқтым. Талпынған талабыңды құп алдым. Қарсы болмаймын, қайта қуанам. Торыңнан төріңе құлаш ұрыпсың. Сездім соныңды! Бердім еркіңді! Келінім деп осыған дейін көңіліңді көрмей келсем, қызым деп бүгін жаныңды түсіндім. Күйшіңе де көңілім толды. “Бағың жансын!” дегенім осы еді! - деп сөзін аяқтады.

- Айтқаныңыз келсін, ата! - деп Гүлдарайым бір тізерлеп иіліп, тағзым етті.

Келгендер шығып кеткен соң, үнсіз қалған үлкендер ұзақ ойға шомып еді, Орақбай Қаздауысты Қазыбектің жаңағы билігіне риза боп, іштей күлімдеп отыр.

“Әй, әділ, әділ-ак! Бәсе, таразыны тең басқан осындай әділеті болмаса, ат-атағы дүңк-дүңк етілер ме еді. Бір бұрмады ғой қасқа жолынан. Апырай, Гүлдарайымның мана Бекболатқа куәлік бере алмауында мынандай нәзік кілтипан бар екен-ау? Сезсемші! Түу-

түу, Қазекем қолмен қойғандай етіп, тындырды да серпілтті! Неткен көреген! Көңіл көзі осындай жіті болар. Болар!”

Көш алды қайқаңға ілінгенде, Гүлдарайымның отауы артылған түйелердің бас жібін қолына ұстап Жандәулет тарта беріп еді, Қазыбек саңқ етті.

- Тоқта! Бұрыл былай!

Жандәулет сасып қалды.

- Гүлдарайымжан? Қызым! Отауыңды күш-көлігімен өзің ал. Еншің ол! Билетпе басқаға. Бекболат, үш құлынды бие мен көшке мінетін атын қазір бөлгізіп, қалдырып кет! - деді де, Қазыбек кайтадан жым-жырт қалды.

Гүлдарайым ширақ басып келіп Жандәулеттің қолынан бұйданы алғанда, анау ат үстінен еңкейіп, дауысын басқаларға естіртпей тез-тез сөйлей бастады.

- Гүлдарайым, қыз болып отау-жасауыңмен екінші рет ұзатылып барасың ғой, бұрынғы-соңғыдан қалған жора бар, “түйе мұрындық” беріп кет!

Гүлдарайым Жандәулеттің кесіп алса қан шықпас безбүйректігіне күйіп кетті.

- Апырай, жол-жораны сұрайтын сенен басқа ең болмаса екі аяқты біреудің табылмағаны ма? Шишидің түбін иіскеп, мұрныңды желге беріп дыбыс андитын төрт көз төбет қана емес пе едің! Сүйек тастамасам, басқа сауғаның саған орайы бар ма еді! - деп сыбырлай түсіп, сазайын берді.

- Тіліңе тікенек шықсын! - деп Жандәулет ат басын бұрып алып, тебініп қалды.

Жалғыз түйесін жетектеп бала-шағасын шұбыртып Түсіп көштен бөлініп, бидің алдына келді.

- Қазеке, маған да бір ой түсіп тұр. Аруақ ырза, мен ырза. Бекболат балаңыздың талай жерде жыртысын жыртып едім. Енді бүгін мен де іргемді ыдыратсам деймін. Кекті ауылдың тепкісі тыйылар ма? Бірде шаңымды, бірде жынымды қағар.Итке темір не керек. Одан да өз қатарым, өз теңім жатаққа қосылмаймын ба. Күні күнімдей, мұңы мұңымдай екен. Елден кетті демеңіз. Ел атамен бірікпейді, батамен байланады. Соны таныдым. Мыналардың

кәсібі - менің кәсібім болар. Жұртта қалғам жоқ, жұмағым деп қабылдадым. Батаңызды беріңіз! - деп тізесін бүгіп екі алақанын жайды.

Орақбай Қазыбекті сый қонаққып қалап шақырып, қайтадан үйіне түсірді.

Жатақ аулының қатын-қалашы жас отауды, жаңа отауды тігісіп жатыр. Гүлдарайым бике ерте туған жабағыны сойғызып, жаңа шаңырағына көптің батасымен, Ұлы бидің тілегімен аттамақ болып, қауырт әрекетке кірісіп кетіпті. Үлкендердің қасында құдіретті домбыраны ықылым заманның үнімен, сырымен сөйлетіп отырған Сәдірбек күйшіге көлденеңнен көзінің қиығын елеусіз серпіп тастап қойып, әзіл-қалжыңы мол құрбыларына сыңғырлаған даусымен көңілді ақжарқын үн қосады.

ЕҢКУ-ЕҢКУ ЖЕР ШАЛМА Й...

Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз.
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екеміз.

Ақтамберді жырау

1

Ымырт түскелі бірталай уақыт өтті. Нөсерлетіп құйып кеткен жаңбырдан кейін ағыл-тегіл бусанған құмайтты алқаптан жусан иісі толқындап көтерілді. Әлі де болса баяу маңыған бұлт керуені бірде көкала түтіндей қоюлана қалып, жоғарыдағы тіп-тік найзасын қоңыр аспанға көмейлете сүңгітіп, бірде көгілдір күлгін шоғырын жөңкіте айдап, бауырына қанқызыл жолақ жалатқан ауыр зілімен жер сызады.

Ұлытаудың өт-бөктерінен сусыған қоңыр самал қасқа маңдайдан желпиді. Жылы толқыны ентелей жетіп, еркелей сипап қап жоғалып кетеді де, сәлден соң қызулы бетке қайтадан лып-лып тиеді.

Бұлт арасынан шалынған кешкі көгілдір-қоңыр аспанды әр жер әр жерден қағылған күміс шеге - күлгін жұлдыздар биіктетіп әкетті.

Күңгірт дала бейуақпен басталған бойкүйез тыншуына бейімделіп, сан алуан иісті сабырмен сіміріп жатыр.

Ай туды.

Қып-қызыл табағы көкжиекте көлбеген жүлге бұлтты белбеуленіп, дәл қазір домалай жөнелетіндей сергек тұр.

Түнгі даланың тағы да тынымсыз қаракеті басталды. Аламан тышқанның бәйек шиқылына байғыздың әупілдеген үні ұласты. Көлбей жарысқан бозамық

сәуленің шілтерлі дірілі қарауытқан қақ суында дірілдеді.

Басын шұлғи түсіп, төрт аяғын тең тастап тайпала жорғалаған қара арғымақ құйрық-жалын желмен шайқалған селеудей үздіксіз толқытып алда келеді. Күні бойғы ұзақ жүрісте үнем созарлығынан бір жаңылмай, белін де босаңсытқан жоқ. Жаялы жалпақ сауырдың сәл бусанған қара түтінде болар-болмас ақсұт нұр ойнап, арттағы екеу-үшеуге еріксіз жиі-жиі тақым қысқызады.

Ай құрық бойы көтерілді. Бұлыңғыр сәуле майда себезілеп, әлгінде қол созым жерде сүлделеніп жатқан көне Ұлытаудың шұбалаңқы сілемін көмескілеп алыстатты. Жан-жаққа зымырай қашқан жыланбауыр сүрлеулер ақбауыр таспадай қым-қиғаш жосып, жөңкіліп барып, қойнау-қолатқа сүңгіп кетісті.

Аздан соң бұлт қоралана жылжып, жердегі қалбағай көлеңкесін қуалап, ұзын аққан өңірдің ен бойын тегіс жайлап, алыстағы оқшау төбені тұмсықтай итінді.

Қара айғыр ішін тартты. Қамыс құлақтар тікірейіп секем аулап тұрды да, іле қайшыланып кетті.

Жолаушылар шоғырлана іркілді.

- Жануар қара сезді-ау деймін. Сендерге ешнәрсе көрінбей ме? - деп өрмелі қайыс тізгінін ердің қасына ілген Бөгенбай батыр ауыр денесін шайқалта ырғап ат үстінде оң жағына еңсеріле бұрылды да, үзбелі тоғыз сақиналы найзасын көлденең ұстады. Өңірі ашылған түйе жүн шекпенінің ішінен шолақ жеңді сауыттың аймауыты болар-болмас жылтырады.

- Елсізде кім жүрер дейсің, Бөке? Қараңдаған қасқыр, қарсақ шығар.

- Бұрынғыдай Сырға көшіп құлайтын да ел жоқ. Бүгінде әркім өз басымен қайғы ғой. Әттең, заман-ай! Қойнау сайын қой қамап, бұлақ сайын бие байлайтын күндердің көзден шынымен-ақ бір-бір ұшқаны ма? Жайшылықта осы өлкеде жыртылып-айырылып жататын қалың елдің ізінен бір тықырды естір-естіместен зәрезап боп тұрғанымыз мынау! - деп тұрымтайдай қағылез денесін ықшам қозғап, батырдың жол серігі, жан серігі әнші Ғизат саптамасының қонышынан шақшасын суырды. Әлдене ойына түсті

ме, шақшаны салмақтап біраз ұстап тұрды да, қайтадан қонышына сүңгітті. - Жер қыртысы тоңашалы, балқашты боп барады-ау. Әсте десе, осы біз топырақ сауған жатақ байғұстың көңіне түс келмедік пе екен? Бөлініп, бөлшектеніп кеткен ағайын, қарындастың жан сауғалап қия-қиырға тағыланып сіңгендері аз емес. Сайғақ тірлікпен саяқтанып жүрген біреу болмасын.

- Естимісіңдер? Ызың емес пе?

- Ойпырай, дауыс қой?! Мынау құдайдың құ даласында жалғыз жорытқан қай бейбақ болды екен, ә? Тобынан қара үзіп, адасып қалып, көрінген кдрайғанға елендеп, зарығып жүр-ау, бишара!

- Ал, онда бөгелмейік.

- Жоламан, ішіміздегі көзі қырағы ең жасымыз өзіңсің. Дауыс аңғарын бетке ұста. Алға түс.

Жоталанып созылып шыққан қара бұлт шығыстан өріп, түнгі аспанға түгел жайылды. Әлгінде ай тұрған тұста теңбіл дақтанып бозғылт мұнар ғана дірілдеді.

Ендігі жүріс майда аяңнан озған жоқ. Пысқырған аттардың тұяқ тықыры сайдан қиялап адырға көтерілгенде тіпті күшейіп кетті.

Жоламан кілт ат басын ірікті.

- Әне! - Сарыала сапты қамшысы мінер жақ тұсқа шошаң етті.

- Иә! Жалғыз қарайған екен!

- Әй, өзі қозғалмайды ғой, бұта болмасын!

- Жә, бара көрерміз.

Жүргіншілер тебіне түсіп, желе жортып әлгі жалғыз қарайғанға қарай тартып берді. Әлі де болса тың, ширақ жүрісті қара айғыр ұмсына алға озып, сумаңдай жөнелді

- Жаным-ау, неғып жүрген жансың? Адамбысың, перімісің? - деп қол созған балаң жігіттің сәлемін алған Бөгенбай қараңғыда жіті көретін әдетімен бейтаныс адамның бас-аяғын тегіс шолып өтті. - Не болды?

- Айып көрмеңіз, аға! Өтініш айтам. Асығыс болмасаңыздар мойын бұрмас па екенсіздер? Жанға серік іздеген ауыр мәурітке тап боп тұрмын. Құдай айдап кез болдыңыздар. Анау арада әкемнен де артық қадірі сіңген бір қария жатыр. Ақтық демін беруге

арпалыс үстінде жатыр, - деп иіле түсті де, одан әрі тіл қатпай үнсіз бұрылып, ілгері бастап жүріп кетті.

Жеңіл желкөз қос керегеден қалқайтқан итарқаның іші аядай ғана. Басқалар сыймайтын болған соң, Бөгенбай атының шылбырын Жоламанға ұстатып, қосқа бүктетіліп кірді. Өлусіреп жанған шырақтың әлсіз сәулесі әлгінде батырды ертіп келген ұланның ақсұр жүзін дір еткізіп қалып еді, өткір жанардың уыты тіктеліп барып, тайқып өтті.

- Су-у!

Ұлан жертөсекте жатқан шалдың басын ептеп көтерді. Ауру жан аузына тамызған сұйықты тамсанып, қылғына жұтты да, іле-шала лақ-лақ қайта құсты. Кабағы қатып, жүзінен қан қашып, көзінің айналасына кіреуке тұтылыпты.

Бөгенбай батыр бүктүсіп отыра кетіп, қос қолын бірдей созып, сояуланып тамыры бадырайып кеткен жіңішке саусақгарды алақанымен сипалады.

- “Ажал - апат, ауру - әлек” деген осы-ы-е. Шүкірмісің, жігітім, - деп қонағына нұрсыз жанарын қадап тұрды да, шал кезерген ернін жалап, ауыр ыңыранды. - Қиса-айт-шы-ы!..

Шапанға басы тиісімен көзін жұмып, сәл тыныстағандай болды. Жігіт шекпенді аурудың үстіне жауып, етегін қымтады. Жүгінген бойы кейін жылжып, басын көтермей отырып қалды.

Бір уақта шалдың кірпігі қимылдады. Қасындағы ұланды қарашығымен іздеп тауып алды. Сәт сайын әлсіреп, төмендеп бара жатқанын сезе ме, тез-тез сыбырлап жатыр.

- Бір ауыз өсиетім... тәңірден тілеген... жалғыз ғана-а... өсиетім бар еді... Бері еңкейші, балам!.. Құл деген таңбам... қарғыс таңбам болған... Шыр еткенде... дүниеге... күліп көтерген анам болған шығар... Ақсүтін ақтай алмадым... Туысымды... сүйегімді... сүйегімді... ешкім білмейді-і.. Ныспым да Ораз емес... басқа... болған шығар... Кейін әкеңе қызмет жасадым... Отым, өтенім бар еді... Қидым бәрі-ін... Сен үшін, балам!.. Пендесінің соңынан ерер... бір тұяғы... тұяғым қалды... Сен таба алсаң... соны канатыңа ал... өзің қияметтік... Қияметтік ұлым өзің бол!... - деп қылғына жөтеліп,

кірпігін сілкіп қап, көз қиығынан сорғалаған ыпыстық мөлдір тамшыны самайына жылжытты. Әлсіз қолмен бетін сипады. - Топырақ айдап... дәм-тұзым таусылар жерге жеттім... Достығыма... адал ниетіме молам айғақ болсын... басыма оба қалап... белгі қойып кет!.. - деп ақырғы демін ышқына серпіп қалып, сұлық тынып, сұп-сұр боп, көзін біржолата жұмды.

Жас жігіт жылаған жоқ. Сол үнсіз мелшиген күйі жүдеу алақанды сипап, ұзақ отырып қалды.

Таң ата жолаушылар Ораз шалды төбенің үстіне қойып, басына оба тұрғызды.

Бөгенбай жол қамына кірісті. Серіктеріне аттарын ерттеткізіп, өзі жігітті оңаша алып шықты.

- Шырағым, қайғыңа ортақпын. Атүсті жолаушы боп, әлдеқалай сүрлеуіміз түйісті. Бір баққаным: із-өкшеңді құпия, жасырын ұстағың келетін сыңайың бар. Қадалып қалмайтын мен емеспін. Тек, әйтеуір, барар бағытыңды білдірші. Елсіздің ұры-қарысы көп. “Жалғыздың қоңы қанжығада” деген, септігім тиер, - деп батыр жігіттің бетіне алғаш рет тіктеп қарады. Қарасұр өңнен ешқандай да дір еткен белгі білінбеді. Кесек мұрынды жұқа ерін жымқырыла түсті де, жіңішке қастың арасы дөңкие қосылып барып, өткір жанар шаншыла беріп, қайта серпілді. Жігіт басын изеді.

- Дұрыс қой, Бөке. Ішкі сырымды айтқызбай-ақ ұғыпсыз. Асыл ағаға жақсы іні бола алармын ба? Қаумалаған қарындастың зары мен қысылған халықтың мұңы кеудемде күмбірлейтін тәрізді. Соның таусылмас бір ырғағындай, “Елім, кегім!” дейтін қыжылды қайрауым бар. Шарықтап шыға алам ба, талпынып тұра алам ба, өмір өзі көрсетер. Тек қана қуарым мен жоқтарым, әлгі екеуі - елдің намысы мен ердің кегі. Бақыт - арман, дүние - қонақ. Кедейдің кебенегін киген соң көңілдің көп кіреукесі басқаға көрінер ме? Бірақ... - Жігіт сұп-сұр боп, қатты толқып қамшысының сабын бүгілген сұқ саусағымен шертіп-шертіп жіберді. - Бірақ, неге екенін білмеймін, мынау өзегімді өртеген өкініш алқымыма тығылып: “Сарқыла түс! Ақтарыла түс!” дейтіндей. Оны тауысқанда сонау мол шердің түбі тықырланар ма? Күйзеулік көрген

көптің тынысы кеңір ме? Сай-сайдан аққан қызыл қанның тоғысар орны боп кеудем тұрғанда, менің уайымым заман уайымынан асып қайда барады? Одан сайын шамырқанып, бүлінген елдің өртең жұртына көтерер ашық күнді аңсаймын. Бетім осы. Өңге-өңгесін сіз сұрамаңыз, Бөке!

Бөгенбай тосын сыр түйгендей біраз іркіліңкіреп тұрды да, жігітті қаусыра құшақтап, кеудесіне қысты. Тамағына лықсып кеп тығылған түйнекті қылғына жұтынып, демін созыңқырап алып, шынашағымен көз құйрығын елеусіз сипап өтті. Құшағын босатты. Қайтадан сұрланып, қанын ішіне тартып алған жас жігіттің бар болмысын, асыл қазынасын ашқандай қызыға карап, өткір жанардың жауап тосып, кірпік қақпай қадалғанын жақсылыққа жорып, тағы да аталық мейірімге шып-шып бөкті.

- Жаным, балам! Бәрін айттың-ау! Тілегің мен талабың қалай шақырып барады! Кейде ұқсап, кейде ұқсамай кететін туған ұлымды көрдім бе? “Қашанғы мүлги бересің, үнсіз күмілжи бересің?” деген кінәң ба, суаруың ба - естідім ғизат лебізіңді. Түу-түу! Қиялың қиыр шарлап кетіпті-ау! Осыңнан жазба! Сілтеп бақ! Адалдық иесі - ақылы мен еркі екен. Сен соны айнымай тапқанда, ұлым, бір қуат пен қажырлы серпінді біз қалай ышқынтпай тұра алармыз. Жол даңғылда түртінектесек, тар сүрлеуде тіпті тығылып қалғандай екенбіз, тереңдетіп тамырымды тегіс қоздырдың. Болымсыз тосқауылды тапап өткенге мақтан көйлеп босқа далақтап шаба беріппіз. Нағыз тығырыққа қамалғанда, маңдайды қанмен қасқалатып, қырындап құр азу ақситқан кімге дәркер? Қасірет ұққан көңіліңнен қасиетіңді де таныдым. Таныдым да, мұнды сырдың өсиетін көтерген мынау... дәл қазіргі түріңнен сергектік алдым. Тәуекелің дарынды ма, дүр сілкінгендей болдым-ау! Қорлықтың шеңгелінде жүрсе де, алдағы үміт-ынтызарын үзбеген халқыңның күйіне шомыпсың. Замана бір сарыннан аумай тұрмайды. Қашанда қанды өкшесі қарыс сүйем жерге кірген еліңнің, қайтқанда қара дауылдай дүркіреп соғатынын пайымдапсың. Соныңа бек разымын, балам! Тәуекеліңнен танба! Ерсең, қолым міне! Қалсаң,

жолың әне! Тек, “бас иерім, күштім!” деп ілеспе, - деп Бөгенбай батыр үнсіз қалды.

- О, не дегеніңіз, Бөкем! - деп жігіт батырдың қолынан қатты құшырлана қысып, ыстық демі бет шарпып бір аттап тоқтады. - Бүгінде жол мен сүрлеу біткенді бір арнаға жиып, тоқып жатқан өзіңіз емес пе едіңіз! Үш жүзге сауын айтқан дабысыңыз жанымда жаңғырған жоқ па еді! Бұл дүниеде үлгі етіп, ардақ тұтар бірім болса, сізден артық табармын ба? Көкейіме қонған елім зары - “Елім-ай” батырымның батасымен буын-буын, келер ұрпағын ерлікке, елдікке бастаса, барар бағытым қалай басқа болар? Өзге үшін де, әсіресе өзім үшін де кәсібімнің ең мықтысы - жорық жолы екен. Адастырмай анық бастаңыз, - деп атжақты бетін уыстай сипап қап, келте тонның сыртынан ораған күлте белбеуді жалмажан шешіп алып мойнына салды да, бір тізерлеп отыра кетті.

Бөгенбай тез еңкейіп жігіттің иығынан жоғары тартты. Әлі де жүзінде тұнып тұрған ризалық нұрын серппей, сүйсіне қадалып, көзімен үнсіз аймалады.

- Болды, болды! Қонба тұғырға! Бүкпе, уа бүкпе деймін тізеңді! Қасыма ерді демейін, қапталымда жүрді дейін. Осылай қос барыңды. Әманда осындай адалыңнан табыл. Бір бірімізді сынадым, мінедім демейік. Киіз туырлықты қазақтың айықпас соры қашанғы сүмеңдеп соңынан ілесе берер. Атадан балаға, нәсілден ұрпаққа кетер еркіндік аңсауы күн шуағын табар әлі. Тіршілік өзгерер... - деп ұзай беріп, кілт тыйылды. Жарма қоныш саптамасын қамшының сабымен түртіп, нұқып қалды. - Сөз түптеуге келгенде кенде біріміз жоқ. Ныспың кім болады, балам?

Жігіт жалт қарады. Тосын сұрақты күтпеді ме, әлде басқа ойы болды ма, нарт жанып тұрды да, іле сұрғылт тартты. Белбеуін қайта буынып, өңірін қаусырынды.

- Әбіл... Әділ деп атаңыз, Бөке. Ныспым солай, - деп бәсең дауыспен әлгіндегі сәл-пәл аңырауын жуып-шайған болып, тағы да ізеттік танытып, қолын кеудесіне төсеп, бас иіп тәжім етті. - Із-өкшемді сұрамаймын дедіңіз. Бүгіңкі қалпымды пәруай-сыздыққа жорымаңыз, түбінде сырымды да ашармын. Іниізді қанатыңыздың астына алған екенсіз, жал-

құйрығыңызды сұйылта қоймаспын, - деп пұшпақ бөркін шалқайтып жіберді де, кең мандайға болар-болмас білінген қатпарларын жиып ала қойды. Лекілдете күрсінгенде кеуденің күбісі босап, бөрі құрсақ омыртқаға сарт жабысты.

- Айтқаның болсын, Әділім! Қане, жинал онда. Көлігің бар ма еді? - деп Бөгенбай шаруа қамына көшті. Көңілі құлаған ұланға құдіреті жетсе дүниенің бар асылын үйіп беруге бар. Үстіндегі келте тоңды қалай жақтырмаса, жігіттің астынан қойшының қоңқылдақ көк шолағын көрердей және уайымдайды.

- Бар! Болғанда қандай! Екі жылғы еңбегіме алған сәйгүлігім бар. Ана сайға арқандап қойғам. Тез барып алып келейін. Қосты анау атанға арта берсін, - деп Әділ көзі күлімдеп, сайға қарап адымдай басып жөнелді.

Сүт пісірім уақыттан кейін жүргіншілер жолға түсті.

Күн сәскеге тырмысты. Шуақ төгілгенде, шық бүркенген даладан жер мұнары бұрқырап аспанға шапшыды.

2

Түс ауа Тайжүзгеннің қасынан Жоламан Бөгенбайлардан бөлініп шықты. Жүргіншілердің осыдан екі күндік жердегі Тоғалақ байдың ауылына біраз аялдайтынын естіген соң, тұсынан өтіп бара жатып Қуат батырдың үйіне ат басын бұрмауды жөн көрмеді. Әсіресе немере інісі Тасболатты қатты сағынып қалыпты. Төмпіш танауынан иіскеп, бауырына қысып тұрып мауқын басып алса, кейінгі көп күндерге талай қор жиып алардай лепірген көңіл әлден-ақ алып-ұшып, жас жігіттің тақымына тыным бергізер емес. Әлгінде Бөгенбайдан өтініш толы жанармен қиыла сұранғанда жүзіне алау нұр жүгіріп еді, содан бері лып-лып тиген атүсті екпіннің жүйтку самалы тұлабойын лүпіл қызуға бөктіріп келеді.

Бөгенбай батыр Жоламанның көңіл күйін көрген жерде ұққан-ды. Бас изеп келісім беріп, қанжығасындағы қоржыннан әлдебір қомақты затты суырып алып, қолына ұстата салған.

- Жеңешеңе берерсің. Жортқан жолаушы олжасыз оралмайтынын ұмытпа. Базарлық болсын.

Батырдың мінез мәнін өзінше түсінген Жоламан жалт етіп алғысын білдіріп, қара жорғасын сыңар-езулете бұрып алып, тайпалта жөнелді. Әлдене десе, Бөкеңнің мейірлі жанары аймалаған шуағынан өз көзіне дымқыл ораларын сезді де, жақ жазбай үнсіз шұлғып қалып, жүзін тайсақтатып әкетіп еді, жел суылы содан бері құлақ түбіндегі тынымсыз сыбырынан жазған жоқ.

“Аршагүл бір жасап қалатын болды. “Тел тентек қайным-ау! Сені де көретін күн бар екен ғой! Анда-санда жарқ етіп жүз көрсетіп, тағы жоғалып кете беруші едің. Осы жолы біраз күн қонақ қып, кәдімгі Меккеден келген қажыдай құрметтеп сыйлап қалайын. Мына кішкене Тасболатжан да әбден сағынды көкесін. Қасында болып, исіңді сіңіріп кетсеңші!” дейді ғой. Сол сәтте гүл-гүл жайнап, жанын қоярға жер таппай бір кіріп, бір шығып дамыл таппас-ау. Жеңеше-ай! Сырыңды мен ұқпағанда кім ұғушы еді. Жас жүрегің жаңа ғана дүрсілдей соғып, жан іңкәрін енді ғана сыбырлай бастағанда, көктеміңнің құрағын үсік шалғанын мен сезбей ме екем? Қайтейін, қолымнан не келеді? Қолымнан келсе, батыр атамды, тоғыз ағайымды осы тап казір тірілтіп әкеліп, тоғыз отаудың ішін күлкі мен әнге бөлеп қоймас па едім!”

Қара жорға кібіртіктеп, құлағын қайшылады. Жоламан асығыс құйғытқан аттың соңынан жеткен дүсірін естіді. Жалт қарады.

Шалқұйрығын көсілтіп Әділ тақалып қалыпты. Жоламан тізгінін тартты. Үзеңгісіне шіреніп атын көлденеңдетіп, серігін тосып алды.

- Немене, Әділ? Бөкем шақыртып жатыр ма?

- Жоқ! Мен сенімен бірге болғым келіп... Жол-дассыз, серіксіз демесін деп. Екеудің іші пыспайды, жүрісі өнімді болады. Солай ғой, Жоламан,- деп Әділ жанасып келіп жігіттің иығына қолын тигізді.

Жоламан сүйініп тұр.

- Ай, Әділ! Апырау, одан артық не керек! Жақсы болды-ау, әбден! Шынында да сопаң етіп жалғыз жетіп

барғаным қолайсыз болғандай екен. Жолдасы жоқ жандай...

- Жүр онда. Бөгелмейік.

Әділ Шалқұйрығын оздырып алға түсті.

Жоламан қатарласа берді. Іштей: “Жақсы жігіт! Бірақ неге екенін білмеймін, мысы басады да тұрады. Өзі менен үш-төрт жас кіші. Сонда да тындырымды. Жеңешем “жолдасың сенімді екен дейтін болды” деп марқайып келеді.

- Әділ, сен менің інімді... Тасболатты естіп пе едің?

- Естігем, Жоламан, - деп Әділ аз ойланыңқырап тұрды да, артына бұрылып жүргіншілер қалған тұсты ұзақ шолып шықты. Көзіне ешкім шалынбады ма, қайтадан дұрысталып алды да, жекей бөркін төбесінен нығарлай басып қойды. - Жарысасың ба, Жоламан? Осындай емін-еркіндік көп тие бермес. Мына сөйгүліктердің қашанғы бағын байлаймыз?

- Е, несі бар! Жарыссақ жарысайық. Шалқұйрықтың қолтығы сөгілмегелі де біраз болған тәрізді. Сынап көрелік, - деп жайтаң етіп тез келіскен Жоламан досының астындағы бестіге қызыға қарап қалды. Шалқұйрық болса өзіне сынай, барлай қараған көлденең көзді сезе ме, ауыздығын шайнап, басын жиі шұлғып, пысқыра түсіп жер сүзіп қояды.

- Ал, онда босат тізгініңді!

Әділ тебініп қалды. Шалқұйрық зу етті.

Жоламан да жалма-жан тізгін қақты.

Ә дегенше ағындап, ақтарылған селдей ақ селеу қарсы зымырады. Кең дала әп-сәтте тіріліп оянып, дірілдеп билеп, қанат біткендей үйіріліп, дөңгеленіп ала жөнелді. Қос қапталда үзік-үзік топ киіктей шоғырланып, үйір-үйір қараған, жасыл бүршікті тобылғы құлдырап қалып жатыр. Көзге бадырайып үлкейіп жақындап келеді де, дем арасынша жылт-жылт ұрланып, екі бүйірде иіріліп, жоғалып бара жатады.

Құлақта дыңылдап суыл тұрды. Жел екпіні маңдайға анық, толқын-толқын боп лып-лып тиеді. Қара жорғаның жал-құйрығы тегіс таралып, осынау ағындаған екпінде бірқалыпты су-су етеді. Желқайықтың дауылды теңізде қақпақыл болған ұшқырлығындай ат үстінің желікті шабысы үдеп барады.

Жоламан оң жеңімен көзіне тығылған жасты сүртіп жіберіп, алдыңғы бетке назар тіктеді.

“Пай-пай! Жануардың сілтесі-ай! Өзінің қолтығында қанаты жоқ па екен? Көз ұшына барып қалыпты-ау. Мына түрінде жан қоймас!” деп сүйсіне түсіп, Шалқұйрықтың аяқ тастасына барынша ырза болды. Одан сайын құтырына желіге түскендей өз атына қамшы басты. Қара жорға - еті қызған сайын жайыла созылатын күлік. Жазылып, бүктетіліп жер апшысын қуыра бастады. Ойдым-ойдым қараған, түп-түп ши бұл кезде бұрынғыдай бөлектеніп көрінбей, тұтасып, дөңгеленіп, қосылып қораланып кетті. Төрт тұяқпен жарысқа түскен сахара сағымы тұс-тұстан тегіс бой көтерді.

“Ә, солай ма екен? Қара жорға да тегін емес! Бөкем сыйлаған тұлпар оңайлықпен беріспес. Шүу, жануар! Көрсет өнеріңді! Аянба, қанатым!” деп бірте-бірте үлкейе, жақындай түскен Шалқұйрықты көргенде тіпті қыбы қанды.

Сәлден соң досы атын тежеп, Жоламанды қатарластырды.

- Неге іріктің? Неге бөгедің? - деп Жоламан кейіп келеді. - Жарысты бұздың. Дұрыс емес оның. Менің кара жорғам енді-енді қызына бастап еді. Болмайды, Әділ! Жөн емес бұның!

- Ренжіме, Жоламан. Атың сенімді екен. Бәйге сенікі-ақ болсын. Бейқам елге жау қуғандай көлігімізді қансорпа етіп барғанымыз жараспас.

Жоламан үндей алмай, серігіне тағы да ұзақ назар аударды. Қарап тұрса, әр қырынан бір шалынып, әр сырын көлденендетіп қалып, қайта сусып кете береді. Қанша бағдарласа да, әлі де түгел ашылмаған тұманды қойнаудай көрініп, жұмбақ тұйығымен ішіне енгізе қоймайды.

Екі жолаушы Қуат ауылына қызыл іңірлете жетті. Қотан үстінде қой аз. Қосақталған саулықтарды жебелей сауып жатқан әйелдер бейтаныс жүргіншілерге елеусіз қарап қойып, көгендегі қозыларды ағытып жүрген ойын балаларына шаңқ-шаңқ ұрсады.

- Ойының ғана осылғыр, жамыратып қойғанбысың

тағы! Қап-қап ірімшік пен құртың өреде сіресіп тұрғандай неңді бағып едің? Ал, іш енді атаукереңді!

- Қағынғыр-ай, тағы да асық іздеп кеттің бе! Асықта басың қалғыр, жіліншігіңді сындырайын ба осы!

Әділдің қабағы түсіп кетті. Кедей ауылдың кешкі қарбаласынан жоқшылық, тапшылық буған тіршілігінің ащы, зәрлі тынысы жеткенде, қатты күрсініп қойып, Жоламанға бұрылды.

- Жеңгеңнің үйі қайсы еді? Сәлемдесейік те, тез аттанайық! Жолымыздан қалмайық! - деді.

Жоламан ат басын Қуат батырдың үйіне қарай туралады. Есіктің алдына жеткенше отаудан ешкім бас қылтитқан жоқ.

Аттарын белдеуге байлай салып ішке енді.

Киіз үйдің түңлігі тарс жабулы. Адам қарасы сезілмейді.

Жоламан киіз есікті шалқайтып түріп тастады.

- Жоғары шық, Әділ. Жеңешем келіп қалар. Ауылда болса, ендігі мені көрген шығар. Қазір-ақ "тел Тентегім!" деп арсаңдап кіріп келеді. Қара да отыр!

Арада біраз уақыт өтті. Жеңгесі де, Тасболат інісі де бас сұға қоймады.

- Оу, бұларға не болған? Апырай, әлгі кішкене неме аман ба екен? Барып, біліп келейінші, - деп тықыршып отыра алмаған Жоламан Әділден рұқсат сұрағандай қиыла қарап, көтеріле берді. - Жеңешем келер еді... Әлде байғұс шіркін мал қарап кетті ме екен?

Созаландап табалдырықтан тысқа аттады. Күн ұзын лепіріп тұрған сезімі сап тыйылып, жүрегі әлдебір қолайсыздықты сезгендей шымшып, шаншып кетті.

Шырылдап жан ұшырған бала даусы оқыс естілді. Жоламан дір ете қалды. Атқып ұмтылып, үй сыртына бет алды. "Тасболатым емес пе екен?"

Баланың жалынышты, өксікке толы даусын естігенде Әділ де тысқа атылып еді, досының қасына келді.

- Не боп жатыр, Жоламан-ау! Осы ауылдың есі дұрыс па?

Жоламан тіл қатқан жоқ, төрт-бес жасар ұлды бүкендеп қуып бара жатқан әйелге қадала қарап тұр еді, екі бетінің өн-бойын сызғылап қос тамшы жас төмен сырғанады.

- Тасболат! Бауырым-ым!

Екі аттап, тізесі бүгіліп, сүрініп кетті.

- Байғұс жетімек-ай! Қор болған екенсің-ау!

Әйел өкпесі өшіп, балаға жете алмаған соң, қолындағы ақ сабауын лақтырып кеп қалды да, долылық буып айқайға басты. Кимешегінен дудыраған шашын жұлып, өз-өзінен бүлініп тұр.

- Құдай-ай! Қу құдай-ай! Қолыма беремісің бір! Желкесін үзіп, жемітін жер едім! Әй, оу, қайсың барсың? Ұстап беріңдерші анау қуарған немені! О заман да бұ заман жесір қатын, жетім ұлдың құтырғанын кім көрген! Өй, жетпей, желкең үзілгір! Болмай, бордай тозғыр! Қазанғап-ау, Қазанғап! Саспа, бәлем! Осыдан бір түсерсің қолыма! Түсерсің, бәрінің бөлтірігі! Мұрыныңнан қара қаныңды ағызбасам, Күлсім болмай кетейін! - деп жұдырығымен жұдырығын тоқпақтаған әйел, қасына жақындаған он жастар шамасындағы балаға жалына бастады. - Сатан, Сатантай, ақылды едің ғой. Анау шірікті ұстап әкеп берші. Дырылдатып сүйреп әкеліп берші. Ақысына ірімшік берейін.

- Ий, бересің қатты. Әнеукүні де алдап кеткенсің. Жоқ! Тасболатты енді ұстамаймын. Аямай, өлтіріп саласың. Тасболат әлі кішкентай. Қойға шамасы келмейді. Қозының өзі жамырап кетті.

- О-о, сүмелек! Әрмен әрі! Итаршы болуын!

Күлсім желі басындағы биеші жігітке айқайлады.

- Әу, Орынбай! Сұмырай Орынбай! Ойбай-ау, ойбай, Орынбай! Атыңа мін де анау қу жетімді борбайлатып айдап кел! Құйықтың астына алып тез қуып кел!

Жоламан орнынан түрегелді. Бетінде бір тамшы қан қалмай, сұрғылт тартып қалшылдап алыпты.

Әділ жеңінен ұстады.

- Қой, Жоламан! Араласпа! Артын бағайық. Жаман әйелдің байбаламы ғой. - Өзінің де түсі бұзылып, өткір көзде суық сәуле тұтаныпты.

Тасболат шырылдап жылап безіп барады. Дәл сол түрімен мына зәрлі ауылдан, ашулы әйелден, ащы тіршіліктен қысас көрген сәби кеуденің бар-бар зарын, бар-бар мұңын сары далаға өксікпен сіңірердей

өгейсіреген көңілмен егіліп барады. Тынымсыз ықылық атқан жіңішке шырылы үзік-үзік жетіп тұр.

Қатал бәйбішенің нығарлап айтқан бұйрығын бұза алмай, жылқышы Орынбай жатаған биеге жайдақ міне салып, бүлкілдете жөнелді. Өзі де еңгезердей жігіт екен, табандары жерге тиер-тиместей болып, әлденені о да күңкілдеп барады.

Күлсім тағы бажылдады.

- Әй-әй, ойбай, төбең ойылғыр Орынбай, болсаңшы! Құрықты ал демедім бе сен кеңкелеске! Тірсегін қиып, дүрелеп әкелсеңші!

Орынбай қайырылған жоқ.

Бала шырылы көз ұшынан талып жетеді. Қаршадайынан қарғысқа ұшырағанын айтып тәңірге шағына ма, пенде біткеннен түңілген ішкі құсасын дүлей төңірекке өршелене жар ете ме, бәйек үні бір тыншымайды. Жер бетінде жанашыры жоқ жалғыз жанның жан шырылын үзбестен бір кез ту сыртынан дүрсілдетіп, келіп қалған атты адамды көріп, отыра кетті.

Орынбай иіліп келіп, Тасболатты жерден іліп алды.

- Жылама! Жігіт емеспісің. Қыз баладай соншама еңірегенің не? - деп бауырына қысып, жасын сүртті.

• Орынбайдың құшағынан пана табарын сезді ме, шырыл тоқтады.

- Ұстап бересің бе? Апарып бересің бе? Неге келдің?

- Қой енді, Тасболат. Бермеймін оған. Апаң келгенше өзімнің қасымда боласың, - деп Орынбай баланың өзіне қадалған жүзін кеудесіне жасырып, көз қиығындағы дымқылды саусағымен елеусіз сүртіп тастады. - Әлі-ақ дәу боласың! Батыр боласың! Батыр адам жыламайды.

Бүлкілдетіп кері қайтты.

Күлсім кимешегінің етегі шұбалып, ентелей қарсы жүгірді. Қарғап келеді, сілеп келеді.

- Көзің ойылғырдың көзін ғана ояйын! Бұл неменің барынан жоғы! Құдай-ау, шатаның жанын сірі қып қоятының қалай? Неге алмайсың? Бір ру елден тірі қалдырғанда бұл шірік кімге тұтқа болғандай, ә? Әкелші бері, миын аузына түсірейін! Әй, Орынбай,

ойбай-ау, хан-төредей алдыңа мінгізгенше, неге ат бауырына алмайсың!

Әділ мен Жоламан да әйелдің соңынан тура ұмтылды.

Күлсім бір жерден бағана лақтырып жіберген ақ сабауын қайта тауып алыпты, жауға шапқан батырдай әлгі таяғын қылышша сермеп таянып қалды.

- Түсір! Түсір деймін саған! Құдай бүгін қара сорпасын ұрттатқызар ма екен. Шешесі мен екеуі-ақ әбден түбіме жетіп еді. Алдарынан жаназасын шығартып қояйын.

Таяқ сермеген сайын басын шұлғып, үркектеген бие алдыңғы аяқтарын шаныша тарпып, әйелді жолатар емес.

- Бәйбіше, сабыр етіңіз! Баланың жүрегін ұшырмаңыз. Бір ашуыңызды беріңіз.

- Бала дейді ғой! Бала емес бәле емес пе бұл! Ойбай-ау! Өзіңнің қимаң қышып қалған ба? Тәйт! Әпер бері! - деп Күлсім одан сайын құтырып ілгері ұмтылып еді, осы кезде кеп жеткен Әділ әйелдің ту сыртынан жұлқып қалды.

- Тоқта!

Жалт бұрылған Күлсім Әділден айылын да жиған жоқ, сірә, жассынып, жақтырмаса керек, ернін шығарды.

- Әдірем қал! Сен кім едің?!

Әділ үндеместен әйелдің қолындағы сабауды жұлып алды да, лақтырып жіберді. Содан соң шатынап, төніп тұрып, ентіге сыбырлады.

- Сен қатын, осыдан мына балаға бұдан былай бір ауыз тіл қататын болсаң, шертіп қалатын болсаң, естіп тұрсың ба, тұп-тура бауыздап кетем!

Күлсім көзі бағжиып Әділге бір, Әділдің оң қолы жүгіріп қынға жармасқан кездікке бір сүрініп өтті. Сол-ақ екен, дем арасында иі босап, тілі күрмеуге келмей, басын қайта-қайта изей берді.

Жоламан Тасболатқа қолын созды.

- Тасболат! Бауырым!

Тасболат Жоламанды танып қалды. Домаланып құлай берді.

- Көке! Көкежан!

Ағайынды екеу бірінің-бірі мойнына жабысып қалыпты. Әділ бұрылып, үйге қарай жай аттап, ақырын басып кетіп барады. Мұң шаққан баланың қуаныш толы шерін, өксік толы жұбанышын көргісі келмейтін тәрізді.

- Көкетай-ау,сен неге кете бересің? Сағындым ғой! Мені алып кетуге келдің бе? Мені неге ұра береді? Табаныма шөгір кіріп кеткен. Қатты жүгіре алмаймын. Үлкен апам... - Тасболат ағасының құшағында тұрып Күлсім жаққа қарап қойды. - Үлкен апам қозыны әдейі жамыраттың деп күнде ұрсады. Мен тіпті тамақты да көп жеген жоқпын. Бүгін екі-ақ сықпа жедім. Сонда да “жалмауыз, мешкей!” дейді. Бағана үлкен апам шай ішкенде, мен тіпті ірімшікті де алғам жоқ. Неге ұрса береді? - деп иегі дірілдеп, Жоламанның кеудесіне басын тығып, өксіп-өксіп жіберді.

Жоламан қатты қалтырап, інісін бауырына қыса түседі.

- Жы-ы-лама, Тасболатым!

Кемсендеген иек одан арыға тілін келтірер емес. Енді сәл бірдеңе дейін десе, өзінің де дауыс салып, даланы басына көтеретінін сезді ме, жігіт інісін көтерген күйі ауылға тартты. Күлсім аңырып тұрған жерінен кілт қозғалып, ернін шылп еткізді.

- Ойбай-ау! Бұ кім десем, өзіміздің Жоламанжан екен ғой! Ойбүй, шырақ! Қара басып, сені танымай қалып... Әй, Орынбай, қоңыр қозыны, енесін қасқыр тартып кеткен жетім қозыны тез жайғай ғой! Оу, күнде келетін қонақ қой деп пе едің бұл Жоламанжанды Кешегі батыр атамның көзі емес пе! Сөйте ғой, Орынбайжан!

Жүгіріп жетіп Жоламанның алдын орады.

- Қарағым, Жоламанжан, ат-көлігің аман ба? Дені-қарың сау ма? Әй, Қазанғап... Тасболат күнім, қой, жылама босқа. Ағаң шаршап қалар. Түс! Түсе ғой жерге. Жоламанжан, бұл шіркін немелерді босқа еркелетіп қайтесің. Қоя бер. Өзі де бір әбден тілазар-Сондай қыршаңқы! Кімге тартып, кежегесі кейін кетіп туғанын білмей-ақ қойдым. Біздің үйдегі кісі де әбден бүлдіріп барады. Еркек болып бір мезгіл қамшы үйіріп отырса, бетімен кетер ме еді. Жетімнің аты - жетім.

Әкесіз ұл оңа ма? Бар аңдыған, баққаны - ұрлық! Көзің тая берсе, қаптың аузын ашып жатқаны. Байғұстың тісіне бір тыным жоқ. Қырқынан шықпай жатып бүкіл туыс-туғанын жұтып алып еді, енді не жорық. Әкетіп барады да.

Жоламан калш-калш етіп түтігіп кетті.

- Үндемеңіз! Қойыңызшы енді! Ештеңені естігім келіп тұрған жоқ.

- Ойбай, сұңқадам! Өл де маған! Адам ғой десем, сен де арсылдайын дедің бе? Жаман қатты қорыққаным! Сүмелек жетімінді жазығым асырап отырғаным ба? Оны көпсінсең итаяқтан сарысу ішкізермін, - деп Күлсім аяқ астынан қайта долданып бұрқырап ала жөнелді. - Әй, Орынбай! Төбеңмен жортқыр, Орынбай! Тоқта деймін саған. Құдай-ау, аузыңнан шықты дегенше, бұл қастан шықпағыр өңшең жауыздар бүкіл малды қырып салуға дайын тұрады. Сойма қозыны, ет бермек түгілі сиіп сідігімді берейін!

Жоламан күйініп келеді. “Апырай, мынадай да безбүйрек жан болады екен-ау! Бекер шабынан түрткен екем. Мейірі қашқан суық көңіл Тасболатты одан сайын мүйіздемес пе? Не таптым? Сорлы балаға бұрынғысына батпандап қосқызып сор жамадым-ау? Аяр ма енді. Жанашырлықты ескерер ме”.

Өксігі саябырлаған інісі кішкене саусағының жылы табымен мойнын, бетін, маңдайын сипайды. Ыстық демімен жүзін шарпиды.

- Көке, сен үлкен апамнан қорықпа. Құр айқайлағанымен өзінің күші көп емес. Сабауын жұлып алсаң, саған әлі келмейді. Иә, көке?

- Иә, Тасболатжан! Үлкен апаң енді саған тимейді.

“Қайтейін. Не істейін мына дүниеге? Асқар таудай бел қылғаның - мен екенім де рас. Бірақ үнемі қасында жүре алармын ба? Менің қарам үзілісімен ақ сабауы қайтадан жонында ойнайды ғой. Бүгінгі күнінді де көзіңнен бір-бір ұшырып, өкпеңді тесіп қозы баққызып қоя ма, тезек тергізіп қоя ма, қашан өз қолың өз аузыңа жеткенше, ішкенің - ірің, жегенің - желім боп, титықтап бітерсің-ау. Әйтеуір, тірі өскеніңді, ел қатарына аман-есен қосылар сәтіңді

көрсем-ау! Жорық тез басталса екен. Жауды жеңіп оралсақ, бір елі қасымнан тастар ма едім. Мойныма салып, деміммен жылытып асырар едім-ау! Оған дейінгі азабыңды қайтермін? Жетім бала, жесір келіншекті қайда сыйғыза алам? Қуат батырдың да ауылдағыдан даладағысы көп. Адуын әйелдің қай бір қылығын қадағалап отырсын. Көрмеген соң көңілі тоқ жүре береді де. Кімге кінә артармын? Жауыздық сұры әлі де қалмай ілесіп жүр екен-ау. Әй, қу соғыс-ай! Жер бетінен аластатылар, атың өшер күн туар ма? Не жетпейді пендеге? Қырқысып, шабысып, аттандасып-айқайласып адам-жауыз дүниені қан топанға бөктіріп өте берер ме?

Қазанғап дейді. Азан шақырып қойған атын да өзгерткені ме? Бір ауылдың аманаты - Тасболат емес пе? Тұлпар тұяғын ит кемірген қу асық қылған тағдыр ма екен? Бүйткен ғұмырдың опасы қанша? Жақсылық берекесі, іңкәр лебі көз жасын көл ғып ағызумен жеткені ме? Оның несі сүйініш! Несі іңкәр? Не істесем екен? Амал құрыды ғой. Осы тап казір ауыл адамын жиып алып, айқайлап ашынайын ба? Аттандап ашу шақырайын ба? Онда не түседі? Үнсіз бас изер де, ұзай беріп, бірі ернін шығарар, бірі ақымақ, есалаң санар. Онан Тасболатқа түсер пайда не? Жетім күйін көрмей жүр ме? Қай байғұстың маңдайынан сипардай болып-толып отырған ел едің.»

- Тасболат, апаң қайда? Көрінбейді ғой.
- Апам ба? Түйе жетектеп кеткен.
- Қанша болды?
- Көп болды. Үш рет жалғыз ұйықтап шықтым. Апама үлкен апам ат мінгізген жоқ. Жаяу жүрсең семірмейсің деді. Апамдар астық әкеледі. Маған көйлек әкеп береді. Көке, мен бүгін сенің қасыңа жатайын. Жарай ма?
- Жатасың. Құшақтап жатам, қошақаным!
- Алақай! Қоңыр қозыны сойса, көке, асығын маған алып берші. Балалардың бәрінде бар. Анау Сатанның қызыл құлжасы сұмдық тигіш. Өзі ылғи тәйкесінен тұрады. Маған екі кеней ұтып беріп еді, үлкен апам кеше отқа тастап жіберді. Сен оған көрсетпей бер. Иә ма, көке?

Орынбай Күлсімнің бажылдағанына қарамастан қоңыр қозыны сойып тастапты. Ә дегенше жіліктеп бұзып, етті қазанға салдырды. Жамағайын жеңгесін ертіп келіп шай қойғызды. Өзі Аршагүлдің отауындағы екі қонақтың қасында отыр.

- Е-е, Жоламан, шайпау қатын не демейді. “Күндестің күлі де күндес” деген ғой. Қуат пен Аршагүл жеңешең барда Күлсім аузын аша алушы ма еді. Тек, әттең қысқа жіп күрмеуге келмейді де. Батыр бір досынан азық-түліктік арпа-бидай алмақ па, сонау кетерінде Күлсімге тапсырып кетіп еді. Содан бәйбіше аты бар, Күлсім Аршагүлді жұмсаған. Аш құлақтан тыныш құлақ дегендей, жеңешең үш күн бұрын қалашыларға ілесіп кетіп еді. Келіп те қалар. Балаға обал. Қашанғы араша болармыз. Көрсек, қолын ұстаймыз. Әй, бірақ шайтанды да жеңген долы қатын емес пе. Шымшып бір жылатып, тамақтан қағып екі жылатып, қатындығын жасай беретін сияқты.

Жоламан үндеген жоқ, әлгінде дабырлап қуанып далаға шығып кеткен Тасболаттың тыстағы даусына үнсіз құлақ тосып, Орынбайдың ащы шындықты жайып салған жайсыз әңгімесіне қабақ шыта ден қойып, баяу күрсінеді.

Әділ теріс қарап жантайып жатыр.

Орынбай енді тың сұраққа көшті.

- Жоламан, осы Бөгенбай батырдың сауыны не болды? Қазақ қолының жиналатын түрі бар ма? “Ақтабан шұбырынды” болғанымызға да биыл міне аттай төрт жыл толыпты. Не аттан жоқ. не аруақ шақыру жоқ, осылай бұлақ сайын булығып, үнсіз-түнсіз отыра бергеніміз бе?

Жоламанның әңгімеге зауқы соқпады.

- Асықпа, Орынбай. Ол күн алыс емес, - деп күңк етіп, үйге ақсаңдай кірген Тасболатты алдына отырғызды. - Оу, Тасболат-ау, табаныңды көрсетші. Өзің тіпті жүре алмай жүрсің ғой.

- Көке, көкетай! Керегі жоқ, ауыртасың. Ұстамашы! - деп шар еткен бала аяғына қол тигізер емес. Жоламан інісін көтеріп, есік алдындағы жерошақ басына алып шықты.

- Қой, Тасболат! Жігіт емеспісің, жылама! Көрейін де.

- Кеше тікен кіріп кеткен.

- Ойбай-ау, ісіп кетіпті ғой әбден! - деп от жарығында табанға үңілген Жоламан, тезек қалап отырған әйелге бұрылды. - Жеңгей, инеңіз жоқ па?

- Міне, қайным! Түу, байғұс бала қалай шыдап жүрген?

Қанды іріңді саусағымен сүртіп тастап, Жоламан ісікті алақанымен қысып кеп қалып еді, қою қанмен бірге ағаш жаңқасы ытқып шықты.

- Көке-тай-й!

- Болды! Енді ауырмайды. Қазір таңып тастаймын.

Тасболат көзі ұйқыға кеткенше ағасының бетін өзіне қаратып, аймалай құшақтап жатты.

Түсінде де күрсініп, өксік атқан сәбидің пәк жүзіне Жоламанның ыстық жасы тырс-тырс тамып кетті.

* * *

Бұлтты түн. Анда-санда күн күркірейді. Камшылар жақ қиыр қапталда қара түнекті сілкіп қап, серпіп қап, сумаң етіп нажағай жебесі тұтанады да сөнеді. Ауада дымқыл леп бар. Жаңбыр иісі кең жазыққа мол жайылғанмен жүргіншілер үстіне әзірше тамшы белгісі біліне қойған жоқ. Аздан соң қарсы беттен бұлт жыртылып, көкжиектен белдеуленіп құлаған көгілдір сызық таң сызынан хабар берді.

Жоламан қасындағы екі серігіне бұрылмай, таяқ тастам бойы алда келеді. Қызыл торғынын шұбыртып қылаң берген күннің алтын табағы белеске иек артқанда маужыраған денесін тіктеп ала қойды. Ұйқысы да шайдай ашылды.

“Апырай, Тасболат өксіп қалды-ау! Тұрысымен “көкелеп!” жан-жағын қарағанда, орнымды сипап, өзегі ашып еңірер ме екен? Неге келдім? Келмесем, көрмесем ғой о да тоқ, мен де тоқ жүре берер едік. Енді не? Ұйықтатып тастап, алдап қашып барам. Осыдан соң жан баласына сенімі қалар ма? Төбесі көкке тигендей марқайып, өңіне қан жүгіріп,

дүниенің төрт құбыласын түгел шарлағандай желпініп еді. Көңілі бітеуленеді де қайтадан. Неге оятып алып, айтып кетпедім? Әділ болды ма оған. “Баланы босқа жылатпайық, өгейсітпейік” деп жеті түнде асықтырды ғой. Қайдан жыламасын! Жылап жатқан да шығар!..”

Әділ досының ойын сезгендей қатарласып келіп, тізесіне қолын тигізді.

- Қой, Жоламан! Ой түбіне кім жеткен. Босқа жүнжіме. Тасболатың жігерсіз емес тәрізді. Қайрала-қайрала әбден шыңдалар. Амандығын тіле.

Жоламан басын жайлап көтеріп Әділдің жүзіне қадалды. Сұсты жанардың бұрынғы суық оты жоқ екен, елжіреп, жылы шуақ төгіп, әлденеге кешірім өтінгендей жыпылық қақты. Жоламан тізесінің үстінде жатқан қолды алақанымен жайлап қысып қойды. Басқа жауап қатқан жоқ.

Таң оянғанда маңайдағы алқапқа түгел жан кірді. Тау қойнынан тымық әуеге бұлаңдап тұман көтерілді де, сәлден кейін ыдырап сейіліп кетті. Шөптесін ықтың қалың бұйратын самал желпіп, сағымдай толқытты. Жіңішке жолдар тұс-тұстан таспаланып шұбырып, қайқаң біткеннен асып түсіп, жоғалып жатыр.

Орынбай Әділдің астындағы Шалқұйрыққа қызығып келеді.

- Апырай, Әділ дос, атың ғажап екен!

- Бөріңнің көзін көлігіме түсе берді-ау! Өзімді неге көрмейсіңдер? Ат иесімен сұлу емес пе еді.

- Қайдам! Көз көргеніне сұқтанады да. Көңілім тойғанға көмекейім бүлкілдеп тұрушы еді. Өзіңді сынына толған кезде жіліктеп беремін, Әділ. Әзірге бекер мақтамайын.

- Оның да дұрыс. Құрғақ мезіретіңді өзім де қаламаймын.

- Онда бар ғой, Әділ, сені сынайтын да тұсым дайын. Осы тап алдымызда Өсербай байдың ауылы қонып отыр. Шіріген бай, қордалы, жуан тұқым. Жеті атасынан бақ арылмаған. Өзінің әлпештеген хор қызындай аяшы бар. Талайдың аузынан суы құрыды. Бірақ... көзі төбесіне біткеңдей, сол бойжеткен мұрнын шүйіргенде аяқ астыңда хан басы жатса да қарамайды.

Осы, Әділ, құлдығыңда өтейін! Соны бір аунатып берші! Келбетіңе қарасам, қас мықтының өзісің! Тегінде бір бекзаттық бар сияқты. Туысың бөлек екенін әр қимылыңнан анық сезгендеймін. Біз тәрізді можантомпай көрінбейсің. Тұрасың ба осы сыныма? - деп Орынбай астындағы шолақ бедеуді сипай қамшылап жанаса берді.

Әділ кілт өзгеріп түйіле түсті де, артынша әзілге шаптырды.

- Пай-пай! Дүниенін қызығын көрпе ашумен есептейсің-ау, Орынбай. Тілеп кірмей, бұзып кір дегенің, қай қайрағаның? Сонда саған керегі жігітшіліктің ойсыз, нәрсіз сыртқы ермегі ме еді?

- Е, одан артық не керек! Бабамнан қалған дәстүрім емес пе? Одан неге безінем?

- Дәстүрдің бәрі озық па еді? Тәттінің бәрі дәмді ме еді?

- Маған тозығы да жарайды. Тамақтан өткенін “бұйырсын!” деп қойып, қылғыта берем, - деп Орынбай қылмыңдай түсіп қарқ-қарқ күлді де іле салмақты күйге ойысты. - Дегенмен, Әділ дос, дұрыс айтып келесің. Тілеп алмай, талап, тартып алғанның бойға құт болмайтыны рас. Сен менің сыртқы әмпей-жәмпей сұрыма, әлекей-шәлекей аламыш түріме қарап, жеңілге жорып жүрме. Ішімді бір ақтарып қара! Үңірейген көрді, құлазыған жүректі таны! - деп қылғына жұтынып теріс айналды да , кібіртіктеп кейіндеген атын тебініп-тебініп қалды.

- Неге іркілдің? Ашсаңшы онда ішіңді!

- Әй, қойшы! Менің сырым кімге қажет. Әйтеуір, сөз реті келген соң кейде бір өз-өзімнен ышқынып, барымды ақтарып төккім келетіні бар. Ал оның іріңді қойыртпағы кімге дөркер. Қазымырлап қайтесің.

- Жарайды. Өзің біл. Зорлап бархадар таппаспыз.

- Әу, өкпелеп қалғаннан саумысың? Мінезің тік пе еді? Апырай, соншама мен жасыратындай құпия да емес еді. Ал, тыңда. Тыңдай бер. Сен менің иненіктей ілмиген түріме қарап, туғаннан осылай жұтқаны бойына жұқпаған қатқан қара екен деп ойлап қалма. Сырықтай бойыма сай сойым да бар еді. Құсамен де ине жұтқан төбеттей сүмпиіп қалатын кез

болады. Мені жүдеткен - құса. Көңілім ауған қаракөзім болып еді. Дәулеті шалқыған бай емеспін. Көріп келесің. Бұтартарым - астымдағы шобыр. Бар байлығым да осы. Әлгі қыздың жалтаң көзіне іліккен күндерімде, құдай біледі дейінші, дүниенің тұтқасынан ұстағандай дәуірлеген де едім. Амал не, айғыр үйірлі қалың берді де, екі иінінен демін алып, күптей боп ісінген надан бай алды да кетті. Бармақ тістеп мен қалдым. Содан... екі-үш айдан кейін жас келіншек қазаға ұшырады.

Күйіктен өлді деп мен жүрмін. Таяқтан өлді деп жұрт айтады. Әлгідегі сөзіңнен шығады-ау, Әділ. Талап, тартып алған бойға құт болмайды. Солай, Әділжан, - деп томсарған күйде жым-жырт қалған Орынбай, қолындағы сындырып алған тобылғымен шобырын салып-салып қалды.

Күн қызуы біліне бастады. Жүргіншілер үстеріндегі шапан, шекпендерін шешіп, артына бөктеріп алды. Әділдің астындағы Шалқұйрық аяғын билей басып, ауыздықпен алысып келеді.

- Жіберші! Босатшы бір! - деп Орынбай қайтадан қолқа салды.

- Ал, онда! - деп Әділ тебіне беріп бестісін ілгері лықсытты. - Қалмандар!

Қиқулап Жоламан мен Орынбай қосылды. Шалқұйрық қос құлағын боз қояндай жымитып алып, аласарып, созылып зымғап беріп еді, сақпаннан атқан тастай, ә дегенше-ақ қара үзіп кетті. Қара жорға да, Орынбайдың шолақ бедеуі де ілесе алмады. Алдынан жел, артынан шаң боратып лыпып жүйткіген Шалқұйрық артқы аяғымен төсін оярдай көсіле салғанда, көз ұшына барып қалды.

Күтіп алған Әділдің атының алды-артын орағытып Орынбай айналсоқтап жүр. Жылқышы жігіттің сүйсінгенде танауы желбіреп, көзіне нұр жүгіріпті.

- Түу, түу, тіл-аузым тасқа! Құдай-ау! Нағыз пырақ мынау ғой! Қос танауына жұдырық сыйып кетердей делдиіп кеткенін көремісіңдер! Көзін қараңдаршы! Қос тостағандай! Аяқты қалай сілтейді! Төрт тұяқ тегіс көсеп, жосалы төбенің топырағын аспанға атпады ма! Шіркін-ай, тұлпардан тұқым алар ма еді! Бір өзі бір қыздың төлеуі ғой!

Әділ күлімдеді.

- Мақтауын жеткіздің, Орынбай. Тірі болсам, бір тұлпарың мойнымда. Таңдатып тұрып мінгізермін.

Орынбай да әзілге кенде емес.

- Сөз бергеніңе-де рақмет. "Жарлы байымай ма, жас өспей ме" деген бар. Бөзің де болар. Әзірше екеуміз де жалғыз атты, жайдақ тоқымды пақыр екенбіз. Бөлісе, жарыла жатармыз.

Жоламан көзінен парлаған жасын сүртіп, жан-жағына қарап тұр еді, тау жамбасынан сылдырап аққан бұлаққа көзі түсті.

- Жігіттер! Анау араға біраз дамылдап алсақ қайтеді. Күн де қызып кетті.

- Мынауың ақыл! Қасқа бұлақтың қадірін мен білейін. Суы тастай, шекеңнен бір-ақ шығады! - деп Орынбай қоштады.

Үшеуі жақын кеп аттан түсті. Бұлақ суына жуынып, шайынып алды. Орынбай қоржынын әкеліп, дастарқан жайды.

- Біраз қаужалап алайық. Оразамызды ашатын уақ болған шығар. Аттарды да шалдырып алғанымыз жөн болар.

Тамақтанып болған соң, Орынбай аттарды отқа қойып келді. Енді Жоламанның садағын қолына алып, аударып-төңкеріп қарап отыр.

- Шіркінді ұстамаған қаруым еді! Бұ да бұйыратын болды енді. Жоламан, мынауыңды үйретсеңші.

Жоламан серігінің көңілін қалдырғысы келмеді.

- Жарайды, елу қадам жерге бас киіміңді тігіп кел.

- Әй, әй, оның болмайды! Қайдан алам сонсоң?

Әділ үн-түнсіз етпеттей түсіп жатыр еді. Бір кез шалқасына аударылды. Бұлты ыдыраған аспанның көк күмбезі шаңытып тұр. Алып қарақұс оқ бойы жерде қанатын кере жайып қалықтап дәл төбеге келе берді.

- Әперші садағымды, - деді Әділ.

Жоламан анадай жерде тұрған садақ пен қорамсақты ұстата қойды.

Әділ терімен қаптаған қос жауырын садағын шалқайған күйі кезене түсіп, тазқараның тайлық жүнін қадаған сауыт бұзар жебесін адырнаға тіреді де, серппесін барынша созып, әнтек сығалады.

Сұр жебе баяу ысқырып шырқап кеткенде, садақтың адырнасы біразға дейін қара шыбынның қанатындай ызылдап, дыңылдап тұрды. Әлсіз ызыл жебе-сыңарын аңсағандай уілдеп барып үзілгенде, қарақұс қанатын жиып ала қойды да, шыңырауға лақтырған кесек тастай құлдырап, төмен ақты. Заматта топ етіп жерге тигенде, шаң мен жүн бұрқырап маңайды жауып кетті.

- Пah-пah-пah! Мергеніңе болайын! - деп тұра жүгірген Орынбай қарақұсты жалпылдатып сүйретіп оралды.

- Жебем қайда? Калдырып кеткенің қалай?

Орынбай далбандап қайтадан жүгіре жөнелді, құр қол оралды.

- Ойбай! Жебең жоқ!

Жоламан құсты аударып қарап көрді де:

- Жебе кайдан болсын! Көктей өтіп кетіпті, - деді.

- Азаматым екенсің! Сілтесің де, серпінің де, қаруың да керім екен. Айтпап па едім, атыңа сай жігітсің деп! Екі айналмай дөп келгенін қарашы! - деп Орынбай мәз.

Аттарына қонған үшеуі тау бауырлаған соқпаққа іліккенде алға Орынбайды шығарды. Тобылғының сынығын тұс-тұсқа сілтеп қойып сөйлеп келе жатқан Орынбайдың аузы бір жабылмайды.

- Анау шудаланып көтерілген түтінді көрдіңдер ме? Ол тұмсықта Шөңгелбектің қыстауы бар. Естуімше алғашқы рет шілік пем құмды байлап қыстау тұрғызған бірінші адам осы өңірде сол көрінеді. Қыстау албарының салынуы да қызық. Ұзыны сексен қадам, көлденеңі елу қадам. Дуалдың қабырғалары төстабанда үш-төрт адымдай. Төбесі сүйірленіп жұқарып бітеді. Биіктігі атты кісінің бойынан асады. Ішінде қыстауы, қорасы, құдығы бар. Қақаған қыста тапқызбайтын жылы мекен. Ондай қыстаулар қазір көбейіп келеді. Ал, анау жақтағы төбешікгі көрдіңдер ме, көлеңке түсіп тұр ғой, үлкендер айтады, соның үстінде қос мұңлықтың бір кезде моласы болған екен. Асық шіркіндерді сол төбенің үстінде қуып жеткен қуғыншылар бір-ақ шауып, құшақтарын ажыратпаған күйі бастарын домалатып түсіріпті. Кейін ел бастарына

белгі орнатса керек, бүгінде тамтығы да қалған жоқ. Әне, Әне! Өсербай байдың ауылы! Ақ шаңқан үйлері қаздың жұмыртқасындай тізіліп тұр. Асығыс аттанбаңдар. Сендерді арқаланып бүгін ақ майды аузымнан бір ағызайын! - деп Орынбай шобырын тебініп қалды.

Жас қонақтарды Өсербайдың үлкен ұлы қарсы алып, қонақ үйге оңаша түсірді.

Жай-жағдайды Орынбай көпіртіп өсіріп, қопақарлатып жеткізді. Бөгенбай батырдың жігіттері екенін, ел-елді аралап күш жиып, бірлік, берекеге шақырып жүргендерін лепіріп отырып айтқанда, тап өзі бірнеше жылдан бері бүгін ғана ат белін суытқандай желпінді.

- Асығыс едік. Ақсақал қайда? Батырдың да тапсырмалары бар еді. Қазандарыңды тезірек көтеріңдер, жолдан қалмайық, - деп нығыртып алды.

Өсербайдың баласы аяғының ұшымен басып шығып кетті.

Жоламан мырс-мырс күлді.

- Мүңкір-Нәңкірден бір де кем болмадың, Орынбай. Әлгінің жаны мұрнының ұшына он келген шығар. Соған қарағанда, жандайшап болу рақат тірлікау, шамасы.

- Оу, о не дегенің! Өздерің көріп келдіңдер ғой. Бұл байдың бір қылшығы қисайды ма? Анау біздің ауылға келген шұбырындының зарын естіді ме екен? Дүниенің тәттісін шайқап ішіп, “көксегенім қойнымда жатыр!” деп дандайсып кеткен үркеппе сығыр емес пе шетінен. Осылай дауылдатып жетпесең, құлақтан басып жығып алып, құл ноқтаны мойныңа қырық қабаттап кигізерін білмейсің-ау! Бопсалап күш көрсетпесем, бойлауық аттай көткеншектеп бой көрсетер Өсербай бар деймісің. Ақ боз үйінде шалқалап жатып алып, қарсы алуға да жарады ма? Оның кердеңінен менің кеудем неге осал болмақ? Сескенсін! Сонда шырайы тәуір болады. Осыдан тағы кергісе, алдынан өттік, кінаға жығуымыз да жеңілденеді, - деп Орынбай алпамсадай ірі денесін ырғап күліп, ақшыл жүзіне қан жүгіртті.

Орынбайдың айтқанындай үш-төрт үзеңгілесін

ертіп Өсербай тез жетті. Қияқ мұрты бар, жұқалтаң денелі, жасы елудің о жақ бұ жағындағы адам екен. Немкеттілеу сәлемдесті де, оң жаққа озып, сандыққа арқасын сүйеп жамбас басты. Содан соң қонақтарын қысылып-қымтырылмастан жағалата сүзіп шығып қарай бастады.

Әділ кеудесін тіктеді.

- Иә, ақсақал! Сыныңызға толмай отырмыз ба, түйреуіңіз көбейіп кетті ғой.

- Қайдам. Бүгінде кімге кімнің сұғы өткендей. “Азуыңды бас, аяма!” дейтін күпілдектер көбейіп барады. Соның сендер қай түсынан көрінер деп қылпылдап отырғаным да рас. Келмей жатып қыр көрсеттіңдер. Ақталып шығар күнәм жоқ. Нақақ күйер жайым жоқ. Мен сезіктенгенмен, сен жорамалыңнан танбассың. Жұмысыңды айта отыр, - деді.

Әділ Өсербайдың бетіне анықтап қарады. Ұстасса, жеңілмес, тіресе, шатқаяқтап қалатын түрі бар. Бір жымиып, бір сұрланып теке көзді бай да жалтартпады.

- Иә, айыптаймын, ақсақал. Елге келген ауыртпалық көпке ортақ. Халқыңыз қынадай қырылып жатқанда, ойыныңыз - ойын, күлкіңіз - күлкі боп жата беріпсіз. Осы тірлігіңіз өзіңізге ерсі көрінбей ме? - деп Әділ сұрланып алды.

- Шырақ! “Атан өлсе сойылар, атам өлсе қойылар” деген екен баяғыда біреу. Басыма төнбеген бәлені “іздеп шық, қуып жет!” деген қай далбасаң? Аз күн ұмырымда адалымды кертіп жеп, аумағымда алаңсыз жүрсем, қай құдайдың құрығына шалынғандаймын? Оу, сонда шұбырындыға ұшыраған ел басындағы зәуліні менен көрмек түрің бар ма? Тәңір бұйрығын қай пенде қайтара алушы еді? Ер азығы - қанағат. Барым әзірше төгілген жоқ. Тұяқтым дүбірге елеңдеген жоқ. Қарап отырып қарайласпадың деуің қай зорлығың? - деп пұшпақ ішігін қаусырынып қойды.

- Сырыңыз мәлім болды, ақсақал. Көрбала боп күңіренген жұртыңның зар шеккен күйігін елемейді екенсіз. Жанашырдың пиғылы түнемеген кеудеңіз қиналтып ойлантпаса, онда мен неге арамтер болам. Әділетсіздік бір бүгін тумаған ғой. Сорлы жандардың көз жасын сімірген жауыздық сіз сияқтылардың

ішіне бүккен зымиян есебінде жатса, қасиет деп талпынған әлсіз шырылды ұғынар көңіл көбеймес-ау. Көненін көзі дегеніміз көрпесін тұйықтап көсіліп жатып алса, көмек ойлар кім бар? Құдай бұйрығын тұяқ серппей күтш алып, күйіп өле бер дегеніңіз ғой. Қалмас бұ қалыпта дәурен-тірлік. Аунап тұрар. Дөңгеленіп өзгерер. Сол кезде тағдыр жазуына үнсіз мойынсұнғаныңызды көрсем-ау! Қол созғанда қасыңыздан табылар ағайынның өкпелі қыжылы қайрылтпай кетсе, мынау нығыздығыңыз калар ма еді, қалмас па еді? Әй, оны ұқтырам деп әуре боп қайтем. Ұтырлап санаған қисабыңыз о кезде де соқпақ тауып өте шығармын дейтін есепшілдік пен жанкештілікті көлденең созар-ау! Көрдім, сездім, ақсақал. Тік көтеріле тұрар халқымның арасында әлі де теріс баққан жегілері аз емес екен. Қолымнан келгенше, алдымен ел басшыларын солардың соңына салғызып, қағып-сілкітіп алармын! Ал кейін... - сөз соңын жұтып қап, іргеде жатқан қамшыға қол созды.

- Оу, тоқташы, шырағым! Қатты кеткенің қалай? Енді ауылымда отырып дау айтсам да, шаңымды қаға бергенің бе? Сонда не ғыл дейсің маған? Қолымды қусырып, қарсы алғанға да жазықтымын ба? Қойымды сойып, құрметтегеніме де кінәлімін бе? Тіпті жорғалаған сайын айыптап тұқыртып барасың. Ел-ел дейсің. Соның бәрі менің екі туып, бір қалғаным ба еді? Қан қақсаса, өзінен көрсін. Тыныш жатқан көршінің шабынан түрткен мен бе екем? Анау Әбілқайыр сұлтаның қалмақ пен башқұртты түртпектеп қоймаушы еді. Тәуке ханың ойраттың іргесіне ши жүгірткен. Ақыры, аяғы мынаған әкеліп соқты. Сонда сен мені бүлік басы - төре тұқымы көремісің? Ал, арылайық онда. Аяспасқа бекініпсің - шауып ал, қырып кет! Қыңқ етер ме екем. “Ел жылағанда, сен неге жыламайсың?” дегенің қай қикаңың? Не деп жылаймын? Өрісімді өрт алмаса, жайлауыма жау тимесе, құдай сақтаған жанымды құрбан қып шалардай тастай алмай жүр ме екем соны? Әу, зорлықшың сонда кім? Құтханамда отырып қамшы үйірген сенен гөрі мен әділетсіз болғаным-ау. Қайран, қызыл тіл! Сүйексіз сайрағанда, қырық бұралып,

ділмәр боп кетесің-ау! - деп Өсербай енді ешкімге бұрылып қарамай, шалқайған күйде шаңыраққа қадалып қалды.

- Байеке, кеселге кекесін танытып қалған әдетіңіз бар екен. Соған тіреп түбірлі наразылық пен қараулы қарсылық көрсетпек боласыз. Кешегі қырылған ағайын ары қашпай бері қашқанда, үстіңізді топырлап басып кетер еді. Бұхар, Самарқан, Хиуа кеткен ауғын ел, сол жақта қалып қояр деймісіз. Шыдай алмай, құлдыққа көнбей, “елім, Арқам!” деп қайта оралар. Сол кезде қарайласпасаң - қанына қарайған ағайын тартып алып, талап жейді. Көп жастың, көл жастың ортасында бүтін арал боп қала алмайсыз. Қалғыңыз келсе, көмек-жәрдемді баяғыда берер едіңіз. Жасаққа жігіт шығарып, ат-көліктік, азық-түліктік қажетке үйір қосар едіңіз. Ел бірлігі - жер тірегі! Өрісіңіз өртенбей тұра алмас. Жайлауыңыз шаң болмай қала алмас. Жанын шүберекке түйіп, қалың жауға қарсы күш жиып, қол жинап жатқан халқымыз тұтастық үшін аянып қалды ма? Үш жүзге сауын айтып, күннен күн өткен сайын қатарын өсіріп, қаруын қамдап, ат-көлігін сайлап жатқан жоқ па? Көп түкірсе - көл. Біреу жалғызын, біреу жамбысын берді. Іздегені - бостандығы! Аңсағаны - азаттығы! Құтқармағы - жері, отаны, ошағы! Соған қосылмай, жеке қалам десеңіз, өзіңіз біліңіз. Бірақ дүрілдеп жеткен дауыл, алалап тимейтін. Жолындағысын түгел шайқап, түгел жайпап өтетін. Соны ескеріңіз. Айтарым осы! - деп қамшысына салмағын сала Әділ орнынан тұрды. - Жоламан, жүр. Аттанамыз.

Өсербай аяқ астынан өтірік күліп, жарғақ қақты.

- Оу, қонақасы жеп кетпеймісіңдер!Сыбағаларың дайын.

- Ақсақал, жолымыздан қалдырмаңыз. Оңаша отырып ойланар шағыңызға обал етпейік. Орынбай, неге тұрмайсың?

Орынбай орнынан самарқау ғана көтерілді

- Әділ-ау, қазақтың қонақасысы - бөлінбеген еншісі емес пе еді. Аш қарынға ермек қажет. Аш өзекке алданыш керек.

- Арамнан енші бөліспейік, ниеті түзелмеген үйдің

түтіні түзу ұша қоймас. Өлмессің. Жүр! Батырдың сәлемі бұрыннан да жетіп жатқан болар. Оны қайталағанда, қостамаған көңілдің қатқылдығын арқалап әкетіп, қайтеміз. Қой сойдым деп, шығынын ұлғайтып салмақтасар әлі. Соған сылтау бермейік, - деп Әділ артына қайырылмай табалдырықтан аттады.

Ілесе шыққан Орынбайдың шаужайыңа Өсербайдың ұлы жармасып жатыр.

- Құрдас, шалдың сөзін көңіліңе алма. Астыңдағы атың ұзақ жолға шыдамас. Құдай ақы сұраусыз, менің төл бәсіре дөненімді мініп кет. Жауға тастамайды ол. Өзім де кейін барып қосылармын. Әжеттікті бастаған ел сыңайын ұғам ғой. Әзірше әке ауқымы осылай болып тұр.

Орынбай үнсіз ғана ананың қолын қысты.

Әділ мен Жоламан кермеге тақалғанда, үйден асығыс шыққан қырмасақал адам, адымдай басып келіп, қолын кеудесіне төсеп тәжім қылды.

- Қарақтарым, сөздерің көкейіме әбден қонды. Ауылдан құр ауыз аттанбаңдар. Бірер қонақтық қозылағым бар. От басымды көріп, ырза болған көңілімнің батасын алып кетіңдер. Бірден кетсек те елден кетпеспіз. Елдіктен табылармыз. Үйге жүріңдер,- деп шылбырға қол созды.

Әділ Жоламанға, Жоламан Әділге қарап, не істерін білмей тұр еді, Орынбай самбырлап ала жөнелді.

- О не дегеніңіз, қария-ау! Байды бай деп мөңкісек те, өзіңізді өзіміз көреміз ғой. Ағайынды өкпелетіп, жын ұрып па бізді. Ықыласыңызға-ақ құлап тұрмыз! Бергеніңізді жалап-жұқтап қоймасақ, іні деп санамаңыз біздерді. Қане, бастаңыз онда!

- Рақмет, қарағым, рақмет. Алла разы болсын! - деп алға түсіп томпандай жөнелген шал ауыл шетіндегі қоңыр үйге бастап келді.

- Жайғасып, дем ала тұрыңдар. Қатын-ай, қатын! Қара бас марқаны ұстап әкеп берші!

Әңгіме-дүкенді қыздырып отырған Орынбай. Аратұра қиын сұрақтарға жауапты Әділ мен Жоламанға айтқызып алады да, сезімтал жанның елгезектігімен долбарлап жүйткітіп, жобалап соғып үй-ішін түгел қарқ қылды.

Бөгенбай батырды жұрт көрмеген алып қылып бір елестетіп, мақтап өтті. Одан соң кешелі бері Жоламаннан естіген мән-жайды таныстырып біраз баяндады. Ақыры айналып келіп, Өсербай байдың қылығына өз нысанасынан баға берді де, не ақтамай, не даттамай, баласының жомарттығына сындырып, судыратып өте шығып еді, Әділ шыдай алмады.

- Әй, Орынбай, тақымыңа ат тиген соң, ақылыңа шоқ түсті ме? Түтінің қалай шалқыды?

- Әділжан-ау, құданың құдіреті, асату тілеп көз сүзіп үйреніп қалған әдет те менікі. Соны бір жолға сен естімей-ақ қойсаң қайтетін еді? Ең болмаса, қыр асқанша көпшік қоя берейін де. Төбемді жасырған соң, байдың дөненін тайпалтып отырып, мен оның жеті атасынан бері шырқап, құлдыратып беріп, құлақ күрышыңды қандырам ғой, - деп еді, үйдегілер ду күлді-

Осында жылқышы, биеші, түйеші, қойшы тәрізді атаулары бар жүдеу иінді үлкендер жиналған екен. Өсербайды сыйласа да, қорықса да бұрын алдына шығып көрмеген байғұстар мынау тұста ақтарыла күліп, шер құмардан шығып алғандай үш жігітке кезек көз тастайды. Әсіресе сөзі өтімді, салмақты, аз айтып, көп тыңдатқан Әділге жиі жапақтасады. Көмейінде тұрған сөздерін айта алмай, бір-бірінен насыбай шақша сұрасып, итей ғана: “Әй, тегін болмассың! Жас та болсаң бас болғандай марқаска екенсің. Көп сынап, көп барлаған қарасың барды-жоқты түйіп жатқандай-ау! Әлі-ақ жарып шығарсың, құдай бұйыртса, батыр боп атың естілер, немесе көсем боп билігің тартар! Көбімнің көлдей тілегін ілгері сүйреген ниетің көрініп тұр ғой. Иншалла, соған жет!” дейтін толғаулары бар.

Үй иесі жиынның бір сәт томсарған тұсын пайдаланып Әділге тың сауал қойды.

- Қарағым, “түсі игіден түңілме” дегенді тиек еткен ағайын қауымың алдыңда отыр. Әлгіңде ойдағы күдіктің шетін шығардың да, түгел көрсетпей, тоқыратып тастадың бәрімізді. Ол, анау Өсербайға туған қыжылың делік. Енді осы оңашамызда анық шешілші бір. Ұлардай шулап босқын ел Самарқан, Бұхар жосыды дедің. Шет жағасын естіп жатырмыз. Қиқу естілсе, сойыл-шоқпарды көтеріп жаяу-жалпы аңдыздайын деп

отырған осындағы жұртың да аз емес. Соған оңтайланып өре тұрайық десек, ыңғайын таппаймыз ба, Өсербайлар қол байлай ма, және ұрып кете алмаймыз. Ішпен дауласармыз-ау, сыртпен жауласарға шақпақ отындай тамызық түсер ме? Соны кім тұтатады? Бастаушым бар ма? "Бөгенбай, Саңырық, Малайсары батырлар әр жерде соғыскан екен. Ойраттарды жеңген екен. Қалмақтарды қырған екен" дейтін қауесет дүңк-дүңк жетіп жатады. Сол өзі шын хабар ма? Әлде сыбыр-сыпсың, желік-желпіну емес пе? Шын ұраншым табылса, нағыз жоқшың боп елдікті, еркіндікті қуар сарбазың тағы да мына отырған, ақ қар, көк мұзды жастанған кедейің мен кепшігің. Жалшың мен малшың. Өсербайға өкпелеп, ауылдың бәрін біреуге бола жығып беріп, томсырайып кете беремісіңдер? Әлде зарыға аңсаған ақжолтайым өзіңбісің? Сендермісіңдер? Қай ақылың, қалай қарай сілтеуің бар? Айтып кет. Ақтаяқты ат қып мінсек те, адаспастай болып тастүйін отыралық, - деп қисынды сөзін жеткізді.

Әділ шұғыл өзгерді. Малдасын құрып алып, тік шаншылып отырды да, көзін шалға қадап қап, басын изеді.

- Дұрыс, отағасы! Бәсе, өзім де күпті боп тығылып қалғандай едім, бекер түңілгем екен ғой. Тасырлық жасасам, кешірім өтінем. Битке өкпелеп тоныңды отқа салма дейсіз ғой. Орынды оныңыз. Шама-шарқымша сауалыңызды тарқатуға тырысып бағайын. Тұспалдап, жорамалдап сіздер бүлінбеңіздер. Ермеді, сенбеді деп біз ренжімейік.

Рас. Шабуыл-шандуыл бірлікке әрекет араластырады. Өсер елге өрістің шаңы, соғыстың лаңы кесірі мен кесапатын ғана тигізеді. Соны бастайтын хан-сұлтан, би-төре. Ұрыс-қағыс, барымта-қарымта деп бүлік бастайды да, ұлан-ғайыр істі рулы елдің арасына батпандатып тастай салады. Көтерсе, бел көтереді! Көтермесе, ел кетеді. Үлкен түйінді шешкен боп содан кейін мал-мүлікке белден батады. Ол ол ма, көршіге көз алартып тағы бәле іздейтінін қайтерсің. Амал не, жылайтын да, зарлайтын да қара бұқара. Соған көзім анық жетті.

Ойрат дейтін ойран шықты. Бүлініп тиді. Қапыда

қан қақсатты. Алауыздық араласқан басшылар, жаңағы Өсербай кебімен әр жаққа тартты. Андағайлап шыққан бірі болмады. Енді бүгінде сол қапымызды қайтсек толтырамыз деп ат үстін мекен қып жан-жаққа шапқылап жүрген жайымыз бар. Ендігі сауын ханға емес қараға айтылды. Аужайды түюге әзір алыстау болғанмен, ел ыңғайы да біліне бастады. Малынан, жанынан, барынан айырылған қалың жұрт әлі де қансоқта екен. Онда қашса да, мұнда сауғаласа да - көргені қорлық, ішкені - зәр. Анау сұлтанның ондағы жылы-жұмсағы. Мынау байдың мұндағы домалатып жер тоқтысы. Соған қашанғы көнсін. Атой салса, аттандап ұмтылуға дайын тұр. Оған көзім жетті. Осы жолы Бөгенбай батыр Қазыбек биге жолығып, арқа елінің ағайынына, Орта жүзге салмақ салатын тәрізді. Жиын отырған туғаным бәтуасын берік байласа, бұдан шығып Кіші жүзді араламақпыз. Көп сабырдың күні өткен. Еңдігі тірлік түгел көтеріліп кек қуу. Келер жаз сардар сайлап алып, ат кекілін түйерміз. Ендеше, қамданыңыздар. Бір-біріміздің ішімізге қапысыз енелік. Озар төріміз, кірер көріміз бұдан былай бөлінбесін, ағайын! - деп Әділ сөзін бітірді.

Түн ортасында аттандаған дауыс ауылды бөрліктіріп оятты.

- Не болды?
- Жау ма? Қайдан шығыпты!
- Орынбай, аттарды ертте!

Дүрбелеңмен бірге тысқа ұмтылған қонақ жігіттер жұртқа ілесіп атқа қонды.

- Өсербайдың бір қос жылқысын алып кетіпті дейді!
- Қой! Бекер болар!
- Жылқышы Бүркітбай қанжоса боп келді ғой. Сол айтты.
- Апырай, Бүркітбайды түсірсе, онда жаудың тегін болмағаны!
- Не істейміз?
- Сұмдығы тағы бар. Өсербайдың жалғыз қызы қолды болыпты!
- Тек! Аяшты жаманатқа таңба! Ол байғұс түн баласында үйінен шығушы ма еді?

- Қайдам, мана кеште әкесі қызын еркекше киіндіріп жылқыға жіберіп жатыр еді.

- Әй, сұм-ай! Қауіп тосқан тұсын қарашы? Сондағысы анау үш жігіттен сақтанғаны ғой.

- Обал болды-ау! Тотыдай таранған сорлы сұлу сәтсіз шақта атқа мінген екен!

Даурыққан дауыстарды Жоламан да, Әділ де, Орынбай да естіп тұр. Орынбай ә дегенде үнсіз қап еді, кенет жырқылдап күліп ала жөнелді.

- Қызғанғаны қызыл итке... Шоқ-шоқ! Кім де болса нар жігіт екен!

Әділ ақырып қалды.

- Жап аузыңды! Неменеңе жетісіп тұрсың? Бағы ашылмаған байғұстың соңынан ілесер сорына күлемісің? Бақытсыз талайына күлемісің! Абыройын ойладың ба?

- Ойбай-ау, сонысы бар екен ғой. Ал, онда аянбайық! - деп дөненін лықсытып Орынбай қозғала берді.

Бұл кезде басын таңғызып алған Бүркітбай жол бастап алда келе жатыр еді. Іркілместен екпіндете шапқылап барады. Жаудың кеткен тұсын бағдарлап қалған тәрізді. Бөгелер емес. Соңынан дүрсілдете қосылған жігіттердің қарасынына көңілі тола ма, ат тізгінін қағар емес.

Әділ Шалқұйрықты өңмендете жылқышымен қатарласты.

- Қарасы қанша?

- Онша көп емес. Әрі кетсе он шақты ғана болар. Қапыда бас салып, бармақ тістетті ғой, әйтпесе...

Бүркітбай тымағын көзіне баса киіп, құшырлана қамшы басты. Астындағы құр айғыр көсіле жүйткіді. Шалқұйрық та құйрық тістесті. Жазық даланың қарсы ұрған желі қалың кекілді кейін шалқытып, дудыратып жіберді. Тізгінді сүзе тартып, Шалқұйрық озып шықты.

- Байқа, бала! Жазым болма! Кеп қалдық. Қарақшылардың құлдырмамайы бар еді, абай бол! - деп Бүркітбай шауып келе жатып ескертіп өтті.

Бір кезде шұрқыраған көп жылқының дыбысы білінді. Қуғыншылар сәл топтала түсті де, енді түйдек-түйдек ағындады.

- Алдынан... қиғаштай озып, тосып алайық.

- Сақ болыңдар! Сәнімайды айырып қалуға тырысыңдар!

- Алыс елдің ұрысы болса, малды тастай қашады. Адамымызды жіберіп алмайық.!

Иек артпадан асып түсісімен қуғыншылар көп жылқының қарасын көрді. Айқай-озан түнгі даланы жаңғыртты. Тебінісіп, қамшы басысып, лап-лап ат қойды.

- Аруақ! Аруақ!

- Ұрып таста!

- Ұмтыл! Ұмтыл! Қапта!

Шоқтай боп, із-өкшеге қадалып түскен сойыл шоқпарлы, айбалта-найзалы жігіттердің шылқымай майдан аңсаған ашулы, ызалы үндері жеткенде, қарақшылар малды тастай қашты. Алға үзіліп екі қара шықты. Бірі - басшысы, екіншісі - Сәнімай. Сәнімайдың шылбыры ананың қолында. Екеуінің астындағы аттар да желқайықтай лыпып тұрған сәйгүлік. Аяқ тастасы түзеліп, жел өтінде тынымсыз толқыған ақ селеудің түбіндегі майда топырақты күреп лақтырады.

- Қап! Босқа құритын болдық-ау!

- Ақыры бәлеге ұшырады деген осы! Қаскөй Нақыпбекке ілескенде-ақ түбінің осылай боларын болжап едім-ау!

- Әй! Неге атпайды? Құлдырмамайдан ең болмаса бір оқ шығарса, қуғыншылардың беті қайтар ма еді?

- Нақыпбек сені қайтсін? Байдың қызы құрығына түскен соң, қос жүйрікпен құтылып кете барады. Құм қабатын сен боларсың. - Қашып келе жатып сасып сөйлеген жігіттер қу жанды шүберекке түйіп алып, бытырай жөнелді. Құла тұз, құм сахараның бір пұш-пағынан пана тапса, шашылған құмалақтай ізім-қайым жоғалмақ.

Әділдің көз баққаны - қатар жүйткіген екі қара. “Құтқармаспын! Құтылмассың!” дейтін асығыс тілекпен Шалқұйрықты барынша көсілітті.

Кенет... Зу етті құлақ түбі.

“Әй! Қапысыз қалайын дейсің-ау! Қол жітілігің жоқ екен! Жарайды-ақ! Аяспаспыз!”

Қорамсаққа қол созып, сұр жебені сумаң еткізіп суырып алды да, қос жауырынды ыңғайлап ұстады. Шалқұйрық тізгін босаған кезде қалықтап ұшқан құстай, еркін жазылып араны жақындастыра берді.

Еркектің жауырын тұсына темір масақтың ұшы екі-үш рет оқталып барып, дірілдеп тайқып кетті. Дірілдеп қайта тіреліп де, сусып бұрылып, қос атты қосып, керме боп керілген қыл шылбырдың орта шенін қапысыз тіміскілеп тұрып қалды.

Әлсіз ысқырық ауа тіліп, ұзап барды да, серппенің баяу ызыңы сейілгенше, әлгі керме-жіп, керме-қысас қақ бөлініп, екі ат екі жаққа жалт-жалт берісті.

Құлдырмамай от алғанша, жалт берген жүйріктің үстінен ұшып түскен қыздың орнын сипап, ердің алдыңғы қасын қой құмалағындай қорғасын жұлып әкетті.

Әділ ағындап келген бетте, Шалқұйрығын шап-шыта тоқтатып, секіріп түсті. Жүгіріп кеп құлап жатқан қызды жерден көтеріп алды. Сәнімай көзін ашты.

- Тірімісің, саумысың, қарындас?!

Сәнімай тіл қатпастан бұлқынып, құшақтан сусып шығып кетті.

- Қолыңыз жүгіріп үйреніп қалған екен. Әдетінен жазбады-ау! - деп, бөркі түсіп, иығына төгіліп тұрған қолаң шашты қос жұдырықтай қылып желкесіне түйіп алған Сәнімай, шаң қапқан үстін бірер қағып қойды.

Оқыранып келіп иесінің бетіне тұмсығын тигізген Шалқұйрықты тізгінінен ұстаған Әділ әнтек басын шайқады.

- Апырай, қас құшағынан құтқарған дос алақанын дәл бұлай қатты серпкенді бұрын-сонды көрмеп едім! Не дерімді білмей тұрмын, қарындас. Ойымда өзгешелік жоқ еді. Өрескел санасаңыз, айыбым мойнымда, - деп атына қарғып мінді де, анандай жерде шылбырын сүйретіп қасқыр бүлкекпен кетіп бара жатқан қыздың көлігін ұстап әкелді.

- Атыңызға міниңіз!

Осы екі ортада баска қуғыншылар да оралды.

- Қап! Құтылып кетті!

- Аттарымыз барлығып қалмағанда, құтқармас едік!

- Өздерінің аты-жөнін білдіңдер ме?

- Оны мына Сәнімай білмесе, біз қайдан білейік!

Бүркітбай Сәнімайдың қасына жақындады.

- Қарағым-ай! Аман-есен көрдік қой! Жүрегің ұшып кеткен жоқ па? Құдай-ау, бір сордан сау қалдың ғой. Ақсарбас, ақсарбас! Өсекең бір шашылатын болды. Аруақ жебеді деп осыны айтад та! Қарағым, бір жерің ауырып қалған жоқ па? Ойбүй! Мынау еріннің қасын дал-дал етіпті ғой! Тіфә-тіфә! Жан олжа! Өзі де бір жаннан безген неме екен! Көзі қиып қалай атты екен десеңші! Шіркіннің кім екенін білсек қой!..

- Білетін түгі жоқ, аты - Нақыпбек! - деді Сәнімай.

- Нақыпбек дейді?!

- Ойбай-ау! Осы көктемнен бері бөрліктіріп жүрген атышулы қарақшы Нақыпбек пе? Талайды қан қақсатқан, Тілеуқұл дейтін Кіші жүз биінің інісі - Нақыпбек пе?

- Сол да? Ел қарғысына ұшыраған ит еді. Иттігін қоймаған ғой! Қап! Бекер тірі жібердік-ау!

Бүркітбай Сәнімайға өз ер-тоқымын ерттеп берді.

- Сәнімайжан! Мына құрбың болмағанда, сен бізге жоқ едің. Алғыс-құрметіңді көрсет! Қадірлі қонағың ет! - деп Әділдің шылбырына оралды.

Әділ шылбырын сусытып алып, басын изеді.

- Қарындас алғысын да, ризашылығын да айтқан. Қонақ боп жатуға жер тығыз. Уақыт жоқ. Көңіл-деріңізге разымын. Бізді бөгемеңіздер.

- Оу, оу, о не дегенің? Ақтүйенің қарнын жаратын күн емес пе? Байдың малын бір қайтарып, абыройын тағы сақтап қап, елеусіз кетемін дегеніңе жол болсын?

- Солай боп тұр. Дәм тартса, арнайы соғармыз кейін. Ал, дәл қазір қолқа салмаңыз. Жоламан, Орынбай қоштасалық, - деп Әділ бұрынғы енжар, самарқау қалпын тағы тапты.

Үш жігіт топтан жырылып, аттарын аяңдата жөнелгенде, Сәнімай шоқытып қуып жетіп, қойындағы әлдебір түйіншекті лақтырып кетті. Орынбай лып етіп қағып алды.

- Рақмет, құрбым! - деді қыз Әділге жалт етіп.

Даусында діріл бар еді. Бұрыла шоқытқан ат тұяғының дүбірінде көміліп кетті. Жауабын тосқан жоқ.

Әділ әлдебір қалың ойдың құшағына шомған. Қарсы алдындағы шашыраңды шоғыр - түп қараған, қалың ши, қопалы бұтаны түн қойнынан анда-санда түгендегендей суырып алып, қадалып қалады да, қайтадан ер үсдінде бір жамбастай отырып қиял қуалайды.

“Дала мынау. Дүбірі, айқай-шуы әлгінде тұтанып барып төңірекке сіңіп жоғалып, артынша-ақ бұйығы, меңіреу қалпына қайта көшіпті. Ештеңе болмағандай. Сәнімай да, Бүркітбай да қарақшы Нақыпбек те жоқ. Бірі қалмаған. Тез өзгеріп, жылдам ауысатын қырдың ала құйын соқпасындай лап етіпті де, басылыпты. Сонда көңіл жұбатарлық алданыш не? Бар ма сол? Жалғыздық билеген жанымның күтері немене? Көз қиығынан серпіп, шарпып жеткен мейірлі қарас па? Ол қайда? Тұтқындық күйден ажыратқан сәтімде сағымды сындырғандай тап берген қатқылдыққа өкпелеймін бе? Мүмкін ол қыз да ширығып тұрып, адам біткеннен зәбірлі көңілдің қоңылтақсыған жүдеулігімен жерінген шығар. Мынау аумалы-төкпелі тірліктің қызу-қызығын, желік-желдірме шаттығын көре алмаса, көкіректегі қуыстан қуаныш тұрақтар мекен сайламаған ғой. Шағын ауылда сан алуан жан бар. Бәрі бірдей ме? Ықыласты ынтығын күткендей асып-тасып жатқандарының қолы қысқа. Ұзартуға еріксіз. Қайран-ай! Қашан ғана берекеленіп, бедерленіп шығар екен? Шығар-ау. Тұныққа тас лақтырған Нақыпбектер тұрғанда тыныш, тымырсық күйде қала бермес. Әй, Сәнімай! Ойлар ма екенсің? Баз-базда жақсы тілекпен еске алып, келеңсіз сәттің тез айыққанына қуана отырып күлімдеген кезіңде, бұлк еткен жүрегіңнің бір тамшы қаны оқыс дуылдап кеткенде көз алдыңа оралсам... Әй, не ойлап барам! Туған жер! Кеңсің де тарсың! Қилы кезеңді елестеткенде ашу мен ызадан жарылардай күйікке бөленіп, бір өзіңе сыймастай өрекпісем, алыс-қиянға шашыраған ағайынның басын қоса алмай шаршағанда, кеңдігіңе және ренжимін. Дала! Далам менің!...”

Әділ айлы түннің мөлдір жарығында алдына ұзақ үңіледі. Қиыс соққан желмен ақ селеулі дала көк

теңіздей баяу толқиды. Жыбырлап қалып, жиі қозғалып, баяу ғана сыбдыр қаққандай, сыбыр бергендей тыншымайды. Не айтпақшы екен? Дала деп еміренген перзентіне алыптай аналық мейірдің шын сүйінішін осылай толқып, сыбырлап, осылай шалқи керіліп білдіріп, ұқтырып жатыр ма? Күндізгі жасыл желек, көк шалғын, қызыл жон, ақ қайқаң, күрең бел түстерінен айырылып, бір ғана толқымалы бозғылт реңмен құбылған қазіргі өңінен ұяла ма?

Сүрлеу тік өрлеп ұзын жотаға іліккенде, ат тұяғы тасқа тиіп, маңайды әлсіз жаңғырық қыдырып кетті. Шұлғып қойып, жал-құйрығын шуылдата аяңдаған аттардың пысқыруы жиіледі. Таң қараңғысы таяу ма - жел екпіні бәсеңдеп тұрды да, бие сауым уақыт ішінде сап тыйылды. Ақ селеудің толқын-дірілі жоғалды.

Орынбай қатарласты.

- Әділ-ау! Бойжеткеннің не бергенін білдің бе? Түп-тура бір тоғыз. Алтын жүзік, күміс сақина... Кішігірім қалың мал! Мә, ырым болсын! Сен болмасаң - бізге мұндай олжа қайдан келсін. Өзінің “рақмет, құрбым!” дегендегі қиыла қалғанын көргенде, түп-тура, құдай біледі дейінші, шылбырына ма, бұрымына ма, құрбандық боп оралып, ілесіп кете барар едің. Ал, біз, кім білсін, күйеу жолдас болып па, әйтеуір үлкен тойдың ортасында масайрап отыратын едік. Не керек. Осымен аузымыздан тағы қақтың! Мә!

Әділ аларып бір қарап қойды да, ләм деместен жүре берді. Жоламан серігінің жүдеу тартқан жүзін көріп қап еді, ішінен: “Апырай, науқас емес пе? Өңі қашып кетіпті ғой!” деп сезіктенді де, Орынбайдың тізесінен қысып қалды.

- Кейін... Кейін берерсің.

- Ә, жарайды онда. Менікі өтілу. Енді арым таза. Дегенмен, Жоламан-ау, осы сендер маған түп-тура Қыдыр болып жолықтыңдар. Құдай біледі дейінші, міне астымда дөнен, қосарымда шобырым, қойнымда қыз сәлемдеседі. Менен артық олжалы жан бар ма бүгін? Көрсетші соны! - деп желпініп алған жігіттің тақаты қалар емес.

Ендігі бір сәтте үшеуі де біржолата сөзден тыйылып,

үйме-жүйме шоғырланып қатты аяңнан ауыспай салдыртты да отырды. Жарты табақ ай бозғылданып тұрды да, көкжиектен шашырап өрген таң шапағына тайталас келе алмай ашық аспанға сіңіп, көмескі тартты.

Пыр етіп бозторғай самғау көкке атылды.Қалықтап тұрып алып, тірлік-ғұмыр, тірлік-дәурен, өмір-тілек әнін төкті.

“Түу, сайрауын пәлекеттің! Кіп-кішкентай болып алып, соншама үздігуін қарашы! Керемет сұқтанды-ау! Апырай, алтындай алаулап атқан таңды қыр басында қарсы алғанда құс екеш құс құрлы селт етпей қалатын кездеріміз болатыны несі екен? Дүниедегі ең қадірлі, ең ғанибет нәрсе - өмір екен-ау! Көз ашып кірген жалғанға қызыға қарап, елти қуанып, сырын-жұмбағын, құпиясын- қадірін түсіне білсек, одан артық бақыт бар ма еді? Неменеге торықтым әлгінде? Мынадай салтанаты мол тіршіліктің бір жұтым таңғы, таза ауасы дертіңнен, бар шеріңнен арылтпай ма? Сарайым кеңіп сала берді-ау! Туған жердің құдіреті осы болар!”

Әділ жан-жағына қарайлап келе жатыр еді, ұсақ адырлардың түстікке қарай салбырап тоқтаған тұмсығындағы ұзын аңғардан жалғыз терек бой көрсетті. Дауыс жетер жерден шалынған қазіргі тұрқы ғаламат. Таң бояуында балақтай өскен қалың шілігін бауырына тығып, кең жайылып, шалқая күмбезденіп, аспандап мойын созып, ерекшеленіп тұр.

- Анаң қараңдар! Жалғыз терек!

Орынбай сабырсыз, шапшаң мінезбен тағы да шыдай алмай, іркіліп қалған Әділдің алдын қосарлы көлігімен орағытып кес-кестеп, бір күліп алды.

- Оу! Әділ-ау! Бұл дегенің атақты терек! Айтпақшы, сендерге алдын ала айтам ғой деп келе жатыр едім, ұмытып, тарс есімнен шығарып алғанымды қарашы! Құданың құдіреті, осы терек бұл өлкеде басқа жерде кездеспейді. Ал мынаның нәндігіне көрген жан бір танданбай қоймайды. Екі-үш адамның құшағы әреңәреңжетеді. Өздерің көресіңдер ғой қазір. Оу, неғып тұрмыз! Қозғалсаңдаршы! - деп Орынбай дегбірсізденіп одан сайын деміге түсті.

- Е, батыр-ау, жол бермесең қалай қозғаламыз енді?

- Әй, Әділжан-ай, кей-кейде өстіп есім шығып кететіні бар! Ол енді бір жағы мақтаншақтық та шығар, дегенмен жалғыз теректің жөні бөлек, жөні бөлек! - деп Орынбай бұрылып алып шоқыта жөнелді де, ағашқа он шақты қадамдай қалғанда атынан түсіп, жаяулап тартты. Жақындай беріп, тізерлеп отыра қалды. Қос алақанын жайып, алдына көтерді.

Жоламан мен Әділ де жаяулап, шылбырын сүйрете келіп, серігінің екі жағынан жүрелеп отырды.

Орынбай күбірлей түсіп, шұбыртып жатыр. Әредік күңгір-күңгір еткен даусы естіліп қалады. Ондайда “Қауқарым, қанатым бол! Жебеушім, желеушім бол! Алыс кетсем, сағынып оралар қазығым бол! Кіндігім бол!” дейтін анық аңсау, шын көңілдің тілеулес дұғасы төгіледі. Дәл қазіргі ұзақ отырыс, мол жалбарынуында: “Алтын бесік, ақ босағаның қымбат бір белгісін кеудеме сіміріп, әкетейін! Мәңгі ұмытпастай жадымда тұтып қалайын!” дейтін перзенттік ыстық тілек бар. Кеберсіген тамақтың түйдек демі бірде сөз боп, бірде діріл боп лықсып жетіп, жоғалып өшеді.

Әділ аңқылдақ, ақпейіл серігінің өзінің бүріскен саусақтары мен айбынданып жапырақ жайып тұрған алып терекке кезек сүрінген жанарына көлденеңнен көз тастады. Адам жүзінің бір сәтте сан құбылар кезін алғаш сезгендей болды. Орынбай әлдекімді қатты сағынып, сол сағынған жанды қазір ғана бір көріп, қайта жоғалтып алған адамның есеңгіреген күйін үнсіз кешіргендей, төңірегін де, өзін де түгел ұмытып кетіпті. Саусақтағы әлсіз дірілді енді тұлабойда тегіс жүгіртіп, қалшылдап, селкілдеп кетті де, жалмажан есін жиғандай, кірпігін жыбырлатып қалып, бетін сипады.

Әділдің көзіне түйін жас оралды. Соны сездірмеуге тырысып, өзгелерден бұрын ықшам қозғалып тұрып кетті де, теректің дінін құшағына қысты.

- Жарықтықтың жуанын-ай!

- Айтпап па едім, керемет деп! Бұдан артық құдірет бола ма? Құдірет болмаса, айдалада жапа-жалғыз, топ шіліктің әкесіндей, түу, әкесі не, атасындай, тіпті бабасындай болып оқшау тұра ма? Өздерің қараңдаршы! - деп Орынбай екінші жақтан келіп

құшағын жайды. Қос құшақ сонда да қабысқан жоқ.- Әй, Жоламан! Бері кел! Әне жерден қолынды соз! Міне, жаңа ғана жетті!

Әділ терек түбіндегі көк майсаға шалқалай жата кетіп, ұшар басына көз жіберді. Қайда!.. Жан-жаққа бұтақ жайған алып ағаш тұтасып, жапырағын үнсіз билетіп қоп-қою шатыр боп, көмкеріп тұр. Баяу сыбдыр қосылып шыққанда, құлақ түбіне әзиз ананың уілді, еміренулі үнімен бесік жырын ақырын тебіренткендей естіле ме, қызық хикаялы аңыз-ертегіні ұзақ толғаған халіндей сергектік сезіле ме, Әділ көз алар емес. Дәл қасына келіп жантайған Жоламанды бауырына қысып, сүйіншті, сәулелі жүзін жасырмай алғаш рет жадырай түсіп, дос құшағын ұсынды.

- Ұмытпайықшы осы бір теректі, Жоламан! Қанды қырғын, жорық-жортуылда бейбіт өмір тынысындай, жақсы күндер белгісіндей сақтап қалайықшы! Сөйтейікші, Жоламан! - деді.

Жоламан жас жолдасының өзгеше құбылып, ынтыға мерейленіп қарағаң жанарынан жүзін аудармай басын изеді.

- Ұмытпайық, Әділ! Неге ұмытамыз? Жақсы тілек айттың-ау! Жақсы айттың-ау! - деп ұмсына түсті де, сәлден соң апыр-топыр алысқандай екеуі бірін-бірі сығымдай берді.

3

Азаннан бұлыңғыр тартқан аспан түс қайта қара бұлтпен тұтасып, күздің майда, сылбыр жауынына ұласып, жиі бүркіп тұр.

Қоңыр үйдің түңлігіне бақан тіреп, көлденеңдете саңылаулап қойыпты. Ортадағы қазан астындағы ақ тезектің жалынды оты түтінсіз шалқиды. Анда-санда есік ашылғанда жел өтімен ұйтқып қалған көгілдір түтіні оң жақтағы ағаш төсекте жатқан Қазыбек бидің мазасын қашырды.

- Апырай! Көңіл құлазыған кезде дүниенің тегіс жау болып анталап тұратыны несі екен? Түтін екеш түтін де көзді ашытып, қолқаны қабудан жаңылар ма?

- деп кейи сөйлеп, іргеге аударылды. Қасқыр ішіктің бір өңірін басына бүркеніп еді, түгі тікірейген көккасқа қылшық бетіне тікендей қадалды. Осы ащы шаншулар енді жүректе тілім-тілім боп жатқан бітеу жаралардың талаураған ісігін қайта тырнап кеткендей, құрысқан денені онан сайын бүрістіріп әкетті.

Қазыбек би ауыр күрсінді. Оң жақ самайы жылып қоя берді. Алақанымен сипап еді, саусақтарына дымқыл білінді. “Қартайғаным ба, сорғалаған жасқа тыйым жоқ екен-ау!”

Жас. Көз жасы. Соңғы жылдары көргені мен сезгені, зеріккені мен жиренгені көз жасы ғана. Шық тамшыдай мөлт-мөлт домалаған талай жүздегі мұңлы қайғы мен ащы қасіреттің айғағы ол.

“Неткен мол еді! Бір жерге жинаса, көл боп толқыр еді! Қайдан ғана мөлтілдеп келе береді? Ыршып шыға береді? Қаншама таңдыр боп тартылған әрсіз сұлық, нұрсыз күлгін жанарлардан саулаған бұлақ-жастың құйылар, тамар құнары не? Шүлен шөлдің түпсіз құрдымы - қатыгездік пен тасбауырлық па? Жауыздық па? Ол болса, шөлдің құрдымы болса, көз жасына, “толдым, қандым!” дер ме?”

Ішікті серпіп тастап, шалқасынан аударылды.Уыққа байлаған терме желбаудан үзіліп түсіп, маңдайын суық тамшы шылп етіп ұрды.

“Қап! Пай-пай-ай! Қайда безіп кетер еді?!.”

Сырғанап кеп әлгі тамшы көз ұясына құйылды. Құйылды да, жаспен бірге жарысып, қыр мұрынның қос қапталын қуалай төмен құлдырады.

“Қашқанда қайда барып паналармын? Сая болар жер қалды ма? Қалдырды ма тағдыр ит? Жоқ қой сол өзі! Сонау сансыз жұрт тағылдай жөңкіліп іздеп, бұтадай пана болар ықтасын таппағанда, жалғыз тентіреп мен не тындырам? Көңілдің аңсауы - жұбаныш па? Ал, жұбандым-ақ дейін. Сонда сол уанышқа алданған кеуденің шерлі ызыңы біржола басылар ма? Қызуы қайтып, ызасын азайтып, дертіне үнсіз көміле берер ме ол? Көмілген сайын көне берер ме? Сонда соған иліктіретін құдірет қандай? Тағдыр дейтін күштінің ноқтасына еріксіз бас сұқтыратын ол қандай тылсым? Ал, бас сұққанда өксіген жүрек шынымен жұбанар

ма? Ықылық атқан кеуде кәдімгідей сабасына түсіп, байырқаланар ма? Өйткен күнде кемел ой, келелі кеңес дейтін тоспаны оң бүйірден қылтитып отыратын мынау дөңгеленген дүниені тегіс ұмыту қажет емес пе? Әйтпесе ширыққан жүйкенің құлағын босатып, тиегін ытқытып жіберетін шебер саусақ көңіл пернесінің де тізгінін түріп, айдап тастар ма? Тастай алар ма? Тастасын-ақ. Онымен не тынады? Көз көрмегенді көңіл сезсе, құлақ естімегенді жүрек қабылдаса, сарнаған жанның көй-гөйін қай қуысқа жасырып, қай көмбеге ұрлап тыға алар? Соның ұлыған қасқырдай бебеу қақтырған ырылын, байыз тапқызбас ащы сұңқылын әр түйір қанның лүп-лүп соққан тынысымен бүкіл тұлабойда дуылдататын өкінішті қыжылын өшіре алатын жеті қат жердің лахаты бар ма еді? Дүрілдеп, дауылдатып өре тұратын намыс атты қайсар тентек қамшысын оңды-солды сермеп, қабағыңнан қар төккізіп қасқайып шыға келсе, не бітіресің? Алданыш тұтып саусақ сорған күйіңді зымзия жоғалтып алып, қайтадан қара бұлттай қоршаған қаралы ойдың тұманында адасып кете барарсың-ау. Кете барасың! Сүрлеуің қайда? Соқпағың қайсы? Бағытың қай тарапта? Тығырыққа қамалып тұрып азан-қазан ұлыған ішіңнің қым-қуыт ыңқылынан жаның түршігіп безе қашқанда, оқпаннан апанға құлап, жартастан жарға домалап, шеңгелден шеңгелге жығылып жатқаныңда, қол ұшын берер кімің бар? Қылаң етер ме сол шіркін? Қиялап келіп, шылбыр тастап, шыңырауыңнан сопаң еткізіп суырып шығарар ма? Ал, сөйтсін-ақ! Одан арғы жобаң не? Жөнің қандай? Қанжығасына жармасып, тізесін құшақтап әлгі құтқарушының соңына ілесе бергенің бе? Қайда апарады? Қай ұшпаққа бастайды? Соқырдың таяғындай түртінектеген сол жанның өзі де адасып, бір кезде титықтап тұрып қалса, алғашқы адасқан сайыңнан кейінгі тап болған жыраңның несі артық? Сейілу үшін бе, сенделу үшін бе сәтке ғана суық алақаныңа леп қосқан жылы саусақтың қайтадан мұздай боп қарып түсуін тоса түскенде не ұттың, не таптың?”

Есіктегі әйел бір құшақ жапа көтеріп кіріп, қазан

астына қалады. Су тезек бұрынғыдай маздап жанбай, әрі ащы, әрі көк түтіні көбейіп, қолқаны қапты. Қазыбек би ағаш төсекті ыңыранта, ауыр денесін кілт серпіп, сол бүйіріне аунап түсті. Керегеге тұтқан қорасан кілемнің қалың түгіне маңдайын тигізе егеп-егеп жіберді.

“...Дүние - толқын. Лықсып туып, ығысып шегінеді. Адам - лек, ұрпақ - лек ауысып жатады. Сонда деймін-ау, осынау қонақ дәуреннің қасқағым мәуритінде алысып-жұлысып, жағаласып-жауласып өткенде пенде шіркін нені аңсайды, нені көксейді? Ырылдасып иттенсін, арылдасып қасқырлансын, ал адамдығы неде? Қасиеті қандай? Қаскөйлігі ме? Ауызданғаны аппақ төстің ақ уызы емес пе? Алғашқы естігені ана әлдиі мен бесік жыры еді ғой. Табалдырықты аттаған бойда төбеге жетпей-ақ төбелесе жөнелетіні қалай? Белдеуге сүйеген құрық пен құдыққа салған қауғаның кейде қан, кейде зәр ішкізетіні неліктен? Әлде әніміздің айтағымыз көбейіп, еміренуімізден ежіреюіміз асып түсіп жатқанын сезбей ме екенбіз? Аяладық дегеніміз алдау болып шықса, ақыл деп сепкеніміз тақылдық боп егілгені ме? “Бір көрпенің ішіндегі он аяқтың, бір түндіктің астындағы он бастың сан қиялын бір көгенге матадым!” дейтін мықтыны көре алмап едім, сірә қамшының өріміне кіріккен қаттылыққа ғана бас шұлғи бергенбіз-ау. О тоба! Бестемшенің суылы құлақ түбінде жиі ызындаса, жүрек түбінде одан қаһарлы бәйіт сақталар ма? Қырық құрақ кеңестен гөрі қылпып түсетін зіл ауыр соққыны білекке ораған бүлдіргіге салмақтап байлап отырсақ, қатынның сауыры мен баланың жонарқасы көкіректен де құнарлы болмай қайтсін. Қаскөйлікті өрбітпей ме сонсоң әлгі өнегең. Тұс-тұстан сол қаталдық пен қастандықты қаптатпай ма өндіршегің! Қамшың кейін сойылға жалғасып, соққың дүреге ауысып, айналып келіп өз маңдайың мен өз майқұйрығыңды қасқалап тілгілегенде, бармақ тістеген өкінішің кімге дәркер? У жеген қасқырдай айға қарап ұлып, жас жуған беттің өшпес таңба, кетпес мөрін қаныңмен тырналап айдалада өкіргеніңде, “шоқ, шоқ!” дейтін табалаушыларыңның да өз ішінде ырылдаған иті жанын

кеміріп жатады екен-ау! Жылмандаған жылымшы жүздің әжімінің әр қатпарына қулық пен сұмдық есебін ұрлап көміп, өсек өртін бұрқыратып тұтатып жіберіп, “үрит соққа” басатын көп шуылдақтың сол жалынның арасында үйтілген қойдай ырсиып құр жаны жүргендерін өздерінен басқа ешкім сезбейді деп ойлайтындары жаман-ау! Ал, сондағы қузайтындары не? “Көппен көрген ұлы тойдың” әурешілігі ме? Оның несі той? Бойының сәні, ойының нәрі қашқанда, даланың тағылығын тоғытып кеудесінің қуысына тығып, тырнақ пен азуды өзгеге аяусыз жұмсау үшін тыраштана ма екен? Тағылыққа өнеге муәсіп пе еді? Әй, бірақ өңештен өткеннің олар үшін өнегеден несі кем!”

Сырттан қатты жүріп келген ат тұяғының дүбірі естілді. Қазыбек қабақ шытты. Оңашалық тілеген қазіргі күйі ешкімді қаламайды. Бидің сол халін білетін ауыл адамдары бейсауат жолаушыларды қонақ үйге апарып түсірсе керек, дым бүріккен беймаза жауынның ұсақ шылпылынан басқа үндер сәлден соң пышақ кескендей тыйылды.

“...О тоба! Бірді ойлап, бірге кетем. Енді міне әлгіндегі ойымның желісін де үзіп алдым... Тіресуіміз аз. Тез қайтқышпыз. Басқа ұрса да, үн жоқ. Көзге шұқыса да, үн жоқ. Мөлиіп тұра бергеніміз. Ет өліп, теріміз көн қайыс боп кеткен бе? Бірдің билікке көнбей тулағанын мың қостамаса, әлгі байғұсты “бәдік!” деп маңайдан бездіріп, “ауыш!” деп ауылдан айдап шығамыз. Сондағымыз: көнбіс көңілдің сасыған тұнығы шайқалмасын, тыншу тірліктің есірік ұйқысы бөлінбесін деген бишаралығы ма? Ондай тірліктің несі әспет? Көгілдір таудың жеткізбес сағымын кірпіксіз көздің бір ғана сәтке іліп әкетер елегізуімен әсерлене желпінетін көңіл күйімізді неге жасырамыз? Түнек кеудеге түрткі салған әлсіз тілек қара қарынның бір тойғанымен ұмытылып қала берсе, таудың биіктігі, сағымның сұлулығы қай жанардың қиығында ойнар? Әркімнің өз шыққан төбесі асқар боп көрінсе, терең апанда отырған адам өз ойымен: “аяғымның астында Ұлытаудың шыңы жатыр!” демесіне кім кепіл? Ол шіркін өзгені қайтсін сонсоң! Өркөкіректің өрекпіген күйін “құйын!” деп ұғынып, қаңбақ қана домалатқан

желбуаздығын дауыл үйірген долыға балап, от басында ойнақтап, ат құлағында желігіп жүре бермей ме! Сынса - сойыл астында уық сынар, жыласа - қамшы тиген қатын жылар, шырылдаса - таяқ жеген бала шырылдар; атақ-шатағы ауыл-үйге ақсандап жетсе, тентек шіркін тірліктің басқа-басқасына түкіре ме! Дүниенің төрт бұрышына діңгек боларлық пенденің пендесі боп туа қойған жоқ қой ол! Ендеше, оған қатынның отыны - себеп. Баланың ойыны - сылтау. Шақыр ашуды! Мін аруаққа! Қыс тобылғы сапты дойырды қышырланып!.. Сілте оңды-солды!.. О тоба! Тағы да қамшыға ойысқанымды қарашы!..

Сол қамшы әлгі “батырыңның” өз арқасында ойнағанда қиқандаған жауырынның бүлкіліндей де сыбыс бермейді-ау! Иесіне еркелеген тазыдай күлмеңдей түсіп, үн-түнсіз жорта беретінін қайтерсің! Күпінің асты, терінің үсті, сабалай берсін дей ме екен? Десінақ! Күпісі тозар, терісі азар. Сол кезде не істейді? Азу егеліп, кірпіксіз көз бір-ақ мәрте шоқ атар ма? Әй, қайдам? Тым бұйығымыз ғой. Көнбіс қазақпыз ғой. Бұлк еткен бүйрек болсайшы. Ағасын ат омырауына соқтырып айдап келіп, байлап берген ініні сол ағасы кейінде бақан ала қуғанын көргенде, насыбайын езуден сілкіп тастап қарқ-қарқ күлген бітік көздің ырза күлмеңі таусылмас-ау! Неге таусылсын, өзара қырқысқан ағайынды екеуді өзіне қарсы келтірмей шырмап, матап тастаған анау бітік көз, жүнді қолдың алдындағы мыңғырған малы ғой. Әр қыл түгін найза ғып төсеп, әр тұяғын қылыш қып сермеп тұрған жоқ па! Оның үстіне аға мен інінің бітіспес бақастығы бауырды безге айналдырып, бәтуаны балталап қырқып жатқан жоқ па! Осыдан кейін ағаны іниге теліп, ініні ағаға жақындастырып көр! Қоныштан қанжар суырылып, жеңнен пышақ табылсын! Қарғыстың сорақысы болмаса, қасіреттің жеңілі жоқ-ау. О,тоба!.. Жеңілген жан өзіндей жеңілгенді жәукемдегіш! Жеңсігі жетімді жылатумен ғана басылады. Одан кейінгі кекірігі азған күндерді жымындап отырып еске түсіргенде, аспан асты, жер үстінде өзінен асқан жаубөрік жан табар ма ол. О, жалған! Осылай күпініп өте бергеніміз бе? Шырт түкіргенде, тау қопарғандай сестеніп, “тәк!” дегенде,

Әзірейілді көргендей ыға түсетін сорлылығымыз қай бұлақтың суымен сіңді екен? Қандай тамырдан нәр алды екен? Ерегісті ереуілден күтпей, ерлікті ерегістен іздеттіретін дәукестік қай бұтаның түбінде қансыратып құлатар екен? Сонда деймін-ау, құлап жатып та азуда жұлынып кеткен бір міскіннің шеміршек құлағын кірш-кірш шайнап,былш-былш түкіріп тастал,қас жауынды жәукемдегендей жалпақ дүниеге жарапазан айтып, мақтаннан жарылардай жар салып өтеміз ғой. Өтеміз.

О тоба! Осындай өрескелдікті талайдан естідім. Өзегін өртеген өкініші - өзектесін өлтіре алмағаны! Өзі өмірем қапса да, өңгенің оза шауып, өрлеп кеткенін көре алмайды-ау! Зар тілегі - зұлымдық! Ақсаққа тоқсақты қосып, мертікке шортықты жамай алмаған әлсіздігін аруақтың азғанына, тәңірдің тозғанына ғана балайды. Ит-ай! Қақ сойылдың сартылын, қара шоқпардың қақтығысын әні мен күйіндей сезініп, аттан мен ойбайға құдайы мен піріндей табынып, иісініп еріп, еміреніп ілескенде, кіндікке маталған құдіреті - Туған Жердің ақ төсін ат тұяғымен езгілегенін білмейді-ау! Түйсінбейді-ау! Әйтпесе мұңға бөккен көп кеуденің үнсіз ыңқылын бір араға жинаса, жер сілкініп, тау шайқалар ма еді? Неге сезсін! Сезбеген соң әркім өз сырын өзгеден қымтап, өз қотырын жасырып қасып, басқаның қотырына тұз себуге құштар-ақ!”

Үйге бәйбішесі кіріп, төсек алдына дастарқан жайды. Кимешегінің үстінен қоқырайта ораған күндігін шешіп алып, адалбақанға ілді. Бұрылып отағасына елеусіз көз салды. Баяу күрсініп қойып, бәсең үн қатты.

- Биаға, (бәйбішесі де жұрттың ыңғайымен “Биаға” дейтін), ас түсірейін.

Қазыбек басын көтерді. Мамырлап қозғалған жұбайы сары жез легенді төсек алдына әкеліп, биік құманның шымшым суын саусағының ұшына тамызды.

- Жылы екен, қолыңызды шайыңыз.

Тамақ үнсіз желінді.

Дел-сал дене ағаш төсекті қайта жамбастады.

Үзік-үзік ой буып, үзік-үзік елес тізілді.

***

Кешеден бері күн қабағы ашық, Жауын жуып өткен жерлерге шуақ себілгенде, кәдімгідей көгеріп, жас құрақ бас қылтитқан. Ұлытаудың ұшар басында қар жатыр. Ол тұстан леп келгенде, салқын сыз білінеді.

Жайлау қызығы алыстап кейінде қалған. Күзекке көшетін жұрттың да легі онша мәз емес. Ертеректегі қалыптасқан әдетпен үлкен ауылды төңіректей қонатын көрші-қолаңның шоғыры бүгінде азайған еді.

Бұл кезде ұры-қары көбейіп алған. Есе даулап, ерегіс қуатын барымташыл сергек топ емес олар. Бірлі-жарым қашқын-пысқын жандар саяқ бөлінген жылқыдан екеу-үшеуден жымқырып қалатынды шығарған.

Ол - заман қысымы, ел әбігерінен туған әрекет.

Қазыбек аулы оңдай “алып кетті! Шауып кеттіден!” әзірше аман. Соған қарағанда аштықтан бұралған байғұстар “арам жесек те, адал жейік!” дейтін ниетпен бидің еншісіне тиіспей, құрықты қайдағы жоны жотадай, қиғылықты байлардың қылқұйрығына салатын тәрізді.

Кеше кештетіп ауылдарына бір топ қонақтың келіп түскенін естіген Қазыбек ертемен жолаушыларды үлкен үйінде қабылдады. Қасқыр ішігін желбегей жамылып, малдасын құрып алып төрде отырған, есіктен әрең сыйып ілгері аттаған еңгезердей Бөгенбай батырды көргенде калбалақтап, алақанымен жер тіреп, орнынан үш ұмтылып көтерілді.

- Бөкембісің?! Келіп қалдың ба? - деп құлашын кең жайып, батырды қаусыра құшақтап, кеудесіне қысты. Сүйеп келіп дәл қасына, оң жағына отырғызды.- Апырай, дәтің неткен берік еді, Бөкем! Аңсағаным, іздегенім өзің емес пе едің? Ауылда түнеп шығып, ең болмаса, келгенінді білдіріп, көңілімді жайлантсаң еді! Жөн-жосықсыз жандай елеусіз тығылып жатқаның қалай? Бір күн болса да лебізіңді тыңдап, мұң-шерімді басар ма едім. Енді сен де соны маған көпсінгенің бе? - деп өкпе айтып ағалық базына білдірді де, үлкен көздерге дем арасында жылу үйіріп, ішке кірген басқа меймандарымен жайдары амандасты.

Бөгенбай сәл-сәл бас изей түсіп, жақсы ағаның

кейісті өкпесін бейіл бере тындады да, шоқша сақалын уысына қыстырды.

- Қазеке, менің уантарым мен қуантарым аз ғой. Соны ойлап бой бағып қалып едім, айыпқа бұйырмаңыз.

- О не дегенің' батыр! Ел-елге сауын айтқан сенің хабарың сырттан сүйінткенде, қасымнан қуантпай ма? Айта отыр, сөйлей отыр, - деп қолқа салып, тілек қосты.

Бірін бірі тосып, көп жосыған екеудің әңгіме-кеңесі жас Әділге үлкен сабақтай. Ұйып тыңдап, бар зейінін түгел аударып, үндемей қостап отыр.

Білмегені көп екен. Үлкендердің әңгімесі әр саққа бір соғып, тың тұстан ой екшегенде жас жігіттің көз алдына түйдек-түйдек өмір-тірлік бейнелері, тарих елесі тізбектеліп келе берді.

“Күлтөбенің басында күнде кеңес!” Ол да бір пайғамбар заманындай тамсандырған берекелі дәурен екен. Хан Тәуке өз мәмлакатының нық қадаған шегесін сомдап жасап, тірегін құрсаулап беркітіп, “жеті жарғысын” қабылдапты. Заң-низамын шығарыпты.

Сыр бойындағы жиырма бес қала... Егінжайдағы жайқалған астық, өріс толған қос-қос алалы жылқы, отар-отар ақтылы қой.

Солар... сол тірлік, низамды мәмлакат қайда бүгінде? Қайта жетерміз бе? Халық қаһары шынымен-ақ біржола өшкені ме? Кім кінәлі?” дейтін тынымсыз ойлар Әділді босатпайды.

- Әй, Бөгенбай-ай, менің сарқыла ойлағаным кімге дәрі! Аулақ жатып, ішімді күйікке толтырғанда, мен сол... сонау көп жылауды естімейді деп пе едің? Ұлардай шулап қалған жұртыңның күңіренген даусы құлақ түбімнен бір арылды ма? Кімге мұң шағам? Болатың ба зар ұғар? Хандығының аты бар да, заты жоқ қой. Ордасын жауға алдырған соң тұс-тұсқа безген елдің қарайлар төбесі бар ма еді? Сыбыр-сыпсың сол сұлтандарыңнан өрбісе, қарапайым қараңды түгел құртып бітпей тынар ма? - деген Қазыбек бір кез Бөгенбайға күрсіне қарап, кірпік төңкерді. Самайдың бозғылт түгі үрпиісе қалғандай, дір етіп, жапырылды.

“Рас-ау! Бассыз кеуде қайда барады? Сонда басым

кім? Басшым кім?” дейтін сауалмен Әділ Болат ханнан әлден-ақ түңіліп отыр. “Ойрат... Қалмақ... Орыс... Қазақтың жан-жағынан ереуілдей қорқаулана қарпып, тұс-тұстан талапайлап талап, бөліп, бөлшектеп әкетпей ме? Әкетпеген несі қалды? Ертіс бойы түгелдей ақ патшаның қамал, бекіністеріне толды. Орыстар арғы жақ бетке қазақты қия бастырмайды. Жетісу Жоңғар ойраттарының иелігіне өтті. Жайық пен Еділ, Жем мен Сағыз толайымен қалмақ қарауына көшті. Қалған жер қырық пышақтың үстінде қазақ руларының бөлісіне түсті. Сұлтандар енді жерді қойып, жұрттың өзін бөлшектеп жатқан жоқ па? Анау Дәуленнің айтуынша, Батыр сұлтанның інісі Сырдағы Тілеуқұл бидің аулын шауып, адамын өлтіріпті. Сондағысы: ұлтына үстемдік етер билікке жету үшін өз аймағын шоқ ұстап, қарасын көбейту екен. Білек күшін осылай қарасына қарсы білемдеп отырса, сұлтандар бүлінген елді түзете алар ма екен? Қайдан болсын ол? Сонда кімге арқа сүйерміз?”

- Қазеке, көрген-түйгенім біраз-ау. Қара тобырыңыздың даласына сауын айтып жұлқынып отырған түрін көріп келем. Көбіңіздің көлдей тілегі - елін жеріне қондыру, жерін еліне әперу! Бірлікті ту ғып ұстап, шаңырағын қайта көтеру! Бірақ, құр тілектен не өнеді? Ат-сойыл, қару-жарақ, азық-түлік керек сол көпке. Оны кім береді? Байлық бұрын халықта еді, бүгін ол қайыршы тірлік кешеді. Егіні, астығы жоқ. Мата, бұйымы жоқ. Қару соғар қаласы болмаса, сауыт тоқыр өнершісі болмаса, жиналған сарбазды немен жабдықтармыз?

Анау ойратты алыңыз. Солардың тәртібі ғаламат! Жыл сайын хонтайшы әр ұлыстан үш жүз әйелді алдырып, жаз бойы соларға шеріктер үшін киім тіккізіп, кіреуке тоқыттырады. Қыңқ етер тайшы, бір зайсан табылар ма екен соларда? Бар шаруа орданың ішінен берілген хонтайшының бір ғана бұйрығымен тынып жатады. Сондай тәртіпке біз қашан жетеміз? - деп Бөгенбай запылана сөйледі.

- Әй, қыңыр кеткен тірлік қой біздікі! Сенер бар ма? Жоқ қой ондай адалым! - деп Қазыбек күйзелген түрін жасырмастан қабақ шытып қойды. - Мен сонау

Қайып ханды өлтірген кезде-ақ бірліктің шайқалғанын сезбеп пе едім. Әз Тәукеден кейін ыдыраған үш жүздің басын әзер қосқан кезде, сол ынтымақ сәтін көп көргендей Қайып пен Болат ұстасып, Әбілқайыр мен Барақ қырсықпады ма? Берекесі қашқан елге ежелден басынып тиетін жау әдеті. Соның салдары - мынау. Баладан ата безінді! Туыстан туған айырылды! Енді қай қисынды бетке ұстармыз? Айналаны түптеп ойлағанда... көп-көп торыққанда бір елес дәрменді көп қарманам. Соған іштей емексісем де, артын ойласам, және уайымдаймын. Айтпасыма тағы болмай отыр. Ол дәрменім - Ресей патшалығына жақсы ниетпен ұмсыну. Қойнын ашар ма ол, жебесіне жармасып қорамсағын ашар ма, әйтеуір үлкен елдің үлкендік кеңдігінен үміттенгім бар, - деп бір ұшықты көлденең тартты.

Әділ шошына тіксініп қалды.

“Апырай, сонда еркіндігіміз бен тәуелсіздігімізді өз еркімізбен, өз қолымызбен ақ патшаға байлап бергеніміз бе? Онда анау ойратқа бұлқынбай неге көне салмадық? Азаттықты алғызған соң өкпеңді суартуға орысы не, ойраты не?

Әділдің осы ойын естігендей Қазыбек би енді бұған назар қадап, бет бұрып сөйледі. Соған қарағанда жас жігіттің тез құбылып кеткен жүзіндегі өксіткен өзгерісті аңдап қалса керек.

- Осы жасымда көрмегенім жоқ. Орысында да, ойратында да талай болдым. Сонда бір байқағаным: шаруа орыста қылтың-сылтың мінез тым аз сияқты. Көбіне көп солардың адал көңілді қалтарыссыз ашып тастайтынын көрдім де отырдым. Сірә, тәлімі мен тәрбиесі ертерек мандыған елдің басқаға деген рахым, қайыры бөлектеу болатын тәрізді. Олардың арасында да озбыр кеуденің өзгеге тізе көрсеткісі кеп тұратындары көп. Бірақ адалдықтың шын тілегімен ілгері ұмтылатындарын біраз кездестірдім. Соны екшегенде, бір есеппен өзімді үміттендірген дәрменімді қуаттап, келешектен тосарым да көп. Анау естек, татар, шуаш тәріздес ұсақ ұлттар басқа елдің боданында баяғыда-ақ құрып кетер еді. Соларға қол ұшын берген көмегіне аздап илігем бе, мынау тұйыққа тірелген тар

құрсаудан құтылудың бір жолын орыстардан табармыз дейтін далбасам бар. Бірақ қаупім де жоқ емес...

Қазыбек би ауыр ыңыранып, тер шыққан маңдайын майлық орамалымен сүртіп, кідірістеп қалғанда, Әділ шыдай алмады. Өткір көздері шаңырақтан құйылған ашық күннің шуағында жарқ-жұрқ ұшқындады.

- Қазеке, ойраттар ше, ойраттар? Тұрмысы күйі, тірлік-қарекеті бірдей, ол да өзіміздей мал баққан көшпелі халық емес пе?Тіл табыссақ, мүмкін солармен араласып та кетерміз, - деп бұл да бір желілі тыңнан сөз қозғады.

Ойрат деймісің?! Иә,оның бізбен тірлігі,тұрмысы бірдей екені рас. Тұрмысы - тірлігі екені де рас! Мал бағып, жан күйттеу - көшпелі халықтың арманы да ғой. Сол арманды ұстатпай дау мен лаңды жеткізетін тағы да сол түкті-тұяқты тұғырың ғой! Жайлау мен қонысқа таласып, күнде қырқысып жатқан өз аймағыңды көресің бе? Кейде бұлақ пен құдық үшін бас жарып, көз шығаратын ағайынды адамдар аз ба? Ойратқа, қарағым, сенің елің керек емес, жерің керек! Суың мен отың керек! Жаз жайылым, қыс қыстау далаң қажет! Көргем мен. Аңдап, баққам оларды. Кесірді ұстаған, кескек қып ұстаған олардың талай сойқанын байқаған едім. Бәрі кеуде, жыртқыш көз сұрларынан сонда-ақ қорқып едім. Әй, олар аямас! Қаттылығын қандасына өткізгенде, қазаққа жеткізбес дермісің. Қасқырлық бітім төрелеріңде көп еді, сүйек пен етті ажыратпас! Ойратқа ойыспағаным да сол, балам. Одан да зор боп түпсіз терең ор боп, артында шұршітің тұр ғой. Ойратты ойрандаса, қазақтарды сайрандата қоймас ол... Ал тұрмыс бірлігі тұтқа болмас. Онан да тілек үні мен жүрек ділінің бір жерде тоғысқанын көрсек қой?! Ендеше, тұтас бітімділік пен кесек адамгершілікті орысқа берсін деп жаппар хаққа жалбарыныңдар. Бәрің бірігіп ізгілікті іздеңдер. Кім білсін, әлде тауып қалармыз. Әлде кіріптарлыққа ілініп, өкініш-өксікті қауып қалармыз...- деді.

Әділ биге сүйсіне қарап бас изеді.

Тағы да толғақты кеңеске үнсіз құлақ түріп, қалың ойға шомды. “Қаздауысты Қазыбек би деуші еді дәріптеп. Атағына сай заңғар екен! Өзгеден ерекше

қылатын осындай ел тағдырын електен өткізіп, елдің қуаныш-күйінішіне мидай араласып кеткен тауанды қамқорлығынан болар. Тегін адам әз-Тәукенің оң жағында отырушы ма еді! Бітеу жара, сыздаған ісік боп жанына түскен халқының күйігін күпті көңілден ah ұра ақтаруы тегін емес-ау. Аса тура мінезді, өзі өлсе де әділетінен жаңылмас жан екен. Өнегесіне қана берейінші!..”

- Қазеке, қисыныңыз көкейге қонады-ау! Өткен жаз мен Әбілқайыр сұлтанның ордасында болып едім. Сонда сол сұлтанның ойы мен сөзі себепші болған бір жайдан мен де үміт сауған едім, - деп Бөгенбай ернінде жымырған насыбайды екі саусағымен іліп алып, от басына секіртіп жіберді.

Қазыбек елең етіп, ерекше ынтамен тыңдауға бейіл білдірді.

- Әбілқайыр Петірборға Қойбағар Көбек ұлы бастаған елшілерін жіберген екен. Аңғарғаным: “бәтуалы, келісті көрші болалық! Қанатыңа алсаң, әрекеміз тыйылар. Екі жақ та олай, бұлай тұтқындарын алмассын! Шабуыл-шандуылымыз тоқтасын” дейтін тілеулер табыстамақ тәрізді, Қазеке. Әйтеуір, ел қабағына шіркеу түскенде, сипап жазар жылы алақанды мен де іздеймін бе, сұлтанның сол ісін жөн де көрдім, - деп жауап тоса тоқтады.

Қазыбек үнсіз қалуды еп санамады. Ырғалып қалып, сөйлеп кетті.

- Әбілқайырдың қай қиырды шолғанын қайдам, бірақ ыңғай, ауқымы құптарлық екен. Әй, бірақ! Титығы құрыған көптің сөзін жеткізе алды ма екен? Орыстың Петр патшасы өлген дейді. Қатын патшаң тұтас ұлттың сөзі емес, шолақ байталдың құйрығындай он шақты ауылдың сәлеміне өңін берер ме? Ұшық-ұшық жеңілге сайып, шығарып салды ғып маңайына отырғызбас-ау! - деп кідіріп, сыншы көңілмен қайта бұрылып сұрақ қойды. - Ал, айтшы! Қойбағар оралып па? Қандай жауап әкеліпті?

- Қойбағардың келгенін естігем. Хабарына онша қанық емеспін. Құлағы қырағы басқалар білмесе, дәл бұл жолы меңіреумін, би.

- Жә, жақсылық хабар жатпас. Жетер. Менің

ойымша, сол әйел патшайымың Жоңғар хандығымен бүлінуге бара қоймас.Хан өтініші емес, бүтін халық сұрауы емес,әлдеқандай сұлтан тілегін, әй, елей қоймас ол. Шырға тартып, сырғытып жіберген болар. Жә, одан түңілмейік. Бәрібір елдің ынта-бейіл, тірек үміті, тірлік сәулесі бұйығып қалмас. Өзі түртіп, өзі оятып, өзі табар жолын. Адаспай жетіп, халықтың сана талабымен, өмір түйінімен айқын сүрлеуіне бастар. Кетпес бұл қалпымен! Тығырыққа тірелген қазіргі жай-жапсарымен-ақ әр тарапқа талпынып жатыр ғой. Еркіндік аңсаса, көз жастың әр бүртік жасы - үгіті мен қайрауы емес пе?Дауыл қуған қаңбақ та бір сайдан мекен кездестіреді. Дәні мен ұрығын себеді. Көктемде тамыр бойлатады. Бар өмірге ешқашанда бір ғана сауда болған емес. Алдағыны түгел болжап білсем, онда мен адам емес. Тәңірі атанар едім, Мен таппағанды, ел табар. Сондықтан да оның екінші аты - көп. Халық оянса, аянбайды. “Оянды да толғанды!” деп өзің айтып отырсың, Бөкем! Сол толғанған жұртыңның ертең долданған кегі әр түрлі жауын айдап, түріп те шығаруға жетер. Ендеше үгіт-өсиет сөзіңнен сен жазба. Қайрау-пысықтауымды мен асырайын, - деп би бүгінгі кеңесті тамамдады.

* * *

Ертеңінде Әділ,Жоламан, Орынбай үшеуі аңға шықты. Қастарында би ауылының аңшы жігіті бар. Қос тазыны ертіп талай қойнаудан із шалғанымен, жігіттердің түске дейін жолы болмады.

Түс ауа аңшы жігіт жастарды Қаракенгірдің алқабына қарай ойыстырды.

- Құс қайтып жатқан кез ғой. Ең болмаса үйрек, қаз кездесіп қалар,- деген жігіт енді қолындағы қаршығасына сене сөйледі.

Аңшылар өзеннің жайылма тұсына жақындап келгенде ат оттатып отырған әлдекім елең етіп, орнынан атып түрды.

- Апырай, мынау кім болды? Маңайдағы ел біткен қолды болдық деп құдайдың құтты күні зарын қылушы

еді. Ұры-қары емес пе? - деп секем алған жігіт әлгі жалғыз аттыға жалт етіп қарап тұрды да, қасындағы серіктерін қайрауға кірісті. - Бөкең батырдың шәкірттері екендеріңіз шын болса, ананы еркін жібермеңіздер. Жалғыз-жарым жүруі тегін емес! Бір кәдігі бар. Торуылдауы-жаман екен кәпірдің!

Сол-ақ екен намысқа қызған Орынбай жылпос дөненін борбайға бір тартып, салды да кетті.

- Қап! Нағыз әумесер мынау болды-ау! - деп Әділ өкініп келеді. Бұл кезде жолаушы атына мініп алған еді, сескеніп қиыстамай, мінісін текірек бүлкілмен тура Орынбайға қарсы туралады.

- Сақтан! Сақтан! - деген Орынбайдың айбынды даусы естілді.

Екі атты бетпе-бет тақалып қалды. Айт-үйт дегенше болмады, Орынбай серең етіп көк құраққа домалап түсті. Әділ көзінен жас аққанша күлді.

- Әй, жігіт-ақ екен! Батырды лақтай бақыртты-ау!

Бейтаныс жігіт босап шыққан дөненнің шылбырын еңкейіп барып іліп алды да, жерде жатқан Орынбайға жетектеп қайта оралды.

- Қалай, жігітім? Қапы кеттің білем. Өкініш күйдірмесін, қайта шық, - деп күле қалжыңдап тұр.

Жақындап келгенде аңшы жігіт жолаушыны танып қалды да, қуана дабырлады.

- Оу, Байғозы-ау! Сенбісің? Сағаң өле алмай жүрген жан кездессін де. Ойбай-ау, кісі сыйламаған елдің адамындай Биағаның қонағын домалатып түсіргенің қалай?

- Айып менде, ағасы! Айқайлап қарсы ұмтылған бір дүлей алдыма келе бергенде жан сауғалап, қолын қаққаным еді. Оп-оңай сыпырыла кететінін қайдан білейін, - деп әлі де жайдары күлкімен тұрған жігіт енді Әділ мен Жоламанға ат үстінен қол созды. Орынбайға қарап, басын иді.

- Тойтаң-тәйтіктік танытсам, ғафу өтінем, құрбым! Бірақ атам қазақтың “ер шекіспей, бекіспейді” деген нақылы бар ғой. Енді шындап, дұрыстап бекіселік, қолыңды бер!

Орынбай ыржаңдай күліп, созылған алақанды көсіп алды.

- Жә! Жеріме аунап тұрғанымa неге ренжимін. Құдай біледі дейінші, көк құрақтың иісін сондай сағынып қалыппын. Тұп-тура сарайым ашылып сала берді-ау!

Сол сөзін дәлелдейін дегендей шалғынға қайта жата кетіп арлы-берлі аунады.

Байғозы жөнін айтты. Бөгенбай батыр бүгін-ертең би ауылына ат басын тірер деген хабар құлағына шалынысымен Сарысудан ат басын босатқан екен. Әзірше анық-қанықты батырдың өз аузынан түгел естіп алса, Тарақтыдан жинаған сарбаздарымен батырға қосылуға дайын отырғандарын баяндап кетті.

- Апырай, сонда жалғыз-жарым жүруден қорық-паймысың?

- Е, неге? Осы өңірдің мен білмейтін жыра-жық-пылы бар ма екен десеңші? Неден қорқам. Қайта ала-қаныма түкіріп, делебем қозып жүргенде, өздеріңді көріп, қату болса бір айқас сап, құрыс-тырысымды жазам ба деп дәмеленіп қалып едім, болмады ғой сол ойым! - деп өкініш білдіргендей ат жалын сипап қойды.

- Әкең күйлі ме? - деп аңшы жігіт сүйсініп тұр.

- Шал мықты! Шабытты бабында. Көк найзасын қайта саптап, сегіз өрім дойырын майлап отыр. Шалды сынасаңдар, кешіктірмей жорықты бастаңдар! - деп Байғозы сұлу киімді Әділді басшыға жорып, сөзін соған арнай сөйледі.

- Болар. Асықпа! -деп Әділ Шалқұйрығын бұра берді.

- Оу, қашаңғы тежейсіңдер? Асықпамен-ақ діңкелетіп қоймадыңдар ма! - деп Байғозы да жарау бестісін тебініп, жорғалата жанасты. - Ерді ереуілде сынамай ма? Әкем Наймантай батыр атанғанда, қалмақ пен ойратқа ұрыс салып атанған. Мен атадан неге кем туам? Неге кейін тұрам? Қарсыма шерулі қол шығарып, өнерімді көрсеңдерші бір! Қашанғы тосам?

Көлеңке басы ұзара бастады. Күн еңкуге құлап, екінді оралды. Өзенге қызыл бояу тұнып, жайқында қызыл от дірілдеді. Кешкі судың ағысы баяу, қарауытқан қамыстың ұлпа шашағы әлсіз ғана сілкінеді.

Осы сәтте бір топ көкмойын үстеріне келе берді.

Байғозы Орынбайдан да жылдам екен, Орынбай

қамшысын шошаң еткізіп аспанды нұсқағанша, гүрілдеген дегбірсіз үні құлақ жаңғыртты.

- Ойбай-ау, жіберсеңші! Сені де аңшы дейді-ау! Қап, қаршығаның бағын байлап! Серпі! Толға!

Қаршыға салған бетте зымырап тік шырқай жөнелді. Қызыл шапақ жылтыраған қанатта ойнап, кішкентай құсты қақпақылдап іліп әкетіп бара жатқандай.

- Иә сәт! - деді Жоламан да бүйірі қызып.

Көкмойындардың орта тұсынан ілгерілей әрі асып, биіктеп алды да, әне-міне дегенше болмай, көк қаршыға қос қанатын бауырына жиып ала қойып, төмен шүйілді.

- Түу, түу! Ер екен! Оқтай атылды-ау! - деп Байғозы бестісін тебініп, лекіте жөнелгенде, ашулы көзді Байғозының көкжелкесінен бір түйреп, аңшы жігіт те атын борбайлады.

- Қайдағы қаңғыған немелер,қайдан кездеседі! Құсымда несі бар! Жайына қарап,қызығын тамашалап қана неге тұрмайды осы жұрт! - деп қаршығасына тіл тиер ме, сұқ өтер ме деген қауіппен жаны тызалақтап барады.

Шам жамырай бергенде аңшылар кері қайтты.

Екі үйректің бірін Әділ Байғозыға ұсынып еді, аңшы жігіт қатты торсаңдады.

- Қанжығаға түскен олжаны басқаға ұстатпайды. Неге бересің? Көлденең көк аттыға сауғалайтын Кеңгірдің үйрек, қазы жыртылып-айырылып жатыр ма еді. О несі?..

Әділ күлді де, күрсінді де, жым-жырт қалды.

“Неткен халықпыз? Сүйінуіміз де, күйінуіміз де оңай. Кең далада келісе алмай отырып, кеңес іздейтініміз бар-ау. Алақан ә дегенде аймалай жанасады да, жалт бергенше жұдырық боп түйіліп, ілікке құрық сілтейді".

Қараңғыланып ымырт түскенше, бұл кезде төбе үстінде Қазыбек пен Бөгенбай екеуі оңаша отыр еді. Би өз кеудесінде ширыққан жайларды суыртпақтай созып, баласы мен келіні туралы айтып беріп, сықиған кеудесін біраз босатқан-ды. Бидің кешкі күн сәулесі

өпкен тотығыңқы өңі сәлден соң жуасып, байырқы тартып, қимылсыз қарауытқан қырқаларға қадалып қалыпты. Сол қалпымен батырдан келісім де, құптау да күтпеген тәрізді. Іштегі кернеген шерді лықсытып шығарған соң, сабасына түсетін әдеті ме, қабақтағы кейіс жоғалып, тарау-тарау әжімдер тартылып, жазылып, білінбей кетті.

Бөгенбай шапанының етегін астына басып, жайғасып отырды да, енді бұл да Дәуленнен естіген сырды Тілеуқұл биді алқалап, Нақыпбекке зығыры қайнап, ашына жеткізді.

- Әй, жауыздық-ай! Қалар күні бар ма екен!Түбірді ойдан туындайтын іргелік сайлайды ғой. Ақырып-шақырсам, даусым мен дақбыртым жер түбіне кетеді дейді-ау! “Атың шықпаса, жер өртенің” кері ғой Батыр сұлтандікі! Құлқын үшін күйетін шоқ-шоқ күні құрысын! Құрысын да! - деп әлгіндегі жайдары жүзі адыра қалып, енді ызалы қаны бетке тепкен би қатты ашумен дір-дір етті. Қамшыға сүйеніп екі бүктетіліп сұлық отырып қалды.

Осы сәтте Ұлытаудың батыс сілеміндегі шаттан ұмар-жұмар құлаған бес-алты атты көрінді. Алғаш қырқаға көтерілгенде, желкеден ұрған батар күннің қиғаш сәулесі жолаушыларды көктей өтіп, көлеңкелерін етекке ала қашып еді. Тасаға түскенде аттылар да, көлеңкелер де көрінбей кетті.

Ауылдың оттары жағылып қалды. Үй-үйдің алдындағы жерошақтан түтін будақтап, жалпылдақ отынның жалыны қазан мен шәугім біткенді шарпи шалқиды.

Арсылдап ауылды басына көтеріп,қой төбеттер әлгі жолаушылар көрінген тұсқа қарай тау жаңғырта шабаланып барады.

Қазыбек енді ғана еңсесін тіктеп, аңдыздаған иттердің кеткен жағына көз тікті.

- Суыт келеді екен. Менде шаруалары болар. Жүр, Бөкем, ауылға баралық.

Қазыбек жолаушыларды үйге кірмей есік алдында, сыртта қарсы алды.

Өңшең тон мен шекпен киген аттылар желе-шоқытқан көліктерін ауыл шетіне кірісімен аяндатып

қана, бидің ақ боз ордасын дәл танығандай тіке тартып, кермеге жетіп бір-ақ тоқтады.

Шылбырларын алдынан қарсы шыққан күтуші жігіттерге тапсырып, бір-екеуі аяқ-қолы таңулы ат үстіндегі адамның қасында қалды да, қалғандары бері аттады.

- Ассалаумағаликум!
- Армысыз, ақсақал!
- Бар болыңдар!

Қол алысып, одан арғыға сөз таба алмай кідірген бөгде қонақтар бір-біріне қарағыштап тұрып қалып еді, Қазыбек қолымен үйді нұсқады.

- Неғып іркілдіңіздер? Үйге кіріңіздер, төрлетіңіздер! - деді де, әлі де ат үстінен түсірмей екі-үш жігіт қарауылдап тұрған тұтқынға бір айналып көз жіберді. Алакеуімде түрін де, түсін де ажырата алмады. - Жігіттер, сендер де андағы "қонағыңмен" анау үйге жайғасыңдар.

Өзі бастап ішке енді. Үйге шам жағып қойған екен. Қонақтар дөңгелене сол қанатқа төрге жақындамай жүрелей отырысты. Мына қалыптары: "Асығыспыз, шаруамыз тығыз, айтамыз да қайтамыз" деген сыңайларын сөзсіз-ақ жеткізіп тұр. Тіпті белбеулерін де шешер емес.

Қазыбек жағалай көз қыдыртып өтіп еді, шетінен бөгде, бейтаныс жандар екен, ешқайсысын танымады.

- Ал, жол болсын, жігіттер?
- Әлей болсын. Іздегеніміз Қаздауысты Қазыбек би еді.
- Ендеше, адаспапсыңдар. Қазыбек мен болам.
- Өзіміз де солай жобалап отыр едік. Қазеке, алдыңызды дәл бүгін көре қоямыз деген ой да жоқ еді. Және сізге келуге бізде бет те жоқ еді, - деп ілгерілеу отырған шүңейт көз, маңдайлылау мосқал адам ағыла беріп, кідірді.

Қазыбек жалт еткізіп көзін бір қадап, тігіліп өтті.

- Бөгелме! Айт. Қарбалас жүрулеріңе қарағанда шаруаларың тығыз болар. Тайғақтап және бұлтылдатпа.
- Би аға! Жоқшылық бүрсеңдеткен шарасыз тобырмыз. Адалдан айныңқырап қалып, ақылдан

ұрланып та жүрміз. Әй, бірақ... күлбілтелендірмей, төтесіне көшейін. Біз, осы отыраған бәріміз - ұрымыз, Қазеке!

“Біз бәріміз ұрымыз” дегенді естігенде қалғандарының иіні түсіп, бастары төмен тұқырып, бүрісіп бара жатты. Бөгенбай батырдың ең бір суқаны сүймейтін нәрсе - ұрлық, ұрлықшы еді, қолында қамшысы бардай-ақ алақанын қатты қысып алып, қозғалақтап кетті.

Қазыбек көмейін кере кенеп, даусын соза шығарды.

- Ұрымыз деңдер! Боларсыңдар. Сонда сол ежелгі кәсіптерің бе, жарқыным?

- Жоқ! Ойбай, о не дегеніңіз?!

- Ұры боп жарытып жүргеніміз де шамалы!

- Әйтеуір, өлместің күні үшін... - десіп жамыраған серіктерін тосып, әлгі мосқал адам жөткірініп қойды.

- Қазеке, ұрлық кәсіп емес, әрине. Бірақ нәсіп кеткен соң, кәсіп емес те кәсіпке айналды-ау! Әлін білмей асқынатындар бар. Ал, біз... Жоқтық - тоқтықтың жауы. Аш қарынға алакөз болып талай тырбандық. Маңдытып түк тындырмадық. Зарығып бала жылады. Шөмиіп кәрі шөкті. Не қырманы, не дәрмені, не қотыр лағы жоқ босқынның тісін тіліне қойып тәңіріне тіленген түрінен тірлік қашқан соң еріксіз бәрі жортаққа салындық. Кебіміз осы, - деп күрсініп тоқтап, “күнәм да, жазам да көп, ұсынған басым алдында! Талша мойным қылша” деген пейіл танытты.

Қазыбек ойланып қалды. Қылмысын жасырып, қымтанып келсе, көріпкелі жоқ, тергеусіз, сұраусыз аттандырар еді. Ал енді дәл мынандай жоқшылығынан еріксіз туған айыбымен алдынан өткенде, алдындағы адамды ұры да болса, қатты ұнатып еді.

“Әй, аумалы-төкпелі қысыр заман! Бәрі сенің қырсығың ғой. Ойы сойына сай, ақылы нағыз азаматқа лайық небір жайсанды шарасыз халге душар етіп, қылғындырып қинайсың-ау! Өзі үшін емес, үйелеп жатқан жұрттағы бала-шағаның шырылын естігенде шыдай алмай отқа түскен мына пақырлар болып-толып отырса, қиғылықты зарарға барар ма еді? Қылмысын түсінгені - арына жүгінгені ғой. Қол ұшын

созар табылса, қорлығынан безе қашайын деп-ақ отыр. Оған қысқа жіп күрмеуге келмейді. Қандай амал, айла бар? Қай бағдарға нұсқармын? Сөзге өздері де зәру еместігі көрініп тұр, бөзім бар ма беретін?"

- Шырақ, ішіңді ақтардың. Кебіңді ұқтым. Қол байлаған кемдігің қылмысыңа жол ашқан екен. Кейімін де қиналам. Кәсіп емес. Бірақ мен сені қағып, тергемеймін. Сол тергеуден, жан азабынан өзің де кенде емес тәріздісің. Жалғыз-ақ айтарым, адал еңбектің түбі қайыр. Соны ескер.

- Би аға-ау, іздемеп пе ем? Таппадым ғой соны!

- Табасың. Анау Маңадырда Орақбай ақсақалдың ауылы отыр. Солар егін салады, еңбегімен күнін көреді.

- Себуге дәнім, егуге жерім болды ма, Қазеке?

- Болады. Қауым боп бір ретін келтірерміз. Шындыққа тізгін берсең, шын берсең, ізгің көп, бауырым! Енді тоқымыңды кептір! Ұры дейтін атаққа қимаймын.

- Би аға-ай, атыңызға сырттан құдайдай табынушы едім! Көрдім, сендім! Ал, тәуекел! Енді арам жесем, атаукеремді жейін! Қызыл шоқтың үстінде жалаңаш табанымменкүйіп-жанып жүруші ем! Самал есті-ау, қоңырсалқын самал! Тілек үні, тілеулестің сәлемі осындай қамқор адалдығымен желпи берсе ғой, шіркін!

Келгендегі түнерген жүзі жазылып, көптен бері өзін өзі құстаналаған көңіл кірбеңінен ажыраған адам, жолдастарына мейірлене қарады. Енді ғана есіне арнайы келген жұмысы түсті де, қайтадан сұрланды.

- Қазеке, әлгінде айтып кеттік, біз адасып жүріп бір адалдықта жасадық. Соны әдейі сізге айтуға келгенбіз.

- Иә, құлағым сенде.

- Бұл өзі бір күтпеген жай! "Ұрлық түбі - қорлық" деп халық дана тегін айтпаса керек. Аз күн болса да, талайдың ақ адал малы алдымызға түсіп, жаман атымыз жайылды ма, өткен түні бізге бір адам келіп қосылды.

- "Ұрыға ұры серік" дейді.

- "Талай сойқанды салғам, сендерге үйретерім көп" дейді.

- "Нағыз баукеспе етіп шығарам" дейді, - деп былайғы қонақтар тұс-тұстан шуылдап ала жөнелді.

- Жә, тоқтаңдар! Сөзге қонақ беріңдер! Қазеке, сонда қатты түршіктім. Бақсам, біз жан сақтаймыз деп жүріп, әбден арандаған екенбіз. Жігіттер де тітіркеніп, бой жиып қалыпты.Бұрын біз ұры демеуші ек өзімізді, ажалға арашашы санаушы едік. Бірақ заты бір екен.

Содан қасиетіміз қашты. Бейтаныс қонақ ананы бір айтып, мынаны бір сойқақтатып үйіріп әкетіп барады. Байқасам, топ емес, қол іздейтін тәрізді. Ұсқынын ұнатпадым.

Есіме Нақыпбек деген жауыз түсті. Өз ауылын өзі шапқызған сондай қаныпезердің атын ел-елге ібіліс етіп таратқан хабар маған да жеткен. “Сол емес пе?” деген күдік ойымнан шығар емес.

Түнде екеуміз қатар жаттық. Үңгір қаракөлеңке. Бір кезде сынайын деп: “Нақыпбек! Әу, Нақыпбек! Тұр, бізді қоршап алыпты!” дегенімде, шіркіннің зәр шашқан түрінен жаман қорықтым. Құлдырмамайына шап бергені.

“Әй, сен мені қайдан танисың?”

“Таныдым, жігітім! Мылтықты таста!”дедім. Содан жабылып ұстап,қол-аяғын таңып, ақыры өзіңізге келіп отырмыз. Тұтқынымыз - атышулы Нақыпбек!

Қазыбек жалт етіп көзін кең ашып алды да, іле қою кірпіктерді айқастырып жіберді. Әлгінде ызалана естіген хабары, аузын басқан қанішері тұтқын болып ауылында отыр. “Қысасқа - қысас!“ десе, қолынан оны ешкім алмайды. Жаулыққа кешірім - орай емес. Кесікті кертіп салып, бұлтартпай орындата алатын бүкіл Орта жүздің тізгінін ұстаған билігі және бар. Оған қаскөйлігімен танылып, қастандығымен ел бүлдіріп бара жатқан Нақыпбек қылығы сайма сай. Тентекке келтек таппаса, мынау әділет іздеп, ат басын арнайы бұрып жеткен ағайынның көңілінде дық қалады. Әлдебір сұмырайдың кесірінен қадір-салмағы және таразыға түсіп отыр. Сонда қияс тірліктің бітпес ылаңы осылай көлденең килігіп, алдан тоса бергені ме? Бірақ сойқан жанның бір кесігі бұрын айтылмап па еді? Ар жазасына қиған ел қазысын бұл бұза алар ма? Бұзбас та еді. Бұрынғыдай бүтін ірге, бітім-береке елде тұнып, тіреліп тұр ма? Бүлікшіл бөрілер сай мен

жырада шиыр көбейтсе, тағы босатып жіберсе, бұл сойқанның ізі, солардың жымымен жорғалап жүріп те асқынған мерездікті қойша өрбітпей ме? Не істесе рәуа?

Сырттан даң-дұң дауыс естілді. Естілді де, айқай-шу үдеп, ауылды әп-сәтте дүрліктіріп жіберді.

Бөгенбай орнынан лып көтеріліп сыртқа ұмтылды.

Дауыс-дабыр көрші үйден жетіп тұр екен, соған қарай асыға адымдады.

- Не болды? - Қарсы кездескен Орынбайға дүрсе қоя берді.

- Бөке, ойбай, анау Әділ!.. Жүріңізші, Бөке! Түп-тура бауыздап салатын! - деп Орынбай түсіндірудің орнына дегбірсіз асықтырды.

Бөгенбай табалдырықтан аттағанда, Жоламан мен Байғозы Әділді жабыла ұстап жібермей тұр еді. Әділ болса, қасқыр көрген қояндай екі көзі ежірейіп, буулы жатқан Нақыпбекке тап-тап ұмтылады.

Бөгенбай батыр ақырып қалды.

- Бұ не шу!? Жаман үйдің қонағы билейді деп, тәйтік болғандарың қалай? Әділ, саған не болды?

Жігіттер қалшиып-қалшиып қалды.

Әділ әлі де өткір көздері тұтанып, қанжарын дірілдеп қынына салып жатып, шолақ тіл қатты.

- Бәрібір мұның ажалы менен!

- Жетер! Тантыма! Тоқтат!

Батырдың сермеген қолының ыңғайымен бәрі сыртқа беттеді. Бөгенбай енді ғана жерде сұлап жатқан тұтқынға көз салды. Әлгінде ғана таянып қалған ажалдан аман құтылғанына көзі жеткен Нақыпбек сығырайған жанарды қиястандыра атып тұр екен.

“Бекер қақтым ба қанжарды? Мынау әбден жыртқыш қабақтанған екен! Шіркіннен жақсылық шықпас” деп кейіген Бөгенбай бұрылып шығып кетті.

Ертеңінде тұтқынның орнын сипап қалды.

“Кім қашырды?” “Қалай кашты?” “Қап! Тағы да құтылғаны ма?” деген өкіну, екілену сөздер тұс-тұстан өргенімен, Нақыпбекке одан келер зиян не. Кетті де барды. Зұлымдықтың жіңішке сүрлеуін қайтадан омыраулата оздырмаққа тауға сіңіп, далаға тығылып, жым-жылас жоғалды.

Қазыбек би қонақтарын өзі аттандырды.

- Бөкем, бетің дұрыс. Даурыға-даурыға қарлығып бітіп едік. Сөзден іске көш дедің. Соған ойысармыз. Араз-құразды хан-сұлтандар-ақ әрбіте берсін. Халқыңның тілегі қолында екен. Соны жалғастырып, септестіріп, азаматының көкірегіне құя бер! Ажарым өтпейді деп қорықпа. Өтпес ажардың жоқ екенін көріп те, біліп те келесің. Мұндағыларды мен де қадағалап жатармын. Сыбырлап жалпылдамаспын. Сыр қылып терең бойлармын! - деп жадырай қарап отырды да, бетін батырға тіктеді. - Келер жаз Ордабасыға жиналайық. Ендігі бетке ұстарың сол Ордабасыдағы жиын болсын. Үш жүздің бас қосқан кеңесінде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алсақ, иншалла, береке-бітім табармыз! Сардар сайлап алып, кек жолына шоқталып түсерміз! - деп қолын жайып бата қылды.

Түс қайта Бөгенбай тобы ауылдан нөпір шықты. Қазыбек би есік алдында тұр. Томсарған күйде Ұлытаудың иығынан көтерілген қара шоғыр бұлтқа мұңды көздерін кірпік қақпастан қадап қалыпты.

Күздің бұлыңғыр күні мұнар тасасында. Мезгіл болжамсыз. Бүріскен төңіректе ықтасын іздеп, сүмпиіп сауырын суыққа тосқан бірен-саран арық-тұрақ шобыр көрінеді.

4

1723 жылдың көктемінде қазақ даласына қар суындай жөңкіген қалың әскерімен тұтқиылдан тиіп, Талас пен Боралдай, Шыршық бойын иелігіне өткізген Сыбан-Рабтан хонтайшы осы қарқынды одан әрі жалғастыру үшін тағы бір үлкен құрыққа қол созды. Егер осы ойы орындала қалса, онда казақ даласына тіккен қаһарын тоқтатар бөгет те, тосқауыл да қалмайтындай көріп еді. Қазақ хан, сұлтандарының алғашқы қақтығыстан кейін-ақ белін баса қайқандап, әр тұстан бас қылтиткан алауыздығы, бұның ниет-бағытын одан сайын айқындап, оңайлатып жіберген жоқ па. Тірек үміті, ынта-бейілі, тірлік сәулесі бірлік

пен елдікте ғана көрінетін қазақтың қалың бұқарасы ыдырап, басы құралмай қиыр-қиянға шұбырып кеткен соң, оларды қайта шоғырландырмай, тастүйін қарекетті тез шүйлеуі қажет екендігін хонтайшы жақсы ұғынған. “Ол үшін қалмақ ханы Аюкені өзіне иліктіруі керек. Ал, Аюкені иліктірсе, онда титығы құрыған қазақ халқын қос өкпеден құрсауға алып, жалғыз-ақ тегеурінді екпінмен бір ғана мықтап түйіп, жер бетінен құртып жібермей ме!..”

Аюке - Сыбан-Рабтанның қайын атасы. Тоқалы Сетержаб сұлудың әкесі. Сетержабтан туған хонтайшының Лаузан-Шона атты ұлы мен үш қызы бар. Бүгінде сол үш қыз толықсыған айдай құлпырып, ержетіп отыр. “Сары сүйек боп ескіріп бара жатқан жақындықты жандандырып, қайтадан сүйек жаңғыртса, кәртайып калған әккі хан бұған қол ұшын бәлки созар да”.

Ордасында оңаша жатып осындай әр саққа жүгірген ойды қаужаған хонтайшы ақыры бір пікірге мықтап табан тіреді. Сол-ақ екен, жүзіне қыбыр етіп күлкі нышаны белгі берді де, әр жерде бір сояуланып тұрған жылқының қылындай сұйық сақал-мұртты теңселтіп қалды.

Осыдан кейін көп кешіктірмей сенімді адамы - Ехе-Абухай зайсанды ордаға шақыртып алды.

Сетержаб-хатун жалт етіп әлгінде есіктен бір қарап өткен. Ерінің зайсаңға тап казір берер тапсырмасын біледі. Өткен түнде оны хонтайшының өз аузынан естіген-ді. Содан бері ханым үлкен қуаныш үстінде еді. Шынтуайтына келгенде Сетержаб қуанбағанда, кім қуансын! Қанасынан шыққан үш қызын үріп ауызға салғандай, өңдірдей сұлу осы үш аяшын Сыбан хонтайшы Аюкенің үш ұлына айттырмақ. Сетержабтың туған қыздары туған бауырларына бұйырса, Сыбан-Рабтанның алдында басқа әйелдерінен гөрі беделі мүлде артпай ма? Оның үстіне күндестен туған Калдан-Серенді (Галдан-Церенді) байының алдында сәтін келтіріп жаманатқа іліндіріп, теріс қабаққа бір көзеп бере алса, онда, құдай-ау, Лаузан-Шона алтын тақты жеке-дара иемденер еді ғой! Онан соң Сетержабтың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс

болып, талай тайшы мен зайсаң қолына су құюға таласпас па еді! Сондықтан да ері мен зайсаңның дәл қазіргі құпия кеңесіне бөгет боларлық бөтен біреуді ордаға маңайлаттырмас үшін аяғының ұшымен қыбырлап, есікті сырттан бағып тұр.

Сетержаб әлі де онша ажарсыз емес. Кезінде екі беттің ұшындағы қызыл арай көлденең көздің қиығын сонадайдан тартып тұрушы еді, бүгінгі сарықарын бәйбішенің іркілдеген семіз денесі бар-бар елгезек жылпындығынан айырылып қалған. Ахай ханыкей күндесі дүние салысымен Сыбан-Рабтанға деген бұрынғы өкпе-қияс, реніш-кінәны азайтып, іштегі жатырқау сызын әбден ерітіп, “ерім, меншігім, мерейім!” деп сеніп алған болатын. Соған орай күйеуінің де ықыласы бұған түгел ауып, ұзақ жылғы кейісі мен кірбеңі көп күңгірт өмірдің ызғары қайтып, екеуара бір үнсіз түсініскен жұбайлық жарастық тапқан еді.

“Қасиетті Дзон-Қаба, өзің қолда! Ерімнің бүгінгі тілегін қабыл қыл!” Сетержаб атлас дәлиінің өңіріне қолын тигізе, тәжім етіп, иіле түсіп, ауыр денесімен үнсіз мінәжат қылды да, ақырын басып келіп, есіктен сығалады.

Сыбан-Рабтан тапсырмасын айтып болса керек, қарсысында мүлгіп отырған Ехе-Абухайға шұқшия қадалып, жауап тосып қалған еді.

Зайсаңның қабағы түріле көтеріліп, кірпігі сызыла ашылып, қиық көздерді болар-болмас жылтыратты. Артынша-ақ еріндері баяу күбірлеп, басы сәл-сәл изеліп барып, тыншыды.

Сетержаб зайсаңның жауабын естімесе де, әлгі қимылдан келіскен сыңайын анық сезді.

Сыбан-Рабтан сол күннің ертеңінде-ақ сый-сыяпатты мол артып, Ехе-Абухай бастаған елшілерін Еділдегі қалмақ ханы Аюкеге шұғыл аттандырып жіберді.

1725 жылы қазақтың Түркістан мен Ташкент қалаларын басып алған Қалдан-Серен келесі жылы әкесінің ордасына мерейленіп оралды. Жеңіспен қайтқан тұңғышын Сыбан-Рабтан ұлан-асыр той жасап қарсы алды. Ұлыстарға сауын айтып, хабаршы, жаушы жіберіп, аймағына думанды дүбір әкелді.

Тайшылар мен зайсаңдардан келіп түскен олжа, сыйлық орданы толтырып-ақ тастады.

Той тарқаған соң кәрі хонтайшы Қалдан-Серенді оңаша шақыртып алды.

- Балам, жасым болса біразға келді. Ойрат жұртының жыртығыма жамау, тесігіне тығын боларлық әр түрлі әрекетті тіршіліктің арқасында біраз күйттегенім бар. Сенге атаңның тағын Қалдан-Башықтыдан аударып алғанымда, мен дәл өзіңдей қылшылдаған жігіт едім. Содан бері де тақымым ат қабырғасын егеуден бір жаңылмапты. Бірде Қытай, бірде Халха, бірде қазақ хандарымен жауласып, еліңнің өрісін кеңейткен де, қонысын көбейткен де тәріздімін. Сары телпекті лама жолын қушылардың ала қабағына іліккен кезім жоқ. Дзон-Кабаның қасиетті мәңгі мекеніне кетуіме де уақыт таяу. Ендігі ел тізгінін сен ұстармысың? Ұстай алармысың, балам? - деп сирек кірпіктің астынан сығырайған жанарды ұлының жүзіне тіктеді.

Қалдан-Серен орнында қозғалақтап қалды да, қолын кеудесіне басып, басын изеді.

- Түсіндім, әке! Өзіңіз соны лайық көрсеңіз, мен құп алдым! Онда келер жаз қайтадан күшті еселеп толтырып, шеріктердің санын молайтып, қазақтың байтақ даласын түгел қоластымызға кіргізетін жорыққа дайындалайын мен. Осыма не дейсіз? - деді.

Сыбан-Рабтан езу тартты.

- Жөн. Оныңды теріс демеймін. Аюке хан бізге тізе қосатын болса, бұл ойың үддесінен шығар-ақ! Онда тілегіңе тілегім түгел қосылар, - деп жүзім шарабы мөлдіреп тұрған ыдысын алып, өз қолымен Қалдан-Серенге ұсынды.

Қалдан ыдысты алды да, аузына апармай, алдына қоя салды..

- Неге бөгелдің, ұлым?

- Аюкеге шынымен-ақ сенесіз бе?

- Әр құрыққа бір қол жалғау керек қой, ұлым.

- Аюкенің құрығы орыс патшасының қолында емес пе. Ергізе, ұстатқыза қояр ма екен? - деп Қалдан-Серен өз күдігін қылаңдатты. Және сол күдігімен кәрі әкенің қайнсақ мінезін жақтырмайтынын да ашық

жеткізіп отыр. Сыбан-Рабтан өзінің сергек, сезімтал жылдамдығымен Қалдан сырын анық ұқты. Әке мен бала арасындағы алшақтық тым кереғар тәрізді. “Ұғынбаса, ұқтырмаса, сызат алған шүбә терең шыңырауға айналып, бітімсіз жаулық пен берекесіз өшпенділікке соқтыруы да мүмкін-ау. Бір кеуденің бір көңілінде жылт еткен үміт шоғы тұтанып лаулап талай ел, талай ердің жүрегіне сенім боп шалқыр күн қайда? Тыншымас дауды өршітіп, өзді-өзін қырқыстыратын бақталастық балаларымның арасында да күшіктеп кетпеді ме екен? Шіркін-ай, әркімнің ой дүниесіне шомып, сүңгіп шығардай құдірет, әлде касиет табар ма едім? Қатпар-қатпарын санап ашып, саралап ежіктеп, талас-тартысты туғызбастай тамыр-түбірін бырт-бырт үзіп, сарт-сұрт қияр едім-ау сонда! Ол қайда? Жоқ қой ондай құдірет! Ол тұрмақ кешегі қаршадай ғана ұлыңның бүгінгі сенімсіз қылығынан түңіліп, түршігіп отырып сол ұлдан және тілеулестік іздейсің-ау. Тізеге салар тезіңе, тізелеп тұрып өзің түсесің. Түсесің! Басқа амалың да, қауқарың да жоқ”.

Сыбан-Рабтан күңгірт көздің қиығындағы тарының түйіріндей іріңді шынашағымен шертіп жіберіп, жай қимылдап жүзім шарабын тағы бір ыдысқа шөпілдете құйды. Тіл қатпай төгілген күрең қызғылт сұйықты оң жеңімен өршелене уқалап-уқалап сүртіп тастады да, сәтке жылт етіп, болар-болмас сәуле білінген жанарын қайтадан баласына төндірді.

- Солай, Қалдан-Серен! Айтқанында мән бар.Аюке - орыс патшасының құрығы. Бірақ ол бізге қарсы көтерілсе, қаһары да сұсты! Өкпе-сызы да жеткілікті. Әлі күнге дейін “он бес мың үйлі ұлысымды қайтарып бер!” дейтін әуенінен бір жазған емес. Есіңде ме, Аюкенің баласы - Санжиб тайша осыдан жиырма бес жыл бұрын әкесіне ерегісіп өз ұлысымен бізге ауа көшіп келіп қосылып еді ғой.

- Білем! Санжибқа сол керек! Өз қолынан келмесе, өзгенің қолымен от көсемесің!

Сыбан-Рабтан ұлының жүзіне әрі тітіркене, әрі сүйсіне қарады. “Тым шұғыл! Кейде сонысы да дұрыс. Алғырлық осылай асығыс атылар болар!”

- Канси хуанди Аюкені біраз әурелеп, соңымызға

құс қылып салуға да әрекет жасаған болатын. Әйтеуір, қыз беріп, қыз алысып дегендей... әзірше ол екеуміз бір-бірімізге қырын келе қойған жоқпыз.

Қалдан-Серен әкесіне қадала қарады. Жүзінде қыбыр еткен бір дірілі білінбей сирек кірпікті жанардың суық оты кәрі жүзді қарып түсті.

- Тағы да құдалықты жаңғыртпақойыңыз бар ғой!..

Сыбан-Рабтан қозғалақтап қалды. Теріс бұрылып, артына қолын созып қарманды да, төсек үстіндегі хұрды алды. Қыл ішекті бір шертіп дың еткізді де, аспапты орнына қойды. Қайта еңсеріліп, Қалдан-Серенді көзімен тіміскіледі.

“Беті шіміркенер емес. Аңдып отыр. Андысып отыр. Түбінде қасиетті таққа лайық нағыз мұрагер екенін танытты. Дәл танытты! Ехе-Абухайдың Аюкеге қандай жұмыспен кеткенін бұл ордада Сетержаб хатун екеуміздеи басқа тірі жан білмейтін. Ол сырды да сезіп қалыпты. Бір есептен сезгені де дұрыс-ау. Шытырманы көп, тамыр-тамырланып түйіні байланған орда құпиясын тамыршыдай дөп баса алмаса, хонтайшы бола алар ма еді? Бар да жансызы! Болғаны ғой. Сонда әке ізіне аңдушы қойып, көлеңкесіне қарауыл сайлағаны ма? Бірақ оның несі шам? Есеп пен сабақ, өнеге мен тәрбие сонау алғаш іңгәлаған күнінен осы тыңшылық, жансыздықпен сабақталмап па еді. Қанына жақсы сіңіріпті. Онысы керек”.

- Иә! Құдалықты жаңғыртпақ ойым бар. Аюке оған келіссе, келер жаз қос бүйірден қазақ даласын мықтап тағы бір қыспаққа алармыз. Бәрі - сенің қамың! Сенің беделің, Қалдан! Өрісті оздырып, іргені кеңейтсек, сенің ірілігің өзгенің көзіне бадырайып көрініп, айдындандырып тұрмай ма?

- Болсын сол! Келістім соған!

Қалдан-Серен алдындағы ыдысын тік көтеріп, аузына апарды. Шарапты бір тамшысын қалдырмай сарқа ішті де, шыныны төңкеріп қойды. Тұз сепкен миды үш саусағымен іліп алды да, бірер толғап қылқ еткізіп жұтып жіберді.

Осы кезде сыртқы есік ашылып, үйге мамырлай басып Сетержаб кіріп келді. Табалдырықтан аттар-аттамастан ерінің қасында оңаша отырған өгей ұлын

көргенде,сәл-пәл кідіре түсті де,тез басып ілгері озды. Ернін жыбырлатып есендік білдірді.

Сыбан-Рабтан әлденеге ыңғайсыздана қалып,орын жетпейтіндей тықырши қағылып, артымен сырғып жанынан орын босатты.

- Отыр, Сетержаб.

Қалдан-Серен дастарқан басынан созалаңдай көтерілді.

Отырған екеуге тіл қатпастан асықпай тысқа беттеді.

Сетержаб күйеуінің тізесіне шынтақтады.

- Лаузан-Шонаның тойын қашан жасаймыз?

Хонтайшы жұбайының даусын естігенмен, мазмұнын түсінбегендей тесіле қарап: “Не дедің? Қайталап айтшы?” дейтін есірік халмен үңіле түсті де, кейін шалқайды.Сетержаб әлдебір күдікпен имене қалып, бойын тіктеп, тізедегі шынтағын оқыс жұлып алды. Сасқанынан жүзіне күлкі жүгіртпек боп әрекеттеніп еді, онысынан да түк шықпады.

-Балаңызға обал болмасын. Қалыңдығынан да ұятқа тағы. Қашаңғы күттіреміз. Қыс та кеп қалды.

Сыбан-Рабтан басын изеді. Мәселені енді ғана ұғынды. Лаузан-Шонаның көптен атастырған қалыңдығын осы биыл түсіреміз деп жүргендері рас.Реті де келіп тұр екен.Той өткізуге енді әбден болады. Жорықтан қажып-шаршап оралған түменбасылары мен зайсаңдарына көрсетер қошемет, құрметінің бір түрі де осы той салтанаты болар.Тағы да құттап басын изеді.

- Жасаймыз, Сетержаб! Дайындала бер.

Той күні белгіленген соң орда қызметшілері қызу қарбаласқа кірісіп кетіп еді. Сонау Халхадан бастап Кіші Бұхара, Жетісу өңірі, Ертіс бойы, Алтай таулары, Жоңғар сілемі түгел иелігіне өткен Жоңғарияның хонтайшысы той жабдығынан аянған жоқ. Сарайдың жанындағы бауға жағалай саяжай орнатқызып, жеміс-жидек, шарап-сусын, азық-түлікті жан-жақтан алғыза бастады.

Сондай бір күнде Лаузан-Шона әкесінің үстіне асығыс кірді. Биік төсекте жаткан Сыбан-Рабтанның дәл қарсысына келіп тоқтап, жүрелеп отыра кетті.

Баласының рұқсатсыз үстіне көп келе бермейтінін білетін хонтайшы басын жастықтан жұлып алды.

- Немене? Не болды?!

Лаузан-Шона танаурап, ықылық ата дем алып, киреленген иекпен асыға ауа жұтып тұрды да, алқымындағы айықпаған ашудың толқынымен демін дірілдете шығарды!

- Анау, Қалдан-Серен әлден-ақ, көзіңіздің тірісінде-ақ сыртыңыздан билей бастады. Елдің бәрін бір шыбықпен айдап!.. Бүйте берсе... кетісерміз! Шындап кетісерміз!

- Не болды? Айтсаңшы! Неменені мыжып отырсың?

Лаузан-Шона әкеге қиястана қараса да, кейісті жүзді тайсалтпады.

- Айтсам, анау Қалдан-Серен әбден шектен шықты! Лоузидің ұлысынан Ургаға сауыт тоқуға баратын үш жүз әйел біздің тойдың жабдығымен жүріп қолы тимей бара алмап еді. Соны Қалдан-Серен әдейі жасадың деп Лоузидің бетіне салық етіпті. Онымен де қоймай, Лоузиді қаматып тастапты! - деп ашуық ақтарып салды. Лоузи - Лаузан-Шонаның болашақ қайынатасы болатын. Хонтайшының ерке ұлына арқа сүйеп, өз ұлысынан жыл сайын бөлетін үш жүз әйелді оның биыл Ургаға жібермегені де рас еді. Соны естіген Қалдан-Серен шеріктерінің қамын ойлап, түнеріп барып, беделді ноянды қатты қыспаққа алып, ақыры қаматып тастаған-ды.

- Қалдандікі дұрыс, балам! Бұйрықты орындауы керек еді оның. Орындамаған өзінен көрсін, - деп Сыбан-Рабтан бір аунап шалқасына ауыдарылды.

Лаузан-Шона күйіп кетті.

- Сонда мен бір тілегімді өткізе алмасам...

Хонтайшы шаңқ етті.

- Тілек! Тілектің де тілегі бар! Әркім тілегім деп өз қара басын ғана күйттесе, не болмақ? Анау сенің қызғыштай қорыған Лоузиың түсіне ме хан бұйрығын! Елдің бір белге шығатын сын кезеңі туып отырғанда, кімді аяқтан шалмақ ол? Үш жүз қатынның бір жазда үш мың шерік киетін сауыт тоқитынын неге ұмытады? Сонда менің жеңімпаз қолымның үш мың шеріксіз

қалатынын неге ұқпайды? Ұқпаса ұғынсын! Сезсін өз қылығын! Бүгін Лоузи сөйтсе, ертең басқа тайшылар мен нояндар бүлініп шыға келсе қайтеміз? Соны ойладың ба? Қалдан-Серенді босқа айыптама. Онымен әскер қамы. Ендеше, қолын байламаймын! Әрекетін қолдаймын! Дұрыс жасаған, - деп теріс бұрылып, қолын назалана сілтеді.

Шона қайта қайырымға келмей, ашумен долырып ордадан шығып кетті.

Сол бойда дереу атқа қонды.

Кідірместен Лоузидың ұлысына жетті.

Ешкімге ырық бермес қимылмен қарауыл бастығын шақырып алды.

- Лоузи ноян қайда?

- Оны... ноянды Қалдан-Сереннің өмірімен қаматып...

- Тез! Жылдам босатып әкел! Хонтайшы бұйрығы солай!

- Жарайды! Әміріңізге құлдық!

Осыдан шай кайнатым уақыт өткен кезде бір топ нөкерімен басқа ұлыстан оралған Қалдан-Серен тұтқынының босанып кеткенін естіп, Лоузидың ордасына ат дүрсілдетіп шұғыл келді.

- Кім босатты?

- Мен! - деді Лоузан-Шона айылын да жимастан.

- Неге босатасың?

- Даусыңды көтерме! Сен қолбасшы болсаң, мен осы өлкенің тайшасымен! Әзірше билігімді қолымнан ешкім алған жоқ. Хонтайшы болған кезіңде дікілдерсің! Кім көрінгенге қамшы үйіріп қалған әдетіңді бұл жерге көрсетпе!

Қалдан-Серен түйілген ашумен атына қайта қонып, нөкерін шұбыртып қайтып кетті.

Той өтпей қалды.

Сыбан-Рабтан бір байлауға тіреле алмады. Екі ұлдың да ыңғайы білінген соң, әзірше бір жағына жарқ етіп шыға алмай, кәрі уысқа қаһар жиып үнсіз жұмылды да, ішкі сырды кеудеден ұзатпай ордада жатып алды.

Хонтайшы жасамаған тойды Лоузи ноян жасады. Жасады да, қызын Лоузи-Шонаға некелеп қосты. Жас

тайша жар қызығымен үлкен ордаға бас сұқпай, өзге ұлыста өз бетінше жүріп жатты.

Араға бірер елші қатынасып еді, бала мен әкенің тіл табысуы одан сайын қиындады. Кешірім сұрап әке алдына Лаузан-Шона бармады. Қалдан-Серенді жығып беруге Сыбан-Рабтан көнбеді. Ақыры кәрі хонтайшы шарт бүлінді. Әр түрлі жайсыз күдіктер далада тіріліп, ордада күңкілдей бастаған соң, мемлекетінің тағдыры бақталас ұлдардың бәсекелес тартысына түсетінін сезді де, өз көңілінен Лаузан-Шонаны садақалатып шығартты. “Күні бүгін қырғи қабақ болған екі ұл бара-бара бәле басы боп, үлкен елді үркердей тоздыруы мүмкін. Бәле ұлғаймай тұрғанда алдын алайын!” дейтін ниетпен Шонаны өлтіруге бекінді.

Сетержаб хатун хонтайшының аяспау, аямау дейтін хандардың қаттылығына бет алғанын сезіп қалды. Сезіп қалды да, төркін жұртынан бірге келген бір жігітті оңаша жолықтырып, баласына төнген қатерді білдірді.

- Енді Шона ештеңеге қарайламасын. Тірі құтылсын. Жете алса, қалмақ еліне, нағашы жұртына барсын. Аман жүрсе, әке тағы қашпас. Өзі отырар. Алар өз қолымнан! Осымды тез жеткіз! Кешігіп қалма, - деп нығыздап тапсырды.

Лаузан-Шона жеті-сегіз сенімді жігітімен Еділдегі нағашы жұртына қаша жөнелген.

Қуа шығып, тасыған тау өзенінің екі жағасында кездесіп қалған Қалдан-Серен мен Шона біріне-бірі кек қайрасып айырылысып еді. Жете алмай, бармағын тістеп ағасы мұнда қалды да, ескірмес ерегісін танытқандай сұр жебені зу еткізе сілтеп қап, алыс ел, қиыр шетке інісі кете барған.

1727 жылдың көктемінде Ехе-Абухай бастаған Аюке ханның елшілері Жоңғарияға ойламаған жерден келген-ді. Елшілердің сый-сыпаты мол болатын. Бір керуен боп тізілген дүние-мүлік жүз қыз, сегіз мың әскер кішігірім елдей боп нөпір кеп түскен еді.

Сыбан-Рабтан елшілерді өз ордасында қабылдады. Аюке хан құдалыққа келісім берген екен. Соны естіген хонтайшының көптен бері көн қайыстай құрысқан

көңілі қайта жадырап, жүзіне шарбыланып қан жүгірді. Туған жиені - Шонаны бұның өлтірмек болғанына кектеніп, аямас жаулыққа кетер ме деп Аюкеден қатты қауіп ойлап жүргенде, аяқ астынан күркілдек ханның жылы райын беріп, татулыққа қол созғанын көрген соң іштей “yh!” деп әлсіз күрсінгендей көңілін демдеді.

Үшінші күні Сетержаб ханум Ехе-Абухаймен оңаша кездесті. Ехе-Абухай көп бөгелместен ханымның қолына бір құтыны ұстатты да, әлденені қатты қадағалап, тез шығып кетті.

Сетержаб ханум өз бөлмесіне кіріп, ұзақ үнсіз отырып, қалды. Бурханға[1] қадаған көзінде тұтанар леп, білінер белгі жоқ. Өлусіреген жанардың кірпіктері анда-санда бір қағылып, серпіліп қалады да, артыншаақ жапыр-жұпыр айқасып, жымдасып барып, түйілген қабақтың астындағы қос шырақты жұтып жібереді.

Әйел ауыр ой үстінде болатын. Кешкі аяз қылаң салғандай ақ күміс шалған самай шашын торцогінің[2] астына саусағымен шиыршықтап тықты да, сол қыбырсыз мүлгіген самарқау қалпына қайта бейімделді.

“Құлыным Лаузан-Шонам әкемнің ордасына аман-есен жетіпті. Ұлымның ендігі аңсары - ата тағы! Бірақ сол тақтан үміткер Қалдан-Серен тірі тұрғанда ол байғұстың табаны бұл жақтың топырағын баса алар ма? Қаны қарайған қатал әке енді қайтып жібімейді. Бір тілек, зар тілегін ұлым маған айтыпты. Анам деп сеніп айтыпты. Орындай алар ма екем? Орындай алмасам, туған жердің түтінін аңсаған ханзада ұланның ғұмыры қапа мен құсада, сағыныш пен күйікте өтер-ау! Қалдан-Серенді халық қаламайды. Аямастық мінезін, қаттылық көңілін әлден-ақ жақтырмай, Лаузан-Шонамның жайдары жүзін жұрты сағына бастаған тәрізді. Сарай маңындағылар да, анау даладағы арат, бақташы-малшылар да бір аңыз-әуен шығарып алыпты. “Аңсағанымыз - Әділет!” дейді. Әділет деп Шонаны айтады. “Көксегеніміз - Адалдық!” дейді. Адал деп Шонамды іздейді. Ізгілік тілейді. Шонамды жоқтайды. Аңыз - Шона! Әуен - Шона!

[1] Бурзан - будданың киізден жасап, алтын жалатқан мүсіні.
[2] Торцог - бас киім.

Ызыңдап құлағыма күнде жетеді. Көзімді ыстық жаспен жуам. Зуылдап жүйрік желмен тарайды. Жүрегімді сазды, шерлі мақтаныш кернейді. Қуанам да қамығам. Таққа қол созса - меншігі емес пе еді? Ұлып қашқан тазыдай айдаладан аңыраған даусы көкірегіме жете ме? Ұйқымды бұзып, күлкімді қашырған сол ұлымның күрсінген күңіренісі еді ғой! Тәуекелмен белді бусам - бір қаракет қолымнан келмес пе? Сескенем бе? Қорқам ба? Көп қысасты жалғыз ғана қимылмен неге өшірмеймін? Сол қимылмен Дзон-Қабаның ниетіне шетін болмас па екем? Бірақ анау азынаған көптің қалауы солай демей ме? Теріс болса тау мен даланы күңірентіп аңыз-әуен тарар ма еді? Ішке үңілмей, қырбай кеткен теріс азу долылық қай уақта әділет күйттеп еді? Қой! Бекінейін! Балам үшін жан пида! Аналық борышым емес пе? Өтейін соны".

Сетержаб орнынан нық тұрды. Асықпай аттап басып, асүйге кірді.

Аспазшы дүнген шалы ханымды құрақ ұшып қарсы алды.

- Хонтайшының табағы дайын болды ма?

- Иә! Міне! Ал, мынау Қалдан-Серен тайшанікі.

Сетержаб табақтағы дәмнен іліп алып, ауыз тиді.

- Келімдәрісі аздау екен.

- Қазір, қазір! Апырай, ә... Тақсыр хан бұрышты онша жақтырмаушы еді... Сіз айтсаңыз... онда...

Аспаз теріс айналып бұрышты ала беріп еді, Сетержаб қойнындағы құтыны тез ашып, екінші табаққа сеуіп-сеуіп жіберді.

- Апар! Апара бер. Суып кетер.

Мамырлай басып ханым асүйден шығып кетті.

Сарайда Қалдан-Серен мен Сыбан-Рабтан екеуі ғана отыр. Бұлғын ішігін желбегей жамылып алған хонтайшы жүзім шарабын баяу, сыздықтата сіміреді.

- Неге ішпейсің?

- Тәбетім шаппай отыр. Сізбен кеңесер біраз жайларым бар еді, әке?

- Кейін ол, балам, кейін! Алдымен ауқаттанып алайық, - деп хонтайшы алдында бұрқырап буы шығып тұрған табаққа қол созды. - Оу, мынаның бұрышы тым ащы екен!

- Онда мына менің табағымнан алып көріңіз. Маған бұрышы бәрібір.

Сыбан-Рабтан ұлының алдындағы табақты өзіне қарай сырғытып, уыс толтыра көсіп алды да, баласының салғырт тартқан жүзіне анықтап, барлап қарады.

- Өзің жүдеп қалыпсың ғой?

- Мына елшілерге онша сеніңкіремеймін. Тым жылпос екен шетінен. Анау сіздің Ехе-Абухай да сұйықтау адам. Ішіңізді бермеңіз, әке. Ә дегеннен Аюкенің соншама құлап түскенінен күдік алам-ау.

Сыбан-Рабтан Қалданның бетіне қарап, сәл тіксіне ойланып қалды. Алақанындағы майлы етті көмейлеп асап жіберді де, тамағын қырнады.

- Қалдан, сен шектен тыс сақ боп кетіпсің! Жақсылықты да жамандыққа жорисың. Күдікшіл ой шындыққа жетпей, сыңар аяқ басатын. Шашпау көтерген қолдың қанжар жасыруы мүмкін емес. Ерден ғана ер қауіп тосар, еркектен ерге бүлік жоқ. Көп төбетке - бір көкжал! Босқа қосұрейленбе. Атаң Сенге, бабаң Батыр кеудеге күдік жайлатқан емес. Есенді ерегісте ұт. Ежелеп, күдік саума! - деп қайтадан табаққа қол созды. - Ал! Алсаңшы! Асың суып кетті ғой. Тоя жеген тағам да - бір ғанибет!

Қалдан-Серен әке сөзінен соң дағдарып, аңырып біраз отырды да, алдындағы асқа қол созды.

- Түу, бұрышы расында удай екен!

- Жә! Мына табақ екеумізге же-те-ді-і...

Сыбан-Рабтанның одан әрі тілі күрмеуге келмей, езуінен ақ көбік ағып, еңкейіп, опырылып құлады.

Қалдан-Серен айқай салды.

- Дархан-емші! Тез!

Әкесін шалқасынан жатқызып, көзін саусағымен ашып қарашыққа үңілді. Сұп-суық көкшіл мұздай өлі жанар қыбыр етпеді.

Сарайға жұрт толып кетті.

Емші хонтайшыны көрген бойда:

- У! У беріпті! Қастандық! Қастандық! - деп шар ете қалды. Жіңішке дауыстың құлақ тырнаған ащы шырылы басылар емес. Тұс-тұстан осы нәзік үнге жамырап көп дауыс қосылды.

- У беріпті дейді?!
- Жауыздық-ай!
- Әміршіміз Дзон- Қабаның қасиетті мекеніне кетіпті!
- Енді не істейміз?!

Дауыс қосып Сетержаб хатун ордаға жылап кірді.

Қалдан-Серен өгей шешесінің алдын кес-кестеді.

- Тоқта! Қайда барасың?

Сетержаб жалт етіп ызалы көзбен түйреп өтті!

- Былай тұр! У берген сенсің! Оу, жарандар-ау! Екеуден екеу оңаша отырып, таққа таласып, өз әкесін өзі өлтірген мына зұлымды қалай аман қойып тұрсындар! Қараңдаршы, жүзі жанбай тұр ғой. У берген дәл осы! Кеше ғана Лаузан-Шонаны жамандап, арандатып елден қуып шығып еді. Енді бүгін туған әкесіне у беріп өлтірді! Сөйте тұрып, сүттен ақ, судан таза болмақ! Ұстаңдар! Жібермеңдер! - деп ашына айғай салды.

Сарайға Ехе-Абухай бастаған тағы бір топ адам сау етіп кіріп келді.

- Жабылыңдар!
- Бұғалық салыңдар!
- Лаузан-Шонадай азаматты қаралаған осы сұм болатын!
- Қарнын ақтарыңдар!
- Өз уын өзіне ішкізіңдер!
- Бол! Болсаңдаршы!

Жан-жақтан қамалап жақындап қалған Ехе-Абухай адамдарын көргенде Қалдан-Серен қатты абыржығанымен саса қойған жоқ. Қынындағы қанжарын суырып алды да, әлі де қарсы алдында тұрған өгей шешесін сол қарынан мыта бүріп, өзіне тартып алды.

- Ехе-Абухай, енді бір адым ілгері жылжысаңдар, қанжарды мына қос өкпеге бір-ақ бойлатам! Әкемнен жаны ардақты емес бұл қаншықтың! Жазықсыз күйдірмеңдер мені! Ақ-қарасын тексерейік! - деді.

Топырлаған жұрттың ішінде Қалдан-Серенді жақтайтын жандар да аз емес еді, дүрілдеп ала жөнелді.

- Иә! Тексеру керек!
- Қалданға босқа күдіктенеміз!
- Өз әкесіне у беретіндей оған не көріпті?

Қалдан-Серен есік жақтағы қызметшіге көзін жалт еткізді.

- Аспазды дереу жеткіз!

Қызметші бүлкілдей жөнелді. Сетержаб әлсіз бұлқынып, жалақтаған қанжардың суық жүзінен тайсақтап, Ехе-Абухайға жалына бұрылды.

- Не ғып тұрсыңдар! Шынымен сеніп қалдындар ма? Әзәзілдің тілі тәтті болмаушы ма еді?

Қалдан ханымды жұлқып-жұлқып жіберді.

- Бажылдама! Ең болмаса мәйіт алдында әбүйір тапсаңшы!

Дүнген аспаз есіктен қайта-қайта басын ие, тәлтіректеп әрең кірді. Түсі құп-қу боп бұзылып кетіпті.

- Тамақты кім дайындады? - Қалдан саңқ етті.

- Мен... ме-ен дайындап едім, та-а-қсыр!

- Саған у берген кім?

- Астапыралла! У көрсем көзім шықсын!

- Әй, кәпір! Сенің алланда жұмысым жоқ. Шынынды айт та, жаныңды арашалап ал!

- Оллаһи, биллаһи, мен ештеңе білмеймін!

- Қанша алтын алдың?

- Алтыныңыз не? Тақсыр-ай, бар жазығым тамақ дайындағаным. “Бұрышы аздау” деген соң...

- Бұрышы?! Оны кім айтты саған?

- Ханымның өзі дәмін татып... “Бұрышы аз” деп... Сонсоң келімдәрі қосып...

- Келімдәрің - у емес пе?

- Астапыралла, о не дегенің, тақсыр?! Күнде ұстап жүрген нәрсені у деп, міне, керек десеңіз әлі қолымда тұр. Нанбасаңыз, ханымнан сұраңыз, көзінше салғам.

Аспаз еңбектеп келіп, Сетержабтың тізесін құшты.

Қалдан-Серен ханымға тесіле қалды. Өгей шешесінің ұсқыны қашып кетіпті, дірілдеген дененің әлсіз қимылы саусағынан сезілді.

- Ханым, асүйге неге кірдің?

- Жай! Астың дәмін көрейін деп...

- Айт шапшаң! Дәріні кім берді?

- Қайдағы дәрі?!

- У! Уды саған кім берді?

- Мен ештеңені білмеймін. Өлтірген сенсің! Сенің кесірің! Сен - жауызсың! Жауызсың!

Сетержаб шыңғыра айқайлап, азар-безер боп бұлқынды. Қара қанжар алқымына тақалды.

- Кім берді уды? Аяйды екен деме!

Сетержаб Ехе-Абухайға шапшаң көз жүгіртті де, басын шайқады.

- У көрген жоқпын...

Қалдан-Серен өгей шешесінің қойнына қолын сұғып жіберді де, әлдебір құтыны суырып алды.

- Мынау не?

Сетержаб жараланған аңдай ыңырана, ышқына айқайлап, он саусақты тарбита Қалдан-Серенді тарпа бас салды.

- Неге өлмедің? Сен... сен өлуің керек еді ғой. Зауалың қайда? Дзон-Қаба, қасиетің қашқаны ма? Неге таппадың? Неге атпадың зәлімді?!.

Қалдан-Серен Сетержабты итеріп, серпіп ұшырып жіберді де, Ехе-Абухайға бір-ақ атылды.

- Барлық пәле сенен! Сен жауыздан! Әуелден-ақ сенбеуші едім. Ақыры хонтайшының түбіне жетіп тындың ба?

Ехе-Абухай да қарап қалған жоқ. Қайқы қылышын жаландата қарсы ұмтылды.

- Менен неге көресің? Қолыңмен ұстап алып па едің? Әлде тастай алмай жүрген жаным бар ма еді, - деп айбат атып, қанжарды қағып жіберді.

Қалдан кісілеріне бұйрық берді.

- Шақыр шеріктерді! Жалаңқылыштар қайда? Ұстасын бәрін! Тастасын зынданға!

Елшілер мен Ехе-Абухайды зынданға тастатып, Сетержабты үш қызымен бірге бөлек қаматып, Қалдан келесі күні зайсандар заргосын шақыртты.

Қалдан-Серен бірақ заргоға қатыскдн жоқ. Әкесінің мәйітін арулап жөнелтудің соңында жүрді де, бар билікті зайсандардың өз еркіне берді.

Көңдей көңілге өмірі бітпес, мәңгілік кетпес қысастық ұйып қалған. Көкіректе қаһарлы қыжыл бар. Ашуы алқымға тығылып, Қалдан-Серен ыза мен дәрменсіздіктен қатты сенделіп, өз бармағын өзі шайнардай әбігер күйге түсті. Ел ауқымы бәріне де белгілі. Екі дай боп қақ бөлініп, әлден-ақ күбір-сыбыр өсекті дүңк-дүңк алып қашып жатыр. Хонтайшы болса

өлді. Тақ болса қаңырап бос тұр. Жұрт ыңғайы құлай қопарылып қалай қарай ауар? Кімге ауар? Мұрагер деп түгел жапырылып бұған тірелер ме? Қарғыс шарпуындай қатты дауылымен бір-ақ шайқап, серпіп, ығыстырып тастар ма? Қытымыр тылсым пердесін оңай ашар емес. Әке кегі ішін өртесе, өз келешегі және жұмбақ. Қаталдықты ылғи ту ғып көтергенде, шала ғып тұтатқан әлдебір оты өрт боп тұтасып келіп, өз жанын шарпыр деп ойлап па еді бұрын? Енді міне әділ кекті қууға да жібермей әлсіз тірлігі шабандатып тастапты. Болдыртып қинапты.

Кешкі зауал шақтың алакеуімінде қара шыбынның ызыңы ғана тынбайды. Бұрыш-бұрышқа қоюланып көлеңке ұялапты. Қалдан-Серен малдасын құрып алып, әлі мүлгіп отыр.

Есік сықыр етіп ашылды.

қалдан басын көтеріп алды.

- Мен ғой, Қалдан балам.

Қалдан-Серен қаракөлеңкеде геген-кутухтаны[1] әрең шырамытты.

- Келіңіз, қасиетті баба! Жоғары шығыңыз!

Лама дыбыссыз басып кеп, Қалданның оң жағына құйрық басты да хойморда[2] тұрған бурханға қарап тәжім етті.

- Қалдан, сенде жұмысым бар.

- Құлағым сізде, қасиетті баба! Айта беріңіз.

- Айтсам, мен түс көрдім. Дзон-Каба маған аян берді. Алтын таққа сен ғана лайық екенсің.

Лама оқыс бұрылып, Қалданның бетіне ұзақ қарап өтті. “Сезесің бе, нені тұспалдағанымды түсінесің бе?” дейтін асығыс әрі аяр сұрақ жүзіне тұнып қалыпты. Қалдан геген-кутухтаның алқанын қос қолдап ұстап, еңкейіп маңдайын тигізді.

- Әміріңізге құлдық, қасиетті баба! Бұйыра беріңіз!

- Ендеше мен Дзон-Кабаның емеурінін елге жеткіземін! Бүгін жеткізем!

- Айтқаныңыз болсын! Қалағаныңызды қалт

[1] Геген-кутухта - Жоңғарияның лама дінінің басшысы.

[2] Хоймор - үйдің оң жағы.

еткізбеспін, қасиетті баба! Маған шын сеніп келсеңіз, сол биіктен табылармын. Табылармын-ақ!

- Болды. Мен онда кетейін. Екеуміз еш кездескен жоқпыз. Түсіндің бе?

- Түсіндім.

Геген-кутухта дыбыссыз басып, көлеңкесін үнсіз сүйретіп, табалдырықтан шығарып әкетті.

Осыдан соң Қалдан-Серен әке тағына мығым отырды. Бұл екі арада Аюке ханның қайтыс болған хабары да жеткен еді. “Енді қолым мүлде шешілді!” деп түйген жас хонтайшы қаттылыққа аямай мінді. Қалмақ ханынан келген елшілердің төртеуінің табан астында басын кескізді де, екеуін алыс түкпірге жер аудартты. Ехе-Абухайды зынданнан шығармады.

Ендігі қысасы өгей шешесі мен үш қарындасына тігілді. Ақыры зайсандар сотын тізеге салып көндіріп, қатал бұйрық шығартты да, төрт қысырақтың құйрығына төрт бұрымды матап байлатқызып, Сетержаб пен үш қызын тау тасқа сүйреткізіп, азаптап өлтіртті.

Шонаны уілдеп жел іздеді. Азынап боран жоқтады. Қаталдық құрығы мойнына мықтап түсіп, қылғындыра буғанда араттың аңызында Шона батыр, Шона құтқарушы, Шона қаһарман, Шона әулие бой көрсетті. Шонаны уілдеген жел іздеді, күңіренген ел аңсады. Шонаны азынаған боран көкседі, аңыраған жұрты жоқтады.

Бірақ арман алыста еді. Шона әулие емес еді.

ОРДАБАСЫҒА ОРАЛҒАНДА

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің.
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.

Асанқайғы жырау

1

Ордабасы жиынына Бөгенбай батыр бір топ серігімен келді. Үш жүзді түгел аралап, қазақ даласына сауын айтқан батырдың жер жерден ерген нөкерлері көп. Жоламан төрт-бес жылдан бері жақсы ағадан үзеңгі үзіп көрген емес. Кейінгі кезде қосылған Әділ де Бөкең дегенде ішкен асын жерге қояды. Бұл екеуінен бір елі ажырамайтын Орынбай да батырдың сеніміне әбден кіріп алған. Таяуда ғана ілескен Тарақты Наймантай батырдың баласы Байғозы мен Шапырашты Есқожа руының жас көкжалы- Қарасай батырдың немересі Жарлығап бар.

Ордабасы - ежелден жиын-кеңес, мәслихат-диуан өтетін белгілі мекен. Алатаудың ұзын аққан жотасындағы Қаржан тауынан бастау алатын Бадам өзенінің жағасында, Шымкент шаһарының батыс тұсында отыз шақырымдай жерде. Қаратаудың сілемінің бірінен басталатын Арыс өзені теріскейін жанап өтеді. Осы екі өзеннің кең алқабы жарысып барып далалы беткей, жазыққа шығады да, сонадайдан Ордабасы мен мұндалап көрініп тұрады. Егер сіз Арыстанды, Шаян жағынан тік салатын болсаңыз, онда Ордабасы сатыланып көтерілетін қырат-қыр, адыр-төбелерді алдыңыздан тосып, үнсіз қол созғандай жүз шақырым атырапқа тегіс сұлбаланып, Алатау мен Қаратаудың иықтасып түйіскен бұрышына кіріп жатар еді.

Ол кезде, 1728 жылы, Бадам мол сулы өзен бо-

латын. Ордабасының тұсында әсіресе шалқып жайылып, шабындық, жайылымы мол кең қолтық тастап кетіп отыратын. Сондықтан да үш жүзден құйылған қалын жұрттың ат-көлігі, сауындық бие, сойыстық жылқы, қойы қанша жайласа да, маңайды тұяқ кесті ете алмайтын.

Өзен бойы малға да, елге де лық толы. Тау өзені кейде темір астауланып, жар қабаққа долданып соғып жатса, кейде жадағай тұста айдынданып баяу ағысқа түседі. Жағасы шымайт, бұталы, шілікті келеді.

Жағалай қонған ауыл сыртындағы төбе басында Жоламан мен Әділ отыр. Мынау төрт тараптан сауылдап құйылып жатқан сарбаздар мен ел адамын шолып қойып, ақырын сырласады.

- Апырай, өлексеге қарға-құзғын үймелеуші еді. Мына жұрттың аңғарынан сен не ұқтың, Жоламан? Атқа мінген, әмір- құдірет жүргізген беделді де билікті ақсақал, қарасақалдан бастап хан, сұлтанның қандай ойы бар екен? “Есем!” деп есеп қуалап, “Ұпайым!” деп ұтырлап соғар ма екен? Ондай күнде бірлік, ерлік, еркіндік аңсаған азаптағы еліңнің қамау-қоршауы одан сайын қиындамас па екен? - деп өз көңілін қинаған бір күдігін Әділ оңашада ортаға салып, сыр тартты.

- Қой! Өйтпес! Қайта мен қуанып тұрмын-ау! Көптен бері болмаған күшті леп, ерекше серпін көргендей сезіндім ғой. Өзің қарашы! Мынау қаптап жеткен көбің - елің емес пе! Осылай ауызбірлік танытып, бір араға топтасқанын ұмыта бастағандай кезде қайтадан табысқан жоқ па! Соның өзі неге тұрады. Әділ, сен босқа күдіктенбе. Ел ыңғайы бірлікке шын бет алған екен, ойындағысын орындатып тынар! - деп мінезді жігіт досының секемшіл жүрегін орнықтыра сөйледі.

- Хан келіп пе? Ұлы хан - Болат қайда екен?

- Бөкеңнен біліп едім. Келген екен. Ордасын Қошқарата мен Боралдай өзенінің құйылар тұсындағы Арқарлы тауындағы тоғайлы сайға тіксе керек. Осы арадан елу-алпыс шақырымдай жерде көрінеді. Үлкендер айтып жүр ғой. “Үлкен Орда қонған жер” деп. Ал, Әбілқайырдың қонысы соның қасында, бес шақырымдай аулақта.

- Оны “Кіші Орда қонған жер” дейтін болар?

- Иә! Оны қайдан білдің Әділ?

- Білетін несі бар. Жағымпаз жылпостар хан-сұлтанның көзіне бір түсіп калу үшін, боқатына да ат қойғыш келмей ме. Жә, мәселе онда емес. Сыпалап пара алып, жең ұшынан қол жалғасып жатқандар ауқымы қалай қисаймақшы?

- Параң не? Неменеге қол жалғамақ?

- Әй, Жоламан! Батыр - аңғал деген рас-ау! Ордабасыға жиналған жұртЖоңғарға қарсы қосынның сардарын сайламай ма? Болат - ұлы хан. Үш жүздің бірдей ханы. Хан - сардар емес. Болмайды да. Ұлы жүздің ханы - Жолбарыс келе алмады. Жоңғар боданында қалды. Сонда Кіші жүз ханы Әбілқайыр сардар болмағанда, кім болмақ?

- Иә, рас.Әбілқайырдан басқа ыңғайлы сұлтан жоқ.

- Сұлтан неге болмасын? Көп қой. Барақ сұлтан, Болаттың інісі -Сәмеке сұлтан, баласы - Әбілмәмбет сұлтан, Қайыпханның ұлы - Батыр сұлтандар сардарлықтан дәметпес деймісің? Сардарлық - біле білсең, болашақта ұлы хандыққа апаратын даңғыл жол. Үш жүздің қолын дұрыс басқарып, ойраттың ойранын шығара алса, қалың халық ыңғайы еріксіз соған ауады. Сондықтан да әлгіндегі жең ұшы, қабақ асты, көз қыстым сол. Бұдан хабарың жоқ па? - деп Әділ сырғып келіп, жақындай түсті. Шын жауапты анық тосады.

- Білмедім, Әділ. Кінә-сұмдыққа бара алмас. Бармас. Жылаған көздің сел жасын кешіп келген ақсақалды билер адалдығынан таймас. Таяр болса ас жемей, зәр жұтар. Онда әулиелігінен адасар! Адасар-ау! - деп Жоламан жүнжи түсіп, бүрісіп барады. Ойламаған жерден “әй, шынымен сөйтер ме? Сол hарамдыққа, көрнеу көзге арсыздыққа басар ма?” дейтін күдікке тірелген соң, ішінен жиі сүйсінетін ділмәр, жүйрік билерден, мықты да білікті ақсақалдардан іш тартып қалғандай. Сонда да тұяқ серпкен серкедей бой бермей, әлгі өз көңіліндегі күдікті секемді қуалап қашырып, әлсіз дәрменді қарманды. - Қой, өйтпес! Қаз дауысты Қаракесек Қазыбекті өзің көрдің! “Жақсы лепес - жарым ырыс” деп әр сөзіне

ден қоймап па едік? Жалған айтып, жалтарып кетер, басқа басқа болар. Қазекең өйтпес! Алыс пен жақынның арасын айырып, қиялдағы қиынның түйінін шешіп беріп жүргені бүгін емес. Қиялдағаны - ынтымақ. Аңсағаны - береке. Мойнындағы қарыз-ын- халқымның, қамы деп келген кісі, жалт беріп ойнақтап кете алмас. Кетпес! Өйтер болса, тәңір атар! Жасаған хақтың белгілеп ұстаған өз кеменгері! Аралық ағайындыққа ылайықтаған тәңір құлы! Өзгермес!

Әділ разы боп отыр. Жоламанның кәдімгідей қатты ширығып әділдік, адалдық деп соққан жүрегінің осылай бұлқына қабынуын жақсылыққа жорыды. Басқа ұр да жық, ожарлау серіктерден ерекшеленіп, ой түбіне жүгінуді әдетке айналдыра бастаған жолдасына қызыға қарап отыр.

- Қазекең сөйтпес. Жонданып алған басқаларға ақтығымен үлгі болар. Анау Үйсін Төле би, Әлім Әйтеке би де ылғи тазалығымен аты шығып жүр ғой. Қыңыратқымас. Ал, басқаларға шөк-шұбам көп. Шіркін, кеңесіне қатысар ма еді! - деді Әділ.

Осыдан соң екеуі де үнсіз қалып төмендегі ауылға көз тікті. Қалың үйлер кең қолатқа қатарласа орнап, дөңгеленіп тізіліп қалыпты. Көбі төрт-бес қанатты тігуге, жығуға ыңғайлы шағын боз үйлер. Дөдегелеріне оюлап манат пен борлат бастырған өсем отаулар да кездеседі. Оқшауланып, бөлек ауыл болып қараша, қоңыр үйлер сырт жақта, төменде тіркесіп тұр. Ас үйлер, атшы, малшы, күтуші, даяшы түсетін жатын үйлер тәрізді. Сонау өзен бойындағы көк шалғында қатар-қатар тартылған желі. Желі сайын шыбындаған шу асау құлындар.

Үй-үйдің алдындағы қатар тартқан кермелерде жарау, күйлі аттар әр рудың таңбасын санында жылтыратып, үйездеп қалған.

Орта тұстағы биіктегі ауылдың сәні өзгелерден ерекше. Жиын осы арада өтетін болғандықтан, шетінен дөңгелек қыпшақ иінді, жатаған, үлкен шаңырақты, ақ шаңқан оюлы киіз жапқан ордалар. Әсіресе үш үйден біріктіріліп құралған мәслихат жайы басқалардан айбындырақ. Кішігірім сарайдай болып, басқа отаулардан еңсесін биіктетіп, бірден көзге ұрады.

Жиын ертең ертемен басталмақ. Сол кезге “Үлкен Орда қонған жерден” Болат хан, “Кіші Орда қонған жерден” Әбілқайыр сұлтан келмек.

Әзірше бұл ауылда билер, басқа сұлтандар, батырлар, жыраулар, сарбаздар, бұқара жұрт қана бар.

Кеш бата, сам жамырай сырттағы қара-құрым халық үйді-үйге жайғасты. Тыста адам аяғы сиреді. Жылан жүрісті жылпостар да, имең қаққан жағымпаздар да, айрандай аптап, күбідей күптеп қалған жуандар да ірге алдырмас сырды ішке бүгісіп, ертеңгі күннің қамына бүгін-ақ оймен бойлап барады. Жоламандар оңаша. Мұнда кілең жас баршындар. Дулаттан шыққан киіктің асығындай ыңғайлы Қангелді, Арғынның Әлтекесінен Жидебай, Тарақты Байғозы, Шапырашты Жарлығап, осы Шапырашты Құттымбеттің Наурызбайы, Қаракесек Жандыр, Әлімнің Төртқарасы Бекқара, Қыпшақ Маңдай, Уақтан Сары, Сүйіндіктен Олжабайлар бар. Сырттай ғана бірін-бірі естіп жүрген жас перілер көрген бойда табысып, енді міне бір шаңырақ астында тізе қосып отыр. Әсіресе осылардың бас қосуына бірден бір себепші Әділ еді. Әрқайсымен жеке-жеке кездесіп, тамыр басып көргенде, ру деп, жүз деп, ата деп, бата деп бөлінбей, айқасуды - азаттық, ерегісті - еркіндік деп ұмтылған жүректерін тап басты да, өзі түскен отауға тегіс шақырды.

Жоламан мен Жандыр құшақтасып кездесті. Жандыр бүгінде балғынданып, сорайып өсіп, екі иығына екі кісі мінгендей зіңгіттеніп алыпты. Жымия түсіп, жылылық білдіргенде, қара көздері мөлдіреп кетеді екен. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын сабырлы мінез тауыпты.

- Бексана қалай? Қашан келдің? - деген Жоламанның қуанышты сұрағына аспай-саспай, шолақ жауап қайырды.

- Құрбың күйлі. Сені көретінімді білгендей, сәлем айтқан. Әкей де осында. Кеше келгенбіз. Бастап келген - Қазыбек би. Өзің қалайсың?

Жоламанның әңгімесін түйіліп отырып тыңдады. Әлгінде ғана жайраңдап тұрған жүзді күңгірт перде басты. Мөлдіреген көзге мұң оралды. Жомарт батырды

Жандыр қатты сыйлайтын. Адамгершілік қасиетіне іштей тәнті боп, бас иетін. Жұдырығы түйіліп қалыпты. Тұлпардан қалған тұяқ барын - Тасболат хабарын естігенде қайта жадырады, жұдырығы жазылды.

- Е, бәсе! , Тұқымы қалса керек еді! “Орнында бар оңалар!” деген. Өзің де, міне, Жоламан-ау, алдымда тұрсың. Жата-жата жамбасқа деп, әбден бұйығыланып алдық па, әй, бір шүйілерміз! Қуармыз кекті, Жоламан. Бәрінің артының қайырын берсін!

Сол Жандыр қазір де Жоламанмен тізе тиісітіріп, оң жағында отыр. Әзірше сөзге араласа қойған жоқ. Қызығып тыңдап, жастардың әзіл-қалжыңы көп ақжарқын кеңесін келісті қабағымен ғана қоштап, жалғастырып қояды.

Осындағы ересектеуі Маңдай батыр. Талай ыстық-суықты көріп, жорық-жортуыл шаңын көбісінен ертерек бұрқыратқан жігітке бәрінің ілтипаты түзу. Сын асудың өткелінен өткен, ерлік, сарбаздық жолдың еншісін бұрын бөктерген адамның өңгімесінен қызық не бар. Тұс-тұстан жамырай шуылдап, сүйсіне қошеметтеген жастар болар емес.

- Маңдай аға! Тағы бірін айтыңызшы!

- Мейіріміміз қанбай қалды ғой! Құмартып жүрген өнердің бұ да бірі екен! Тәлім-тәрбиеңізге қана берейік!

- Жаңағы бір сөзіңіз анық жігіттік, нарлық тәрізді. Артықпын, кереметпін деп мақтанып жүретін кейбіреуімізге сабақта болды-ау. Рас, менің қолымнан келмеуі де мүмкін, - деп Наурызбай шынын ақтарды.

Маңдай үлкен қой көздерін үй-ішіне жағалай қыдыртып, қызынып, лепірген бозбала батырларды шолып өтті. Иығындағы желбегей жамылған ботажүн биязы шекпенін қаусырынып алды да, жекей бөрікті әрқайсысы кішігірім ұршықтай саусақтарымен іліп алып, іргеге тастады. Ұстарамен тақырлап қырғызған төбесін алақанымен бір сипап қойып, әлденеге күліп алды.

- Айтар ауыз болса, тыңдаушы құлақ бар дейсіңдер, ә! Ойбай-ау, онда неге бұлданайын. Тегінде, шын әңгіме көрген жайдан, болған оқиғадан туындайды ғой. Бастан кешкен бір жағдайды баяндайын.

Өткен жылғы Бөленті бойындағы Қарасиыр деген

жердегі шайқасты білесіңдер. Сонда алғаш рет ойраттан үстем шығып, желпініп жеңісті тойламадық па.

Хош. Содан мен бір топ серігіммен ауылыма қайтайын. Қосты, азық-түлікті артып алған екі түйеміз бар.

Қас қарайып бара жатқан кез. Өзіміз түн қата жүреміз деп әбден қалжырап келе жатыр едік. Иек артпаның астында қасқабұлақ болатын. Ойымыз соған барып қону.

Күндізгі ұзақ жүрістен шалдыққан аттар тірсектері шалынысып, майда аяңнан аспайды. Жол қайда, жыңғыл-жыңғылдың арасындағы алаңқайды аралап, өрге тік салдық. Дәл алдынан батып бара жатқан қызыл күн көз шағылыстырып, қарып түседі. Әйтеуір жобамөлшеріміз дұрыс.

Содан үздік-создық адырға шыға-шыға келдік. Жүрегіміз тас төбеміздің шықты. Жо-жоқ! Қорықпайтын, сескенбейтін жан болмайды. Батыр біткен батыл деп ешкім айтпас. Әңгіме қорқыныш пен үрейді жеңе білуде, - деп Мандай әңгімесін үзіп, жан-жағына барлай қарады.

- Иә, неге қорқып жүрсіздер?
- Не болды? Немене көрдіңіздер?
- Жын-пері, шайтан-дию емес пе?
- Мүмкін, жезтырнақ кездескен шығар!

Маңдай батыр бетіндегі сәл білінген қорасан дағын саусағымен сыйпалап отырып, кең жауырынын құныстыра қосты.

- Әй, жаспысың деген! Ойын, қалжыңдарың қалмайды-ау. Жын-періңмен кездессем, оңайлықпен қорқа қоярмын ба. Бізді сескенткен бұлақ басындағы жүз қаралы ойрат шеріктері емес пе? Қайдан жүргенін кім білсін!

- Пәлі! Жүз шеріктен сескеніп... Ағындап, атойлап лап қойса, тым-тырақай безе жөнелмей ме?

Маңдай кім айтқанын естіген жоқ. Бірақ отырғандарды кезек-кезек көз найзасына іліндіріп-іліндіріп алды да, мысқыл күлкіні езуіне жиып ала қойды.

- Он шақты адамның қамшы бассаң құлай кеткелі шалдығып тұрған, зорығуға жақын мәстекпен қару-

сайманын ыңғайлап күтініп тұрған бекіністегі қолға шапқан есерсоқтығын көрмек түгіл естігендерің бар ма?

Ешкім жауап қата алмады.

- Әне! Біздікі де сондай шарасыз хал. Иіріліп, шоқтанып, әліптің артын бағып тұрмыз. Аналар болса шүлдірлеген тілдерімен әлдене айтып, қолдарымен біз жақты нұсқап, әбігерленіп қалды. Бір аңғарғаным: әлі де болса біртіндеп адырға көтеріліп жатқан біздің қанша екенімізді білмей, қауіп ойлайтын тәрізді. Соны бір екшеп өткенде, құдай дес берді білем, әулекіленіп, құтырынып сала бергенім ғой! Ондайдаептілік пен өжеттілік - ең бір жебеушің! Айқайлап сөйлеп, “жау мұндалап!” арт жағыма бұрылып, қол сермедім. Олардың ішінде де қазақ тілін түсінетіндер бар. Көрші отырып, аралас-ауылдас жүрген өзіміздің кей сарбаздар қалмақ-ойратша сайрап кеткенін талай көргем де.

Хош. Содан түйешіге дауыстап: “Тез! Зеңбіректерді бері шығар! Құдай бергенде дәл үстінен түсіппіз. Енді бұларға құтылу қайда! Бөгенбай батырдың қолынан жау құтылған ба!” деп келте бұйрықты үсті-үстіне төпеледім де, екі түйені көлденеңдете шөгертіп, сыбырлап қана қасымдағы серігіме: “Саптаманды шеш те, түйенің ық жағынан барып қомның үстінен аналарға қарай оқған!” дедім.

Серігім түсіне қойды. Секіріп түсіп, екі саптама етігін суырып алды да, екі түйенің тасасынан кезене бастады. Ай, сондағы күлгенім-ай! Әне-міне дегенше болған жоқ, шеріктер көз ұшында бұлдырап бара жатты. Жалбақтап, далақтап, есі шыға шапқан байғұстар дем арасында қызыл шапақтың торғынына сүңгіп, сіңіп кетті. Кейбіреуі азық дорбалары түгіл қару-жарағын да алуға жарамапты. Түнімен сол қасқабұлақта болып, ертемен өз жөнімізге кеттік.

Жастар қыран-топан күлкіге қарық боп қалды.

- Шіркін, сондай күнге жетіп, естіген жанның құлақ құрышын қандыра, біздер де шалқыр ма екенбіз?

- Несі бар! Қой ішінен бөлектенген теке, серкелердей иық өсіріп мына отырыстарыңның өзі-ақ білдіріп тұрған жоқ па. Асықпаңдар. Әр нәрсе өз уағымен. Алмас пышақ қап түбінде жатар ма.

- Рақмет, ағасы! Айтқаныңыз келсін!

Ырғала қозғалып алып Бекқара тамағын қырнады. Жігіттер әзіл-қалжыңның тізгінін тартып, тағы бір тың әңгіме бастауға емеурін білдірген турашыл, ашық мінезді, тұйық жүзді серігінің бетіне қарап, селт етпей тына қалды. Бекқара қысыңқы көзді, дөңес мұрны сәл иіле сүйірленген, шоқша сақалды, кең кеуделі төртбақ жігіт. Күлгенде қалың еріндері ашыла түсіп, біріне-бірі иық тіресе қораланып орналасқан күрек тістерін көз алдыңа тосады. Ондайда жарқын жанның таза көңілі еріксіз баурап кетеді.

- Жігіттер, әңгіме бағдары көз көрген, бастан кешкен жайларға ойысты ғой. Тындасаңдар, мен де өзімнің бір оңбай қорыққан сәтімді айтып берейін, - деді.

- Е, бәсе! Соны айтсаңшы. Әйтпесе елдің бәрі ер боп кеткен бе деп қыпылдап отыр едім,- деп Байғозы күліп қойды.

- Осы биыл көктемде Есет батыр шақыртып жатыр деген хабар тиді маған. Ауылымыз Жабысай өзенінің жағасында отырған. Есет батырдың Шалқаркөлдің маңында жайлауға шыққанын білем. Араға бір қонып жетіп баратын жер болған соң қасыма серік ертпей, жалғыз аттандым. Сендер менің Сандалкөгімді көрдіңдер ғой. Жануар қамшы салғызбайды-ау. Біздің Жабысай көктемде еріген қар суымен молайып, бір айдай шамасы қатты тасып, бой бермей кетеді. Әбүйір болғанда көк бестім аман-есен арғы жағаға алып шықты. Салдыртып келем. Айналамнан жусан иісі аңқиды. Білесіңдер ме, тамыр жусан мен наржусанның сарғыш гүл атқан кезіндегі жұпарын жұтып көрдіңдер ме? Жан сарайың ашылып бір кетеді-ау сонда!

Жарлығап Бекқараның әңгімесін ұзартып, шұбыртып бара жатқанын жақтырмай, қатты күліп алды да:

- Ау, дала баласына оларың таңсық емес. Сен онан да негізгіңе көш. Мына түріңмен таң атқанша бітірмессің, - деді.

Әділ Жарлығаптың килігуін Бекқараға ауыр көрді.

- Сөз бөлме, Жарлығап. Даламның тасы да қымбат!

Бекқара сөз жүйесінен жаңылып кібіртіктей бастады.

- Наржусанның иісін айтқансың! Сарайды ашады, дегенсің.

- Иә! Ойпаңдарда шалғын тұнып тұрған. Көктемгі, жазғытұрымғы сахараға не жетсін! Жазыққа бір шығып алған соң, атыңа да, өзіңе де қанат бітпей ме! Әй, бір әнге басасың-ау! Мен өзі, онша “әу” дей де алмаймын. Ал, енді жол жүрдім бе, неге екенін қайдам, ыңылдаймын да отырамын. Сандалкөк ұзақ жүрістің мықтысы. Бүлкегі алымды. Азанда атқа қонған мен түс ауа бір бұлақ басында біраз ат шалдырып алдым. Бұлақ жылғасы жайылып, көлдей созылып жатыр. Үйрек- қазы ғаламат! Бір көрімі, жақындамайды.

Содан атыма мінейін деп орнымнан тұра бергенім сол еді, қыр жақтан бір дуадақтың пыр етіп ұшып келіп арқан бойы қона қалғаны. “Ажалды киік адырға”. Жалмажан садақты кезеніп, әлгіні нысанаға іліктірдім. Өзі де нән екен. Қанжығама байлап алып жөнеп бердім. Кеш батуға таяу қалған. Қарсы алдымнан Үлкен Борсық құмының аңызақ лебі білінді. Қос қапталымда ұсақ шоқы, төбелер. Қамшылар тұстан қиыстап Қарашолақ тауы көрінген кезде маңайды көлеңке қоршай бастады. Сүт пісірім мезгілде күн әлгі Қарашолақ тауының ұшына ілікті. Енді бір түнеп шығатын орын іздеп жан-жағыма қарайлап келем.

- Атың сенімді болса, тарта бермедің бе? - деп Олжабай сөз қыстырды.

- Асығып, түн қатып қайтем? Сонымен алдыңғы тұсты бағдарлап келе жатыр едім, тонадайдан әлде бір қыстақтың шалына кеткені.

- Е, жолың болған екен!

- “Өлмегенге өлі балық” деген!

- Бойжеткені сұлу бай қыстауы болмасын!

- Жоқ! Есіз қыстау. Тастан қалаған жарлары жермен-жексен болып жарбиып, жабысып қалыпты. Терезелері үңірейіп, аңғал-саңғал. Иелері жайлауға көшіп кетсе керек. Алғаш жүрек секем алып, тура тарта берсем бе деп ойланып та қалдым. Дей тұрғанмен, қас қарайып барады. Неден қорқам деп Сандалкөкті қыстаққа бұрдым. Бойлай ескі көндер. Бір үлкендеуінің қақпасының алдына тоқтап, көк бестіні албарға, есік жақтауына қаңтарып байлап

тастадым. Ішке кірдім. Қоржын бөлмелі жай екен. Төргі үйдің намаз оқитын жеке қуысы бар екен. Қонып шығуға соны лайық көрдім де, қайтадан тысқа шықтым. Қанжығамдағы дуадақты шешіп алып, жүнін жұлып, істікке шаныштым. Шақпақ шағып, от тұтаттым. Далада жеген ас қандай сіңімді! Өзі де бір шайлаған неме екен, кекірігім азды.

Ауқаттанып болған соң, шоқпарымды сүйрете әлгі намаз оқитын қуысқа келіп, бүк түсіп жата кеттім. Содан әлдебір дауыстан шошып оянайын. Таң атыпты. Ашық терезеден түскен күн сәулесі төбеде тұр.

Ал, дауыс!.. Шықылықтаған құс үні ме, әупілдеген байғыз ба, өксіген жылау ма - төбеқұйқамды шымырлатып жетіп тұр. Сәл тыйыла қалады да, қайтадан аңырайды. Бір ғажабы, сол кезде Сандалкөгім шыңғырып кісінейді-ай келіп! Ой, сұмдық! Мұндай да ештеңеге ұқсамайтын дауыс болады екен! Тұла бойдан пора-пора тер ақты. Аяқ-қолдан дәрмен қашып, тырп ете алмай жатырмын.

- Сонсоң?.. Солай бақырайып жата бердің бе?
- Е, есі шығып кеткен жан жатпағанда не істесін.
- Апырай, ол қандай дауыс болды екен?!
- Есіз қыстақтың жын-перінің ойнағы болатынын білмегені ме? Ол араға қонып несі бар еді?
- Әй, босқа даурықпаңдар! Не болғанын естиік те.

Бекқара сол сәтті тағы қайта кешіп отырғандай маңдайы жіпсіп, көзі кең ашылып кетіпті. Алдындағы орта тостаған қымызды тік көтеріп алып, ұзақ сімірді. Жеңімен ернін сүртті.

- Бойды үрей бумасын дендер. Қозғала алсамшы. Бүкіл денемді шырмап буып, құрсап тастағандай. Ішімнен кәлимаға тілімді келтіріп, әулие-әнбиелерге жалбарынып жатырмын. Дауыс!.. Әлгі дауыс үзік-үзік жетеді. Біресе жел үіліндей созылып түйдек-түйдек шұбырып тұрады да, енді бірде қор-қор ете қалып, өліп бара жатқан адамның жанұшыра ышқынғанындай үрейлі үн шығарады. Бәрінен де жаныма қатты батқаны - Сандалкөгімнің шұрқырауы. Байғұс жануар жаңағы дауыспен бірге кісінегенде бар ғой, кісінесі құдды жалынып шешесін шақырған жетім ұлдың зарындай көрінеді.

Бір кез қолымды қозғай алатын хәлге жеттім. Қарманып жатқанда саусағым шоқпарыма тиіп кеткені. Дес бергенде қару да адамға серік екен. Құрсаудан босанғандай шоқпарға сүйеніп орнымнан тұрдым. Тізелерім дір-дір етеді.

- Е, қару неге серік болмасын! Өзіміз қолға ә деп найза ұстаған күні Меккеге барғандай желпінгенбіз! - деп манадан үнсіз отырған осындағылардың ең жасы Жидебай әңгімеге катысты. Азырақ мақтаныңқырап кетпедім бе дегендей қуыстанып, шақшасын суырды да, іргеге қарай кейін сырғып, қасындағы кісінің иығын қалқаланды.

- Тізем дірілдеп барады. Дауыс тағы естілді. Топ қарғаның берекесіз қарқылы болады ғой, тап сондай. Аяқ аттай алсамшы! Табандарым шаңы шыққан жерге жабысып қалғандай.

Сандалкөкте тыным жоқ, арқырап кісінегенде, жануарға жаным ашығаны сондай, “қанатыммен бірге өлейін” дейтін нартәуекелге бекіндім.

Бір басып, екі басып ауыз үйге өттім. Одан қораға шықтым. Көзім атыма түсті. Қақпаның дал аузында сыртта тұр. Мойнында қамыт! Құдай-ау, кім кигізді екен!?

Сыртқа аттап шығуға бата алмай, есік көзіне екі аттам жетпей тоқтадым. Байқасам: атымның мойнындағы қамытша кигізіп қойған ескі көн шалбар. Жануар қалш-калш етеді. Екі көзі маңдайшада.

Бір кезде дауыс естілді. Күлкі тәрізді, жылау тәрізді. Тіпті күлкі де емес, жылау да емес, екеуінің қосылғаны сияқты. Дауыс шыққанда бестім кісінейді екен. Дауыс тыйылғанда, бестім де қояды екен. Бұ не ғаламат?

Шиық-шиық-шиық! Кеңк-кеңк-кеңк! Өзі ащы, өзі шыңылтыр. Сандалкөгім артқы аяқтарын талтайтып жіберіп, қан сиді.

Шыдай алмадым. “Өлсем өлейін!” Аруақ шақырып, шоқпарды алға ұстай далаға бір-ақ атылдым. Үстіме жалп етіп әлдене қона түсті. Бүріп барады. Байқаймын онша ауыр емес. Оң қолымды ту сыртыма қарай созып жіберіп, арқамдағы нәрсенің сауырынан шап бердім. Саусақтарым әлдебір киімнің шалғайына ілікті. Сонсоң қарап тұрам ба, қайырып әкеп, әлгіні алдыма топ еткіздім...

Бекқара ентіге де алып тоқтады. Бетін, маңдайын сүртіп, Жидебайға ымдап, алақанын тосты да, мүйіз шақшадан мысқалдап төгілген насыбайды екі сау-сағымен шөкіп апарып, қос танауға кезек тигізіп отырып, жүремелдете түшкіріп-түшкіріп қойды. Үнсіз үзілісті ешкімнің бұзуға да, үзуге де шамасы жоқ, қыбыр етпей тосып қалыпты.

- Содан әлгіні алдыма топ еткіздім! Таңданып қарап тұрмын. Шашы дудар-дудар! Көйлек тілім-тілім! Жеңсіз шоқпыт-шоқпыт!..

- Әйел дейді?! Жезтырнақ болмасын!

- Қой әрі! Ертегіге сенетін бала ма едің!

- Дегенмен қорқынышты екен...

Бекқара қолын шошаң еткізді.

- Дауласпаңдар. Бітіп қалдым. Тәу баста мен де жезтырнақ емес пе деп ойлап ем.Әйел орнынан тұрып, дедектей жөнелді. Арқан бойы ұзап барды да, жерден бір ескі киіздің құрымын көтеріп алып, құшағына қысты. Әлдилеп, аймалап қояды. Даусы манағыдай емес, кәдімгі нәрестесіне еміренген ана лебізіндей. “Әлди, әлди, ақ бөпем” дегені тіпті ап-анық... Есіме Тілеуқұл байдың келіні жынданып кетіпті деген хабардың сап ете қалғаны. Күйеуі Нақыпбек дейтін қанықпезер еді.

- Нақыпбек дедің бе? - Әділ жалтаң етті.

- Иә! Ел-елден азғындап қуылған қарақшы! Өз ауылын өзі шапқызған қарабет емес пе. Білуші ме едің?

- Білем! Білеміз. Сонсоң не болды? - деп Әділ қысқа қайырды.

- Не болсын. Келіншектің аты Әйкіман екенін естігем. Атын атап дауыстадым. Жалт қарады. Көзі тым өткір екен. Тұрып-тұрып, бір мезгілде қолындағы құрымды лақтырып жіберді де, саусақтарын тарбайтып: “Өл! Өл! Неге өлмейсің! Менің ұлым ұйықтап жатыр!” деп тұра үмтылғаны ғой. Жалт бердім. Бұрылған жоқ. Зарлап, жылап, күліп сықылықтап сұмдық даусымен даланы жаңғыртып көз ұшында кете барды.

Сандалкөгімді шешіп алып, мен де өз жөніме кеттім.

Біраздан соң жастардың үстіне Бұкар жырау кірді.

- Оу, шетінен қылқан қырыққандай, өңшең мықты мында жиналып қалыпсыңдар ғой. Орта толсын! - деп дауыстай сөйлеп келген жырау, өзімсініп тұр.

- Кемдігі сізбен толсын, ақын аға!

- Бері өтіңіз!

- Төрге шығыңыз? - дескен жігіттер қоғадай жапырылып, жол ашып, Бұқарды жоғары шығарды.

Жырау төрге жайғасып отырып алған соң, іштегілерді жағалай сүзіп өтті. Көбін танитын тәрізді. Бас изеп, иек қағып, сәлемдесіп болып, Әділге ұзақ үңілді.

- Сені танымадым, шырақ. Келбетіңе карасам, қас жақсының не өзі, не көзі екенсің. Бар бол! - деп бір түйіп тастады.

- Атым Әділ. Әзірше жау қуған да, жол қуған да түгім жоқ. Үміт қуған ғана талапкермін, аға, - деп Әділ отырған жерінде қолын кеудесіне басып, басын сәл иді.

- Рақмет, інім! Талабың дегеніңе жеткізсін. Тілегің талайыңды өсірсін!

Бұқар Жандырды енді ғана көріп қалды. Ілгері ұмсынып, қолын ұсынды.

- Пәлі, Жандыр батыр, армысың! Жетіпсің ғой, тас түлегім! Жүрегің баяғыдай ма?

Жандыр созған қолды қос алақанымен көсіп алды.

- Бар болыңыз, Бұқар аға! Жүрек те, тілек те бірлік деп соғуынан жаңылмайды.

Табақ тартқан даяшылар келіп, отау ішіндегі қонақтар дастарқанға жақындады.

Асжаулық жиналысымен Бұқар жырау домбыраны алдына өңгерді. Жиындағы жас батырларды желпінтіп жүрдек толғауды төгіп-төгіп алды да, артынша жігіттерді қайрай мақтап жырға қосты. Тілек айтты. Арман жалғады.

“Пау, деген-ай!”, “Көмекейі бүлкілдеген дейтін нағыз осы-ау!”, “Қалай асқақтатты!”, “Мына қалпымызда осы отырған біздер бір-бір түменді жалғыз жайрататын қас батырға айналмадықпа!”, “Бәрекелді, жырау!” десіп даурығысып алған жастарды Әділ қолының жалғыз серпінімен тыйып, бейілдене құлақ тосты.

Әділдің осы қимылын шалып қалған жырау, сәл

күлімдей отырып, көзін сығырайта жігітті бір қырынан барлап, саусақтарды жүйткіте текіректетіп, өзгеше термеге ауысты.

“Көзінде жалын бар екен, Әділ. Тегін болмассың. Қой бастар серкелігіңді сезем бе, әлден-ақ ыңғайым саған қарай құлап бара жатыр-ау. Қандай ғана туыс, жақыным едің, жарқыным? Қиядағыны қылт еткізбей тез шолатын қыран тектес сергегім өзің болармысың? Айналаңа топтаған мына өндірдей өрендерді бастай білсең, бағдарлай алсаң, талай асудан қиналмай өтерсің. Ылайым, діттеген жерімнен табылар сұңқарым болғай!” деген толқын ой кеудесінде тулап, жігітке шын ырза боп, ентелей құлады.

- Бұқар аға, делебені қоздырар жырыңызды ақтарыңызшы бір, тұп-тура аттандап ұранға басайық!

- Үйде отырып дуылдағаныңды қайтейін. Онан да тыныш отырып тыңдасаңшы.

- Үйде дуылдасам, түзде дауылдатпаймын ба, Жарлығап!

- Онда сөзім жоқ. Қойдым, Жидебай!

Бұқар шешіліп кетті. Көмекейі бүлкілдеп екпінді жырды лақ-лақ еткізді. Ерлікке шақырды. “Елдің салты, ерліктің жоралғысы шегендеп берген қайсар тәкаппарлықты мінезіңе сіңір” дейтін өнегесін ұсынды. “Нәрестедей ақ көңіліңді ағайынның алғысына бөле. Ішінде екі енің болмасын. Барыңмен ақтарылсаң, арыңды кір шалмас. Қорқаулық пен қараулық - жұқпалы мерез. Жанасып кетсең, арылмас пәле, айықпас сорға қаласың” дейтін ақылын құйды. Домбыра безектеп, термелеп жатыр. Ұшқыр ой дүние-ғұмыр қаракетінен түйген пікір-түйіндерін кеңес, сабақ қып ақтарып жатыр.

Әділ Бұқар атын бұрын сыртынан естіп, “көрсем, білсем!” деп аңсайтын. Сол жақсы аға жастарды өзімсініп, жатырқамай келіп, жадырата еркелетіп алып, ағалық ақылын айтып отырғаны одан сайын көңілін өсірді. Ақсұр жүзді, үлкен қара көзді, батыр тұлғалы жыраудың осынау дос бейілі, ақ жарқын ниеті баурап алғаны соншалық, зейінді, зерек көңілмен ықыластана тыңдап, “Аға! Жақсы аға!” деп айтып қалуға оқталып-оқталып барып қалды.

Бұқар жырау күлімдеп тоқтады. Көздегі, жүздегі әлі де арылмаған шабыт ұшқынымен жағалай жарқ-жұрқ, жалт-жұлт қарап өтті.

- Қалай? Біраз көсілдім білем, жігіттер! Өздерінді аңсап, сағынып жүргендей болдым ба, кекселік танытып, аңқылдап ақыл айтып кетсем, шын жақсы көргенімнен шығар. Кейде кейбір алқалы топта отырып жаңғырық та шықпас меңіреуге шым батқандай босқа арамтер болатыным да бар. Ондайда естітінім: “Тіліңе шоқ түссін!”, “Қотыр ешкідей сүйкеншек пәле!”, “Тілін безеген заржақ!”, “Құдай қақсатып қойған тіленші” тәріздес “мадақтаулар” мен “мақтаулар” болған соң, өздерінді өзімсініп жатқаным ғой. Ұқсаңдар, күніге он қақсарым да - осы тілегім! Әлгіндегім! Бірлікке шақырғаным!

- О не дегеніңіз, Бұқар аға! Тұп-тура құран сөзіндей құп алдық! Татулық бар да, әрине қатулық жоғалады.

- Құйып алдық кеудеге!

- Алғыс-батаңызды әлден беріп жатырсыз, ақтай алсақ қой!

- Е, неге? Ақтармыз! Рақмет, Бөке!

- Мықтап қайрадыңыз, қиып түсерміз-ау қапысыз!

Бұқар кеңкілдеп күліп алды. Айналасына қызыққандай жылы шыраймен қарап-қарап өтті.

- Е, бәсе! Осылай сарт-сұрт келер жас қызуы қайда десем, бар екен-ау! Сендер мені шырқатып, шарықтатып жібердіңдер әбден. Олай болса,

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
қиынды көргем жоқ,
Бірақ жүлдемді әлі қолымнан бергем жоқ.

Сендер мені неге қиынға салмайсыңдар? Сонау тар заман, сын кезеңнің, ауыр күн, қапалы тұстың қарызын неге сұрамайсыңдар? “Жылау күн, бұлау күн” ұмытылып кеткені ме? Бес қана көктем кеп, бес рет жаз шыққанғанға кешегі ақтабан шұбырынды жұрттың

зарын ескермей қала бергеніміз бе?“Елім-айлап” аманатын қалдырған боздақтардың үнсіз куәсы - моласы мен обасы сай-сайда, төбе-жотада қалқайып тұрған жоқ па әлі? “Сол тілсіз белгілердің ел жадында мәңгі сақталар, бақиға кетер сырын... шерін толға деп, қозға!” деп неге парыз артпайсындар ақының мен жырауыңа, жамағатым? “Шырылдап үзілген нәресте ғұмырын жас көмейлеп отырып, келер буындар өкіліне табыс етер дастан, хикаяң қайда?” деп жыршың мен күйшіңе талап етуің қайда, бауырларым? Неге “бағы күндердің ыңқыл күйігін сезгіш жүректің қыл пернесіне кең далаға тарат” демейсіндер? Сондай әділ, тура һәм қатал тілек қойсаңдар, шамырқанған жанның толқуы мен толғануынан тылсым дүниенің қойын-қойнауына көз жібертер көңіл шежіресі туар ма еді? Сонда мынау ақындық қарызым, сәбилік борышым Қожаберген жырау тәріздес мені де халқымның қан жуған жолының бір сүрлеуін айғақтап беруге итермелемес пе еді? Шейіт кетіп, құрбан болған ерлердің рухы тіріліп, бүгінгі сарбаздарын қиын өткел, қысталаң шақтарда жебемес пе еді! Сонда он жылдан кейін де, қырық жылдан кейін де, жүз жылдан кейін де дертті жүректің аманаты тілек-талабымен, өсиет-сәлемімен, әруақ-антымен, арманды шерімен жетіп, тербетіп тебірентіп тұрмас па еді! Азаттық әм берекелік, тыныштық әм еркіндік ұранымен жігерлендірмес пе еді. Соны неге сұрамайсындар? Қапыда, бейқам жұртта, аңғал кейіпте қан қапқан туғаныңның үздіксіз жетер уәзипасы осылай жым-жырт қала бергені ме? Өшкені ме? Жоғалғаны ма? Жетер ме? Жеткізер ме? Кім бар? Бар ма жоқшым? - деп күрсініп аяқтады.

Жігіттер әлгіндегі жайдары қалыптарынан тез өзгеріп, қабақтары түйіле түсіп, аңырып, ойланып қалған екен. Ақынның шыншыл жүрекпен шайқап кеткен ой екпінімен бірге ұзап, ауырлап еңселерін жия алмай отыр. Шұғыл үн қатқан Әділ болды.

- Апырай, Бұқар аға, сипап отырып та сырқырата білдіңіз-ау! “Емсін-емсін жел ызыңындай сонау күндерден соғатын зар сарышын кеудеңнің тынысымен өлше” дегеніңіз, өртеңге шыққан өскіндей мына

біздерге салған қасиетті қолқаңыз екенін ұқтым-ау! Неге ұмытайық! Оны ұмытсақ, атқан таң, шыққан күн шуағын төгер ме, жылуын себер ме бізге? Тыныш ұйқы, тұнық күлкіден баз кешпейміз бе? Дүниенің қай қызығына уанармыз онда? Жадымызды жадылатып алсақ, тірлікті төрік етіп дуана боп кетсекші! - деп жанары от шашып жырауға тік қарады.

- Жақсы айттың, Әділ. Ылайым осы ниетіңнен жазба! - деп жырау бас изеп, келісе құптады.

Жігіттер ес жинап қалыпты. Енді іркілер емес.

- Бұқар аға-ау, сөз сізден шықты, тілек бізден болсын. Әлгі дастанды өзіңіз туғызыңыз! - деді Жандыр.

- Иә! Ескіден қалған аңыз көп. Кешегі мен бүгінгі жүдеу күйден ертеңге, келер ұрпаққа із қалдырыңыз,- деп Наурызбай да қоштап еді, қалғандары дүрілдеді.

- Талпынтып, тулатып түсіретін жігер тастаңыз!

- Анау бір ғана "Елім-ай" әні қандай қайрат берді халқына. Тыңдаған жанын бір жылатып, бір жұбатып сеніміне жетелемей ме!

- "Зарзаман" күйі де осал емес!

- Сіз жырлаңыз, Бәке! Ар жағыңызда... кеуіліңізде булығып, қайнап, асып төгілгелі тұр екен. Жаңағы шешілген түріңіз, азаттық аңсаған лебіңіз... бүкіл жүйе-жүйкеңізді шырмаған күйікті халіңіз соны сездірді-ау. Ақ шашты ана жоқталса, перзент үні шартараптан аңырап қосылып, кек ширатып, дауыл шақырып тұрар болса керек. Ақ сақалды ата ардақталса, туған жердің топырақ қасиеті тіріліп, әр кесегі кіреуке боп қораланса керек. Соны айта алар да, жырлап, жалындатып дәл жеткізе алар да өзіңізсіз, Бұқар аға! Міне, тілегіміз де, қолқамыз да осы! Барымыздың, баршамыздың өтінішіміз деп қабыл етіңіз де, мынау дүбірлі күннің қарсаңындағы қадір түнінде байлауыңызды білдіріңіз! - деп Әділ тағы да ұтықты дәлелін білдіріп қалды.

- Уай, жігіттер! Сендердің тілегің өз кесігіммен бірдей шықты-ау! Онда уәдеміз осы жерде байлансын. Мен келістім! - деп Бұқар алдағы болашақ тудырар дастанына оймен сүңгіп кеткендей аз-кем үнсіз қалды да, дереу тұра бастады. - Ал, мен түскен үйіме барайын.

Өздерің тату достықтың ұялас күшіктей ауыз жаластырған әзіл- қалжыңын жалғастыра беріңдер.

Қол ұсынып Әділмен қоштасқан жырау есікке беттегенде, Әділ Жоламанға иек қақты. Онысы “шығарып сал, апарып, кіргізіп кел” деген белгісі еді.

Дала түн қойнында. Таудың жұлдызы жиі, бұлтсыз ашық көгі дәл төбеге тиердей төмендеп кетіпті. Жел жоқ. Жерошақтардың оттары қатарын ажыратып, әр жерден бір шаншылып көрінеді. Мана ымыртта ғана осы ошақтар түгел тұтаса, от-өзен боп иін тіресе қол жалғасып, анау қырдан сонау жағалауға дейін шендесіп жатыр еді, қазір әр тұстан бір алауымен қарауыл қалдырып, калғып-мүлгіп кеткендей.

Бұқар ұзын денесі алға еңкейе адымдай басып барады. Қараңғыға көзі үйренді ме, бұта-түбір, тас-топанға сүрінбейді. Жоламан болса, бірер рет шалы-нысып қалып, жыраудың соңынан із өкшелеп келеді.

Жел болмаса да, бетке серпіп тиген сызды салқын леп бар. Ол леп өзеннен ұра ма, таудан жете ме, белгісіз. Жоламан алдындағы жыраудың тұлғасына зер салды. Киімі желең, жеңіл. Әлгінде омырауы ашық екенін көрген. Қымтанбапты. Өзі де бешпентінің өңірін қайырып тастады.

Анда-санда маңқ-маңқ үрген иттердің даусы естіледі. Жаңғырып барып тынғанда, алыстан түнгі даланың тағы басқа дыбыс-шуы, дабыр-тынысы жетеді. Жылқы кісінейді. Осқырынады. Жылқышының қатты зекірген қатқыл үні қалықтап тұрып алады. Әріректен қой күзеткен қойшының ұзарта созған айтағы қосылады. Көкшіл-бозғылт түннің бір шетінен ән шығып жатыр. Жіңішке әйел дауысының күміс сыңғырымен әуелеп өседі де, тау-тасты сәл-сәл жаңғыртып, оятып қалып, дірілдеп үзіледі. Ондайда, тыныс кезінде, Бадамның ой құлдай ентелеген тентек суы ерекшеленіп, сылдырай ағып өз тірлігінен хабар береді. Төмендегі, ылдилап ұзаған алқаптың шалғыны қарабарқынданып тұтасса, оң қапталдағы өзеннің айдыны қоламтаға көмген қоздай жылтырап шалынады. Қайтадан ән естілгенде кәдімгі жанды мақұлықаттай өзен беті жыбырын көбейтіп, әуестігін сездіргендей болады.

Ән кезек алмасады. Түу-түу қиырдан сөзі анық естілмей, майда қоңыр ырғақ, сазымен желпігенде, көңілге біртүрлі қошуақ сезім ұялатады екен. Жоламан өз кеудесінде тынымсыз ойнақ салған өзгеше құштарлықпен осынау түн қойнына сіңіп, жұтылып, жымдасып кеткісі келетінін сезінді. Сонысынан, алдында үнсіз келе жатқан Бұқар жырауды көргенде, және ұялды. Жусан мен бетеге, жалбыз бен тобылғының иісі аңқып, жиі алған деммен бірге тұла бойына тарап жатыр.

Төбелер серейіп қарауытады. Шыңына жұлдыз қонақтағанда тіпті биіктеп ала ма, күмбезге шаншылған тіреудей зорайып, қыбырсыз қалғыған.

Ортадағы сәнді ауыл жақындады. Жарық көбейді.

Жырау тоқтады. Жоламанға қол созды.

- Оу, батыр! Міне, келіп қалдық! Қалай, бауырым? Түн хикаясы қызық па екен! Тыңдай білсең, ұға білсең- айтары көп-ау, ә!

Жоламан жырауға қызыға да, таңдана да қарап тұрып, бас изеді. Ішінен: “Неткен сезімтал жан еді! Менің сырымды дөп басты-ау! Өзі де сол халді кешірген ғой!” деп жобалап тұр.

- Рақмет, аға! Шынында да сыршыл түн екен!

Екеуі қол ұстасып қоштасып, екі айырылды.

Жұлдыздар тіпті үлкейіп, төмендей түсіп, тамып кетуге бейімделгендей, тозаңытқан Құс жолының қос қапталындағы баданадай бәйшешектердей болып, аспанды өз ырқына тегіс бағындырып алыпты. Дүние көзі болып түгел қадалып тұр.

Жоламан енді осы болмыспен үнсіз тіл табысқандай арқаланды да, “Құдай-ау! Мынау заңғарды бұрын қалай көрмегем? Қалай сезбегем? Жымың-жымың күле ме? Күледі ғой! Бұл көкшіл күмбезден ұлы не бар? Бар ма басқасы? Құшағына қысты да, еркімді баурап алды. Не айтпақшы? “Ашыл!” дей ме? “Тап!” дей ме? Кімді аңсаймын? Нені көксеймін? Адам біткенге атымды асқақтатып танытқым келе ме? Оның несі мін? Анау жарық жұлдыздай жұрт біткеннің көзі бірден түсетін елеулі, ескерулі батыр болсам-ау! Неге болмасқа? Тұс-тұстан шұрқырап келіп, “Жоламан! Жөке! Қас батыр! Ақжолтай әулием!” деп жатса ғой!

Шіркін, сондай сәтте арман қалар ма еді? Әй, қалмас! Шұрқ-шұрқ жарадан қан сауғалап, елдің берекесін әкеліп атымнан домалап түсіп жатқанда, ырзалық танытқан жүздердің мейірлі шырайын бір шолып қана, өліп кетсем!.. Тұу, жұлдыз неткен көп еді! Түн қандай тылсым еді!” деген қиялға шомды.

Жылқышы даусы алыстап кетіпті, талып жетеді. Әлсіз лықсыған баяу демдей. Иттер манағыдай үрмейді, қан-жынға тойып алып, олар да ұйқыға кірісті ме екен?.. Өзен сылдыры да еміс-еміс жоғалып кетіп, қайта күшейеді. Ән тыйылған. Еміншек саз тіленген орнына жетіп, мауқын баса табысты ма, сыбдырсыз қойнау-қолат жақтан сыбыс келмейді.

Әділ түскен үй көп ауылдың ең шетінде, ас үйлердің сыртында, өкпе тұста. Әділ Ордабасыға келгелі өзгеше мінез тауып алды. Бұрын да кісікиіктеніп тұрушы еді, енді одан сайын бөлектеніп барады. Үлкендердің, әсіресе би, ақсақалдардың көзінен тасаланып, Жоламанды да еріксіз тұсаулап қойды. Құрбысын қимайды да, Жоламан Бөгенбай батырдың айналасындағы көп кеңес-жиыннан құралақан қалып барады.

“Неге оқшауланады? Біреулерден жасырынатын тәрізді. Онысы несі? Тілегі - ел үстінде. Көңілі таза. Сонда неден секемшіл? Кімнен сезіктенеді?” деп Жоламан қазірде де Әділ турасында ойға батып, қызметші, күтуші ауылдың тұсынан өтіп бара жатыр еді, булыға жылаған дауысты құлағы шалып қалды.

Қалт тоқтады. Жан-жағына бұрылды.

Әлдекім ырс-ырс ентігеді. Әлдекім ыңырана арпалысады. Шалғынға тиген аяқ тықыры елеусіз ғана.

Жоламан қараңдаған тұсқа тұра жүгірді.

- Бүгім?

Әлдекім ызалана күңк етті.

- Аулақ жүр! Жолама!

“Жолама!” дегенге тоқтай қалатын Жоламан ба, енді жылдам басып, тез жақындады.

Алысып жүрген қыз бен жігіт екен. Қыздың аузын тұмшалап байлап тастапты. Айқайлауға даусы шықпайды, сонда да жанталаса қимылдап, еңгезердей жуан жігіттің құшағынан сусып босанып, қатты қарсыласып жатыр.

- Әй, бұның не?

Анау ентіге, шуылдата танаулап дем алып, ысылдай зекірді. Түрі көрінбесе де, сесі мығым.

- Бірдеме көрмей тұрғанда, табанынды жалтырат! Қыстырылма! Жөнінді тап!

- Өзің қандай жансың! Мынау ісің не?

- Ісім сол! Мынау - айттырған қалындығым! Ісім - бетін ашқаным! Ау, саған енді “ит ырылдатар” беруім керек пе?

Жанталасып жүрген қыз осы аз ғана мәурітті пайдаланып, аузын босатып алды.

- Ағатай, құтқар! Бұл жауызды танымаймын. Жазықсыз жәбірлемек! - деп шыр-шыр етті.

Жоламан жақын келді.

- Қоя бер! Босат!

- Тек! Аңдап сөйле! Менің кім екенімді білемісің? Әруақ шақырсам, сүйегіңді жинаусыз қалдырармын,- деп қыңбаған жігіт әлі де өлермендене ұмтылып, құшағын қызға жая түсті.

Жоламан енді тіл қатқан жоқ, адымдап келіп, жігіттің ту сыртынан қапсыра құшақтады да, сілкіп-сілкіп қалды. Ананың қанарға жүн тыққандай болбыр денесі болмаса, қауқары шамалы екен, опырылып ұшып түсті

- Жібер! Өлдім!

- Өлмесең, өмірем қап! Жауыздықты жазықсызға жасап, әбден дәндеген екенсің. Ең болмаса, бір қарындасты азаптан құтқарып, алғысын алайын, - деп Жоламан тізерлей қысып, жұдырықты сарт-сұрт сілтеді.

- Ағатай! Жәкетай! Жан сауға! Жастықтың шалығы екен менікі! Маңына жоламайын. Өлді-ім!

Жоламан біраз нығарлап алған соң, бір тізерлеп көтерілді де, жігітті жағадан тартып тік көтеріп алды.

- Кімсің? Жөнінді ғана білдірші?

- Мәметжанмын, жәкетай! Әкем Үшқоңырдың ақсақалы.

- Мына қыз қалындығың екені рас па?

- Жоқ! Кешеден бері көзім түскен соң. Осы әлгінде оңаша шыққанын андып...

- Есіңде болсын. Мен сені көрден де болса тауып

алам. Ұқтың ба? Бұдан былай бұл қыздың қасынан арқан бойы жақын өтетін болсаң, менен жақсылық күтпе. Мынау сорайған мұрнынды тесіп, бұйда өткізем де, бүкіл елдің алдында масқараңды шығарам! - деп Жоламан Мәметжанның май құйрығынан бір тепті де, жөніне жіберді. Анау тірі қалған жан олжа дегендей зымырап безе кашты.

Қалш-қалш дірілдеп, солқ-солқ жылап тұрған қыз баяу тіл қатты.

- Рақмет! Сіз болмағанда...

- Жарайды. Жылама босқа. Үйлерің қайда, апарып тастайын, - деп Жоламан теріс айналды.

- Әне, анау арада. Өзіңіз кім боласыз? Айтып жүрейін, біліп жүрейін, ағатай.

- Жоламанмын. Жүр. Қайдан келіп едіңдер?

- Тілеуқұл би ауылынан. Осында ағам да бар. Біздерді ас-су дайындатуға әкелген.

Екеуі одан әрі сөйлескен жоқ. Кібіртіктей аттап, үнсіз келе жатыр.

Маңайдың бәрі түн қойнында. Оттар сөнген.

- Келдім, ағатай. Көп-көп рақмет. Енді бара беріңіз.

Жоламан қыз бетіне қалта қарап қалды. Бозғылт түнде жүзі шала-шарпы көрінгенімен, сұлулығын, жарасымдылығын бүркей алмады. “Апырай, күні бойы аңсағаным осы болғаны ма? Мынау биязы үнді қарындас болғаны ма? Осылай айран-асыр халде кездестірген тәңір жазуы ма?” деген ұшқыр ойды тежеп, әнтек күрсініп қалды.

- Иә, қайтайын онда. Атың кім, қарындас? Мен де ескере жүрейін.

- Гүлбәну.

- Әдемі екен. Сау бол, Гүлбәну. Ұйқын тыныш болсын!

- Өзіңіз де алаңсыз болыңыз, Жоламан аға!

Саусақтары салалы екен, үшкір біткен ұшымен дірілдеп келіп Жоламанның алақанына жылы лебімен жанасып тиді де, сәл сығымдалып қалып, босап кетті.

Жоламан қайтып келеді. “Алаңсыз болыңыз!” Қайдан алаңсыз болсын. Кеудені алай-түлей арпалысты толқын билеген. Ыстық жалын бар. Шұғыл шарпығанына қарағанда, тегін болмауы да мүмкін.

“Гүлбәну! Өзі де гүлдей көркем шығар. Күндіз

анықтап бір көрер ме еді? Ойына әлдене алып қалып жүрер. Жігіттің бәрі шетінен әумесер деп сезіктенсе... Не деп жетіп барам? Қолайсыз жағдайда кездескен куәлігімді есіне түсіру үшін бе? Апырай, сәл кешіксем ғой, анау өңкиген неме арсыздығын жасап үлгереді-ау, ә. Неткен жауыз еді! Мынау бірлік аңсаған ұлы мекенде де осындай қиянатшыл айуандық түнейді екен-ау! Әй, бірақ, жуандық, зорлық жер таңдай ма, жөн ескерер ме? Ұрымталым дейді де құрықты сілтеп, бұғалығын тастап, бүлдіріп өте береді. Аты Мәметжан ба еді. Әй, бір оңаша кездестірсе! Ендігәрі қойқандамайтындай мысын басып берер едім. Әкесінің буы, сүйеушісінің сесі ғой оны әулекілендіріп бара жатқан. Шіркіннің өз хал-қадарын есептемей мықтымсынған көкірегіне болайын. Әкесі көз жұмып, байлығы шашылсыншы - кім көрінгенге бір жапақтап, құйрығын бұтына қысып шыға келер еді. Қап! Алқымын біраз езе түспеген екем!

Гүлбәну Тілеуқұл би ауылынанмын деді-ау. Қай Тілеуқұл? Нақыпбектің ағасының аты кім еді осы?"

Әділ далада, тыста жүр екен. Қонақтары тарап кетсе керек, шекпенін иығына жамылып қалшиып қалыпты.

- Жоламан? Сенбісің?

- Иә! Мен!

- Неге кешіктің? Келмеген соң тынышсызданып... Бұл арада кімдер жоқ дейсің. Сақ болу керек. Жаудың жансызы, іштің бақталасы аясын ба. Қай жақтан іздерімді білмей тұр едім, - деп Әділ неге жайсызданғанын жасырған жоқ.

- Әділ-ау, сонда сен мені ойыншық көремісің. Жағалай елдің ортасында болашақ қас батырды жәукемдей қоятын жүрек жұтқан кім туды дейсің, - деп әзілдеген Жоламан Әділдің иығына қол салды.

- Міне, қарусыз жүрсің. Тым болмаса сапынды да алмапсың. Екінші бұлай бейқам болма.

- Жарайды. Әділ, осы Нақыпбек қарақшының ағасының аты кім еді. Тілеуқұл би ме?

- Иә. Тілеуқұл би.

- Өзім де солай ойлап ем. Жүр, тынығайық.

Төр алдына қатар жантайып, шекпендерін үстеріне жамылған екі дос көпке дейін ұйықтай алмады.

- Жоламан, ұйықтаған жоқпысың?

- Жоқ. Ұйқым келер емес.

- Білем. Қас пен көздің арасында өзгеріп қайтқаныңнан сезіп едім. Біреумен кездестің бе?

- Жо-жоқ! Өзгеріп не бітіріппін?

- Көзіңнен көрдім. Ұшқын атқанда осы үйді өртеп жіберетіндей лапылдап тұр. Соның жарығы менің де ұйқымды қашырды.

Әділ сылқ-сылқ күлді.

- Неге күлесің?

- Күлмегенде жылаймын ба. Ау, жиырмадан асқан досым өз қаракөзін тауып, отау көтеретін болса, мен қуанбағанда кім қуанады. Құдай біледі деп айтайыншы. Орынбайдың осы сөзінің мәтеліне дағдыланып кетіппін. Құдай біледі, кейін бір ауыл қылып өзіңді жеке шығарам. Анау Тасболат інің екеуің Садырды қайта тірілтесіңдер сонсоң.

- Онда күлуіңе болады, Әділ. Мен айтсам... сыр ашсам, осы тап бүгін, әлгінде ғана өмір бойы аңсаған аяшыммен кездестім. Нанасың ба, Әділ, көрген жерде жүрегім өз-өзінен лүпіл қағып, біртүрлі алып-ұшып бұлқынды да қалды. Жо-жоқ! Сен мені дұрыс түсін. Керек десең, мен оның жүзін де анық бажайлай алмадым. Ал енді үнсіз бейіл білдіріп, ілтифат танытқаны сөзсіз. Соған, сондай емеурін жасаған белгісіне сенгім келеді. Биязы үні әлі де құлағымда тұр, - деп Жоламан сыр жасырмай барын ақтарып салды да, бір аунап серігіне қарай жақындай түсті.

Әділдің көз алдына Сәнімай оралды. Қою қасы, қара шашы ақжүздің шырайын ашып, сондағысыңдай “Рақмет, құрбым!” деп қиыла қарап, уәж айтып тұрғандай елестеді. Аппақ ұзын мойынның жұмыр мәрмәрі үлбірек тамақтың астындағы дірілдеген болымсыз бұғақтың тасасынан жарқырап көрінгендей.

“Қайда екен? Есіне ала ма екен мені? Ойлай ма екен кей-кейде? Өкпелегендей тез аттанып кеткенімді кешірер ме?”

- Әділ, неге үндемейсің? Көрсеқызар көремісің мені. Тіпті өзі ойламаған жерден болды. Бар әңгімеміз екі-үш сөзбен-ақ қайырылды. Бірақ... соның өзі мен үшін ұзақ жырдай, бітпес дастандай.

- Қуанам, Жоламан! Сүйінгенімнен қалай деп тілек қосарымды білмей жатырмын. Айтқаныңа түгел иландым. Менің де сондай ыстық, аяулы шақ кешкен кезім бар. Жүрегім лүпілдеп, аузыма тығылғандай боп еріксіз дағдарып едім. Әлі күнге дейін ойыма алсам, қызынып-суынам. Амалсыз және өзімді өзім тежеймін. Ілтифатын көрдім бе? Көрмедім бе, ажырата алмаймын. Сол үміт - үміт қана. Ал, саған қуанам. Табысарыңа, алданбасыңа сенем. Өйткені, Жоламан, сенің көңіліңде титтей де қараулық жоқ. Ылайым, ұзағынан сүйіндірсін! - деп күрсініп қалды да, Әділ одан арғы әңгімеге зауқы жоғын білдіріп теріс айналып, үнсіз жатып қалды.

Жоламан ұзақ дөңбекшіп, тыным-сабырдан айырылып, таң сазына дейін кірпіктерін айқастырмады.

Екі досты қостан қайтқан Орынбай дабдырлап келіп оятты.

- Сарбаздардың ұйқышылына не айтарсың! Бар қызықтан құр қалып, жатыстарыңа болайын!

Әділ мен Жоламан көздерін уқалап, бастарын көтерді.

- Орынбай-ай, ауру қалса да әдет қалмайтыны рас екен. Осы сен қашан ғана сабыр сақтар күнге жетесің? - деп Әділ досын зілсіз әзілдеп қалды.

- Мәссаған! Ойбай-ау, сендер қара басып қатып қалмай, даладағы ұлы дүбір - ханың мен сұлтаныңның Ордабасыға келу салтанатын көрсін деген жақсылығыма да жазықтымын ба?

- Не дейсің? Болат хан келе жатыр ма?

- Әбілқайыр да бар ма? Таң атпай орындарынан су шыққан ба?

- Пәлі! Қайдағы таң? Ұлы сәске болған жоқ па! Төбе-төбеде тұрған жұрттың даурығуын естімей, соншама сендерге не көрінген? - деп Орынбай аңыра қарап, жалма-жан тысқа атылды.

Әділ мен Жоламан да сыртқа ұмтылды.

Далада қаптаған жан. Атты-жаяу шұбырып, бүкіл кең, мол атырапты толтырып қойыпты. Әсіресе, әр рудың, әр батырдың сарбаздары жеке-жеке топ құрып, оқшау бөлініп тізіле қалғанда, Ордабасы дәл мұндай

ұлы жиынды алғаш көргендей, өзені шуынан, тоғайы сыбдырдан, тау-тасы жаңғырықтан жаңылып, тынши қалыпты.

Ақ үйлердің алдында сап түзеген қариялар, билер, сұлтандар қатарланып, шоғырланып шалынады.

Әділ Жоламанның жеңінен тартты.

- Былай, анау төбеге шығайық.

- Барсақ қайтеді, Әділ! Ең болмаса ханды жақыннан көріп қалалық та. Мұндай реті келе береді деймісің, - деп Жоламан өтіне қарады.

- Қой! Аяқ асты болып қайтеміз. Ханың да, азар болса, дәл біздей адам шығар. Оның несі таңсық. Онан да аулақтан бәрін болжап, сырттан оңаша шолғанға не жетсін, - деп Әділ өкпе тұстағы биіктеу төбеге беттеді.

Қыраңнан айналадағының бәрі алақандағыдай көрінді. Шалғынды кең алқаптың теріскейіндегі Арыс өзені таспаланып жатыр. Сол тұстан бір шоғыр құйын көрінді де, өзенге жетіп тіреліп сәл іркілді.

-Өзеннен өтіп жатыр! Аналары төлеңгіттері ғой.Жиыны елу шақты болар. Бұнысы - Болат хан тобы. Әбілқайыр қайда екен? - деп бөгеле түсіп, күн салып қараған Әділ, біраз үнсіздіктен кейін сабырлы ырғағын сақтап сөзін қайта жалғастырды, - Әне! Сәл қиғаштау, оңға қарай, тұмсықты сүз. Көрдің бе!Қазір олар да өзенге тіреледі. Апырай, тіпті шандарын да қосқысы келмейді-ау. Бір сүрлеуге сыймай, қабат із тастауларын қарашы. Әлден-ақ мынау елге сес берген қылығы ма екен?

Әділ шырт еткізіп түкіріп тастап, қойтасқа құйрық басты. Енді үні жоқ. Өткір жанардың сәл қысылыңқыра шаншылған қарасын екі топқа кезек шүйілдіре қадап, қыбырсыз қалды.

Жоламан хан нөкерінің сән-салтанатына қызығып тұр. Кілең күрең қасқа мінген. Шолақжең сауыт киген, кеуде тұстағы қос шарайна баданасы жарқылдаған, дулығаларының шоқ қылы желе-шоқытқанда желп-желп желбіреп, ырғала толқыған сарбаздар нағыз қол жетпес қиял батырларындай көрінді. Орта тұста байрақ асқақтайды. Қыл құйрығы бұлаңдап, сонау топтың “Арқар” ұранын жалғыз өзі суылымен ғана таратып жатқандай.

Ауылдан қырық қаралы атты құйықтырып қарсы шықты да, көк шалғынға ақ сілекей шаң шұбыртып тақап барып, қайтадан кері шапты.

- Дәуде болса, сөз естіген шығар. Өздеріне де сол керек. Кеңкелес күшіктей далақтап өргендері несі! - деп Әділдің қыбы қанып отыр. - Болатты көріп тұрсың ба, Жоламан? Анау ортадағы сауыт кигені сол болар. Апырымның жосығына болайын! - деп көңілі пәс тартып, енді Әбілқайыр тобын шолып жатыр.

- Дегенмен де, Әбілқайыр салмақгы-ау! Нөкері де көп емес. Өз бағасын білетін сұңғыла ғой. Дүбір-даурыққа жол бермей жайбарақат келуі де тегін бе. Үстінде батырларға лайық қана киім бар. Сардар осы болар!

Болат хан тобы ауыл шетіне ілікті. Сол-ақ екен, ат үстіндегі Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Есет, Елшібек батырлар айқайлап үн қосып, шуылдаған халықты қақ жарып, көше ғып ортаны ашық қалдырды. Әлгі дәлізденіп ұзарған халықтың арасына хан тобы жетісімен жан-жақтан ұран-озан дуылдай көтерілді.

- Бұхар!
- Құндыз!
- Тұлпар!

Бұлар - үш жүздің үш ұраны. Осылардан ерекше “Арқар! Арқарлаған” төре тұқымының ұраны бірер сәт Ордабасыда қалықтап тұрып алды да, ханның күрең-қасқасы тұстарынан өтіп бара жатқанда әр ру өзі еншілеген ұранын айқайлап жеткізіп, мына жиынға тік көтеріліп келген бүкіл қазақтың тұтастығынан белгі берді.

- Абақ! Абақ! Абақ! - деп Үйсіндер дуылдады.
- Ақжол! Ақжол! - Арғын қосылды.
- Бақтияр! Домалақ ене! - Дулат дүркіреді.
- Алатау! Алатау! - десіп Қоңырат жебеді.
- Манатау! Манатау! - Жағалбайлы жосылтты.
- Қаптағайласып! - Найман араласты.
- Ойшыбай! Ойшыбай! - Керей аруақтанды.
- Баймұрат! Баймұрат! - деп Жаппас, қиқулады.
- Ойбас! Ойбас! - десіп Қыпшақ көтеріп әкетті.
- Құл Қожахмет! - деп қожалар әр жерден дауыс берді.

Болат хан әлгі дәліз-қуысты аралай алға сұғына түсіп, үш үйден құралған кең жайдың алдындағы оқшау тұрған он шақты ғана топтың қарсысына тоқтады. Олар - Ұлы жүздің биі Төле, Орта жүз биі - Қаздауысты Қазыбек, Кіші жүз биі Жалаңтөс батырдың інісінің немересі Әйтеке; сұлтандар: Барақ, Батыр, Сәмеке, Әбілмәмбеттер еді. Ханға құрмет көрсетіп, иіліп тәжім етісті де, беттерін сипасты.

Сәлден соң Болат хан мен Әбілқайыр сұлтан бастаған бір топ шоғыр үлкен үйге бет алды.

Батырлардан Бөгенбай, Қабанбай, Елшібек, Есет, Жәнібек, Аралбай, Қуат, Саңырық ілесті. Ақтамберді жырау әлденеге күле түсіп Бұқарды қолтықтап алып орта тұста табалдырықтан аттады.

- Даяшыға хабарлаңдар! Ас-су дайын болсын.
- Тараңдар! Тараңдар!
- Мәжіліс әзір болмайды. Ауқаттанып алсын!
- Маңайды шандатпаңдар!
- Аулақ! Аулақ! Тыныштаныңдар! Даурықпаңдар босқа!

Тәртіп сақтағыш атшабар жігіттер ілезде орталық ауылды ел аяғынан тазартып тастады.

Әділ орнынан тұрды.

- Жүр, Жоламан! Біз де қарын қамын ойлайық.

2

Түс қайта билер кеңесі басталды.

Бөгенбай батыр төргі үйдің кіреберісіндегі бір керегені алып тастаған оң жақ тұста отыр. Қазір қабақ астынан қақ төрдегі Болат ханды бағады. Бір кезде сонау орында аруағы асып әз Тәуке отырушы еді. Ат жақты пішіні үшкір сақалмен жалғасып, оқшима қалпағымен биіктеп, қыбырсыз шолатын. Болат бірақ Тәуке емес. Атаға ұқсамағанымен, атағы сондай, мысымен-ақ басып барады.

Ханның үстінде биқасап оқалы шапан. Іштегі сауытты шешіп тастапты. Мұның да етсіз жағы қушиып, екі ұрты солыңқырап тұр. Жолсоқты

болғандықтан ба, өңі жүдеу. Қатқыл жүзді сәл бұрып, бірер рет қиыс қарасты Әбілқайырға төндіріп өтті.

Орда ішін тыныштық буып тұр. Хан да, сұлтандар да бірін-бірі бағып, іштей салмақ салыстырып қалған тәрізді. “Қай жеріміздің желпілдеп жеңістік, жеңілдік көрсетіп аламыз” дейтіндей үш жүздің басы қосылған осы диуанның ендігі беталысын ойша топшылап, болжап, барлап кеткен. Бірімен бірі қырбай, іштей арбасқан мықтылар. Қай-қайсысы болса да ұпайын түгендеп, ертеңгі күннің еншісінен алдына түсер олжаны осы бастан-ақ есептеп, ұзақ сайысқа әзірлік сайлауда. Әрине жер дауы, жесір дауы ежелден сыныққа сылтау болып әбден машықтандырып, майысқақ тәсілге бойлатып кеткен. Ал бірақ бүгінгі мәмленің жөні өзге. Ру мен рудың, ауыл мен ауылдың ғана арасындағы қым- қуыт емес үш жүздің, тіпті бүкіл халықтың қамын жейтін асқар шыңдай асу тұр алдарында. Содан қалай өтер? Қиялап жетер ме, тік салар ма - алғашқы леп, аңғардан сезіледі. Соны ұққан жиын сөз бастаудан қашқақтап, тіл тістеуден жалығар емес Үнсіз, жабық иіндер бір-бір сыр сандықтай дөңкиіп, кілтін кез келген қолға оңайлықпен түсірмей, оба-оба болып едірейісіп алған.

Төле би шайқалыңқырап, жан-жағына көз жүгіртті де, қос қапталында отырған Қазыбек пен Әйтеке биге кезек-кезек шұқшиып өтті. Аналар келіскен ыңғай танытып, қабақ білдірді.

- Уау, Болат тақсыр! Төбе би де, төре би де емеспін, Төле бимін! Шаншылып отыра берсек, құдай бізге берер еді. Қайда сонысы? Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан елді көріп, қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тындар құлақ бар ма? Шаңырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма?

Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата қып өткен жылаулы халқың бауырын жаралы, жанын қаралы етіп алдыңа келіп, тізіліп отыр. Тынышын бұзған ойраттан намысын қайтарар шақты күтеді! Тынысын үзген қалмақтан туысын, танысын қайтарар шақты күтеді! Қасіретті күнде елге қасиет ұйымай ма? Қайғылы халде

ынтымақ ыдырай ма? Қасиетімнен тоналып, қасіретіме шомсам, ынтымағымнан айырылып, ынқылымды ғана сарнатам. Тыным-тыйым болар ма? Әлде дауыл-құйын келер ме? Біріне сілте, алдияр! Күн сынайды, сынаған күнге күдері бел шыдайды. Күйсіз күнде күңіреніп Ордабасыға жеттік. Күдері бел, күпшек санымды көрсет! Күрсінген шерімді азайтсын!

Кешегі дәурен қайда? Шынымен көзден ұшып, көңілден ажыраған ба? Неге аздық? Неменеге тоздық? Әз Тәукенің көзі едің, кезіңді капыда өткізіп, бауырыңды безге айналдырып алдың ба? Тандыр көзден жас пен бірге қан тамса, ерір ме екен сол безің? Аруаққа қосып даусымды, күңіренсем далама, келер ме екен сол кезім?

Уа, алдияр! Үш жүзің үйіріліп, алты арысың араласып іргеңе кеп бас қосты. Ірілігіңді табармысың, іріткуіңді тежермісің? Аспандағы айға ұмтылсаң, арыстанның ұлы болғандығың. Көрсет соны. Ыдыраған, ыңыраған жұртыңның солығын бас! Жан алқымға тірелген қысылтаяң халін көр. Түйін-түйіртпектер көбейіп барады. Біз шиелегенді өзің шеш. Әділ шеш! Анау әрі арманды, әрі шерменді ағайынның туар таңы, шығар күні үшін деп береке ойлап кіріс. Теріс айналып бұрылып та кетпе, қырыс қарап жырылып та кетпе. Қиядағы қиынның, алыстағы ауырдың салмағы мен шырғасы алдыңа түгел жетті. Дуа табармысың, дауа табармысың? Төрт көзіміз түгенделіп бір өзіңе ғана төңкеріліп, келер ұрпақ, жетер нәсілге тұрғы болар берік байлауды өзіңнен, ханнан күтіп отырмыз. Зар тілегіміз - БІРЛІК! Тірліктің тұтқасы да сол бірлік екенін анау сарнаған ағайының “Елім-айымен” сахарасына таратып та жатыр. Соған құлай ұйысаң, бейіл берсең, “жақыным, барым, бауырым!” деп құлшынған ықыласыңды түгел бер! Ортаңа үлкен сыбаға түсіп тұр, төре тұқымы! Жұлмалап жыртып, таласып бөлшектеме! Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ырғасып керіспейік, жалғасып келісейік. Ол - сардарды тағайындау! Үш жүздің қолын басқар қолбасшыны айқындап, бір тіректі бетке ұстау, іріленіп шоқтық көтеру. Келелі тобыңа кеңесімді салдым. Кірісіңдер де келісіңдер,

ағайын! - деп Төле би ақпа жүйрік шалысынан жаңылып, ұзын сөздің аяғын күрсініп барып бітірді. Бітірді де, қойнынан маңлық орамалын шығарып тер жапқан бетін, маңдайын сүртті. Содан соң қабақ астынан елеусіз ғана Қазыбекке “Қосарыма ілесер ме екен?” дейтін сыңаймен аз-кем көз сүріндіріп өтті. Анау болса қамшысын екі бүктеп алып, бетін еш жаққа бұрмастан қарсы алдына қадап, үнсіз мүлгіп қалған екен. “Әй, терең-ау! Терең! Құптағаны да, даттағаны да белгісіз. Бәрі ішінде. Орғып кетпес. Бармас оған!” деп үміт сауды.

Болат хан үндеген жоқ. Би сөзін аяқтағанда, сәл қозғала беріп ұнатпай бір көз тастады да, қайтадан бұрынғы қыбырсыз қалпына көшті. Тек кірпік арасынан сығалаған жанары Әбілқайырдың қарсы оқтанған өткір қарасына кезіккенде тайқып кетті де, шалқайған баспен бірге шаңыраққа қадалды.

Бөгенбай біразға дейін жақ жазбай іркіліп қалған жұрттың сан алуан саққа құбылып, іштей аңдысып, сырттай арбасып, білем-білем қойманы кеудеге тығып жатқандарын анық сезді. Бұл беттерінде оза шығып, төбе көрсететін хан мен сұлтандар болмасын ұқты да, көнігі билердің бұқпантайлап отырғанын жақтырмады. Осындай нағыз ұрымтал керек жерде ұйлығып, тығылуға әбден бейімделген дала көкжалдарының көржасық қылығын, ілгері ұмсынып, жиырылып қалғандарын жақсылыққа жорымады. “Не де болса бір серпілейін” дегендей қамшысын мықынына таянып, бір тізерлей көтерілуге ыңғайланғаны да сол еді, әлдекім даусын кенеді. Қамшы көтерген Батыр сұлтан екен.

- Е, ағайын! Айтылар сөз айтылды. Енді неге күмілжиміз? Төле би, қадірменді қария, біраз шындықты дұрыс айтып өтті. Рас, күйзелдік те қирадық. Аздық та тоздық. Ау, соның, сол ақтабан шұбырындының кімнің кесірінен туғанын неге сұрамайсыңдар? Кінәлыны неге атап-атап тастамайсыңдар? Рас, бұл жерде бір-бірімізді кінәлап жатуымыз, әрине, ыңғайсыз-ақ. Бірақ жауырды жаба тоқуға болмайды ғой. Кейбіреудің қатесін көзіне шұқып-шоқып көрсетпесең, “менікі оң болса да оң, теріс болса

да, оң екен!” деп дандайсып кетуі мүмкін. Мен ондай ымырашылдықты жақтырмаймын, - деп шырылдай сөйлеп, отырған орнында қопаң-қопаң етіп жағалай жиынға жалт-жұлт қарап, сәл бөгелді.

Болат шаңқ етті.

- Әй, Батыр! Не деп барасың? Сүйкенбесең, жүре алмайсың ба? Сенің тергеуің мен тезің кімге қажет?

- Әне, осылай қақпайлай береді! Жо-жоқ, ха-ан! Бұл жолы көнбеспін. Көнбеспін-ақ! Сен мінген алтын таққа менің әкем Қайып та отырған! Сен өйтіп нығызданба. Білдің бе! Тезге мен салмаймын, анау ел салады! Тергей ме, жерлей ме, өзі біледі. Ақтабан шұбырындыға халықты түгел ұшыратып алып, сынаусыз, мінеусіз сап-сау құтылып кетем дейсің ғой! Елді дұрыстап билесең, дәл осындай ырың-жырыңға килігер ме едік? Сөйтіп отырып, зіркілдейтінін қайтерсің, - деп Батыр ұсақ өкпе, қысқа аразға құрық созды.

Болат қолын сілтеп қойды да, бір қырын бұрылып алды. Онысы: “Сенен қайыр күтпеспін! Көмейің белгілі болды” дегені тәріздеді.

Әбілқайыр одан әрі үндемеуді қолайсыз көрді де, ерін астынан мырс етіп күліп жіберіп, ашық даусымен сөйлеп кетті.

- Оу, ағайын! Осында кінә-жаланы ақтаруға жиналған жоқпыз ғой. Жақсы тілекпен бір бәтуаға келеміз бе деген ниетіміз бар еді. Емеурінді бермей, күш салыстырғанда не табамыз? Еп сайлап, айла қамдауға жеткізбейміз-ау. Шыдатпайтын шындық қайда? Ашылмайтын сыр қайда? Тобыңның тілегі - көбіңнің тірегін емес пе еді? Уәдені жұтып жіберіп, жұтынып отыра береміз бе?

Батыр тағы да шыдай алмады.

- Әй, Әбілқайыр, қандай аяр едің! Күлтілдетпе өйтіп! Сен де сау сиырдың жапасы емессің! “Қолым - таза, жаным - ақ!” деп ақтала алмайсың. Бәленің бір ұшығы, біле білсең, тап сенде жатыр. Өтірік пе? Қопаңдап барып қалмаққа тиістің. Елін шаптың, жайлауын шаңдаттың. Шабылған қалмақ шандатып тиіп, өрісімізді азайтты. Ол аз болғандай башқұртқа ұрынып, қанды сүргінді бейбіт жұртымызға тағы

салғыздың! Ау, сонда құдай тұтып, құрмет таныт-қандарымыз кім? Қолың - қан сенің! Қолы қанның жолы бола қояр ма екен? Бүгін сондайға тізгін ұстатып, ертең соның кесірінен тізделіп қалып, өкінішпен бармақ тістеп жүрмелік. Түптеп ойламаса бола ма? - деп Батыр енді ел қамқорын жеген кәрідей қиналып тоқтады. Алғаш шырылдап шыққан даусы соңында кәдімгідей салмақтанып жетті. “Қалай шүйілдім? Жақ жаза алмас тақырға отырғызған жоқпын ба? Енді сен де қарап қалма!” деген сесті ыңғаймен қасындағы Барақ сұлтанға жәдігөйлене көз төңкерді. Барақ та ұтырлы сәтті қапы жібермеді, қақырынып қойып, бойын да, ойын да ширатып алды.

- Жөн белгілі болды ғой. Қазық айналған қыр-шаңқыдай жер тақырлағанда не тындырамыз. Ақылдың түбі - құт. “Бір күн бақ, бір күн тақ, бір күн атақ!” деп дәметіп ауыз ашқанмен, көсіп емес кәсіп нәсіп боп көмейге түсер ме? Ұрыншақ ат қыс қарға жықса, жаз жарға жығады. Кімді кім біліп болғандай бүгін? Ой мен қырға айдын атақ бәр-бәрімізде де жеткілікті. Кейде біреу үшін сүйінсем, өз қабағымның кейісі онша жадырата бермейді. Сонда бір үміттің зор үміт боп әлгінің бойынан толық көрінбейтінін ескерем бе, діңкем құриды. Тәкаппар көңілдің көктен биік екені рас. Тозған елді септей білсе, ол мін де емес. Ал енді Төкең айтқан сыбаға тым салмақты, тым қомақты-ау! Ата ұлына сыйлап берер олжа емес. Сауғаға ұсынар жорға да емес. Бұлдап өткізе алмайтын, жырлап жеткізе алмайтын бұйымдай санамайық. Жол-жүлдесі тағы өзгеше. Сараңдық танытайын деп отырғам жоқ, ағайын. Салғырттықты сілкіп, сараны даралап алса екен деген тілекті ғана көлденең созам. Бұта түбін үй қылған талай нашарды тауып алып, тобыма қостым. Келеде жұмысы жоқ, көбеде кірісі бар батыр атағым жалпақ жұртқа аян. Дәмеленген көз талмас. Ата салған қасқа жолға бала түссе, теріс пе? Бүгін дөнен болсақ, ертең тұлпар шығармыз. Орамын өздерің келтіріңіздер, ағайын! - деп әр тұстан бір шалып келіп, отырғандарға тегіс құлаққағыс білдіріп, құмартқан ойынан хабар берді. Өз есебімен қатты дәмелі болатын. “Ордабасы - менің

дәрежемді аспандататын ырыс ордам! Батыр десе, батырмын! Қол бастап, жорыққа шықтым. Жәдіктің ұрпағымын! Болат хандай үстірт һәм ұшқары кетпеймін. Құдай қаласа, сардарлық дәл маған бұйырар!" дейтін тоқмейіл сенімге әбден бөккен-ді.

Батыр сұлтан тағы да шыбжындап қалды. Бірден шіңк ете жөнелудің ретін таппай, қатты ызадан танауы қусырылып, мұрты тікірейіп кетті. Ойламаған тұстан қауіп төнгенде, әлгінде ғана жек көріп отырған Әбілқайыр мен Болатты енді тілектесі санап, "Барақтың не дегенін, қалай құйқылжытқанын естідіңдер ме?" дегендей жапақ-жапақ қарады.

Бөгенбай манағы тықыршуын ұмытып, осы кезде отырғандарды бөгде қараспен қыдыртып кетіп еді.

Болат хан оқалы шапанның омырауын ашып тастап, кірпіктерін болар-болмас шалыныстырып, мүлгіп қапты. Ояу ма, ұйқыда ма, айырып болғысыз. Кішірек көшпелі тақтың шынтақ сүйерін қысып алған оң қолдың сұқ саусағы анда-санда сандал ағашқа тық-тық тиеді. Әбілқайыр сұлтан осы тықырды естігенде сәл тыжырына түседі де, ақсұр жүзінде қыбыр еткен бір дірілді байқатпайды. Жұқа ерінді жымқырған күйде тыстағы әлдебір дыбысқа, бұл жерден бөлек, өзге дүниенің дабырына құлақ түргендей, иегін көтеріп алыпты. Қазыбек те, Төле де, Әйтеке де жым-жырт. Дән сеуіп тауық таластырған балалардай әркім іштей өз күштісін сайлап отырған тәрізді. Жәнібек батыр әдемі ермек тауыпты. Қызыл ағаштан ойып жасаған кішірек қорқорын айналдырып-төңкеріп қарап, саусақтарымен шұқылап, сүргілеп беріліп кеткен. Дәл қазір қорқорын тексеріп, түгендеп алмаса, жоғалтып, құртып алатындай көретін тәрізді. Бұқар жыраудың жүзінде әлде кекесін, әлде мысқыл күлкі табы тұнып қапты, бірер рет есінеп алғаннан кейін де әлгі күлкі ажарлы бетке қайта тепті. Ақтамбердінің қабағы түсіп кетіпті. Жыраудың көптен көп баққан бір адамы барын Бөгенбай Ақтамбердінің көз қиығының нобайымен іздеп тауып алды. Ол - Сәмеке сұлтан. Ханның інісі, Тәукенің ортаншы ұлы. Шағын, жеңіл адам. Мойнын созғанда ұядан бас қылтитқан шымшықтың сары үрпек балапанын еске түсіреді.

Кірпік-қасы да жирен. Әр қылы жыбырлап, байыз таппаған иесінің шошаңдаған иық, қолымен жарысқа түскендей. Әсіресе кішірек шүңірек көздердің қарашығы ойнақшып, бір орында тұрмайды екен. Ін аузында тығылып-қылтыңдап, сопаңдап-бұғып тұратын даланың, тіс қаққан атжалман тышқаны болатын. Анау сынаптай сусыған қарашық анық сол. Ешкімге шұқшиып тірелмейді. Және ешкімді де аясынан қалт жібермейді. Кейде иық қушияды, ондайда арық дененің қос жауырыны жұқа шапанды жоғары теуіп, өркеш қомдайды. Кейде лықсытып түйдек дем шығарады, босаған қарын жым-жылас жоғалып, омыртқаға сарт ете қалады. “Байғұс иніліктей қатып-семіп қалған екен. Ауру емес пе?” деген аяныш ой Бөгенбайды еріксіз шырмайды. Ілезде ызғар бүріккен шүңірек көздің жебесі өзіне шаншылғанда, жүзін бұрып әкетіп, батыр ол ойынан айнып қалды.

Сәмекенің бұлтың- бұлтыңы дауласуға дайындығы екен. Айналасындағы қабақ қимыл, бет-жүзді түгендеп болған соң, отырған орнында қопаң етіп кеудесін тіктеп алды да, бойына сай емес жуан дауыспен сапылдап сөйлеп кетті.

- Әу, Батыр, Барақ, Әбілқайыр! - деп үш сұлтанды іріктеп бөлектеді. - Әй, сендер аяқ астынан неге желіктіңдер осы! Әу, өз Тәукенің аруағы ұмытылғаны ма? Әу, жолға-жобаға таласатындай кім едіңдер? Әу, сонда шамадан аса сөйлеген мысымды баса бергені ме? Тәубеге келер күн бар ма осы? Әу, әр шөміштен бір қағып, көз сүзген көп ашқарақты табағыма түскен дәміме қылтитып әкеп, қыдыңдатып қасыма қондырып қоятын тәңірдің бұ неткен тәлкегі? Қашанғы ауыздағыны жырып бөле береміз? Анауы бір жұлмалап, мынасы екі тартып, мүлде шектен шығып барады ғой. Хан сарқытын ішкеннің бәрі қомағайланып кететіні несі екен? Өздері біліп ұсына ма десек, тіпті үдей түсіп, қояр емес қой. Әу, нардың жүгін ботаға артқан кімді көрдің? Әу, әкем Тәукенің “жеті жарғысы” бүкіл қазаққа низам болса, осы жолғы жүлде менікі емес пе еді? Әлбетте, Болат ағам менің. Бірақ ханды сардар сайламайды. Ендеше, үлкен керсен ұсталмаса ыңғайлы

тегешке ас құйылады. Мен-тегешпін! Менмін - сардарың!

Сұлтандар жағы жапыр-жұпыр қозғалысты. Қозғалды да, көп үнмен дабырлап ала жөнелді.

- Әй, Сәмеке, не деп тұрсың?
- Жолым деп жүлдеме қол салмақпысың?
- Билікке салғанымыз осы ма сонда?
- Жетіскен екенбіз!
- Үйірімізбен ұйпалай салмақ қой!

-Қырыққан серке бұттанып осы неме-ақ алдымды орай берді-ау!

Сұлтандар даурығыса сөйлеп, өрекпіп жатқанда Ақтамберді жырау қасындағы Бұқардың санына қол салып, өзіне қаратты. Көзі тікірейіп, бір ұшқыр сәулені қарашығында тұтып қалыпты. Аузын құлақ түбіне жақындатып әкеліп, құрбылас ақынға сыбырлап екі жол өлеңді айтып салды:

Сардар болса Сәмеке,-
Біз болармыз келеке.

Бұқар езудегі мысқыл күлкіні бүлк еткізді де, шапшаң күйде бірер жолды о да сыбырлап қосып жіберді.

Аңдысып күнім өткен соң,
Табылар ма береке?

Екеуі түсіністі де, күрсіністі. Күрсіністі де, үнсіз қалды.

Бұл кезде сұлтандардың ең жасы - Болаттың тұңғышы Әбілмәмбет қызына сөйлеп отыр еді.

- ... Өлеңтіні жағалай шығатын талға да күн түспей ме, ағалар! Ұлы дүбір жарысқа жас деп жүйрікті қоспаса, бағын байлағаны емес пе? Дүрілдеп шулағанда, дүркіреп құр сең ағызған селіңді қайтейін, ағалар! Белімді баса бергенше, қар үстіне от жағар керімді неге көрмейсіңдер? Жас қызуы жалынды болатын. Есемді қайтар, еншімді ұстат, ағалар! - деп билер тобына қарап емініп тоқтады. Жұрт ыңғайы дөңгеленіп биліктің билер ауқымына тірелгенін бәрі

де анық ұғынды. Енді қалай ауса да, кімге берсе де тек қана осы үш даңғылдың икемімен қисаярын сезген хан мен сұлтандар зейін қойды.

Әйтеке би қамшы тастады.

- Уай, бүкіл елдің білігі, жағалай жұрттың жайсаңы! Тынымың қашып, жарықшағың ұлғайып барады-ау! Аз отырып көп сынауға жер тар. Әділет таппай, әрекет қапқанымыз болар ма? Шырылдап өскен зар үні кеудемді тоғытып жеткенде, құлқыныңды тағы да құдықтай үңірейтіп, “қоймадым, тоймадым!” деген түрлеріңнен сескендім-ау, сұлтандар! Сондағы бұтарлап қиып, саудалап сатар жеңсігің - халқың ба еді? Тырнадай мойын теңестіргенде, тағы да таластырарың - есебің бе еді, төрелер? Артынан жабы жеткізсе, арғымақ мініп не керек? Аңдысып күнін өткізсе, ағайын, туған не керек? Ел дауасын ескермей, ел арасын әлі де талан-таражға салғаның ба? Бүлінген елден бүлдірге алмау жоралғысы қайда? Шаңқан шықпай боз болмас шабандығың шандата ма? Қам ойлаған шырайың мынау болса, лаң ұйтқытқан тұманың халқымның қанымен ыдырар ма? Бірлестік жоқ, бірлік жоқ құр айқай-шу келең бе? Тоқты-торым жұртыңды домалатып жей бер, жұлмалай бер, серт деп сермелдессең. Бірақ талап солай ма? Тілек құптай ма сол қылығыңды? Жақсыға жаманнан кесір деген. Сүрінбес тұяқ болмас. Сүрінгеніңді мақұлда да, анау ыдыраған еліңнің ынтымағын ойла! Барға қанағат ет те, алмас қылышты мұқалтпай, кек жолына бастар біріңді дұрыс ата! - деп Әйтеке сөзін аяқтады.

Сұлтандар тым-тырыс қалғанда, батырлар мен ақындар тұс-тұстан құптай жөнелді.

- Жөн сөз!

- Бәрекелде!

- Талабымыз - бірлік! Іздеріміз - тірлік!

- Бәсе! Осылай, Әйтеке бабамдай сөзді арнасына құю керек те!

- Жоқ! Адаса-адаса құрып, қаусап біткенбіз. Енді адасар жайымыз жоқ!

- Төрелер төбемізде қашанғы ойнайды. Өздері атамаса, сардарды өзіміз-ақ сайлаймыз!

Әбілқайыр Болат ханға бұрылды. “Сөйле!” деп белгі

бергені сол. Хан тағына шалқая шірене түсіп, ыңыранып қойды.

- “Қасымнан қалған қасқа жол”, “Есімнен қалған ескі жол” хан билігін шешуші һәм бүтіндеуші билік етпеп пе еді. Әбілқайыр, өздерің біріңді атай берсеңдерші. Ойланып алып мен кесігін бір-ақ айтайын! - деп шолақ қайырды да, алтын жүзік, асыл тасты көзі бар балдақты саусақтарын айқастырып манағы ұйқылы-ояу қалпына бейімделе берді.

Ширығып Әбілқайыр суырылды.

- Ағайын! Айнала шапқылап босқа далақтай беріп қайтеміз. Ерсілі-қарсылы сенделген халықты қашанғы қаңтарамыз? Бір-бірімізге сырттан канжар жанығанша, құдайды сөзбен жеңелік. “Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас”. Бір тізгінге қос шылбыр қажет емес. Үш жүздің ханы - Болат. Сардарлықты да ендеше ханға қияйық! Өзі бастасын, біз қостайық! Менің діттегенім осы! - деп сұлқ қалды.

Болат ханның әлгіндегі самарқаулығы заматта ызым-қайым жоғалыпты. Ақсұр жүзге дуылдап қан жүгіріп, сұсты көзге жылу енді. Кеудесін ілгері лықсытып: “Енді не керек? Бітпеді ме? Айтылмады ма соңғы шешім?” дегендей ұмсынып алыпты. Әсіресе, үш биге кезек қадалады. Қазыбек басын төмен салбыратқан күйде ойға шомып отыр. Көрмесе де, Болаттың үнсіз дызылдай қалған мінезін сезетін тәрізді, әдейі бұрылмайды. Іштей қыжыртқаны Әбілқайыр сұлтан ғана. “Қалай жалт берді! Әй, зымыстан-ау, зымыстан! Былайғылардың бәрін бір-ақ ысырып, бөліп тастады да, қарсысына жалғыз ханды шығарды. Өзімен тең келмесін сезіп отыр. Өстіп екшеп алады да, шешімді еріксіз өзіне тірелтеді”.

Әбілқайырдың неге жалт бергенін түсінбеген сұлтандар енді ханның көңілін табуға тырысты.

- Ә-ә.. Әбілқайыр сұлтан дұрысын айтты!..

- Әлбетте сардарлық ханға ғана лайық.

- Ханның өзі бастаса, жорықтың қасиеті де арта береді!

- Әу, шынында солай!

- Ырзамыз! Келісеміз бұған, - десті.

Қазыбек көмейден сыңғырлай төгілетін дауысын

соза түсіп ыңғай білдіргенде, даурыққан шу сап тыйылды.

- Алмастай өткір жүрек қайда? Кекке бастар қызыл үнін естімесе, ашудың қайрауын байғыздың ойбайына айырбастап жіберер бітеу кеудеден не қайыр?

Уай өңшең шуылдақ! Шейіт пен құрбан аз ба еді? Көмусіз ұлан, моласыз бабаң жатқан мың төбенің сан мыңдаған обасының үстінде айналып ұшқан қарға-құзғынның қарқылы сыбағаң ба еді? Құлшына тыңдар сазың ба еді? Күңіреніп жете ме, күліп жете ме сол ызың құлағыңа? Долы ұрғанда қираған құрайдан, жау тигенде қырылған еріңнің саны әлденеше есе көп болса да, шашылған етегіңді жинауға бір ырық бермей барасың. Отқа өртенген ауыл-жұртыңның қара түтіні мылқау көкке арың мен намысыңды қоса сүйретіп әкетіп пе еді әлде? Ондай шаққа жеткенше мынау селдіреген сақалды сүйрете бермей сонау ақсүйек болған халқыммен бірге аш бөріге жем болып, жертопырақ моламның үстіне байрақ боп неге шаншылып қалмадым екен!

Қанжар суылы қынабында жатып үзілер болса, қарғыс күнге қасірет шерді ғана қосармын. Жүректі паршалаған үрей үні талас-тартыстың ырылымен күшейсе қайтем? Баяғы қайратым қайда? Жан ыңқылының салмағы иіндегі зілім болып осылай тұқырта бергені ме? Сілкінер сәтім бар ма? Сеніп, сыйынып сілкіне алам ба? - деп жылдам сөйлеп, мұрнының ұшында жіпсіген суық терді саусағымен серпіп тастап сәл кідірді де, қайта ағылды. Бөгенбай батыр қопақтап қалып басын изеді. - Жә! Мен тарыққанмен, ел тарықпасын! Өкпемді айтып бұртиғанмен, сендерден майысар дос табылмас. Жүйеме көшейін. Асыл қынға, арлы шынға тоқтайды. Уай, Болат хан, алдыңа билік келгенде артыңа көз салдың ба? Салмадың! Сен жоққа қараспай, шоққа таластың. Үрлеп ерніңді күйдірдің, көсеулеп қолыңды күйдірдің. Биігің биік еді - ылдилап төменге құмарттың. Қомағайлық - қараулық ағайыны. Қызғаншақтық - қырсыздықтың жалғасы. Сен хан едің. Қаракетінді сол дәражаңа сай жұмса! Сардарлық муәсіл емес. Ел деп сарбазды ғана атамайды. Шын елің - мынау зарлы

елің! Кемпір-шал мен бала-шаға! Анау жылқышы мен қойшың! Жатағың мен жоқ-жітігің! Бір көзің жауда болса, бір көзің елде болсын. Қылышты қолда туралық аз. Сардарды басқалардан іздейік.

Тына қалған сұлтандар қайта дуылдасты.

- Бәсе! Өзім де осылай болар деп отыр ем-ау!
- Қайран Қаз дауысты Қазекем-ай!
- Қабырғасы қайысқан шерді білдіргені ғой!
- Е, көтерерміз! Көтермей не бопты!
- Әбілқайыр емес пе сардарлық ханға лайық деп адастырған.
- Иә, сол! Бәле басы тағы осы!
- Бәрінен де қадірлі Казыбек бидің ел деп егілгені жаныма қатты батып отыр. “Елден безген залымның елге мұқтаж күні бар” деген екен бір ақын. Сол рас сөз. Ендігі бетті тұп-тура ойратқа бұрармыз-ау! “Соған қарай өзің баста!” десе, сын асуды алу үшін бәрін кек жолына салармын. Тұтас Найманым ту-талақай болып кетпеді ме? Бір ата Садырдан бір-ақ бала тірі қалып, күнде күңіренткізіп отыр ғой мені. Сол қанатымның астындағы қауымымды қайтқан қаздай шұбыртып, туған жеріне өзім бастап қондырсам, жаңа нәсілге үлгі болар еді-ау! Ендеше, жақсы ағалар, сарқыт демейін, сардарлықты маған еншілеңдер! - деп Барақ төтесіне көшті.

Бөгенбай дәл осылай кетер деп күтпесе керек, сұлтанға ажырая қарап, түйіліп қалыпты. Барақ болса жүгіністің қалай үйірілерін аңдып, басындағы бөркін алып тізесінің үстіне қойып, күреңіткен қызулы жүзді алақанымен сыйпап тастады.

Батыр сұлтанның түсі қуқылданып, зәрі бетіне шауыпты. Талағы тарс айырылардай тырсиып, екі-үш мәрте кеуделете дем алды да, “біреулер келісіп қояр” деген асығыстықпен қамшылы қолын шошаң еткізді.

- Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ! Барақ шұғыл кетті. “Елім күйреді, жерім өртенді!” деді. Ау, сонда біз бүлінбей, біз шабылмай отыр ма екенбіз? Сауран айналған біз емей, тұтас Кіші жүз емей, кім екен? Құдайлығын мына Әйтеке би айтсын. Әйтпесе, айдан ұл тудырып, күннен қыз тудырып, ағыны тас ағызған жалғыз Барақ па? Сынасар, шендесер болсақ,

осы біз де айтқанымыз өтіп, атқанымыз жетіп қалар деген нығыз дәмеге ортақпыз. Әлде Барақ ай арасы толас болды деп сәт пайдаланбақ па? Мен де азығымды молынан сайлап, шоқпарымды беліме байлап әзір отырмын. Барақ сұлтан сонда мені ақыл азуы шықпаған бала көре ме? Уау, менің соңымдағы шұбырған ел, біле білсеңдер, бәріңнен де көп! Ал, онда салғасайық, күш салыстырайық! “Көп қорқытады, терең батырады” деу рас. Сонда немене, “алтайы түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым!” деп Барақтың маймақтығына сенем бе? Аярына көнем бе? Жоқ! Жасыл тудың шашағы менің ғана төбемде тұруға ыңғайлы. Бұл жолымды Бараққа бере алмаймын! - деп қатқыл дауыстың шыңылтыр үнін жаңғырта созып тоқтады.

Енді Сәмеке мен Әбілмәмбет бірін-бірі тыңдамастан қосарлана леп берді.

- Әу, мен айтарымды әлгінде-ақ айтқам! Қайтарым жоқ сонымнан! Қайтер екен десем, әу, Барақ, Батыр, өздерің бетімен лағып барасыңдар ғой. Уа, бақ басқа ғана жарасады. Басқа! Әу, сол бас менде емес пе? Менде!

- Жастан шыққан жүйрікке жету қиын. Адасып азапқа түспе, әлеумет! Ауруда да үміт бар. Үмітімді үзбеңдер. Келер күннің келешегін де ойландар! Бір асаған май айлық азық, жылдық үнем болмас. Асаймын деп шашалып қалмаңдар! Әзәзілге азбандар, ағынан жарылыңдар!

Төле би ауыр ыңыранды. Көңілде қобалжуы бар ма, қараторы өңге құқыл түс араласыпты. Бурыл сақалды саусағының ұшымен салалап отырып баяу бастады.

- Уа, шіркін! Талпынып қанат қағар ма десем, сарқылып тілек айттыңдар ғой. Қиыннан қиыстыру қиын-ау. Күшігендей солқылдап құр күлесіңдер ме, жер күлесіңдер ме, кеңшілікке жараспай бара жатқан аужайларың ұнамады. Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сарандығың керекке жоқ жайыңнан хабар білдірді-ау! Батпақты көл болмай, су ішетін сай болар бірің табылмағаны ма? Баспатап бағар амалың, ұтырлатып өткізер есебің еліңе тұзақ, жұртыңа бұғау

боп шырмап, матап тастаса да, сол тақымшыл кебіңнен ажырар кезің болар ма екен? Қажырым қайтып, күнім озғанда әрқайсыңның дауыл боратқан менмендігіңді тыңдатқан бұл құдайдың қай зауалы екен? Сергелдеңге серік іздесем, селбесудің орнына секіріп-секіріп түсесіңдер! Қыран құстың қияғы тозғаны ма? Жүйрік аттың тұяғы тозғаны ма? Кең қолтық даныштаным қайда? Ақырып тұрар арыстаным қайда? Титықтадым ғой, титықтаттың ғой, мұқым тегі. Бір тілекті бүгін бөле алмай шідерленіп отырсақ, ертең тағдыр талқысының табанында тоз-тоз ыдырайтын шығармыз.

Ау, халайық! Бірігіп бет бұрар ыңғай білінбеді. Таразыға ел ынтымағын салғанда, қарсы басына шілдің қиындай бытыраған төре тірлігін ұсынғаның қолайың ба? Өзің қолыңнан беріп, өзің тірегіңді қиратқаның ба? “Тыным тап, ұйытқы әкел!” деген сонау көп тобырыңның көз жасын көрсең, шын көрсең, дәл мынау сүйекке таласқан бөрілікті тәңір тағдыры деп қол қусырып қарсы аламысың? Онда өксікті бауырыңды осы бастан отқа итер, оққа айда! Қырғыз да жойғыз! - деп ашуланып, тығылып бөгелді. Қайнар ызаның буымен алғаш рет хандық, сұлтандық жолға қарсы келді. Онысы түңілгені де, тарыққаны да екені рас.

Батырлар мен жыраулар үнсіз қалса да, іштей ырзалық танытып, “шынымен сол сардарды қарадан сайласа қайтер еді? Қашанғы хан-сұлтан деп төреге қарайлай береміз? Е-е, халық “төреге ерген ертоқымын арқалар” деп тегін айтпайды ғой. Төле би ашынса да, әділіне жетелеп отырған жоқ па?” дейтін дәмені қаужалады. Жалтаң етіп айналасын тез сүзіп өткен Әйтеке би сол ыңғайды ұшқыр сергектікпен тез жорамалдады. Төлемен келіскен жоқ.

- Иә, Төкем ашына айтса да, асыра айтқан жоқ. “Елдің сынын қайтсек көтереміз?” деп жаны күйген батагөй дананың ыңқылын сездім мен. Халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған қартың тая соққан солқылдақтығыңды мінің көрді, ағайын. Далаңның дерті мен шермендесі кәрі көкіректің қанымен араласып кеткен соң, намыс пен ұят қайнап толып, у толқынданып соғып жатқаны да. Әйтпесе, дауыңды

ұлғайтып, шаңынды қағайық деген біз жоқ. “Тек, ішіңді түгел бер. Тоқтамыңды тез ата!” деген сабырсыз күйініш қана біздікі.

Әйтеке сөзінен кейін тына қалған жым-жырттықты көпке дейін ешкім бұза алмады. Болат қайтадан шалқайып алыпты. Енді бұл тұста осы жиын-мәслихат жылдам бітсе екен дейтін сабырсыз тілектен басқа ештеңені ойламайды. Ақыры өзі сайланбайтын болған соң, өз аузымен және ешкімді атап ұсынбай, бауырдан да, баладан да, туыстан да қызғанып, үнсіз отыр. Екі бидің сөзінен кейін бар салмақ тағы да Қазыбекке түскенін аңғарған Әбілқайыр қатты толқуға енді. Бар қауіпті енді ол сол тұстан тосты.

Қазыбек еңсесін тіктеп сәтке құбылып алды.

- Әуре-сарсаң елге кеше келіп, бүгін ғана тыйылды ма? Жоқ! Панасыз халқыңның шарасыз халімен жәрдем тілеп қол жайғанын “жалпыетек болып жер табанға түскені екен” дейсіңдер-ау, сұлтандар. Ойым онға, санам санға бөлінгенде, іздерім осынау көптің өмір-тірлігі екенін естеріңе салайын. Көзімді жас алғанда, көңілімді тағы шер қапты. Алауыздықты ұмытайық деп татулас пікір іздегенде, шапшып кеткен өлермендігіңе кездестім. Не қайыспайсыңдар, не майыспайсындар, төрелер! Ендеше істен басқа айла жоқ. Халқыңның қанына малынған сендерге қансоқта сыбағам тағы жоқ. “Қолымды бастар, кегімді қуар, елдігімді әперер, жерімді қайтарар!” деген дәрменмен мойныңа артар әлсіз сенімім ғана бар. Қисық ағаш тезден мұқалады. Асқынған дау сөзден мұқалады. Жібектей болып естілесің бе, түнектей болып есіресің бе - өздеріңе салсақ, дуадақ ілмес бірің жоқ. Бәріңе бірақ тұғыр жоқ. Бүкеңдеп тыққан көмбең көп. Күпті қылмай неге ашпайсың ішіңді?

Жаным-ау, толыны шайқап төккен кердеңдік қашанғы табандап тұрып қала береді? Жығылар күні, иілер сәті болар ма бір? Әрқайсыңның тақымың бір тартып, қопаңдап еліргенде, сиырдың жорғасы секілденіп, митың-митың шаң суырасың. Ал, сонда табанынан жарылған қайсың барсың? Еркіндігімді жоқтап, елдігімді әперер, тәуелсіздігіме жеткізіп, келімсекке кеткен жерімді қайтарар десем, әр саққа

бір құбылып, әр жаққа бір сүйрейсіңдер! “Талайың өссін! Тәңір боп төбемізде отыр!” деп алақан жайып, батамызды беріп, сардарлықты ұстата салатын қанеки қасиеттің мен қадірлісің? Әр нәрсенің болжауын әр түйіннің аужарымен шешер, пасық пен пысыққа дес бермес кіміңді алқалайын? Өз төңірегін ғана өсіріп, өз ағайынын ғана асырған пысығыңа үш жүздің қосынының тізгінін берсем - халқым кешер ме, қазағым түсінер ме? Сідет қылар міндеттерің өтіп пе еді?

Қазыбек қатқыл үнмен ширыққан екпінді дауыстың ырғағын бәсеңдетіп жан-жағына ызалы түрмен бұрылып еді, Батыр сұлтан түнеріп кеткен жүзін тайдырмастан қалш-калш еткізген зілді ашуды атып қалды.

- Түйре! Түйреп қал, би! Түбі өзіңе қайырлы болса шаныша бер! Әттең мынау қарашаңырақта отырмын, түнермермін де жұтармын шарасыздығымды!

Қазыбек сұлтанға қабағын шытына, түйіліп біраз қарап тұрды да, қайта ағытылды.

- Әй, Батыр! “Шаңқ еткенім - сарт еткенім!” дейсің ғой. Қошқар болар тоқтының маңдай тұсы дөң болар еді. Маңдайыңның кемдігін байқаттың-ау. Онда алдымен сенен бастайын. Сен ғой көптігіңді бұлдадың. “Артыма ерген елімнің карасы көлеңкесімен күн көзін жабады!” дедің. Сол қарасы қалың еліңнің дерті мен жарасын көрдің бе? Қайдан көресің? Тепкің қолқасын суырған соң жұртың ауқымыңнан безе қашқанда, мұрнынан тізгендей етіп, сенің інің қуып барып, бейбіт еліңді ноқтаға басын кермеп пе еді? Анау Тілеуқұл бидің ауылына талтүсте ат ойнатып, мылтық атып жау боп тимеп пе еді? Өкпе сызды өз жақыныңа салып, өзегін үзген өзің емес пе едің? Омыртқаның ішіндегі жұлынымдай сол қастерлі жақынымның төрт арысын найзаға түйреген сенің інің емес пе еді! Мойны қашық, қыбыр-жыбырымды қаййдан тексере берер дейтін қулығынды білмеймін бе мен. Көлденеңнен бағып отырмасам, несіне лаулап жанып отырам? Аяспауға бекінген түріңді көріп тұрып, сонау бауырыңа балта көтерген қылығыңа бола тағы да құрық берем бе? Олай еткенше құбылаға қарап күн

өткізгенім артық қой! Сен сардарға лайық емессің, Батыр! - деп бір дем алды.

Барақ тізеде жатқан оң қолын сәл көтере беріп:

- Дұрыс айттыңыз, Қазеке! Дүренің жолы - өренің жолы емес. Жауабыңызды тостым! - деп қалды.

Қазыбек ащы мырс етті.

- Құба жондатуға шеберсің-ау, Барақ. Сен де күдеріңді үзе бер! Әр төбеден бір бас қылтитып, "түрт шайтанды!" өршіткенде, өзгеден қара үзіп кеттім деп ойладың ба? Балаңнан пара алып, ағаңды жығып беретін жемқорлығыңды қайда жасырасың? Мың жерден қылаң қаққаныңмен, мақтанның құлы болған саған да қасиетті ынтымағымды қанжығаңа бөктертіп жібере алмаймын! Әуре болма! - дегенде Бұқар күлкіге булығып, Ақтамбердінің иығына тасалана берді.

Осыдан соң Қазыбек "Торғайдан басқа алары жоқ, тұрымтайдың ұшқырлығын қайтейін! Ел бірлігін бүріп ұстар қыран қияғы керек!" деп Әбілмәмбетті тойтарды. "Мата даңқымен өткен бөзден без, ата даңқымен өткен сөзден бе, көп орамын теріс еткен езден без" деген қисынмен Сәмекені шеттетіп тастап, түбірлі ойының түйініне көшті.

- Уай,жағалай жайсаңым! Мынау Ордабасыдағы сын сағаттың құнын ойладыңдар ма? Салмағын сездіңдер ме? Бұрын ылдилап бұғып келген жұртыңның әруақ шақырып, жанып көтерілгенін көремісің? Құлшынып құдіретін шақырып, ашынып қаһарына мінгенін көремісің? Көрсең, сан жылғаны бір арнаға құя алсақшы! Көп тілекті бір арманға жалғасақшы! Шайқалған туды орнатып, шайқалған тіректі нығайтсақшы!

Мақтамаймын Әбілқайырды! Бірақ ішінде жылт етер жарығы барын және жасырып қала алмаймын. Қол бастар айласына сенем де, бас пайдасына қызыққыш сұғанақтығын және баршаңа айғақ қылам. "Қой асығы қолайыңа жақса сақа қой" дейді халқымыз, Әбілқайырдан оңтайлы басқаңды таппай отырмын. Сардарың Әбілқайыр болсын, жамағат!

Төле алақанын жайды.

- Діттегенімнен шығып, көңілімді дауаладың, Қаз дауыстым! Дауға дауа тапқанымыз шын болса, бірлік

деген жан тілектің бәтуасы үшін, ынтымақ деп күңіренген жұрттың тілегі үшін Қазыбектің шешімін жөн байлау көрдім. Осыған әумин дейік, ағайын!

Онша даурығыспай бет сипаған жұрттың қимылы тоқтасымен Қазыбек сөзін қайта жалғады.

- Барар бет, шығар биікті дәл нұсқау үшін мен тағы бір жобамды айтайын. Үш жүзге сауын айтып, ат белінде күн өткізген Қанжығалы Бөгенбай батыр қай алғысқа да сыйымды. Ендеше, ту ұстарға осы батырды ұсыну абзал болар!

- Дұрыс!

- Қосыламыз, Қазеке!

- Билігіңе шеттігіміз жоқ!

- Енді және бір түйткілдің түйінін ортаңа салайын. Екше де, кебіме түгел қосыл, жамағат. Жаңа айтып өттім. Батыр сұлтанның інісі жасанған қолымен барып, бейбіт ауылды шауып алыпты. Кінәсы, жазығы жоқ жандарды күйдіріп бір өлтірді, күйретіп екі өлтірді. Жау қорлығынан жақын зорлығы асып түсіп жатса, одан бетер қиямет болар ма? Зарлаған даусы ханына жетпесе, сұлтанының қылышы бұқарасының жанына өтпегенде қайтеді. Момындығы мен көнбістігінен басқа күнәсі жоқ бишаралардың қаралы даусы қабырғаңды қайыстырса, қыңыратқымай әділетіңе көш, ағайын. Мынау тастүйін болған ырайың шын ырай болса, кесігінді ақ ата! Нақ ата! Әйтпесе, борай да борай қар жауса, боранына түбі бір келтірер! Алқымдағы орағын кері тартсын жауыздық!

Қисынды сөзге отырғандар дуылдаса бас шұлғыды.

- Өзіңіз атаңыз кесігін!

- Қысасқа кешірім болмасын!

- Бұрын естігенде-ақ бүлініп шыға келмек болғамыз.

- Бүлікке де білек табылар!

Қазыбек қол көтерді.

- Басы есеннің дені сау. Саулығыңды білдірдің, ағайын. Ендеше, сонау қалың жұртқа нұсқа болсын. Елдігін танысын. Тынысын кеңітсін. Менің кесігім - төрт азаматтың құны төленсін. Ер құнымен толық өтелсін. Шабуыл-шандуыл еткені үшін айыбына Батыр сұлтан тағы бір құнның бәсін өткізсін. Менің тоқтауым осы! - деп Қазыбек кесігін атады.

Шыр ете берген Батырға Болат хан аларып бір қарады да, Қазыбекке бұрылып басын изеді. Іштей қарсы болса да, көп ауқымы дейтін күштіге қыры сынып, еріксіз иліккен сыңайын аңғартты. Ілгері лықсып тік шаншылды да, шолақ қайырды.

- Әбілқайырды сардарлыққа дұрыс тағайындадық. Ақыл-кеңесіміздің одан аямаспыз. Бөгенбай батыр да ту ұстауға әбден лайық. Қазыбек би ойымнан шықты. Батыр сұлтан билікті бұзбас. Айып құны тұяғын кемітпей түгел өтелсін! Мәслихат осымен тамам!

Қалыс тыңдап отырған батырлар мен жыраулар ертерек тұрып, тарай бастағанда Батыр мен Барақ күбірлерінен жазбады. Іштегі қыжылды ашулы сыбырмен жеткізді.

- Асқан екен Қазыбек! Бір тосқауылды кезіктірермін-ақ!

- Әбілқайыр дүрдиді-ау! Қылыш кесер ендігі бар түйінді. Соны бақтым!

Бөгенбай шарпып шыққан қос күңкілді естіді. “Апырай, кекшіл жанның қылығы қандай зәндемі еді! Мыналар аянбас! Аяспас! Қан ішуге дайын ғой!” деген күйік оймен бүрісе берді де, кенет тез сілкініп, ортаңғы үйде өзімен қатарласа қалған екеуінің жеңінен ұстап, кідіртіп алды.

- Сендер мені білесіңдер! Жанымды шүберекке түйіп алғаным аян. Осыдан осы ынтымағымды бұлталаққа салғандарыңды сезсем, мына қарашаңырақ атымен ант етейін, екеуіңді де лақша бауыздаймын! - деп зілді сыбырмен өз кесігін атады. Балуан тұлғалы, қапсағай денелі батырдың тұла-бойынан түгел көрінген дірілді ашудан ығып қалған Батыр сұлтан тамаққа тығылған өксігін жұтқандай боп, қылғына кейісті шағымын жеткізді.

- Ақ-қараны тексермей ме? Біреу үшін неге күйем! Ол шіркін інім болғанымен, ырыққа көне ме? Аңға кеттім деп алдап соғып жүргенін білмей, бармақ тістедім ғой. Енді, міне, құнын да, айыбын да маған төлетпек.

Бөгенбай сұлтанның сөзінің соңын тыңдаған жоқ. Адымдай басып шығып кетті.

Күн еңкейіп қалыпты. Аулақта шоғыр-шоғыр

халық көп. Диуанның көпке созылғанын әр саққа жүгіртіп өздерінше топшылап жатса керек.

Бөгенбай өзіне қарсы келе жатқан Жоламанды көрді. Жас серігінің үнсіз сұрағына жауап бермей, қолының қимылымен “соңыма ер!” деген ишаратын жасады да, алға түсіп алып, ұзай берді.

3

Таң сазынан бері Гүлбәну дамыл көрмеді. Хан мен сұлтандардың, билердің тамағы мен күтімін мойнына алған Разақ өз міндетіне білек сыбана кіріскен соң, ауылынан келген адамдарына тізе бүктірген жоқ. Бадамның жағасына әр жерден лаулатып от жақ-қызып, қой өріске шықпай тұрып, өзі барып он бір ақ сарыбас қойды Түлекбайға таңдатып ұстатты.

- Қойларды түгел үйткіз, Түлекбай! Сый табаққа дәмді құйқа араласса жаман болмайды. Бүгін біздің көзге түсетін сәтіміз. Хан мен сұлтандардан гөрі билердің көңілінен табылсақ, жаман болмас. Өзің бас-көз бол! - деді.

Түлекбай мұрны тершіп, жігіттердің алдына қойды бөлектеп салып берді де, Разаққа жақындады.

- Рақа! Басқа-басқаны тергеп қайтейін. Батыр сұлтанға да бас тартамыз ба? Маған салсаңыз, мен оған қошқардың қамшысынан бөлек табағына ешнәрсе түсірмес едім!

- Әй, Түлекбай, мынандай ұлыстың ұлы күнінде араз-құразды күшіктетпей қоя тұрайық. Қайта “таспен атқанды аспен ат” деген бар емес пе еді. Мұқатам деп жұқарып кетпейік. Батыр сұлтанның секеміне шылбыр ұстатпайық. Мынау игілік, ынтымақ аңсап келген халқыңның талабын жер қылатындай әбестік жасамайық.

- Оныңыз дұрыс екен, Рақа! Онда біз тіліміздің тістедік. Міндетімізді құрдай жорғалап тындыруға тырысармыз. Жалғыз-ақ мына қойдың біреуі ханға, біреуі, меніңше Бөгенбай батырға, бесеуі сұлтандарға, үшеуі билерге делік, он бірінші басты кімге тартамыз?

- О, оны кейін айтам.

Гүлбәнудің қызыл жалын шарпыған жүзі ду-ду қызарып алыпты. Кепсермен көбік қалқығанда көздері сығырая түсіп, будан жасқанып, бетін сәл қырындата бұрады.

Сонау аурудан шешесі түзелмей, Ұмсындық ақыры қайтпас сапар 'кешкен. Содан бері қарындасын көзінен таса етпейтін Түлекбай осы жиынға күтушілермен бірге ала келіп еді. Қауырт жұмыстан қолы босағанда қазан-ошақ басына соғып тұратын. Қазір де қарындасының қас қабағына қарап келеді. Даусы елжіреп естілді.

- Гүлбәнужан, кішкенем, шаршадың ба?

- Иә, ағатай! Көзіме ұйқы тығылды-ау деймін.

- Ой, пәлі! Шынында түрегеп тұрып қалғып бара жатқан тәріздісің-ау. Жүр! Жүре ғой, Гүлбәну! Сен аздап мызғып ал!

- Отын-суды қамдау керек қой.

- Ол жағынан саспа. Жігіттерге өзім тапсырам.

Түлекбай Гүлбәнуді ертіп алып шеткі үйге - Әділ түскен үйге бастап келді.

- Міне, мына үй бос екен. Осында сәл-пәл көз іліндір, Гүлбәну! Мен осы маңда жүрермін.

Гүлбәну аздан соң қатып ұйықтап кетіп еді, түс көріпті. Алғаш Бұғыбаймен екеуі оңаша кездескен екен, бір қараса, жігіт басқа. Түндегі өзін арашалап алған - Жоламан. Үркек сұлу қысылып, үндемей бетін бұрады. Жігіт те ұялшақ тәрізді. Екеуі де қымсынғанмен іштей біріне-бірі ұмсынатын сияқты. Көл жағасы. Етекте майда толқын күліп ағады. Сол ынтық күлкі жүректерді шарпиды. Алау жүздерде ойнайды. Жоламан жүрексіне қол созады. Гүлбәнудің дірілдеген саусақтары жігіт алақанына түртінектеп жанасады...

Гүлбәну көзін ашып алды. Саусағы ыстық алақанда жатыр. Қарсы алдында тізерлей төніп Жоламан отыр. Гүлбәну аң-таң. Өң мен түсін ажырата алмай көзін бір жұмып, қайта ашты. Жоқ! Елес үзілмепті. Жігіт алақанын жайлап босатып, бір жылжып кейін шегінді.

- Гүлбәну! Кешіріңіз... Сіз бе, басқа ма деп... Абайсыз кірем деп... ұйқыңызды бұздым-ау!

Гүлбәну түс әсерінен әлі де арылмады ма, әлде

еңгезердей жігіттің біртүрлі абыржып ыңғайсыздана қалған түрінен жылылық, жақындық сезді ме, басын көтеріп алды да жымиып қойды.

- Жоламан?! Сәлеметпісіз? Аздап... шаршаған соң тынығайын деп...

- Қап! Үйқыңызды бекер бөлдім-ау! Қамшымды алам да шығам ғой деп... Сіздің бұнда екеніңізді білсем...

- Ә, бұл сіз түскен үй екен ғой, Жоламан. Онда рұқсатсыз, сұраусыз кіріп алған айып менен, - деп Гүлбәну риясыз күліп жіберді. Осы күлкі бар бөгетті жұлып әкеткендей болды. Жоламан да сәтте жадырап, ырзалық толы назарын тіктеп, қызға ұзақ қарады. Көтеріңкі қыр мұрын, жұқа қызыл ерін, ақ торғын жүз жанарына ілікті. Бәрінен де көзі сүйкімді екен. Мөлдіреп ашылғанда адамды мейірімге бөлейтін тазалық, биязылық һәм жарасымды еркелік ұшқын-дағандай.

- Мына көп тобырдан өзіңізді, енді қайтып кездестіре алмаспын деп уайым ойлап... Апырай! Тағы қауыштырған тағдыр ма екен бізді, Гүлбәну? - деп Жоламан бір қиырдан қылаң берді.

Гүлбәну кірпігін төңкеріп жіберді де, кенет үнсіз қалды. “Не десін? Өзінің де тағы бір көргісі, жақын білгісі келгенін айта алар ма? Бұғыбайға ұқсатып еді, шынында да жігіттің көп белгісі айнымайды. Мінезі, келбеті, сыпайы жымиюы айна-қатесіз дәл сонікіндей”.

- О жағын кім білген, Жоламан? Бірақ... кездестік қой, - деп ақырын айтса да, соншалық жылы үнмен айтты.

- Соған қуанатын тәріздімін, Гүлбәну!..

- Сізге рақметімді әлі де жеткізе алмадым-ау деймін... Түнде өзіңіз болмағанда... Кейде бір өмір бойы естімеген, білмеген жанның сондай туыс, жақын сияқты боп жолығатыны жақсы-ау, Жоламан аға! Мен сізді туған ағам Түлекбайдан бір де кем көрмей барам-ау, - деп Гүлбәну кірпігін жыбыр еткізіп, қара көздерін төңкеріп қалды.

- Дәл айттыңыз-ау, Гүлбәну! Сондай ыстық, қымбат сәттің өмір, тірлік сыйындай мол жететінін

мен де кештім. Ұмытпаспын-ау, ұмытпаспын! - деп бас изей түсіп, көзі жасаурап қол созды. Салалы саусақтарды аялай сипап алақанына салды.

- Түр-түсіңізді көп елестетіп едім... Қараңғыда онша ажырата алмадым ба, әлгінде сізді әрең таныдым, - деп Гүлбәну алғашқы қымсынудан айығып, жымиып күлді.

- Ойладыңыз ба? Мені ойлағаныңыз шын ба, Гүлбәну? Төбемді көкке жеткізгендей болдыңыз ғой! Дәл бүйтіп ешкімге... қарындасқа ашылып көрмеп едім, өзіме өзім қайранмын. Мені батыл еткен өзіңіз, Гүлбәну! Осыңыз үшін сізді өмірбойы сыйлап, табынып өтуге бармын, - деп қалды да, Жоламан денеде дуылдаған ағын қанның екпінімен алабұртып отырып, қыздың сәтте ерекше қызарған түсін бағып өтті. “Өкпелеп қалған жоқ па? Толқын ұрғандай жүзі сәтте сан өзгергені қалай?! Ілтипаты ма екен? Ұшқалақтық жасап алмадым ба?” деген секеммен бір тізерлеп орнынан тұрды.

- Гүлбәну, Түлекбайды ағам дедің бе әлгінде? Оу, оны мен жақсы білем! Достасып алғанбыз! - деп керегенің басында қыстырулы тұрған қамшысын алды. - Дем алыңыз. Тынығыңыз, Гүлбәну. Тағы кездесерміз.

- Иә, Жоламан. Анау... Мәметжаннан сақ болыңыз!

Жоламан жалт қарады. Қыздың жүзінен шын тілектес, қимас қарасты анық көрді.

- Лебізіңізден айналдым! Енді алдыңда өрт пен от тұрса да тайынар ма Жоламан! Қолтығыма қанат бітті-ау! - деп бас изеп қоштасты да, сыртқа ұмтылды. Кеудесінде лүпіл қаққан толқын қуанышы бар, жүрегінде ырғағы үзілмес бақыт сазы бар.

Қос атты көлденең ұстап Орынбай жолдасын асыға күтіп тұр еді, күңкілдеп жатыр.

- Оу, соншама кешіккенің қалай? Өзім-ақ кете беретін едім. Жолдан бөгеп...

- Айналайын, Орынбай! Қайтып кейісең де көнем! Бірақ дәл соның қазір маған шыбын шаққандай әсер етер ме екен! - деп сақылдап күлді де, сергінің қолынан тізгінді алып, ерге лып етіп қонды. - Ал, баста! Қайда апарсаң да, еркің білсін. Мен бүгін тау қопаруға да бармын!

- Мына сесіңнен қорқайын дедім-ау, Жоламан. Көзің... көзің бар ғой, құдай біледі дейінші, тұп-тура сексеуілдің шоғындай! Үйге кіріп шыққанша сонша өзгеріп, құтырған иттің құйрығын жегендей желігіп алыпсың. Не болды?

- Үндеме, Орынбай! Кейін бір-ақ ақтарылам! Әзірше дымың ішіңде болсын. Айтарым да көп, айтарым да жоқ.

- Жарайды. Көндім бұныңа да. Әділ екеуіңнің жұмбағың көбейсе де, сендерден маған пайдадан басқа залал жоқ. Сондықтан Орынбай да сендер үшін отқа да, суға да түседі. Жүр! Кеттік!

- Шіркін, Орынбай! Нағыз адал доссың-ау! - деп қатарласа беріп арқасынан сипап өтті.

- Болды, болды! Қыз ба едің сүйкеніп күліп, жанасып еміренісіп, ырзалық танытатын, - десе де, Орынбай Жоламанды жақсы шыраймен жебеп қойды.

Екеуі өзен құлдап желіп кетті. Жеңіл самал бар. Аттардың шоқ кекілі желк-желк ырғалып, майда бүлкектің әуеніне қосылғандай.

Төбеден асып түскенде бір қос жылқы өзен жағасындағы шілікті-бұталы аңғарда үйездеп тұр екен. Жұнттай құлын, арда емген тайлар құйрықтарын шаншып алып, су шалпылдата асыр салады.

Бұл - көл-көсір қонағасы, күш-көлік малы. Сардар көтеру құрметіне шалынатын ақбоз ат та қоста. Мана мәслихат-диуанға кірерде Бөгенбай Орынбай мен Жоламанға сол құрбандық жылқыны алып келуді тапсырған болатын.

Қосағасы бұларды жеке шығып қарсы алды.

- Неге кешіктіндер?

- Әлі күн ерте ғой, отағасы. Үлгереміз. Қане, көрсете қойыңыз, өзіміз ұстап әкетелік, - деп Орынбай бұл арада да өзінің шапшаңдығын ілгері созды.

Қосағасы күліп қойды.

- Батырдың жігіттерін жауда сынармыз. Жылқышылықты өзімізге бере берсендерші. Әне, қаңтарулы тұр.

Жігіттер асаусып құр жүрген, доға жал семіз ақбоздың қасына жақындады. Екі көзін төбесіне қадап әбден тағыланып алғандай екен. Сауыры домаланған,

бүкіл денесінде бармақтай меңі жоқ боздың түгі күн сәулесімен жылт-жылт етеді.

- Байқаңдар! Қашырып алып, бар абыройдан айырылып қалмайық.

- Оу, отағасы, өзіңіз бізді бала көресіз бе? - деп Орынбай шытынады.

- Жә! Сақ бол деген ақылым. Аспанға шапшып тұрған соң, жануардың шәлкестігін білдіргеніме де айып тағамысың, - деп қосағасы жуып-шайды.

Бұлталақтаған ақбозды бұғалықтап, екі езуін шұрайлап алған Орынбайдың мысы басты. Арқан бойы ұзамастан жетекке монтанысып ілесті.

* * *

Бөгенбай Жоламан екеуі ауыл сыртына беттегенде, Әділ де бір жерден төтелеп салып еді, үшеуі кішкене төбеге бір мезгілде шықты. Енді айналасына көз тастап, ентіктерін басып отыр.

Бадамның жағасындағы тал-теректің арасы қаптаған қой. Жамыраған қозының даусы жетіп тұр. Ауылда қатты қарбалас бар. Үй-үйге тегене-тегене қымыз тасып, табақ көтеріп елпең қаққан даяшылар да, жылпос хабаршылар да тыным таппауда. Көкала түтін шұбырып көкке өрлейді де, кең жайылады. Әредік үзік-үзік дауыстар келеді. Самарқаулық жоқ, елгезек сыпсыңдық сезіледі.

Бөгенбай сөз бастады.

- Сардарың - Әбілқайыр! Байлау соған тірелді. Енді “ұйытқым табылсын!” деп қол жайғаннан басқа қалған жоқ.

Әділ шырт түкіріп тастады.

- Дұрыс екен. Әбілқайырдың реті. Бұрар! Бастар сол! - деп отырды да, иегін көтерді. - Ту ұстар кім?

- Мен болдым-ау деймін.

- Бұ дұрыс, Бәке! Бір тетігі әсіресе қисынына жөн келген екен! Куаныштымын!

Жоламан үлкен ағаның бетіне масайрай қарады. Бөгенбай үшін шын қуанышты іні мақтанып, насаттанып отыр.

- Сүйінші неге сұрамайсыз! Ойбай-ау, соншама мықтыдан иығыңыз асқанда!...

- Жә! Қой, Жоламан! Бедел өсіріп, абырой тап-пайық. Оны іс көрсетсін! Қазір жер тығыз. Ақылдасар шаруа бар. Қазыбек би Батыр сұлтанға Тілеуқұл бидің ауылын шапқаны үшін айып салып, құн кесті. Соны тез орындау керек. Әділ, осында сен бәрібір аулақтап жүрсің. Сонау жас батырларынды ертіп осы кесікті жеделдетіп орындап қайтсаңдар деймін. Бүгін-ертеңнен қалмаңдар. Ханның адамын өзім қастарыңа қосармын. Батырдың да кісісі ерер. Создырып алсақ, болмайды. Жұрт тарамай, айып-анжыны түгел осында қуып келіңдер. Тапсырмам осы.

Үшеуі орнынан тұрып ауылға беттеді.

* * *

Керней даусы даланы кенет басына көтерді. Дүңкілдеп дауылпаз жаңғырығып қосылды.

Ауыл сыртындағы жазыққа қаптаған халық сыймай кетті. Алқақотан топтың ортасында жасыл шалғынның үстінде төрт бұрышты ақ киіз төсеулі жатыр. Кешкі күн қиғаш сәулесін тұрғандардың төбесінен жанай өткізіп, Бадамның сұрғылт суын сарғыш толқынға айналдырып жіберді.

- Сардары қайсысы?

- Аналардың бәрі сұлтан ба?

- Хан! Болат хан бөлек келеді! Тоқтады!

- Әне, имам киізге жақындады, - десіп күбірлескен үндер еріндерді жағалап, көгал қуалаған әлсіз құйын-дай жамыраса жүгіріп өтті.

Имам бастаған ақсақалдар легі ақ киіздің дәл қа-сына барып тоқтады.

Керней үні қиян-қиырға боздап тарап жатыр. Дүрс-дүрс ұрғылаған дауылпаз жаңғырығы кеуделердегі жүрек дүрсілімен үдеп ала жөнелді.

Төле би бастаған бес-алты адам іркіліп қалған хан тобынан бөлініп, ортаға суырылып шықты.

Төле би оң қолын жоғары көтерді.

- Уа, халайық! Көңіліңді мұнда бер! Зейініңді түгел

қой! Әз тілегің бүгін жасаған хақтың құлағына оң шалынсын! Ұлы жолымыздың бастауы да болсын! Сардарыңды сайлаймыз! - деді.

Сол-ақ екен имам саңқылдаған дауыспен аятты шұбыртып ала жөнелді де, біраз қалған жұртты дүрк шайқалтып, алақанын жайды.

- Аллаһу акбар! Аллаһу акбар! Аллаһу акбар!

Осы үш қайтара шыққан “аллаһу акбар” бітісімен Орынбай, тағы үш-төрт жігіт ақбоз атты жетелеп әкеп, киізге жақындатып тұрып, қаз мойынның қыл сағағынан орып жіберді. Қызыл қан ақ киізге шапшып, ақ қарға қызғалдақ лақтырғандай әлеміш ою түсірді.

Ат серең ете құлады.

“Аллаһу ақбар” тағы қайталанды. Керней мен дауылпаз жарысып барып, жаңғырығып барып үзілді.

Төле би Әбілқайырға иек қақты.

Әбілқайыр сабырмен аттап келіп қан тамған ақ киіздің үстіне барып тұрды.

- Жаппар ием жар болсын! - деді имам.

Ду-ду қошамет, қостаған үндер жамырады.

- Жортқанда жолың болсын!
- Әділет жолдасың болсын!
- Жеңістен жеңіске баста!
- Жылағанды жұбат, еңіregеннің көз жасын ій!
- Елді жеріне, ерді еліне қос!
- Тілегіміз құдайдың құлағына шалынсын!

Қайтадан керней мен дауылпаз жағаласты. Қайтадан тұс-тұсқа сар-сар боздаған, дүңк-дүңк жаңғырған дауыс тарады.

Әйтеке би қолын көтерді.

- Уа, жамағат! Мерейің үстем, еркің әманда өзінде болсын! Сардар туың болса, ту ұстаушың - Қанжығалы Бөгенбай батыр! Тас қияда табысып, тас түнекке қарғыс айтып, азаттық іздеп түйіліп шықсаң, түгел шық! Көп шүкірліктің күні әлдеқашан өткен. Үш жүздің тізе қосып келген мынау ұлы бірлігін жадыңа тұт! Ана аманаты, туған жер аманаты елдігі мен еркіндігін өз қолыңа табыс етіп отыр. Осыны есіңде сақта.

Шырылдаған дауыс, бәсең дауыс, ащы дауыс - көп дауыс жамырап жан-жақтан дуылдап қосылды.

- Рақмет, Әйтеке! Жағың түспей жамандық көрме!
- Мәңгі жаса, Бөгенбай батыр!
- Қолың туыңнан кетпесін, жауың шебіңнен өтпесін!
- Өзім дегеннің өзегі өртенбес!
- Дуылдап тұрып, дауылдап жет жауыңа!

Бөгенбай үндеместен қолын кеудесіне төсеп, басын төмен иіп, тағзым етті де, кілт бұрылып ақ киіздің шетіне жармасты. Батырдың осы қимылымен ақсақалдар мен билер ақ киізді қаумалай қоршап, тік көтеріп әкетті. Киіз үстінде тұрған Әбілқайырдың басындағы дулығасының жібек шоғы желк-желк етті. Бір тұстан Аралбай батыр жасыл байрақты суылдата көтеріп келіп, Бөгенбайдың қолына ұстата берді де, өзі оның орнына тұрып, киізді жұмырығына жұмарлап алды.

Жасыл байрақ жасыл төбеге бет алды.

Керней қайта боздады. Дауылпаз даланы жаңғыртты.

Орынбай бастаған жігіттер ақбоз атты ақтармалап жатты...

4

Әділ жас жолдастарын жинап алып, түнгі салқынмен жүріп кетпекші болып, кешкі ауқатты алдарына енді ала бергенде, өзгеше сый табақ келді. Әкелген - Түлекбай еді.

Разақ Әділді көрген жерден ұнатқан болатын. Әсіресе Бөгенбай батырдың басқалардан гөрі жас жігітке қатты іш тартып тұратынын сезген соң, өзі де сынап, барлап қараған да, Әділдің отты, намысты жүрегін танып, ұшырасқан кезде сәлемін түзу беріп, көңілін кең ашқан. Мана он бірінші қойдың басын әдейі Әділге арнап салғызған еді. Түлекбайды арнайы жұмсады.

- Мына табақты жылы күйінде Әділ деген жігіттің дастарқанына тарт! Ағайынға әділет ойлаған жақсы лебізін әр жерде естіп жүрмін. Атасын білмесем де, батамды аямаспын. Неге екенін білмеймін, бірақ сол

ұланға шын сенсем деген ниетім бар. Қызметіңді сен де көрсет. Тартынба, Түлекбай! Өрісі алдыңдағы інім деп соған үлкен үміт тапсырдым. Ере алсаң, сен Әділмен бірге болуға тырыс! Тілегімді жеткіз! - деді.

Түлекбай Разақтың сөзін жеткізіп, дастарқан шетіне тізе бүкті. Сәлдең кейін тысқа шығып кетіп, Гүлбәну екеуі екі шара қымыз көтеріп кірді.

Жоламан тостаған ұсынған қыздан қымызды дірілдеп алды. Екеуі де нарттай қызарды.

Әділ осы сәл көрініс көңіліне түйіп қалған еді.

Жігіттерін бір мызғып алыңдар деп оңаша қалдырып, Әділ Бөгенбайға жолығып, хан мен Батыр сұлтанның кісілерін киіз үйіне ертіп келді.

Таң сазына бір ұйқыдай қалғанда серіктерін тұрғызды. Жарлығаптың ұйқысы қатты екен Бекқара мен Жандыр шайқап, тербетіп отырып әрең оятып алды.

- Түу, құрдас-ау! Мына ұйқышылдығыңмен көшкен жұртта қалып қоймай қалай жүргенсің? - деп Бекқара әзілдеп жатыр.

-Пәлі! Батырдың ұйқысы да батырша болмай ма! Ат белінде он түн жортсам, кірпігім бір айқаса ма екен? Сен мені жорықта сына, Бекқара! - деп анау да әзілмен жауап қатты.

Әділ Жоламанды жеке алып шықты.

- Сен ерме! Осында қал, Жоламан!

- Е, неге?

- Сөзді қой. Білем жайыңды. Көрдім. Ұқтым. Адаспапсың.

- Қалай екен? Ұнады ма саған, Әділ?

- Саған ұнаса жетпей ме... Жә, менікі қалжың. Ұнады. Енді аузыңды ашып, бос қалма. Ең болмаса, уәде түйіп қал сондықтан да сен ермейсің. Негем сол.

- Қап! Төренің қиқаңына қараның қамшысын ойнатам ба деп едім.

- Әй, төренің де төресі бар. Жарайды. Сол төреңді бұл жолы маған-ақ бер. Мен де құлшынып көрейін.

Дәл кетерде Түлекбай жетті.

- Әділ шырақ! Мені ілестірмесең, өкпем таудай! Оу, шабылған кім? Мен! Менің ауылым! Өлген кім? Менің досым Бұғыбай! Кегімді өзім қумасам, айызым қана ма?

- Разақ ағай біле ме?

- Білмейді. Айтпай келдім әдейі.

Жоламан кірісті.

- Әділ, Разақ ағаға мен айтармын. Түлекбайдың қолқасы сыйымды. Орынсыз қақпа, - деді.

Екі-үш күннен кейін хан мен сардардың орда-ларының түндігі түрілді. Ордабасыдағы көп ауылдың да үйлері жығылып, шапқатарлап тізілген түйелерге артылды.

Жан-жаққа әр түрлі әңгіме-аңыз боп туындап, билер кеңесінің байламы тарап кетті.

Қой айдаған қойшы, жоқ іздеген малшы, ауылына барған тезекшінің дақпыртып айтқан кебімен, осынау ұлы жиын қазақ даласының бұл жаздағы еңсесін тіктеген айбынына айналған еді.

Шоқпар асынып, найза ұстаған жігіттер тұс-тұстан шоғырлана жиналып, ұлы дүбірдің туы-Қаратау төңірегіне құйыла бастады.

Ендігі беталыс - шығыс. Жоңғардың бұл кездегі хонтайшысы Қалдан-Сереннің шеріктері Меркеде болатын. Мөңке, Қайнар, Қызтоғансай және Қорағаты өзендерінің отын, суға бай аңғарына бекінген жауға алғаш ұрыс ашып, мынау біріккен қазақтың ынтымағын танытпақ.

Әбілқайыр сардар боп сайланғаннан кейінгі алғашқы кеңесте батырларға осы ойын жеткізіп еді. Көптен алақандарына түкіріп, шыдамсыз ширыққан қолбасылар бірден келісе кетті. Жұрт ауқымын таныған Болат хан қарсы болған жоқ. Шыбындаған аттай иек шұлғып қана ризалығын білдірген.

Қосын содан соң Билікөл жағасына жетіп қонып, еру жасады. Осы арада ел-елден қосылатын жігіт, сарбаздарды күтіп, қару-жарақтарын шыңдап, әзірлікке кірісіп кетті.

Бөгенбайдың тапсырмасын бұлжытпай орындап келген Әділ, бір оңашада Жоламанның жай-күйінен батырға құлаққағыс хабар жеткізді.

- Не дедің, Әділ? Ұшқарылық емес пе екен? - деп Бөгенбай елең етті. Батырдың да ойына бір сәт Харачу қыз елестеп кетті ме екен? Басын тұқырта берді де, қайта көтеріп алды.

- Жоқ, Бәке! Досымның сырын біреу білсе, мен білермін-ақ. Тілегі шын ауған түрі бар. Бірақ өз бетінше ашылмайды. Құсамен құр іштей таусылуы мүмкін, - деп Әділ нық қарады.

- Солай ма? Қыз қандай екен? Басы бос па? Қай ауылдан?

- Тілеуқұл бидің ауылынан. Өзін көрдім. Жоламанның теңі. Басы бос. Түлекбай дейтін жігіттің қарындасы.

- Олай болса, Әділ, досыңа достық - қарызың. Іс қылсаң, түгел қыл деген. Жастардың сауабын алайық. Сен маған осы қазір Разақты шақырып берші, - деп Бөгенбай шұғыл әрекетке көшті.

Көп кешікпей Разақ та келді. Батырдың төрт сайлы жорық шатырында өзінен басқа адам жоқ еді.

- Ал, Разақ, еліңнің, ауылыңның атынан халқыңа көрсеткен сый-құрметіңе алғыс-батасын ақсақалдарың беріп жатыр. Менің олардан оза айтуға тілім жетпейді, - деп қарсы тұрып барып Бөгенбай төсіне төсін тиістіріп құшақтады.

- Бәке, ашуым ағайынына жетіп, кеткен кегім алдыма тұяқ болып қайтып түсіп жатса, мен де ырзамын ғой. Шабан-шардақ ауылдың алғыс-рақметін мен де айтып қалайын. Ерімен бірге көтерген елінің тауқыметі таудай болса да тұқырта алмайды екен. Бүгінде көзім соған жетті-ау!

- Разақ, малыңды айдасып баруға жігіттерімді қоссам, қалай қарайсың? - деп Бөгенбай қонағын жанына отырғызып, сауал қойды. Жай сауал емес, артында тұспалы бар сауал екенін емеурінмен білгізді.

- Сіз жөн көрсеңіз, Бәке, оған қарсы боламыз ба?

- Әй, сергексің-ау, Разақ! Онда сенде лашын бар, бізде сұңқар бар деп төтесіне көшсем, шапшымайтын шығарсың, - деп бейіл білдірді.

- Айтыңыз. Айта беріңіз!

Бөгенбай өзінің серіктес інісі Жоламан деген жігітінің бір қызбен көңіл қосқанын, бірақ ауылы ыңғай бермесе, зілін көрсетпейтінін, көніп, сынып кететін сыпайы жеткізді.

Разақ күлімдеді.

- Әй, Бәке, адалыңыздан бір жазбайсыз-ау! Ата

айдынын, ауыл атағын бу қылатын бізді бір кердең санайсыз ба? Жастар көңіл қосса, ақ отауын ақ тілекпен көтеріп бермей, білместік жасайтындай біздерге не болыпты. Сіз қолқа десеңіз, мен “қол ұшын берді, құшағын ашты, туыс боп жалғасты!” деп кетермін.

Бөгенбай ырзалықпен жымиды.

- Рақмет, Разақ! Мына дүбірдің алдында бір інім мен бір қарындасым түтін түтетіп, жылы отауын көтерер деп мен де сүйінейін онда. Жіңішкелеп сөйлесіп қайтеміз. Тірінің ісі тірімен. Жол болып күзге қарай жорықтан оралған соң, қарғыбауыңды да, қалыңмалыңды да өзім апарып берермін. Әзірше, жастар бара жатыр ғой, жетім қыздың тойындай болмасын, қызу думанды қыздыртып, қаралы ауылыңа тамаша көрсет! - деді.

Әділ Разақты Бөгенбайға жіберіп Жоламанға келгенде, досы іргеге қарап бүк түсіп жатыр еді. Осыдан екі күн бұрын Гүлбәнумен қимай қоштасқан. Қайта қауышар сәтті ойлап, қинала аңсап, күйреп жатыр.

- Жоламан, жинал! Жол жүреміз.

Жоламан оң иығынан иегін қылтитты. Жауап қатқан жоқ. Әділ болар емес. Отыра қалып самбырлап ала жөнелді.

- Бал ашам! Қырдағы қырық пірім, ойдағы отыз пірім, оң сөйле! Тез жет! Ә-ә! Бүгін атқа қонамыз ба? Тойға барамыз ба? Жөн-жөн! - деп сақылдап күлді де, досының иығынан тартты. - Тұр, Жәкесі! Жол түсіп тұр. Мен бірдеме білсем, осы қазір Тілеуқұл би ауылына аттанамыз.

Жоламан дір етіп қалып, көтеріле берді де, қиралаң етіп бүк түсті.

- Әділ, қажама кісіні! Сіркем су көтермей тұр.

- Жә-жә! Әзіл түбі шындық! Айтқаным келмесе, қара да тұр.

Апырақтап Орынбай кірді үстеріне.

- Ау, мыналардың отырысын қара! Бокең жылқыларды айдасып барады, Разаққа көмектеседі десе, бұлар қаннен-қаперсіз.

Жоламан басын жұлып алды.

- Не дедің, Орынбай?! Рас па?

- Расың не? Бөкең асықтырып жатыр. Тез жиналыңдар! Баруы, қайтуы бар, екі-үш күн демалысы бар, аттай бір жұманы еркімізге қиды. Әй, бір шер құмардан шығармыз-ау! - деп Орынбай әлден-ақ оңаша жүрістің қызық, шаттығына елтіп тұр.

Жоламан Әділді құшақтай алды.

- Көріпкелің бар ма? Сәуе айттың-ау, Әділ! Ниетің неткен түзу еді! Достар-ау, осы екеуің менің көктен тілегенімді, көңілдеріңмен қондырдындар ғой. Ал, онда қамданайық! - деп тез лыпып, орнынан тұрды.

Түн желкем. Бір қосқа жетеғабыл жылқы жиі-жиі пысқыра түсіп, жіті басып келеді.

Разақ пен Әділ оң жақ қапталда. Екеуі бір мәмлеге келіп, оқшау сыр түйген. Онысы: қашан ауылға жетіп, күйеуді күтіп алатын, қыз-келіншектер қарсы алғанша Жоламанға мына сапарының мәнісін ашпау.

Жоламан жым-жырт ой құрсауында келеді.. Алғаш қатарласа жортып, әңгімеге шақырған Жандырдың сөздеріне жартымды жауап бермеген соң, құрбысы үнсіз қалыпты.

Қияқтанып тұрған ай сүт пісірімдей әлсіз бозғылт сәулесін адыр-адырға түтете себелеп, қойнау-қойнауға қарауытқан көлеңке ұйытып тұр еді, көкжиектен асып кетті. Енді бұлтсыз аспанның сансыз жұлдыздары үлкейіп, шоғырланып көбейіп алды. Әлгінде ғана дикан орағындай жайлау түніне бір шекеден қарап сызылып тұрған айдың қалай тез батқанын да аңғармай қалған Жоламан, сол мақпал түннің сұлу шырағын Гүлбәнудің сырғасына балай ма, маңдай тұсты ұзақ тіміскілейді.

“Гүлбәну менің келе жатқанымды білмейді-ау! Кете беріп, ұзай беріп артына бұрылып қарағанда, мөлт еткен көз жасы кірпігінің ұшында мөлдіреп тұрып қалып еді. Қимағаны ғой, менің де өнбойым түгел босап, алқымыма бір ыстық түйнек лықсып жетіп, кептеліп тығылып еді-ау сонда. Сағыныштың соншама тез ораларын бұрын білсемші! Әй, осы жүрісіміз өнбей барады-ау! Мына митыңмен қашан жетеміз?”

Көк майса шалғыннан аңқып жеткен жұпарға кеудесін тоса ұзақ дем алды. Ұзақ күрсінді. Енді алдынан қасқая тартқан сүрлеуді көзі шалғанда

әлденеге күлімсіреді. Ер үстінде жамбастап оң жағына қисайды. Әне, көктерек қалып барады. Гүлбәну де сол көктеректі көрген шығар. Аттан секіріп түсіп қасына барар ма еді? Гүлбәну көрмеуші ме еді? Көрді ғой.

Орынбай Жоламанды қамшының сабымен түртіп қалды.

- Ұйықтап кеткеннен саумысың? Дыбыс берсем, үндемейсің.

- Немене? Жай ма?

- Жылқының таңғы жусауы таяу. Аздап дем алсақ дейді. Алдымызда шұрат бар. Соған жабамыз.

Әділ Жоламанды тауып алды. Қомақты қоржынын сүйреп келіп екеуінің басына жастады.

- Әділ-ау, мынау қоржының толып тұр ғой. Не салғансың?

- Не болсын. Киімдерім де. Ал, сөзді қой. Ұйықта!

Күндіз, тамақ дайын болғанша жігіттер жақтартып, бірін-бірі сынасты.

Жандыр ешкімге жүлде бермеді.

- Әй, ол әдет қой, шын ерлік күште! - деп Жидебай намыстанды ма, өзін-өзі қайрады ма, жігіттерді күреске шақырып екі білегін сыбанып алды.

- Қой, Жидебай, ерікпе, біреуге мен де алғыз-баймын деп жүрген сырттанмын, - деп Байғозы тұруға ерінді. - Наурызбайды шақырсаңшы!

Наурызбай Жидебайды жассынды. Анау енді Жарлығапқа тақалды.

- Менің де зауқым жоқ, - деп Жарлығап насыбай шақшасын суырды.

- Әй, Жарлығап, Қарасай атаң жауға қарсы шауып, Суықтөбеге туын бірінші тіккен дейсің. Сонда саған атаңның ең болмаса жаужүректігі де дарымаған ба? Жығылсаң жер көтереді. Шықсаңшы, құрыс-тырысымызды бір жазайық, - деп тап-тап берді.

- Асықпа, Жидебай! Өзіңді мықтап белдестіруге мен уәде берейін. Қазір бос даурықпаңдар! - деп Әділ басу айтты.

Бекқараның әдемі даусы бар екен. Шалқалап жатқан күйде әнге басты. Тік шырқап, шығандап кеткен зор үн кең сахараның заңғар көгінде қалықтап тұр.

Айнала тегіс мүлгіп қалғандай. Тілек айтқан жас көңілдің назымен бұралған сұлу саз іркілер емес, үздіксіз ағылып үсті-үстіне толқындай түседі.

Жарлығап аузына апара берген бір шөкім насыбайын алақан шұңқырында шөкитіп, тынып қапты. Танауы қусырылып, демін баяу алады. Өнерлі достың дәл мынау қасиетін шын құптап, тілеулес күйде сүйініп, елжіреп отыр.

Әділ оң иыққа иегін сүйей, көздерін сәл қысыңқырап алыпты, жан еріткен нәзік құштарлықты ынтығындай сезіне ме, жүзіне лып-лып қан теуіп, сұрша жігіт бидай өңденді. “Жігіт-ақ! Жаны неткен қазына! Үндемей жүріп, аяқ астынан арқаланып, аруақтанып шыға келді! Өмірге ынтық жүрек тілі осылай сайрамас па! Жүзіндегі нұрын бұрын көрсемші! Жігіт жарастығы осындай өнерімен, өнегесімен құнды екен-ау!”

Ән біткенде бәрі жапатармағай үн қосты.

- Әй, Бекқарамен ойнамандар! Тегін кісі таз бола ма дегендей, мына талыстай кеуде - көрік емес пе. Қалай созды! Тынысы сұмдық кең екен!

- Тағы! Тағы айт!

- Әй, бастаған екенсің, аянба. Білгеніңді тегіс ақтар. Еттің әлі бір қайнауы бар. Уақыт өтсін.

- Уақыт өтсінің не? Сенің әләуләй мен әрйәйдайың ғой деп пе едің? Нағыз әннің көкесі! Әншінің өзі Бекқара боп тұр ғой. Сайра, әншібегім!

Бекқара кеудесін көтеріп, малдасын құрып алыпты. Қысық көздер құрбыларына бір түрлі ұяла жапақтайды.

- Әй, қойыңдаршы! Қайдағы әншілік менікі. Кейде іш пысқанда... Әйтпесе, менікі де әриайдайдың о жақ, бұ жағы ғой. Көптен ән естімегенге бәрің түгел сағынып қалғансындар ғой. Әнді айтатын кісіге жолықпадыңдар. Шіркін, біздің ауылдағы... бір адамның шырқата салғанын естісеңдер, онда... Әй, бір-ақ шетіңнен жұлынып тұрған бойдақтар, сол жанды сендердің бір есептен көрмегендерің де дұрыс.

Орынбай мәз.

- Бәсе! Қызғанды! Жан, адам дегенше “сәулем”, “сүйіктім” демеймісің. Ондай көз сүйіндірген бір-бір тілеулес қыпшабел біздерде де бар. Сен онан да

қалқашыңның әуендерін айтып, рақмет, сауабымызды ала бер.

Астан соң Разақ Әділ екеуі бұлақ басына барып, жуынып қайтты.

- Әділ, мен қазір суыт жүріп кетем. Бимен ақылдасып, жастардың ойын-сауығына, отауына қам жасатайын.

- Оныңыз жөн, Рақа! Біз де кешікпеспіз.

5

Тілеуқұл бидің ауылы Қаратау жотасының батысындағы Карамұрын тауының іргесіне көшіп келген еді. Биыл жаз бойы осы төңіректі айнала қонып, алысқа ұзай қойған жоқ. Қазіргі ауылдың алды кең жазық, иығы тұмсыққа тіреле шалқайған. Бөгенбай батырдың үзеңгі серігі, өкіл баласы - Жоламан күйеу келе жатыр деген хабар әлден-ақ қыбырлаған жұртты аяғынан тік тұрғызды.

Би ақ отауды арнайы көтерткізді. Енді сонау күйеушіл топты жақсы қабылдап,құрметтеп күтуді бар ауылдасқа мықтап тапсырды. “Кіндігімнен перзент болмаса да, туған ауылымның бір баласын өз қызымдай етіп ұзатпасам, ата-баба жолын діттегенім қайсы?” дейтін ішкі тілекпен көсіліп қалмақ.

Ауыл қарасы көрінісімен Әділ серіктерін иіріп алды.

- Жігіттер, мына сапардың ең жауапты тұсы енді басталмақ. “Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір” дейді халқымыз. Сондай жібек түйіндей шоқталған бір тілекті Жоламан құрбыларың тауыпты. Іні сырын аға ұққыш. Бөкең екі жастың алдыңғы тілеуі үшін дәл осы сапарды бізге арнайы берді де, “досыңның қуанышына ортақтас, қызығын бөліс, отауын көтеріс” деп жіберіп отыр. Сол тойға, қалындық ауылына жақындадық. Бір соққан жүректің лүпіліндей үндестікпен қуанып, ләззат тапқан жақсы серігімізді құттықтайық! Құсың қайырлы болсын, Жоламан! - деп ат үстінен ұмтылып келіп, досын құшағына қысты.

Жоламан ә дегенде бір қызарып, бір сұрланғанмен Әділдің ашық жүзіндегі турашылдықты анық көрді

де, қылғына жұтынып, “Рақмет!” деуден арыға тілі келмей, құшағына қыса берді.

- Мәссаған!

- Іздегенге сұраған, той тойлайтын болсақ, одан артық бейісті қайтем!

- Шіркін, құдашаны құшақтар ма еді!

- Жарадың, Жоламан! Ұзағынан сүйіндірсін!

- Аты кім? Құрбының аты кім?

- Сұлу ма?

- Сымбаты қандай? - дескен жастардың ортасынан Жандыр Жоламанды тізгінінен тартып, оңашарақ шығарды да, қолын ұсынып, кең алақанымен көсіп алды. Құшырлана қысты. Сонан соң үн-түнсіз қоржынын ашып, үкілі жекей бөркін шығарып ұстата берді.

- Ки! Күйеу жолы - жіңішке! Қуанам, сен үшін де, анау құрбым үшін де қуанам. Бексана да естігенде қатты риза болады!

Жоламан әлі де болса шаттана елти түсіп, сыбырлап жеткізді.

- Бөкең қандай жақсы еді! Шіркін-ай, азамат сырын ылғи да осылай көңіл сергектігімен түсініп өтсекші! Анау Әділ ше? Сол ғой. Әділ ғой бәрін жасап жүрген! Әй, жандарың жайсаң құрбылар-ай! Қадірлерің өтті! Көп өтті!

Осы екі ортада ауыл жақтан шоқтана шыққан қыз-келіншек тобыры көрінді. Күлкі, дабыры көп көңілді дауысқа балалардың айқай-шуы ұласты.

Байғозы Жоламанды қағытты.

- Ыстық-ау! Мынау ауылдың үрген иттерінің шаңқылы да, Жоламан-ау, тұп-тура ән мен күйдей құлағыңа жағып тұрған шығар. Ал, ибанды сақта, кәденді асыр! Жүрегіңнің дүрсілін бас!

Жақындап келіп сәлемдескен қыз-келіншек бір, екеуден тізгінге жармасты.

- Күйеу қайсың?

- Оу, аттан түспей шіреніп тұрғаны қалай? Әкесі - күйеу, шешесі - қалыңдық болмағандай, шекіреюі несі?

- Мына біреусінің көзі атыздай болып барады, дәуде болса күйеу осы жігіт!

- Қайдам, шетінен жүн толтырған қанардай сіресіп қалыпты.

- Шіркін-ай, бұлардың дәл осылай толып келетінін білгенде бір-бір қайынсіңлімді ұзатпай отыратын едім, әрқайсысы бір байпатша екен!

Жоламан ерден қарғып түскенде, басқалар да жаяулады. Бір атқа екі-үшеуден мінгесіп алған балалар шаба-шаба жөнелісті.

- "Күйеу атымен күл тасы!" деген. Аямаңдар!

Ауыл шетіне тіккен отауға жақындағанда екі-үш әйел табалдырықтың алдынан керіп, арқан көтерді.

Әділ қоржынын әкеле жатқан Орынбайға ым қақты. Анау бес кез батсайыны әйелдерге қарай лақтырып тастай берді.

- Кіріңдер! Бісміллә деп аттаңдар!

- Жоламан күйеуімізді өзім қолтықтап кіргізейінші.

Жігіттер төрден есікке дейін төсеген сырмақ, алашаларға жайғасты.

Сәлден кейін бес-алты әйел келді. Алдындағы-сының қолында ағаш табағы бар.

- Бақытты бол, қарағым! Үбірлі-шүбірлі бол! - деп шашуын Жоламанға қарай шашты.

Гүлбәну әлі келген жоқ.

Шай келіп, артынан құйрық-бауыр әкеліңді.

Бекқара Жидебайды түртіп қалды. Жоғарыдан көнек түсіп келеді.

- Ойбай, шаңырақтан су құяйын деп жатыр!..

Жидебай сылық-сылық күлді.

- Әй, құрдас-ай! Маубас екенсің ғой. Ол - ырым!

Жидебай ұмсынып барып, арқанмен төмен салбыратқан көнектен қойдың төсін, өрік-мейіз салған тостағанды алды.

Сырттан:

- Құйрық-бауыр жесіскен,
Құда болдық десіскен
Құдаларға сын!
Шаңырақтан төс берген,
Төс берген де бес берген

Күйеужанға сын!
Өріктей дәмді, мейіздей тәтті бол!
Жолыңа жомарт, жауыңа қатты бол!
Көнек! Көнек! Көнек! -

деген қосылып салған ән естілді.

Әділ ірге жағына қол созып қоржыннан күміс жамбыны алды да, көнекке салды. Содан соң Жарлығапқа иек қақты. Жарлығап болса ырым-жырымның бүге-шігесін айырып, ажыратып бере алмаса да, тар жерде тез тапқыш жігіттігіне басып, зор дауысымен шырқап қоя берді:

- Құйрық-бауыр жегенім,
Құда болдым дегенім!
Төсің берсең досыма -
Тұлпар шығар дөненім!
Тәттілігім мейіздей,
Жомарттығым теңіздей,
Толы қайтты көнегің.
Тағы бар ма керегің?
Үйқасса екен тілегім
Үйқаспаса да өлеңім.
Көнек! Тарт көнек!

Көнек тартыла жөнелді. Сырттағы дауыстар көңілді.

- Рақмет!
- Көп жаса! Қызық думанды болыңдар!
- Қап! Бұндай жомарт екендерін білгенде, мана-ақ барлық жоралғыны түгендей бастар едім ғой!
- Әлі де кеш емес Көзжақсым келгенде “ит ырылдарын” өзім жасармын.
- Ұмсындық өзімнің сырлас бастасым еді ғой. “Сүт ақысы” менікі.
- Әй, онда менің жолымды да берсін. Отауды тіккен мен. “Шаңырақ көтерерді” өзім ғана алам.

Тамақтан соң қонақтар сыртқа шықты.

Әділ мен Жоламан ұзап барады.

- Әй, Әділ! Жөн-жобаны, салт-дәстүрді біледі екенсің!
- Бәлі! Мені бір данышпан көресің-ау! Бұқар жыраудың үйреткені емес пе. Қоржынды берген

Бөгенбай ағаң. Ақын-жыраулардың аяқ астынан жинағаны. Қалыңмалын кейін төлерміз. Сен шынынды айтшы! Шыдамай бара жатқан шығарсың көргенше.

Екеуі сылқ-сылқ күлісті.

Кешке қарай Орынбай есік жақты аңдып отыр еді. Жоламанның тізесінен қысып қалып, сыбыр етті.

- Қалыңдық! Қалыңдық келе жатыр!

Үй іші абыр-сабыр бола қалды. Бір топ қыздың ортасында мөлдіреп киінген Гүлбәну табалдырықтан аттады. Екі жанар бір-бір шарпылысты да, “Келдің бе?”“Жеттім!" деген үнсіз сұрақ жауаппен елеусіз ғана түсінісіп өтті. Гүлбәну Жоламанның төмен жағынан қасына отырды. Бір бірінің демін алғанына дейін сезісіп отыр. Одан артыққа шамалары жоқ. Бір кезде жігіт қолына тиген тостағанды білді. Бір ұрттап “неке суын” қайтарды. Дірілдеген үшкір саусақтардың әлгі тостағанды алғанын көрді. Ұрттағанын көрді.

“Неке!.. Жар!.. Гүлбәну!..”

Құлағында осы үш сөз, үш ызың. Басқа ештеңені сезіп отырған жоқ.

Кенет әлдекім мұның ауыр сом қолын көтеріп жатыр екен. Бетіне үңілді. Қызарып, нұрланып алған әдемі келіншек аппақ тістеріндегі дымқылда сәуле ойнатып күліп тұр.

- “Қол ұстатар” деген болады, күйеужан! Айырылма, өмірбақи ажырамаңдар!

- Рақмет, жеңеше!

Гүлбәнудің алақаны от екен. Аздап діріл бар. Қайқы кірпіктер төңкеріліп ашылды да, мейірім тұнған ыстық қарасты жігіт өңіне құя салды. Дірілді саусақтар сәл жұмылды да, толқынын таратып, тайқып кетті.

- Ойбай, кемпір өлді! Өлмесін десеңдер ырымын атаңдар!

“Кемпірі несі? Ол неге өледі?” Жоламан дәстүрдің тағы бір жоралғысын түсінбей, қалыңдықты бермеймін деп өтірік өлетін кемпірге Әділдің әлдебір түйіншекті ұстатқанын көрген жоқ. Көзі Гүлбәнуда. “Сен өлме! Мәңгі тірі бол, қасымда бол!” деген жалынды қиылуымен айнымай қалыпты.

Қайтадан ас келтірілді. Әзіл-күлкі лап-лап кө-

теріліп, жақсы отырыстың мәнін аша түседі. Әсіресе, Тілеуқұл бидің “қонақтарды құрметтеңдер, сыйлаңдар! Ренжітпеңдер! Бір қалың емес, он қалыңның малын қайтарған, көз жасыңды иген, қолтығын ашқан осылар, Бөгенбай батыр, Төле, Қазыбек билер. Еліңнің әдемі ықыласын еріңе көрсетіп қалыңдар” деген қадағалауын ескерген жұрт жайдары жүз, жылы қабақтарын үзбейді.

Есік жақта қойдың мойнын мұжып отырған кексе әйел даусын созып: “Гүл-бә-ә-ну-жан!” дегенде, бәрі жым болып тегіс бұрылды.

- Гүлбәнужан! Бақытың қайырлы болсын! Ұмсындық шешең бір жағы абысыным, бір жағы сырласым еді, қызығыңды көре алмай кетті. Бірақ, армансыз екен. Тілеуі дұрыс еді, міне отауыңды көтердің, оң аттап кірдің. Үйің бықсымасын, отың үзілмесін! - деп қолындағы мойынды шаңырақтан тысқа атып жіберді.

- Ә, ә, жөн! Дұрыс тілек!

- “Мойын тастар!” деген осы жоралғы болады!

- Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу жоқ, жаса ырымын!

Бекқара іштей: “бұл не деген бітпейтін кәде еді” дегендей Әділдің бүйірі түсіп, ортайып қалған қоржынына көз сүріндірді.

Алғашқы жұлдыздар туды. Енді үйде үлкендер азайып, жастар өздері болып ыңғайланып қалған екен. Манағы қызарып, нұрланып алғаш қол ұстатқан әдемі келіншек екі бетінің ұшындағы шұңқырын билетіп, әлдебір түйіншекті жоғары көтерді.

- Той бастаймыз енді! Күні бойы мүйізіміз шықса осы біздердікі шығар еді, сөзге де, жолға да дес бермедік. Той бастарды жақсы қайныларыма қияйын. Жүлдесі міне!

Келіншектің жанары да ойнақшып тұр. Айтпасыңа қоймастай. Әділ Бекқараға бұрылып еді, Бекқара өкшесіне үңіліп қалыпты.

Орынбай көмекке келді.

- Жеңеше-ау, сіз қиылсаңыз біз қарап қала аламыз ба. Ай қай жақтан туар екен деп елегізіп отырсам,

қарсы алдымнан өзіңіз боп қылаң беріпті ғой. Айды тербетпесек те, жұлдызды билететін бірқақпайымыз бар, құдайға шүкір. Өз қолыңыздағыны сылтауратып ақ білегіңізден бір сипап қалсам арманым не! Мен-ақ бастайын.

Орынбайдың ашық даусы бар екен. Үзілте созып, қылғына шығарып, бет-аузын түгел ойнатып, қырық құбылғанда, жігіт-желең, қыз-қырқын тегіс қыран-топан күлкіге қарқ боп қалды.

- Жолыңды ал, құда! - деп келіншек түйіншекті ұстатты. Ақ білекке салалы саусақтар жанасып өтті.

Орамалға түйген кіші жамбы, сақина, білезік, - бір тоғыз екен. Орынбай орамалмен маңдайын сүртіп қойнына тықты да, қалғандарын серіктеріне таратып берді.

Ендігі ән кезегі ауыл иелеріне тиді.

Екі келіншек қосылып айтысқа басты. Мақтады, сынады. Сынады, қайта мақтады құдаларды. Одан соң екі жасқа құтты болсынын білдірді.

Бекқара да қыза-қыза әнге қосылды. Қонақ жігітті жеке шырқатып, бәрі мүлгіп тыңдады. Ырғағы мол әдемі ән сезімтал жігіттің жүрек лүпілімен үндескенде еріксіз баурап алады екен. “Қосағыңмен қоса ағар! Мұңсыз бол! Қабақта кірбің, көңілде кір болмасын! Бақытың самалдай желпіп тұрсын. Біріңді-бірің сыйлап от, қадірлеп өт, қос асық жар! Жарқыраған күнің жалынын аямасын. Жаныңа сыз жоламасын! Күйіктің күңіренген үні шалынбасын! Айқасқан құшақ рахат, іңкәр күйдің жебеуші серігі ғана болсын. Шарпы да өртен! Өртен де сергіт! Бұлт төнбесін, шуақ үзілмесін!” дейтін сыршыл үн әуенмен жетіп Жоламанды тербей бастады. Көз алдына сонау бір күйші қыз келді. Оңда мынандай тебіреністі қуаныш, толғақты діріл жоқ еді кеудесінде. Онда сол күйші қыз күн сәулесінде жылтыраған кесек мұздай суық еді. Ал, Гүлбәнуы!.. Жанар неткен сезгіш еді! Көз қиығы қандай шешен еді! Бақыт күлкісі қарашықта сыңғырлайды. Ынтық көңіл көз шарасынан төгіледі. Аймалап, аялап жатқан мейірім мен ықылас!

Сырттан, жерошақ жақтан қоңыр дауыс ұзарып әуеледі.

Қаратаудың басынан көш келеді-ай-й...
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді-ай-й!

“Ай-й!” Аңыраған саздан мұң естілді. Бір сәтте қайғылы естелік оралды. Онда дабыр-дүбірі мол қанжар жарқылы да, тасырлаған тұяқ дүрсілі де, шабуыл-шаңдуыл ұраны да жоқ. Бұл жан ыңқылындай мұңлы әуенде әр қазақтың жүрек түкпірінде жатқан сағынышты елестің бір демде жылт етіп оянар көрінісі бар. Сол ыстық көрініс туған жерге деген аяныш мұңымен кіреукеленген күрсініспен дір етіп тіріліп, алқымдарға тірелді. Сол аяулы көрініс қорған-төбелерімен, оба-молаларымен жақындап келіп, ыңырана қосылып жатқандай болды.

...Баяғыдай болар ма тағы заман-ай-й!
Елім-ай! Елім-ай!

“Елім-ай!” Мұңлық ән созыла алыстап, толқып жаңғырығып, биік-биік шырқап кетті де, дем алғандай бір сәт үзіліп барып, қайтадан күшейді.

Түн қойнынан елес-сурет, сағыныш-аяныш көріністер туындап жатты.

- Кескекбайдың шешесі ғой!
- Қайтсін. Байғұстың шер-шемені көп-ақ.
- Жалғызының қызығын көргізіп, алдында ал деп құдайдан күні-түні тілеуші еді.
- Әй, күңірентіп қойған тәңір-ай сол!..

Сәл бәсең тартқан көңілдерді жуып-шаймақ болып дуылдасқан келіншектер енді әнге зауықсыз қалды.

Тұлекбай домбырасын тыңқылдатты.

Жұрт жігітке ойысты.

Екі ішек күмбірлей жөнелді. Екі ішек сыр шертті. Бұндайда сөздің қажеті жоқ. Көңіл қақпасы кең ашылып, күй-сырдан, күй-аңыздан “уәзін” тындайды. Оның тылсымы шешілмеген. Ашқарақ дәме өз түйсігімен түгел шарлап кетіп, бармақ астынан уілдеп төгілген бәйек үнмен бірге аласұрады. Ондайда әр кеуденің тыныс-дүрсілімен қауышқан домбыра сазы сонау өткен күндердің бүгінгі тірлік, бүгінгі болмыс, ана-жер, ана-табиғат құдіретпен астасып кеткен

тұтастығымен, сабақтас, тамырлас леп-демімен тыныстайды. Ондайда қоңыр күйдің күмбірінде бұлақ сылдыры, жел суылы, дала бораны, ақселеудің майда сыбыры қат-қабат араласады. Ондайда домбыра әуезінен тал бесіктің сықыры, ана әлдиі уілдейді. Бей-жай уақтың ұйқыға жаңа ғана бейімделген жым-жырт шағында ескі жырдың сиқырлы лебі жетеді.

Тымық түннің қыбырсыз тауы мүлгіп тұр. Тұнжыр аспан сансыз жұлдыздарымен түндік ашқанда, бозғылт бояу кең далаға үнсіз жайылды. Дірілдеген жұлдыз-шырақтарға шапшымаса да, жүрек пен саусақтың ұшынан өрген сыршыл күй әлгі бозғылт жазықты толтырып барады.

Осыдан соң ойын-сауықтың арқауы босаңсыды. Біртіндеп тысқа шыға берген жұрт екі жасты бір кезде оңаша қалдырды. Жоламан шаққа шыдап отыр еді, Гүлбәнуды құшағына алды.

- Гүлбәнуім! Жарым! Сәулем!

Ыстық леп бет шарпыды. Ыстық тілек сыбырмен жетті.

- Жоламаным! Разымын тағдырға.

Аяқ тықыры естілді. Құшақтар ажырады. Жоламан тез аттап сыртқа беттеді.

Ауылдың оты сөніпті. Жолдастары қонақ үйге кетсе керек, маңайда ешкім көрінбейді.

Ауа сондай таза. Шөпке шық түсіпті, жылт-жылт етеді. Қарамұрын ұйқыдағы батырдай, жантайып қалғып кеткен. Жусан иісі бұрқ-бұрқ аңқиды.

“Әділдер жатты ма? Апырау, мені жалғыз қалдырғандары қалай? Гүлбәну? Айтпақшы мен оған Тасболатымды айтпаппын-ау әлі. Қайнысына не деп ат қояр екен? Телтентек! Одан артық ат бола ма? Аршагүлде ес қалмас-ау! Батыр атамның бір шаңырағы қайта көтерілді. Әлі екеу болады. Көбейеміз. Садыр ауылы болып, керегені кеңейтіп, Теректіде отырсақ қой...”

Кері аяңдады. Әлдекім қарсы кездесті.

Ертеңінде далада той басталды.

Разақ күрең бестіге мініп алыпты.

- Уа, жарандар! Көптен көп ауылымызда той, думан болыңқырамай кетіп еді, бүгін бір дуылдатайық. Би

атамыз өз рұқсатын берді. Барынша сайрандаңдар. Гүлбәнужан мен Жоламан күйеудің қуанышына ортақ көңілдің шарасы ортаймасын. Ойынның түр-түрін көрсетіңдер. Әрине, Бөгенбай батырдың ылғи ығай мен сығайдай марқасқа жігіттеріне жүлдені шаппай берер де едік, бірақ ел болған соң біз де қарап қалмаспыз. Балуанына балуан шығарамыз. Мергеніне мерген табармыз. Тек, шын сынас болсын, кек-қыжыл болмасын, - деп қамшысын сілтеп қалды да, жазықты ашық қалдырып, көшеленіп тұрған жұрттың сауығын бастады.

Алдымен атсайыс ойыны болды.

Әділ серіктерінің қасында тұрған. Ортаға ауылдың жылқышы жігіті шыққанда, Балталы Оразымбет тықыршып қалған еді. Әділ күліп жіберді.

- Шыдамай тұрмысың, Оразымбет! Ал, көрсет онда өнеріңді.

Оразымбеттің аты аспанға тік қос аяқтап шаншылып алды да, алаңқайға сыңар езулене мойнын бұрып, қырындай шауып барды.

- Ойпырмо-о-ой! Аты да, өзі де келісті екен! Ешкімді қарсысына шақ келтірмес!

- Тәйт! Анау Бекен осал деп пе ең? Жылқышы аты бар ғой.

Оразымбет те, Бекен де қамшыларының сабын ауыздарына кесе көлденең тістеп алып, тізгінді шолақ түйіп сол қарға іліп, ысылдай жақындасын біріне бірі тап-тап берді. Қарулы саусақтар бірінің білегіне бірі айқасып, сарт-сұрт жабысты.

- Тарт! Жіберме!

- Айда атты! Жұлқы! Жұлып ал!

Екіленген дауыс көбейді. Оразымбет үзеңгіге шірене ат сауырына қарай шалқая түсіп, қарсыласын енді-енді ойыстыра бастап еді, Бекен тақым ыңғайымен бедеуін тез лықсытып алып кетті де, түзеліп алды.

- Аянба, Бекен! Қимылда! - деді соны көрген ауыл адамдары.

- Оразымбет, сиын Балталы, Бағаналының аруағына! Қамдан, жолбарысым! - деп тез тұтанғыш Жидебай айқай салды.

Қолдар сарт-сарт қайта ажырады. Сарт-сұрт қайта жармасты. Оразымбеттің сол қолы Бекеннің жауырын ортасына төне берді. Сол-ақ екен, анау қопаң етіп атынан сыпырылып түсті.

- Ай, заңғарым-ай! Ерім-ай! - деп Жидебай ер үстінде желпініп қалды. - Тағы кімің бар?

Бекеннен кейін де екеу шығып, атын жаяу қуып кетті. Бидің ұзын бел қара айғырын мініп алған Түлекбай Разақтан рұқсат сұрады. Көзі өрттей жанып алыпты. Разақ күлімсіреді де, басын изеді.

Жоламан Түлекбайды көргенде біртүрлі қобалжып кетті. Іштей Оразымбеттің жеңісін тілейді. Екінші бір бүйрегі қайынағасына да бұратын тәрізді. Әділге күңк етті.

- Бекер шықты-ау!

- Саспа! Күш атасын танымайды.

Оразымбет атын қарайғырдың қапталымен айқастырып әкеліп, ентіге дем алып сәл шалқайып тұрды да, бір сәт көз ілестірмей Түлекбайдың аш белінен шап берді. Артқа сақтаған ең бір ұтырлы әдісі еді, ес жиғызбай ер үстінен жұлып алып, бұрап тастайтын. Бірақ бұл жолы олай ете алмады. Түлекбай да жалмажан шарт ұстап, айғырды тебініп қалды. Қайсысы осалдық көрсетті, белгісіз, айқасқан күйі екеуі де ұмар-жұмар ұшып түсті.

- Жарайсың, Түлекбай!

- Оразымбет, азамат екенсің!

- Қап! Түлекбай қапы қалмағанда... Бір жағы қонақ деп сыйлады ғой, әйтпесе...

- Оразымбеттікі жеңіс! Төртінші сайыс, шаршамай ма.

Разақ жүлдесін Оразымбетке ұсынғанда, Әділ орамалға түйген бір тоғызын Түлекбайға ұстатты.

- Білектерің бірлік үшін ғана айқассын, батырларым! Мерейлерің әрдайым үстем болсын!

Содан кейін жерден теңге алудың кезегі жетті.

Жоламан Жандырды қайрап тұр.

- Жандыр-ау! Өзің аса байсалды боп алған екенсің. Ұшқырлығыңды қашан көрсетесің. Әлде әке болдым, қартайдым деймісің. Әлі бір желіккеніңді көрмей барам. Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады деген.

- Әй, өкпең орынды. Болмас енді, болмас, - деп Жандыр тебініп қалып атын ойқастатып оқшау ұзап барды да, бұрылып алып құйғыта шапты. Теңгеге бес-алты қадамдай калғанда атының оң жақ қапталына аунап кетті де, алақанымен бір уыс топырақпен бірге теңгені көсіп іліп әкетті.

Жарлығап та, Наурызбай да, Олжабай да, Жидебай да, Түлекбай да олжалы болды.

Разақ енді жұртты жасыл көгалды шұратқа жинады.

- Күрес! Күрес басталады!

- Бұл жолы бәйге біздікі! - дескен ақсақалдар қаумаласып ортаға жуан, қапсағай бойлы палуанын шығарды. Әділ Жидебайға бұрылды.

- Есіңде ме, мен сені белдестірем деп едім ғой. Сол сертімнен шықтым. Ал, намысқа тырыс!

Жидебай шапанын шешіп тастап, беліне екі құлаш белбеу орады да, жеделдете басты. Өз күшіне сенімді. Талай күреске түсіп, әбден сыналған болатын. Әдісі де мол. Омыраулап қуып барып, тірсегінен бір-ақ басып жығатын. Тобықтан төңкерілте қағып, қандай жырынды балуанды да топ еткізе түсіретін. Кейде іштен кіріп алып, ес жиғызбай шалт қимылдап, арқалап алып айналдырып тастайтын.

Ауыл балуаны үлкен, бұлшық еті білем-білем жүгіріп бұлтыңдап ойнап тұр. Жидебай қасына жақындағанда бір тізерлеп отырған жерінен атып тұрып, аяғын алшаңдата, екі қолды илгері созды. Қос сырық ұзарып келіп белбеуге сарт етті. Сығымдап тартып, сілкіп-сілкіп қалды.

“Тегін емес! Қолы қарулы екен бәтшағардың! Айласы да сондай сай болса, оңай беріспес” деп Жидебай секем алды. Ол да сом білекті қарыстыра бүгіп, зілмауыр денені солқ-солқ селкілдетті. Құйып қойған шойындай. Былқыл-сылқылы білінбеді.

Аяқ астынан шаң көтерілді. Алқынған кеуделер ыс-ыс шаң қапты.

Жұрт алғашқыда дүрілдеп, дүрлігіп кетіп еді, бірінебірі сай екі балуанның кездескенін көрген соң, ақырын үнсіз тосып, сілтідей тұнып қалыпты.

Жидебай жастықтың ұшқырлығына басып, омыраулап көріп еді, анау қыңбады. Табаны жерден

төрт елі көтерілер көтерілместен, қайтадан тіреле қалады. Тобықтан қағып көрді, алғызған жоқ.

Қос шықшытта дүрс-дүрс қан ұрады. Өкпе қаңсыды. Анау шаршар емес. Бір байқағаны әдіске онша мардымды емес екен, қандай жан болса да, әлсіретіп, шаршатып барып қара күшпен асып түсетін нағыз түйебалуан.

“Қара басып... А,құдай, абыройыңды бере көр!..”

Жидебай қауырт қимылға көшті. Енді сәл кешіксе тымақтай ұшатынын сезді. Содан соң дес бермей алқын-жұлқын шапшандыққа басты да, дөңгеленте төстеп барып, көк шалғынға төңкеріп тастай салды.

-Аруақ! Ақсарбас! Садағаң кетейін құрдасым! Ояқбұяқтағы піріме түгел сиынып тұр едім, төбемді көкке жеткіздің-ау, жүдә тегі! - деп Жарлығап жүгіріп барып Жидебайды құшақтап, көтеріп әкетті.

Тілеуқұл құдаларын үйіне шақырып, сый қонақ етті.

- Шырақтарым, әрқайсың туған баламдай болып қалдыңдар. Жоламан,тұлғанды көріп сүйіндім, алдыңнан жарылқасын. Тұз-дәмдерің жарасып кетсін, - деп біраз батасын берді.

Әділ биді танығаң, түсінген ықыласпен қатты ден қойып отыр. Кең мінез, турашыл даңғыл екен. Күрсінсе де, бөгде адамның қабағына кейіс түспесін дейтіндей ұрланып күрсінетін, тағылымын таразылап отыратын ғазиз қария сөйлеген сайын ашылып, тереңдеп барады.

- Шырақтарым, өздеріңмен шүйіркелесіп біраз көңіл көншіттім. Дерт көп пе десем, ол өзімнің оңаша ғана кеудемнен өксік жинаған дәрменсіздігім екен. Сендерге қарап отырып, өкінішіке бой ұрған көп түңілуден жерідім бе, міне, сергіп қалдым. Қазақтың азаттығын аларына көзім жеткендей-ау. Азаматына арқа сүйеген атаның аруағы өспей ме. Өстім де серпілдім, - деп біраз отырды да, күңгірт жанарды Әділге тіктеді. - Қарағым, менің бір ойымнан кетпес шерім бар. Жасырып қайтейін. Ел естігенді жер сыбырламай ма. Інімді...Нақыпбекті білетін шығарсың? Ақ бетімді қаралап, қоң етімді жаралап жүрекке беріш түсірді. Қимадым ба, қоңсы-көршімді

қинадым ба, тірі жіберіп, бөріні өрісіме салған ем. Енді міне, ойдан бір өліп, ұяттан екі өліп отырмын. Сонау көп зардың сарыны лықсып маған жетіп жатады. Таланған, тоналған елдің қарғысы мен наласы мені тауып жатады. Тілегім - зауалға сауал, қаскөйді шеңгелінен қан сорғалатып, жер бастырып жүргізбендер! Қарманған қолым дәрменсіз. Кәрі шеңгелдің сіңірі тартылды. Кесігін айтып, жазасын бір кесіп едім. Тағы да қайталаймын. Нақыпбекке өлім! Осы аманатымды орындай алармысыңдар?

Әділ үндеген жоқ. Ақсақалдың қолын қысты да, көзін тайдырып әкетті.

Гүлбәнудың отауы түйеге тенделді. Кіші-гірім көш Қарамұрынның қайқаңына төтелей тартты.

Батырларға жеңіс тілеп, Гүлбәну мен Жоламанға бақыт тілеп артта қол бұлғап, қимай қоштасып Тілеуқұл ауылы қалды.

6

Жалдаманың суы былтырғыдай емес, мол. Маңадырдың астыртыны еншісіне басы бүтін тиген соң жатақ ауылы тоған байлап, арықты көбейтіп, егіннің ауқымын өсірген. Бұрынғы жабырқау, жүдеу көңіл жоқ. Ел шырайы көңіл үмітімен ашылып кеткен. Алдарына аздаған тұяқ түскен момын кедей ауылы, диқан қауымы саумал-шалабын еселеп, томсарған жүзді түріп тастаған.

Жолдыбай кекілі жалбырап күн ұзын ойыннан бір жазбайды. Жаздай өзенді жағалап, балалармен бірге балық аулап, суға шомылып, күреңітіп тотығып алған. Бұрын самал желпіп кетсе, күрк-күрк жөтеліп тез ауыратын ұлының жаз бойы бір де бір рет тымауратпай, әбден қарақұлақтанып кеткеніне Сақыпжамал шешей мен Құлнияз ақсақал күлімдей отырып тәубе қылады.

- Әжесі-ау, балаң адам боп қалмады ма? Қарашы, күн иісі әбден сіңіп қоңырқай тартып кетіпті ғой. Жолдыбайжан көз қуанышымыз емес пе, қарны аш болмасын. Ойын баласы ұмытшақ, өзің қадағалап беріп отырмасаң, біршек боп қалар.

- Түу, түу! Жазған-ай! Ойбай-ау, өкпемді өшіріп Жолдыбайжанның соңында тандыр мен талқанды алып дедектеп жүргенімді байқамаймысың! - деп Сақыпжамал күйіп-пісті.

- Әне, әне! “Баланы жастан” дегенді білмейді бұл мұндар! Өкпемді өшіріп дедектеймін дейді. Ау, неге дедектейсің? Бәйбіше-ау, айтпады деме, Жолдыбайжанды бүйте берсен, жаман үйретесің. Далаға тамақ тасып... Шақырып ал. Бір мезгіл дем алсын үйде. Басынан күн өтіп кетсе қайтесің? Шілденің ыстығын білесің. Ыстық ішіне түспесін. Алда-жалда сөйтсе, құдай бетін аулақ қылсын, онда біз не боламыз? - деп өз күдігінен өзі шошынған Құлнияз сөзінің соңын күбірмен аяқтап, іштей төңіріне жалбарынды. “Жасаған, періштенің құлағына шалдырма! Ауру-сырқауды жалғызыма жолата көрме!”

Құлдырандай жүгіріп Жолдыбайы келді. Арсаландап әжесінің мойнына асылды. Одан көкесінің иығынан құшақтады.

- Көке, білесің бе? Мен де барайыншы?

- Қайда, құлыным-ау?

- Қалиасқар айтады, “көкемдер ертеңдер, бүрсі күндер жорықтан қайтып келед!” дейді.

- Ой, аллай! Рас па? Балаларым аман-есен келе ме? Кім айтты? Кімнен естіпті?

- Анау дөң мұрын Ескендір ше, соның жаман жылқышы туысы бар ғой. Өзі бізді ылғи “боқмұрын көлбақалар!” дейді. Сол айтты, - деп Жолдыбай қайтадан құшақтап, көкесінің сақал жапқан алқымына маңдайын басты. - Жібересің ғой, көке, ә?

- Қап! Анау әлі бала екен ғой. Ойбай-ау, сүйінші сұраудың орнына балалармен бала болып, өзі қайда?

- Кім? Ескендір ме, көке? Балық аулап отыр.

- Жоқ. Ескендірдің ағасы қайда?

- Үшкемпір ме? Оны біз көлбақа дегені үшін тайын үркітіп едік, жануар асау екен алып қашқаны. Жылқышымын дейді. Өзі тайдан да қорқады. “Өлдім! Жығылдым!” деп жылап бара жатқан.

- Жығылды ма?

- Жоқ! Жығылса екен деп едік. Жер құм ғой. Ендігәрі мазақтамайтын болады.

Құлнияз қолымен жер тіреп көтеріліп, ақ сабауын беліне қыстырып алды.

- Қайда кеттің? Тамағыңды ішпеуші ме едің, дастарқан жаярда, осындайың бар-ау!

- Ау, бәйбіше, апырай, білімсіз болармысың. Ауылдың ер-азаматтары соғыстан аман-есен жеңіспен оралып келе жатса, соны біліп отырып, қалай тамақ іше алам. Ас өтер ме тамағымнан!

- Беу-беу, дұрыс айтасың, көкесі. Ембергенжанның шешесіне жүгірейінші. Қуантайыншы байғұсты!

Құлнияз Орақбайға кеткенде, Сақыпжамал Жолдыбайды ертіп Ембергеннің үйіне жөнелді.

Орақбай соңғы күндері қатты сырқаттанып, көксауы дендеп, төсек тартып жатқан еді. Құлнияздың хабарын естігенде жүзіне аздап қан жүгірді. Осыдан ай бұрын Емберген бастаған бір топ жігіттің арасында бұның ұлы да жорыққа аттанып еді, кәрі кеуденің ыңқыл- сыңқылын күшейткен тағы бір уайым, жаңа дерт болып баласының аман-есендігі қосылған болатын.

- Сүйінші, Ореке! Азаматтарым келе жатқан көрінеді, - деп табалдырықтан тәлтіректеп аттаған Құлниязға дірілдеген қолын созды.

- Апырай, Құлеке-ай! Лебізің неткен жылы еді! Рас па? Өзің көрдің бе? Аман ба екен боздақтар?

- Хабарды әлгі Үшкемпір бала айтып келіпті. Жылқыда жүріп біреулерден естіген болуы керек. Бүгін-ертең жетіп қалар дейді.

- Ә-ә, жөн, жөн! Тірі болса, келер... - деп Орақбай сәтте сұрланып, қолын кеудесіне жиып ала қойды. - Құлеке. рақмет. Сен отырма, басқаларды да қуант. Бар. Сүйіншің мойнымда.

Құлнияз шығып кетісімен Орақбай көпке дейін қыбырсыз жатты. Неге екенін білмейді, көңілінде бұрынғы сергектігі жоқ. Осыдан он шақты күндей бұрын әлде неден қатты үріккендей болып еді, содан бері ішкі сырында тыным қалмады. Қайта-қайта қатты қалшылдап, ұзақ дірілмен өнбойы селкілдеп кете берген соң, бәйбішесіне төсек салғызып алып, аурумен біржола келіскендей бүк түсіп жата беретін болған. Одан да байыз тапқан жоқ. Демікпесі көбейді, гүр-

гүр сырылдаған өкпе сырнайлатып қараша үйді басына көтереді. Бірақ жанына батқан сырқаты емес. Ол - үйреншікті кәрі серігі, оған мойымайды да қыңбайды. Орақбайды алып ұрып, әлсіретіп бара жатқан басқа нәрсе, түсініксіз күдік. Сумандап, ой ойдың арасынан жота көрсетеді де, жүректі шаншып бұрап, шымшып үзіп, шабақтап-шабақтап алады. Ағыл-тегіл аққан термен бусантады. Жастайынан қабақ бағып, бірге өскен жұбайына сезік бермейін дей ме, тура қарай алмай, жүзін бұрып әкетіп, көбінесе іргеге бетін беріп қыбырсыз жамбас жұқартады. Күдік сыры әрі таныс, әрі беймәлім. Қорқатыны: соның түсін ашуға, пердесін сыпыруға жүрегі дауаламайды. Өйтер болса, тірліктегі жалғыз тұлдыры жоғалып, жалқы тірегі сынып кетердей сезеді.

“Тірі болса екен! Әйтеуір, ұлым аман оралса екен! Жо-жоқ! Жарасы, тілігі де, мертігі-шортығы болса да, тек аты өшкір сол сұмдығы естілмесе екен! Денемді жер тартатынын білем. Оған еш өкінішім жоқ. Асарымды асап, жасарымды жасадым. Топырағым жорыққа кеткен жалғыздан бұйырса, арманым жоқ. Онда жұтқа жаға жыртқызам ба? Келсе екен, аман-сау жетсе екен жарығым! Бойым дел-сал. Шырайым жылынар ма? Шошыған жүрек орнықса екен. Бір үміт пен бір қауіп кезек алмасып тұр ғой. Көңілге жол тауып енген күдікті қалай қуармын?..”

Үйге бәйбішесі кірді.

- Отағасы-ау, құдай иді ғой. Балалар келе жатыр дегенді естіп, өзіңді қуантайын деп келгенім!

- Естідім... Көңілім көтеріліп, жалғыздың... баланың хабарын біліп... Бәйбіше-ау, отын-суыңды дайындата берсеңші, - деп бері қарай бір аунап түсті. Кемпірінің состиып, үрке қарап тұрғанын көрді. - Баланың жауды жеңіп, аман оралғанына той жасамаймыз ба?

- Жасаймыз! Жасамай, жерге қарап отырмыз ба. Онда мен дайындала берейін, - деп зерен жүзді бәйбішесі көңілін бірлеп, лыпыл қақты. Көзіне қуаныш оты жүгіріп сәтте жасарып алғандай болды. - Қызыл тоқты арық болар, қоңыр ісекті таңертең алғызып қалайын.

- Иә,сөйт.

Ертеңінде жатақ ауылы қызу қарбаласқа кірісті. Гүлдарайым бике де қарап отырған жоқ, үй ішіндегі текемет, сырмақтарын далаға шығарып жайып, қағып, сілке бастады. Ақжарқын, кішіпейіл келіншектің аяғы ауыр екенін білетін құрбылары көмекке келді.

- Гүлдарайым-ау, ойбай-ау, бізді неге шақырмадың?

- Қой, сен дем ал! Өзіміз-ақ жинап, жайнатып берелік.

- Қанша дегенмен үй шаруасы қазір саған ауыр тиеді.

- Жалғызілікті қойсаңшы. Осындайда не енең, не қолды-аяқты қайның болса ғой.

Гүлдарайым сары жез самауырға шай қойып, әйелдерге дастарқан жайды.

Түстен кейін көнегін көтеріп, бұрынғы Бекболаттың ескі жұртының тұсындағы Мұздыбұлаққа кетті. Бұлақ суы мөп-мөлдір. Шымырлап қайнап жатыр.

Осы арада алғаш рет Сәдірбектің түр-түсін байқап еді. Қазір де көз алдына елестетіп отыр.

“Аман жетсе екен! Жасаған, осы тілегімді бер!”

Қатты-қатты күрсініп қалды. Ақша беттен жылжыған бір тамшы жас бұлаққа тырс етіп тамды да, кішкене шеңбер тудырып барып, шылп етіп жоғалды. Соны әлденеге жорыды ма, дірілдеген демі кеудесінен лықсып шықты.

Сәдірбек жорыққа бір-ақ күнде аттанған еді. Алғаш ауылдан жиналған жігіттер ат кекілін түйіп, қару-жарақтарын сайлап, үй-үйде қонақ болып, соңғы түнде Орақбай ақсақалдың дастарқанында бас қосқанда, Сәдірбектің ойында жорыққа аттану жоқ болатын. Аяғы ауыр Гүлдарайымды аяп, дәл бұл жолғы сапардан өзін күшпен тыйған еді. Ақсақал ауқымы да оған салмақ салмаған-ды. Бірақ тап аттанар күні күйші қарап отырып бұзылды. Колынан домбырасы түспеді. Бұрын-сонды ойналмаған бір күй қоймай күрсінді. Ызалана булықты. Ah ұра өкінді. Үйге кіріп-шыққанда Гүлдарайым күйеуінің төмен еңкейген жүзін көре алмады. Батылы жетіп тіл қата алмады. Ал, күй үзілмеді. Ашынды. Абыржыды. Үһіледі. Қамықты.

Қайтадан баяулап, өтіле қиылды. Ширығып үдеп кетті. Тұяқ дүбірлетті, жебе суылдатты. Аттандап ұран көтерді. Дауылдатып дабыл қақты. Гүлдарайым Сәдірбектің қарсы алдына келіп тізе бүкті. Күй кілт өзгерді. Жұбатты, жылатты. Еркелетті. Шуақ шашты. Бірақ көпке ұзамады. Саусақтар жаңылысып, әлгіндегі шарқ ұрған ширығуынан леп берді. “Қайтейін, азаматтығыма мін, жігіттігіме сын!” дейтін өтінішімен күрсіне бұлқынды. “Жібер! Рұқсат бер! Еркіңмен аттандыр!” деген уәжімен бүлініп тұрып алды.

Гүлдарайым Сәдірбектің иығынан жайлап ұстады. Көздері түйісті. Жас тұнған нұрлы жүзімен елжіреп отырып басын изеді. Келісімін берді. Кірпіктен домалаған жасты Сәдірбек алақанына іркіп алды. Жүрекпен байланысқан жақындық ыстық алақандағы ыстық тамшымен нұр шағылыстырды.

Гүлдарайым Сәдірбекті өз қолымен шығарып салды.

Гүлдарайым бүгін Сәдірбегін күтіп отыр. Әлгіндегі суға тамған мөлдір жас сондағы алақанға іркілген моншақтай түйірге ұқсады. Бұлаққа еңкейді. Қыр мұрынның үстіне аздап теңбілденіп секпіл түскен, екі көзі мұң мен қуанышты қабат тұтып қалған келіншек өзіне қадалып қалыпты. Баяу самал жүгіріп өтті. Бұлақ суы діріл қақты. Су бетіндегі сурет қозғалды.

Шекшек шырылдады. Гүлдарайым баяу үнмен қоңырлатып әндетті. Даусыңда сағыныш дірілі бар. Аңсаған үміт елжіреуі бар. Бұрын жұрт көзінше сыр бермей, жабырқау күйін жасырып, үлкен-кішіні түгел пейілдендіре жымиып қоюшы еді. Мына бұлақ сылдырындағы тылсым үн, іштегі күрсініс демімен үндесті ме, оқшау оңашалықтан мұңды ырғақ іздеттірді. Сөзсіз әуен инелік пен көбелектің қанат суылымен майдалап төгілді.

Гүлдарайым көнегімен суды іліп алды, кейін қайтты. Ауыл біраз жер. Бір сәт топтала жақындаған аттыларды көрді. Алғаш рет өзеннің суының кермек дәміне үйрене алмаған өзінің бұлақ суына келгеніне өкінді. Көнектегі суды шайқай төгіп, асыға адымдай басты.

- Бауы-ры ем! Арысым!

Қаралы дауыс... Гүлдарайым сүрініп кетті. Кеудесі аттай тулап ала жөнелді. Жүрегі тік көтеріліп, алқымына тығылды.

“Сәдірбегім! Шынымен сорлап қалғаным ба?”

Буын-буыннан әл кетті. Ортайып қалған көнек мұндай ауыр болар ма, оң қолын талдырып әкетіп барады. Көзі бұлдырап, үй-үйдің арасында қаптап кеткен жұрттың бей-берекет жүгірісін көргенде, одан сайын жаны түршікті.

- Боздағым-ай!

Аңыраған дауыс екі-үш жерден шымырлай естіліп, құлағын осып-осып жіберді. Етегін қысып ұстап, бүкендей еңкейіп ұшып келеді.

Әлдекім құшақтай алды.

- Гүлдарайым! Сәулем!

- Сәдірбегім! Келдің бе? Жаным, арысым!

Көнегін тастар емес. Көзінің пора-пора жасын да сүртпестен күн иісі, жусан иісі, тер иісі, оқ-дәрі иісі - тағы да әр түрлі толып жатқан иіс сіңген күйеуінің төсіне бетін басып селк-селк жылады. Жылап тұрып сол қолымен Сәдірбектің тұла бойын сипады. - Аманбысың! Саумысың! Шай қоям қазір. Міне, су әкелдім. Ойбай-ау, не ғып тұрмын! Жүр! Жүре ғой. Үйге барайық.

Сәдірбек көнекті ұстады. Ақырын күрсінді.

- Орақбай ақсақалдың ұлы... Жақыпбек, Алпысбай... Тағдырдың жазуы солай болды.

Гүлдарайым мең-зең. Қуанып тұрып, қабақ шыта үһіледі.

- Иә, иә! Боздақтар еді... Уыздай жас еді бәрі.

- Жүр, Гүлдарайым! Тұрып қалдық қой.

Екеуі де шарасыз мұңмен сәтте жүдеп, баяу ілбіді.

* * *

Орақбай басын көтеріп алыпты. Бөксесін шекпенімен орап, қымтана түсіп үй ішіндегілерге қызарған жассыз көзді қыдыртып өтіп, қасындағы Құлниязға тоқтатты. Құлнияз селк-селк етіп үнсіз ғана қыстыға жылап отыр екен.

- Әу, Құлеке! Тағдыр ісіне таласып не тындырармыз? Маңдайға жазылғаны осы болса, біз өксігенмен Жақыпбекті құдай қояр ма еді. Қайтейін? Жалғыз-ақ арман етерім - қарағымның қолынан бір уыс топырақ бұйырмады-ау! “Тірегім сынды, тілеуім кесілді!” деп жасағанға зар шаққанда, не өнеді? Сендер енді босқа мүжілменде р. Тірі адамның тіршілігі таусылмайды. Анау халқы үшін шейіт болған боздақтарды жақсылап жөнелтіңдер! Отырмаңдар! Мына қонақ жігіттерді де құрметтеп, дұрыстап аттандырыңдар! - деді.

Дәулен бастаған үш-төрт сарбазды Сәдірбек үйіне ертіп апарды.

Құлнияз үш-төрт ауылдасымен қонақтардың әңгімесін ұйып тыңдап отыр.

Ордабасыдағы жиыннан кейін Билікөл маңына топтасқан қазақ қолы жан-жақтан жеткен жігіттермен толысып, шілденің ортасында Әулие-Атаға қарай, шығысқа бет алған еді. Шаһардың батыс тұсынан айналып өтіп, Талас өзенінің оң жақ беткейіне шығып Әбілқайыр Қосапанға тұмсық тірей тоқтаған.

Бұл кезде ойрат қолы да Қайнар, Қорағаты өзендерінің бойынан тік көтеріліп, сол қанатын Ақыртөбеге ұмтылдыра созып, қарсы дайындыққа кірісіп кеткен еді.

Екі жақтың да әскер саны қарайлас. Қалдан-Серен ордасындағы дүрбелеңді басып өзі келе алмай, шеріктерін Серен-Дондық (Церен-Дондоб) қолбасыға тапсырған болатын. Екі жарым түмен қолды қос қапталдатып иіп әкеліп, Мойынқұмның ыстық лепті аңызақ ескен таң сызын қолбасы Дондық ұйқысыз қарсы алды.

Сөйлеп отырған Дәулен Құлекеңнің алақанын құлағына төсей, ынтыға тыңдағанын көріп, даусын қатайта шығарды.

- Сол күнгі таң тымық болатын. Үп еткен жел де жоқ. Қарсы алдымызда ұзын аққан сай жатыр. Сардар ақ боз атына мініп алыпты. Әлгі сайды қолымен нұсқады. “Жігіттер, намысқа қызатын алғашқы сын сағатың туды! Анау сай жаудың қанымен тасымаса, ойраттың өкірген даусы, ыңыранған ыңқылы жеті қат

аспанға жетпесе, онда ғұмыр бойы құлдықта кеткеніміз. Тәуелсіздікті тәңірі бермейді! Тырбансаң ғана - табасың! Елің үшін оққа ұш - өлмейсің! Елің үшін отқа түс - күймейсің! Бүгін елдігің сыналар, азаттығың сығалар күн! Бүгін - ұранды айта алар, кек қайтарар күн! Бағыңды сынап, бағаңды тап, ерлерім!” деді.

Сәдірбек баяу жымиысты жүзінде қалқытып, Дәулен батырдың сөз ызың ын анда-санда ғана бір шалып, қалың ойға шомып, өткендегі майдан даласына қайтадан еніп кетті.

Сол күнгі таң ойрат шеріктерінің ту желкесінен өріп шыққан болатын. Сәлден кейін әлгі жалауланып жайылған таң шапағы қою шаңның пердесінің астында қалған-ды.

Әсіресе, төбе құйқаны шымырлатқан көн қаптаған дабыл үні еді.

Артынша, шаң арасынан түйдек-түйдек лап қойған шеріктердің қалың тасқыны тау өзеніндей құйылып кеп кеткен.

Сәдірбек Дәуленнің жүздігінде болатын.

Сарбаздар қозғала қоймады. Тықыршыған аттар ауыздығын кірш-кірш шайнап, тізгінді жұлқа тартып тұр еді. Құйындай жүйткіген шаң бораны қарсыдағы сайдың арғы жақ бет қайқаңына таянып қалыпты.

“Апыр-ау, енді қашан ұмтыламыз? Нені тосып, бөгеліп тұрмыз? Қапысын өткізіп алмасақ екен?” дейтін шыдамсыз ой таусаған күйші жан-жағына алақтап қарап, Дәуленді көрген.

- Жігіттер! Тәңір жар болсын! - деген дауысты шала-шарпы естіді.

Алдыңғы лек желе-шоқыта лықсығанда, Сәдірбек те тақымын қысып қалды.

Қара жерді тоқ-тоқ ұрған айғырдың шабысы ішек-қарнын шайқай бастады. Екіленген, озандаған үндер тұс-тұстан тұтаса көбейді.

Жалаң қылышты оң қолымен басынан жоғары шырқ айналдыра көтеріп, Сәдірбек өзінің де бар дауысымен айғайлағанын байқаған жоқ.

Сай табаны тұяқ астында қалды.

Енді бірде өзіне бетпе-бет қарсы ұмтылған жатаған

атты әлдекімнің кезенген найзасы тақалып қалған көрді. “Өлтіргені ме? Кеудемнен кірш еткізгені ме?”

Үрейлі ой қас қағымда су етіп жетіп түйсік-санасын қоршап, құрсаулап алды. Мынау темір масақтың ұшында өзін қорғансыз, қарусыз жалаңаш тұрғандай сезінді. Қос құлағын жымып алған айғырының әлгі аждаһадай көмейін тосқан ажал ұңғысына арындай атылып келе жатқанын көрмейін дегендей көзін тарс жұмып ала қойды.

“Қазір түйрейді!”

Жоқ, ешкім түйрей қоймады. Ағызып өткен аты қосаяқтап тік шаншыла қалғанда, көзін ашты. Алдындағы жаяудан жасқанып айғыры жалт бұрылған екен. Садағына сарыжасынды шірене тіреп, әлдекімге кезеніп қалыпты. Арқасы мен жауырын тұсына шұғадан тіккен қос қызыл қалтадан жақ тартқанның өз адамы екенін таныды. Бойын жинап, қиыстап артына көз жіберді.

“Жасаған-ай, жебеген екенсің!”

Әлгіндегі өзіне шатынай ұмтылған жауының кеудесіне сұр жебе шаншылып, қор-қор тыпырлап жатыр екен. Мұның жауын атып түсірген мынау жақ тартқыш мерген қазақ. Соны көргенде Сәдірбек біртүрлі еліріп кеткендей, айқайлап қалды. Іштегі құрсау үрей, қапас дірілі арылып, жанарға қылаулап уыт жүгірді. Найза кезентіп жаңа ғана бұйрықты ажалы көзіне көрініп еді: жұтар ауа, алар демді ұрлағандай мұрнының ұшына шыбын жанды бүрістіріп, буындырып әкеліп еді, енді ол жоқ! Ажалы құрдым кетіпті! Ажалы өлген адамның аруағы аспай ма! Ол енді неден сасады?

Сәдірбек екіленді. Қылышты жалақтата ауаны ысқырта тіліп сілтеді де, қарсы алдынан аюдай өкіріп таяна берген дәу ойраттың үстінде жарқ-жұрқ ойнатты. Көзді ашып-жұмғандай болған жоқ, шекеден шапшыған ыстық қанын күйшінің оң жақ тізесіне сорғалата, әлгі ызалы кек шашқан суық жүз сұлқ қалып, үзеңгіні тор сауытымен сылдырлата солқ еткізіп, шашадан келетін борпылдақ топыраққа опырылып құлады.

“Өлді! Өлтірдім?”

Қылышын бетіне тақап әкеліп, Сәдірбек қан дағы ірелеңдеген алмас жүзіне үңіле қарап тұр. “Өлтірдім ғой! Ажалдың құрдымға сіңгені қайда? Құрымағаны ма? Әлде құрыған менің ғана ажалым ба?”

Қиқу ұран сайды өрлеп, қайқаңға тік асып барады. Қиқу ұран қолтықтан демегендей Сәдірбекті де ілестіріп әкетіп барады. Астындағы тоқылдақ айғырының шабысы да түзелген тәрізді, қос қанатын жайып жіберіп, қалықтап ұшқан құстай ілезде қрсы қайқаңға алып шықты.

“Ұр! Қапта! Ұмтыл!” дескен қазақтың жігерлі үні даланы дүрліктіріп әкетті.

Айналаны тегіс бүркеп алған қою шаң бұлтсыз аспандағы жалқын күнді жұтып жіберді.

Екі жақтан үздіксіз атылған қара мылтық, тоқтаусыз тартылған садақ онсыз да ызы-қиқу төңіректі одан сайын тітіренте түседі.

Сәдірбек сондай қарбалас бір мәурітте Орақбай ақсақалдың жалғыз ұлы Жақыпбектің арқан бойы жерде екі шерікпен бірдей айқасып жатқанын байқап қалды. Алмас қылыштың жарқылы көз шағылыстырып, өлермендене қимылдаған Жақыпбек оңайлықпен екеуге берісер емес.

Сәдірбек солай қарай көмектескелі асығыс тізгін бұрды... Жақыпбекке жете алған жоқ. Көлденеңнен қара бұжыр ойрат бұған өңмеңдеп, килігіп кетті. Әлдене деп өзінше гүр-гүр айқайлап алды да, атын омыраулата төбесінен төніп келді.

Күйшінің ұрысқа алғаш енгендегі бойын жеңген үрейі жоғалған еді. “Келсең келге” саятын жинақы қимылмен бұл да айғырын тебіне түсіп, ойрат шерігінің алдын алуға қаракет жасады.

Шеріктің қолында - темірмен құрсаулаған ауыр гүрзі. Жатаған мінісін бұрмай екпіндеткен күйі Сәдірбектің айғырын лықсыта соғып, қалт тоқтатты да, көз ілеспес шапшандықпен ауыр гүрзімен аттың құлақшекесінен түйіп өтті. Омақаса жығылған айғырдың үстінен ауып бара жатқан күйшінің жамбас сыртынан екінші рет сақ етіп тая соққан гүрзі Сәдірбекті ат-матымен қоса құлатты. Жанталаса тыпырлаған айғыр алдыңғы екі аяғымен демеу ете көтеріле берді

де, заматта оң жағына қарай қиралаң етіп, күйшінің үзеңгіде қалған сол жақ аяғының санын баса жаншып, қыбырсыз қалды.

“Өлген шығармын!.. Жақыпбек байғұс не болды екен?”

Көзі қарауытып, басы айналып, күйші есінен танып қалды.

Талтүске тырмысқан күн әлі де қою мұнардан көрінбей, сай табанынан аспандай өрлеген қымқуыт үндерді қағып алып тұрғандай.

Оң жақ бүйірден тасырлаған көп тұяқ дүбірін ұлғайта өсіріп, ұрандаған дауыстар осы сәтте тұтқиылдан қосылып кеткенді.

Бұлар - күні ұзын тосқауылда тұрған Саңырық батырдың қолы еді. Ұрыстың қалай шешілері белгісіз итжығыс халге жеткенін тез пайымдаған Әбілқайыр сардардың майданға қосқан тың күші еді.

Сол әбүйір болды. Қазақтар жағы бірден дендеп сала берді де, әлсіреген ойрат қаша ұрыс жүргізіп, сырғып, жылыстай жөнелді...

Құлнияз осы арада Дәуленнің әңгімесін тағы үзді.

- Пай-пай-ой! Әбілқайырың соғыс өнерін білетін шын сардар екен-ау! Сонымен,түгел қырып салдыңдар ғой?

Дәулен шалдың бетіне тура қарай алмай басын тұқыртты. Ауыр күрсініп қойды.

- Жоқ, ақсақал! Сарбаздардың әбден қалжырап қалған кезі. Оның үстіне біздердің де шығынымыз аз емес-ті. Әйтпесе, қашқан жауға қатын да ер, аянар ма едік, - деп сәл кідірді де, тағы да дірілдеген деммен күйікті күрсінісін лықсытты. - бәрінен де бұрын алауыздық құртты ғой, ақсақал! Барақ сұлтанның қолы оң қапталда болатын. “Жеңіске жетсек, осы бүгін жетерміз!” дейтін үміт шоғы әр кеудеде тұтанғандай болып та еді. Амал не, Барақ қолы жеме-жемде тайқып кетті. Кейін білдік, қайтарған сұлтанның өзі екен. Қатарымыз селдіреген соң кеудеге у түскендей күйініп, шарасыз халде біз де тізгін тарттық! - деп Дәулен үнсіз қалды.

- Қап, құдай-ай! Құртқан екен ғой Барақ сұлтаның! Неге қайтартты?

- Бақталастық пен қызғаншақтық құртпай ма казақты! Әбілқайыр жеңіске жетсе, бағы өрлейді, билігі күшейеді деген күншілдік қой Барақтікі.

- Алда ғана тәңір-ай! Барақтың жалаңаш сауырын түріп қойып, дүре салатын ханым болды ма, болмады ма? Шырылдаған кеуденің шыбыны теңдік деп бүлінгенде ол шіркіннің о несі? Қай қиянаты?! - деп қызынған Құлнияз отырған орнында қатты ашумен қозғалып-қозғалып қойды. Содан бұрылып Сәдірбекке шұқшиды. Онысы: “Сен не бітірдің? Сеніп жіберген жігітіміз емес пе едің? Сұлтанның сұрқиялығын көре тұра, қалай үнсіз қалдың? Бетіне неге баспадың!” дейтін кінәлауы тәрізді.

Дәулен демігіп, тынысы тарылып, танауы қусырыла сөйледі.

- Күлеке-ай, қыжылды жүректі сарнатқанымыз бір бүгін ғана ма еді! Ханым деп Болатты қопақардай көресіз-ау! Елдің бәрін өзіңіздің түзу көңіліңізбен өлшейсіз ғой. Араз ел біріккенмен, алауыз төре араласар ма? Қайдан бастары қосылсын. Бір биікке әр тұстан андыздаған сұлтандар бірін-бірі тобықтан қағып, аяқтан шалмаса, ішкендері бойына тарар ма? Сын бір ғана Болат ханның басында ма? Абырой-атақты күндеген сол ханның өзі мінезділікті қарасынан үйрене қояр ма екен? Сардардың беделі артпасын деп арын күйдіретін жауыздық пен сатқындыққа барарда бетке түсер шіркеуді ойлар ма ол? Ойламайды ғой!

Үлкен азаның сызы жүзінде тұнып, өткір жанардың уыты ашулы кекпен тұтанып кеткендей жалт-жұлт етті. Дәл осылай күйінем демеп еді, еріксіз шешілгенде жанын қинаған көп күдіктің осы қазір ғана бір ұшығын ұстағанын Дәуленнің өзі де сезе бастады.

- Қырылып жатқан көп - төре тұқымының ойыншығы емес пе? Әйтпесе, сол сұлтандар жан-жақтан жау тауып момын елді от пен өрттің ортасында шыжғырып отырып, пайда ойлап, есеп күйттер ме еді? Әй, білмеймін. Әлгі қан сасыған сайды халық кегінің ереуіл атқан бір желпінісінің белгісіне айналдырып, “Сұмқайтты” деп ат қойдық. “Әбілқайыр сайы” деп екінші жерді ұрпаққа ерлік үлгісіндей аманатқа

сайладық. Соны, сол үлгімді діттер басшы, жақсымда тілек жоқ-ау. Тастүйін бірлікті бой-бой айырып, тоз-тоз тоздырып біткенше сыныққа сылтау іздеп әлек. Барақ сұлтандыкі сол қызғаншақтық. Әбілқайыр бел алып кетпесін деген қараулықпен дер кезінде жалт бергені де сол емес пе. Жәдіктің бөрілері бұл қылықтарын қоймаса, басымыздан сырық арылмас! - деп Дәулен тоқырап қалды.

Сәдірбек қайтадан ойға шомды.

Есін жиғанда күн бесінге ауып кеткен еді. Айналадағы шаң әбден сейіліпті. Жан-жағынан ыңыранған жаралы жандардың үні, тұяқ серпкен аттардың қорылы, пысқырынғаны естілді. Айғыры өліп қалыпты, құлақшекеде үңірейген жарадан жосыған қан жылап ағып, бұның дәл тұмсығының алдына жетіп, қарайып ұйыпты.

Жандәрмен аяғын босатып, Сәдірбек орнынан тұрған-ды. Жер сүзе құлағанда есі ауып кеткені болмаса, тұлабойы сау екен. Кібіртіктей басып, жаусап жатқан сарбаздар мен шеріктердің, аттардың арасында жүріп келеді. Біреуді іздейтін сияқты. Енді ғана пайымдады. Шынында да ауылдасы - Жақыпбекті түртіне қарап жүр екен. Кенет... көзі шарасынан шыға, бүк түсіп отыра кетті. Бағжиған көз жанары қарсы алдында шалқасынан сұлай түсіп, екі қолын кең жайып қыбырсыз жатқан Жақыпбекке қадалып қалыпты. Жігіттің жаңа ғана түбіттенген үстіңгі ерні сәл түріліп, аппақ тістері ашық көрінеді. Күле түсіп, қаперсіз ұйықтап кеткен тәрізді. Ұстарамен тақырлап қырғызған төбесінде дулыға жоқ. Оң жақ шекеден тік тартып төмен ұзаған қайқы қылыштың суық ізі ұясынан төңкеріліп түскен көздің қомақты түйірімен тамамдалыпты. Орнынан ауытқып кеткен жансыз жанардың қазіргі тесіреюі - осынау қырғын майдан даласының мынау сұмдық сойқан көрінісіне лағнет айтып жатқандай.

Сәдірбек селк-селк жылады. Еңбектеп келіп Жақыпбектің басын көтеріп, кеудесіне қысты...

- Ау, қарағым Дәулен, сауын айтып ел мен елді аралаған еңбектерің сонда төре, сұлтандардың әлегімен желге ұшқаны ма? Онда не болғанымыз? Осылай

шабынды күйде күйік жамылып қала бергеніміз бе? Айыптап үкім шығарып, адақтап қуып тастай алмасақ, халық болып қара көрсете алармыз ба? Бүгін Барағы сөйтсе, ертең жалағы соны жасамас дермісің. Жан күйердің шықпағаны ма? - деп Түсіп қария шар етті.

- Мен не дейін сіздерге? Қолтық сөгер өкпе көпақ. Соның бәрі шер төгіп күңіреніп шығады да, қайтадан кайғылы кеудеге көміледі. Сұлтан әлпеттері сондай. Бұл түрінде “берекеңді қайтарам, қазақ, іргеңді қайта қалқайтам!” дейтіндері шамалы-ау! Қолынан келгенше жонын үрпиткен дүрегейліктен жақсылық өнбес. Өнеге табылмас! - деп Дәулен мүдірді.

Дәуленнің өз ішінде де қатты іздеп, сан шарлап аңдыған сұрақ-ахуалдары көп еді. Соларға “Сұмқайтты” сайындағы айкастан соң жауап табудың орнына тіпті одан сайын адасып қайтты. Ордабасыдағы үш жүздің сардар сайлап, жауына тіленіп шыққан түрін көргенде халқына сиыну мен сену тұнған тәубешіл көңілдің тіреуін орнатып алғандай болып еді. Бір айналуға келмей ол сенім тіреуі сынып, қирап түсті. Құлаткан, қаусаткан - орда төңірегінің бақастығы! Күбі кеуденің ісінген күншілдігі! Құнсыз ханы, қасиетсіз төрелері бар сарайға жеңіс керек емес екен, жеміс керек екен. Қолы жеткені бұрын үзіп, халқының қанына малшынтып бұралап көмейлей береді екен.

“Сонда қайтсе, жан қалар? Бір мықты көршіге қол созып, жәрдем күтіп, алақан созса қайтер еді? Кімге жаяды? Маңдайдан соққандай есеңгіреп, талығып, қансырап тұрған халықтың жай-күйін түсініп, созған қолға куат пен қайрат қосар шын тілеулестік табылар ма? Әйтпесе, сол дірілдете ұмсынған білекті шынжыр кісенімен шырмап, “Өзің келдің, өлмесең өмірем қап!” деп басқа ноқта, мойынға қамыт кигізіп, ерттеп мініп алар ма? Бар ма әділет деп алақанын ашық ұстатар алдамас көрші? Түсінер ел, ұғар жұрт? Көздегі қанды жасты көргенде күрсініп қалып жұбатар ма? Көздегі қанды ірінді мазақтап күліп, тоқпақтап түртіп жылатар ма?

Қазақ - Алтай мен Атырау арасын жайлаған еркін ел еді. Айналдырған қырық-елу жылдың ішінде бүрісті де қалды. Кешегі Әз Тәуке ханның “жеті жарғысы”

да ұмытылды. Заң мен низам онда-мұнда көшкен Болат ханның ордасымен бірге құйын-дауылдай күніне сан құбылады. Сондағы темірдей тегеурін әлі күнге дейін тек момын мен нашардың ғана иығынан арылар емес. Биліктегілердің білегіне шейін ақ май әлі. Бытыраған шұбырынды үркін ел аядай жерде айран-асыр. Ұлы жүз ойрат боданында қалса, Сыр мен қырдың арасындағы Кіші жүз бен Орта жүз бірде ойраттың, бірде қалмақтың, бірде орыстың, бірде қызыл-бастың, бірде башқұрттың шабуылына ұшырауда. Ол аз болғандай өзін-өзі пышақтап жатқан бүлінушілік тағы бар.

Анау башқұрт пен қалмақ жұрты бізге қарағанда біршама тыныш. Ақ патшаның иелігіне кірді де, жаппай қырылудан әзірше жан сақтап қалды. Сай мен сағаны жағалап, сайғақтай жөңкіле бергенше орыс мәмлакатының панасына енсек қайтер еді? Еркіндігін кеміткенімен, елдігін сақтап қалмай ма қазақ? Ал, даланың тағысындай кең жайлаған өлкемде жал-құйрықты желге ғана сыйпатып, сайран құрам деуге мүмкіндік калды ма? Алқымға тығылған жүрек ауыздан бір ғана атылып, соңғы деммен ытқып кеткелі тұрғанда ондай жанкештіліктің қадірі қанша? Жер бетінен қазақ атың біржолата өшіп кеткелі тұрғанда, тәуелсіздігіңді құрбан ғып, бодандықтың ноқтасына еніп, қызыл қарын, сары баланың қамын ойлау керек пе? Сөйтіп тұяқ серпіп жан шақырып, анау үздік-создық дүрбелеңге салатын хонтайшының сесін қашырса, жылаулы жұрт мүмкін еркін тыныстамас па?”

Дәулен өз ойынан өзі қуыстанып, сілкініп қалды да, қасындағы Құлниязға жүдеу жүзін бұрды.

- Құлеке, сұлтандар сыры қалың елге мәлім боп қалды ғой. Жылы жауып қоя алмас. Қашанғы солардың “Тергеп алып, білгеніңді қыл!” дейтін тентегін кешіре берер. Көңілге тоқ санайтын бір ғана сүйініш - әйтеуір, дәл осы жолы жаудың қалың қолына қатар барсақ, қарсы тұра алатын қазақтық қаһарымызды тауып қайттық. Соған сеніп қайттық. Біраз жерді қайтардық та. Ойраттар кейін серпілді. Биыл қыс олар Балқаш көлі маңын қыстар. Нағыз айқас келер жылы дәл сол тұста өтер. Тек сұлтандардың ыңғайы

ел ауқымына сәйкес келуін құдайдан жалбарына тілейік! - дегенде жігіттің үнінде салмақтылық пен сенім, күдік дірілі бар еді. Ал қарауытқан жүзге қайтадан қан тепкенде мына отырған көп аға, жақсы жандарға деген аяныштан туған туыстық ындыны тағы көрініп еді.

Гүлдарайым бике үйге кіріп, сыйлы қонақтарға деген ақжарқын қабағын таныта, нұрлы жүзін қуанышымен жадырата түсіп, әсіресе аман-есен оралған отағасын көргенде жайнап кетеді. Қазір де күйеуінің қасына әдеппен иіле жақындап, тізе бүкті. Толық санын бұлтита етегін қымтап, аузын Сәдірбектің құлағына тақап әкеп, сыбыр етті.

- Ас дайын. Суып кетер.

Осыдан кейін леген көтеріп келген бір келіншек жағалай отырған жұрттың қолына су құйып шықты. Гүлдарайым қонақтарына қос құлаш сулық ұсынды.

Дастарқанға үйеме табақ ет жеткенде, бұған дейін сыртта даурығыса айқайлап, у-шу боп ойнап жүрген балалар сау етіп келіп босаға жаққа иіріліп тұра қалды. Ішіндегі батылдауы да еркелеуі де - Жолдыбай. Ешкімнен именіп жасқанбастан, баса-көктеп төрге озды да, көкесінің оң иығынан ұстады.

- Жолдыбайжан-ау, сен бе едің. Қарның ашты ма, құлыным? Мә, мына жілікті жей ғой! деп Құлекең табақтан ортан жілікті алып, кесек етін үзіп тастап, ұлының қолына ұстатып еді.

- Жоқ! Бұны алмаймын. Маған асығы бар жілікті әпер. Асығы керек! - деп Жолдыбай күйелеш саусақтарды тарбита дастарқанға ұмтылды.

- Жарайды, Жолдыбайжан. Әперейін. Үлкен кісілерден ұят болады. Көргенсіз екен дейді. Сен әдепті бала едің ғой, - деп сасқалақтаған Құлнияз Сәдірбек ұсынған асық жілікті алып, баласына берді. - Осы жерде отырып же! Асықпай жеп алып, аузы-басыңды шайып шық. Ұшынып қаласың әйтпесе.

Дәулен ерке баланың мінезінен шәлкестік көргендей жақтырмай бұрылып еді, көзі Жолдыбайдың білегіндегі дөңгелек қара меңге түсті.

“Апырай, ұқсауын-ай! Меңнен де мең айнымайды екен-ау!”

Есіне Рухия оралды. Сол-ақ екен көңілі қобалжып, асқа да зауқы шаппады. Табаққа қолын сирек созып, қылғына жұтып отырды да, сәлден соң кейін сырғыды.

- Пәлі, түк алмадыңыз ғой, Дәуке! Болып-ақ қалғаныңыз ба? - деп Сәдірбек мезіреті жасап еді, тойдым деген сыңаймен қайта иіккен жоқ.

"Рухия, тірі ме екенсің? "Кішкентайыңды көтеріп шығып қарсы алам!" деп едің. Аман болсаңдар, мүмкін кездесіп те қалармыз. Кішкентай бар ма екен? Атын кім қойды екен? Тірі болса мына тентекпен қарайлас-ау!"

Дәулен енді балаға қызыға қарап қалды. Ананың жіліктің етін әр жерден бір шұқылап қана жеп, тоққарын пейілмен босаға жақға түрған құрдастарына шекелеп, маңғаздана көз тастағанын көргенде, мырс етіп күліп жіберді. "Түу, саппас! Көкесінің аркдсында жолдастарына қыр көрсетуін қдрашы! Әй, ерке шығар! Нағыз ерке болар!"

Үлкен қонақтың өзіне қарап отырғанын сезген Жолдыбай қиястана бұрылып, қалдала қалды. Көздер бір-біріне шаншылғанда, "ал, неге тесілдің? Адам көрмеп пе едің! Ал, ендеше!" дегендей бұртиған ерін ашылып, қызыл тіл бір жылмаң етті де, артынша-ақ кетік тістің тасасынан сығалады.

Дәуленнің түсі сәтте қуқыл тартты. Оң алақанымен көзін күркелеп, жанарын алып қашқанымен бар ындыны баланың үстіне ауып барады.

"Қайдан көрдім! Мына келбет аумайды ғой! Сол ғой! Көзі де, мұрны да дәл сонікі! Рухиянікі!.. Апырай, не боп барады?! Соншама исінгендей маған бірдеме көрінген шығар? Біреудің баласына үздіккенім не?"

Ауыр ыңыранып қалып жотасын іргеге сүйеді. Бетін сыға-мыға алақанын төмен сырғытып қайтадан балаға үңілді.

- Атың кім, қалқам?
- Жолдыбай. Оны қайтесің?
- Жақсы бала екенсің өзің. Нешедесің?
- Алтыдамын.
- Пәлі, үлкен жігіт бопсың ғой. Көкпар тарта аламысың?

- Иә, саған, көкпарды үлкендер тартады. Сүндетке отырғызғанда көкем маған тай әкеп береді.

- Дұрыс екен, дұрыс екен, Жолдыбайжан, - деп еріктен тыс бір күшпен баланың маңдайына қарай еңкейіп бара жатқанын кілт сезді де, басын жұлып алды.

Құлнияз сол жағына еңсеріле бұрылып өзіне қадалып қалыпты. Сұңғыла шалдың өңі түгігіп кетіпті. Соны көргенде Дәулен әлденені түйсінгендей, ыңғайсызданып жүзін тайдырып әкетті.

Құлнияз баласын айналып-толғанып жатыр.

- Мә, аузыңды сүрте ғой! Келінжан, мына Жолдыбайдың қолына су құйып жіберші. Пәтшағар шікәмшіл, тез ұшынады. Әй, әй, Жолдыбайжан, енді көп ойнама, үйге бар! Әжең іздеп қалады. Сөйте ғой, Жолдыбайжан!

Ас артынан қымыз ішкен соң, ауыл адамдары тарай бастады. Жұрттың соңын ала сүйретіле басып Құлнияз да есікке беттеді.

Күн еңкейіп қалыпты. Құлнияз егіс басына қарай бүкендей басып кетіп барады. Әлден уақта шеткі атызға сүрініп кетіп, қолымен жер тірей бүк түсті.

Шоқиып отыр. Ішкі дүниесі әлем-тапырық. Күлгін жанардан сырғанап аққан екі түйір кесек жас кешкі күннің қызғылт шапағында қос лағылдай құлпырып, құлап түсті.

Қанша отырғанын білген жоқ, бір кезде сиыршалап көтеріліп, үйіне қарай төтелей тартты. Шарасыздық буған күйінішпен қаншама азаптанса да, іштей қабылдаған өз шешімін жөн көріп, батыл байлау жасады.

Анадайдан бәйбішесін асықтыра келді.

- Әжесі, отын-суыңды тез қамда! Қонақ шақырамыз.

- Жазған-ау, аяқ астынан дүрліктіргенің не? Осы үйде бір асым ет болса, не ғыл дейсің? - деп Сақыпжамал үрпие қалды. Отағасының қонақ шақырам дегеніне қарсы болмаса да, әйел шіркіннің дастарқан қамын ойлаған шаруақорлығын ілгері сүйрегені еді.

- Саспа, бәйбіше! Бір тоқтылық қадірім бар шығар. Қазір несиеге алып келем. Бауырсағыңды пісіре бер, - деп Құлнияз көршісіне кетті.

Біраздан соң қара тоқтыны Ембергенге сойғызып тастатқызып, мүше-мүшесін өз қолымен қазанға салғызды.

Сақыпжамал Құлекеңнің асығыс қимылында, оқшау қарбаласында қандай сыр барын білмесе де, әдеттегідей жылдам сауалдарын қапталдастырған жоқ. “Баласы өліп, тірегі сынып отырған Орекең ақсақалға дәм татырайын деген ниеті шығар” дейтін жорамалға сүйеп, өзі де дайындыққа бел сыбана кірісіп кетті.

- Әжесі, анау Жолдыбайыңның бет-аузын жуып, таза көйлегін кигізші, қайдағы бір жебірдей жалбырамасын, - деп ақ таяғын беліне қыстырып алып Құлнияз бүкендей жөнелді.

Алдымен маңдай тірегені - шынымен Орақбайдың үйі еді. Кешеден бері жылау-сықтау үзілмеген шаңырақ бүгін тыныш екен. Есіктен екі бүктетіліп, үн-түнсіз аттады.

- Е-е, бәсе! Келер деп едім. Кел, кел, отыр, Құлеке! - деп алакөлеңке үйден Орақбай дауыс берді.

- Жайыңыз қалай, Ореке? Ауру қинап тұр ма? - деп жамбас басқан Құлнияз замандасына елеусіз көз тастады. Бір-ақ күнде беттегі әжімдері үңірейе тереңдеп, көз шарасы шұқырайып кеткен жүзге аяныш қараспен тігіле түсті де, шыдамай теріс айналды. “Оңай деймісің? Боздағынан өлі айырылып, опырылып отыр ғой. Баламнан мен де”...

- Не дерің бар, Құлеке? Ауру қинай ма, азап қинай ма, әйтеуір жан мен тәннің сырқырамас сау пұшпағы қалмады ғой! Әл кеткенде күңіренген зар тербеткен күйіңнен өтер қысастық болмас. Тең-тұсым азайғанда да, жеңсізім жыртылса да, сөгілмеуші едім. Енді маған не жорық. Қалқайған қарамды көтеріп құбас атанғанша, қанатымның соңынан ұзамай жөнермін! - деп күрк-күрк жөтелмен булығып, шыт орамалды аузына тосты. Құлекең байқап қалды, ауыздан алған орамалда қан дағы дөңгеленіп қалған еді.

- Мойымаңыз, Ореке! Өзіңізді өзіңіз жеңгізбеңіз. Ойбай-ау, демігіп ентігіп жетіп, қотыр, құяңымызға ем-домды сізден естіп жүрсек... ал сіздің күрт күйрегеніңіз бола ма? Менен басқа естімесін бұл босағаныңызды. Мына түртінектеп маңайыңызға

жиналған жұртыңның бас-көзі емеспісіз. Адасып, сенделіп қалсын дейсіз бе? - деп езуін тартып кемсендей түсіп тиылды.

- Құлнияз-ай, мені діңкелеткен ауру болса, үйренген көрі қақсалды алдасам да, шығарып салар едім ғой. Мені бұрап соққан басқа ғой. Құса ғой! Сол өзі кеше мен бүгін емес, осыдан тура он күн бұрын біліңді ғой. Содан былай денемді жер тартып барады-ау. Жақыпбегімнің осыдан он күн бұрын өлгенін құлаған сәтінде-ақ білгем. Білдірді ғой, сездірді ғой! Періштесі ме, шайтаны ма, әйтеуір, сонда-ақ хабар берген!..

Шеке тамырлары көгерген маңдайдың тері жіпсіп, ақ құйқаның бозарған терісі түсін жоғалтып алыпты. Құлнияз үзеңгілесінің қасынан жүдеп, жасып көтерілді.

Сәдірбектің үйіне кірген жоқ, сырттан шақырды.

- Сәдірбек шырақ, үйдемісің? Жолығып кетші.

Күйшіге “қонақтарыңды кешіктірмей біздікіне ертіп кел” деген шолақ тапсырмасын айтып, әрі қарай сүйретіле сылбыр аяңдап барады.

Сәдірбек табалдырықтан аттағанда қонағының өзіне елеңдей қалғанын бірден аңғарды. Қандай қысылтаянда да Дәуленнің шұғыл өзгеріп, осындай өңін алдыра қоятын құбылысын бұрын кездестірмеп еді, күйші сол сезігін бүркей, күле сөйледі.

- Құлекең ақсақалдың, Дәке-ау, сізге көңілі құлаған екен! Қонаққа шақырып кетті. Елінің еріне деген құрметі көп қой. Сіздің арқаңызда маған да тілеулестер саны көбейді-ау! - деп көз қиығын Гүлдарайым бикенің жадыраңқы жүзіне кадап өтті.

- “Ер егесте, нар кешуде”. Өздеріңді көріп, көңілімізді жайладық. Оттан қайтпаған беттеріңе, қадір-құрметтен тайсалмасын! Сәдірбек, домбыраңды ала жүр. Құлекең күтіп қалса, торсаңдап өкпесін айта жөнелер, - деп Гүлдарайым лып қозғалып орнынан тұрды.

Шай келіп, артынан ет жетті.

Қолын шайған соң Құлекең ұйықтап қалған Жолдыбайды құшақтай көтеріп, ағаш төсектің үстіне жатқызды.

Сәдірбек домбырасын алдына өңгеріп отырған, Гүлдарайым үнсіз түйілген үй иесінің қабақ шырайын баққан сергектікпен жұбайына тартқызған жоқ.

- Қайтайық! - деді әлден уақта Сәдірбек.

Құлекең Дәуленнің тізесіне қол салды.

- Қарағым Дәулен, сен бүгін қасымда бол. Осында қонып шық!

Гүлдарайымдар кеткен соң Құлнияз жігіттің жүзіне барлай қарады. Бірақ ешқандай өзгеріс нышанын көрген жоқ. Келгендегі Жолдыбайдың бетіне мейірлене қарағанда, іштей жылап жіберердей қатты құбылған жігіт қос шықшытта толқын жүгірте қылғына жұтынып еді. Теріс айнала беріп, кірпігін елеусіз ғана сипап қалып еді. Қазір бір тартымды сыпайылық түрде еркін отыр.

“Осы! Маңдайы, иегі, бет пішіні ұқсайды. Таныды. Бірақ ұстамды екен. Бір белгі білдірмеді-ау! Мәрттігіне болайын!” деген оймен Құлнияз Дәуленге шын мұңдас мейірбандықпен сүйсінді.

- Дәулен балам, сені неге оңаша бөліп алып қалғанымды сезіп отырған шығарсың? Бәйбіше, сен де анықтап құлақ түр. Алладан жасырмағанды пенденден де жасырмайын. Сен де ағыңнан жарыл, балам! Елбесіп-селбесіп жүрген кемпір мен шал екеуміздің көңіл мен көз жұбанышымыз - Жолдыбайжан еді. Соған сырттан емірене түскен бір мейірді көрсек - әрі қызғанып, әрі қиналып қалатын жайымыз бар, - деп кідіргенде, әлденені сезе бастаған Сақыпжамал кимешегінің етегін көзіне басып селк-селк жылай бастады.

- Жә, бәйбіше, кәрі қойдың жасындай зауал шаққа жеткенде күнә арқалап кеткеніміз жөн болмас. Өнегеміз өгейлікпен ауызданбасын.

Дәулен балам, сенен өтілім: қос кәріні аяймын деп алданып, қапы қалма. Іштегі сырды түгел ақтар. Түріңе қарап жоқ іздеген, аңсай іздеген халіңді таныдым, - деп демі дірілдей тоқтады.

- Атажан-ай, неткен қамқор жан едіңіз! Менің сырым мәлім ғой. Жоғалтқаным да, тапқаным да рас! Бірақ... мені... алқымыма өксік тығып сансыратқан бір сауал тұсап отыр ғой. Албырт жастықтың дырдуымен қадірін онша бағалай қоймаған, бірақ қасиетін кейін ғана жаныма ыстық көріп, бойтұмардай сақтаған адамым... жарым еді! Сол... Рухиям аман ба екен? -

дегенде жігіттің өңіне алғаш серпіп шыққан жұқалаң қызғылт қайтадан кері кеуіп, сұлу жүзді әп-сәтте қуқыл тартқызды.

Құлнияз өз ойымен жүріп жігіттің бітеу жаралы күйігін ескермеген еді. Әлгідей өкініш толы, өксік толы күдікті көлденең тартқан сырлас іні үніне ілес, енді мұның да кеудесінен ауыр күрсініс лықсып атылды.

- Жасаған-ай, көз жасты тыяр болар ма? Өкпеге сұққан қан қанжарың қалмады-ау! - деп кеңк-кеңк етіп сақалын сипағанда, екі иық қушиып, кәрі дене бір уыс боп кішірейіп кетті.

- Қайран Рухиям! Айырылған екем-ау! - деуге шамасы зорға жеткен Дәулен оқ тигендей сілейіп отырды да, алқымда көмейлеген жасты кірпік ұшынан төгіп жіберді.

Сақыпжамал шешей көзіне жас алып, ышқына үһілеп кеудесін босатқандай дауыс созды да, тез ширады.

- Балам! Қосағың қасиетті болған-ау! Тәңірдің бұйрығына шара бар ма? Уайымға батқанмен пайда табармысың? Есіңді жи, шырағым! Еңсеңді көтер! - деп тағы бір күрсініп алды да, отағасын жайлап түртіп, өзіне қаратты. Өзіне қаратты да, екі алақанын жайды.- Міскінге сауап бола берсін, дұға бағышта, көкесі!

Құлнияз Дәуленнің өтінуімен Рухияның қалай қаза тапқанын Бөртеден естіген қысқа әңгімесімен жеткізді.

Дәуленнің көз алдына қаралы босқын көштің арасында, қомдағы түйе үстінде толғақ буып кетіп бара жатқан жарының тілеулес түрі елестеді. Сондағы асыл жанның шын көңілмен соңғы рет елжіреп ашылған мінәжатты үні құлағына орала берді. Соны енді іштей күңірене отырып байқаса, демі мен тынысы араласып кеткен сезімтал жардың ақырғы, ақтық “қош-қошы” екен. Күліп тұрып, білдірмей, сездірмей ғана жылап қалыпты-ау!

Күрт езіліп, іші өртене күйзеліп, Дәулен үнсіз тілек сағынышымен, қапалы көңіл шерімен бар білген дұға, батасын Рухиясына іштей бағыштады.

Енді баласының тағдырын сұрамаққа үй иесіне қырындап еді, Құлнияздың мейірімді жүзіне тұнған ауыр ойды, қалың уайымды және көрді. Дәл қазір

қарияға бірдеңе деп сөз қатса, дерт жамайтындай сезінді.

Сақыпжамал орнынан тұрып барып, құмғанды әкеліп, шалы мен жігіттің қолына су құйды.

Құлнияз насыбай атты. Сабасына түсті.

- Алланың жазуы-ай! Балам боп шықтың, Дәулен-жан! Бір көргенде өзінді танысымдай шырамыта беріп едім, мана Сәдірбектің үйінде Жолдыбайжан екеуің қатар отырғанда... сонда көргенде... не болғанымды білмей. Кейін олай ойлап, былай ойлап өзіңді әдейі шақырттым. Туғаным, балам боп ыстық тарттың! - деп қол созып құмғанның шүмегінен су ағызып аузын шайып, таңдай жібітті. - Көңілде секем қалмасын, Дәулен, келіннің қандай белгісі бар еді, осы?

Дәулен үндеген жоқ, еңбектеп барып, төсек үстінен салбырап жатқан Жолдыбайдың оң қолын жайлап көтерді де, шынтақтағы меңді саусағымен сипады.

- Ата, мені алғаш сескендірген де, қуантқан да мынау мең еді!Рухияның білегінде дәл осындай белгісі болатын.

- Жөн, жөн. Діттеген жерімнен шықтың. Онсыз да құлай беріліп, сеніп отыр едім. Тілегіміз бір жерден қауышты. Енді айтарым, қарыз болмасын, балам, жақсы бір азаматтың жағдайы, - деп іркіліп, Дәуленге тегіс бұрылды.

- Айтыңыз, ата! Қандай ауыр құпия болса да, қинап жететін болса да, шыдап көрермін. Тек қана аяймын деп азапқа түспеңіз! - деп аз иіліп, бас изеді.

- Қарағым, сен Бөрте батырды білуші ме едің?

- Найманның Матайынан шыққан Бөрте ме?

- Иә. Сол Бөрте! Жолдыбайжанның нағыз өкіл әкесі сол азамат! Айдалада шырылдап жатқан сәбиді демімен жылытып, жанымен аялап, жұтар ауасын ұзартқан сол беренім! Басқа тапшы жалқы жігіт екен. “Қуаныштыз-зарлы тірліктің ынтызары -Жолдыбайым!” деп құшағына алғанда, өркені жайылғандай бір күліп, бір жылапты.

- Қанды көйлек досым еді, туыс, жақынима айналды-ау!

- Иә, маған бір немере, екі ұл сыйлаған тағдырдың жебеушісі сол жақының!

Қонағы тысқа шыққанда Құлнияз бәйбішесіне төрге төсек салғыздырып, Жолдыбайды көтеріп апарып жатқызды.

- Әжесі, құшақтап иіскеп, мауқын бассын. Бүгінше Жолдыбайыңды қызғанба, - деді.

Ертеңінде Жолдыбай бейтаныс қонақтың қасынан жылап өріп, кемпір-шалға қиғылық салды.

- Әже-ау, мені бөтен адамның жанына жатқызып, мен қорықтым. Сендер әдейі сөйттіңдер.

Құлнияз күлді.

- Жолдыбайжан-ау, ол бөтен бе екен. Сенің ағаң! Менің балам! Үлкен ұлым!

- Иә деген. Балаң болса, бұрын неге келмеген?

- Қолы тиді ме? Ол сарбаздардың бастығы! Алыста болып ел шетіне жау тимесін деп жүрді емес пе?

- Сонда ол батыр ма?

- Батыр болғанда қандай! Нағыз батыр!

- Алпамыс батырдай ма?

- Тап сондай! Бар, ағаңның қасына аздап жата ғой. Әйтпесе, өкпелеп қалады. Оу, екеуің менің балам болғанда, бір-біріңе туыссың. Туыс адамдар тату болуы керек.

- Көке, ағам жақсы, иә?

- Айттым ғой жақсы деп. Бара ғой, мойнынан құшақта.

- Мені атына мінгізе ме?

- Мінгізеді, күнім!

Жолдыбай ағасын құшақтап еркелеп жатыр. Бірі күлгенде, бірі білдірмей булыға егілді.

Түс қайта ауылдан ұзаған қонақтарды Емберген бастаған бір топ адам Маңадырдың қайқаңына дейін шығарып салды. Әсіресе Жолдыбай мәз. Ағасының алдында отырып, тізгінді өзі ұстапты.

- Ағатай, енді қашан келесің?

- Кешікпеспін, Жолдыбай. Өзің дырдай жігіт болып қапсың. Көкеміз бен әжеміздің тілін ал. Ренжітпе. Жарай ма? Қолқанат бол, - деп ұлының желкесінен иіскеп, күн сіңген шаштан қолқасы ашылғандай түшіркеніп келеді.

- Сен білесің бе, мен көкеме балық аулап әкелгенде, ол мені кішкентай асыраушым деген! Мен әлі

бәрін жасаймын! - деп насаттанған бала мақтанышпен артына бұрылып Дәуленнің мойнынан оң білегін орап алды, - Ағатай, мен сені түсімде көргем. Әжем айтқан ағатайың бар деп. Сонда сені сағынғанда түс көргем.

Қайқанға көтерілгенде Емберген тізгін тартты. Соны көргенде Дәуленнің тамағына түйнек тығылды. Бар пейіл, мейір тап қазір тоған суындай ақтарылып ұлының үстіне түсіп барады. Бірақ әлдебір себеппен әзірше өзінің Жолдыбайдың әкесі екенін Құлнияздан өтініп, ауылдағы басқа ешкімге сездірмей аттанып еді. Емберген қасына жақындағанда босаған жүйкені күшпен тежеді.

- Дәке, келер күннің сәтті кезеңін күтіп отырамыз. Тез оралыңыз. Қапталыңызда қиқу сап кек қуатын сарбаздарыңыз өзіңізді асыға тосады, - деп Емберген ат үстінен жанасып келіп қолын ұсынды. Содан соң Жолдыбайға құшақ жайды. - Кел, енді менің алдыма отыр. Ауылға қайтамыз.

Жолдыбай әзір айырылыса қоямыз демеген бе, заматта шыр етіп Дәуленнің кеудесіне бетін басып, өксіп-өксіп жіберді.

- Ағатай, кетпеші! Кетпеші! Мен сені сағынам, ағатай!

Дәулен бой-бой егілді.

- Жолдыбайжан, келем дедім ғой! Көкең мен әжең күтіп қалды. Жігіт емеспісің. Жасық болма!

Ембергеннің алдында отырған баланың өксігі мен қолының бұлғаған қозғалысы Дәулендер келесі қырқаны асып түскенше бір тынбады.

А Ң Ы Р А Қ А Й

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сарысу болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып.
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп құдай тілекке!

Ақтамберді жырау

1

1729 жыл. Желтау мен Айтаудың түйіскен жеріндегі Сұңқар биігінің тұсында Болат ханның ордасы тұр. Бұл араны сарбаздар оңай болсын деп Хантау атап кеткен. Айтаудан бастау алатын кішірек өзендер өте көп. Қолдың саласындай болып, қатарласып жарыса құлайтын Ақсүйек, Ботабөрім, Тесік, Жыңғылды, Құрғақшолақ тәрізді өзендер Жусандаланы көлденең кесіп өтіп, Тауқұмға барып, сіңіп жоғалады. Кезінде тау өзендері ақжал толқынын ойнатып, аунатып, долданып ағып, Ілеге жетіп тірелетін еді. Жусандаланы етектей жылжыған Тауқұмды жеңе алмай, кейінгі уақта әупірімдеп азайған. Соған қарамастан қар мол түскен жылдары суы көбейіп, жағасын опыра кеміріп, шалқып, толқындап жататын.

Қалдан-Серен қолының артын Топарға тіреп, қасқа маңдайды Жусандалаға беріп шіреніп жатыр. Ең бір қызу майдан, шешуші ұрыс биыл болмақ. Таяуда өтпек. Соған хонтайшының әзірлігі де сақадай сай.

Маусымның ортасы. Өзендер тасып бітіп, таусылып ұшып, ұсақ-ұсақ, ойдым-ойдым қарасуға айналған. Жусандаланың көктемде ғана дүр етіп, қызыл-жасылды түрге енген сұлу келбеті бұл кезде өзгерген. Бөктер-бөктерде көктеген мол түктің сарғыш бояуы көп. Қызғалдақтар ұшып кеткен. Жаңбыр аз. Аспаннан

дымқыл түспеген соң, етектен тауға қарай ысқырына үрлейтін аңызақтың қытымыр лебі жер шығын кептіріп, көк-құрақтың сабағын сояулатып барады.

Тау қойнауы толған бұлақ. Салқын самалды, аптап пен керімсалдан ықтасын. Әр қостың өз бұлағы бар. Қос сайын ұста көрігі.Шыңылдаған, гүмпілдеген балға мен қайрақ үндері бір тынбайды. Алдаспан шындалып, найзалар егеліп, жебелер ұшталып, қызу қаракет тыншымайды.

Шапқатарлап тізіп тастаған түйелер бүгін сарбаздардың азық-түлігін, қару-жарағын тиеп әкелсе, ертең қанды майданнан жаралы жандарды теңдеп қайтады.

Ескерер нәрсе көп. Сойыс малы, сауын биелері де бірқауым. Қарны тоқтың қауқары еселенеді.Соны күйттеген қолбасылар қазан-ошақ қамын қызметші, даяшыларына тәптіштеп тапсыруда.

Жоламан Бөгенбайдың шатырынан шыққанда уақыт кіші сәске еді. Ойында Әділді тауып алсам деген тілек бар. Әділ өзі құралыптас жас батырлармен кеше кеште бөлініп кеткен. Қазір қай тұста жүргені белгісіз.

Орынбай қарсы кездесті.

- Қайда жүрсің, Жоламан-ау?

- Қайда жүруші ем, осындамын. Әділді көрмедің бе?

- Көрдім. Әй, Жоламан, қазір сардар келмекші! Жақыннан көріп қалайық та, - деп Орынбай танауы делдиіп оқшау тігілген сегіз қанат орданың алдына жиналған топқа қарай жолдасын жұлмалай тартты. - Жүр! Бол!

- Қоя бер, Орынбай! Сардарды көргенде бірдеме түсе ме?

- Түу, тілазар екенсің! Ойбай-ау көз қиығына ілінсек, шарапаты тимей ме? Ертең, құдай оңдап, ерлік таныта алсақ, ханың мен сұлтаның ат-атағымызды алдымен өздері жаймай ма? Көріп, көзі қана берсін біздерге. Жүрші енді, - деп Орынбай дес бермей дедектете жөнелді.

Орда алдында жүзбасы, мыңбасыдан үш төртеу ғана тұр екен. Басқа төре, сұлтандардың қарасы көрінбеді. Ала жылан, аш бақадай алауыз туыстар бұл

арада да көлеңкесін қосқысы келмегендей, сардар мекен-жайының маңайына тіпті төбе көрсетпейді. Әрқайсысы бір-бір сайды қосын-қолымен меншіктеніп, Айтаудың әр қолатында оңаша отырғанды. Жоламан орта тұстағы жаяу сарбаздардың арасына барып тұрды. Бұл шоғыр онша көп емес. Сонау төмендегі атты адамдар қаз-қатар тізіле қалып, дүрк-дүрк жиі дауыстайды. Соған қарағанда, шағын нөкерлі сардар бері қарай өрлеп келе жатса керек.

Айтқандай-ақ желе-шоқыта түйдектеліп шыққан бес-алты атты артына шудалантып шаң шұбыртып, бері салды.

- Төлеңгіттері ғой!
- Жалаңқылыштары десеңші!
- Шіркіндердің айбыны-ай! - дескен жамыраған дауыс жан-жақтан өрбіді де, тез тыншыды.

Кешікпей Әбілқайырдың өзі де көрінді. Тұрықты ақбаз айғыр майда жорғамен басын иреңдете шұлғып, лыпып келеді. Басқалардан құрық бойы алда. Сардар кеудесін соза тік шаншылып алған, дулығасынан жалт-жұлт шағылысқан сәулесін қатар тізілген сарбаздардың жүздерінде ойнатып, әнтек бас изейді. Не дегені әзірше Жоламандарға естілмейді.

Әбілқайырдың қасында Қанжығалы Бөгенбай батыр келеді, сәл кейіндеу Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Тама Есет, Ошақты Саңырық, Қаракесек Таңыбай. Бәрінің де міністері ауыздықпен алыскан шетінен сәйгүліктер.

Жақындап қалған сардар тобын мұндағылар даурығыса марапаттап қарсы алды.

- Сардардың жолы болсын!
- Жеңістен жеңіске жеткізе берсін!
- Туың шайқалмасын! Жығаң жығылмасын!
- Алла жар болсын! Аллажар!

Әбілқайыр басын изеді. Әлдене деп сөйлегені жыбырлаған ернінен білінгенімен жан-жақтан өршіген мол шуыл жеке дауысты көміп кетті.

Жоламан Әбілқайырды былтырдан кейін көрмеп еді. Қазір анықтап қарап тұр. Бұрын сардар толық, етженділеу болушы еді, тоқыма берен денесін сыптығырдай етіп қынап көрсете ме, біраз таралыпты.

Күміс кісемен буынған кеуденің жоғарғы жағы талыстай.. Екі иық қомақтанып дулығаның ішінен киген жалбағайдың етегімен жабылып тұр. Берен сыртында жұқа бешпент. Өңі сол баяғы ақсұр қалпы. Көздері шытынаған суық ажарын жоғалтпапты. Атсоқты болған ба, екі ұрты сәл суала түсіп, шықшыт бойлаған жұқалау қауметке ақ қыл молырақ дендепті.

Ақ орданың алдына тақалған сардарды екі-үш жігіт ат үстінен қолтығынан демеп түсіріп алды. Әбілқайыр енді назарын ешкімге де салмай, ұйыңқырап қалған аяқтарын баяу қозғап ілгері жүрді. Сәл еңкіш тартқан денені алғаш тіктеп көріп еді, дағды алған бел оған көнсін бе, сырықтай бойды қайтадан имитті.

Сардар сықырлауықтың жақтауынан ұстай беріп, айналып артына бұрылды. Соңынан дүрмек топ болып ілесіп келе жатқан батырлар мен қолбасыларды көрді де, тіл қатпастан сол қырындаған күйі, оң иығымен табалдырықтан аттады.

Жоламан Орынбайды түртіп қалды.

- Әділді қай жерден көріп едің?

- Есімде жоқ. Жоламан-ау, сардар қандай, ә! Нағыз сардар емес пе! Құдай біледі дейінші, Әбілқайырдың арқасында жеңіске жететінімізге еш шүбәм жоқ. Осы менің өзім-ақ ойраттың он шерігін құрдымға жібермесем бе, қара да тұр! Жігіттердің әбден құлшынғанын көрдің ғой. Міне, дәл қазір мына ордада ертең-бүрсікүнгі жорық, майдан жағдайы шешіледі. Сонсоң... Әй, бір айызымды қандырармын-ау! Қаңдырармын!

Жоламан одан әрі бөгелген жоқ. Жолдасының қасынан сытылып шықты да, Әділдерді іздеп кетті.

* * *

Сай іші тұнып тұр. Ызалы жердің өсімдігі де көп. Балақгап өскен тал-шілік жапырақ жайған, самалмен баяу сыбдырлайды. Тастан тасқа секірген бұлақ үні қоңыраудай сылдырлайды. Мөлдір судың айнасы күн көзін қарсы беттегі қара жартаста жыбыр-жыбыр билетеді.

Бұлақ басында Әділ оңаша отыр. Әлгінде салқын

сумен бет-аузын шайған-ды. Күнқақты өңі сергіп, көзі жиі ұшқындайды. Шалқұйрық ердің қасына басын шалқайта таңып тастаған қайыс тізгіннің ырқымен қыбырсыз тұр. Анда-санда тастөбесіндегі қос құлақты бір-бір қайшылап қойып, екі көзді иесіне төңкерілте қадап тігіледі де, қайтадан мұлги қалады. Жер тарпып, ауыздық шайнап бүлінбейді де.

Әділ алдындағы қоржыннан тоғыз көзді торғауытын шығарып, көк құраққа жайып салды. Үнсіз қарап отыр. “Кисем қайтеді?” Киген жоқ бірақ. Түйе жүн шекпенін жағадағы көк майсаға төсеп, шалқасынан жата кетті.

Аспан ашық. Күлгін көк күмбезі киіз үйдің шаңырағындай. “Қалай жарқырайды! Биік! Шексіз! Шіркін-ай, қанат бітіп самғап кетер ме еді!”

Заңғар көкте бұлт жоқ. Тап-таза. Жалғыз ноқат боп әлдеқайдан қалықтап тау бүркіті Әділдің назарына ілікті. “Қыран! Әлі қанатын бір сермеген жоқ. Көк иесі жалғыз өзіндей. Сол болмағанда басқа не болсын! Қарашы, қалай самғайды! Әне, батысқа қарай бет алды”.

Сәлден соң шаңылтыр аспан тағы да бос қалды. Ноқатсыз, дақсыз әуелеп, кіршіксіз шарадай, немесе алып бөріктей жым-жырт жырақтап тұр.

Әділ көзін жұмды. Сәнімайдың секемшіл жүзі оралды. Жалт еткен жанардың асығыс серпіні әрі өкпелеп, әрі еркелеп түйреді. “Рақмет, құрбым!” Үні қандай сиқырлы еді! Емексіткені ме? Кейігені ме? Кешірім өтілгені ме?

“Түсінбеппін-ау назын! Қап! Бекер тызылдаған екенмін! Сол жерде сәл бөгелсем, бәлки дәл осылай өкінерлік жағдайға душар болмас па едім? Бір ауыз тіл қатсам, сонау ашыла түсуге ыңғай білдірген кеуденің ықыласы басқаша болар ма еді? Неге өрекпідім соншама? Бірден, ә дегеннен оң қабағын бере қоймады деп жаны ширығып тұрған қыздың сескеншек күйіне сонша бүлінгенім қалай?”

Әділ Сәнімайдың сол бір күнгі бейнесін қиялмен қайта табыстырып, өзі осыған дейін мән бермеген ерекше бір ілтифатын алғаш ұшыратқандай сәл жымиып қойды. Соған сеніп те жатыр. Қыздың атын ұстап, жетектеп әкеліп бергенде қылықты бойжеткен

тізесін бүге, басын сәл иіп алғыс белгісін білдіріп еді. Сонда жігіттің жүзіне кідіріңкіреп зер салған қыздың кеудесінен толқындап күрсіне шыққан демі, алқынған тынысы ыстық лебімен бетін шарпып кеткендей болған еді. Әлі де ашулы Әділ үзеңгіге шіреніп кейін шалқайғанда, ай нұры қарсы ұрған қайқы кірпіктер дір-дір ете толқып, елжіреген жанарды бүркеп, жұтып жіберген-ді.

“Сонысы, сол ықыласы - шыны, сыры еді ғой! Неге жатырқадым? Сәнімай, өкпе-кінәға тақпа, тірі жүрсем, аман қалсам, іздеп барармын!”

Әділ кеудесін көтерді. Торғауытты үстіне киді. Қоржыннан жалбағайлы дулығасын шығарды. Беліне кісесін буынды. Енді еңбектеп келіп бұлақ бетіндегі суретіне көз салды. Мұрты жаңадан тебіндеген, атжақты сопақ жүзі сәл жүдеу, өткір жанарлы, кең маңдайлы бозбала өзіне үңіле қалды. Ұзын қырлы мұрынның ұшында жіпсіген тер тамшылары білінеді. Еріндер қатты жымқырылып қалыпты. Ақсұр өңнің реңкі жыбырлаған айдында онша анық емес. Бірақ Әділ бұлақ ішіндегі өз келбетіне ұзақ тесілді.

“Қалай, жігітім? Үмітті ақтай алармысың? Ертең ел сенімінен шығатындай ерлік көрсетсең, онда тілектің бір ұшы саусағыңа тиер. Бәлки, ат-атағың кең даланың суылдаған желімен шартарапқа кетіп, Сәнімайдың құлағына да шалынар. Шіркін, сондай шаққа жете алсаң ғой! Онда... онда...”

Әділ кейін сырғып, қайтадан шалқалап жата кетті. Түпсіз аспан түскі күннің ақшыл сәулесімен мұнартып, сарғыш тарта қалыпты. Дәл қазіргі күйінде осы аспан Әділге онша кеңдік етпейтіндей де тәрізді. Дұрыстап бір ышқынып, бір талпынып қол созса, заматта сонау зеңгір тұңғиыққа сүңгіп кетердей көтеріңкі көңіл күйді сезінді.

Шалқұйрық оқыранды.

Әділ атып тұрды. Қарсы беттегі қайқаңнан жалғыз атты жолаушының қарасы көрінді. Көрінді де, бажайлатқызбастан арғы иінге асығыс түсіп кетті.

- Кім болды екен?

Әділ тез аттап атына тақалды. Аяғын үзеңгіге сала берді де, өзінің әлі де сауыт киіп жүргенін көріп, қалт

тоқтады. Жалмажан шешініп, торғауыт беренін қоржынға салды. Шекпенін иығына жаба салып, қоржынды қанжығасына бөктерді. Садағын ыңғайлай ұстап, ерге қонды.

Шалқұйрық көп тұрып қалып зеріккен бе, ойнақтай басып атқи жөнелді. Қаны ыстық жануар қамшы салғызбай-ақ, тақымның ыңғайымен әлгі қарсы бет қайқаңға шоқытып шыға келді.

Арғы бет бұта, қылтасыз ашық екен, бірақ ат та, адам да көрінбеді. Жым-жылас жоғалып кетіпті.

“Апырай, жын ба, шайтан ба? Дем арасында жер жұтып қойды ма? Өз көзіммен көрмесем, сенбес едім,” деп Әділ жан-жағына қаншама күн салып қарағанымен, қылаң еткен ешкімді кездестіре алмады.

“Қой! Айдаладағы біреуге бола соншама алаңдағаным не? Кім көп қазір? Жан-жақтан келіп жаткан сарбаздар мен жігіттер аз ба? Солардың бірі де”.

Бәрібір секемшіл ой күдігінен жазбайды. “Құс болып ұшып кетпесе, әп-сәтте қайда ұзай қоймақ. Жөні дұрыс, дені сау адам тапа-тал түсте жасырынып, жын ұрып па?”

Шалқұйрық жер тарпыды. Әділ тізгінін тартып, атын қосың басына туралады.

* * *

Жалғыз жолаушы Нақыпбек еді. Көптен бері тағы да жалғыз қалып, барар жер, басар тауын азайтып алған соң не де болса деген тұрлаусыз дәмемен Айтауға қарай бетгеген. Ішті өртеген күйік тызылдатып жанын қоярға қуыс тапқызбағанда, ұстараның жүзінде тұрған өмірін садақаға шығарып, әлдебір кесікке оқ тістеп серт берген. Енді осы ойын тындыру жолында неден де болса тайынар емес. Кеше қызыліңірде қарақұйрықгың лағын атып алып еді, етін отқа қақтап, жан шақырған. Тобылғының шоғында шыжғырылып жатқан жас еттің иісін танауын жыбырлатып қайта-қайта иіскегенде, тура бөрінің қылығын танытқанына өзі де қуыстанып қалған. Артынша-ақ: “Кдсқыр да, жыртқыш та болғаным рас!

Одан несіне жерінем. Зықымды шығарған тағдырды енді мен өзім көзіне түртіп бір көрейін! Қай қылуам жұртқа жақпады деп тыраштанам. Қайта осы оты-суы бөлек оқшаулығым қол емес пе. Ел-жұрттан алалап құдырғаны екем, ендеше сұмдықты балалатып өрбітсем, бір басымды сиғызар, қадірлі етер қаскөй қауым құрып қалған жоқ шығар".

Атын кісендеп отқа қойып, ертоқымын басына жастанып ұйықтап кетті.

Ертемен таң сызында көзін ашып атына қараған, алысқа ұзамай қасында жайылып жүр екен. Қайта мызғыған. Содан оянғанда күн едәуір көтеріліп қалған еді.

Қара тұмаға жаяулап жақындаған. Қолымен суды іліп алып, бетіне бірер шашып жіберген. Жуынып-шайынудың бар ырымы сол ғана. Денесі күстеніп, етінің кірі қырып алардай болса да, мына алдында ағып жатқан тегін суға шомылып шығуға мойны жар берер емес. Оның үстіне жалғыз адам көрінгеннен үрейленіп тұрмай ма, бел шешіп, киім тастап әрі уақыт оздыруға әрі бейқам қалуға және ырықсыз.

Қалған етті қақтап жеп, бұлақ суымен шөлін басқан. Атына мініп қайқаңға көтерілген..

Қаңтарулы атты көрді. Жылан көздерді жүгіртіп маңайды тінтіскіледі. Шалқалап жатқан жігітті ұшыратты.

"Жол болды!"

Қолы құлдырмамайына ұмсынды. Ұмсынды да қалт кідірді. "Ал, атайын! Даусын естіп қаптап жүрген сарбаздар жетіп келсе, қайтем? Ұстап алмай ма?"

Атты таныды. Былтыр күзде Қазыбек би ауылында кездестірген кекшіл жігіттің айғыры. "Әттең-ай, садағымның жоғы ғой! Бір-ақ сермеп, жоқтауын асырар едім бәлемнің!"

Шалқұйрық оқыранды.

Айғыр оқыранғанда бұл атына қамшы басты. "Көріп қойды! Тұтылғаным ба шынымен?"

Еңіске қарай құйғытып келеді. Бой таса қылатын ағаш, бұта да жоқ. Кенет... сайдың жарлауытынан сойылып кеткен бір жыраға көзі түсті. Атты адамның бойы сиятындай ұрымтал қуыс. Әдейі жасағандай.

Нақыпбек жалмажан қуысқа келіп, ат-матымен жабысып тұра қалды.

Осы кезде қайқаңға Әділ көтерілді. Арқан бойы жерде.

Нақыпбек ат үстінен еңкейіп мінісінің аузын басты.

Тұрып-тұрып, Әділ бұрылып кетті.

Нақыпбек маңдайының терін сыпырып тастады. Көзіне құйылған тердің уытымен біразға дейін маңайын дұрыстап көре алмай тұрды. Қатты запыланғанда, қанына қарайған қарақшының екі шекесі шаншып-шаншып кеткен еді.

“От қойсам қайтер еді? Лап етіп дүрілдей жөнелсе, анау қосынның ойран-топырын шығарар еді-ау!” Бірақ ол ойынан да тез айныды. Жел жоқ. Оның үстіне қатар-катар жарысқан өзендердің арасындағы жасаққа өрт не істей алсын?

Бармағын тістеді. Жылымшы қан дәмі таңдайын қапты. Қоймалжың қоңыр күрең түкірікті тіс арасынан ысқырта сыздықтатып тастап, тебініп қалып, тығылып тұрған жерінен атып шықты.

Қиыстап, көп қостың ең шет тұсына сұғынды. Не қыларын өзі де білмейді. Ер азығы мен бөрі азығы жолда дейтін есек дәме ғана дәтке қуат.

“Бәлем, тұра тұр!” Оны кімге айтты, кімге арнады, онымен жұмысы да жоқ. Қазақ атаулыға кектене сыбырлап, тісін қайрағанда, мысық мұрты жыбырлап кетеді.

Күні бойы атынан түскен жоқ. Ымырт үйіріле бір топ жылқының үстінен түсті.

“Иә, құдай, жолды оңғар!” Бас бағып, тасадан сығалап жарты қостай жылқының соңындағы екі-үш жылқышыны санап шықты. Сол-ақ екен жуан дырауды қысып ұстады да: “Іздегенім осы! Құдай тілекті берген екен. Құбас Тілеуқұл-ай! Ақыры ақадал малды алдыма салған екенсің. Енді айрылмаспын” деп ен-таңбасынан өз ауылының жылқысын танып, қатты құлшынды. Құлақшынын көзіне баса киіп, тасырлатып жылқышыларға жетіп барды.

- Әй, өңшең боқташақ! Осылай жайбарақат жүре бересіңдер ме? Жылқыны айдап кел деген хабар тимеген бе сендерге? - деп дүрсе қоя берді.

- Ойбай-ау, осы әлгінде ғана өрістетпедік пе?

- Кім ол айдап кел деген?

- Мыңқылдама! Сардар қазір ғана “жылқыны Ақсүйектің аяқ жағына қарай бұр!” деді. Бол! Тез айдаңдар!

- Неге? Саңырық батыр бізге олай демеп еді ғой.

- Әй, Саңырығың кім? Ойбай-ау, өзің Әбілқайырды тыңдағың келмей ме? Сардардың бұйрығын ойыншық көретін қайдан шыққан құдай едің! - деп Нақыпбек үдей түсті. Әлі де сенер-сенбес болып тұрған жылқышы Әбілқайырдың аты естілген соң жүні жығылып, ықтап қалды.

- Сардар бүйрық етсе, біз неге қарсы болайық. Айда десе,жер түбіне де айдап апаруға құмбылмыз.Әй, бірақ көрмеген жердің ой-шұқыры көп, Ақсүйектің басы қайсы, аяғы қдйсы, соны таба алар ма екенбіз?

- Көп сөзді қой! Аудар былай! - деп Нақыпбек жөн сілтеп, қамшысын нұсқады.

Қалың жылқы жүре оттап, асықпай шұбырып келеді. Нақыпбек те бірден шұғып кетпеуге тырысып, жылқының бір шетін қайырысқан болып оқшау келе жатыр.

“Алып кете алсам... Жеткізе алсам. Хонтайшы мол олжаға неге қызықпас. Мынандай сыймен барсам, қадірім де өсер еді. Одан кейін асығым алшысынан түспей ме!”

Алагеуімде көздері ұшқындап-ұшқындап кетеді.

Қосағасы қатарына жақындады. Тамағын қырнап, сөз бастамаққа ыңғай білдірді. Бірақ Нақыпбек бұрылар емес. Кейіндеп шашау шыққан жарау бестіні қайырған болып жылыстап барады. Жылқышы тақымдап ілесті.

- Отағасы, насыбайыңыз бар ма? Шақшаңызды ұстатыңызшы! Тіпті таңдайым кеберсіп, шыдай алмай келем.

- Насыбайым жоқ.

- Қап! Сізден дәмеленіп едім.

- Өлмессің! Одан да ана түсқа байқас бол!

- Жарайды! - Жылқышы пәс болып қалды. Қайта сөйледі. - Оу, осы неге асығамыз? Оттамаған мал мініс бере ме?

- Сөзді қой, шырақ! Менің от-мотта шаруам аз. Апар деген жеріне апарсақ, басқасына түкірмейміз.

- Дегенмен, жануарларға обал ғой.

- Обал-сауалын сен екеуміздің сұрамайды.

Жылқышы үнсіз қалып, бейтаныс серігіне еңсеріле бұрылып көз жүгіртті. “Неге дікілдейді? Осының өзі тым сұйықтау емес пе? Апырай, бірдемеге ұшырамасақ етті?”

Тақым астында тықыршып тұрған атын оқыс бұрып алды да, жылқының екінші қапталына шықты. Ойы жігіттердің бірін кейін жөнелту. Барып хабардың анық-қанығын біліп қайтқызу.

Нақыпбек жылқышының тез жөнелгенінен секем алды. Құлдырмамайын ыңғайлап, жылқының арт жағын кескестей берді.

Жас жігіт қосағасының тапсыруымен жырыла бөлініп құлан бұлкекпен ұзай беріп еді, Нақыпбек айқай салды.

- Қайт! Қайда кеттің?

- Барсын. Үшеуміз де жараймыз ғой.

- Тоқта! Бұрыл бері!

- Қайтесіз, ақсақал! Әлі бала ғой. Қосқа барып дем алсын, - деп мосқал жылқышы бейбіт тіл қатты.

- Бармайды ешқайда!

Жылқышы ашуға басты.

- Неге бармайды? Осы сен кімсің, жарқыным? Жөніңді айтшы. Келе сала тықсырып барасың. Ау, сонда елдің бәрі қуыс курай болғаны ма? Ал, онда тыңдамадым сені! Сүйінбай, қайтар жылқыны! Бұр бетін! Енді ешқайда да бармаймыз!

- Тілің шығайын деген екен, ә! Боқты бұрарсың! - деп Нақыпбек қара мылтығын шарта кезеніп таяна берді.

- Кімсің осы? Елмісің, жаумысың? - деп жылқышы кеудесіне қадалған ұңғыға тайсала көз жағалатып, дәрменсіз сұрақ қойды.

- Ал, жаумын! Жауыңмын!

“Жаумын!” дегенде жылқышы күдігінің расқа айналғанын түсініп үлгерген еді, тақымының астынан қара шоқпарды суырып алып, атын тебіне қарсы ұмтылды. Бір ғана шаңқ еткен ащы дауыс тау

жаңғыртты да, бәсендеп барып үзілді. Жылқышы ат жалын құшып тұрып-тұрып, екі бүктетіліп, аударылып құлап түсті.

***

Жоламан Әділдің бір жақтан оңаша келгенін көрген. Бірақ “қайда болдың?” деп сұраған жоқ. Күнұзын досын іздегенімен оған не айтарын өзі де білмейді. Көрді де, көңілі орнына түсті. Енді ертеңгі майдан сағатын шыдамсыз тосқан ішкі ширығумен бөлектеу отыр.

Әлгінде былтырғы “Сүмқайттыдағы” ұрыста ойраттардан қолға түскен бес зеңбіректі көріп қайтқан. Сол зеңбіректерге Бекқара мен Түлекбайлар ие болмақ. Олар дәрі толтыру, доп салу, от қою тәрізді шеберлікті қазір үйреніп жатыр.

Сәл қызғанышы да бар. “Ұрыстың ең бір қызу, қиын тұсында зеңбіректен зіркілдетіп доп боратсам... Сардар: “Нағыз азамат екен! Дер кезінде қол ұшын берді?” деп сонда риза болса. Мүмкін сол сәт бүкіл соғыстың тағдырын шешер ме еді. Гүлбәну онда қандай сүйінер еді! Әсіресе Бөкемнің сенімін ақтар едім-ау!”

Әлдеқайдан күй естілді. Күйшіні қошаметтеп даурығыса сөйлеген үндер желпілдеп тұрды да, екінші бір күйге кезек беріп, ілезде саябырсыды.

“Ертең Әділ екеуміз бір болайық. Әділ - жас. Жас болған соң ұрыншақ келеді. Алғашқы дүрмекпен бас-көз жоқ арындап ұмтылып, арандап қалар. Қанша дегенмен мен үлкенмін ғой. Көмегім қажет болар”.

Қалғып кетті. Гүлбәнуді көрді. Тасболаты екеуі сонау күнгідей мұны аттандырып жатыр.

“Аман барып, жеңіп қайт, батырым!” дейді. Соны айтқанда жылы саусақтың жұмсақ ұшы маңдайына тиеді. Жарының көзінде сағыныш меңдеген үркектік бар.

“Ағатайым жаудың быт-шытын шығарады! Маған садақ әкеліп береді” дейді кішкене Тасболат ағасының мойнынан құшырлана құшақтап.

Кенет мойнына жабысқан қол емес, қыл арқан - бұғалық боп кетеді.

“Апырай, әлгіндегі Гүлбәну мен Тасболатым қайда? Қолға түсіп қалғаным ба?” дейтін үрейлі ой ұйқылы-ояу баурап жатыр. Бір кезде қара терге бусанып көзін ашты. Үстіне еңкейе төніп келе жатқан Әділді көрді. “Қозғалма!” дегендей үнсіз ымдайды.

Жоламан аң-таң. Мойнындағы суық арқан әлі оратыла білініп тұр. Әділдің оң қолы көз ілеспей келіп, әлденеге сарт ете қалды. Сөйткенше, кейін серіпкен жұдырық қара шұбар жыланды желкесінен қысып, жұлып әкетті. Мойнындағы “суық арқан” - бұғалық - сол жылан екен. Жоламан басын көтерді.

Әділ жыланды лақтырып жіберіп, жолдасын бас салды.

- Аманбысың? Шаққан жоқ па? Еш жерің ауырмай ма? - деп ентіге сөйледі.

- Жоқ.

- Апырай, енді сәл кешіккенде... Оқ қағарың бар екен, Жоламан! Алқымыңа қарай жорғалап бара жатқанын көргенде тізем қалтырап... әрең жеттім емес пе. Кәпірдің түсі неткен суық еді! Бар қаупым: сен оянып кетіп, қозғала ма деп қорықтым ғой! Жақсылыққа жориыншы. Ертең мына қарашұбардай ұрланып жылжыған жауымыз, тісі қағылып, бостан-бос безе қашады екен!

Жоламан Әділді үн-түнсіз ғана құшақтады. Дабдырлап сөйлеп рақмет айтуды місе қылған жоқ. Айтып жеткізе алмас та еді алғысын. Ат сауырын, түйе қомын берген жоқ. Бірақ досы дүниедегі ең қымбаты - жанын қорғап қалды ғой. Қайырымға орай қайырым керек. Алай-түлей толқыған ішкі сезімі кенет көзінен мөлт еткен екі тамшы боп сыртқа атылды.

- Әй, Жоламан-ай, соншама босап, немене сонда сен мені ажалдан құтқармас па едің! Онда тұрған не бар? Қой, босқа елжіреме! - деп Әділ жабысқан құшақтан босанып, алға түсе берді де, бір аттап тоқтады. - Сардарың бір ермек тауыпты. Жер қаздырып жатыр.

- Не дедің?

- Есет. батырдың жасағындағы орыс жігіттерін көріп пе едің?

- Иә! Өздері тәуір адамдар тәрізді. Әй, бірақ атқа отырыстары көңіліме қонбайды. Қопаң-қопаң етіп, құйрықтары жабыспайды.

- Сол жігіттер, әйтеуір, арамызға келіп қосылды ғой. Ниеттері түзу екен. Бірер сынап көргенім бар. Өздері Балтауа[1] деген жерде Петр патшаның басқаруымен соғысқа қатысыпты. Айтуларынша, соғыс өнері сан қилы болса керек. Бөкем орыс жігітеріне тәнті боп қалыпты. Біраз ақылын алғанға ұқсайды.

- Сонда жер қаздыруды солардың тілімен жасат-қызып жатыр ма?

- Иә!

- Ойбай-ау, майданға түсер алдында сарбаздарды титықтатып қара жұмысқа салғанда не түседі? Босқа арамтер болмай ма? Сол орыстарың ойраттың жансыздары емес пе екен?

- Жоқ! Айтпадым ба, соғысудың да түрлі-түрлі өнері бар екенін. Біз ғой бетпе-бет келіп, қарсы тасыған қар суындай екі жақ болып тап берісеміз.

- Одан артық соғыс бола ма? Аталарымыз да, бабаларымыз да солай майдан ашқан.

- Иә. Бірақ қай жақтың күші асса, сол жеңетін еді.

- Оған сөз бар ма! Ал, ертең біз жеңеміз! Қолымыз мол. Намыс-кегіміз қосымша жасақ. Өлерміз, бірақ жеңерміз! - деп Жоламан қызынды.

- Жә, арындама, Жөкесі! Қол көп дедің. Ойратта отыз мың шерік бар. Шетінен қару-жарағы сай. Аттары әндемді. Тіпті көбісінде ерулері және бар. Бізде жиырма мың атты әскер ғана!

-Анау шұбырып келіп жатқан халқыңды, бұқара көбіңді қайда қоясың?!

- Дұрыс. Ал аттыға жаяу не істей алсын? Жылқың бар ма, қос-қостан ұстап, мінгізіп беретін?

- Солай екен-ау. Қап!

- Міне осы арада орыс жігіттерінің ақылы көкейге қонады. Жаяу адам атты шерікке қарсы шыға алмайды. Ал, қорғаныста, бекіністе отырып, садақ пен

[1] Полтава дегені.

мылтықтан үстіне келіп қалған жауға оқ жаудырса - олардан өтетін ерлер табылмайтын тәрізді.

- Мынау шынында да ақыл екен. Сонда әлгі қазылған орда отырып, тосқауылдан тосып алады десеңші!

- Иә! Орыстар іредік' деп атайды өзін. Шынында жаудың тобын іреп, бөліп тастайтын болса керек.

- Жүр! Онда біз де көмектесейік.

Кондратий Булавинның крестьян көтерілісіне қатынасып, кейіннен көтеріліс жеңіліс тапқан соң, қазақ, башқұрт даласына сіңіп кеткен орыс жігіттерінің біразы Есет батыр қолында да бар еді. Солардың айтуымен Бөгенбай батыр бес мындай жаяу сарбазын Жусандаланың екі жағы ескі арнаға тірелетін ұзынша жазығына жауып жіберіпті. Қалдан-Серен қолы сонау етектен бері қарай лап бергенде, қатар-қатар сұғына, аралары жебе жетер қашықтықта орналасқан бес редут жазықты құлдай екі арнаның ортасында жатпақ.

Әділ мен Жоламан Орынбайды тез тауып адды. Орынбай басына бір кез шыт орамалды таңып тастап, жалаңаш арқасынан терді пора-пора ағызып, борпылдақ топырақты құлаштап көсіп лақтырып жатыр екен.

- Ә, келдіңдер ме? Ойраттың көрін қазып жатырмыз! Қатарыма тұра қалыңдар!

Қорғаныс шебі кешке қарай дайын болды.

2

Сегіз сайлы майқанның ішінде Қалдан-Серен оңаша ғана. Әлгінде тамақтанып алған хонтайшы енді оң жақтағы бұрханға үнсіз тесіліп, мінажат жасап қалыпты. Ертеңгі майдан даласында болатын шешуші айқастың тағдырын қолыма ұстат дей ме, құдайына тілсіз жалбарынып, мелшиіп отыр.

Ішке күзетшісі енді.

Хонтайшы басын көтерді.

- Әлгі қазақ қашқынын не істейміз?

- Қоя беріңдер! Жаны - олжа! Алып келген жылқыларын шеріктерге сойып беріңдер, азық етсін. [1]

[1] Редут дегені.

- Құп, тақсыр!
- Менің тапсырмамды айттыңдар ма?
- Иә, тақсыр!
- Ендеше, барсын. Орындай алса, Дзон-Кабаның аруағы риза. Орындай алмаса, маған бәрібір. Көмегі бір тиді. Қазақтардың өзді-өзін аяқтан шалып жатқаны пайдалы, - деп хонтайшы аз кідірді. - Аты кім еді?
- Нақыпбек.
- Жаяу кетсін. Сонда елеусіз болады. Менің атымды даярлат.

Хонтайшы сол күні аттан түскен жоқ. Бір топ нөкерінің қоршауында болашақ ұрыс нобайын алыстан көріп шықты. Ешкімге тіс жарып ештеңе айтқан жоқ, Жалғыз-ақ ескі арнаны көргенде түгі аз қоңырқай жүзі жыбыр ете қалды. Шатырына келген соң ең алдымен берген бұйрығы: оң қапталдағы арнаға зеңбіректердің бесеуін бөлгізді. Хонтайшы ойынша: қазақ жасағы сол арнаны тасаланып келіп, оң бүйірден қауіп төндірмек. Негізгі бағыт - жазықты бойлай жоғары сұғыну. Ұрыс даласы сол ара.

- Дзон-Кабаның тілегі келді. Ертең жеңісті біз тойлаймыз! Болат хан мен Әбілқайыр сардарды тұтқынға алып, қазақ даласын қан сасытамыз.

Түменбасылар мен мыңбасыларды қайтарып жіберді.

Қайтадан тамақ алдырды. Екі кесе қызыл шарапты сіміріп тастап қисайып еді, ұйқысы келмеді. Шатырдан тысқа шықты. Жан-жақтан лапылдатып от жағып ас қамымен жүрген шеріктері қараңғы түнде тіпті көбейіп кеткендей көрінді.

“Үркетін ештеңе жоқ. Жекпе-жекке шығу - бос әуре. Біреу-екеудің өлгенінен, біреу-екеуді өлтіргеннен келер пайда жоқ. Уақытты босқа өткізу ол. Анау жаяужалпы құйылып жатқан қазақты молайтып алып, сан соғып жүрсек, нағыз зиян сол болады. Доптай түйіліп, бір-ақ түйіліп, жапырып, жаншытып кете алсаң қазақты, мына дала, анау тау мәңгі біздікі болады. Тәуекел деп тас түйілу қажет. Сонда ғана бір-ақ күнде барлық ойымды түгел орындаймын. Казақтың шаңтозаңын аспанға шығарып, быт-шыт жаусатсам, бас көтерер кімі қалады? Одан кейін осынау ұлы даланың, биік таудың жалғыз қожасы өзім болам! Өзім ғана!”

Төбенің үстінде тұрып етектегі жайылып жатқан от айдынына күлімсірей қарады. Шалқайып аспанға көз тікті. Шаңытқан жұлдыздар жердегі мол жалыннан әлсіреп қана бұлдырайды екен. Өз күшіне сенімі мол хонтайшы енді сонау бұлдырап шалынған жұлдыздардай болып қарсы бетте, Айтаудың қолат-қойнауында жымыңдаған қазақ қосындарының оттарына қадалып қарап қалды.

Таң сазында дүңкілдеп дабыл қағылды.

Ойрат шеріктері он, жүздік, мыңдық оң мыңдықғарымен сапқа тізілді.

Қалдан-Серен ат үстінде шіреніп тұр.

- Сары телпекті Дзон-Кабаның әулеті! Бүгінгі күн- абыройларының асатын күні! Дзон-Қаба пірім аян берді. Жеңісті біз тойлаймыз! Біз! Алдында ұрыс даласы жатыр. Сол арқылы ен байлыққа шаш-етектен батасыңдар. Дала да, тау да еншілеріңе өтеді. Аянбаңдар! Атақ пен даңққа бөленіңдер!

Ойрат қолы лек-лек қозғалды.

Қазақ жасағы да осы кезде аяғынан тік тұрған-ды.

Әбілқайыр ақбоз атын сумаңдатып қол алдына шықты.

- Уа, сарбаздар! Ұлыстың ұлы күні туды! “Елімайлап” кек атқан халқыңның сын сағаты осы! Құлдықта өлгің келмесе, жеріңді босатып, еліңнің тәуелсіздігін, халқыңның азаттығын сақтап қалғың келсе, намысың күшіңді еселесін, ерлерім! Арым - жанымның садағасы деген аталарың. Сақта елдігіңді! Бірлігіңді қорға! Жат аяғы туған даланда топырламасын. Еркіңді көріктіңдей қадір тұт! Жолдарың болсын, батырларым!

Шығыстан белдеуленіп таң белгісі білінді. Сол тұстан жалт-жұлт етіп қызыл-от, қызыл-шоқ тұтанды да, іле қап-қара қою түтін будақ-будақ өрбіді. Артынша-ақ зірк-зірк жер тітіренткен дауыс естіліп, ауыр салмақ төмендегі, баурайды балақтап өрмелеген қызыл тобылғыны ойпаң-тойпаң қырқып түсірді.

- Зеңбірек! Зеңбірек! Сақ болыңдар!

Жоламан қасындағы Әділге қалай айқайлап қалғанын өзі де сезбеді. Зеңбірек добы әзірше онша зиян келтіре қоймаса да, алғашқы ашулы, ызалы

дүмпуімен-ақ біраз жүздерге қорқыныш сеуіп үлгерген еді. Әділ досына қабақ түйе қарап, басын шайқады да, бұрылып алға көз жіберді.

Бүкіл маңдай беттегі алқап түтін мен шаңның астында қалыпты. Көкжиектен көрінген қызыл күннің шар табағы әлгінде шақырайып тұр еді, таңғы таза ауада ат тұяғының дүбірі мен қымқуыт шудан туындаған мол үнмен қоса өрбіген көкала-күлгін көлеңкелер жарысып, қызғылт шапақ енді көкжиекте емес сонау шығыс жақтағы жарты аспанда ғана қиғаш көлбейді. Жырақта қайыс таспадай Ботабөрім өзені қылаңдайды. Сұңқардың шыңында алтын сәуле тұнып қалыпты. Әзірше оған жетер, жасырар мұнар жоқ. Ұбақ- шұбақ жөңкіген шаң-тозаң, қою түтін етектен өрлеп, қойнау-қойнауға қарай баяу маңып барады. Жан-жақта қыбыр-жыбыр қозғалысқа енген қалың әскер. Мүмкін олар қозғалған да жоқ шығар. Өйткені қою шаң мен көкала түтіннің тынымсыз ағысы маңайдағы қараңдаған нәрсенің бәрін қимылға енгізгеңдей әсер беріп тұр еді.

Саңқ-саңқ-саңқ! Бұқар қара мылтықтың дүркін-дүркін жалғасқан атысы естілді.

- Жарайсың, Бөкем! - Әділ ырза боп айқайлап жіберді, жалт етіп Жоламанға уытты көздің насат-танған қиығын түсірді.

- Іредік деген осылай ірей қарсы алса керек!

Жоламан да тықыршып тұр. Бұлардың мыңбасы Қабанбай батыр әлі ұрысқа кіріскен жоқ.

Орынбай көзін сығырайта күліп, Жоламанды қамшының сабымен белінен түртіп қалды.

- Айтшы, тап қазір неше шерік о дүниеге аттанды?

- Е, қайдан білейін?

- Құдай біледі дейінші, осы қазір кемінде бір бес мыңы жер жастанған болар. Ойбай-ау, бүйте беретін болса, осы біз соғысқа араласпай-ақ ұрыс аяқталып қалар!

- Жә, жарайды! Босқа күпілдеме! - деп Әділ еркінсінген серігін тыйып тастап, алдына көз тікті.

Орынбай теріс айналып, лекіте күліп алды да, тыныштанды.

Бұл кезде редуттағы қазақ жасағы - жаяу әскер

тобы нағыз қызу айқасқа кірген еді. Саңырық батыр осы арада болатын. Ағындаған алғашқы ойрат легі үстеріне төніп кеп қалғанда, Бекқараға қол бұлғап қана белгі берген-ді. Сол-ақ екен дүрс-дүрс зеңбіректер боздап ала жөнелді! Гүрс-гүрс қара мылтық атылып, зу-зу сүр жебелер безілдеді. Маңайды шаң-тозаң алып кетті. Әлгінде тоқталмастай болып атылып келе жатқан жау шебі әр жерден бір үзілді.

- Жарайсың, көк көз, сары орыстарым! Ақылдарыңнан айналдым! Әй, азамат-ақ екенсіңдер! Сарбаздарым, аяңбаңдар! Үзбендер! Жебелей атыңдар! - деп Саңырық та қос жауырын садағынан сауыт бұзарын зу еткізді.

Түлекбай ә дегенде қатты секемденіп еді, алғашқы қарқынды көрген соң бойын жинады. Енді бір түрлі қуаныш сезіміне бөленіп, анау іркіліп қалған жауын шақырғандай, шырт-шырт түкіріп қояды.

Кенет... “ыз-з-зп!” - ақшыл түтін зымырап келіп дәл алдындағы он бес адымдай жерде өсіп тұрған бір түп бұтаға соғылды. Гүрс еткен үнмен жер сілкініп кеткендей көрінді. Әлгі ақ түтін түскен жерден жан-жаққд топырақ пен тас шашырай ұшты да, түйдек-түйдек ақшыл шаң аунақшып ілгері сұғына жылжыды.

“Ойпырай, мынауы керемет қой! Егер дәл жетіп, дөп тисе, не болар еді?” дейтін үрей толқындап енді де, кеудені нығыздап билеп алды.

- Ат! Атыңдар! Неге бөгелдіңдер?

Кім айтқанын естіген жоқ. Қасындағы өзі сияқты абдырап қалған жүздерден өз халін ұққандай Түлекбай әлденеге қатты қуыстанып, садағына сары жасынды батыл тіреді.

Алғашқы соққыдан кейін қайта шегініп, ес жиған ойрат қолының алдыңғы шебі тағы да лап қойды. Енді қарсы алдындағы тосқауыл-қорғанға тура салмай, жебе жетпес тұстан айнала, қиғаштай шауып, редуттың артына қарай ойысып барады.

“Кетті! Жіберіп алдық! Қап!” деп өкінген Түлекбай ор ішінде отырып, жұдырығын білемдеді.

* * *

Бөгенбай батыр бұл кезде сардардың қасында тұр еді. Ойрат қолының қорғаныс шебін айналып өтіп, ашық алаңға шыққанын көргенде, Әбілқайырға жалт бұрылды.

Сардар қылышын суырды.

- Сарбаздар! Айқасар сәтің анық жетті! Кімде кім елім десе, сол тілегін ақгар сөт осы! Тайсалғаның - жеңілгенің! Сарылдап аққан қаныңмен тұншықтырсаң да - жауыңды ілгері аттатпа! Қасиетті далаңның жусанын да жау табаны таптамасын! Жөнел, Бөкем! Батырым, баста қолыңды!

Күн кіші сәскеге тырмысты. Бұлтсыз аспанды мұнар торлады. Үш төбеден будақ-будақ от тұтанды. Бұл - шабуылға дайындық белгісі еді.

Жоламан Әділдің қасында әлі де сабырсыз ширыққан күйде тұрған. Анау жазыққа шашырай құйылып жақындап қалған ойрат шеріктері жоғарыдағы бұларға дәл қазір құжынаған қара құмырысқаға ұқсап кетіп еді.

“Неге осыншама кідіріп қалдық? Қапысын жіберіп алмаймыз ба?” дейтін күдікпен Әділге жапақтады. Әділ бұл сәтте қоржынынан тоғыз торлы торғауытын алып киіп, дулығасын басына төңкеріп алыпты. Тастүйін түйілген. Ештеңеден қаперсіз тәрізді.

“Әділ - тегін жігіт емес! Өзі тым сабырлы. Мен неге бәйек таппаймын. Қолбасылар қате жібермес”.

Сөйткенше алдыңғы жақ түйдектеле ілгері жөңкіді. Жоламан да тізгін қақты.

Айқай-сүрен жазықты жаңғыртып барады. Қарсы ұмтылған екі қол әп-сәтте шырқ айналған құйындай бірімен бірі араласып кетті. Аттардың кісінегені, қылыштардың сарт-сүрт, жарқ-жұрт қимылы, жебе суылы енді сәт сайын үдеп, маңайды тегіс дүрліктіріп жіберді.

Жоламан найзасын кезене Әділмен тақым тиістіре қатар құйғытып келе жатыр еді, бір кез атының сүрініп барып түзелгенін көрді. Найзасы жерге тіреліп барып, қолынан сусып түсіп қалды. Жалмажан қылышын суырды. Алақтап жан-жағына қарады. Әділ көрінер

* * *

Жоламан қарсысындағы шерікпен аянбай айқасып жаткан. Ойрат та бір өлермен неме екен. Сарт-сұрт сермелген қылышты денесіне дарытпай, біресе қалқанымен тосып, біресе семсерімен қағып қалып, бірте-бірте бұны тықсыра бастады. Өзі де еңгезердей дәу. Екі тізесі бүгіліп атының құлағын ұрады. Аты да арынды жылқы екен. Жоламанның астындағы көлігін омыраулап соғып, тәлтіректетіп жіберді. Тіпті Жоламанның өзі ойратқа ту сыртын бере жаздап, ерге бір жамбастай қисайып, қылышын шыр көбелек айналдырды. Осындай бір қақтығыста ойрат Жоламанның қолынан қылышын ұшырып түсірді.

“Өлгенім бе? Апырай, тым жас кеткенім бе?! Өлгім келмейді! Келмейді! Гүлбәнуым жесір қала ма? Тасболатым тағы да жалғыз қала ма?”

Үркек ой тез шарпып өтіп, тез жоғалды. Кең ашылған үрейлі көздері төбесіне төніп қалған семсерді қарашығына сіңіріп әкетті...

- Жоламан! Жи есіңді! Әне, біздің жақ жауын еңсере бастады! - деген Әділдің даусы естілді.

Көзін ашқанда қылышының қанын сүртіп тұрған досын көрді.

- Әділ, осымен мені екі ажалдан құтқардың-ау! Қарызың мойнымда, - деп дірілдеген бойын әрең тіктеді.

Осы екі арада жоңғар қолы мол күшке шыдамай кері лықсыды. Күн ұзын нәр сызбай жанталаса қимылдаған сарбаздар кейіндеп бөгеліңкіреп калып еді. Ойламаған жерден бір сарбаз “Абылай! Абылайлап!” дүрсе ат қойды.

- Ойбай! Анау Әділ ғой! - деп Орынбай серігін танып қап, айқайлап жіберді.

Шалқұйрығын барынша көсілтіп жау соңынан салған Әділдің алдынан кескестеп әлдебір жау батыры қарсы шыға берді. Анадайдан Әділді жассынып, менсінбей гүрілдей сөйлеп, мазақтай күліп қаперсіз жақындады. Әділ болса қаймыққан жоқ. Найзасын оңтайлана көтеріп, енді бұған лақ көргендей еркінсінген ойрат батырының сүңгісін қылышымен астынан ұрып, ұшырып жіберді.

Екпіндей жанаса берген ойратты қылышпен шауып, домалатып түсірді. Соны көргенде қазақ жасағы дуду қызынды.

- Аруақ! Аруақ!
- Ұрып таста! Ұмтыл! Қапта!
- Бұқар! Құндыз! Тұлпар!

“Шарыш! Шарыш тайша!” деген ойраттардың жарықшақ дауыстары да Жусандаланы жаңғырықтырып тұрып алып еді. Содан қазақтар әлгі Әділ өлтірген жау батырының Қалдан-Сереннің туысы Шарыш екенін біліп, одан сайын аруақтанды. Ойраттар Шарыштың мәйітін алуға да шамалары келмей, қаша ұрыс салуға әрекет жасады.

Қашқан жауға қатын ер деген. Тілерсектеп қосылған қазақ қолы ойрат шеріктерін ондап, жүздеп қоршап алып, тоз-тоз ете бастады.

Жоңғар әскерінің алғашқы легі шегініп, манағы тосқауыл - редуттың дәл үстінен түскен еді. Екі алақанына түкіріп отырған Саңырық батыр екілене айғай салды.

-Ат! Тірі жіберме! Уа, ерлерім, азаттық аңсаған халқыңның аманатын орындар сәтің осы! Қапы қалма! Уау, зеңбірекшілер, уау, қырандарым, тез қимылдаңдар! Оқ пен жебе үзілмесін!

Сол-ақ екен, аласапыран тірлік басталды да кетті. Үйме-жүйме топырлаған, жығылған өз адамдарын баса көктей шегінген, қашқан шеріктер тосқауылдың қанды қарауылына дөп ілінумен болды. Оны азсынғандай арт жақтан қалмай қуған қазақ сарбаздары қаптаған сойыл, сыңсыған найза, ысқырған жебемен қотанға енген көкжалдай емін-еркін араласып, баудай түсіріп жатқан-ды.

* * *

Ұрыс даласының қанды қырғын көрінісі: ыңыранған, зарлаған жаралы жандар, іші кеуіп дөңкиіп-дөңкиіп жатқан жылқылар, бірінің үстінде бірі айқасып сұлаған қазақ пен ойрат өліктері, будақтаған көк ала түтін, түбіттелген ақшыл шаң - жан түршіктірердей.

Биіктеу жерде бір нөкерінің қасында алыстан майдан алаңына сүзіле қарап тұрған Қалдан-Серен хонтайшы кешегі сергек қалпынан айырылып қалыпты. Бір-ақ күнде жағы суалып, көзі үңірейіп, сирек кірпіктерді қақпастан анау сойқан даладан көзін алмайды. Сонау азап пен өлім сұсы тап қазір қаралы көңілдің қатыгез қылын шертіп кеткен бе, денесіне діріл жүгірді. Алғаш рет ажал лебі бетпе-бет соғып, қарсы кездескен суық аңғарынан шошынта белгі берді. Алғаш рет өзінің жеңілгенін сезінді. Сол-ақ екен сабыры мен тынышынан баз кешіп, сұқ саусақты сұйық мұрттың шалғысына тигізді. Ызалана егеді.

Ұртына кірш-кірш қадалған азулар қанды көбікті екі езуден шұбалта ағызды. Жылымшы дәм таңдайын қапты. Басын төмен тұқыртып, амалсыз ширыққан күйзеліспен атының жалын уысына толтыра сығымдады.

- Тақсыр, тап қазір тың күшті енгізу керек! Әйтпесе, жеңіс қолдан шығып барады.

Хонтайшы селт етіп иегін көтерді. Түменбасыға жылу-жалыны жоқ шыны көздерін тесірейтті. “Қай-дағы жеңіс?! Шеріктерім қырылып жатыр ғой. Өзіңнің есің дұрыс па? Не айтып тұрсың?” деген өкінішті түрі сөйлемей-ақ білінген еді. Түменбасы сырт айналды. Оның да жан далбаса етіп, соңғы бір ышқыныспен тал қарманғаны еді, әйтпесе мынау сұрапыл соққан сәтте басқа ұсынар амалы да жоқ болатын.

- Жеңіс түбінде бізде болады. Шеріктерге айт, шегінсін!

Одан әрі басқа бұйрық-өмірін ұмытқандай, ат үстінде екі бүктетілген денесін қалың нөкерінің арасына жасырып, хонтайшы атын төмен қарай аяндата жөнелді.

Оң қанаттағы Барақ қолы ұрысқа ең соңғы минутта кіріп еді, ә дегеннен тықсыра жөнелді. Барақтың өзі де сауыт-сайманын тегіс асынып, әр жерден бір қылаң беріп, сарбаздарын қыздырып қояды.

- Аянбаңдар! Ендігі қимылды бәлем ойраттарға біз көрсетейік. Анау төбенің астында хонтайшы шатыры бар. Асыл қазынаға кім бұрын жетсе сол ие. Олжадан қағылмаңдар!

Шайқастың бет алысы белгілі болып, қазақ қолы дендеген соң Болат хан атынан түсіп, көшпелі таққа барып отырған. Майданның одан арғы қанқырғынын көргісі келмей, енді барлық ой-алаңды кеудеден серпіп тастап, ұйқылы-ояу күйге көшкен еді. Соны сезген күзетшілері мен жалаңқылыштары аулақтап, маңайдан дабыр-шуды көп шығартпауға тырысып, алыстан ғана қарауылдап жүр.

Кенет тырс еткен бөлек үн көп дабырдан оқшау шығып, желке тұстан естілді.

Жігіттер оқыс тарсылға елеңдеп, тұс-тұсқа жалт-жалт қарағанда, әлдебіреуі ханның көшпелі жеңіл тақтың жақтауынан сығымдап ұстап, еңкейіп сырғып бара жатқанын көріп қалды. Айқайлап шыңғырып жіберді.

- Хан! Алдиярды аты-ы-п кетті-і-і!..

Тасырлаған ат тұяғы маңайды дүрліктіріп ұзап барады. Маңай-маңайды тінтіп, тіміскілеп дүрсілдеген тым-тырақай шабыс одан әрі үдеді.

* * *

Қуантай сойыс малын қарайлап Айтаудың тар қолтығынан жылап аққан тұманың қасында бір отар қойды бағып тұрған. Кенет қырқадан асып түсіп, жанұшыра безектеп қашып келе жатқан әлдекімді көріп қалды.

- Тоқта!

Атын тебініп қарсы ұмтылды. Мейіздей қатқан қақ сойылын ыңғайлап көтеріп, әлгі жалғыз адамға есік пен төрдей таянғанда көзі жыпылық қақты

- Нақыпбек?!. Ау, сен қайдан жүрсің?

Нақыпбек те Қуантайды тез шырамытты. Өрт сөндіргендей түтігіп кеткен жүзі шықшыт жүгіртіп, азуды қарш-қарш егеді. Тышқан көздер зәр шаша тесірейді. Құлдырмамай суық ұңғысын тайдырмай көтеріп, кеудеге бағышталды.

- Түс аттан! Бол!
- Е, неге? Не деп түсем?
- Жаның аманат. Сөзді қой. Уақыт тығыз. Босқа

оқты шығындатпа! Тағы оқтап жатуға уақытым жоқ.

Сол екі ортада тұс-тұстан ат дүбірі жақындап қалған еді.

- Әй, не дедім? Бәрібір мен - өлген жанмын! Енді аянарым жоқ! Бол! Атты босат!

Қуантай дір етті. Нақыпбектің жаулыққа беттеген түрі аяушылықты ұмытқандай.

“Әже, шөбереңді ақыры сүйе алмадың!”

Қуантай одан әрі ештеңеге қарайлаған жоқ. Шоқпарын құлаштап сілтеп қалғанын біледі. Кеудесіне жып-жылы әлдененің баяу серпіп тигенін біледі. Одан әрі ат үстінен ауып бара жатқан еді.

Шыркөбелек айналған дүние: бірде тау боп, бірде маңыраған, дүркіреген қой боп, бірде қырқа үстіне топтаса көтерілген аттылар боп, бір сәтте жалаңаш шекеден қызыл қанын бұрқ еткізіп омақаса жығылып бара жатқан Нақыпбек болып көз алдынан үзік-үзік елестеп, айнала билеп, аунақшып-дөңгелеп өтті. Артынша-ақ кірпігі ап-ауыр болып айқаса жабысып, тірліктің ең соңғы жарық сәулесін ұрлап көміп жіберді де, қоп-қою, қап-қараңғы меңіреу түнекке жалғасты. Одан әрі Қуантайдың санасы біржолата сөніп жүре берді. Бүгілген тізе өкшемен әлсіз ғана жер тіреп қимыл белгісін танытты да, сол бойында қыбырсыз қатып қалды.

* * *

Зеңбіректің жер жарған гүрсілі тынған кезде, айкдй-шулы ұранмен құлақ тұвдырып Шақшақ Жәнібек бастаған тың күшпен майданға араласкдвда кдзақ қолы дес алып жүре берді.

Шаң мен түтіннің қою пердесін найзағай бишігіндей тілгілеп қылыш жүзі мен найза ұшы от шашады. Енді екі жақ та әр жер әр жерде шоқтанып қиянкескі ұрыс салып жатыр. Біріне-бірі екілене кектесіп, тер мен қан сасыған сарбаздар мен шеріктер жан аяспас қимылмен найзаларын денелерге тікенектетіп, садақтарын ысқыртып, ыңырану мен күңіренуден қуат алғандай темір зыңылын сәт-сәт сайын күшейтіп,

құтыртып алды. Әсіресе бірін бірі таптаған ат тұяғының астындағы жаралы жандардың шыңғырған дауысы бүкіл аңғарды азап пен қайғы үніне толтырып жіберді.

Төрт ойратты өз қолымен жер жастандырған Дәулен қатты қызынып алған еді. Қаракөлеңкеленіп мұнар бүркенген түскі аспанға шалқалап тұрып бір көз жүгіртіп алды да: “Жан сауғалап жан ұшыра аңыраған жау дауысы осы болар! Аңыра бәлем! Аңыра осылай! Сендерді біз шақырған жоқпыз! Отымды өшіріп, өрісімді өртеп, өздерің келіп оққа түстіңдер! Аңыра! Аңыра-қай! Аңырақай!” деп аттандата айғайлап, алдағы кеспелтек денелі жауына атын тебіне атқытып, дүрсе қоя берді. Ойраттың қалқаны бір жерде түсіп қалса керек, бірақ үстіндегі тор көз сауыты әлі де бүтін. Дулығасының жез шілтерлі жалбағайы желкесін жауып, шатынаған ісіңкі көздері қаһарлы от ұшқындатып, әлгі бетпе-бет тақалды.

- Аңырақай, жасаймын саған, жауыз ит! Аңыра-қай! Аңыра! - деді Дәулен құшырланып.

Анау да ызақор қайтпас дүрдің өзі екен. Дүңгірлеп әлденені мұрынынан қоңырлата созып, қылышын жалақтата үйіріп, қарсы ұмтылды.

Зың-зың темір зыңылдады. Жарқ-жұрқ от ұшты. Көзге, самайға, мойынға ашытып тер құйылды.

“Қайсымыз алар екенбіз?”

Шеріктің айла-әдісі кем түсер емес. Қанша ұтырлы қимылдап, қапысын аңдығанмен Дәуленнің қылышы не қылышқа кездеседі, не ауада ысқырады. Екі-үш рет темір торға жанаса, тиіп, тайқып та кетті.

“Қап! Дәл саған бүгін аңыратып Аңырақайды жеткізбесем бе?”

Күші еселенді. Қылыштың жылдамдығы мен жарқылы көбейді. Сондай бір мәуіртте көз ілеспей жалт еткен наркескен сәл кібіртіктеп тұрып серпіп өткенде, шеріктің басы анандай жерге ұшып түсті. Ер үстіндегі бассыз дененің мойнынан атқақтап ұрған қаны ат жалын жауып қалды.

Дәулен қылышын сол қолының алақанымен сүртті.

Күн тастөбеден сәл ауытқып барады. Шартабағын нобайынан ежіктемесе, көзді шағып түсетін сәулесі қызыл торғын мұнар құшағында.

“Қызыл мұнар... Мұнар - қып-қызыл! Неге қызыл? Қы-зыл! Қан ба? Күн бе?”

Дәулен жан-жағына алақтады. Шайқасып жүрген Бөртені көрді. “Қанды көйлек досы! Жолдыбайының өкіл әкесі! Өзінің де өкіл әкесі Құлнияздың баласы! Мұның ағасы. Өмір табыстырған, тағдыр тіркестірген туысы, жақыны!”

Қасында болып, тізе тиістіре, үзеңгі қағыстыра ұрыс салғысы келіп кетті. Сол-ақ екен қызына айғайлады.

Бөрте қарсы кездескен жауларын шетінен түйреп шаншып, көше жасап үңгіп кетіп барады. Ештеңені сезер емес, ешнәрсені елер де емес. Батыр аңғал бола ма, әлде мән бермей ме, үстінде шидемнен басқа оққағары да жоқ.

Бір кез жойқын батырдың ту сыртынан дірілдеп кезенген сұр жебені Дәулен тез шалып қалды. “Бөртені қайтсем құтқарып қалам?” дейтін жандалбаса тілекпен атына борбайлата қамшы көміп, әлгі садақ кезенген ойратқа тура шапты. Амал не, жете алмады. Ойрат сілтеген ұшқыр жебе зуылдап келіп өзінің көкірек тұсына кірш етіп қадалды. Арындаған аттың екпінімен Дәулен біраз жер барды да, сылқ етіп құлап түсті.

“Қош бол, Бөрте аға-а!”

Сыбырын әрине Бөрте ести алмады. Еститін де жағдайы болған жоқ еді. Иесіз ойнақтап шыққан ат мұнарлы алқаптан, “қызыл мұнардан” суырылып бөлініп, төбеге қарай көсілте салды.

Жау қашты. Жаудың қашуы жаппай аңырауға ұласты. Балқаш көлінің оңтүстігіндегі бұрынғы Алакөл, кейіннен Итішпес көлінің маңындағы Айтаудың етегіндегі Жусандалада қазақ жасағы жеңіске жетті. Ойраттарды еріксіз аңыратқан ұрыс даласы “Аңырақай” деген атауға ие болды.

Кіші бесінде шайқас толасталды.

Қазақ жасағы Болат ханның оқыс қаза тапқан хабарын естіді.

Қазақ сарбаздары “Абылайлап!” жауға қарсы жалғыз шапқан Әділді - Әбілмансұрды таныды. Әділді де, кей-кейде айтылатын Сабалақты да ұмытып

еміренген қол шын Әбілмансұрды алқалады. Әділ-Әбілмансұрға Абылай деген ат берді.

Ақ орданың тәжі мен тағы тағы да бос қалды.

Аңырағаң жаудың жаралы аңдай ыңыранған үні төменнен жетіп тұр.

Сол күннен кейін қарсы тұруға шамасы келмей қаша ұрыс салған қолын шығысқа қарай бастап, Қалдан-Серен ұзай берді. Куып жетіп, тас-талқанымды шығара ма деп артынан, қазақтардан қатты қауіп тосып еді. Ол ойлағандай қатер төнбеді.

Тағы да сұлтандар бүлігі бірлікке қол тұсау болды.

Болат хан қаза тапқан соң, сонау алтын тақ дәмегей көңілдердің көз құртына айналды.

Көп ақылы тыңдалмады.

Тіпті сардарды сұлтандар, ал сұлтандар сардарды елемеуге айналды.

Әбілқайыр қолын бөліп алып, бөлінді де кетті. “Тағыңды қимасаң, жауыңды құмаспын, қазақ!” деп қыжылмен кетті.

Т ҮЙ І Н

Түйе тікеннің жапырағы ұшып, шытыр мен шырғанақ тарала өскен шілденің бір күнінде Маңадырдың астыртындағы жатақ ауылына бір топ қонақ сау етіп жетіп келді.

Бас салған егіннің толқып пісіп тұрған дер кезі. Сондықтан да диқан қауымы көбіне-көп егістік маңынан онша ұзамайды. Қолынан келгенше аздаған астығын қызғыштай қорып, бүкіл бас көтерер қарасы боп шұбап, торғай үркітіп дауыстары бір сембейді.

Аттыларды алғаш көрген Құлнияз болатын. Бұл кезде кәрі шаруа бой-бой жүдеп, қарттықтың қытымыр уысына әбден тұтылып, мүжіліп қалған еді. Жасы бір тоқтамайтын қызарыңқы көздерді қайта-қайта сүрткіштеп тұрды да, болмаған соң ашу мен ызаны лақ еткізді.

- Құдай-ау, арқан бойы жерді тұмандатып жасырғандай неңді алып едім! Аянышты білсең, бұлақ қып жанарымнан жас саулатқанша, анау жау, сонау мықтылармен сынассаң етті! Соншама тесілтіп қойғанда, осы мен сенің неңді бүлдіріп бітіп едім, шіркін!- деп қынжылғанда, жаспен бірге әжімді жүзге кәрілік табы да айқын теуіп шыға келді.

Содан соң бүкеңдей басып қонақтарға қарсы жүрді.

Қаздауысты Қазыбектің алақанын екі қолымен қысты. Ат үстінен ырғып түскен Бөрте батырға құшағын тосты.

Ызаға толы ұйқысыз түндері көп еді, бүгін от басында сол көп түйткілінің арқауын босатып, біраз сырға түгел қанбақ болды.

Әлгінде, қонақтарын ертіп келіп, сусындатып отырып, жөн сұрасқанда-ақ сөз аңғарын түйгендей де еді, енді Бөртеге еміренген көз жанарын тойдырып барып, Қазыбекке кідіртті. Би де бұдан екі-үш жыл бұрынғы түрінен көп өзгеріпті. Шашы-самайы ағарып, сақал-

мұрты бурыл тартыпты. Бас бітімі ірі, келбеті келісті жүзде ойлы мұң тұнып қалған. Сабырлы қарасты айналасына тең бөледі.

- Әй, жалған намыс діңкелетіп-ақ құртты ғой! Ағайынның түбіне жететін абыройсыздық - әр кімнің кеудесіне түнеген кердеңдігі екенін түсінер ме екенбіз? "Заман менікі, жағамды жыртқызбаймын!" деп күштілік салғастырар үркеппелер осылай әр төбеде бір көкіп өте бермес. Мұрат жолы өз сүрлеуін тапқызар. Тек әр іште бір бықсыған сасық түтіннен сақтасын! - деп күйзеліп тоқтаған Қазыбек би ойымен осыдан біраз күн болған жай-жағдайды шолып кетті.

Өткен жаз Аңырақайдағы жеңістен кейін-ақ қазақ қолы тез ыдырап кеткен еді. Оған өздері себеп болған. Сондай бір омырау оздырып, иық көтерген кезде қол бастаған сұлтандар аяқ астынан сабындай бұзылып, бір-біріне оқты көздің сұғын қыдырта бастаған. Алғашқы іріткі Сәмекеден туындап еді. "Аға өлді. Ендігі тақ иесі - мен. Тәукеден туғаным рас болса, үш жүздің мына басы қосылған Аңырақайдың үстінде мені хан көтеріп, билігімді ұстатсын!" деп қиғылық салған. Әр сұлтанның көкірегінде қазандай қайнап, сақырлап төгілгелі дайын тұрған құтырынған желі бар екен, түс-тұстан атқысын кеп!

"Болат - әкем. Әу, белбала - анық мұрагер! Ендеше, жол менікі!" деген Әбілмәмбет.

"Қайыптан тумай кетейін, таққа мінбесем! Әрі-беріден соң Болат хан менің әкемді өлтіріп иеленген ол тақты. Ерегіскенде бір сойқанды тап өзім бастаймын!" - деп Батыр сұлтан бүлінген.

Бір-бірімен бұрыннан да өттей өш Әбілқайыр мен Барақ сұлтан түс жыртысуға барған. Хандықты маған бермеді деп сардар қолды тастап кеткен. Берекемен бірігіп келіп, ақырында Аңырақайдан жан-жаққа шашырап тараған қазақ жасағы енді өзді-өзі салмақтасқан сұлтандардың әлегінен ұлы хансыз қалып, жеңіске жеткенімен, жеңіліс тапқаннан жаман күйзеліп оралып еді. Сол хабар о жақта Төлені, бү жақта Қазыбекті күңірентіп кеткен-ді. Шоқ басқанмен қазақ жасар басқа амал не? Әкесінің көрін ақтарысуға дейін апаратын ала ауыздық қолын байлап, дәрменін ұрлап

кеткен соң, қара халық қабырғасына батқан қасіретті қан көмейлеп жұтып тағы тауыса алмады. Қорлық-мазақ тыйылмады. Үрей азаймады. Кеше ғана жеңіліп қаштым деп, бүгін-ертең алған бетінен жерініп қалатын Қалдан-Серен бе? Қайтадан күш жиып, ес жинап кара дауылдай долы сесін алдына салып түнеріп жетсе, үш жүзі үш жаққа қыңыратқыған даласының хал-күйі не болмақ? Не ханы жоқ. Не әлі жоқ. Сыны тағы жоқ. Міні тіпті көп. Сонда қайда бас сауғалар?

Күз бен қыс Бөгенбай батыр Қазыбекке талай оралды. Шақшақ Жәнібек батыр биден ақыл сұрады. Тама Есет ер келді. Арғынның Аралбайы кеңесті. “Сондағы табар тірек, құяр арнасы - бір көршіге дал-басалап қол созу. Ол көршісі - орыс елі. Ерікті қолдан беру - тәуелділік алу. Тәуелділік - құлдық емес. Бірақ тәуелді тірлік - ғұмыр да емес. Ал, өмір қақпасын сарт еткізіп көз алдында қатты серпіп, мәңгі жабуға жанталасып келе жатқан хонтайшы емес, хонтай-шыдан да мықты қытай хуандиының алдын алмасаң - қабіріңді сайлай бер. Оған илікпеймін десең, онда амал күйтте. Қолтық тап та, қорғалап қал. Арызыңды жеткізе білсең, арзымайтын көңіл кездеспес деймісің? Тек, адалыңнан жазбай, ащы шындықтың пердесін тегіс серпіп таста. Ажарында қайраты бар, жүрегінде пірі бар, кеудесінде аянышы бар сергек те сезімтал халыққа соз көңілің мен қолынды. Қақпас та қайтар-мас сонда”.

Қаздауысты Қазыбектің сарыла іздеп, үңгіп бар-лаған көп тұсы осы. Соны пікірлес, үндес, тілеулес достармен ақылдасқанда ылғи да осы саладан үйлесе берді. Ақыры қамалған елінің анық бет бұрар өрісі, асар асуы деп - орыс еліне бағынуды емес, өз еркімен қосылса қайтер екенге ойыса берді.

Ендігі бір тірелер тығырық - ел атынан сөйлер, ел тілегін ұстанар қай сұлтан.

Елші ел атынан барғанымен хан атынан сөйлейді. Әлбетте, қара халықтың ар-намысы, кек-ызасы күшті, тартыс қаны қызғанда тас қайнатады. Бірақ таланға жазылған таупиық тәңір құлы - билеуші ырқымен ғана жетеді. Осы жайларды екшелегенде

қазіргі Сәмеке хан мен көп сұлтаннан бөлектеп, ақсақал ауқымы тағы да Әбілқайырға тоқталды.

Қазыбек арнайы жол шегіп, Ырғыздағы Әбілқайыр ауылына аттанып еді. Ендігі қалған тірлігінде ел қамы мен халық бірлігін бар әрекетінің ең жауапты меншігіндей белгілеп алды да, кінәраташыл да ғаделетсіз ғұмырдың көп-көп соққысына маңдайын аяусыз тосудан ығыспады. Қызығар тәттісі, алданар ермегі жас кездегі отты шағы еді. Енді алай-түлей күйге түскенде соның бәрі бейбіт тіршіліктің арқасында ғана екен-ау. Ел басына күн туғанда құмыр бұлбұлдай сайраған қаз дауысты қызыл көмекей басқаша ырғақ тапты. Онысы тағы да бұқара жұртының тыныштығы мен саулығы. Елдігі мен бірлігі. Соны сағынған армандай ендігі іңкәр тілегіне көздеп алған соң қазіргі шарасыздығын ауыр азаптай арқалаудан жалығатын да түрі жоқ. Жарғақ құлақты жастыққа тигізбей сары даланың сағымына сүңгіген ендігі ұзақ-ұзақ жортуылды қайсар қайратқа мықтап жекті де, ұтырлы ойдың салмағын алыс-жақынға тегіс таратуға құлшына кірісіп кетті. Жанашыр уайым сонда да бір босатпайды. Кей-кейде өз-өзінен шала бүлініп, бүкіл дүниемен жауығып кетердей шарт етер ашулы дүлейге ойысып барып, артынша-ақ сабырсыз санаға күштеп тоқтау салады. Ойына ойы, деміне демі жалғаспас талай дөңжелке сал сауыр асаулардың жон көрсетіп, сырт айналған сәтін тәңір қарғысымен уланған замана қысасына балайды да, өзін-өзі авды мысқылмен қайрап, қажыр табар күдіретке талпынтады. Іштегі жатырқау, қиянпұрыс сезімнен жарым лепес жылы сөзбен-ақ тез жұбанып, тез айығып алғыш сергектік тапқан. Соған шындап үйыған соң қиянатшыл көңілдің күдік жайлағыш қуысын бос қалдырғысы келмейді.

Әбілқайыр Қазыбек биді үмітпен қарсы алды. Семіз ту биені дереу сойғыздырып тастап, сыйсияпатын асырды. Сұлтан Ордабасыда асқан абыройының, өскен беделінің, ел аузында дүңк-дүңк тараған ат-атағының Аңырақайда, тіпті, шарықтап кетерінен дәмелі еді. Сондай дабыраны

оңаша сәттерінде іштей мінәжат ете, тәңіріне жалбарына қатты көксейтін. Сардарлықты басына қонған бақыт құсы деп балап, күндердің күнінде үлкен таққа жалғыз отыратынына да сенімі кәміл болатын. Бірақ кілт еткіш жалған аяқ астынан жалт берді де, бұның бар үміт-дәмесін бір-ақ сілкіп тастады. Соған бой бермей, біраз алысып, тайталасып өрекпіп те көріп еді. Бұрынғыдай шылбыр тастайтын көтермешілер шыға қоймаған соң жалғыз тыртаңдаған байғұстың таңы айырылардай болып, шаршап тоқтаған-ды. Кейін ауылына оралған бойда үн-түнсіз жым-жырт қарап қалуды да қолай көрмеді. Ендігі әрекетті басқа қиырдан шолды. Онысы - ақ патшаға арқа сүйеу. Қопақардай көрініп, мықтымсынып кеуде созса, бөтен елге бопсасын өткізуге ұмтылатын қай билеуші теріс бұрыла қояр.

Осындай ынтық дәме билеген Әбілқайыр сұлтан сары аурудай сарылған оқшау халінде Қазыбек бидің арнайы келуін жақсылық нышанындай көрді.

- Қазеке, елсізде қалған обадай жалғыз тұқылға айналдым ба дегенде, осы төбе көрсеткеніңіз мен үшін неге татитынын білесіз бе? Қазіргі кездегі адамдардың сыр жасырғыштығы сондай, өңін бермек түгіл шаңын да ұрлап шұбыртады ғой, - деп бір алуан жайынан түйін тастап, құрақ ұша қарсы алды.

Би сұлтанның тамырын басып көрсе, бұлталағы кеп бұлталаң соқпақтан айнымай, маңайына жуыта қоймады.

- Е, не деріңіз бар, Қазеке! Қай тәсілге құрық соза берем. Сіз қайрағанмен діттеген жеріңізден мен табылмай, қайырлап қайранға ұрынарсыз. Әбден жерініп, түңіліп тоқыраппын. Бөлекей-Қоянға билік тимеген ғой. Жәдіктің бөлтіріктерімен таласам деп таңымды жыртқызғанда не таба қоям. Бір емес, екі емес талай ұмсынып, ақауыз қала берген соң көңіл де шайлығады екен. Енді мен аулақ, ел аулақ. Тек жүрген тоқ жүреді. Соған ұйыдым, - деп бойын қашыртты.

Қазыбек үлкен көздерін кең ашып, салмақты ойды жүзіне жинап біраз отырды да, бір езумен мысқылды күлкі төкті.

- Онда өзің біл. Сыртыңнан нарлығыңа сүйінуші

ек, құдіретті қолдан жасайтын аңқаулығымыз екен ғой. Ботадай маймақтаған әлсіз, нәрсіздігіңді ертерек білсекші! - деді.

Әбілқайыр сәтте өзгерді. Бұлданам деп отырып бүлдіріп алам ба деп қауіптенді де, батыр тұлғасын түгел бұрды.

- Оу, Қазеке! Апырай, қатты айттыңыз-ау! Өзіме де обал жоқ. Сізді қинайын демеп едім. Қажыған жан құдайын да қарғайды деген далбаса да менікі. Әйтпесе ел-жұртымның қасіреті жүрегімде жатыр ғой. Оны сезбесеңіз өзіңіз де осында, маған келмес едіңіз.

- Білмеймін. Іздеп келдім бе, сандалып келдім бе, тентірегенім рас. Көптің көзі ашыла ма, қайғысы азая ма дейтін әбігерлігімді саған салмақ қылмайын. Осымен онда әңгімемізді тойтаралық,- деп Қазыбек жантая кетіп, қолтығының астындағы жастықты жұдырығымен түйіп, көпіртіп қойды.

- Қайтейін, бәріміз бытырап, шашылып кеткен соң, ендігі қарекеттің қай аңғарға ойысарын білмей дал болғаным ақиқат, Қазеке. Кімге қол жайғандаймыз. Кешегі әз Тәукенің алдындағы арқа-басты кеңге салған күйіміз бүгінде көзден бір-бір ұшқанда, арқа-басымды аяз қариды-ау. Анау Үлы жүз ханы, менің інім Жолбарыс жоңғар боданына түгел мойынсұнды. Кім білсін, келісім сыңайын танытқан елге кешірім шырайын көрсетер хонтайшы табылатын да шығар. Соны екшегенде, мынау қарсылық қуатын жоғалтып алған халқымды аман сақтау үшін қол қусыр дейтін көнбістікке иліктірсем бе деп қалам-ау, - деп Әбілқайыр ішін аша бастады.

- Жә! Ойратқа өң берсең, жетісерсің. Ырыссыз сорлы жұртыңды қорқау қасқырдың өңешіне өзің бұтарлап тықпақпысың сонда!- деп Қазыбек басын көтеріп алды.

- Басқа не амал қалды! Бұрынғы күш қайта оралар ма?

- Ал сонда тұяқ серппей тыншып өл дегенің қай ақылың, қай амалың?

- Ақылдан сана безсе, мен не таба қояйын. Сезімді миға жүгінтсем де, сананы жүрекке телміртсем де, тығырықтан құтылар сәуле көре алмадым. Алыс қиял-

дан жақын үміт артық. Текке қырылмайық. Ағайынның амандығын ойлайық.

- Мынауың амал да, ақыл да емес, шырға ғой. Халқыңды алдап, есіріктетіп жұбатып ойнау ғой. Сонда ойрат хонтайшысы бір жыл, екі жыл бостандық берсін. Түптің түбінде' анау шүршітті қаптатып кеп, түптұқияныңмен құртатынын ескердің бе?- деп қатты күрсінген би біраз бөгеліп кадды.

Қазыбек бұл кезде Жоңғар хандығының Қытай империясымен жиі-жиі соғысып жатқанын жақсы біледі. Іргесіне келген көп қолдың күні ертең-ақ бері қарай лап ете түсетініне де сенімді. Олай болса, бүгінгі ойрат пен ертеңгі шүршіттен қорғап қалатын тек қана орыс елі мен орыс халқы. Бірін-бірі жатырқап, әдет-заңдары үйлеспей біраз өгейшілік көруі мүмкін. Оның үстіне патшалық өкіметтің өкімшілік тізесі әрине қатты батады да. Бірақ орыс өнері мен ғылымы - жақсылық белгісі де емес пе. Ендеше тәуекел деп тас түйілу қажет-ау. Әй, бірақ...

Осыдан кейін сұлтан мен бидің ұзақ-үзақ кеңестері келесі күнге дейін созылды. Қазыбектің хабарын естіп Бөгенбай, Жәнібек, Есет батырлар сұлтан ордасына келді.

Қазыбек би кетісімен-ақ Әбілқайыр елшілері - Сейітқұл Қойдағұлұлын, Құлымбет Қоштайұлын шақыртып алды. Тілхатын жаздыртып, ауызша айтарын тағы да пысықгап тапсырып, Анна Иоановнаға елші жөнелтті.

Әбілқайырдың өз есебі өзінде. Құдай иіп, әйел патша бұның беделін көтерсе, онда ең болмағанда Кіші жүздің хандығын заңдандырып ұсынбай ма? Ондай күнде Әбілқайыр қайтқан бақ, тайған атақты қайта түгелдеп алып, дүркіреп шыға келер еді ғой.

“Бұл бір ретіне келген іс болды. Әсіресе Қазыбекті қаңғалақтатып айдап әкелген болашақ құдіретімнің салқыны, лебі де шығар. Олай болса, өзірше ел бірлігін, жұрт қамын жедім деген желеуді көлденең созып, бас шұлғи берейін. Кейінгісін кейін көре жатармын.”

Қазыбек әрине тақыс сұлтанның сырын сезеді. Сезгенімен сенделген іштің басқа қауқары жоқ. Күрсінеді де қояды. Тек жұбанары - халқына қарлығаш

қанатымен су тасығандай болымсыз әрекеті.

Ұзақ отырғанда би осыларды шолып өткен еді. Құлниязға қарады.

- Құлекс. мұндас пен мұндас сырлас деген. Сенің сарнауың - менің зарлауым ғой. Ізгіліктен күдер үзбейік. Орыс халқы - үлкен халық қой. Үркіп те кетпес. Үркітіп те жібермес,- деді. Дәрет алуға тысқа беттеді.

Жолдыбай Бөртенің алдында отыр еді, бір кез оқыс сұрақ қойды.

- Ағатай, сен көкемнің үлкен баласысың ғой, ә. Ал, анау екінші ұлы қайда? Ол неге келмейді?

Бөрте көзі жасаурап Құлниязға жапақтады.

- Әй, Жолдыбайжан, қолы тиер ме оның. Жұмысы көп қой.

- Иә, саған. Келмейді енді. Өліп қалған адам келуші ме еді...

- Не дейді? Кім айтты оны?- деп Құлнияз сақалы дірілдеп даусы өксіп шықты.

- Тоқпан айтқан. Емберген екеуін бір жерге көміпті. Сен әдейі менен жасырасың, - деп бала кемсеңдеп жылап жіберді. Жылап жіберді де, еңіреген күйі есіктен сыртқа атылды.

Гүлдарайым бұрынғы қайынатасын үйіне қонаққа шақырды. Сәдірбек “Зарзаманды” аңыратты.

Би жүзіне күз тұманындай шұбалып күйісті мұң оралды.

Сырттан әлдекімнің қоңырлата созған “Елім-ай” әні естілді.

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?..

“Иә, баяғыдай заманым тағы оралар ма? Оралса ғой. Мына күйзеулі көңілдерге сәуле шашар күн жетер ме?”

* * *

Алыс сапарға жол шеккен елшілер кішігірім

керуендей. Топ ортасында Жоламан келеді. Қасында Жандыр. Мынау халық атынан аттанған елшінің құрамында Уфа қаласына тік тартып барады.

Көкпеңбек түпсіз аспанда шуақ көлбеңдейді. Жоламанның жанарына әрі тазалық, әрі жылылық боп шалынады.

Қоңыр кеште ұзақ күй күмбірлейді. Ақ құшақ, адал мейірім аңсаған жардың лебін қос ішек қағып алғандай. Гүлдарайым бике Сәдірбектің жорғалаған саусақтарынан көз алмайды. Соны сезе ме, күйші әлгіндегі көңілді ырғақтан шатасып, екі пернеге күрмеліп қалған саусақ астынан күңіренген, күйзелген өксікті үнді еріксіз аңыратады. Ол әуен “Елім-айға” ұқсап та, ұқсамай да кетеді. Ен дала, мол сахараның бір пұшпағында жер тырналап күн кешкен жатақтар әлгі үннен арман зарын естігендей тым-тырыс отырып мүлгіп тыңдайды. Қайтадан шиыршық атып, кек қайрап өршеленген сарынмен кеуделерін тіктеп алады да, түпсіз биік аспанның сансыз жұлдыздарына көз тігіп, ғарыштан талмаусырап жеткен үміт сәлемін қабылдағандай қуақы сыр кешеді. Сол сәт күйші де арқаланып сала береді. Енді домбыра үні мәңгілік тілімен сөйлеп кетеді. Қиялды арбаған күдік пен үмітті қат-қабат араластырып, қат- қабат тоқайластырып өтеді де, үздіксіз толқыған сырлы әуезбен Сенімге бастайды. “Келер күн, атар таң! Ұзақ дәурен, жарқын заман алар бізді бауырына. Қосар дос құшақ, ыстық ықыласқа. Зар орнына ән келіп, күн шұғыласына малынған халқымның маңдайы жарқырап, қуанышын табар. Талпынған тілегін өз қолымен ұстатып, күйікті жанын бауырмалдық шыраймен емдеп жетер сонда. Шуағын себер, келер күн мейірімін ұсынар, өнерін егер. Сол күнге,сол арман құшар алдағыңа ұмтыл! Серпіл, сергі, елім!” дейтіндей.

* * *

Осынау жаңа күйді екінші бір қоныста отырған

Түлекбай да шертеді. Қарындасының қасына, Бөгенбай батырдың ауылына көшіп келген жігіт, таяуда ғана отау көтерген. Күздің сылбыр жауыны сіркіреген тыстағы бейуақ дыбысты домбыра сазымен ұмыттырып, ортадағы ошақ астында маздап жанған оттың шарпулы жылуымен нұрланған Гүлбәнуге бір сәт күлімдей қадалып өтеді. Одан әрі сол жағында үлбіреп отырған келіншегіне көлденең көз тастайды да, көмейінде лықсыған сүйінішін бармақ астындағы уілге төгеді. Төгеді де, Гүлбәну жеңгесінің тізесіне басын салып, қалғып кеткен “Тентек” қайны - Тасболатты көзімен аймалайды. Домбыра күдік қумайды. Домбыра бейбіт тірлік көксеген ұланның жүрек дүрсілімен тыныс алады. Қылықты бойжеткеннің шолпы шылдыры болып есіледі. Содан кейін үміт жетелеген болашақ ғұмырдың жемісті тілегімен биік шырқап көтеріліп, ықыласты көңілдің емен-жарқын даусымен бар даласына жаңғырта жар салады. “Өмір келеді! Шаттық үні, еңбек қуанышы шақырады! Бұрын-сонды естіп көрмеген ғажайып әнді елжіреп тыңда сонда!”

Гүлбәну күрсініп қалды. Ұзын кірпігіне мөлдіреп үйірілген қос тамшы мөлдір жасты сілкіп түсіріп, өңіріне домалатып жіберді. Ендігі өңінде түңілу жоқ, аңсау бар. Сағыну бар. Сонау үміт сапарына аттанған жары - Жоламанға деген қимас құмарлық пен мақтанышқа толы құрмет сезімі бар. “Келеді! Кешікпей оралады. Елдің ұйытқысын, халықтың тірегін әкеліп ұстатады. Бұл өңірде болмаған жаңа бір нышан белгісін, игілік самалын жеткізеді”.

Күй сазы еркін. Баяғы зары мен мұңы көп шерлі сарынды ауламай, тың ырғақпен жақсылық көксейді. Алыс арайдың қылаң шапағы шанақтан туып келе жатқандай сезілді ме, үйдегілер демдерін де баяу алып, қыбырсыз қалыпты. Осы тыныштықты бұзып, Тасболат оянды. Басын көтеріп жеңгесіне қарады. Жіңішке үнін созып, тіл қатты.

- Ағатайым келген жоқ па? Неге кешігіп жатыр? Орыстар жібермей қойып жүрмей ме?

Гүлбәну жауап берместен қайнысының бетін кеудесіне төсеп, күн иісі сіңген шашынан иіскеді. Екі

иығы жиі-жиі селкілдейді.

Күй өзгерді “Елім-ай” әуені оралды. Шер атқан бір бебеу тоғыз пернеге тұсалып, он саусақтың ұшынан ышқына ыңыранады! “Баяғыдай болар ма тағы заман? Елім-ай, Елім-а-а-ай!...”

* * *

Тілеуқұл би төсек тартып жатыр. Айналасына хабар бергізіп, қасына жиналған көршілер ауру шалдың екі-үш күннен бері сөзден қалып, тілін қойып жатқанынан қатты қауіптенеді. Содан соң-ақ барлық қарекетті жиып тастап, қадірлі қарияның соңғы сағатын бірге өткізіп қалайық дейтіндей ошарылып шықпайды.

Бидің көкірегі сау, сайрап тұр. Көзі жұмулы болғанымен ойы тереңдеп, тірлік-ғұмырдың сыр теңізінде жүзіп барады. “Тірелдім. Ақырғы сыңар адымды жамбастап аттармын. Ал сонда артымда қалар нәрім не, дәнім қандай? Жетім шалдың жетім елге тигізген қайраны болды ма? Оқшау себебі болды ма? Арыз-айыбымды қабылдар ма? Бірлігім деп едім, бүлігімді өзімнен шығардым. Шығардым да жай түсіртіп жайраттым жұртымды. Енді міне қу бұтақ боп сынғалы жатырмын. Бірақ ішім адал еді ғой. Куәм - Тәңірім. Нақыпбекті тап, тез тап та түйре деген зарым бесуақ намазымнан да жиі айтылмап па еді. Зұлымдық санасаң - бас қорғамаймын. Ендеше сол зұлымың да өзім. Тоз-тоз елдің бір кәдесіне жарамаған құр сүлдерді несіне бұлдайын Онда біле тұра бұрылып жүре берген қырсыз пендеден өткен жауыз бар ма? Ендеше, сол жауызы да менмін. Ноқтаға басын керген халқының тынысын ұзартар әрекеті жоқ жанның қай тәубеге тілі бара алар”.

Үстіне еңкейіп төніп, әрнені бір айтып, жұбатып отырған үзеңгілестеріне “үндеме” дегендей бас шайқады да, “тыныштал ыңдар!“ дейтін ым жасады.

Даладан “Елім-ай” әнінің толқыны келді. Бидің күңгірт жанарынан қос тамшы жас сырғанап шығып, самайына сорғалады. Артынша, жүзге нұры оралып, көзі сәуле шақырды.

Қаратаудың басынан көш келеді ,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келедің.

Ән алыстап барып үзілді. Тілеукұл би басын көтерді. Жотасына жастық қойғызып еңсесін тіктеп отырып алды.

Ақтық “қош-қошын” айтқысы келеді. Ауылымен, ағайынымен бақұлдасқысы келеді. “Тірлікті бірліктен ізде“ демекші. “Ынтымақты достықтан тап!” демекші. Соған тіл жетер ме? Даусы шығар ма?

Жағалата көз қыдыртты. Қарашығын Разаққа ұзақ тоқтатты.

“Жоламан күйеуді елші боп орыс еліне кетті деп пе едің? Қай жауаппен қайтар екен? Сен оған менің сәлемімді жеткіз, Разақ!” деген тілегін қабағымен танытты.

- Келер үміт таңы! Бақытты бол, нәсілім!..

Осы сөздерді анық, дауыстап айтты да, Тілеукұл би әлсіз ғана иек қақты. Жақсы тілегі таңданған, ұмсынған ағайын көршінің жадында калды.

Таныбай батырдың ауылында қонақ боп жатқан Түйте батыр жас серігі - Жидебай екеуі ұлан-асыр тойдың үстінен шықса да, бұрынғы ойнақы мінезден айырылып қалған. Көзіндегі мұнарлы мұң бір үзілмейді. Досының тұңғышы дүниеге келгендегі шілдехана тойында бірер ән салғанымен, іштегі көп күдік бойы мен ойын босатпай ма, әзіл- қалжынды қыз-келіншектерге де ажар бермейді. Ел тілегі өз сырымен мидай араласып кеткен соң, елгезек жүздің от күлкісі сабырлы пішіннің кексе қарасында адасып қалған. Мұның да “Елім!”, “Елім-ау!” атты іңкәр күрсінісі күшейген еді. Таңыбай батырдың қуанышқа толы жанарынан әкелік, аталық мейірімді көргенде, өзі де алғаш рет шын жауапкершілік сезінгендей бас шұлғи отырып, кеудеден әлдебір ықыласты түйсік аулады. Онысы: халқына, жеріне деген жанашыр,

бауырмал ыстық ниеті еді. Түйтенің осы ойын үстемелеп тыстан “Елім-ай“ әні тұтаса өрбіді.

Әділ-Абылай сұлтаннан ажырап, Сарысудағы Байғозы досына бет алған Орынбай жолшыбай талай ауылдың үстінен өтті. Талай әнді тыңдады, талай зарды да естіді. Әлі де талпынған кеуденің өксігі басыла қоймапты. Әл-қуатын әкеткен ауыр жұт, қырғын соғыс, көшу-босудан титықтаған қаяу көңіл көптің дертті жайына үнсіз шомады да, ат белін суытпайды. Ондайда өзінің де ауыр қиналған құр сүлдері ауру соққандай езіліп, мүлде бөлек бір тосын сырға жетелейді. Құла түзде жапа-жалғыз келе жатып ат жалын ашы жасымен жуады.

Кей-кейде үміт сауған жүздерді кездестіреді. Ондайда қуақы көздерде жылт етіп ұшқын ойнап, баяғы жайдары мінезімен қайта қауышады. “Іңкәр дүнием, аңсар асылым - өзіңсің, халқым! Барыңа жанымды тіктім. Сен мұңсыз бол! Дегеніңе жет!” дейді.

Үміт пен күдік жайын даланы жайлап алғандай.

Жел суылында жүрек лүпілінің лебі бар.

Батыстан бұлт түрілді де, алыс көкжиектен кешкі күннің қиғаш сәулесі құйылды.

Даланы шұғыла жапты.

“Іңкәрім - Елім! Үмітің ақталсын! Дос ниеті тірегіңе айналсын!”

Жалғыз ат жұлдыздай ағып барып, қарсы алдынан лекіте шыққан бір топ шоғыр жолаушыларға қосылды.

Алматы, 1973-1975 жылдар

МАЗМҰНЫ

Кілт.....5
Қарбаласта.....6
Сырдағы сойқан.....85
Қырдағы құғын.....175
Еңку-еңку жер шалмай.....266
Ордабасыға оралғанда.....348
Аңырақай.....451
Түйін.....483

Софы Қалыбекұлы Сматаев

Елім-ай

2-кітап

Редакторы Ш. Сматаева

Техникалық редакторы М. Софыұлы

Суретші Ж. Алмасұлы

Компьютерде беттеген М. Манасұлы

ИБ № 40

Теруге 27.07.2009 ж. берілді. Басуға 05.09.2009 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108'/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times Kaz”.
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 26,04.
Есептік баспа табағы 25,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3171.

“Алманар” баспа үйі. 050007, Алматықаласы,
Қазыбек би көшесі, 40 үй.

ISBN 9965-9742-3-3

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қдзақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.